

**Ежелгі
дүние
тарихы**

Д. Г. Редер, Е. А. Черкасова

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫ

І бөлім

Орысша редакциясын басқарған
Ю. С. КРУШКОЛ

«МЕКТЕП» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ 1976

«Алғашқы тұрмыстық қоғам» тармағын

Е. А. Черкасова,

«Ежелгі Шығыс» тармағын *Д. Г. Редер*

жазған

Аударғандар: *Әбілханов К.,*
Бодаубаев Б.

Р 60602—068
М 404(07)—76 189—75 г

© Перевод на казахский язык, «Мектеп», 1976

АЛҒАШҚЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚОҒАМ

I Т А Р А У КІРІСПЕ

1. Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихының пәні мен маңызы. Адамзат тарихы бірінен екіншісіне үнемі ауысып отырған қоғамдық-экономикалық бес формацияға бөлінеді: алғашқы қауымдық, күл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік формациялар.

Адамның пайда болуынан бастап, мемлекет құрылғанға дейінгі кезеңді қамтитын алғашқы формацияның шығуы, гүлдену және ыдырау процесі алғашқы қоғам тарихының зерттейтін пәні болып табылады.

Алғашқы қауымдық құрылысты зерттеудің ғылыми негізі — маркстік-лениндік теория. Марксизм-ленинизм тарих ғылымын танымның бірден-бір дұрыс теориясымен және диалектикалық әдісімен қаруландырды; ол қоғамды «ұдайы дамып отыратын жанды организм деп санайды (бірақ мұны қалай болса солай тіркесе салған нәрсе, сондықтан жекелеген қоғамдық элементтерді өз қалауынша аударыстырып-төңкерістіруге келе береді деп санамайды)»¹. В. И. Ленин ілімі бойынша, диалектикалық әдіс нақтылы бір кезеңдегі және нақтылы бір жағдайдағы тарихи процестің объективті мазмұнын есепке алып отырудан тұрады.

Қоғамды зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың маңызды принципі тарихизм принципі болып табылады. «Марксизмнің бүкіл рухы, оның бүкіл жүйесі,— деп жазады Ленин, — әрбір қағиданы (а) тарихи тұрғыдан ғана; (В) басқа қағидалармен байланыстырып қана; (γ) тарихтың нақтылы тәжірибесімен байланыстырып қана қарауды талап етеді»². Тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді басшылыққа ала отырып, маркс-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 1-том, 171-бет.

² В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 49-том, 329-бет.

изм-ленинизм классиктері өндiргiш күштер мен өндiрiстiк қатынастардың даму дәрежесi төмен болған универсалды сатының — тапқа дейiнгi қоғамның мәнiн ашып бердi.

Қарапайым еңбек құралдары алғашқы адамдардың жеке-жеке тұрып, табиғат күштерiне қарсы күрес жүргiзуiне мүмкiндiк бермедi, оларды бiрлесiп еңбек етуге мәжбүр еттi. Коллективтiк еңбек өндiрiс құрал-жабдықтары мен тұтыну өнiмдерiне деген ортақ меншiктi, бұл өнiмдердi бөлуде теңгермешiлiктi тұғызды, мұның өзi, Маркс айтқандай, «өндiрiс құрал-жабдықтарын қоғамдық етудiң нәтижесi емес, жеке адамның әлсiздiгiнiң салдары болады».¹

Алғашқы тұрмыстық қоғамда жеке меншiк болған жоқ. Ортақ меншiкпен қатар, киiм-кешекке, кейбiр өндiрiс құралдарына деген жеке меншiк болды, бұл құралдар сонымен бiрге жыртқыш аңдардан қорғану құралы едi.

Алғашқы тұрмыстық қоғамда таптар, адамды адам қанауы болған жоқ.

Тапқа дейiнгi қоғам тарихын зерттеу адамзат дамуындағы бастапқы кезеңнiң жалпы заңдылықтарын анықтауға мүмкiндiк бередi. Бүкiл дүние жүзiлiк тарихтың ең ежелгi заманының тарихын зерттеудiң зор теориялық маңызымен қатар, практикалық мәнi де бар. Жеке меншiктiң, таптардың, дiннiң пайда болуының тарихи жағдайлары мен себептерiн бiлу оларды жоюдың нақты жолдарын табуға жәрдемдеседi. Әсiресе отаршылдықтан азат болған елдер үшiн бұл деректердiң зор маңызы бар, өйткенi бұл елдердiң территорияларында ру-тайпалық құрылыстың белгiлерi сақталған халықтар осы күнге дейiн бар. Бұл халықтардың бұдан былайғы даму жолдары туралы мәселе осы заманғы аса маңызды проблемалардың бiрi болып саналады.

2. Түп-деректер. Өткен заманның ескерткiштерi тарихи түп-деректер болып табылады, бұлар арқылы тарихтың белгiлi бiр бөлiмi зерттеледi. Алғашқы тұрмыстық қоғам зерттеушiлерiнiң қолында негiзiнен жазылып қалдырылмаған деректер бар, бұлар сол түп-деректердi тапқан ғылымдар бойынша сұрыпталады. Олар археологиялық, этнографиялық, антропологиялық, лингвистикалық, палеоботаникалық, палеозоологиялық, палеоклиматологиялық және басқа да түп-деректер болып бөлiнедi.

Тапқа дейiнгi қоғамды реконструкциялау үшiн археологиялық және этнографиялық түп-деректер аса құнды болып табылады. Археологтар iздеп табатын заттық ескерткiштер археологиялық түп-деректерге жатады. Материалдық ескерткiштерге еңбек құралдары, қару-жарақ, қоныстар мен мекендердiң қалдықтары, үй iшi бұйымдары, әшекейлер, дiни ғұрып заттары жатады. Заттық ескерткiштердiң құндылығы, олардың дұрыстығында. Бұлар экономикалық дамудың бағыты мен дәрежесiн сол

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 19-том, 404-бет.

қалпында көрсетуге жәрдемдеседі. Алайда олар алғашқы адамдардың элеуметтік құрылысы мен рухани дамуын толық жеткілікті түрде көрсете алмайды. Оның үстіне ескерткіштердің бәрі бірдей сақталмаған. Анорганикалық бұйымдар (тас, құмыра) жақсы сақталған.

Археологиялық түп-деректерге қарағанда, этнографиялық түп-деректер алғашқы қоғам халықтарын, соның ішінде олардың шаруашылық және қоғамдық құрылысын, семья-неке қатынастарын, идеологиясын жан-жақты зерттеу үшін керекті материал болып табылады. Кейінгі палеолит мәдениетінің элементтері бар тайпалар ХІХ ғасырға дейін сақталды.

Реликт (латынша: *relinguo* — «қалдыру») қоғамдар өмірін (мәдени жағынан мешеу қалған, алғашқы тұрмыстық дәуірдің көптеген белгілерін сақтаған халықтарды) тікелей байқау жолымен зерттейтін ғалымдар этнографиялық мәліметтер жинаумен шұғылданады.

Этнография тарихы Геродоттың, Страбонның, Цезарьдың, Тациттің алғашқы тайпаларды суреттеп жазғанынан басталады. ХV ғасырдың аяғы — ХVІІІ ғасырлардағы Географиялық ұлы жаңалықтар этнографияның дамуына жәрдемдесті. ХІХ ғасырдың екінші жартысында этнография дербес ғылым болып қалыптасты. Бұл кезде этнографиялық білімдерді кеңейтуге, реликт тайпаларды зерттеуге, адамзаттың баяғыда бастан өткізген тарихын этнографиялық материалдар бойынша қалпына келтіруге ерекше ынта қойылды.

Артта қалған тайпалар оларды зерттеу басталған кезде нағыз алғашқы тұрмыстық қалпынан әлдеқайда ілгері кеткеніне және оларға неғұрлым дамыған халықтардың әсері тигеніне қарамастан, бұл тайпалар рулық құрылыстың көптеген белгілерін сақтады. Этнографтар, саяхатшылар, миссионерлер, теңіз жiһанкездері осындай көптеген тайпалардың шаруашылығын, қоғамдық құрылысын, материалдық және рухани мәдениетін суреттеп жазды. Аса құнды этнографиялық материал жинау үшін кейбір ғалымдар алғашқы тайпалар арасында болып та көрді, мәселен, Морган (ирокездер арасында), Н. Н. Миклухо-Маклай (папуастар арасында) тұрды. Олардың жұмыстары қоғамдық құрылысты зерттеуде орасан зор роль атқарды, мұны заттай деректердің жәрдемімен түсіндіру өте қиын.

Этнографтар тек артта қалған тайпаларды ғана емес, сондай-ақ экономикасында, тұрмысында, салт-санасы мен әдет-ғұрпында өткен заман өмірінің элементтері сақталған, жоғары дәрежеде дамыған халықтарды да зерттейді. Қоғам дамуының өткен сатысынан адамдардың осы күнгі экономикасы мен санасында кездесетін, өзгерген түрде жеткен қалдықтар ескіліктің сарқыншақтары деп аталады. Бұлар барлық халықтардың діни және үйлену жораларында кездеседі.

Алғашқы тұрмыстық қоғамның әр түрлі сатыларын зерттеу үшін археологиялық және этнографиялық түп-деректердің бәрі

бірдей құнды бола бермейді. Мәселен, табындық және алғашқы рулық кезендерді негізінен заттай ескерткіштер арқылы білуге болады. Соның өзінде, дәуір неғұрлым көне болған сайын, материалдық мәдениет ескерткіштері де соғұрлым аз болады. Алғашқы тұрмыстық қоғам дамуының бұдан кейінгі сатыларын (аналық рудың гүлденуі, аталық ру, оның ыдырауы, көршілік қауым) этнографиялық түп-деректер бойынша толығырақ қалпына келтіруге болады.

Палеоантропология, лингвистика, фольклор, геология, палеонтология, палеоклиматология т. б. деректері болмайынша рулық құрылысты жан-жақты және тереңінен зерттеу мүмкін емес. Палеоантропология (антропологияның қазбадан табылған адам қалдықтарын зерттейтін бөлімі) адамның және нәсілдің шығу процесін аңғаруға жәрдемдеседі.

Қоғаммен бірге пайда болып, дамып отырған тілде жаңа мағынадағы ескі сөздер жиі кездеседі. Сөздің бастапқы мағынасын анықтай отырып, лингвистер тілдің даму жолын және алғашқы адамдар өмірінің кейбір жеке жақтарын білуге көмектеседі. Алғашқы адамдардың фольклорі (халықтың ауыз әдебиет шығармалары), кейіннен таптық қоғамда жазып алынғандары аса құнды түп-дерек болып табылады. Жырлар мен аңыздарда, адамдардың хайуанаттарды қолға үйретуі, құралдар жасауы, дәрі-дәрмектік шөптер табуы т. б. туралы мәліметтер кездеседі.

Зерттеу объектісіне қарай, палеонтология (қазба өсімдіктер мен хайуанаттар туралы ғылым) палеоботаника және палеозоология болып бөлінеді.

Палеоботаника өсімдіктердің түр-түрін, шымтезекте сақталған тозаңдары бойынша олардың біршама арақатынасын зерттейді. Тозаң бойынша климат та анықталады. Кейбір өсімдіктердің құрғақ климатта, екінші біреулерінің дымқыл климатта ба-сым болатыны мәлім.

Өліп біткен хайуанаттардың қазба жұмысында табылған сүйектеріне қарап, палеозоология алғашқы адамдардың төңірегінде болған жануарлар дүниесін қалпына келтіреді.

Палеоклиматология (ежелгі климаттар туралы ғылым) өсімдіктердің тозаңы бойынша да, сондай-ақ топырақтағы жолақтар бойынша, жиналған судың ылғал мөлшеріне қарай өзгеріп отыратын шегі бойынша климатты анықтайды. Климатологиялық кезеңге бөлу мезолит, неолит және одан кейінгі дәуірлерден қалған археологиялық қазбалардың мезгілін дәл қойып береді.

Геология (Жер құрамы, құрылысы және тарихы туралы ғылым) жер қыртысының шөгінді қабаттарының пайда болу мезгілін және процестердің біртіндеп келуін онда жатқан органикалық қалдықтар бойынша анықтай отырып, адамзаттың қашаннан бері өмір сүретіндігін анықтауға жәрдемдеседі.

Алғашқы қауымдық құрылыстың пайда болу, гүлдену және құрып-біту кезендерін білу жөнінде тарихшылар алдында түр-

ған міндетті тек әр түрлі түп-деректерді пайдалану арқылы ғана орындай алады.

3. Хронология. Түп-деректерге дата қойылған күнде ғана олардың белгілі бір құны болады. Тарих ғылымында уақытты анықтау үшін хронологияның екі түрі: абсолютті және относителді хронологиялар қолданылады. Абсолютті хронология оқиғаның болған мың жылдығын, ғасырын, кейде айы мен күнін көрсетеді. Алғашқы қоғам тарихы жөнінде мүлде дәлме-дәл даталар белгіленуі мүмкін емес. Мұнда құбылыстардың уақытын анықтау тек относителді (шамамен) ғана болуы мүмкін.

Относителді хронология уақыт өлшеміне сүйене алмайды, яғни белгілі бір оқиғадан кейін неше жыл, ғасыр, мың жылдық өткенін көрсетпейді. Ол оқиғалардың орнын анықтайды, бір оқиғаның екінші бір оқиғадан бұрын немесе кейін болғанын айтады. Бұл хронология археология, геология, палеонтология, палеоклиматология деректеріне сүйенеді, өйткені еңбек құралдарының ауысу жүйелілігі, геологиялық қабаттардың пайда болу уақыты, өліп біткен хайуанаттар мен өсімдіктердің өмірі, климаттың белгілі бір сипатының болуы шамамен белгілі болады. Өзен суымен келген үйінділерге қарап дата қоюға да әрекет жасалды; бұлардың жиналу уақыты осы заманғы шөгінділерді байқаудың нәтижелерімен есептелді. Топырақ (күзгі мен қысқы) және құмның (көктемгі мен жазғы) бірінен соң бірі келіп отыратын жолақ жұқа қабаттарында қыс пен жаздың алмасуын бейнелейтін көл-мұздық шөгінділер ескерткіштердің жасын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Бір жылға сай келетін жұп қабаттар мұздықтардың, еріп, солтүстікке қарай біртіндеп ығысуымен тұстас келген (ертедегі тас ғасырының аяғы мен жаңа тас ғасырының басы) дәуір хронологиясын қалпына келтіруге жәрдемдеседі.

Соңғы жылдары дүние жүзінің әр жақты мамандығы бар ғалымдары алғашқы тұрмыстық қоғамның абсолютті хронологиясын анықтаудың әр түрлі әдістерін жасап шығарды.

СССР-де және шетелдерде археологиялық ескерткіштердің абсолютті жасын анықтаудың үш жолы кеңінен қолданылады: 1) радиоактивтік-көміртектік, 2) дендрохронологиялық және 3) археомагниттік. Ағаштың, көмірдің, сүйектің жасын анықтауға мүмкіндік беретін радий-көміртектік әдіс неғұрлым кең тараған және әр жақты әдіс болып табылады. Космос сәулелерінің азот атомдарына әсер етуімен жер атмосферасында атом салмағы 14 (C^{14} —карбон¹⁴) көміртегінің радиоактивті изотопы үздіксіз пайда болып отыратыны белгілі. Атмосферадан оны өсімдіктер, ал өсімдіктер арқылы жануарлар бойына сіңіреді. Оның атмосферадағы және органикалық заттардың килограммына келетін концентрациясы өзгермейді. Өсімдік немесе жануар өлгеннен кейін C^{14} ыдырайды. Карбон¹⁴-тің жартылай ыдырау кезеңі 5500—6000 жылға тең. Карбон¹⁴-тің ыдырау дәрежесін анықтай

отырып, өсімдіктің немесе жануардың өмір сүру мерзімін айқындайды.

Ағаштың кесілген датасы жыл сайынғы сақиналарына қарап, бір жылға дейінгі дәлдікпен дендрохронологиялық жолмен анықталады.

Археомагниттік әдіс күйдірілген саздан жасалған бұйымдардың датасын анықтауға мүмкіндік береді, мұндағы айырма 25 жыл кем не артық болуы мүмкін. Саздан жасалған бұйымдар күйдірілгеннен кейін суығанда Жердің магнит өрісін белгілейді, магнит өрісі сазда өзінің «ізін» қалдырады да, бұл із ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз сақталады. Саздан жасалған бұйымдардың магниттелуіне қарап, Жердің магнит өрісінің сызықтары жасалады да, оған қарап қыш үлгілерінің датасы анықталады.

Жоғарыда атап көрсетілген әдістермен қатар датаны анықтаудың басқа жолдары да бар (фторлық, коллагендік, урандық, азоттық әдістер). Бұлар сүйектің минералдану (органикалық заттардың аорганикалық минералдық қоспаларға айналуы) процесін зерттеуге негізделген. Топырақ арасындағы сүйек өз құрамын өзгеріссіз сақтай алмайды. Топырақтан сүйекке өтетін тұздардың әсерімен оның органикалық бөлігі бұзылады. Мұның салдарынан сүйектің химиялық құрамы мен оның минералды және минералсыз бөліктерінің арасалмағы өзгереді. Сүйек неғұрлым көне болған сайын, онда коллаген (органикалық зат) және азот соғұрлым аз болады, ал фтор мен уран көп болады. Сүйек топырақ арасында ұзақ жатқанда, ондағы белок мөлшерінің азаюына байланысты, азот та азаяды.

4. Дәуірге бөлу. Тарихи процесті бір-бірінен аса елеулі оқиғалар арқылы бөлініп жатқан, жүйелілікпен келген кесінділерге (кезеңдерге, дәуірлерге) бөліп қарамайынша тарихтың бірде-бір тарауы зерттелмейді. Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын бірыңғай дәуірге бөлу деген жоқ. Тарихшылар өздерінше, археологтар өздерінше дәуірге бөледі.

Қоғамдық қатынастардың сипатын дәуірге бөлуді негізге ала отырып, тарихшылар алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын екі сатыға: 1) алғашқы тұрмыс табынына (руға дейінгі қоғам) және 2) рулық қауымға (аналық және аталық руларға) бөледі.¹ Рулық құрылыстың гүлденуі аналық рудың өмір сүру кезеңімен тұстас келеді, ал оның ыдырауы аталық ру кезінде басталады.

Археологтар материалдық мәдениет ескерткіштерін құралдардың неден жасалғандығына және жасалу техникасына байланысты классификациялай келіп, дәуірге бөлудің археологиялық әдісін жасады. Француз ғалымы Г. Мортилье мен швед археологы О. Монтелиус тас және қола ғасырларының археологиялық ескерткіштерін сұрыптаудың негізін қалады. Дат археологы К. Ю. Томсен үш «ғасырдың» — тас, қола және темір

¹ Дәуірді бұлайша бөлу жоғары оқу орындарының програмалары мен оқулықтарының негізіне алынған.

ғасырлары ұғымын енгізді. Еңбек құралдарының түрлері мен олардың жасалу техникасына қарай, бұл ғасырлар дәуірлерге бөлінді. Мәселен, тас ғасыры үш дәуірге бөлінеді: палеолит (грекше *palaios* — «көне», *litos* — «тас»), мезолит (грекше *mesos* — «орта»), неолит, (грекше *neos* — «жаңа»). Дәуірлер кезеңдерге (алғашқы, кейінгі болып) бөлінеді. Кезеңдер археологиялық ескерткіштердің белгілі бір комплексі болып табылатын мәдениеттерден тұрады (табылған жеріне қарай аталған). Тас ғасыры мәдениеттерінің біртіндеп ауысуын Мортилье Францияның археологиялық деректері бойынша анықтады. Мәселен, алғашқы палеолитке — шелль, ашель, мустье (Шелль, Сент-Ашель, Ле-Мустье), кейінгі палеолитке — ориньяк, солютре, мадлен (Ориньяк, Солютре, Ла-Мадлен), мезолитке — азий, тарденуаз (Мас д'Азий, Фер-ан-Тарденуа) т. б. мәдениеттер тән болып келеді.

Археологиялық дәуірге бөлудің қаншалықты жақсы жақтары болғанымен, оны алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын кезеңдерге бөлудің негізі деп қарауға болмайды, өйткені ол құралдар жасалған материалдың түріне және оны өңдеу техникасына қарап, дәуірлерді бір-бірінен ажыратады. Ол қоғамдық қатынастар эволюциясын мүлде көрсете алмайды. Оның үстіне, адамдардың қоғамдық қатынастарының сипатын еңбек құралдары бойынша анықтауға болмайды, өйткені белгілі бір археологиялық дәуірдің өзінде әр түрлі халықтардың элеуемттік құрылысы түрліше болған. Мәселен, қола дәуірінде Египет пен Оңтүстік Азияда таптық қоғамдар болған, ал осы кезде Европа халықтары рулық құрылым сатысында отырған еді. Тек палеолит пен мезолитте ғана барлық халықтардың қоғамдық даму дәрежесі бір шамада болған.

Таяудағы уақытқа дейін алғашқы тұрмыстық қоғамды зерттегенде Л. Г. Морган «Ежелгі қоғам» деген еңбегінде ұсынған дәуірге бөлу әдісі қолданылып келді. Ол алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын екі дәуірге (тағылық және варварлық), сөйтіп бұлардың әрқайсысын үш сатыға бөлді (төменгі, орта, жоғары сатылар). Материалдық өндірістің даму дәрежесін Морган дәуірге бөлудің негізіне алды. Әрбір жаңа саты нақтылы бір жаналық ашудан басталады. Морганның дәуірге бөлуін Ф. Энгельс жоғары бағалады, сөйтіп оның схемасын «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде пайдаланды, сонымен бірге, «материалдың елеулі түрде кеңеюі өзгеріс енгізуге мәжбүр еткенге дейін...¹ бұл дәуірге бөлу күшінде қала береді деп атап көрсетті.

Жаңа деректер тұрғысынан алғанда, бұл дәуірге бөлудің кемшіліктері бар екені байқалды. Құрылымы жағынан ол схема түрінде болып келеді. Әр сатыны сипаттаудың негізіне алынған белгілер әрқашан елеулі нәрселер бола бермейді (тамақ ретінде

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 28-бет.

балықты қолдану, құрылыс үшін кірпішті, тасты пайдалану) және жан-жақты көрсете алмайды. Мысалы, полинезиялықтарда садақ пен жебе, қыштан зат жасау дегендер болмаған, бірақ олардың қоғамдық құрылысы, әлгінің бәрі болған меланезиялықтарға қарағанда, анағұрлым ілгері дамыған.

Кей реттерде тарихшылар геологиялық дәуірге бөлуді қолданады. Геологтар ерте замандағы жер қыртысын төрт эраға бөледі (архей, палеозой, мезозой, кайнозой). Эралар кезеңдерге, ал кезеңдер дәуірлерге бөлінеді. Мысалы, кайнозой эрасында ұзақтығы әр түрлі екі кезең: үштік және төрттік кезеңдерге бөлінген. Төрттік кезеңнен кейде үшінші кезең бөлініп алынады да, ол осы заманғы кезең деп аталады. Шамамен есептегенде, үштік кезең бұдан 69 миллион жыл, төрттік кезең — 1 миллион, осы заманғы кезең — 14 мың жыл бұрын басталған. Төрттік кезең екі дәуірге: плейстоцен (мұздық дәуір алдындағы және мұздық дәуірлері) және голоцен (мұздықтан кейінгі дәуір) болып бөлінеді. Геологиялық кезеңге бөлу негізінде адамзаттың жалпы жасы мен алғашқы тұрмыстық қоғамның бастапқы кезінің хронологиясы анықталады.

5. Тарихнама. Тарихнама — ғылымның (бұл ретте алғашқы тұрмыстық қоғам туралы ғылымның) даму тарихы.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін тапқа дейінгі қоғам туралы ғылым болған жоқ. Бұдан алғашқы тұрмыстық қоғам тарихымен XIX ғасырдан бұрын ешкім шұғылданбаған деген ұғым тумайды. Өздерінің әлдеқашанғы өткен заманына көз жіберу жөнінде адамдар ертеден-ақ әрекет жасаған. Біз мұны ең артта қалған халықтардың өз ата-бабаларының ерліктері туралы осы күнге дейін сақталған ертегі-аңыздарынан, рулар мен тайпалардың шығуы туралы генеалогиялық аңыздардан білеміз. Алғашқы халықтардың өмірі жайындағы кейбір мәліметтер ежелгі Шығыстың бірқатар елдерінің (Египет, Вавилон, Ассирия, Персия) тас жазулары, жазбаша документтерінде кездеседі. Бірақ ежелгі Шығыстың алғашқы таптық қоғамдарының өзінде-ақ Жер бетіндегі адамдардың тәңір әмірімен жаралғаны туралы аңыздар пайда болған (Шумерде, Египетте). Адамдардың ең ежелгі жағдайы туралы аңыздар кедейлер мен байлар, қанаушылар мен қаналушылар болмаған заманда «Жұмақ» туралы ертегілерге айналды (Шумер). Антик заман ғалымдарының алғашқы халықтарды суреттеп жазғандары бізге келіп жеткен. Мәселен, Геродот скифтер мен Африканың кейбір халықтары жайында, Ксенофонт — Кіші Азия халықтары, Страбон — Европа мен Азия халықтары, Цезарь мен Тацит — германдықтар жөнінде жазған. Геродот пен Страбон бірсыпыра халықтардың ортақ меншігі болғанын және туыстық ана жолымен есептелгенін айтып кеткен.

Грек және рим авторларының арасында адамзаттың бастапқы жағдайы туралы бірыңғай пікір болмаған. Бұлардың кейбіреулері адамзат тарихының алғашқы кезеңін «жұмақ» немесе

«алтын заман» деп білген, мұның өзі грек ақыны Гесиодтың (б. э. дейінгі VIII—VII ғасырлар) «Еңбектер мен күндер» деген поэмасында бейнеленген; екінші біреулер алғашқы адамдардың тұрмысы хайуанаттар өміріне ұқсас деп білген. Грек материалисті Демокрит (б. э. дейінгі V—IV ғасырлар) ілімі бойынша, алғашқы адамдар «айуандарша» тағылық өмір сүрген, қорек іздеп көше берген, жердегі табиғи жеммен қоректенген, табиғатпен күресудің әр түрлі амалдарын ойлап тапқан. Алғашқы тұрмыстық қоғам туралы жоғарыдағы пікірге ұқсас көзқарас рим философы әрі ақыны Лукреций Кардың (б. э. дейінгі I ғасыр) «Заттар табиғаты туралы» поэмасында кездеседі. Бұл поэмасында Лукреций Кар адамзат мәдениетінің бірте-бірте дамуын, тас құралдардың орнына мыс, онан соң темір құралдардың шығуын суреттейді, Демокрит сияқты, ол да адамдардың ойлап табуы мәжбүрліктен болады деп түсіндірді және адамды тәңір жаратқаны, адамзат таңы атқанда «алтын заман» болғаны туралы сол кезде таралып кеткен аңыздарды қатты сынға алды. Біздің бағзы бір замандағы ата-бабаларымыздың өмірі туралы Демокрит пен Лукрецийдің көз-қарастары данышпандық жорамал болып табылады, ол орта ғасырларда ұмыт болды.

Орта ғасырларда дүниеге діни көзқарастың үстем болуы алғашқы тұрмыстық қоғам туралы ғылымның дамуына мүмкіндік бермеді. Европа дін иелері алғашқы адамдар (Адам мен Ева) туралы библиялық мифті кеңінен таратты, бұл екеуін құдай жаратып, жұмақтан қуып жіберіпті-міс. Бұның негізіне құдайдың еркімен пайда болған алғашқы адамдар өмірі туралы Шумер аңызынан иудейлер алған миф жатады. Алғашқы адамдар туралы түсінік фантастикалық сипатта болды: оларды басын иттің басындай немесе мүлде басы жоқ етіп, көзін кеудесінде етіп т. с. с. бейнеледі. Алғашқы адамдардың өмірі жайындағы ғылымға қарсы барлық тұжырымдар орта ғасырлық схоласт Фома Аквиңскийдің діни трактатында жинақталған (XIII ғасыр). Артта қалған халықтардың өмірі туралы Византияда (шығыс халықтары жөнінде), Араб халифатында (Шығыс Европа мен Азия халықтары жөнінде), Қытайда (Орта Азия халықтары жөнінде) нақты материал үсті-үстіне жинақтала бергеніне қарамастан ортағасырлық оқымыстылар адамдардың баяғы бір замандағы жайы туралы этнографиялық мәліметтерді пайдалануға ешбір әрекет жасаған жоқ.

XV—XVIII ғасырлардағы Географиялық ұлы жаңалықтар алғашқы тұрмыс адамдарының өмірі туралы ортағасырлық фантастикалық түсініктерді бірте-бірте теріске шығара бастады, бұл жаңалықтар Европа ғалымдарын Американың, Африканың, Оңтүстік-Шығыс Азияның, кейініректе Океанияның, Австралияның артта қалған халықтарының өмірімен таныстырды. Алайда XVII—XVIII ғасыр ғалымдары алғашқы адамдар жөніндегі көзқарастарында жаңа сатыға көтеріле алмады. Антик заман ғалымдарының ізінше, олар адамдардың бастапқы өмірін «айуан-

дық» өмір деп атады (ағылшын Т. Гобс) немесе жұмақ өмір (француз Ж. Ф. Лафито, Ж. Ж. Руссолар) деп бейнеледі. Алайда, Француз миссионері, үндістер арасында ұзақ уақыт тұрған Лафито: Солтүстік Америкада тұратын үндістердің әдет-ғұрыптарынан Европа халықтарының тым ежелгі өмірі жөнінде түсініктер табуға болады,— деген пікірді тұңғыш рет айтты (1724 ж.).

Буржуазиялық саяси экономия классиктері А. Смит пен Д. Рикардо алғашқы адамдардың коллективтік еңбегінің орнына, жеке еңбек деген түсінікті қойды. А. Смит мұны ұсақ товар өндірушілердің еңбегімен бара-бар деп білді. Д. Рикардо алғашқы тұрмыстық қоғам мен өзі өмір сүріп отырған қоғам арасында айырмашылық барын мүлде байқамады.

Дүние жүзінің белгілі ғалымдарының зерттеулеріне және археологиялық қазбаларға байланысты, XIX ғасырдың екінші жартысында ғана алғашқы тұрмыстық қоғам тарихының көптеген мәселелері ғылыми негізге қойылды.

Швейцария ғалымы И. Я. Бахофен семья тарихын зерттеудің бастамасын жасап берді. «Аналық право» деген еңбегінде (1861 ж.) ол барлық халықтардың өткендегі өмірінде әйелдердің үстем болғаны туралы пікір айтты, мұнымен ол бастапқыда патриархтық семья болғаны жөніндегі теорияға соққы берді. Бұл теорияның негізін салушы грек философы Аристотель (б. э. дейінгі IV ғасыр) болып есептеледі. Осы теория бойынша, ең ежелгі адамдар семья болып тұрған, семьяны ақсақалдар басқарған, олар әйелдер, балалар және құлдарға қожалық еткен. Феодалдық және капиталистік қоғамдардың идеологтары патриархтық теорияны қабылдап, оған кейбір өзгерістер енгізді. Буржуазиялық әдебиетте ол осы күнге дейін орын теуіп келеді. Бірақ тарихи процестің қозғаушы күштерін Бахофеннің идеалистік тұрғыдан түсінуі оның қорытындыларының құнын түсіреді. Ол семьяның дамуын діни түсініктердің өзгеруімен байланыстырды.

Тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге стихиялы түрде болса да жақын келген американ этнографы әрі социологы Л. Г. Морган қоғамның ең ежелгі әлеуметтік-экономикалық ұясы ретіндегі патриархтық семья жөніндегі көзқарасты және бастапқы моногамиялық семья туралы теорияны біржолата талқандады. Ғылымға өзі енгізген туыстық жүйесін талдау негізінде Морган семья мен некенің даму схемасын жасады, патриархтық семьяның пайда болуы рулық құрылыстың ыдырауымен байланысты екенін, ал моногамиялық семья (алғашқы тұрмыстық қоғамдағы семья-неке қатынастары дамуының ақырғы өнімі) таптық формацияларға тән екенін көрсетті, рудың мәнін анықтады және оның дамуындағы негізгі кезеңдерді талдады, тарихи жағынан алып қарағанда, аналық ру аталық рудан бұрын болғанын дәлелдеді, алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын дәуірге бөліп берді. Морган бұл проблемаларды «Ежелгі қо-

гам» деген еңбегінде (1877 жыл) баяндады. Морган кітабының жарыққа шығуы адамзаттың тым ерте замандағы жайы жөніндегі көзқараста төңкеріс жасады және рулық құрылыс туралы ғылымның бастамасы болды. Алғашқы адамдар жайындағы сансыз көп және дәлелсіз болжамдардың орнына, Морганның тапқа дейінгі қоғам туралы сындарлы ілімі пайда болды, ол орасан зор нақтылы материалға негізделді.

Марксизмнің негізін қалаушылар Морган зерттеулерін жоғары бағалады. К. Маркс Морганның «Ежелгі қоғам» деген кітабын конспектіледі. Кейіннен, Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітабын жазғанда Маркстің конспектісін де, Морганның еңбегін де пайдаланды. Марксизмнің негізін қалаушылар тарихи процестің жалпы заңдылықтарын анықтау мақсатында адамзат тарихының ең ежелгі кезеңдерін зерттеуге зор мән берді. Олар алғашқы тұрмыстық қоғамды зерттеудің нағыз ғылыми методологиясын жасап берді.

Тіл мен ойдың пайда болуы, адамның табиғаттағы орны туралы Маркс пен Энгельстің көзқарастары олардың бірігіп жазған «Неміс идеологиясы» деген еңбегінде баяндалған. Алғашқы қауымдық құрылыстың мәні туралы, табиғат жағдайларының адамзат үшін маңызы туралы, сол сияқты жеке меншік пен таптардың шығуы туралы, рулар арасында еңбек өнімдерін айырбастаудың бастапқы түрлері және басқа да проблемалар туралы Маркстің пікірлері «Капиталда» айтылған. Маркстің селолық қауым жөніндегі аса маңызды қағидалары оның «В. И. Засуличтің хатына жауабының желісінде» баяндалды. «Л. Г. Морганның «Ежелгі қоғам» кітабының конспектісінде» Маркс адамзат дамуының рулық сатысы туралы бағалы идеялар айтты. Алғашқы тұрмыстық қоғам туралы еңбек жазған кезде Маркстің Морган зерттеулерін пайдаланбақ ниеті болды.

Белгілі бір дәрежеде, Маркстің бұл тілегінің орындалғаны алғашқы тұрмыстық қоғам тарихы жөніндегі классикалық шығарма, В. И. Лениннің айтуы бойынша, социализмнің негізгі шығармаларының бірі — Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегі (1884 ж.) болып табылады. Энгельс бұл еңбегінде таптар мен мемлекет пайда болғанға дейінгі алғашқы тұрмыстық қоғам дамуының негізгі кезеңдерін диалектикалық және тарихи материализм тұрғысынан сипаттап берді.

Адамның пайда болу процесін түсіну үшін Энгельстің «Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің ролі» деген еңбегінің ерекше маңызы бар, мұнда ол әлеуметтік және биологиялық факторлардың антропогенез процесіне тигізетін әсерін көрсетті, сөйтіп мұның ішінен ең бастысы еңбек екенін дәлелдеп берді. Құлдықтың пайда болуының алғы шарттарын Энгельс «Анти-Дюрингте» жазды. Бұл еңбегінде, сол сияқты «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының соңы» деген шығармасында ол алғашқы діни ұғымдардың пайда болу

себептері жөнінде айтады. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітабының II тарауында, осы кітаптың немісше IV басылымының «Алғы сөзінде» («Алғашқы семьяның тарихы жөнінде»), сол сияқты «Топтық некенің жаңадан ашылған мысалы» деген мақаласында Энгельс семья мен неке эволюциясын қарастырады.

Буржуазиялық тарих ғылымы марксизм классиктерінің идеяларын қабыл алмады. Шетелдік тарих ғылымының реакцияшыл өкілдері олардың зерттеулеріне қарсы қасарысқан орынсыз шабуыл жасады, бұл шабуыл осы күнге дейін толастамай келеді. Олар қарсы дау айтпаған немесе қатты сынға алмаған К. Маркс пен Ф. Энгельстің бірде-бір қағидасы жоқ. Марксизм негізін қалаушылар тамаша баяндап берген алғашқы формация проблемалары саяси маңызды орасан зор мәселелерге айналып отыр.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Европа мен Америкада эволюционизм этнографиядағы үстем бағытқа айналды; бұл бағыт Ч. Дарвиннің «Табиғи сұрыптау жолымен түрлердің шығуы» (1859 ж.), «Адамның шығуы және жыныстық сұрыптау» (1871 ж.) деген еңбектері жарыққа шыққаннан кейін неғұрлым кең тарады. Дарвин биологияда түбегейлі төңкеріс болған эволюциялық теорияны жасаушы болды. Ол жануарлар мен өсімдік түрлерінің тұрақтылығы мен өзгермейтіндігі туралы ғылымда үстем болып келген түсінікті теріске шығарды.

Ол кезде эволюционизм буржуазиялық ғылымдағы прогрестік бағыт болды және оның методологиялық негіздерінің қаншалықты кемшіліктері болғанымен, ол ғылымды дамытуда игілікті роль атқарды. Эволюционистер (Англияда Г. Спенсер, Э. Тэйлор, Д. Леббок, Германияда А. Бастиан, Шотландияда Мак-Леннан, Австрияда Ю. Липперт) сол кезде модаға айналған регресс теориясына қарсы шықты, бұл теорияның өкілдері реликтік қоғамдарды адамзаттың ұсқынсыз, азғындап бара жатқан үрім-бұтағы деп білді. Эволюционистер некенің топтық түрінен дара түріне қарай, қоғамның аналық рудан аталық руға қарай дамуына діни сенім мәселелеріне ерекше назар аударды. Алайда, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі дамуының заңдылықтарын адамзат тарихына қолдана отырып, олар қоғам эволюциясын ақыл-парасаттың ықпалымен болатын тура бағытты даму ретінде қарапайым түрде түсінді. Әр түрлі халықтардың мәдени құбылыстарын салыстыру әдісін пайдалана отырып, эволюционистер адамзаттың мәдени бірлігін дәлелдеді, бұл құбылыстардың дамуындағы жүйелілікті анықтады, қоғам дамуы заңдарының бірлігін түсінуге жақындап келді. Міне, сондықтан да көп кешікпей эволюционистер мектебі буржуазиялық этнография үшін жарамсыз болып шықты. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басынан бастап, капитализм өзінің империалистік сатысына аяқ басқан кезде және буржуазия реакцияға қарай жалпы бетбұрыс жасағанда, буржуазиялық ресми ғылым эволюционизм мектебін сыртқа тепті.

XIX және XX ғасырлардың өліарасында Ф. Гребнердің мәдени тарихи мектебі мен оның мәдени топтар теориясы неғұрлым ықпалды болды. Германияда пайда болып, Австрия мен Англияда кең тараған бұл мектептің бірнеше бағыты болатын, бұлардың ішіндегі ең реакцияшылы «Вена мектебі» деп аталатын клерикалдық бағыт еді. Мәдени-тарихи мектептің пайда болуы буржуазиялық этнографиялық ғылымның дағдарысқа ұшырауының бастамасы еді. Бұл мектептің барлық бағыттарының өкілдері қоғам мен халықтар мәдениеті дамуының заңдылықтарын ашу әрекетінен бас тартты. Олар адамзат дамуындағы ілгері басуды бекерге шығарды. Эсте қайталанбайтын, дара, мәдени құбылыстарды (материалдық мәдениет ескерткіштерін, дін түрлерін, салттарды, әдет-ғұрыптарды т. б.), бір-ақ рет пайда болатын және бірінен бірі қабылдау немесе миграция арқылы бүкіл жер жүзіне тарайтын құбылыстарды олар мәдени топтар деп түсінді. Адамзат тарихын олар мәдени топтар арасындағы қалай болса солай араласқа әкеп тіреді.

Этнографияны Ватиканға қызмет еткізген Австрия ғалымдары (В. Шмидт және В. Копперс) клерикалдық бағыттың өкілдері болып табылады, бұл бағыт тарихи түп-деректерді бұрмалаумен шұғылданады, сөйтіп бір құдайдың, жеке меншіктің және моногамиялық семьяның мәңгілігін дәлелдеуге тырысады. Мәдени-тарихи мектепті жақтаушылар этнография ғылымына оңды ештеңе енгізген жоқ.

Дүние жүзілік екінші соғыстан кейін буржуазиялық этнографияда функционалдық мектеп етек алды, мұны отарлардағы ру-тайпалық ұйымның қалдықтарын зерттеу мақсатымен Англияда Б. Малиновский құрды. Функционалистер әр халықтың өмірі мен мәдениетінің барлық жақтарын тепе-теңдік жағдайда тұрған біртұтас қоғамдық организмінің өз ара тығыз байланысты бөлшектері деп қарады, бұл тепе-теңдікті қолдау үшін осы организмнің барлық функцияларын бұлжытпай сақтау керек. Тепе-теңдікті сақтау деген желеудің ар жағында отарлық тәуелділіктен азат болған халықтардың дамуын тежейтін ру-тайпалық мекемелерді сол күйінде қалдыру әрекеті жатыр. Британия империясының отарлық өкімет орындары функционалдық бағытты отаршылдық саясатты теория жүзінде негіздеуге пайдаланды.

Дүние жүзілік екінші соғыс кезінде және онан кейін американдық этнографиясында этнопсихологиялық бағыт жасалды (А. Кардинер және Р. Линтон), совет тарихнамасында бұл психика-нәсілдік мектеп деген атақ алды. Психика-нәсілдік мектеп этнографиялық зерттеу объектісі бүтіндей бір қоғам емес, жеке адамдардың психологиясы деп жариялайды, мұның өзі бүкіл қоғамның жағдайын айқындайды-мыс. Олар әр түрлі халықтардың мәдениетіндегі айырмашылықтар мен ерекшеліктерді осы халықтардың психикалық жағынан әркелкі екендігінің салдары деп қарайды, олардың пікірінше, бұл тәрбие жүйесіне байланыс-

ты көрінеді. Американ монополияларының реакциялық саясатын ақтауға бағытталған психика-нәсілдік мектеп таптық теңсіздік пен нәсілдік кемсітушілікті «ғылыми» жағынан дәлелдеп, мәңгілік бекітіп беруге тырысады. Этнопсихологиялық мектеп буржуазиялық этнографияның құлдырауын көрсетеді.

Буржуазияшыл тарихшылар тарихи процестің шеңбермен дамып, мәңгі бақи қайталана беретін барысы жөніндегі концепцияны (циклдық теориясын) осы күнге дейін уағыздап келеді. Бұл теория бойынша, тарих циклдардың дәйекті тізбегінен тұрады. Әрбір цикл өзінен бұрынғы циклды қайталайды-мыс, тұтасынан алғанда, мұнда ешбір алға басу жоқ. Ғылымнан аулақ және оған жат бұл теориялардың бәрі прогрестік жолмен ілгері басатын тарихи процесс туралы ұғымның қандайын болса да аластауға тырысады.

XX ғасырдың прогресшіл археологтары, антропологтары мен этнографтары ойдан шығарылған реакциялық қиялдарға, алғашқы тұрмыстық қоғам тарихын бұрмалауға қарсы болды. Американ этнографы Ф. Боас пен аса ірі американ антропологи А. Хрдличка осылардың қатарына жатады. Археология саласында ағылшынның прогресшіл ғалымы Г. Чайлдтың еңбектері кеңінен тараған.

Революцияға дейінгі орыс ғалымдары нақтылы материал жинау және бірқатар мәселелерді теориялық жағынан талдау жөнінен Батыс Европа ғалымдарынан кем түскен жоқ. Рулар мен тайпалар жөніндегі алғашқы жазбалар «Бағзы бір замандардың хикаясы» деген ежелгі орыс дастанында кездеседі (XII ғасыр). Ол «Таңғажайып адамдар» (ит басты, сыңар аяқты жандар) туралы фантазияларға толы. Онда Шығыс Европа тайпаларының (славян, литван, фин) нақты атаулары беріледі, олардың мекендеген жерлері көрсетіледі, кейбір славян тайпаларының рулық тұрмысы, әдет-ғұрпы, мәдениеті жөнінде қысқаша айтылып кетеді. «О челоуецех незнаемых в восточной стране и о языцех разных» деген новгород аңызында (XV ғасыр) алғашқы тайпалар жайында мәліметтер бар. Тверь көпесі Афанасий Никитиннің көпке белгілі «Үш теңіздің ар жағына саяхаты» XV ғасырға жатады. 1466—1472 жылдары ол шығыс елдеріне саяхат жасап, үш жыл Үндістанда тұрды және жергілікті халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпын айқын суреттеп берді.

XVII—XVIII ғасырлардағы орыс жиһанкездерінің хабарламаларында Урал тауының сыртқы бетін мекендеген тайпалардың саны, олардың таралып орналасуы, тұрмысы мен діни сенімдері туралы деректер бар. 1648 жылы Беринг бұғазының жағалауына дейін жеткен С. Дежневтің жазбаларында, XVII ғасырдың «Приказные столбцы», деген жинағында, В. Атласовтың хабарламаларында (коряктар мен ительмендер туралы), Н. Спафарийдің «Қытайдағы орыс елшісінің жазбаларында» Сибирьдің әр түрлі тайпалары жөнінде мәліметтер барын көреміз. XVII ғасырдағы приказ казактарының, өнеркәсіп пен сауда

адамдарының алғашқы халықтар туралы хабарларында да шындық бар.

XVIII ғасырда ғылыми экспедициялар ұйымдастырған Россия Ғылым академиясының басшылығымен Россия халықтары туралы этнографиялық материал жинау ісі мықтап қолға алынды. Осы экспедицияларға қатысқан орыс ғалымдарының этнографиялық еңбектерін алғаш рет жариялау XVIII ғасырға жатады. «Остяк халқы туралы қысқаша сипаттау» деген тұңғыш этнографиялық еңбекті айдауда жүрген украин Г. Новицкий 1715 ж. жазған болатын. Ол остяктардың материалдық мәдениетінің ескерткіштерін, әдет-ғұрпы мен діни сенімдерін суреттеп жазды. Тұңғыш академиялық экспедицияға қатысушылардың бірі С. Крашенинниковтың XVIII ғасырда рулық құрылыста өмір сүрген ительмендер (камчаткалықтар) туралы «Камчатка жерін сипаттау» (1755 ж. бірінші рет басылған) деген зерттеу жұмысының құны зор. Екінші академиялық экспедицияға қатысушылар — П. Паллас пен В. Зуевтің¹ тунгустар (эвенкілер), хантылар, ненецтер және басқа да халықтар туралы, И. Лепехиннің Поволжье, Урал және Россияның Европалық бөлігінің Солтүстігін мекендейтін халықтар туралы этнографиялық материалы И. Георгидің «Россия мемлекетін мекендеуші барлық халықтардың сипаттамасы» деген жинақтаушы еңбегінде пайдаланылды (СПб, 1776—1779 жылдар).

Москва университетінің профессоры С. Е. Десницкий «Юридические рассуждения о начале и происхождении супружества у первоначальных народов...» (1775 ж.) деген еңбегінде былай деді: меншік те, семьялық қатынастар да өмір бақи келе жатқан институттар емес. Бұлар белгілі бір тарихи жағдайларда пайда болды және шаруашылық түрлерінің өзгеруіне байланысты олар да өзгеріп отырды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі бостандық сүйгіш идеялары үшін Сибирьге айдап жіберген А. Н. Радищев алғашқы қоғам тарихымен шұғылданды. Ол тас, мыс және темір ғасырларының болғаны туралы пікір айтты, Руссоның қоғам жөніндегі көзқарастарын сынады. Ол жалғыз жүріп өмір сүру адамды құртқан болар еді — деп тұжырымдады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Россияда алғашқы қоғам тарихы жөнінде нақты материалдар жиналып, бірқатар проблемалар теориялық жағынан талданды. XIX ғасырдың басында жер шарын айналып шыққан саяхатында И. Крузенштерн, Ю. Лисянский, О. Коцебу, Ф. Литке, А. Лазарев және басқалары Солтүстік Америка мен Океанияның халықтарын зерттеуде бағалы үлес қосты. Дерпт университетінің ректоры Эверс Россиядағы ру туралы мәселеге талдау жасауды шетелдік ғалымдармен бір мезетте дерлік (1826 жыл) бастады. Ол рулық

¹ В. Ф. Зуев XVIII ғасырдың екінші жартысында хантылар (остяктар) мен ненецтерде экзогамия (грекше *exo* — «тысқары», *gamos* «неке») — өз руынан тысқары адаммен некелесу салты болғанын ашты.

ұйымның универсалдығын анықтады. XIX ғасырдың орта шенінде Россияның барлық ғалымдары осы көзқарасты қолдады. Бахофен кітабы жарыққа шықпастан бірнеше жыл бұрын Россия ғалымдары (К. Кавелин, В. Шульгин, А. Добряков) рулық қоғамда әйелдердің құрметті орында болғаны туралы проблеманы славяндар жайындағы материалға сүйене отырып, негізінен дұрыс шешті.

1845 жылы құрылған Орыс географиялық қоғамы (оның этнография бөлімшесі) XIX ғасырдың орта шенінен бастап этнографиялық материал жинау және зерттеу орталығына айналды. XIX ғасырдың орта шенінен бастап этнография ғылымның дербес саласы болып алды. Тағылықтан цивилизацияға қарай даму заңдылықтары туралы идеяны Л. Морганның кітабы жарыққа шықпастан 20 жылдан аса уақыт бұрын айтқан (1885 жылы) орыстың революционер-демократы Н. Г. Чернышевский сияқты адамдар осы салада еңбек етті.¹

Адамзатты «төменгі» және «жоғарғы» нәсілдерге бөлуге қарсы күрескер — Н. Н. Миклухо-Маклай этнография ғылымын дамытуға баға жеткісіз үлес қосты. Ол өз өмірінің көпшілігін Океанияның артта қалған халықтарын зерттеуге арнады, ол кезде әлі зерттелмеген Жаңа Гвинея аралында үш рет болды (1871—1872, 1877 және 1883 жылдары), сөйтіп бір өзі жинаған материалдың негізінде мәдениеттің дамуы мен адамдардың нәсілдік белгілерінің арасында байланыс жоқ екенін дәлелдеп берді.

К. Маркстің экономикалық ілімін Россияда бірінші болып насихаттаушы — экономист және этнограф Н. И. Зибер алғашқы қоғам экономикасын зерттеді. Оның «Очерки первобытной экономической культуры» деген еңбегі (1883 ж.) осы күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұнда коллективтік өндіріс пен тұтыну туралы, адамзат дамуының ертедегі сатыларында барлық халықтарда болған жер иеленудің қауымдық формалары жайында пікір айтылады. Зибер айырбастың пайда болуына, оның алғашқы қатынастарды ыдыратуға және таптық қоғам құруға тигізген әсеріне ерекше назар аударды. Бахофен мен Морганның аналық ру туралы ілімін негіздей келіп, ол патриархтық теорияға қарсы шықты. К. Маркс Н. И. Зибер зерттеулерін мақұлдаған пікірлер айтты.

М. М. Ковалевский өз қызметінің ертеректегі кезеңінде өндіргіш күштердің даму дәрежесі төмен болғандықтан, алғашқы адамдардың бірлесіп әрекет еткені, матриархаттың универсалдығы, аналық рудан аталық руға көшу, патриархтық семья мен селолық қауым туралы жазды. Ол тұңғыш рет славян мен кавказ этнографиялық материалын ғылымға енгізіп, оны семья, ру және селолық қауым мәселелерін талдағанда пайдаланды.

¹ Қараңыз: Н. Г. Чернышевский. Шығармалар жинағы, II том, 1949, 618-бет.

XIX ғасырдың 80-жылдарында, халықшылдарға қарсы күрес кезінде Г. В. Плеханов К. Маркс пен Ф. Энгельстің алғашқы қоғам туралы ілімін қорғай келіп, адамзаттың пайда болуы еңбек процесімен байланысты екенін атап көрсетті, өндірістің қоғамдық сипаты барын айтты, жеке меншік мәңгі жасайды деп уағыздаушы буржуазиялық теорияны сынады, алғашқы дін мен алғашқы өнер туралы өз ойларын ортаға салды, бұлардың пайда болуын ол адамдардың еңбек әрекетімен байланыстырды. Өнерді өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың жағдайына тікелей байланыстыра келіп, ол психологиялық заңдар өнердің дамуында шешуші роль атқарады деп көрсетті.

XIX ғасырдың аяғында Сибирьге саяси мәселемен жер аударылғандардың еңбектерінен Л. Я. Штернберг пен В. Г. Богораз-Танның зерттеулері назар аударуға тұрарлық. Л. Я. Штернберг Сахалиннің солтүстігіндегі гилыктарда топтық некенің қалдықтары барын ашты. Бұл жаңалыққа Энгельс «Топтық некенің жаңадан ашылған мысалы» деген мақала арнады. В. Г. Богораз-Тан «Чукчалар» деген екі томдық монографиясында рулық құрылыстың ыдырау сатысында болған чукчаларды жан-жақты сипаттап жазды.

Марксист ғалымдар өз зерттеулерінде К. Маркстің, Ф. Энгельстің және В. И. Лениннің нұсқауларын басшылыққа алады. В. И. Ленин, Маркс пен Энгельстің тапқа дейінгі қоғам туралы идеяларын нақтылап, онан әрі дамытты. Ол Маркстің қоғамдық-экономикалық формациялар туралы ілімін, формацияның нақ анықтамасын айқындай түсті, сөйтіп әр формацияның негізгі белгілеріне сипаттама берді,¹ алғашқы қоғам тарихының дәуірге бөліну ретін белгілеп берді, алғашқы тұрмыс табыны туралы, рулық қауым жөнінде, алғашқы қоғамда әйелдердің дәрежесі жоғары болғаны жайлы, патриархтық қоғам туралы айтты², табындық дәуірде «зоологиялық дарашылдықтың» болғанын атап көрсетті³, тайпаның пайда болуы мен дамуы туралы мәселе көтерді.⁴ Маркс пен Энгельстің қағидаларын дамыта отырып, ол діннің шығуының әлеуметтік, психологиялық және гносеологиялық тамырларын ашып көрсетті.⁵ Ленин «алтын заман» туралы

¹ Қараңыз: В. И. Ленин. «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі? Шығармалар толық жинағы, I-том, 143—145-беттер. Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы. I-том, 443—444-беттер. Мемлекет туралы, 29-том, 70—71, 75—78-беттер.

² Қараңыз: В. И. Ленин. Горькийге хат. 48-том, 230—233-беттер. А. Богданов. «Экономикалық ғылымның қысқаша курсы» атты кітабына рецензия. 4-том, 40-бет, Мемлекет және революция. 25-том, 8—9-беттер. «Халық достары» деген не... 159-бет. Мемлекет туралы. 68—69-беттер.

³ Қараңыз: В. И. Ленин. Горькийге хат.

⁴ Қараңыз: В. И. Ленин. «Халық достары» деген не... 159-бет.

⁵ Қараңыз: В. И. Ленин. Социализм және дін. 10-том, 142—143-беттер. Жұмысшы партиясының дінге көзқарасы туралы. 15-том, 410—415-беттер. Философиялық дәптерлер. 38-том, 322, 329—330-беттер. Материализм және эмпириокритицизм. 14-том, 126, 173, 193, 326—327-беттер.

идеалистік теорияны сынға алды¹, жеке меншіктің, мемлекеттің шығу себептерін ашып көрсетті, таптардың,² семьяның³ даму жолдарын айқындады, таптардың анықтамасын жасап берді.⁴

Схематизм мен схоластикалық бағытты жеңіп, мәдени топтар, миграциялар, циклизм мен нәсілшілдік жөніндегі буржуазиялық теорияларға қарсы күресе отырып, марксист ғалымдар алғашқы қоғам туралы ғылымға бағалы үлес қосты. Олар өз зерттеулерімен алғашқы қоғам тарихының барлық проблемаларын байытты.

Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихымен шұғылданушы совет тарихшылары, археологтармен, этнографтармен және басқа да ғылым салаларының ғалымдарымен бірлесе отырып, ең ежелгі дәуірді зерттеу жөнінде еңбек етіп келеді.

Археологтардың советтік мектебін құруға революцияға дейінгі ғылымның ең таңдаулы өкілдері қатысты (В. Городцов, А. Спицын, Б. Фармаковский және басқалары). Совет археологтары (П. Борисковский, А. Брюсов, П. Ефименко, А. Окладников, С. Толстов, А. Формозов және басқалары) мекен-жай мен молаларды зерттеудің жаңа әдістерін жасады. Қазба жұмыстары кең алаңдарда жүргізіле бастады, мұның өзі баспаналардың қалдықтары мен сипатын, қоныстардың жоспарлану элементтерін айқындауға мүмкіндік берді. Археологиялық қазбалардың нәтижелерін ақылдасып шешу бір-біріне жақын келетін ғылым салалары өкілдерімен (геологтармен, палеозоологтармен, антропологтармен, тағы басқалармен) бірге жүргізіледі. Дата қою кезінде радиокөміртектік әдіс қолданылады, құралдарды ғылыми тұрғыдан классификациялауда формализмді болдырмау үшін тас құралдардың функциясын анықтағанда олардың кірігіп қалыптасу табына қарау әдісі жасалды. Совет археологтары адамзаттың тууы, діннің шығуы, рулық ұйымның қалыптасуы, мал шаруашылығы мен егіншіліктің шығуы, қолөнеркәсіпшілігінің пайда болу проблемаларын т. б. ойдағыдай талдап шешіп келеді.

Совет антропологтары (В. Бунак, Г. Бонч-Осмоловский, Г. Дебец, М. Герасимов, М. Неструх, Я. Рогинский, В. Якимов және басқалары) адамның шығуы (антропогенез) мен нәсілдің шығуы (расогенез) процесін анықтау үшін көп жұмыстар істеді. Адамның шығуы процесіндегі үш кезең және екі саты туралы қағида антропологтардың советтік мектебінің сіңірген еңбегі бо-

¹ Қараңыз: В. И. Ленин. Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары», 5-том, 101-бет.

² Қараңыз: В. И. Ленин. Халықшылдықтың экономикалық мазмұны. 465—466-беттер. Мемлекет және революция. 7—9, 15—16, 18-беттер. Мемлекет туралы. 68—69, 73—75-беттер. «Халық достары» деген не... 152-бет.

³ Қараңыз: В. И. Ленин. «Халық достары» деген не... 158-бет.

⁴ Қараңыз: В. И. Ленин. Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы. 6-том, 331-бет. Социалист-революционерлер қайта қозғап жүрген тұрпайы социализм мен халықшылдық. 7-том, 45—53-беттер. Жастар одақтарының міндеттері. 31-том, 310-бет. Ұлы бастама. 29-том, 15-бет.

лып табылады. Адамның бас сүйегіне қарап, беттің жұмсақ бөлшектерін қалпына келтіру әдісін М. Герасимов ойлап тапты. Ол синантроптың, неандерталь және кроманьон адамның мүсіндік портретін жасады. Ең ежелгі дәуірден осы заманға дейінгі адамдардың қурап қалған бас сүйектеріне қарап, ол 70-тен аса жеке портреттерді жасап шығарды.

Совет этнографтары революцияға дейінгі этнографияның аса бай мұрасына сын көзімен, диалектикалық және тарихи материализм тұрғысынан қарады, сөйтіп оны жаңа зерттеулермен толықтырды. Советтік мектеп этнографтарының зерттеулерінің негізгі объектісі — өз мәдениетін жасаушы және алып барушы — нақты бір халық болып табылады. Совет этнографиясының өкілдері (А. Золотарев, Д. Ольдерогге, С. Токарев, С. Толстов, Ю. Аверкиева, А. Анисимов және басқалары) рудың, семьяның, діннің қалыптасу, рулық құрылыстың ыдырау проблемаларын т. т. ойдағыдай талдап шешуде.

Археологтардың, антропологтардың, этнографтардың нақты зерттеулері арқасында алғашқы қоғам тарихы жөнінде жинақталған еңбектердің шығуына мүмкін болды.

Тапқа дейінгі қоғам тарихы жөніндегі тұңғыш жинақталған еңбекті 1926 ж. В. К. Никольский жазды («Очерки первобытного человечества»). Никольскийдің қолынан алғашқы тұрмыстық қоғам тарихының әр түрлі проблемалары жөнінде көптеген еңбектер шықты («Діннің шығуы» — 1940 жылы, «Адамзаттың балалық шағы» — 1950 жылы т. б.) Рулық құрылыс тарихы жөнінде жинақтаушы сипаты бар екінші еңбекті 1935 жылы Н. П. Токин жариялады («Первобытное общество»), 1947 жылы В. И. Равдоникас алғашқы тұрмыстық қоғам тарихы жөнінде оқулық жазуға тұңғыш рет әрекет жасады. Оның екі томдық еңбегі рулық құрылысты, оның ыдырауына дейінгі дәуірді қамтиды. Тапқа дейінгі қоғам тарихы жөнінде жинақталған еңбек жазғандар: П. П. Ефименко («Первобытное общество» — 1938 ж.), П. И. Борисковский («Начальный этап первобытного общества» — 1950; «Древнейшее прошлое человечества» — 1957 ж.), М. О. Косвен («Матриархат» — 1948 ж.; «Очерки истории первобытной культуры» — 1953 ж. I басылымы, 1957 жылы II басылымы), Ю. И. Семенов («Как возникло человечество» — 1966 ж.), тағы басқа ғалымдар болды.

Этнографтар мен антропологтардың 1964 жылы Москвада болған VII Халықаралық конгресінде көрсетілгеніндей, алғашқы формацияны зерттеуші совет мамандары дүние жүзілік ғылымнан көрнекті орын алып отыр.

АЛҒАШҚЫ ТҰРМЫС ТАБЫНЫ

1. **Адамның шығуы.** Адамның ата-бабалары, адамға айналу факторлары, адамзаттың о бастағы мекені туралы мәселелер антропогенез проблемасына жатады.

Бұл мәселелермен көптен шұғылданушылар болған, осы мәселелер төңірегінде прогресшіл және реакцияшыл идеялар арасында ғасырлар бойы пікір таласы жүріп келеді. Айтыстардың барысында бұларға жауап беретін көптеген теориялар жасалды.

XIX ғасырдың ортасына дейін адамдарды өз бейнесіне қарай және өзіне ұқсатып құдай жаратты деген идеалистік теория үстемдік етті.

Алайда антик заман ойшылдарының өзі-ақ адамның табиғи түрде пайда болғаны туралы болжам айтты. Бұл болжамды Ч. Дарвин тұңғыш рет ғылыми жолмен дәлелдеп берді, ал оның ізбасары неміс ғалымы Э. Геккель адам шежіресін жасады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ашылған археологиялық жаңалықтар бұлардың пайымдаулары дұрыс екенін дәлелдеді. Қазіргі кезде, өліп біткен антропоидтердің (адам тәрізді маймылдардың), ең ежелгі және ежелгі адамдардың қазба жұмысы кезінде табылған сүйектерінің қалдықтары бойынша, осы заманғы адамдардың тым ертеректегі және беріректегі тектерінің эволюциялық сатылары шамамен анықталды.

Антропогенез процесінде совет зерттеушілері үш кезеңді бөліп көрсетеді (қазба антропоидтер, ең ежелгі және ежелгі адамдар, дене құрылысы осы күнгідей адамдар) және бұларға сәйкес екі саты болды деп есептейді, мұның алғашқысы неғұрлым маңызды саты еді, ол бірінші кезеңнен екінші кезеңге өткендікті көрсетті, бұл құралдар жасай бастаумен тұстас келеді. Екінші саты ежелгі адамдардан дене құрылысы осы күнгідей адамдарға өтумен байланысты болды.

Адамдардың тегі қазба жұмысы кезінде табылған маймылдардан шыққандығы және осы заманғы антропоидтармен тегі бір екені ғылыми жолмен дәлелденді. Гориллалардың және эсіресе шимпанзелердің осы заманғы приматтарының генеалогиялық жағынан адамға жақындығы көбірек екені аңғарылады. Антропоидтер шежіресі Египетте табылған парапитектен (грекше пара — «жанында, жақын», pithecos — маймыл») және оның ең жақын ұрпағы проплиопитектен (грекше про — «ертерек, алдында») басталады, бұдан екі тармақ өрбіген. Олардың бірі — жанама тармақ плиопитек пен сивапитекке барып тіреледі. Плиопитектерден («плиоцен» деген сөзден шыққан) осы заманғы гиббондар, ал сивапитектерден (Үндістандағы Сивалик тауының атынан алынған) — орангутангтар тараған. Проплиопитектерден өрбіген екінші, неғұрлым прогресті тармақтан триопитектерден пайда болды (грекше трио — «тоғай, ну, орман»,

pithecus — «маймыл», яғни орман маймылдары), адамның да және осы заманғы гориллалар мен шимпанзелердің де ата-бабалары осылар болатын. Дриопитектер кейінгі үштік дәуірде Европада, Азияда, Африка өмір сүрген. Дриопитектерге тән нәрсе — азу тістерінің біршама кіші болуы, азу тістері мен күрек тістерінің арасындағы алшақтықтың тарлығы, мұның өзі оларды приматтардан алыстатып, адамға жақындатады. Құрамы жағынан дриопитектер біртекті болмады. Дриопитектердің кейбір түрлерінің дамуынан осы заманғы гориллалар мен шимпанзелер пайда болды да, ал неғұрлым прогресті тағы бір түрлерінің дамуы адамға айналу жолына түсті. Удабнопитек деп аталған (Шығыс Грузиядағы Удабно деген жердің атынан алынған) маймыл дриопитекке өте жақын. Үштік кезеңнің аяғында адамға айналу жолына түсе алмаған, қазба жұмысы кезінде табылған антропоидтардың қайсы біреулері ағаштан ағашқа секіріп күнелтуге барған сайын бейімделе берді, сөйтіп мәңгі бақи тропикалық орманда қалып қойды. Басқа бір маймылдардың биологиялық жағынан дамуы олардың дене тұрқының ірілену жолына түсті. Мұндай маймылдардың қатарына қытайдың оңтүстігінен археологтар тапқан явалық мегантроп, гигантроп, сол сияқты осы заманғы гориллалар жатады. Ми эволюциясының орнына, бұлардың дене күші арта берді, мұның өзі олардың өмір сүру үшін күресуіне жәрдемдесті.

Дриопитектердің прогресті тармағынан Үндістанның солтүстігінен табылған рамапитек (үнді аңызының кейіпкері—«Раманың» атынан алынған) дамып, өсті, бұл адамға дриопитектен де жақындау. Рамапитектің бейнесі хайуанға мүлде аз ұқсайды, басқа тістеріне қарағанда, азу тістері тым сойдып шығып та тұрған жоқ.

Рамапитектер мен ең ежелгі адамдардың арасындағы межелік буындар әлі табылған жоқ, бірақ олар көп реттерде австралопитектерге ұқсас болса керек (латынша *australis*—«оңтүстік», грекше *pithecus* —«маймыл», яғни оңтүстік маймылы) және сонымен бірге олардан прогрестірек болуы да мүмкін. Оңтүстік Африкадан табылған (алғашқысы 1924 жылы табылды) қазба австралопитектердің (оның 30-ы табылған) бірнеше түрі болған: плезиантроп (грекше *plios* —«жақын», «көршілес», *anthropos* «адам», яғни адамға жақын), парантроп (грекше *para* —«қасында, жанында», яғни адамның қасында), телантроп¹ (грекше «мақсат», яғни эволюция процесінде мақсатына жеткен адам), зинджантроп (*inj*—Шығыс Африканың арабша ескі аты). Ғалымдардың басым көпшілігінің пікірі бойынша, зинджантроп (оның жасы — 1 500 000 жыл) миының аумағы 520 см³ және тіс бітісінде адам ерекшеліктері бар австралопитектердің дамуындағы ақырғы буын болып табылады.

¹ Кейбір зерттеушілер телантропты австралопитектерден бөліп алады да, оны жабайы адам ретінде есептейді.

Австралопитектер артқы аяқтарымен жүрген, хайуанаттарды аулап, етпен қоректенген. Тістері мен көз шарасының формасы адам тістері мен көз шарасындай болған. Дриопитектер мен рамапитектерге қарағанда, австралопитектердің азу тістері мен жақ сүйектері осалдау келеді, мұның өзі оларды қорғанғанда және өздері басқаларға тап бергенде тас пен таяқты пайдалануға мәжбүр еткен. Австралопитектер гоминидтердің (латынша *hominide*, *homo* — «адам» деген сөзден алынған) тікелей тегі болмаған, өйткені олар, қайсыбір зерттеушілердің пікірі бойынша, адам эволюциясының негізгі бағытынан ауытқып, түгелдей өліп біткен, ал екінші бір зерттеушілердің болжауынша, дамудың белгілі бір ертедегі сатысында олардың ішінен неғұрлым жоғары дәрежедегі бір түрі бөлініп шығып, өз алдына дербес даму барысында гоминидке жеткен.

1960 ж. Танганьикадағы Олдовай аңғарының алғашқы төрттік кезең қабатынан зинджантроп табылған орыннан 60 см тереңірек жерден ағылшын палеантологы Л. Лики неғұрлым прогресті жан иесі қаңқасының бас, саусақ, табан сүйектерін және басқа бөлшектерін тапты, ол алдымен презинджантроп, ал кейіннен *homo habilis* («білетін адам») деп аталды. Презинджантроптың зинджантроптан бұрын пайда болғаны, ал сонан соң онымен бір уақытта өмір сүргені анықталды, ол артқы аяқтарымен жүрген, австралопитектер мен адам тәрізді осы заманғы маймылдарға қарағанда, миының көлемі аумақтырақ болған (670—680 см³), тісі мен бармақ-саусақ бітісі жағынан осы заманғы адамға жақын келеді. Л. Лики мен оның әріптестері былай деп байымдайды: *homo habilis* сол қабаттың өзінен табылған малта тас құралдарды жасаған, ал олай болса, ол зоантроп болған (грекше *zos* — «таң», *anthropos* — «адам», яғни адам таңы). Калий-аргон әдісі¹ бойынша, оның жасы 1 750 000 жыл² деп белгіленді, мұның өзі адамзат тарихын пәленбай ғасыр әрі апарып тастайды.²

Адам эволюциясының екінші кезеңі питекантроптың (грекше *pithecos* — «маймыл», *anthropos* — «адам», яғни маймыл адам), синантроптың (латынша *sinu* — «Қытай» яғни Қытай адамы), атлантроптың, рабат, гейдельберг адамының; сол сияқты неандертальдықтың шығуымен байланысты. Питекантроп Ява аралы мен Африкада, синантроп — Қытайда (Чжоукоудянь аңғарында), атлантроп — Алжирде, Тернифин деген мекенде, рабат адамы — Мароккода, гейдельберг адамы — Германияда, Гейдельберг қаласының маңында табылды, алғаш рет табылған жерінің (Германиядағы Неандерталь алқабының) атымен атал-

¹ Бұл әдіс калийдің 40 радиy-активті изотопының ыдырауын зерттеуге негізделген, ыдырау процесінде ол аргон 40-қа айналады. Калий мен аргон изотоптарының арасалмағына қарап, дата қойылады.

² Презинджантроптың приматтар эволюциясындағы түпкілікті орны тағайындалған жоқ. Кейбір совет ғалымдары оны антропоидтердің австралопитектерге қарағанда анағұрлым жетілген ерекше түріне жатқызып жүр.

ған неандертальдық Европаның, Азияның, Африканың көптеген жерлерінен табылды.

Екінші сатының барлық адамдары қалыптасып келе жатқан адамдар деп есептеледі де, олар архантроптар (грекше *archaios* — «бастапқы», *anthropos* — «адам», яғни ең ежелгі адамдар) және палеоантроптар (грекше *palaios* — «ежелгі», *anthropos* — «адам», яғни ежелгі адамдар) деп аталады. Тек неандертальдықтар ғана ежелгі адамдар делінеді. Алғашқы төрттік кезеңде өмір сүрген ең ежелгі адамдар маймыл адамдар деп те аталады, өйткені олар маймылдың көп белгілерін сақтаған: бас сүйегінің жатағандығы, маңдайының шалқақтығы, қас сүйегінің шодырайып шығып тұруы, иегінің шығыңқы еместігі, қолының бас бармағының жетілмегендігі т. т. Алайда оларда адамның кейбір белгілері де болды: түп-түзу болмаса да, екі аяғымен жүрді, бас сүйегі біршама үлкенірек болды, бұл—гоминидтер эволюциясының басты көрсеткіші. Питекантроп миының көлемі орта есеппен 900 см^3 -ге тең болды, синантроп миының көлемі 1200 см^3 -ге жақындады. Бұлар төменгі палеолитте, питекантроп — шелль дәуірінде, синантроп пен гейдельберг адамы — ашель дәуірінде, неандертальдық — мустье дәуірінде өмір сүрген. Гейдельберг адамының гоминидтер эволюциясынан алатын орны туралы бірыңғай пікір әлі жоқ. Зерттеушілердің кейбіреулері гейдельберг адамын синантроптың ізсалары деп есептейді, ал екінші біреулері соның замандасы деп санайды.

Неандертальдық осы заманғы адамға жақын болған, оның тікелей ата-бабалары еді. Шамамен 1300 — 1400 см^3 болған миының көлемі осы заманғы адамның миынан сәл ғана кем екен. Бірақ құрылысына қарағанда, неандертальдықтың миы тым қарапайым болған, оның маңдайға келетін үлесі аз да, мидың негізгі бөлегі шүйде бөлігіне орналасқан. Алайда оң қолымен жұмыс істеуіне байланысты, неандертальдықтың миының симметриясы бұзылғандығы ең ежелгі адамдарға қарағанда неғұрлым айқын көрінеді. Сөйлеу орталығы жақсы дамыған.

Гоминидтер эволюциясындағы үшінші саты дене құрылысы осы заманғы адамға ұқсас адамның — неоантроптың («жаңа адамның») немесе, Энгельстің айтуынша, өзінің дене құрылысы жағынан да, сондай-ақ ақыл-ой қабілеті жағынан да ежелгі адамдардан сапасы өзгеше, дайын адамның пайда болуымен байланысты. Сондықтан да ол *homo sapiens* («саналы адам») деп аталды. Бұл адам кейінгі палеолиттің бас кезінде пайда болды, оның өкілдері — кроманьондық пен гримальдилік (табылған жерлерінің атымен аталған: Франциядағы Кроманьон үңгірі және Италиядағы, Жерорта теңізінің жағасындағы Гримальди үңгірі) адамдар болады. Кроманьондық типтес адам СССР-де де табылды (Воронеж қаласының маңындағы Костенкиде, Қырымда); гримальдилік типтес адам Африкада (Сахараның оңтүстігінде), Палестинада, Шығыс Европада (соның ішінде Жоғары Донда) табылды. Кроманьондық миының көлемі



1400—1500 см³-ке тең. Бұлар — ұзын бойлы, тік жүретін, тік маңдайлы, бас сүйегі түзу, негі әбден шығыңқы адамдар. Олардың миының неғұрлым прогресті учаскелері — төбе, самай әсіресе маңдай бөліктері мықтап үлкейген. Осы заманғы биологиялық типтегі адамның дамуына байланысты, антропогенез процесі негізінен аяқталды.

Буржуазиялық ғылым (тіпті оның аса көрнекті өкілі Ч. Дарвин де) антропогенездің қозғаушы күштері туралы мәселені, оның методологиясы жетілмегендіктен толық шеше алмады. Дарвин табиғи және жыныстық сұрыптауға неғұрлым көбірек мән берді де, әлеуметтік факторларды еске алмады.

Марксизм негізін қалаушылар гоминидтер эволюциясындағы әлеуметтік факторларға тұңғыш рет назар аударды, сөйтіп адамға айналу процесі, Дарвиннің болжағанындай, тап-таза биологиялық процесс емес екенін дәлелдеді. Сол сияқты олар адамның шығуымен байланысты пайда болған биологиялық және әлеуметтік факторлардың байланысы мен өз ара байланысын анықтаумен де шұғылданды. Энгельс «Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі» деген еңбегінде мынаны дәлелдеді: адамға айналуға жәрдемдескен барлық әлеуметтік факторлардың ішіндегі ең маңыздысы еңбек болып табылады, ол ең ежелгі және ежелгі гоминидтерді осы заманғы типтегі адамға айналдырды. Энгельстің айтуынша еңбек «бүкіл адамзат өмірінің бірінші негізгі шарты, оның үстіне біз белгілі мағынада: адамның өзін жасаған еңбек деп айтуға тиіс болатын дәрежедегі негізгі шарты»¹ болып табылады. Сонымен қатар Энгельс: адам еңбегі құралдарды қолдан жасаудан басталды, деп түсіндірді. Еңбек процесінде алдыңғы аяқтар бірте-бірте қолға айналды. Сонымен, қол еңбектің жемісі және соның органы болып табылады. Еңбек құралдарының жәрдемімен адам өзінің тамақ

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 73-бет.

1. Синантроп (қалпына келтірілген)
2. Неандертальдық (қалпына келтірілген)
3. Кроманьондық (қалпына келтірілген)



3

жөніндегі қажеттерін қанағаттандыру үшін табиғат қорларын барған сайын көбірек пайдалана бастады. Өзін қоршаған дүниеге ықпал ете отырып, адам өз табиғатын өзгертті. Оның қолы анағұрлым икемді бола бастады, тік жүруге үйренді, көмей мен дауыс мүшелері жетілді. Еңбек процесінде адамдардың бір-біріне бірдеңе айту қажеттігі, бір-біріне жәрдемдесуі, бірігіп әрекет ету қажеттігі пайда болды.

Сонымен, Энгельс көрсеткендей, адамның физиологиялық дамуына жол салған еңбек, ал табиғат жағдайларының өзгеруі (ормандардың құруы немесе таулардың пайда болуы) емес. Энгельс антропогенездің еңбек теориясында адамды жануарлар дүниесінен бөліп алған биологиялық және әлеуметтік факторларды шеберлікпен ұштастырады. Биологиялық және әлеуметтік факторлар гоминидтер эволюциясына саналы адам пайда болғанға дейін екеуі қатар әсер етті, бірақ бұл процесте кейінгі палеолитте биологиялық факторларды біржолата ығыстырып шығарған әлеуметтік факторлар шешуші роль атқарды.

Адамның ең алғашқы шыққан жері туралы мәселе жөнінде, осы заманғы ғалымдар екі түрлі болжамға: Африка (Дарвин айтуы бойынша) және Оңтүстік Азия деген болжамдарға жүгінеді. Бұл болжамдардың екеуі де антропоидтер мен гоминидтер сүйектерінің қалдықтары осы аймақтардан табылғандығына сүйеніп айтылған. Совет әдебиетінде адамның ең тұңғыш мекені Оңтүстік Азия, Солтүстік-Шығыс Африка және Оңтүстік-Шығыс Европаның кейбір аймақтары болды деген жорамал көбірек мақұлданады.

Адам шыққан ең алғашқы мекеннің жер бедері туралы көзқарас та әркелкі. Кейбіреулер (П. П. Сушкин, Г. Ф. Дебец) таулы жерлер дегенді айтады, енді біреулер (П. В. Серебровский) антропоидтердің адамға айналуының маңызды алғышарты ретінде, олардың тік жүруі басталғандықтан жазық ландшафты болу керек дейді. Ғалымдардың үшінші бір тобы Ч. Дарвин мен Ф. Энгельстің болжамын қолдайды, бұл болжам бойынша, адам-

ға айналу процесі тропикалық орман жағдайында, құралдар жасау жөніндегі еңбектің басталуымен байланысты болған.

2. Табиғат жағдайлары. Еңбек құралдары, қалыптасып жатқан адамдардың азық табу тәсілдері. Қалыптасып келе жатқан адамдар алғашқы палеолитте тұрған. Бұл кезеңнің табиғат жағдайлары біркелкі болмаған. Жағдайлардың өзгеруі төрттік дәуірдің мұздануынан еді, ал мұның себептері әлі белгісіз. Кейбір ғалымдар мұздықтардың пайда болуын құрылық деңгейінің жоғары көтерілуімен, жер білігі көлбеуінің өзгеруімен, күн радиациясының кемуімен байланыстырады. Осыған орай, климат қатуланып, дымқыл көбейген де мұздықтардың пайда болуына қолайлы жағдай жасаған.

Мұздықтар таудан, Мұзды мұхиттан оңтүстікке қарай жылжып, бірнеше миллион шаршы километр жерді қалыңдығы 1—2 км мұзбен жауып кеткен. Мұздану орталығы Гренландия болған, сондықтан Солтүстік Америкада Европа мен Азияға қарағанда үш есе көп жерді мұз басқан, ал Солтүстік Азия мен Сибирьдің мұздануы Европаға қарағанда бәсеңдеу болған. Мұздық әлденеше рет ұлғайып және азайып отырған, ерігенде астынан құрылық шығып қалып тұрған. Кейбір ғалымдар (моноглатциолистер, грекше *monos* — «бір», латынша *glacies* — «мұз») мұздану бір-ақ рет болған, соның өзінде мұздықтың шегі төрт рет құбылған деп есептейді; екінші бір ғалымдар (полиглатциолистер, грекше *polus* — «көп») мұздану төрт дүркін болған, олар мұзаралық дәуірлермен алмасып отырған деп көрсетеді. Ал оның бер жағында, моноглатциолистер де, полиглатциолистер де мұздық басу дәуірлерін бірдей терминдермен атайды: гинц, миндель, рисс, вюрм (геологтар мұздықтардың шөгінділерін зерттеген швейцарлық Альпаның төрт деревнясының аты бойынша). Біздің еліміздің жерінде миндель мұздануына оқалық мұздану, рисске — днепрлік, вюрмге—валдайлық мұзданулар сай келеді. Алғашқы екі мұздану (гинц, миндель) онша елеулі болмаған. Бұлар Орта Европаға жетпеген. Тропикаларда болған мұздану дәуірлеріне плювиальдық (латынша *pluvia* — «жаңбыр») кезең сай келген, мұнда температура онша төмендемеген, бірақ жауын-шашын көп болған (тіпті Сахараның өзінде өзендер ағып жатқан).

Алғашқы мұздықтар пайда болысымен, күн біршама суытқан. Дегенмен де Оңтүстік және Орта Европада климат субтропикалық, ал Оңтүстік Азия мен Африкада — тропикалық күйінде қалған. Европада пілдер, бегемоттар, мерка мүйізтұмсықтары, қылыш тісті жолбарыстар, Стенон аттары болған. Мәңгі жасыл самшит, лавр, смоковница өскен.

Шелль дәуірінде климат жылы, өсімдіктер мәңгі жасыл болған, жылылықты сүйетін жануарлар жүрген. Табиғат жағынан алып қарағанда, алғашқы ашель шелльге ұқсайды. Мұздану кезеңінің басталуына байланысты кейінгі ашельде едәуір суық түсті. Мустьеде ең ұзақ және аса елеулі рисс мұздануы бастал-

ды. Мұзданудың ең жоғарғы кезінде Европадағы қазіргі Волгоград, Днепропетровск, Львов, Краков қалаларының шегіне дейін, Берлин мен Лондонның оңтүстігіне қарай төмен түсті.

Мұздық төмен түскен сайын жылылықты сүйетін жануарлардың біразы суыққа шыдамай, өлді де, біразы оңтүстікке ойысты. Бұлардың орнын мамонттар (жүні қалың пілдер), сибирлік (жүндес) мүйіз-тұмсықтар, бизондар, бұғылар, жыртқыштар (үңгірлерді паналайтын аюлар, арыстандар т. б.) басты. Мұздықтың шет-шетіне (Европаның көпшілік бөлігінде) тундралық өсімдіктер, оңтүстікке қарай тайгалық орман өсті (Апеннин және Пиреней түбектерін қоспағанда).


Адамдар оған дейін қолы жеткен табыстары мен отты игеруі арқасында қатаң табиғаттың қыспағына төтеп берді. Ашель дәуірінде адам отты пайдалана бастады. Бірақ мустье дәуіріне дейін ол тек табиғи отты ғана (жанартаулардан атқылаған, өрт шыққан кездегі) пайдаланып, оны сөндірмей ұстауды үйренді. Мустье дәуірінде адамдар ағашты ағашқа үйкеу арқылы қолдан от жағуды игерді. Ағашты жонғыштау арқылы одан ұнтақ алынды да, оны үйкелегенде қызып, бықси бастады. Бұдан соң оған тез тұтанатын білте (әбден кепкен саңырауқұлақтан жасалған) қосылады да, үрлегенде от шығады.

От жағудың ежелгі тәсілі асқан шыдамдылық пен ептілікті талап етті. Сондықтан бір тұтанған отты сөндірмей ұстауға тырысты, көптеген халықтарда бұл үшін тіпті арнаулы адамдар бөлінді, олардың міндеті әлгі отты сөндірмей ұстау болды. Егер от әлдеқалай сөніп қалған болса, онда көршілерден шок әкелу керек еді, өйткені жаңадан от тұтату қиын болатын. От тұтату өнері жұрттың бәрінің бірдей қолынан келе берген жоқ. Тіпті осы заманда кездесетін алғашқы тұрмыстық тайпалардың өзі отты керек болған сайын қайта жаға бермей, бұрынғы шоқты сөндірмей ұстағанды тәуір көреді. От алудың басқа тәсілдері (бірдені бұрғылап ұнтақтау, шакпақ таспен тұтату т. б.) кейінірек шыққан нәрселер.

Мустье дәуірінде жағылған оттардың көптеген қалдықтары осы күнде де табылып жүр, мұның өзі сол кезде оттың кеңінен қолданылғанын дәлелдейді. Егер ол кезде адамдар отты қолдан тұтатуды білмеген болса, онда одан айрылып қалуы да мүмкін еді, өйткені олар ең суық және дымқыл кезеңде өмір сүрді.

Адамдардың табиғатты бұлай жеңіп шығуының маңызы орасан зор. Энгельстің айтуы бойынша, отты игеру «табиғаттың белгілі бір күшіне адамның үстемдік етуіне алғаш рет мүмкіндік берді, сөйтіп адамды жануарлар дүниесінен біржолата бөліп шығарды»¹. От адамды суықтан қорғап, оның жер бетіне кеңінен таралып қоныстауына мүмкіндік берді, ағаш пен сүйектен құралдар өңдеп шығаруда аса маңызды роль атқарды. От адамның қуырылған және қайнап піскен тамақ жеуіне жағдай жасады,

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 20-том, 117-бет.



мұның өзі тамақтың сапасын арттырды, ас қорыту процесінің уақытын азайтты, тамақтың, әсіресе еттің жақсы сіңуіне жәрдемдесті, мұның өзі адам организміндегі биохимиялық өзгерістерге әсер етті, ал бұлар, Энгельстің айтуы бойынша, адамның қалыптасуында асқан зор роль атқарды. От тамақ қорларын көбейтті, пісірмейінше жеуге болмайтын нәрселерді ас етуге мүмкіндік берді. От ең қорқынышты жыртқыштардан қорғандың басты құралы болып алды. Хайуан біткеннің барлығы да оттан өлердей қорқады. Адам оттың маңызын түсінді, одан үрейлену инстинктің ақылмен жеңді, сөйтіп оны өзінің құралы мен қаруына айналдырды.

Қолдан от алу әдісі еңбек құралдарын жасаудағы қол жеткен алдыңғы прогресті әзірлеген болатын.

Алғашқы палеолиттің еңбек құралдары көп табылды. Адамның көптеген эолиттерді — көбінесе үшкір ұшын ондай түскендіктің ізі қалған шақпақ тас сынықшаларын жасағаны жөніндегі жорамалды ғалымдар бекерге шығарды. Оларды ешкім өңдемеген, табиғатта солай кездеседі деп есептеледі. Эолиттер үштік және алғашқы төрттік қабаттардан табылды.

Шақпақ тас малталары мен олардан шағылып түскен бөлшектер және бір ұшын опырып уату арқылы сәл де болса үшкірлей түсу (тас өңдеудің алғашқы әдісі) адамның алғашқы тас құралдары болып саналады. Бұлар шелльге дейінгі заманға жатқызылады және уатылған жұмыр тас мәдениеті деп аталады. Бұлар Азия мен Африкада табылды.

Шелль құралдары негізінен қол шапқылары түрінде болады, бұлардың ұзындығы 20 см-ге дейін жетеді, салмағы 1 кг, тіпті одан да салмақты, көбінесе бадам формасында болып келеді, екі жағын бірдей опырып уату жолымен жасалған болады. Шапқының жалпақтау келген жоғары жағы жұмыр келеді (алақанды тіреу үшін). Шапқының төменгі жағы үшкір, шет-шеті тегіс емес, ирек-ирек болып келеді. Қол шапқысы ашель дәуірінде де басты құрал күйінде қала берді, бірақ ашель шапқыларының шет-шеті тегістеу, ұшы үшкірлеу болып келеді. Бұл шапқылар жеңілдеу, жан-жағы мұқият опырып уатылған болады. Шапқы жасаған кезде ұшып түскен шақпақ сынықшалар да



3



4

1. Шелль шапқысы
2. Ашель шапқысы
3. Мустье қырғышы
4. Мустье үшкір тасы

пайдаланылды. Қол шапқы бірнеше мақсатқа қолданылды: онымен хайуанаттарды соғып алды, жеуге жарамды шөп тамырларын қазды, ағаш өңделді. Бірденені кесу үшін тас сынықшалары пайдаланылса керек.

Мустье дәуірі үшін негізгі құралдардың екі түрі тән: үшкір тас пен қырғыш, бұлар дөңгелек тәріздес тастың нуктеусінен (латынша nucleus — ядро) — ядросынан (өзегінен) тоқпақпен (таспен) ұрып жаратын жаңа әдіспен үш бұрышты жұқа тастан жасалады. Құралдардың тұрқы қысқа және өзі жалпақ болып шығады. Үшкір тастың кәдеге асатын жағы — үшкір басы, ал қырғыштың — үш бұрышты жұқа тастың дөңес келген жағы болады. Үшкір тас пен қырғыш әйелдерге және еркектерге деп арнап құрал жасаудың бастамасы болды деген болжам бар. Еркектер үшкір таспен хайуанаттарды соғып алды, ағаш өңдеуге қолданды. Әйелдер қырғышпен өлтірілген хайуанаттардың терісін сыдырды, терінің майын шелдеп, оны киім етуге әзірледі. Мустье дәуірінде жонғыш пайда болды, тұрпатына қарағанда ол қырғыш сияқты еді, бірақ одан айырмасы — кәдеге асатын жағының (үшбұрышты жұқа тастың асты) ойыстау болып келеді. Жонғышпен ағаш жонылды, оның қабығы аршылды.

Құралдар, көбінесе қатты, жарқыншақтары жұқа да, шеттері өткір болып келетін шақпақ тастан жасалды. Табиғатта шақпақтас өте көп кездеседі. Кейінгі мустьеде, сирек те болса, сүйектен де құрал жасала бастады. Жан-жағы егеліп, ұшталған бірнеше сүйек Симферопольдан 2 км жердегі Чокурча үңгірінен табылды.

Ең ежелгі адамдар қолына түскенінің бәрін: өсімдікті де, етті де жей берген. Адамзаттың таң шапағында, өсімдікті тамақ ету басым болса керек, оны адамдар табиғаттан дайын күйінде алып отырды. Олар жеуге жарамды шөптердің тамырларын, өсімдік жемістерін, саңырауқұлақ, насекомдардың личинкаларын жинап, ұсақ жануарларды қуып ұстаған. Термешілік алғашқы дәуірдің бүкіл өн бойында, өмір сүру жағдайларына байланысты әр түрлі дәрежеде сақталып келді. Бұл кезде жиған-тергеннің бәрі тікелей тұтынуға кетіп отырған. Ешқандай тамақ қоры болмаған.

Термешілікпен қатар, өте ертеде-ақ табындап жүретін ірі хайуандарды аулау дами бастады, өйткені ұсақ жануарларды аулау адамдарды етпен жеткілікті түрде қамтамасыз ете алмады. Шелль және ашель дәуірлерінде адамдар жылы жерді мекендейтін хайуандарды аулады. Мустье дәуірінде негізінен мамонт ауланды, тұрғын-жай бастарында үйілген олардың сүйектері осыны көрсетеді. Табын-табын болып жүретін хайуандарды аулау о баста бәлкім, қуалап-тықпалау әдісімен жүргізілсе керек. Қуалап-тықпалау әдісін біз этнографиялық деректерден ғана білеміз. Бірақ мустье дәуіріне дейін мұндай аңшылық қарапайым әдістермен жүргізілді, ұйымдасқан сипаты болмады. Хайуанаттарды батпаққа немесе орларға тықпалап апарып түсіретін әдісті қолданған, ұйымдасқан аңшылықтың басталуы мустье дәуірінен байқалады.

Күрт суық түсуіне, табиғат жағдайларының өзгеруіне байланысты мустье дәуірінде термешіліктің маңызы төмендеді. Адамдарға етпен қоса, май, сүйек, тері-терсек те бере алатын ірі хайуанаттарды аулаудың маңызы артты. Табын-табын болып жүретін хайуанаттарды аулау үнемі табысты бола берген жоқ. Қуалап-тықпалаудың нәтижесі, қарудан гөрі, кездейсоқ жағдайларға байланысты бола берді. Сондықтан ең ежелгі және ежелгі адамдардың өмірінде ашыққан кезеңдер де болды, ондай кезде олар бірінің етін бірі жеді. Адам етін жеушіліктің ізі қалған синантроп сүйектерінің қалдықтарынан желінген жиырма бес адамның он екісі баста екені байқалды, мұның өзі мына бір қасіретті әрекетті растайды: каннибализмді басынан кешірген барлық халықтарда әрқашан да алдымен балалар, онан кейін қарт адамдар және қарсыласуға шамасы келмейтін ауру адамдар құрбан болды. Неандертальдықтардың бөлек-бөлек сүйектері Крапина үңгірінен табылды (Югославия). Енисей өзені бойында, Красноярск іргесіндегі II Афонт тауы тұрағынан, Болгариядағы Темнота Дупка үңгірінен табылған адам сүйектерінің қалдықтарына қарағанда, адам етін жеу кейінгі палеолитте де болған. Энгельс каннибализмнің пайда болуын ең ежелгі адамдарда еттің тапшы болуымен тікелей байланыстырады.¹

Ашаршылықтың жиі болып тұруы адамдардың көп өлуіне әкеліп соқты. Француз антропологи А. Валлуаның пайымдауынша, оның өзі зерттеген 20 неандертальдықтың 55%-і—21 жасқа толмастан өліп кеткен, тек біреуі ғана 32-ге келген. Әсіресе әй-әйелдер арасында өлім өте көп болған. 31 жасқа келген неандертальдықтардың бәрі, зерттей келгенде, еркек болып шыққан.

Мустьеге дейін адамдар тамақты пісірмей жеген деп болжалдайды ғалымдар. Мустье дәуірінде етті қуырып жеген, мұны сүйекте қалған от табынан байқауға болады.

¹ Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 20-том, 492-бет.

Бастапқыда адамдар баспана мен киім-кешектің қажеттігін сезінбеді. Түнде олар жыртқыш аңдардан ағаштың кеуектерінде немесе қалың жапырағының арасына жасырынған, желден сақтану үшін қалқан жасаған, үңгірлерді мекендеген. Ғалымдардың пікірінше, адам үңгірлерді суықтың түскен-түспегеніне қарамастан мекендей берген, Қытайда (Чжоукоудянь), Палестинада адам мекендеген үңгірлер осыны аңғартады. Алайда мұздықтар пайда бола бастасымен-ақ, адам үңгірлерге ерекше мән берген. Ашельдің аяғында және мустье дәуірінде суықтың түсуі адамдарды жыртқыш аңдар (үңгір арыстандары, аюлар) мекендеген үңгірлерді тезірек өзіне қаратуға мәжбүр етті. Жер бетіне күрке сияқты тұрғын-жай салу және хайуандардың терісін киім-кешекке пайдалану жөніндегі алғашқы тәжірибе мустье дәуіріне жатады.

Шелль және ашель дәуірлерінде адамдар өздерінің бастапқы пайда болған жерлеріндегі аймақтардан алысқа ұзап қоныстанбаған. Ең ежелгі адамдардың тұрғын-жайлары мен еңбек құралдары Оңтүстік Европада, СССР жерінде (мәселен, Арменияда Сатани-Дар, Абхазиядағы Яштух, Осетиядағы Кударо I, Украинадағы Лука Врублевская тұрғын-жайлары), Африка мен Оңтүстік-Шығыс Азияда табылды.

Барлық жерлерде кездесіп қалатын мустье тұрғын-жайлары шелль және ашель тұрғын-жайларынан солтүстікке қарай едәуір алыстап барып орналасқан, мұның өзі адамның солтүстікке қарай жылжығанын және жер бетінде оның біршама тығыз орналасқанын көрсетеді. Мустье дәуірінің тұрғын-жайлары Англияда, Францияда, Испанияда, Германияда, Бельгияда, Югославияда, Чехословакияда, Венгрияда, Швейцарияда, Италияда, Африкада, Палестинада, Иракта, Иранда, Қытайда, Ява аралында табылды. Бұл дәуірдің тұрғын-жайлары СССР-де: Украинада, Қырымда, Кубаньда, Волга бойында, Орта Азияда және басқа жерлерде ашылды.

3. Алғашқы палеолит адамдарының қоғамдық қатынастары.

Алғашқы палеолит адамдарының қоғамдық ұйымы жөніндегі біздің түсінігіміз — үстірт ұғым, өйткені зерттеушілердің бақылауында болған тіпті ең артта қалған тайпалар дегеннің өзі дамуында тым ілгері кеткен. Археологиялық материал мынаны көрсетеді: төрттік кезеңнің басында, адамға айнала процесі жүрген жерлерде адамдардың сирек, бір-бірінен бөлек тұрған топтары мекендеген, олардың жағдайы, тұрмыс салты, шаруашылығы мен мәдениеті бірдей болған. Францияда, Африкада, Қытайда, Арменияда, тағы басқа жерлерде табылған тым ежелгі еңбек құралдарының ұқсастығы осыны дәлелдейді. Еңбек құралдарының ұқсастығы адамзаттың шығуында біртектілік болғанын аңғартады. Бұл сатыда өзін қоршаған табиғатты бағындыру және жергілікті ерекшеліктерге икемделу дәрежесі шамалы болған. Сондықтан мұндай жағдайларда елеулі мәдени айырмашылықтардың болуы мүмкін емес еді. Айналадағы таби-

ғи ортаға байланысты құралдар жасалған материалдарда және аң аулау объектілерінде ғана айырмашылық болғаны байқалды. Мәселен, Франция жеріндегі шелль адамдары құралдарды негізінен шақпақ тастан жасаған, ал Арменияда — обсидианнан (жанартаулық шыны) істеген.

Ол кезде техникалық жетістіктер жоқтың қасы еді, сондықтан жануарлар дүниесінен жаңада ғана бөлініп шыққан, әлі дәрменсіз алғашқы адамдар жыртқыш аңдардың арасында жалғыз-жарым өмір сүріп, еңбек ете алмады. Тамақ тауып жеу, еңбек құралдарын жасау, оларды жасау жөніндегі дағдыны сақтап, тәжірибені қалдырып кету коллективсіз мүмкін емес еді. Жасы үлкендер неғұрлым тәжірибелі болуға тиіс-ті. Олар жай еңбектің ұйымдастырушылары болды. Сөйте-сөйте бұлардың ішінен стихиялы түрде басшылар шыға бастады.

20-дан 40-қа дейін кісісі бар ертедегі адам коллективі алғашқы адам табыны деп аталды. Ф. Энгельс 1875 жылғы 17 ноябрьде Лавровқа жазған хатында¹ және В. И. Ленин 1913 жылғы ноябрьде Горькийге жазған хатында² алғашқы адам топтарын табын деп атады. Табын болып жүруді адамдар өзінің ата-бабалары — маймылдардан мұра етіп алған; жануарлар дүниесіне тән «зоологиялық дарашылдық» бұларда да болған, ол кейде реттелмеген жыныс қатынастары негізінде болатын қанды қақтығыстарда, адам етін жеу кезінде байқалып отырған. Адам етін жеу тұрмыстың қиын жағдайларынан, өндіргіш күштердің дәрежесінің және еңбек өнімділігінің төменділігінен болды. Кейбір синантроптардың бас сүйектерінде және питекантроптардың біреуінің бас сүйегінде ұрып өлтірілгендіктің таңбасының қалуын хайуандық эгоизмнің салдары деп түсіндіруге болады.

Қазба жұмысы кезінде табылған ең ежелгі адамдардың ретсіз жыныс қатынастары промискуитет деп аталады (латынша promiscuus «аралас», бәріне бірдей»). Бұл кезде әйелдер де, күйеулер де табынға ортақ болды. Некелік қатынастарды бұрынғы жануарлық күйден қалған мұра — биологиялық инстинкттер биледі. Әке-шешелері мен балалары, бір туған аға-іні мен апақарындастары арасындағы некеге шек қою деген болған жоқ. Қаны бір туыстық ескерілмеді, туысқандық есепке алынбады. Табындар бір-біріне тәуелсіз өмір сүрді, бұлар сирек қоныстанған кең-байтақ территорияны кезіп, тамақ іздеп, бір жерден екінші жерге ауысып жүре берді.

Маймыл табындарына қарағанда архантроп табындары о бастан-ақ неғұрлым топтасқан болатын, бұл жыртқыш аңдардан бірлесіп қорғану және бірігіп еңбек ету үшін керек еді. Адамзат табынының өмір сүруіне қажетті шарт еңбек болды, ол қаншалықты қарапайым болғанымен табынға өндірістік ұйым-

¹ Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 34-том, 138-бет.

² Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармаларының толық жинағы, 48-том, 232-бет.

ның бастапқы элементтерін енгізді, ал маймыл табынында бұл болмаған-ды. Маркстің тұжырымдауы бойынша, еңбек — адамның құралдың жәрдемімен еңбек затын қажетті өнімге айналдыратын, жеке адам мен табиғат арасында болатын процесс қана емес, сондай-ақ адамдардың еңбек процестерін бірыңғай жұмыс системасы етіп біріктіретін қоғамның барлық мүшелерінің «қоғамдық еңбегінің жиынтығы»¹.

Еңбек қызметі, күрделіленген сайын, табын мүшелері арасындағы қарым-қатынастарға барған сайын елеулі өзгерістер енгізе берді. Өсімдікпен қоректенетін маймылдардан өзгеше, қолына түскенін жей беретін ең ежелгі адамдар етке деген өскелең қажеттерін коллективтік аңшылық дағдыларын үздіксіз жетілдіре беру арқасында ғана қанағаттандыра алатын болды; термешілдікке қарағанда, бұл адамдарды еңбектің жаңа құралдарын ойлап шығаруға шыдамдылықтарын шыңдай түсуге көбірек итермеледі, алғашқы табынның топтаса түсуіне жәрдемдесті, адамның жануарлар дүниесінен біржолата бөлініп шығуына жағдай жасады. Олай болса, адамзат қоғамның қалыптасуындағы негізгі бағыт табындардың тұрақтылығын арттыруда, олардың мүшелерін еңбектің барған сайын күшейіп келе жатқан ролі негізінде топтастыра беруде болып табылады. Бұл тенденция мустье дәуірінде айқынырақ аңғарылды, бұрынғыға қарағанда, бұл кезде ірі жануарларды неғұрлым ұйымдасқан түрде аулау адамдардың ірі-ірі топтарын қоректік заттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Неандертальдық табындарда 50-ден 100-ге дейін адам болды. Олар өндірістік және тұрмыстық бір өлшем еді. Отырықшылықтың бастамалары, от басы мен баспана ортақтығы, бірлескен еңбек адамдарды топтастырып, табындарды неғұрлым оқшаулата, дараландыра түсті. Некелесу бұрынғысынша табын ішінде болды.

Архантроптар мен палеонтроптар табындарында адамның өзінің қалыптасуы, сондай-ақ өндірістік және жыныс қатынастарын саналы түрде тәртіптеу, тағамдарды бөлісу, өз ара жәрдемдесу бағытында қоғамдық қатынастардың қалыптасу процесі баяу жүріп жатты. Келе-келе осының бәрі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сінді. Бұл процеске табиғи сұрыптау заңы тиімді әсер етті, соның нәтижесінде табындар аман қалып, өмір сүре берді.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, жыныс қатынастарын тәртіптеудің мәнісі жыныстық табу дегенді («болмайды» деген ұғым беретін полинезия сөзі) енгізуде болған, яғни аң аулауға әзірлік және оны өткізу, термешілік кезінде жыныс қатынастарына тыйым салынған. Келе-келе бір коллективтің адамдары арасындағы жыныс қатынастарына мүлде тыйым салынған. Екінші бір ғалымдардың пікірі бойынша, жыныс қатынастарын


¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 23-том, 82—83, 86, 88-беттер.

тәртіптеу аға буын мен кіші буын арасындағы некеге тыйым салуда болған. Жыныс байланыстарын реттеу жөніндегі алғашқы қадамдар ежелгі адамдардың зоологиялық дарашылдығын тежеп, әлеуметтік байланыстарды нығайтуға жәрдемдесті.

III ТАРАУ РУЛЫҚ ҚАУЫМ

1. Кейінгі палеолит адамдарының табиғат жағдайы, еңбек құралдары, шаруашылығы, баспанасы, таралып орналасуы (бұдан бұрынғы 40 мың жылдан 14 мың жылға дейін). Кейінгі палеолит вюрм мұздануына жатқызылады. Рисс мұздықтарына қарағанда, вюрм мұздықтары бір шама аз территорияны алды (Европада ол тек Балтық теңізі алқабын және онымен іргелес жатқан аудандарды ғана басты). Бірақ осы мұздықтардың басуымен байланысты бірден суық та түсті. Солтүстік Европада, Азия мен Америкада климат құрғақ және суық болды. Мадлен дәуірінде климат тым қаталданды. Мұз дәуірі кезіндегі Европа мен Солтүстік Азияның кейінгі палеолит дәуірі неғұрлым жақсы зерттелген. СССР-де кейінгі палеолит тұрғын-жайлары дүние жүзінің барлық елдеріндегіден де көп табылды (800-ден аса). Европаның Атлантика маңындағы бөлегінде мұз дәуірі аймақтарында біртіндеп келіп отырған археологиялық үш мәдениет болған: ориньяк, солютра және мадлен мәдениеттері. Ориньяк мәдениетімен тұстас перигор (Франциядағы Перигор үстіртіндегі үңгірден табылған), Гримальди (Италиядағы Гримальди үңгірі) және Костенки (Воронеж маңындағы Костенки селосы) мәдениеттері болған. Солютрей мәдениетіне уақыт жағынан Сибирдің мына тұрғын-жайлары сай келген: Мальта (Белая өзенінде) және Буреть (Ангара өзенінде), мадлен мәдениетіне — Афонт тауы тұрғын-жайы (Енисей өзенінің бойы, Красноярск маңы) тұстас болған. Сахараның Тассили үстіртінде мадлен гарпунына ұқсас гарпундар табылған. Оңтүстік-Шығыс Азияда Батыс Европадағыдай бірін-бірі ауыстырып отырған кейінгі палеолиттік мәдениеттер болмаған. Онда тіпті неолитке дейін, алғашқы палеолит мәдениеті тәрізді мәдениет болған.

Кейінгі палеолитке түрі жағынан әр алуан, өңделуі жағынан неғұрлым жетілген, қолданылуы жағынан белгілі бір мақсатқа бейімделген еңбек құралдары тән келеді, бұлар өндіргіш күштердің дамуындағы ілгерілегендік болып табылады. Жоғарғы палеолит тұрғын-жайларынан кескіш, қырғыш, сүргі, пышақтар, біздер, найзаның ұшы, жебелер, шанышқылар, қысқа найза, найза лақтырғыштар, гарпундар, көзі бар инелер, ысқылап, жылтыратқыш құралдар, сүйектен жасалған, тесігі бар аса таяқтар («көсемдердің аса таяқтары», «бастықтардың аса таяқтары» деген атпен белгілі болған таяқтар) — найзалардың, жебелердің ағаш саптарын түзететін аспаптар табылған. Осы аталған құралдардың ең маңыздылары — әр түрлі болып келетін



1. Кейінгі палеолит нуклеусі. 2. Кейінгі палеолиттегі Лавр жапырақтарына ұқсатылып жасалған найзаның ұшы. 3. Мадлен инелері мен гарпундары.

өкі-ақ құрал: кескіш пен қырғыш. Адамдар кескішті құралдар жасау үшін істеген. Ол қатты материалдардан (сүйектен, мүйізден) құрал жасағанда қолданылған.

Қырғышпен жұмсақ материалдар (тері-терсек, ағаш) өңделген. Мустье қырғышынан бұның айырмасы іске қолданылатын жағы доғаша иіліп келген ұзынша жұқа тас болады. Аңшының негізгі қаруы найза болды.

Ыңғайлы да екпіні күшті болу үшін кейбір құралдың айнала жақтауы және тұтқалары болды. Тұтқа шақпақтасқа апарып байланды. Құрама құралдар осылай пайда болды, бұған көшу құрал жасау техникасын дамытып, күрделендірудегі маңызды кезең болды. Найза лақтырғыш адамның күшіне күш қосқан алғашқы механикалық құрал еді.

Тас өңдеу техникасы едәуір алға басты. Тас жарудың бұрынғы техникасын жетілдіргендік сезіле бастады. Мустьедегі үш бұрышты жұқа тастарға қарағанда, бұлар одан да жұқарак етіп жарылды, ал нуклеустер мустье дәуіріндегідей дөңгелек емес, призма тәріздес болды. Құрал өңдеудің жаңа әдісі — сықпа ретушь кеңінен тарай бастады, бұл әдіс құралға симметриялық түр беріп, іске қолданылатын жағын өткірлей түсу үшін тасты екінші рет өндегенде қолданылды. Сықпа ретушь техникасының мәнісі тастың үстіндегі қабыршақтарды сүйектен жасалған жіңішке таяқшамен елтеп іреу арқылы оның бетін әбден тегістеу болып табылады. Шабу, негізінен сүйекті шабу пайда болады. Кейінгі палеолитте құрал жасау үшін жануарлардың сүйегі мен мүйізі кеңінен пайдаланыла бастады.

Құралдарының түрі жағынан ориньяк және солютра мәдениеттерінің айырмасы жоқ. Тек оларды өңдеу айырмашылықтары ғана көзге түседі. Сонымен солютра дәуірінде сықпа ретушь ең

жоғарғы дәрежеге жетті. Бұған найзаның ұшының лавр мүйеңкі жапырақтарына ұқсатылып, тек қана шеттері емес, баулық бетінің ретушьпен өңделуі дәлел. Мадлен мәдениетіне сыпа ретушь жойылуы, құралдарды сүйектен жасаудың басым болуы, ұсақ кескіштер мен гарпундардың кеңінен таралуы тән.

Кейінгі палеолит дәуірінде тіршілік етудің негізгі көзі аңшылық пен термешілік болды. Балық аулау шыға бастады. Бұл кәсіптердің ролі жер шарының әр бөлегінде әр түрлі болды. Ол көбінесе табиғаттың жағдайына байланысты еді. Мәселен мұздық дәуір алаптарында негізгі кәсіп аң аулау болса, ал Оңтүстік Шығыс Азияда термешілік басым болды. Археологтар кәсіпшіліктің бағытына, еңбек құралының түріне және оның жасалу техникасына қарай, сондай-ақ кейінгі палеолиттегі тұрғын-жайдың сипатына қарай мәдениет дамуының үш аймағын айырып көрсетеді. Бұлар: еуропалық мұздық дәуір, жерорта теңіздік-африкалық (Африка, Пиреней, Апеннин, Балқан, Қырым, Кавказ түбектері, Таяу шығыс) және Сибирь-қытай аймақтары. Бұл аймақтардың көлемінде ептеген айырмашылығы бар жергілікті мәдениет те білінеді. Мәселен Батыс Еуропаның Атлантика жағалауындағы еуропалық мұздық дәуір мәдениетінің Орталық Еуропа мен Орыс жазығындағы тұрғындардың мәдениетінен кейбір өзіндік айырмашылығы бар.

Ориньяк және солютра мәдениетін жасаушылар мұз дәуіріндегі аймақтардан мамонт пен үстін жүн басқан мүйіз тұмсық және жабайы жылқыларды аулады. Мадлен дәуірінде Батыс Еуропада, көбінесе солтүстік бұғысы ауланды. Мамонт сүйегі табылған қоныс жайлар өте сирек және бірен-сарандап қана табылады. Мамонт пен мүйіз тұмсықтар Батыс Еуропада ориньяк-солютра дәуірінде қуалап-тықпалау жолымен ұсталынып-ақ құртылған. Шығыс Еуропа мен Солтүстік Азияда мамонттардың қалдығы көбінесе, бүкіл мадлен мәдениеті бойына кездеседі. Бұл кең-байтақ өлкеде кейінгі палеолит дәуірінде адам сирек орналасқан, сондықтан мамонтты аулап құртып жіберу Батыс Еуропадағыдай жағдайға жете қоймаған.

Қоныс жай тұрғындарының жеген жануарының сүйегіне қарағанда кейінгі палеолитте аңшылық жақсы дамыған тәрізді. Мәселен, археологтардың есебі бойынша Пржедмостен (Чехословакия) 1000-ға жуық мамонттың сүйегі, Амвросиевкіден (Украина) 1000 шамалы бизонның, Солютрадан 10 мыңға жуық жылқының сүйегі табылған. Жаппай, ұйымдасқан, кәсіпшілік ретіндегі, қуалап-тықпалау әдісімен жүргізілген аңшылық мұстае дәуіріндегіге қарағанда анағұрлым өнімдірек болды. Тұрғын жайлардың топографиясы қуалап-тықпалау аңшылығы болғандығын дәлелдейді. Бұл тұрғын жайлар көбінесе жар мен орлы жерлерде болған. Жануарларды ор мен батпаққа ғана айдамай, әдейі қазылған апанға да қолдарына от алып жүріп, тықпалап апарып түсірген. Мұз дәуірі зонасынан алысырақ жерде (Жерорта теңізі-Африка аймағында, Орта Азияда адамдар қаблан,

тау ешкісі, елік, киік, және басқа да жыртқыш аңдарды аулаған. Мұз дәуіріндегі Европа тұрғындарына қарағанда бұлардың өмірінде термешілік басым болды. Балық аулаудың басталуы ориньяк дәуіріне жатады, мадленде оның маңызы арта түсті. Балықты жағада тұрып сүйек гарпун және шаньшқымен шаншып алған, өйткені әлі қайық та, қармақ та, ау да болмаған.

Кейінгі палеолит дәуіріндегі адамдар үңгірді мекендеді, баспана ретінде табиғат жағдайына қарай қалқа, күрке, жер кепелер де жасап алды, жер кепелердің ортасында бір ошағы бар дөңгелегі де, екі ошағы бар ұзыншасы да болды. Мұздық дәуірде қысқы тұрғын жайдың (жер кепенің) болуы, қоныстардағы мәдени шөгінділердің қалың қабаты адамдар отырықшылықта болғанын, әсіресе ориньяк-солютра дәуірінде ұзақ уақыт отырықшылықта болғанын көрсетеді. Адамдар аңдарды соғып алып бітіргенге дейін бір жерді мекендеп, кейін басқа жерге қоныс аударған. Мадлен дәуірінде адамдардың бір жерде көп тұрақтамағаны байқалады, өйткені бұл көшіп жүретін солтүстіктің бұғысын аулаумен байланысты болған болуы керек (ол қыста оңтүстікте болады да, жазға қарай солтүстікке, тундра жайылымына ауысады). Осыған байланысты мадлен қонысындағы мәдени қабат жұқа болып келеді. Мұздықтардан алыс Оңтүстік аймақтарда тұрғын жай болмаған, өйткені мұнда адамдар кезіп жүріп тіршілік еткен.

Еңбек өнімділігінің артуы, тіршілік жағдайының жақсаруы арқасында халықтың тығыздығы артқан, ал онымен байланысты қуалап-тықпалау әдісімен аңдарды ұстау да көбейген. Жануарлардың азаюына байланысты адамдардың аң аулау үшін жаңа аймақты игеруіне тура келді. Содан барып адамдар Солтүстікке қарай беттеді. Европада адамдар Прибалтикаға дейін, ал СССР территориясында Ока, Чусова, Енисей, Лена, Ангара өзендерінің алаптарына таралып орналасты. Бүгінге дейін белгілі кейінгі палеолит дәуірі тұрғын жайларының ішінен солтүстіктегі ең шеткісі Печорада (Аю үңгірі). Кейінгі палеолитте адамдардың Азиядан Берингов бұғазы арқылы (қазір оның ені 85—86 км, мүмкін, ол кезде бұғаз тар болған болуы керек немесе құрылықпен жалғасып жатуы да мүмкін) Америкаға, Австралияға қарай өтуі басталған.

2. Қазіргі адамдар типтес адамның және нәсілдік алғашқы айырмашылықтың пайда болуы. Кейінгі палеолит дәуірінде дене құрылысы қазіргі адамдарға ұқсас адамдар ресімделе бастайды, адамдардың қалыптасу процесі аяқталады. Адамдардың қалыптасуы оның тік жүру, оң қолымен жұмыс істеу, ойлау мен түсінікті түрде сөйлеу қабілетінің дамуына жағдай жасаған, еңбек қызметінің үнемі күрделене түсуіне ет тағамы үлес салмағының барған сайын көбейуіне (алғашқы адамның шығуынан бастап), қан араласуының зиянын болдыртпайтын табын ішіндегі жыныс қатынастарына әуелі шек қою, кейін тыйым салу, демек, экзогамдық (табыннан тыс) неке (грекше *exo* — «тыс», *ga-*

mos — «неке») тәртібі енгізілуіне байланысты болды. Экзогамалық некеде адамдардың бір коллективінің еркектері адамдардың екінші коллективінің әйелдерімен некелік қатыста болған.

Кейінгі палеолиттегі адамдар негізінен Европада, Азияда Африкада қалыптасқан европеоидтық, монголоидтық, негроидтық нәсілдегі адамдар болады. Европеоидтық нәсілдің өкілдері — кроманьондықтар. Монголоидтардың белгілерін 1937 жылы Красноярскіге жақын жердегі Афонтова Гора II деген қоныс жайдан, сондай-ақ Чжоукоудянь жоғарғы үңгірінен табылған бас сүйектердің қалдығынан көруге болады. Негроидтық нәсілдің өкілдері — гримальдықтар. Жоғарғы палеолиттің қазылып алынған адамдарының арасындағы айырмашылықтар қазіргі нәсілдер арасындағы айырмашылықтардай емес, онша айқын білінбейді.

Нәсілдік айырмашылықтар мындаған жылдар бойы, жергілікті жағдайлардың адамның сыртқы түр-сипатына әсер етуімен байланысты қалыптасқан. Бұл процесте температура, ауа дымқылдығы, жел, күн сәулесі сияқты факторлардың маңызы болды. Монголоидтық нәсілдің белгілері шөл далалы ландшафтысы, күшті де ұзақ соғатын желі, қатты қыздыратын күн сәулесімен кезектесіп тұратын құмды дауылы бар Орталық Азияда, сондай-ақ көзге шақырайған күн сәулесі қатты әсер ететін Азияның арктикалық аймақтарында тұратын адамдарда қалыптасты. Монголоидтар қалың қабақты (үнемі қысып жүргендіктен және қабақтарының зорланып жұмыс істегендігінен бұлшық ет тканьдары өсуімен байланысты), көздің жас тұратын ішкі ұшын жауып тұратын терісі жиырыңқы, қысық көзді, құм мен тозаңнан, шақырайған күн көзінен және тоңудан сақтандыру үшін бүйрек бетті болып келеді. Салқын ауаның мұрын ішіне бірден кіруіне бөгет болу үшін жалпақ мұрынды болады.

Негроидтық нәсілдер тропикалық климатта, ыстық әрі дымқыл өлкеде қалыптасқандықтан адамды күн күйдіруінен қорғау үшін түстері тым қоңыр болады (меланин деп аталатын ерекше пигменттің болуына байланысты), басты күн тиюден қорғау үшін оның айналасында уақ тесікті қабық құратын бұйра шаштары, кең танаулы мұрны, ыссылыққа төзімді қалың еріндері болады.

Географиялық жағдайға икемделу адамның биологиялық ерекшелігін (мидың құрылымын, аяқ-қолдың құрылымын т. б.) өзгерткен жоқ. Адамдардың дене бітімінің ерекшелігі ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырылды және оқшауланудың — расогенездің екінші факторының салдарынан нығая түсті. Ол кезде адамдардың орналасу тығыздығы төмен болатын. Адамдар географиялық және мәдени жағынан біршама оқшау өмір сүрді, бұның өзі алғашқыда осы континенттердің үшеуінің территориясындағы адамдардың дене бітімінің біркелкілігіне алып келді. Кейіннен географиялық оқшауланудың кемуімен байланысты өмір жағдайына биологиялық тұрғыдан енжар бейімделу бұрынғы маңы-

зын жойды және жаңа нәсілдер (кіші) метистендіру нәтижесінде қалыптаса бастады, демек алғашқы үш үлкен нәсіл араласып кетті. Қазіргі дәуірде метистендіру нәсіл құрылуының себептерін нәсілдік айырмашылықты жоятын күшке айналдырып отыр.

Нәсілдер — адамдардың тарихи қалыптасуының бір түрі. Олар тұқым қуалап отыратын дене бітімі бір тектес адамдар. Алғаш рет, 1675 ж. адам баласына «нәсіл» деген ұғымды қолданған француз Ф. Бернье болды. 1735 жылы швед натуралисі К. Линней адам нәсілдерін дене бітіміне қарай классификациялады.

Нәсілдік мәселенің саяси да, ғылыми да маңызы бар. Буржуазияның реакциялық оқымыстылары нәсілдің мәңгілік бола беретіндігі, нәсілдер арасындағы физиологиялық айырмашылықтар, құнды («жоғарғы», «дарынды») және құнсыз (төменгі) нәсілдер туралы ғылымға қайшы келетін «теориялар» жасап шығарды. Олардың дәлелдеуінше әр түрлі адам нәсілдерінің болуы адамның адам тәріздес әр түрлі маймылдардан шығуынан болады (полигенизм теориясы — грекше *polus* «көп», *genesis* «пайда болуы»). «Жоғарғы» нәсіл даму дәрежесі жоғарғы болған маймылдан, ал «төменгі» нәсіл даму дәрежесі төмен болған маймылдан пайда болған деседі олар. Алғашқы айтылған нәсіл үстемдік ету үшін, екіншісі соған бағынышты болу үшін жаралыпты-мыс.

Бүгінгі күнде англосакстардың (Англия, АҚШ) және сары нәсілділердің (Қытай, Жапония) артықшылығы жайында көптеген «теориялар» туып жатыр.

Нәсілдік теориясының негізі жоқ екені марксистік және буржуазияның алдыңғы қатарлы ғалымдарының тұжырымдарында ешбір бұлтарыссыз дәлелденіп отыр. Нәсілдерді айырып беретін дене бітімі жөніндегі белгілердің қоғамдағы адам өмірі үшін ешқандай маңызы жоқтығы дәлелденді. Нәсілдердің бірлігін әрбір адамның миының алдыңғы бөлігінің тұтас мидың 44 процентінен тұратындығы дәлелдеп беріп отыр. Адамның ақыл-ой қабілеті оның басының кейпіне, миының көлемі мен салмағына, басқа да антропологиялық белгілеріне (адамның түсіне т. б.) байланысты емес.

Нәсілшілдік — қанаушы таптардың идеологиясы — сонау көне заманда құлдар мен құл иеленушілердің әлеуметтік айырмашылығын дәлелдеу үшін ойлап табылған. Феодализм кезінде нәсілшілдік дворяндардың артықшылығын дәлелдеу үшін қызмет етті. Нәсілдік теориясы, әсіресе буржуазиялық қоғамда биік белеске көтерілді. Бүгінгі күнде нәсілшілдік өзінің қызмет етіп отырған саяси мақсатына қарай әр түрлі формада қолданылып келеді.

Нәсілшілдік отар елдердің халықтарын отаршылардың қанауын дұрыс деп дәлелдеудегі қаруы болып табылады. Империалистер қазіргі заман пролетариатының санасын нәсілшілдікпен уландырып, олардың көңілін тап күресінен басқа жаққа аудар-

ғысы келеді. Нәсілшілдіктің дәуірлеген жері фашистік Германия, ал екінші дүние жүзілік соғыстан кейін АҚШ пен ЮАР болды. Фашистік Германияда европеоидтық нәсілдің биологиялық артықшылығы жайындағы бұрынғы теорияның орнына немістердің психологиялық артықшылығы жайында теория ұсынылды. Нәсілшілдік дүние жүзіне үстемдік құрмақ болған фашистердің идеологиясы болды. Ол АҚШ-та таптық және ұлттық езгінің құралы болып табылады.

3. Рудың пайда болуы. Рудың шығуы туралы проблема алғашқы тұрмыстық қоғам жөніндегі ғылымның ең бір күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Алғашқы тұрмыстық табынның руға айналу процесі, демек олардың жоғары қоғамдық ұйымға бірлесуі қазірше теориялық тұрғыда ғана айтылады.

Табынның алғашқы қауымға айналуы өндіргіш күштердің өсуімен, сонымен байланысты өндірістік қатынастардың өзгерісімен, сондай-ақ қан араласуының зияндылығын жойған экзогамияның (рудың ерекше және басты белгісі)¹ пайда болуымен байланысты екеніне ешбір күмән жоқ.

Кейінгі палеолит дәуіріндегі берік отырықшылық, аңшылық пен тұрғын жайдың сипаты бұл дәуірде өндірістік бірлестіктерге ұқсас ірі, өте ұйымшыл коллективтің болғандығын көрсетеді. Жоғарғы палеолит бірлестігіндегі адам саны көп уақытқа дейін этнографиялық деректер бойынша топшыланып келді. Австриялықтар аэттар (филиппин аралдарында), бушмендар (Оңтүстік Африкада) жөніндегі мәліметтерге сүйеніп, Г. Кунов (неміс социологі және тарихшысы) бірлестіктегі адам 50—60-тан аспады деп санайды. Бірақ бұл жаңа дәуірдің адамдары.

Совет археологтары тұрғын жайдағы адамдардың санын қоныстың аумағына, тұрғын жайдың көлеміне қарай белгілейді. Олар тұрғын жайдың әрқайсысында 50 адамнан кем болмаған, ал әрбір қоныста екі немесе үш тұрғын жай болған деп тұжырымдап отыр. Демек қоныстарда 100—150 адамнан тұрған екен. Аңды қамап ұстау, тұрғын жайларды үлкейтіп салу көп адамның ғана қолынан келген. Бірігіп еңбек ету, тұрғын жайларының ортақтығы, біршама отырықшылық коллектив мүшелерінің топтасуына және туысқандық байланысты сезінуіне алып келді. Кейінгі палеолитте туыстықты түсіну тек қана биологиялық фактор ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар бүкіл рулық қоғамдағы тіршіліктің арқауы болған әлеуметтік құбылысқа айналды. Сол кезеңде туыстық туралы ұғым адамдардың арасындағы дене жақындығын ғана білдірмей, сонымен қатар коллективтің экономикалық және әлеуметтік бірлігін де танытты. Туыстық бір топ адамдардың туыстығы ретінде түсінілді, бұның өзі сол кездегі адамдардың идеологиясы — тотемизмнен, (үндінің «тотем» деген сөзінен шыққан» — оның туысы») — адамдар-

¹ Осымен байланысты рудың шығу проблемасын көптеген зерттеушілер көбінесе экзогамияның пайда болуымен байланыстырады.

дың бір тобының жануарлардың, өсімдіктердің, балықтардың бір түрімен — сол топ қайсысының атында болса, сол түрімен — жаратылыстан тыс туыстық байланыста болатынына сенуден көрінеді.

Кейінгі палеолитте әйелдер бейнесін мүсіндеудің көп болуын ғалымдар семья-туыстық қатынастарда аналық бастама болғандығын көркемөнерде көрсетушілік деп санайды. Сол кездегі топтық некеде аталық туыс деген болмады және оның қоғамдық мәні белгісіз еді. Адамды дүниеге келтіруші ана деп есептеп, балалары солардың төңірегіне топтасты.

Бұл дәуірде белгілі бір тұрғын жай, бұрынғыдай, аңшылықтың және біршама отырықшылықтың арқасында сыртқы қолайсыз жағдайлардан қорғану үшін ғана емес, шаруашылық базасына, азық-түлік сақтау орнына айналды. Тұрғын жайға ауланған аңдардың еті жеткізілді. Аңшылықтан түскен өнімді әйелдер өңдейтін болды. Отырықшылықпен байланысты жұмыстың бәрі әйелдердің мойынында болды: тұрғын жайды ретке келтіру, от басының жұмысы, бала бағу, азық-түлік сақтау, тамақ пісіру, киім тігу т. б. Әйелдер рудың ұйтқысы, көпке ортақ тұрғын жайдың қожасы болып табылды. Осындай жағдайда алғашқы ру аналық ру ғана болуы мүмкін еді.

Экзогамияның пайда болу проблемасы әлі де жете анықталған жоқ, бірақ некелесудің бұл тәртібінің келіп шығуын түсіндіруге болатын көптеген болжамдар бар.

Буржуазиялық зерттеушілер экзогамияның пайда болуының себебін бала кезінен бірге тіршілік еткен адамдардың арасында жыныс қатысына деген құмарлықтың болмауына (Дарвин) немесе қан араласуын болдырмаудан (Морган) деп біледі. Осы мақсатпен Морганның пікірінше ең алдымен ата-ана мен олардың балаларының арасындағы некеге тыйым салынған, содан соң бір анадан туған ұл мен қыздың, немерелестердің некелесуіне тыйым салынған. Советтің көптеген ғалымдары бұл гипотезаға күмән келтіріп, біздің арғы ата-бабаларымыз қаны бір туысқан адамдардың некелесуінен болатын биологиялық зиянды салдарды білмеулері мүмкін дейді. Совет ғалымдары экзогамия табын ішіндегі еңбек қызметін тәртіптеудің қажеттігінен туған, деген пікірді көбірек қолдайды. Сөйтіп, бір коллективтің мүшелері арасындағы әйел үшін болатын қақтығыстарды жоюдың құралы экзогамия болған, өйткені жыныстық қатынастардың ретке келтірілмеуі жыныстық инстинкт негізінде үнемі жанжал мен қақтығыс тудырып отырған, ал бұның өзі коллективтің шаруашылық жұмысын бірқалыпты жүргізуіне зиянын тигізген.

Экзогамия *homo sapieniste* бір әйелден туған қандас туыстардың қосылуына тыйым салудан басталды. Экзогамияның пайда болуымен байланысты табынның орнына ру келді де, екі ру ішіндегі эндогамиялық ұйым пайда болды (грек. *endon* — «ішкі», *gamos* — «неке»), эндогамия кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша табынның экзогамиялық бөлікке бөлінгендігінен, ал

екінші біреулерінің жорамалы бойынша көршілес екі табынның қосылуынан пайда болған. Мәселе әлі шешілу үстінде. Некелесудің экзогамиялық тәртібі кезінде жыныстық қатынастар екі рулық ұйым арасында, яғни өз іштерінде емес белгілібір екі рудың мүшелері арасында болды. Некелесудің мұндай тәртібі эндогамия деп аталады.

Экзогамияның ең көне формасы деп әйелдер жағынан саналатын туысқандардан тұрған екі некелік топтың (секцияның) австралиялық жүйесін¹ атайды. Некелесу топтар арасында болады. Бір топтың ішіндегі еркек екінші топтағы әйелдермен жыныстық қатынаста бола алды. Неке топтық еді, әйелдер де, еркектер де топқа ортақ болып есептелді. Еркек те, әйел де өз тобында тұрып өмір сүрді. Еркектер уақыт-уақыт әйелдерге келіп-кетіп жүрді. Олардың мұндай қатысын дислокальдық (латынша *dis* «бөлінуді» білдіретін жұрнақ, *locus* — «орын») деп атайды. Некелесудің бұл тәртібі бойынша бір топтың ішіндегі әйелдің бәрі басқа топтағы еркектердің бәрінің бірдей әйелі болып саналады.

Екі топтық неке жүйесінде австриялықтардың балалары аналар тобында қалып отырды, соның салдарынан қыздарының өз әкелерінің әйелдері болуы да ықтимал еді. Сондықтан қан араласуы түбегейлі жойылмады. Бұл кейінгі төрт топтық неке жүйесінде ғана жойылды. Кейбір австриялық тайпаларда төрт топтық неке пайда болды. Төрт топтық неке жүйесінде балалары ата-аналарының тобына жатпады. Олар бабалары мен әжелерінің тобында деп саналды.

Сонымен алғашқы экзогамия австриялық екі некелік топтық жүйе некелік қатынасты топтың сыртына шығарып, бір топтың ішіндегі ғана қан араласуын жойды, демек әйелдер жағынан саналатын әр түрлі ұрпақтың адамдары (анасы мен ұлы, нағашысы мен жиен қызы) арасындағы, сондай-ақ бір ұрпақтың адамдары (бір анадан туған және немесе аға-іні мен апа-қарындастары) арасындағы некені жойды. Австриялық топта туыстық топтық болды, яғни балалар өзінің туған анасын ғана емес, анасының некелік тобындағы барлық әйелдерді ана деп санады. Әрбір әйел өзінің некелік тобындағы барлық әйелдердің балаларын өз балам деп санады.

Екі топтық некелік жүйе, алайда, немерелер мен шөберелерден қосылатын туыстардың арасындағы некелікке, сондай-ақ еркектер жағынан саналатын әр түрлі ұрпақ адамдары арасындағы, тіпті әкесі мен қызы арасындағы некеге де жол берді, бұлай болатын себебі туыстықтың австриялық жүйесі бойынша әйел өзінің ғана еркегін күйеуім демеген, оның некелік тобындағы барлық еркекті де күйеуім деп санаған, ал еркек болса өзінің әйелінің тобындағы әйелдердің бәрін, соның ішіндегі өзі-

¹ Некелік топтар (немесе секциялар) топтық неке ұйымының формасы болып табылады.



1. Сүйек сапқа шақпақ тастан жүз орнатқан мезолит құралдары. 2. Бумерангтар.

нің қызын да өз әйелім деп санаған. Төрт топтық неке жүйесі пайда болуымен байланысты ата-ана мен балалары арасындағы (әкесі мен қызының) және еркек жағынан саналатын нағашысы мен жиен қызы арасындағы неке жойылды. Бұл топтық некені тәртіпке келтірудің екінші қадамы болған болуы керек. Алайда неке, бұрынғыша топтық болып қала берді, әлі де болса еркектер жағынан саналатын немере аға-іні мен апа-қарындастар некелесе берді. Некенің мұндай түрі кросс-күзендік немесе тоғыспалы немерелік деп аталады. Некелік қатынасқа енетін адамдар тобының қысқара беруіндегі ендігі қадам — австриялықтардың сегіз топтық неке жүйесінен байқалатын, еркектер жағынан саналатын немере аға-іні мен апа-қарындастары арасындағы жыныс қатынастарына тыйым салу болды деп жорамалданады.

Біртұтас өндірістік коллектив болып саналатын ру тек қана экзогамиялығымен ғана емес, бұдан өзге белгілерімен де сипатталады. Мұнда коллективтік еңбек басым. Мекендердің аңшылық орнына жақын болуын өндіріс қызметі үшін (аңшылық, термешілік) белгілі бір ру территориясы болған, қоныс тұрғындарының өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншігі болған деуімізге негіз жасай аламыз. Тұрғын жайлардың айналасындағы шаруашылығымен қоса алғандағы сипаты бірлескен еңбектің нәтижесі бүкіл коллективке ортақ болғанын, оны бірлесіп пайдаланғанын көрсетеді.

Сөйтіп, ру дегеніміз — бірлескен өндірісімен, өндіріс құрал-жабдығына және тұтыну өнімдеріне деген ортақ меншігімен, экзогамиялықтығымен, туысқандықтың бір жақты есептелетіндігімен (аналық не аталық жағынан), территорияның тұтасты-

ғымен, аталуы мен діни ғұрпының, қоғам өміріндегі демократиялық тәртіптерінің бірлігімен сипатталатын, қандас туыстардан тұратын шаруашылық коллективі.

Рулық қоғам жоғарғы палеолиттің бас кезінде (ориньякте) қазіргі адамдардың дене бітімі типтес кроманьондықтарда пайда болды.

4. Мезолит пен неолиттегі аналық ру дәуірі адамдарының қол жеткен табыстары. Мұз дәуірі бітуімен адамзат тарихындағы ең ұзақ дәуір палеолит аяқталып, мезолитке көшу басталады. Мезолитте (бұдан 14—7 мың жыл бұрын) климат, өсімдік пен жануарлар дүниесі біртіндеп қазіргідей түр ала бастады. Мұздың шегіне бастауына қарай жануарлардың үлкен табындары мәселен, мамонт, үстін жүн басқан мүйізтұмсықтар кейінгі палеолит дәуірінде қуалап-тықпалап ұстаудың салдарынан құрып бітті, ал кейбір жануарлар мысалы солтүстік бұғысы сияқты аңдар климаттың өзгеруінің әсерімен мұздың шегінуіне қарай солтүстікке ауысты. Ауа райының жылына тұсуімен байланысты мұздан арылған аймақты бірте-бірте орман басты (қарағай, емен, ақ қайың, каштан, шырша т. б.), ол оңтүстіктен ашық далаға қарай қаптап кетті. Осыған орай жануарлар дүниесі де өзгерді. Ормандарды асыл бұғы, бұлан, жабайы шошқа, елік, аю, тағы басқа жануарлар мекендеді. Орман жануарлары ұсақтау, жүйрік болды, көпшілігі табын-табын болып жүрмеді. Сондықтан мұндай жануарларды бұрынғыша, бұрынғы қару-жарақпен аулауға болмайтын еді. Аңшылықтың жаңа жағдайлары лақтыратын қаруды және жетілдірілген, алып-салынбалы, сынасы бар техниканы дамытуға, жебе мен садақты ойлап табуға мәжбүр етті. Шақпақ тастан жасалған призма, пышақ, үшкір тас формалы, ұзындығы 1—2 см микролиттер (грекше *micros* — «кішкене», *litos* — «тас») деп аталған құралдар көп болды. Бұлар, негізінен, кескіш, жонғыш немесе тескіш құралдарды жасағанда ағаш және сүйек саптарға сына ретінде, сондай-ақ мезолитте ойлап табылған аңшылықтың жаңа қаруын: жебе мен садақты жабдықтау үшін қолданылды. Микролиттер құралдар мен қарулардың жүзіне пайдаланылды. Микролиттік техника прогресшіл техника еді. Микролитпен жабдықталған құранды құрал бүтіндей шақпақ тастан жасалған құралдан жеңіл болды және сапасы да одан кем түспеді. Құралды бүтіндей шақпақ тастан жасау қиын болатын және материал да көп жұмсалатын. Бұндай құралдың жүзі сынғанда қайта қалпына келтіруге болмайтын, енді сынған жүзін алып тастап, орнына басқасын қоюға мүмкін еді.

Садақ пен жебені ойлап табу адам баласының қолы жеткен зор табысы болды. Адамның қолына бұрынғы найзаға қарағанда дәлдігі мен екпіні әлдеқайда күшті, тез және алысқа атылатын қару тиді.

Мезолит дәуірі тайпасының ойлап тапқан аса құнды қаруының бірі — бумеранг. Бұл — тегіс ағаштан иіліп істелген, ораққа

ұқсаған, сыртқы қыры, ұшу ерекшелігі соған байланысты болатын көзге білінер-білінбес қисық бұранда сияқты лақтырылмалы құрал. Мергеннің қолымен лақтырылған бумеранг ауада доға тәрізді иіліп, кейде күрмелген жіптей оралып, сегіздік сияқты бұралып ұшатын болған. Мұның ұшу қашықтығы 150 м-ге дейін жеткен. Нысанаға тигенде қырлы ұштары аңдарды ауыр жаратқатайды. Бумеранг жер шарындағы көптеген тайпаларға белгілі болғанмен, негізінен австриялық тұрғындардың қаруы еді.

Мезолит дәуіріндегі техника дәрежесінің өсуі адамдардың табиғат жағдайларына байланысты әр түрлі шаруашылық қызметімен айналысуына мүмкіндік берді.

Жануарлар дүниесінің өзгеруімен байланысты қуалап ұстау аңшылығы екінші қатардағы кәсіпшілік болды. Көбінесе жеке жануарларды аулау орын алды. Жүйрік, дара жүретін жануарларды, сондай-ақ бұрын қолдан келмеген құс аулауды садақпен жебе жеңілдетті. Аңшылар қолайлы жағдай болып сәті түскенде олжаға батып жүрді. Олжаның бәрін бірден жеп бітіре алмады да, олжаның бір қатары жараланған жануар не олардың төлдері түрінде қалып қойып тұрды, осыдан келіп жануарларды қолға үйрету туралы ой туды. Ең бірінші үй хайуанаты — ит болды. Итті қолға үйрету жеңіл еді, өйткені ол адамның тағамынан шыққан сүйек-саяқ, қалдықты теріп жеп жүретін. Сөйтіп ит адам артынан өзі ерген болуы керек. Әуелі иттің етің, содан-соң оны аңшылыққа, көлік және лашық күзетшісі ретінде пайдаланды. Соныменен мезолитте хайуанаттарды қолға үйретудің алғашқы қадамы жасалды.

Жылудың түсуімен байланысты өсімдіктер дүниесінің өзгеруі термешіліктің ролін арттырды. Мезолит дәуірінің мекендерінен табылған балық сүйектері, мұнда балық аулау интенсивті дамығанын көрсетеді.

Мезолит дәуірі археологиялық және этнографиялық деректер негізінде қалпына келтірілуде. Еуропаның көп бөлігінде мезолит дәуірі азиль (алғашқы) және тарденуаз (кейінгі) археологиялық мәдениет арқылы көрінеді. Дәуірге бұлай бөлу СССР-дің Қара теңіз жағалауындағы мезолит дәуірін зерттеу үшін дұрыс келеді. СССР-дің Еуропа бөлігіндегі орманды алқаптардағы мезолит қоныстарын зерттеудің ерекшелігі өзіне тән дәуірге бөлуді айрықша талап етеді.

Мұздың кейін шегінуі, адам баласының қоныстануы кешірек болған Балтық жағалауындағы мезолит дәуіріне лингби (Даниядағы қоныс жайға байланысты аталған) мәдениеті тән. Польша территориясында свидер мәдениеті (Варшаваға таяу жердегі Свидер-Велькада) белгілі. Микролиттік техника сол сияқты Африка, Орта Азия, Үндістан, Австралиядан да табылған.

Мезолит дәуірінде палеолитке тән археологиялық мәдениеттің айқын жүйелілігі жоқ. Оның мәдениеті шектелген аймақтық сипатта ғана болып отыр.

Алғашқы мезолитке азиль мәдениеті тән. Азилдегі көптеген құралдар мадлен типінде жасалған. Бірақ сүйек құралдар сирек кездеседі. Тарденуаз мәдениетінің тұрғын жайлары қалдықтарына қарағанда, кейінгі мезолитте әсіресе кең таралғаны — жебенің ұшы, микролиттер, шақпақ тастан жасалған бұйымдар. Азиль қабаттарынан асыранды иттердің сүйектері табылған.

Польша мен Балтық жағалауы мәдениеті Батыс Европа мәдениетімен ұқсас.

Мезолит дәуірінің реликт өкілдері бушмендер (Оңтүстік Африка), урабунна (Австралия), веддалар (Цейлон), гуаяктар (Парагвай), оттыжерліктер т. б. тайпалар. Бушмендердің негізгі кәсібі ит қосып хайуанаттар мен құс аулау. Термешілік пен балық аулау қосалқы шаруашылық ретінде болды.

Мезолит дәуірінің басқа да реликт қоғамдарының шаруашылық дамуы осы дәрежеде болды. Айырмашылығы тек табиғат жағдайына қарай шаруашылық бағытының өзгеріп отырғандығында еді. Мәселен, солтүстік-шығыс оттыжерліктер дала жануарларын аулап, жеуге жарамды өсімдіктерді жинаған, ал батыс және оңтүстік-батыс тұрғындары теңіз аңдары мен құстарды аулап, моллюска жинап балық ұстаған.

Мезолит қоныстарында тұрғын жай өте сирек кездеседі, өйткені бұл лашықтар шағын, әрі жеңіл-желпі жасалған. Мезолит қоныстары ауданы жағынан палеолитке қарағанда шағын, бұлар өзен бойына, көбіне құмайт дөңдерге салынған. Мұның барлығы күрке түріндегі уақытша тұрғын жай болатын. Байкал жағалауындағы мезолит қоныстарының бірқатарларындағы күркелердің іргесі тастан қалағандығы байқалады. Бушмендер, оттыжерліктер тағы басқада мезолит дәуірінің реликт тайпалары күркені сырғауылдан жасап, төбесін жапырақпен, шөппен, ағаштың қабығымен және аңның терісімен жапқан. Мезолит дәуірінде күркемен қатар шағын жер кепелер де болған. Азиль мәдениетінің тұрғындары негізінен үңгірді, тарденуаздар мәдениетінің тұрғындары кейде шағын қуыстарды да мекен еткен.

Мезолитке аңшылардың бір қонысқа оқтын-оқтын оралып келіп тұрғандығын көрсететін көп қабаттылық (7—10 мәдениет қабаттары) тән.

Көп жерошақты қауымдық үйлердің жойылып кетуі және мезолит қоныстарының көп қабаттылығы бұл дәуір адамдарының тіршілік жағдайлары өзгеріп тұрғандығын көрсетеді. Аңшылықтың жаңа қаруының және орман жануарларын аулаудың жаңа әдісінің шығуымен байланысты бір жерде ұзақ тұру мүмкіншілігі де, үлкен бірлестіктің де қажеттігі болмай қалды. Жануарлардың жаңа түрін аулау олжа іздеп кезіп жүруге мәжбүр болған адамдардың шағын тобы арқылы жүргізілді.

Тағам іздеп кезіп жүріп адамдар мұздан босаған даланы жайлап кетті. Біршама қысқа уақыттың ішінде-ақ адамдар Балтық жағалауын, Шотландияны, Скандинавияны, Солтүстік мұз-

ды мұхиттың жағалауының бір бөлігін, Американы, Австралияны мекендеп алды.

Мезолит палеолиттен неолитке өту дәуірі — тас ғасырының ең жоғарғы және соңғы сатысы. Неолиттің жалпы хронологиясының шегін көрсету мүмкін емес, өйткені бұл дәуір әр түрлі уақытта басталып, әр түрлі уақытта аяқталды. Еуропа мен Азияда алғашқы неолит ескерткіштері б. з.ғ. дейінгі V мың жылдықта болды деп дата қойылады.

Неолиттің климаттық жағдайы, өсімдігі мен жануарлар дүниесі қазіргі замандағыға ұқсас. Неолит керамиканың (грекше *кегамос* — «саз балшық») және тасты жаңа неғұрлым жоғары техникамен өңдеудің шығуымен, табиғаттағы барды алудан шаруашылықтың өндіруші формасына көшумен сипатталады. Неолитте жетілдіріле түскен тасты өңдеудің бұрынғы тәсілдері — сындырып үшкірлеу, жару, сықпа техникасымен қатар адамдар тасты аралауды, жылтыратуды, тесуді де үйренді. Сондықтан да XIX ғасырдың археологтары неолитті тасты жылтырату дәуірі деп атады. Сүйек пен мүйізді өңдеу техникасы да алға кетті. Бұның бәрі тас пен сүйектен неғұрлым жетілген арнаулы құралдар жасауға мүмкіндік берді. Неолитте балта, сүргі, қашау, орақ, дәнүккіш келі, келісап, тас пен сүйектен істелген тесе жасалды. Найза мен жебенің ұшы бұрынғыдан гөрі жетіле түсті. Неолит қаруларының ішіндегі аса маңызды саналғаны балта еді, бұл әуелі сындырып үшкірлеу арқылы жасалып, жүзі ғана өңделсе, кейіннен бүтіндей өңделді. Балта — ағаш кесуге, бөренені өңдеуге, тұрғын жай құрылысына, аңдарды қуалап-тықпалайтын орын жасауға, қатынастың жаңа құралдарын істеуге (сал, қайық, шаңғы, шана т. б.) қолданылды.

Неолитте құрал жасауға материалдың жаңа түрі (диорит, нефрит, яшма) пайдаланыла бастады, жер қойнауынан шақпақ тас іздестірілді, өйткені бұл кезде оның жер бетіндегі қоры сарқылып қалды, немесе көптеген аймақтарда шақпақ тас жеткіліксіз болды. Шақпақ тасты кен орындарында алды, бұлар Англия, Франция, Бельгия, СССР (Гродна облысының Волковыск қаласының маңы) жерінде зерттеу жүргізілгенде анықталды. Шақпақ тас алынатын шахталардан бұғының мүйізінен жасалған қайла мен сыналар, жауырын сүйектен жасалған күректер, шырағандар табылды.

Неолит дәуірі тасты өңдеудегі жаңа техниканы меңгерумен қатар, саз балшықты күйдіріп ыдыс, керамика жасайтын тағы бір техникалық жетістікпен сипатталады. Алғашқы және кейінгі неолит қоныстарынан қыш сынықтары, әсіресе, жиі кездеседі.

Саз балшықтан ыдыс жасаудың жолдары әр түрлі болған сияқты. Қыш өнері тоқылған ыдысты балшықпен сылаудан, қалың балшықтың үстіне таңба түсіріп оймыштаудан басталуы да ықтимал. Алғашқыда созбалы немесе ленталық әдіс кеңінен қолданылған. Балшықты илеп, лента тәрізді етіп созған, содан соң спираль бағытымен формаға салып, үстінен басып-жаныш-

таған. Мұның бәрі қыш шенберінің көмегінсіз қолмен жасалған. Қолдан жасалған алғашқы неолит ыдыстары дәрекі, нашар күйдірілген, оның түбі орнықты болу үшін дөңгелек болып келген.

Балшықтан ыдыс жасауды әйелдер ойлап тапқан. Мұндай ыдысты қолдану тамақ өнімдерінің құрамын көбейтуге, тамақты даярлаудың және сақтаудың тәсілдерін жақсартуға, сұйық тамақты сақтауға мүмкіндік берді.

Балшықтан істелген ыдыстың тұрмысқа жаппай ендірілуінің алғы шарты отырықшылық болып табылады, өйткені мұндай ыдыстар тасымалдауға қолайсыз, аса ауыр еді. Қыш өнерінің дамуы, өз кезегімен отырықшылықты нығайтуға, көшпелі қоныстан деревня болып тұруға көшуге себін тигізді.

Неолитте иіру және тоқымашылық қарапайым түрде болды. Тоқымашылық өруден басталды. Этнографияда өрілген бұйымдардың алуан түрі белгілі: себет, жөке төсеніш, арқан, ау, дорба, белдік, шабата, бас киім, ыдыс тағы басқалары. Өрме тоқымашылық үшін шыбық, қыл, теріден тілінген таспа, ағаш талшықтары қолданылған. Иірудің бастамасы талшықты өру болды. Ең әуелі қолмен, содан соң ұршықпен иірілді. Кейінірек аяқпен басып жүргізілетін ұршық қолданылды.

Иірудің дамуымен тоқымашылық пен қарапайым станоктар пайда болды. Тоқудың материалы ретінде қалақайдың, жабайы конопляның талшықтары, ағаштың тарамдалған талшықты қабықтары, жүн, жабайы өсетін кенеп пайдаланылды. Жүн мен кенептен тоқылған бұйымдар неолиттің тіреулі қоныстарынан табылды.

Неолиттегі тұрғын жай төбелерінің итарқалары сырғауылдан жасалған жер кепе не жартылай жер кепе, сондай-ақ хайуанаттардың терісінен жасалған тұрғын жай, едені топырақ, керегесі шыбықтан тоқылып, балшықпен сыланған тұрғын жай, ағаш үйлер, тіреулі үйлер болып табылады, киіз үйлер де кездеседі. Тіреулі құрылыстар дегеніміз көл жағаларында, өзен жайылмаларында, теңіз шығанақтарында бағанамен тіреліп салынған жеке бір үйлер және тұтас бір поселкелер. Осы сияқты тұрғын жай құрылыстарының болғанына онша көп уақыт өткен жоқ, бұлар қазір де кейбір халықтарда кездеседі. Алғашқы тұрмыстық тіреулі үй құрылысы бірінші рет Швейцариядағы тайыздап қалған Цюрих көлінің түбінен, кейінірек Солтүстік Италиядан, Оңтүстік Германиядан, Югославиядан, Австриядан, Ирландиядан, Англиядан, Швециядан, СССР-ден табылды. Тіреулі үй құрылысынан адамзат тарихында алғаш рет кездескен ағаш мебельдер: орындық, стол, сандықтар табылды.

Неолит мәдениетінің шаруашылықтың даму дәрежесі жөнінен де, бағыты жөнінен де айырмашылығы бар. Бұл мәдениеттің мәдени-тарихи тұрғыдан алғанда жергілікті тұтастығы бар. Неолит дәуірінде аңшылық, балық аулау, термешілік жетіле түседі де, неғұрлым ұйымдасқан сипат алады. Кейбір аймақтарда

балық аулаудың өскендігі соншалық бұның өзі аңшылық кәсібінен де басымырақ болған, жабайы дәнді өсімдіктерді термешіліктен қарапайым егіншілікке көшу басталды, жануарларды қолға үйрету одан әрі жүре береді.

Еңбек құралын жасаудың дамуы мен өндірістік тәжірибенің молаюы шаруашылықтың неғұрлым жоғарғы формасы ретіндегі алғашқы мал шаруашылығы мен егіншілікке өтуге мүмкіндік берді. Шаруашылықтың бұл салалары бұрынғы табиғаттағы барды пайдаланудан өзгеше, өндіруші шаруашылық болып табылады.

Мал шаруашылығымен айналысу аңшылықтан келіп туды, адамдар көптеген мың жылдар аулап келген жануарларды әуелі қолға үйретіп, кейіннен оларды өсірумен айналысудың нәтижесінде пайда болды. Жануарларды қолға үйрету, үй жануарына айналдыру жер шарының әр түкпірінде, әр дәуірде, әр түрлі жағдайда жүргізілді. Үй жануарына айналған жануарлардың өсіп-өнуі еркін далада болмағандықтан, олардың жаңа тұқымдары шықты. Жануарларды қолға үйрету ұзақ жылға созылған қиын процесс болды. Жер бетінде жануарлардың 140 мың түрлері бар екенін білеміз, бірақ, оның 47-сі ғана үй жануарына айналған.

Жануарларды қолға үйрету мезолит дәуірінде басталды. Иттен кейін, іле-шала шошқа, қой, ешкі қолға үйретілді. Мүйізді ірі қара ұсақ малдан кейін үй жануарына айналдырылды. Жылқы — үй жануарларының ішіндегі ең кейін үйретілгені.

Үй жануарлары күш көлік үшін пайдаланылды және адамға ет, сүйек, май, тері, жүн, сүт берді. Алғашқыда адам жануарды еті үшін ғана өсірген, содан кейін жүнін, ақырында барып сүтін пайдаланды.

Егіншілік жоғары ұйымдасқан термешіліктен барып пайда болды. Термешіліктің барысында өсімдіктің өсуі мен пісіп жетілу жағдайларын бақылай отырып, адамдарды дәнді және жеуге жарамды түйнектерді қопсытылған жерге себуге не отырғызуға мүмкін екендігі жөнінде қорытындыға келтірді.

Егіншілікті ойлап тапқан әйелдер. Кейбір зерттеушілер егіншіліктің бастамасын кейінгі мезолитке жатқызады, олар натуф мәдениетінен (бұл атау Иерусалимнен 30 км солтүстік батыстағы — Вади-эн-Натуф деген жердің атымен аталған, мұның датасы б. э. дейінгі IX—VIII мың жылдық) егіншілік элементтерін тапқан. Осы жерден және басқа аймақтардан табылған тас сынқшаларынан жүзі жасалған сүйек тұтқалар, шот, тас келі мен келсаптар жабайы өскен дәнді жинау және өңдеуге арналған болуы мүмкін, Солтүстік Американың көл жағалауындағы үндістерде де осылайша болған екен. Натуфтіктер аңшылықты, балық аулауды, термешілікті кәсіп еткен, бұлар өте күшті дамыған болуы керек.

Қарапайым егіншіліктің дамуы туралы айқын деректер бір аймақтарда алғашқы, екінші бір аймақтарда дамыған неолит дәуіріне жатады.

Алғашқы егіншілік тар шеңберде дамыды. Бір немесе екі дақылды өсіру үшін шағын жер учаскесі өңделді. Құрал өте қарапайым болғандықтан егіншілік тек неғұрлым қолайлы аймақтарда ғана дами алатын еді. Осындай аймақтар Тигр, Евфрат, Нил, Үнді, Хуанхэ өзендерінің аңғарлары болып табылады, бұл жерлер өзен тасыған кезде суарылып қана қоймай сонымен қатар тұнба арқылы топырағы өңделіп те отырған. Кейінгі егіншілік орманды алқаптарда, егістік жерлер мен топырақ аңызактан сақталатын жерлерде дами бастады. Кіші-гірім ағаштар мен бұталар тас балтамен шабылып, сонан кейін бұлар өртелді, оның күлі тыңайтқыш ретінде қалып қойды. Топырақтың тозуына, арамшөптің басып кетуіне орай бұрынғы жер қалдырылып, жаңа жер игеріліп отырылған. Егіншіліктің осындай түрін кима-өртеу системасы деп атайды.

Тазартылған және егіс себілген жер учаскелерін тағы аңдардан қорғау үшін қоршауға алған. Бұрын термешілдік кезінде пайдаланылған жер қазатын үшкір таяқ ең ежелгі егіншілік құралы болды. Кейінірек ұшы жалпақ таяқтар, осыдан келіп күрек және тесе пайда болады. Тесе неғұрлым жетілген және көп қолданылатын құрал болып табылады. Сондықтан да алғашқы егіншілік теселі егіншілік деп аталады. Алғашқы тесе бір шетінде, қосалқы бұтағы бар таяқ болады. Одан кейін тұтқаға үшкір тас бекітіп, оның жүзін сүйек пен мүйізден жасады. Неолитте кептірілген дәнді дән үккіштің көмегімен ұнға айналдырған.

Алғашқыда адамдар жабайы түрінде тұрған жерінде өсіп, көбейіп кететін пайдалы өсімдіктерді екті. Мәселен күріш отаны — Үндіқытай, жүгері (маис), картофель, күнбағар, темекі, асқабақ елі — Америка, арпа — Алдыңғы Азия мен Аравия, бидай — Азия, Солтүстік Африка мен Европа, капуста — Оңтүстік және Батыс Европа, шай — Қытай, кофе — Абиссиния, Какао елі — Орталық Америка т. б. болды. Дәнді дақылдардың ең көне түрі — тары, арпа, бидай, күріш болып табылады. Қара бидай мен сұлы — кейін табылған дәнді дақыл. Қара бидай Кавказ бен Каспий теізінің оңтүстігіндегі елдерде пайда болды. Тары мен сұлының алғаш шыққан жері белгісіз. Тарының қалдығы Швейцарияның неолит дәуіріндегі тіреулі үйлері бар мекендерінен табылды. Адамзаттың пайдаланып отырған барлық мәдени өсімдіктері алғашқы тұрмыстық адамдар терген көптеген жабайы өсімдіктерінен іріктеліп алынған. Археологиялық деректерге қарағанда дәнді дақылдардың басым көпшілігі неолит дәуірінде белгілі болған. Мәдени өсімдіктер бүкіл дүние жүзіне алмасу ретімен тарап кеткен.

Мал бағушылық пен егіншілік адамның аса ірі өндірістік жеңісі болды. Термешілік пен аңшылық көмегімен адам табиғаттың дайын өнімін ғана игерген болса, мал өсірумен және егіншілікпен айналысқаннан кейін ол өзін неғұрлым әр түрлі, ең бастысы өне бойы тамақпен қамтамасыз ете алатын өнімді

жасай алды. Соның арқасында ет, дән, өсімдік тамырларының қоры жиналды. Егіншілікпен айналысқандар отырықшылыққа айналды. Көптеген халықтарда егіншілік пен мал шаруашылығы бір уақытта дамыды. Бірақ мал бағушылар үшін егіншілік қосалқы шаруашылық болды, керісінше егіншілер үшін мал бағу да негізгі кәсіп болмады.

Неолит дәуірінде көптеген халықтарда егіншілік пен мал шаруашылығы шаруашылықтың жетекші салалары емес, қосалқы сипатта болды. Мұндағы тіршіліктің негізгі көзі бұрынғыша аңшылық, термешілік, балық аулау болып қала берді және олардың арасындағы арақатынас түрлі аймақтарда әр түрлі болып келеді.

Алғашында шаруашылықты рудың бүкіл мүшесі бірігіп жүргізді, ал кейінгі неолит дәуірінде — аналық семья немесе рудың үй қауымы жүргізді, өйткені өндіргіш күштердің және еңбек өнімділігінің артуымен шаруашылықты бүкіл ру болып жүргізу қажеттігі болмай қалды. Аналық үлкен семья ана жағынан саналатын 4—5 ұрпақтың туысқандарын (қызы, жиен, жиеншары олардан өрбігендерді) біріктірді, бұлар әрқайсысы бөлек тұрғанмен ру өмірінің ортақ тәртібіне бағынатын. Үй қауымы шаруашылығы басында кәрия әйелдер болды. Үй қауымы шаруашылығына солар басшылық етті, оны жүргізудің қоғамдық сипаты болды және сол кезеңде қажетті де маңызды болып табылды.

Семьядағы және қоғамдағы еңбек бөлінісі негізінен жаратылыстық жынысы мен жасына қарай бөлінді. Еркектер аң аулап, балық ұстады, жануарларды қолға үйретті, қажетті құралдар мен қаруларды дайындады. Әйелдер термешілікпен, теселі егіншілікпен, үйдің ішкі тіршілігімен (ас әзірлеу, киім тігу, тоқу, қарттар мен балаларды күту) айналысты.

Еркектер учаскелерді ағаштар мен бұталардан тазартып, олардың айналасын қоршады, таяқпен тың жерді қопарды. Сонан кейін барып, әйелдер мен балалар ол жерді қопсытты. Әйелдер тамыр жемістерді отырғызып, огородтарды баптады, өнімді жинады және сақтады. Жер тайпаның меншігі болып табылды. Бір тайпа мен екінші тайпаның территориясының арасы бейтарап орман алқабымен бөлінді. Тайпаның жер-суы рулар арасында, ал ру жері үй қауымдары арасында бөлінді.

Неолит дәуірінде адамдар мекендеген территория ұлғая түсті, ол осы заманғы адамдар орналасуының шебіне жақындап келді.

5. Рулық құрылыстың гүлденуі. Аналық рудың пайда болуынан бергі уақытта алғашқы тұрмыстық адамдардың қоғамдық құрылысында едәуір өзгерістер болып өтті. Кейінгі палеолитте пайда болған аналық ру өзінің жаңа, неғұрлым жоғары даму сатысына жетті. Археологиялық материал мезолит пен неолит дәуірлеріндегі қоғамдық құрылыстың сипаты жөнінде толық

мәлімет бере алмайды. Сондықтан тарихшылар этнографиялық материалға жүгінеді.

Этнографиялық деректер кейінгі мезолитте дамыған ру-тайпалық ұйымдар пайда болғанын, оның гүлденген кезі неолит дәуірінде болғанын көрсетіп беріп отыр. Мезолит дәуірінде тайпалар бірнеше руға бөлінді де, олардың арасындағы байланыстар күрделене түсті. Еңбектің табиғи бөлінісі айқындалды: еркектер аңшылықпен, әйелдер термешілікпен айналысты. Олардың қоғамдық жағдайы тең болды. Қоғам мүшелерінің жағдайындағы белгілі айырмашылық олардың жасына қарай бөлінушілігі еді, бұның алғашқы тұрмыстық адамдардың өмірінде аса зор маңызы болды.

Қоғам қарттар, ересектер және балалар болып, жасына қарай, үш топқа бөлінді. Бұл топтың әрқайсысының өз міндеті мен өз правосуы болды (еңбек ету міндеті, тамақ алуға, ру жиналысына қатысуға, некелесуге праволылығы т. б.). Мәселен балалар соғысқа қатыспады, жиналыстарда шешуші дауысқа ие болмады, ал қарттар, әдет-ғұрыпты кіршіксіз сақтаушылар, көбіне үлкен беделге ие болды, қоғамға зор ықпал жасады, бұл олардың біліміне, тәжірибесіне байланысты еді.

Ересек тобына өткенде инициация (латынша — «initiatio» — «атақ беру») жүргізілген, бұның өзі австриялықтарда бәрінен де жақсы зерттелген. Атақ беру жоралары формасы жағынан әр түрлі халықтарда бірдей болмаған және бірнеше сатыға бөлінген.

Инициация — бұл жігіттер мен қыздардың тәлімдік алатын өнегелік оқу жүйесі. Өнегелік оқудың мәні — еңбек дағдысын және ғылыми таным бастамасын беруде, рудың әдет-ғұрпы, аңыз-ертегісі, жасырын сыры, діни сенімі, өлең-биімен таныстыруда. Инициация төзімділікті сынаумен аяқталды. Мұндай сыннан көбінесе жас жігіттер өткізілді, оларды жарақаттады, алдыңғы тістерінің бірнешеуін опырды, тырнақтарын жұлды, сүндетке отырғызды, жас бұтақтан жағылған бықсыған отқа тастайтын болды. Инициациядан өткендер ру мүшелерінің ауыр еңбек өміріне араласуға әзір деп есептелді. Оларға некелесуге рұқсат етілді.

Неолитте рулар фратрияға (грекше *fratria* — «бауырластық») және тайпаларға бірікті. Алғашқы тайпа одақтары пайда болды. Фратрия — аналық рулардың бөлінуінен пайда болған туыстас рулардың бірлестігі. Қолайлы жағдайларда және некелесудің экзогамиялық тәртібі бойынша рулар тез өсіп-өрбіп кетті. Сондықтан бір ру территориясында тіршілік ету қиындай түсті. Осыдан келіп алғашқы аналық рудан кіндіктес туысқандар бөлініп шықты да, содан жаңа ру басталды. Бөлініп шыққан топ жаңа азық аймағын игерді, алайда аналық румен экономикалық байланысын үзбеді, жалпы атын, әдет-ғұрпын, тілін сақтап қалды. Аналық және қыз рулары алғашқы фратрияны құрды, бұның құрамында 4, одан да көп рулар болды. Алғашқы фратрия экзо-

гамиялық, кейінгілері — эндогамиялық болып табылды. Құрылып келе жатқан тайпа екі рудан, ал өсіп-өрбіген тайпалар төрттен сегізге дейінгі рулардан құралған. Кейінгі тайпаларда рулар сансыз көп болды. Ең қарапайым тайпалық ұйым тайпалар некелесетін екі тармаққа бөлінген, Морган «некелік топ» деп атаған австриялық ұйым болып саналады. Тайпаның некелік тармағына экзогамиялық фратрия да жатады. Тайпаның екіге бөлінуі жұптық ұйым деп аталады. Бара-бара жұптық және фратриялық қарапайым бөліністер жойылып, тайпа рулардың жұп санын да, тақ санын да біріктірген. Тайпа белгілі бір территорияны қоныстанды, өз диалектісі және мәдени-тұрмыстық тұтастығы болды.

Фратриялық бөліктегі тайпалық ұйымның дамыған формасы Солтүстік Америкадағы үндістерде (ирокездер, тлинкиттер, цимшилер, хайдтар) байқалды. Олардың фратриясы, рулар сияқты, құстың, балықтың, жануардың атауларымен аталады. Мәселен, цимшилер төрт фратрияға: қарға, шабак, бүркіт, аю болып бөлінеді. Әрбір фратрия үш тотемдік руды біріктірген. Фратриялар өз ара көмек арқылы байланысады. Экзогамия бірдей аталатын фратриялардың барлық тайпаларына ортақ болды. Мысалы тлинкиттер тайпасының қарға фратриясының еркектері хайд тайпасының аттас фратриясының әйелдеріне үйлене алмайтын болған. Соғыс шапқыншылығы кезінде аттас фратриялар құлдыққа алынбаған.

Қоғамдық ұйымының дамуы жөнінен Америка үндістері тайпалық бірлестіктерден әрі кете қоймаған. Бұлардан өзгеше бір ғана ирокез тайпаларының федерациясы болды, мұнда адамның саны 20 мыңға жеткен.

Қоғамды басқару формасы демократиялық болды. Басқарушы органдар қорғап отырған қандас туыстарды байланыстыратын туысқандық праволары тең болды, экономикалық теңдік үстем болды. Ең жоғарғы басқару органы рудың барлық ересек адамдары қатынасатын жиналыс еді: мұнда еркек пен әйел тең дауысқа ие болған. Жиналыстарда рудың басшысын, әскери басшыларды сайлаған не орнынан алған. Көсем рудың аса тәжірибелі қарт адамынан, бірақ ру басшысы әйелдің бауырлары мен балаларының ішінен сайланған. Көсемдік лауазым тұқым қуаламаған. Көсемдер аса зор билікпен пайдаланбаған, мүлік қатынасы жөнінде рулас бұқарадан ерекшеленбеген және олармен қолда барды бөлісіп отырған. Бірақ көсемнің ақылына құлақ асты, көсемдер руластарының келісімінсіз, олардың мүддесіне қайшы келетін істер жасамады, әдет-ғұрыпты қатал сақтады. Көсемдер бейбітшілік уақытта басшылық етті. Фратриялар мен тайпалардың көсемдігіне, әдетте кейбір рулардың көсемі сайланды.

Көсем кеңестің пікірімен санасты. Ру кеңесі рудың ең қарт мүшелерінен тұрды, оған үй шаруашылығын басқаратын әйелдер де енді. Фратрия мен тайпа кеңесіне ру көсемдері мен әскери

басшылар енді. Кеңесте бір ауыздан қабылданған шешім ғана қабылданды. Кеңес қанды кек мәселелерін реттеді, басқа рулардан тайпаға адам қабылдауды басқарды, жалпы тайпалық тойдуманға, ойын-сауыққа, түрлі жарыстарға дайындық жасауға басшылық етті. Тайпа кеңесі соғыс пен бейбітшілік, тайпалар арасындағы қарым-қатынас мәселесін шешіп отырды. Тайпалық кеңес тайпа мүшелерінің қатысуымен өткізіліп, олардың еркін сөйлеп, пікір айтуына мүмкіндік берді. Шешімді кеңес шығарды.

Ру тайпалық құрылыстың жоғары дамыған сатысы ирокездердің қоғамдық құрылысы болып саналады, бұларда тіпті 50 ру көсемінен бірдей өкілдікпен және өкімет билігімен пайдаланатын екі әскери басшыдан тұратын одақ советі бар тайпалар одағы пайда болады. Басқа тайпалар арасында да қажет болған жағдайда кейде уақытша одақтар құрылып, қажеті болмағанда, бұл одақтар ыдырап кетіп отырған.

Бұл органдар рудың, фратрияның, тайпаның мүшелеріне қатысы бар мәселелерді ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып дәстүрі бойынша шешкен. Бұлар халық еркінің құралы болып табылады. Бұл қоғамдық ұядан тыс нәрсенің барлығына олардың қатысы болмады. Сонымен рулық демократия туысқандық, әдет-ғұрып, ру мен тайпа шекарасы шеңберінде ғана болды. Мәселен, алғашқы тұрмыстық қоғамда олжаны бөліскен кезде әдетті сақтамаған немесе неке тәртібін бұзған адамдар қатты жазаланды. Рулық әдет-ғұрып жеке бастың мүддесіне жол бермей, оны ескі дәстүрмен шырмады. Мұның барлығы өндіргіш күштердің және еңбек өнімділігінің дамуының төмен дәрежесімен түсіндірілетін табиғатпен күрестегі қиыншылыққа байланысты болды.

Ру мен тайпа томаға-тұйық ұйымдар еді. Егер де ру ішіндегі жанжалдар руластардың жалпы жиналысында реттелсе, ал басқа бір рудың мүшесінен көрген зәбір қанды кекпен өтелді. Тайпа одан да гөрі тұйығырақ ұйым еді. Тайпа арасында соғыстың болып тұруы мұның дәлелі бола алады.

Соғыс ежелден келе жатқан жоқ. Рулық құрылыс шыққан кезде соғыс деген болмады, өйткені адамзаттың тіршілік ету жағдайы өндіріс дамуының өте төмен дәрежесімен байланысты болды. Тіршілік көзі көбінесе табиғаттағы дайын өнімді жинаумен ғана шектелді. Ешқандай қор болмады. Өндірістің төмен дәрежесінің қоныстанбаған бос жерлердің молдығымен, жеке-жеке тайпалардың арасын бөліп жатқан бейтарап территориялардың болуымен ұштасуы шаруашылықтың мүлдем тұйықтығына, оқшаулығына, халықтың белгілі бір топтарының дербестелуіне алып келді. Осы себептерден тайпалар арасында жиі қатынас болмады, демек, қарулы жанжалдың болуына негіз болмады. Халық орналасуының өсуімен байланысты жанжал тек екі жат тайпа арасында шығуы мүмкін еді. Бұндай қақты-

ғыстар, түп деректердің көрсеткеніндей, кек алу, ара-арасында, тапшылық еткен территорияны кеңейту үшін болған.

Тайпа арасындағы соғыс мекенді құртып, тұрғындарды қырумен не тұтқынға алумен тынды. Соғыста қолға түскендердің кейде етін жеді, көбінесе өлтіріп тастады, немесе өз руы жоғалтқан адамның орнын толтыру үшін балағып алды. Балағып алудың жорасы бойынша ана жағынан туыстыққа енуді білдіру үшін ру басы әйелдің кеудесіне ернін тигізу керек болды. Сонда соғыс тұтқынын құлдыққа пайдаланбады. Энгельс бұны «рулық құрылыстың ұлылығы, сонымен қатар оның тар шеңберлігі»¹ деп қарады.

Соғыс қимылдарына соғыс кезінде басқару үшін әдейі сайланып қойылған ру, тайпа, фратрия әскери басшылары басшылық етті. Әскер басшылары етіп қолынан іс келетін адамдарды сайлады.

Солтүстік Америка үндістерінде тайпа арасындағы соғыс кезінде әр ру ұрысқа өз фратриясы құрамында енді, әрбір құрам өз әскери басшысының басшылығымен ұрысқа кірді.

Рулық құрылыстың гүлденген дәуірінде семья жұп некелікке негізделді, бірақ ұзақ уақытқа дейін топтық некенің қалдықтары сақталды. Бұл қалдықтар некелескенге дейін және некеден тыс адамдар арасындағы жыныстық қатынастар, тайпа той-думан-дандары кезінде (австриялықтарда, Калифорния үндістерінде, Мадагаскарда, Батыс Африкада) болатын жыныстық қатынас еркіндігі ретінде көрінеді.

Ананың ұйғарымымен некеге отырған. Некенің экзогамиялығына байланысты ерлі-зайыптылар әр түрлі рудан болды. Ері мен әйелінің әрқайсысының өздері жасап, өздері қолданатын мүліктері өз алдарына бөлек болды. Күйеуі қару, құрал, аң мен балық ұстайтын жарақтарды иеленді. Үй аспаптарының иесі әйелі болды. Некенің бұзылуында екі жақтың талабы бірдей алынды. Балалары ананың руына жатып, анадан қалған дүниеге оның қандас туыстарымен бірдей иелік етті. Әкенің мұрагері оның өз руластары еді. Ерлі-зайыптылардың ошақ басы матрилокалдық болды (латынша «mater»—«ана», «locus»—«орын»), яғни күйеуі әйелінің семьясына келіп тұрды. Жұп некедегі семья шаруашылығын дербес жүргізбеді. Бұл семья үлкен аналық семьяның құрамына кірді, оның үй шаруашылығын ру басы болған кәрия әйел басқарды. Өзге рудан келген еркек әйел руының ішкі жұмысында онша көп роль атқара қойған жоқ. Олардың жағдайы аналық рудың гүлденген кезінде еркек пен әйелдің жағдайы бірдей болған алғашқы ру кезіндегіге қарағанда біршама төмен болды. Әйелдердің қоғамда алатын орнының жоғары болуы олардың қоғамдық өндірістегі басым роліне және үй шаруасындағы жетекші роліне байланысты еді. Осыдан барып матриархат (грек. «arche»—«өкімет») орнады.

¹ К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 159-бет.

6. Энеолит. Қола ғасыры. Екіншілік пен мал шаруашылығының дамуы. Тұңғыш қоғамдық еңбек бөлінісі. Энеолитте (латынша *aeneus* — «мыс», грекше *litos* — «тас») адамның алғаш еңбек құралдарын жасау үшін пайдаланған металды мыс еді. Адам тас іздеп жүріп, өзге металға қарағанда жер бетінде жиі кездесетін табиғи мысқа тап болған болуы керек. Әдеттен тыс «тасты» өңдеу кезінде адамдар оның жұмсақтығын байқайды. Балғамен соққанда ол жалпақ болып шығады. Оның қырлары тасқа қарағанда өткір. Өңдеудің мұндай әдісі соғу деп аталады. Бұл металды өңдеудің алғашқы әдісі еді. Кейінірек адамдар мыстың күшті жанған отта балқытынын байқады. Адамдар мыстан құрал құйып шығаруды үйренді. Балқытылған мысты алдын ала дайындалған қалыпқа құйды. Осылайша мысты өңдеудің екінші әдісі табылды. Мысты балқыту мен оны ыстық күйінде өңдеу Алдыңғы Азия мен Нил аңғарында б. э. дейінгі IV мың жылдықта, ал Европада б. э. дейінгі III мың жылдықта пайда болған.

Мыс — жұмсақ әрі баяу балқытын металл. Сондықтан бұл құрал жасалатын материал ретінде көп қолданылмады. Мыс сәндік бұйым, кішкене қанжар, пышақ, біз жасауға қолданылды. Ауыр салмақты, мықты құрал жасауға мыс жарамады. Сондықтан да ол алғашқы тұрмыстық техниканың негізі ретіндегі тасты ығыстырып шығара алмады. Мыс ғасыры деген өз алдына бөлек ғасыр жоқ. Адамдар мысты қалайымен, мырышпен, корғасынмен т. б. металдармен немесе сурьмамен қосып, қола алған кезде ғана металл тасты едәуір ығыстыра бастады. Қола едәуір қатты металл, балқу температурасы да біршама төмен — 700—1000° (қандай металдар және қандай ара қатынаста ерітіліп қорытылуына қарай). Қола тасты біржола ығыстырып шығарған жоқ. Темір табылғаннан кейін ғана тас ығыстырылды. Бірақ біртіндеп қола құрал, қару, әсемдік заттар жасайтын негізгі материалға айналды.

Қола ғасырының басталуы б. э. дейінгі III мың жылдықтың орта шеніне (Оңтүстік Иран, Месопотамия) жатады. Қола Кіші Азияда, Сирияда, Палестинада, Кипрде, Критте б. э. дейінгі III және II мың жылдықтың аралығында, Египетте, Үндістанда, Қытайда, Европада — б. э. дейінгі II мың жылдықта, ал Америкада б. э. I мың жылдығында қолданылды.

СССР территориясында қола ғасырының ескерткіштері қиыр оңтүстіктен қиыр солтүстікке дейінгі жердің бәрінде де кездеседі. Оның үстіне Кавказда сурьмалы қоланы б. э. дейінгі II мың жылдықта жергілікті кен шикізатынан алыпты, ол жерлерден сурьмалы штольнялар мен кен балқытылатын пештер табылған.

Қоланы пайдалануға көшу өндіргіш күштерді арттыруда жаңа бір белес болды. Қоладан жасалған құрал тас пен мыстан жасалған құралдан гөрі жетілген еді. Қолында қоладан жасалған құралы бар адамдар қызмет саласын кеңейтіп, олардың ең-

бегі де өнімді болды. Металл құралдарды қолдану шаруашылықтың барлық саласын, әсіресе егіншілік пен мал шаруашылығын өрістетуде үлкен роль атқарды. Қола балта егістік жердің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Азия мен Еуропаның көптеген елдерінде қола дәуірінде ағаштан жасалған жер жыртатын құрал қолданылды. Мұның түрлері топырақтың, егілетін дақылдың сипатына т. б. қарай өзгеріп отырды. Мұның бәрінің басын қосқанда плуг деп аталады. Плугтың ең ежелгі түрі соқа, бұл соңғы кезге дейін орманды алқаптарда қолданылды.

Жануарлар қолға үйретілгеннен кейін соқаға мал жегілді. Кейбір аймақтарда көлік ретінде — есек, екінші бір жерде — өгіз, кейінірек жылқы жегілді. Егіншілікке малды пайдаланған кезден бастап тырманы да қолданды. Осыған байланысты көптеген халықтар, теселі егіншіліктен (огородтық) айдамалы егіншілікке көшті. Огород дақылдары дәнді дақылдармен салыстырғанда екінші қатарда тұрды. Өнімділігі жоғары дәнді дақылды егіншілік адамдарды тұрақты азықпен қамтамасыз етіп қана қоймады, сонымен қатар, өнімнің қорын да жасады. Плугты егіншілік мал шаруашылығын одан әрі дамытуға ықпал жасады, бұған күш көліктің қажеттігі мен өнімнің бір бөлігін мал азығына пайдалану мүмкіндігі себеп болды. Тез өсіп отырған мал басын егіншілік арқылы азық қорымен қамтамасыз етуге болмағандықтан, табын иелерінің малды жайып бағуына, жартылай немесе бүтіндей көшпелілікке ауысуына, демек жыл бойы малды жайып шығуларына тура келді. Малшылар егіншілерден бөліне бастады. Олар Европа, Азия, Солтүстік-Шығыс Африка далаларына тарап орналасты.

Егіншілік пен мал өсірушілік табиғат жағдайына қарай көптеген халықтардың шаруашылық әрекетінің негізіне айналды.

Малшылардың егіншілерден бөлінуін Энгельс еңбектің алғашқы, ең ірі қоғамдық бөлінісі деп атады.¹

Тарихта еңбек бөлінісінің өзге де түрлері белгілі. Мәселен, малшылардың, балықшылардың, аңшылардың арасындағы еңбек бөлінісі. Бұған теңіз жағалауындағы және бұғы өсіруші чукчалар мысал бола алады. Теңіз жағалауындағы чукчалар бақташы тайпалар бөлінгеннен кейін балық пен теңіз жануарларын аулау кәсіпшілігімен айналысты. Эвенкілер туралы да соны айтуға болады, олардың бір бөлігі мал өсірді, екінші бір бөлегі кәсіпшілік ретіндегі аңшылықпен және балық аулаумен айналысты. Полинезияда егіншілер, балықшылар, аңшылар мен термешілер арасында еңбек бөлінісі болды.

Еңбектің алғашқы ұлы бөлінісі — өндірісті мамандандырудың, тұрақты айырбастың негізін қалады, бұның өзі өнімнің үнемі артылып қалуына және меншік пен құлдықтың шығуына алып келді.

¹ Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 21-том, 160-бет.

Буржуазияның кейбір ғалымдары товар айырбасы бастапқы дейді, бұл тарихи фактілерге қайшы келеді. Маркс көрсеткендей, айырбас өндіріс тәсілімен анықталады. Айырбас өндіріс элементтерінің бірі болып саналады. Еңбек бөлінісінсіз айырбастың болуы мүмкін емес. Товардың интенсивтілігі, таралуы, формасы өндірістің дамуы және құрылымымен анықталады. Өндірістің белгілі бір тәсілі айырбастың белгілі бір формасын тұдырады. Айырбас алғашқы еңбек бөлінісіне дейін де болған, бірақ бұл бірен-саран кездесетін құбылыс болатын, өйткені үнемі артылып қалатын өнім болмады. Кездейсоқ артылып қалған өнім айырбасталды. Тұрақты айырбас алғашқы қоғамдық еңбек бөлінісі болғанда, әрбір тайпа өз кәсібін неғұрлым қолайлы жағдайларға орай құра алған кезде пайда болды. Осымен байланысты адам еңбегінің өнімділігі артты. Маманданған мал шаруашылығы, егіншілік, тағы басқа шаруашылықтар өз тұтынуынан кейбір өнімнің үнемі артып қалуына жағдай жасады, артық өнім айырбасқа кетті. Енді әрбір адам шаруашылыққа қажеттінің бәрін дайындамады. Өзіне жетіспейтіннің бәрін өз еңбегі өнімінің артылып қалғанына айырбастап алды. Бірлесіп еңбек еткен кезде, артылып қалған өнімге ортақ меншік болып тұрғанда айырбас ру ақсақалдарының басшылығымен жүргізілді. Өндірістің дербестелуімен және жеке меншіктің шығуымен байланысты жеке айырбас та жасалды.

Лениннің ескертуі бойынша жеке меншік қауымда еңбек бөлінісі болған кезде, өндіріспен және өнімді сатумен әр адам жеке айналысқан кезде пайда болды. Жеке меншік товар өндірушілердің материалдық дербестігінің көрінісі болып табылады. Бұны қауым бақылауға алмайды.

Марксистік әдебиетте жеке меншік деп бір адамның екінші адамды қанауына, шеттетуіне мүмкіндік беретін меншікті айтады. Маркстің тұжырымдауы бойынша, «Жеке меншік қоғамдық, коллективтік меншіктің қарама-қарсы түрі. Бұл еңбек құралы мен еңбектің сырт жағдайы жеке адамдар қолында болған кезде туады»¹ Сонымен өндіріс пен айырбас жекеленуінің нәтижесінде белгілібір семьялардың қолында еңбек өнімінің артық қоры жиналды, бұл жеке меншіктің бастамасы еді. Алғашқы кезде жеке меншік жылжымалы мүлікке (еңбек құралы, азық-түлік, тұрғын-жай, мал, асыл заттар, кейіннен құлдарды айырбастау т. б.) қалыптасты. Көп уақытқа дейін жер ортақ меншік болып қала берді. Жылжымалы мүлікке жеке меншіктің болуы жерге коллективтік меншіктің болуымен қайшылыққа келтіреді. Жерге коллективтік меншік болып тұрғанда жеке меншік еркін дами алмады.

Маманданған шаруашылықтарда еңбек өнімділігі артты, адам өз тұтынуынан артық қор жинады. Дамып келе жатқан өндіріс жұмысшы күшін көп қажет етті. Осымен байланысты «әр-

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 23-том, 770—771-беттер.

бір руға, үй қауымына немесе белгілі бір семьяға келетін еңбектің әр күндік мөлшері» өсіп отырды «жаңа жұмыс күшін табу қажеттігі туды»¹. Сондықтан, бұрын өлтіріп тасталатын немесе рудың жоғалтқан адамы орнына балағып алған соғыс тұтқындарын жұмыс күші ретінде пайдаланды. Енді оларды құлға айналдырды. Олар жасап шығарғанның бәрін қожалар иеленді. Тапқа дейінгі қоғамда құлдық осылай пайда болды. Өзінің сипаты бойынша ол патриархтық еді. Құлдар негізгі өндіруші тап емес-ті. Қауымдастар құлдармен бірге еңбек етті, құлдар семья құрамында болып, жәй көмекшілер ретінде істеді. Құлдар өндірген өнім негізінен қожайынның үй-ішінің тірлігіне жұмсалды, тек кейбір бөліктері ғана товарға айналып, айырбасқа түсті. К. Маркс патриархтық құлдықты «негізінен өз тұтынуына ғана»² есептелген система деп сипаттады. Соңғы кездерде көптеген зерттеушілердің еңбектерінде жинақталған алғашқы тұрмыстық халықтар туралы орасан зор нақты материалдар патриархтық құлдық бүкіл дүние жүзіне тараған құбылыс екендігін және өз дамуында кездейсоқ, тұрмыс қажетіне байланысты құлдықтан бастап ең жоғарғы мұраға қалдыру сатысына дейін бірсыпыра кезеңдерден өткендігін көрсетіп береді. Патриархтық құлдық Европаның, Азияның, Оңтүстік және Солтүстік Американың, Африканың, Океанияның Австралияның халықтарында болғандығынан белгі бар. Этнографиялық зерттеулерге қарағанда, құлдық барлық шаруашылықтың негізінде болған: мал шаруашылығы, егіншілік, жоғары дамыған аңшылық пен балық аулау шаруашылықтарында құлдық болған. Аңшылар мен балықшыларда да құлдық болғаны этнографтарға белгілі. Теңіз аңдары мен балық аулауды кәсіп еткен жағалаудағы чукчаларда да құлдар болған. Олар Солтүстік Американың солтүстік-батыс жағалауындағы балықшыларда да болыпты. Мал шаруашылығына, әсіресе егіншілікке қарағанда балық аулауда, әсіресе аңшылықта құл ұстау онша қолайлы емес. Мал шаруашылығы мен егіншілікте құлдар еңбегін молынан пайдалануға болады және бақылау үшін де өте қолайлы. Демек, құлдықтың пайда болуы үшін шаруашылықтың белгілі бір саласы қажет емес, оның өсуінің белгілі дәрежесі қажет екен. Ең алдымен негізінен балалар мен әйелдерді құлдыққа түсірді. Әуелгі кезде күндерді көңілдес әйел ретінде ұстады да үй шаруасына пайдаланды. Бастапқы кезде құлдар қауымға тиесілі болды да, кейіннен құлды жеке иеленушілік пайда болды.

7. Матриархаттан патриархатқа көшу. Аналық рудан аталық руға көшу қоғамның экономикалық дамуына байланысты еді. Әйелдер өндірісте маңызды орын алып тұрған кезде семьялық-рулық қатынастарда матриархалдық сипат сақталып келді. Плугты пайдаланған егіншілік, мал өсіру, аңшылық кәсіпшілігі,

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 161-бет.

² К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 25-том, 368-бет.

маманданған балық шаруашылығы еркектердің үлесіне тиді. Шаруашылықтың бұл түрлері дамыған сайын еркектер өздерінің меншігінде болатын өнімінің тұрақты қорын жинады. Қолөнерінің егіншіліктен бөлінуіне байланысты әйелдер қызметінің көптеген сфералары бұрынғы үй шаруашылығынан тағы еркектердің кәсібіне — профессионал-қолөнершілер еңбегіне айналды. Оның үстіне үй шаруашылығына құл еңбегін пайдаланумен байланысты үй шаруасы құрметті қызметтен құл қызметіне айналды да әйелдердің жағдайын құл жағдайына жақындатып, төмендетіп жіберді. Үй шаруашылығында әйелдер орындайтын болмашы ғана функция қалды, басқару тұтқасын еркектер алды. Қалыптасқан экономикалық қатынастарға байланысты әйелдер мен еркектердің жағдайы да өзгерді. Қоғамдық өндірісте басты роль атқарған әйел, енді оны жоғалтып, қоғамда да, семьяда да орнын еркектерге берді. Әйелдің қоғамдық ықпалы төмендеді: оны жиналыстарға, селение кеңесінің отырысына қатыстырмады. Некеге отырғанда әйел еркектер қауымына өтті. Жұбайлардың патрилокальдық (латынша *pater* — «әке», *locus* — «орын») мекені орнады. Енді еркектер рудың тұрақты ұйтқысын құрды. Олардың апа-қарындастары мен қыздары тұрмысқа шыққаннан кейін өз руынан кетіп, күйеуінің руына, семьясына қосылды. Әйелді күйеуіне жібере отырып ру ол үшін төлем — жоғалтқан жұмыс қолы үшін компенсация талап етті. Әйелді сатып алу осылайша пайда болды. Еркін неке одағы әйелдің күйеуінің еркіне толық бағынышты болатын сатып алынған некеге айналды. Әйел еркектің қауымында тұрақтап қалуы үшін левират пен сорорат ғұрпы колданылды. Левират (латынша *levir* — «қайны-қайнаға» күйеуінің бауыры») әдеті бойынша өлген інісінің не ағасының әйеліне бауыры үйленген. Сорорат (латынша *soror* — «апа-сіңлісі») әдеті бойынша әйелі өлген еркек әйелінің апасын не сіңлісін (балдызын) алған (егерде әйелі үшін төленген төлемді қайта сұрамайтын болса).

Туысқандық ата жағынан есептелген. Енді семьяның мүлкіне балалары мұрагер болды. Мұрагерліктің жаңа правосы семья басы әкенің меншігін қорғайтын правоның тікелей көрінісі болып табылады. Күйеуінің мүлкіне әйелі мұрагер бола алмады. Әйелді күйеуі сатып алғандықтан ол күйеуінің меншігі болып есептелді. Еркек семья басы болғандықтан балалары мен әйеліне толық өз өкімін жүргізді. Әйел үшін бір адаммен ғана некелесу тәртібі орнады. Ал күйеуі ерлі-зайыптылық өмірге адал болмауына да, күндермен көңілдес болуына да правосы болды. Әйел күйеуінің қызметшісіне айналды. «Оның бар айтқанына көніп, бала тапқаннан басқаны білмеді».¹ Мал өсіруші тайпалардың молаларында да ерлі-зайыпты адамдар қатар жерленгеніне қарағанда, мұнда күйеуі өлгенде, әйелін өлтіріп, бірге көмген.

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 60-бет

Еркектердің қауымда басым ықпалмен пайдалану үшін күресінің тіректі орталығы, матриархат кезінде, жыныстардың жекеленуімен байланысты пайда болған еркектер үйі болып табылады. Бұл үйлерде жыныстық жағынан жетілген және инициациядан өткен, әйел алмаған жастар тұрған. Еркектер үйі рулық қауым еркектерінің жиналатын жері болған, олар сонда өздерінің бос уақыттарын өткізген.

Матриархаттан патриархатқа көшу кезеңінде еркектер үйінен сапа жағынан жаңа әлеуметтік маңызы бар еркектер одағы келіп шықты. Бұл одақтар әйелдердің ықпалын жоюға бағытталды, әйелдерді террорлады. Еркектер одағы өз мүшелерін және меншігін қорғады, олардың қоғамдағы ықпалын қамтамасыз етті. Олардың атқарған міндетінде қоғамға билік жүргізудің кейбір нышандары байқалады. Кейіннен бұл одақтар патриархаттың қалыптасуына жағдай жасаған органнан рудың жоғарғы бай ақсақалдарының өкіметін нығайтатын органға айналды. Одаққа мүше болу оның байлығына байланысты еді. Одақ ішінде рангқа бөлінушілік болды. Одаққа кіру және сатылап ранг бойынша көтерілу байлығының мөлшеріне байланысты белгіленген. Одақ кеңесіне ең бай адамдар, демек ең ықпалды адамдар енді. Кедейлер одаққа енбеді. Одақтағы ақсақалдық орынды кім де кім бәрінен бай болса, сол алды, дүние-мүліктің қорлануына қарай билікке қол жетті. Меланезиядағы еркектердің жасырын одағының қалдықтарынан бұны айқын көруге болады.

Патриархтық қатынастардың қалыптасуы еркектердің тұқымынан құралған (ұлдары, немерелері, шөберелері балаларымен) патриархтық семьяның пайда болуымен бірге жүрді. Бұл семьяның құрамына құлдар да кірді. Тарихи әдебиетте патриархтық семьяны үй-ішілік немесе семьялық қауым деп атайды.

Семьялық қауым қоғамның экономикалық ұясы болды. Семья рудың жерінде шаруашылықты бірлесіп жүргізді. Семьяның барлық тіршілігін ақсақал басқарды. Ол өзінің қызметінде семьялық қауымның барлық ересек мүшелерімен кеңесіп отырды. Семьялық қауымның мүшелері бір үйде тұрды, бір қазаннан тамақтанды, бірігіп жұмыс істеп, мүлікті бірдей иеленді.

Тармақталып өсіп кеткен үлкен семьяның үй шаруашылығын бірлесіп жүргізу қиынға түскен уақытта семьялық қауым екіге бөлінді. Әрбір бөлік уақыт өткен сайын жаңа патриархтық семья құрды, бұл бөлініп шыққан топ, үй шаруашылығын дербес жүргізді. Бір семьялық қауымнан бөліну нәтижесінде құрылған туыстас патриархтық семья топтары тарихта патронимия деген атауға ие болды. Патриархтық семьямен патронимияның жиынтығы патриархтық рулық қауымды құрды, оның экономикалық мәні өз мүшелерін өндіріс құралдар-жаблықтарымен, шаруашылықта өз ара көмекпен, қоғамдық ынтымақпен қамтамасыз ету болды. Патронимия мен семьяларға бөлініп бе-

рілген жердің ең жоғарғы иесі ру болды. Патриархтық рулық қауым шаруашылық ұясы болмады.

Рулық бастама адамдардың шығу тегінің бірлігіне (бір генеалогиялық кіндіктен), қонысының бірлігіне, діни ғұрыпқа қарай саналды. Рулық жалпы мәселені шешу үшін патриархтық семьялар басшыларының жиналысы шақырылды. Рулық қауымда діни әдет-ғұрып басшысы рудың дәстүрін, әдет ғұрпын сақтаушы болды.

Патриархат та матриархат сияқты универсальды саты болып табылады. Буржуазияның кейбір тарихшылары тарихи дамудың заңдылығын бұрмалап, кейбір халықтар даму жолын матриархаттан, ал енді біреулері — патриархаттан бастады деп дәлелдемек болады. Олардың айтуынша дамуды матриархаттан бастаған халықтар өз дамуында артта қалып қойған болады. Ал дамуды патриархаттан бастаған халықтар қоғамдық дамудың жоғарғы сатысына жеткен деседі. Бұлай деп тұжырымдауға негіз жоқ. Барлық халықтар да дамуын матриархаттан бастаған. Тайпалардың даму қарқыны олардың тіршілігінің ішкі де сыртқы сипаттарына байланысты болды. Матриархаттан патриархатқа көшудің негізінде өндіргіш күштердің өсуі жатады, бұл шаруашылықтың бұрынғы дамыған формасының одан әрі жетілуіне алып келді. Этнографиялық материал дамудың белгілі бір дәрежесіне жеткен кез келген шаруашылық негізінде аталық рудың қалыптасатынын көрсетіп отыр, мәселен маманданған аңшылық-балық аулау кәсіпшілігі негізінде (солтүстік Американың солтүстік-батыс жағалауындағы тайпаларда) қалыптасқан. Екіншілік пен мал шаруашылық негізінде аталық руға өтуге ең қолайлы жағдай жасалды және оның кең тарауына жол ашылды.

Патриархаттың реликт өкілдері, мысалы, теңіз аңдарын аулаумен айналысқан жағалаудағы чукчалар және бұғылы чукчалар болып табылады. Чукчалар соғыс тұтқындарынан және сатып алынғандарынан құл ұстапты, мүлік теңсіздігі де болыпты. Сол сияқты Жаңа Гвинеяның Хаген тауындағы папуастар да патриархат сатысында тұрған, бұларда суарылмалы огород шаруашылығының бастамасы, табын-табын шошқасы, ең алғашқы құлдар, ерікті адамдардың кедей мен бай болып бөлінуі болғандығы анықталып отыр. Байлары 40-қа дейін шошқа ұстаған, бірнеше әйел сатып алған.

РУЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ БІДЫРАУЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ- ТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

1. Темір ғасырының басталуы. Еңбектің екінші бөлінісі. Алғашқы тұрмыстық қоғам темір дәуірінде, әсіресе алға кетті. Өзінің алдындағы — мыс пен қолаға қарағанда темірдің аса зор артықшылығы болды. Жаңа материал қоладан әлдеқайда қатты, қақтауға төзімді, табиғатта жиі ұшырайды. Темір кендері, әсіресе сазды жердегісі, барлық жерде кездесті. Адамдар темірді пайдалануды кеш үйренді, өйткені ол өте жоғары температурада — 1530° балқиды. Сондықтан алғашқыда өте қарапайым көрікке ағаш көмірі мен руданы салып, 1100°, одан да жоғары температурада қыздырып, шлак аралас қойыртпақ — криц алды. Көмірдің жақсы жануына және температураны жоғары көтеруге қолайлы жағдай жасау үшін қол көрікпен үрлеген. Темірді өңдеудің мұндай әдісі терімен үрлеу деп аталады.

Алдыңғы Азияда табылған алғаш өңделген, балқытылған темірдің таңбалары б. э. дейінгі XIV ғасырға жатады. Темір ғасыры біздің эрамыздан 1000 жыл бұрын басталған.

Энгельс темірді «тарихта революциялық роль атқарған шикі заттың ішінен ең маңыздысы»¹ деп атаған. Темірден жасалған заттар кенінен тарап, тіпті қоладан жасалған құралды ығыстырды. Еңбек құралдарын жасау үшін темірді пайдалану, ең алдымен ауыл шаруашылық техникасына әсер етті. Металл түренді плугтар, темір балта мен күректер пайда болды. Бұлар егістік көлемін кеңейтуге және егістік үшін орман алқаптарын тазартуға мүмкіндік берді. Плугты егіншілік тез дами бастады. Көптеген халықтарда егіншілік шаруашылықтың жетекші саласына айналды. Егіншіліктің жетістіктері мал шаруашылығының дамуына ықпалын тигізбей қоймады. Мал шаруашылығы өнімдеріне айырбастау үшін егіншілік өнімін алу мүмкіншілігінің молдығы мал шаруашылығымен айланысатын тайпалардың егіншілік шаруашылығы процесін аяқтап шығуына алып келді.

Темірдің қолөнердің дамуындағы ролі де кем болған жоқ. Қолөнершінің қолында, енді, сүйекті, ағашты, теріні, түсті металды т. б. өңдеуді мүлде жақсартуға мүмкіндік беретін құрал болды. Темірді өңдейтін мамандар — ұсталар шықты. Адамдар қыштың дөңгелек қалпын жасады. Қышшылар пайда болды. Қарапайым станокты ойлап табумен байланысты тоқымашылар шықты, тоқыма өнері ерекшеленді. Темір дәуірінде қолөнер кәсіпшілігі барған сайын әр түрлі болып, маманданды, жетілдірілді. Қолөнерді өндіруші қызметтің басқа түрлерімен ұштастыру мүмкін болмай қалды. Егер бұрын еңбек құралын ауыл

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 163-бет.

шаруашылығымен айналысқан адам ғана жасаса енді қолөнершілер жеке бөлініп шықты. Қолөнершілік шаруашылықтың дербес саласына айналды. Соның нәтижесінде қолөнер ауыл шаруашылығынан бөлінді, яғни еңбектің қоғамдық екінші бөлінісі болып өтті. Шаруашылықтың бір саласы ретінде қолөнердің пайда болуымен байланысты товар өндірісінің алғашқы ұйтқысы пайда болды. Натуралды шаруашылық бұрынғыша басымдылық дәрежесін сақтады.

Қолөнершілер кезіп жүрмей, белгілі бір жерге орнықты. Олардың мекендерінде байлық қоры жиналды.

Шапқыншылықтан қорғану үшін мекендерін дуалмен қоршады. Мұндай мекендер бара-бара қолөнері мен сауданың орталығы болған қалаға айналды.

Товар өндірісінің шығуына байланысты өнімнің біразын айырбас үшін өндірді, айырбас кеңі түсті және өмірлік қажетке айналды. Қолөнершілер мұнысыз тіршілік ете алмаған да болар еді. Олар өз бұйымдарын ауыл шаруашылық өніміне айырбастады. Өне бойы жүргізілген айырбас товар құнының жалпы өлшемін белгілеуге, өндірушілер арасында делдалдардың пайда болуына алып келді. Ең кең тараған эквивалент (баламалы) үй малы еді. Мұның айқын дәлелі ақшаның латынша атауы — *rescua* (*rescus* — «мал»), Үндістандағы осы заманғы ақша атауы — *рупия* (ежелгі үнділерше — *гира* — «мал»). Кейбір халықтарда эквивалент есебінде сирек кездесетін қабыршақ, піл сүйегі, құс қауырсыны, какао бұршағы, металл кесектері т. б. бұйымдар жүрді. Сауда делдалдары кейіннен көпестер табын құрды. Бұл еңбектің қоғамдық үшінші бөлінісі еді. Бұл тапқа дейінгі қоғамнан таптық қоғамға өту кезеңінде пайда болып, таптық қоғамда нығайып қалыптасты. Көпестердің шығуымен теңіздің ар жағымен сауда басталды.

2. Патриархтық қауымның ыдырауы. Моногамиялық семья. Көршілес қауым. Алғашқы тұрмыстық қоғам, оның басты негізі — бірлескен еңбекті тудырған өндіргіш күштердің өте нашар дамуы, еңбек өнімділігінің төмендігі, тұтыну заттарын тең бөлушілік болып тұрғанда берік болды. Егіншілікте, қолөнерде, мал шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырған темір құралдарының кеңінен тарауы бұл негізді мүлдем өзгертті және жеке иемденудің көзі — сол кезде неғұрлым прогресшіл болған жеке өндіруге көшу үшін алғышарт жасап берді. Бұрын үлкен коллектив қана атқара алатын істі, енді жеке семья да орындайтын жағдай туды. Бірлесіп еңбек ету қажеттігі жойылды.

Жеке шаруашылықтың және жеке меншіктің тууы — жеке адамның инициативасын өсіруге, еңбек бөлінісі мен өнімділігін одан әрі дамытуға жағдай жасайтын прогресс тарихи процесс. Жеке еңбектің күш алып отырған жағдайында экономикалық жағынан мықты семьялар тумаларынан ерекшеленіп, өз руластарынан бөлініп шықты. Бұл кезде патриархтық үй қауымдары күшті өсіп кетті. Өндірістің сол кездегі жағдайында шаруашы-

лықты орталай жүргізе беру мүмкін емес еді. Патриархтық қауымдар шағын семьяларға бөлініп, шаруашылығын дербес жүргізіп, қоғамның экономикалық ұясы болды. Мұндай семьяны моногамиялық (грекше *monos* — «бір», *gamos* — «неке») семья деп атады. Жұптық неке берік болды, бұл тек еркек тарапынан ғана бұзыла алатын еді. Әйелдің бір ғана адамға тән болуы еркек ырқымен орнатылған тәртіп, өйткені бұл өз мүлкіне анық мұрагер болуы үшін қажет еді. Еркектер ерлі-зайыптыққа адал болмауға ерікті бола берді. Өз қауымынан шыққан шағын семьялар басқа жаққа қоныс аударды, кейде өзге қауымның қасынан да қоныс тепті. Сөйтіп, қандас туысқандардың коллективінің бірлігі мен территориялық тұтастығы бұзылды. Құлдық, кедей мен бай болып тұрғанда туысқандық семьяны байланыстыра алмады, олардың арасында антагонизм пайда болды. Туысқандық байланыстар көршілік, территориялық байланыстармен ауысты. Бір жерде тұратын семьялар кейбір жұмыстарды бірлесіп істеу үшін бірікті. Мәселен, ежелгі Шығыста олар бірлесіп суландыру жүйелерін салды. Осылайша адамдардың бірлестігінің жаңа формасы — көршілес қауым пайда болды. Тарихи әдебиетте бұны территориялық немесе селолық қауым деп те атайды. Селолық қауымның әр түрлі формада болғанымен барлық халықтарда да болғаны анықталған. Территориялық қауымға Маркстің тұжырымдауы бойынша дуализм тән, оның мәні мынада: бір жағынан, егістік жерге, шабындыққа, жайылымға, орманға, өзенсуға ортақ меншік болса, екінші жағынан, жерді жеке өңдеу, оның өнімін жеке иелену, малға, ауыл шаруашылық құрал-саймандарына, құлдарға, «үй және оның қосымшасы аулаға»¹ деген жеке меншік болды. Егістік жер семьяларға бөлініп берілді, уақыт-уақыт қайта бөліске түсіп тұрды. Қайта бөліс тоқталуымен байланысты үлесті жер жеке меншікке айналды. Қалған жер-су көпке дейін ортақ пайдаланылды. Селолық қауымның дуализмін ортақ меншіктен жеке меншікке көшудегі өтпелі форма ретінде түсіндіруге болады². Көршілес қауымның ыдырауы, ең әуелі егістік жерлердің, содан кейін барлық жердің шағын семья басшыларының жеке меншігіне өтуінен көрінеді. Кейбір халықтарда (мәселен, ежелгі гректерде) бұл процесс мемлекеттің құрылуына байланысты аяқталды, ал өзгелерінде, көршілес қауымдар таптық қоғамның сарқыншақтары ретінде қалып қойды, бірақ экономикалық дамудың қарқынына қарай, өндірістік қатынастың үстем сипатына қарай тарихи даму барысында өзгеріп отырды.

Суармалы егіншілікпен байланысты селолық қауым Шығыста өте тұрақты және өте ұзақ өмір сүрді, өйткені жерді суландыру жүйесін салу және оны жөндеп ұстау өне бойы бірлескен күшті талап етті. Көршілес қауым дүние жүзінің таптық қоғам құр-

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 19-том, 403-бет.

² Қараңыз: бұл да сонда, 404-бет.

ған барлық халықтарының басынан өткерген универсальды саты болып табылады. Бұл — алғашқы формацияны аяқтаушы кезең болды.

3. Әскери демократия. Рулық құрылыстың ыдырау кезеңінің саяси қондырмасын әскери демократия деп атайды. Әскери демократия дәуірінде рулық құрылыстың гүлденген кезіндегі: халық жиналысы, ақсақалдар кеңесі, көсем, әскери басшы сияқты басқару органдары сырттай қарағанда сақталып қалды, бірақ олардың сипаты өзгерді. Халық жиналысына 16-дан 60 жасқа дейінгі еркектер, яғни жауынгерлер қатысты. Жиналыстарды халыққа өзінің еркін таңған шонжарлар басқарды. Жиналыстың ұйғарымы басшының ырқына байланысты болды. Шонжардың пікіріне өз қатынасын халық айғай-шумен не қаруын жерге ұрумен ғана білдіре алды. Бұның бәрі, шонжарлар мен бай адамдардан тұратын ақсақалдар кеңесінің міндеті ұлғаюының есебінен халық жиналысының қоғам өміріндегі үлес салмағы кемігендігін көрсетеді. Көсемдер кеңеспен барлық мәселе бойынша ақылдасты. Кеңес мүшелерінің келісімінсіз ол бірде-бір маңызды мәселені шеше алмады. Ақсақалдар кеңесі мен көсем соттын міндетін атқарды. Сот халықтың қатысуымен өтті. Көсем дінн әдет-ғұрыпты да басқарды. Аса бай патриархтық семьяның басын әуелі белгілі бір мерзімге, кейін өмірінің бойына көсем етіп сайлады. Өндіріс көлемі өсуімен байланысты оны ұйымдастыру да, қоғамдық тәртіптер де күрделене түсті, қоғамдық функциялар мен жаңа әдет-ғұрыптар пайда болды, бұларды орындау үшін барған сайын білім мен тәжірибе қажет еді. Көсемде осындай қажетті тәжірибе болды. Қоғамдық міндетті орындау экономикалық жағынан пайда келтіргендіктен, қауымның басшылары білімі мен тәжірибесін өзгеден жасырып, ұлдарына ғана қалдыратын болды. Әкесі өлгеннен кейін, қауым оның міндетін ұлына тапсырды, өйткені бұл істі сол жақсырақ білді. Сөйтіп, қоғамдық лауазым, бір семьяның көлемінде мұрагерлікке айналды.

Рулық құрылыстың ыдырау дәуіріндегі қоғамды басқару ұйымын Морганнан кейін іле-шала Маркс пен Энгельс те әскери демократия деп атады, өйткені демократиялық мекемелер (халық жиналысы, ақсақалдар кеңесі, көсемді сайлау тәртібі) сақталған еді; халық жиналысы тек жауынгерлердің жиналысы болып табылды; әскери басшының билігі күшейді; соғыс және соғыс жүргізу үшін адамдарды ұйымдастыру халық өміріндегі тұрақты міндетке айналды.

Ол кезде соғыс жиі болып тұрды. Соғысты көршілерінің байлығын тонау үшін, оңай және тез баю үшін жүргізді. Соғыс адамдардың белгілі бір категориясының тұрақты кәсібіне айналды. Соғыс жиі жүргізіліп тұрғанда ерікті қауымдастардың әскери ұйымдары қалыпты құбылыс саналды, әскери көсемдердің ролі күшейіп, олардың мамандығы қоғамдағы құрметті басшылық орнын және байлыққа ие болуын қамтамасыз етті. Тайпаластардың тірлігі әскери көсемдердің соғыс ісіне шеберлігіне

байланысты болды. Олар соғыс кезінде дәстүрлі ру-тайпалық белгілері бойынша құрылған жасақтарды басқарды. Әскери басшы батыл да қайратты, өзіне адал берілген жауынгерлерден тұрақты жасақ ұстап, сол арқылы барған сайын үлкен беделге ие болды. Жасағы болған көсем әскери техниканы дамытуға, әскери ұйым ретінде тайпаның ролін көтеруге, туыстас тайпалар одағын құруға, шабуылдан қорғану мақсатымен мекендерді топырақ дуалдармен, орлармен қоршауға жағдай жасаған тонаушылық жорықтарға шығып тұрды. Соғыстар рулық құрылыстың ыдырауын, таптар мен мемлекеттің құрылу процесін жеделдетті. Әскери демократия рулық құрылыстың ыдырау кезеңін бастан кешірген барлық халықтарда болды. Әскери демократия классикалық формада Гомер қоғамында, патшалық кезеңдегі Рим тарихында, скифтер де, кельттерде, германдықтарда, нормандарда кездесті.

4. Таптардың, мемлекеттің тууы. Таптар мен мемлекеттің құрылуы жайында әр түрлі теория бар: құлдықтың өмірлік екендігі туралы, қай тапқа жататындығына қарамастан, барлық адамдардың игілігі үшін мемлекеттің құрылғандығы туралы теориялар бар. Ең көп тарағаны «озбырлық теориясы», бұның өкілдері таптар мен мемлекет жаулап алудың нәтижесінде пайда болды деседі. Жаулап алушылар үстем тапты құрып, өздері бағындырған халыққа өктемдігін жүргізу үшін мемлекет құрды-мыс деп санайды. Бұл да, жоғарыдағы айтылып кеткен теориялар да жалған. Жаулап алушылық (сыртқы фактор) ішкі әлеуметтік-экономикалық даму процесін тездетеді немесе баяулатады, бірақ таптар мен мемлекеттің құрылуы үшін негіз бола алмайды. Озбырлық құлдықтан да бұрын шықты.

Марксизм-ленинизм негізін қалаушылар таптардың пайда болуын өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің шығуымен тікелей байланыстырады. В. И. Ленин таптар арасындағы айырмашылықтың негізгі белгілері «оның қоғамдық өндірісте алатын орнына қарай, демек өндіріс құрал-жабдықтарына олардың қатынасына қарай»¹ айрылады деп көрсетті. Бір таптың екінші тапты қанауы өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікпен байланысты болады.

Еңбектің қоғамдық алғашқы ұлы бөлінісі нәтижесінде пайда болған құлдық қолөнердің егіншіліктен бөлінуімен, көпестер табының пайда болуымен байланысты нығайды. Құлдар біртіндеп өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған правосыз тапты құрды.

Өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын, сондай-ақ құлдарды иеленушілер құл иеленушілер табын құрды. Рудын, тайпаның көсемдері, әскери басшылар, абыздар, көпестер құл иеленушілер болып алды. Қолдарына байлық жиналғаннан ке-

¹ В. И. Ленин. Социалист-революционерлер қайта қозғап жүрген тұрпайы социализм мен халықшылдық. Шығармалар толық жинағы, 7-том, 47-бет, В. И. Лениннің «Ұлы бастама» деген шығармасын да қараңыз. Шығармалар, 29-том, 417-бет.

йін олар халықтан оқшауланып, ру-тайпалық шонжарларды құрды. Ру-тайпалық шонжарлар құнарлы да мол жер-суды иемденудің, сондай-ақ қауымдастар мен құлдардан қосымша өнім алудың, бағындырылған тайпалардан салық алудың есебінен байыды. Қосымша өнім шонжарлардың қолына қауымдастардың сыйы, құрбандық ретіндегі сыйы арқылы тікелей тартып алу жолымен келіп түсті. Бұлардың бәрі оларға жеңіл түсті, өйткені шонжарлар қоғамдық меншіктің иелері болып табылды. Әскери басшылар өз байлығын соғыстан түскен олжадан мол үлес алу арқылы көбейтті.

Шонжарлардың байлығы өсуімен қатар қауым ішінде мүлтік жіктелу күшейе түсті, бай адамдарға кіріптар болған кедейлер бұқарасы өсті. Осылайша бір-бірінен мүлтік қатынас жөнінен айрылатын, өндірісте алатын орындары мен қоғамдағы мүдделері әр түрлі адамдар тобы құрылып шықты.

Мұндай жағдайда басқарудың бұрынғы органдары міндетін атқара алмады. Олар құлдар мен құл иелерінің, байлар мен кедейлердің мүдделерін келістіре алмады. Жаңа органдар қажет болды, олар рулық ұйымнан тыс құрылды, бұлармен бірге мемлекет те шықты.

Сонымен мемлекет «қоғамға сырттан озбырлықпен әкелінген күш емес екен»¹. Мемлекет қоғамдағы топтардың қарама-қайшы мүдделерін келістіре алмады. Экономикалық тұрғыдан алғанда ең құдіретті және саяси тұрғыдан үстемдік жүргізуші таптың аппараты ретінде мемлекет кедейлер мен құлдардың мүддесін жаныштап отырды. «Тарихтың көрсететіні,— деді В. И. Ленин,— қай жерде, қай кезде қоғам тап-тапқа бөлінсе,— демек, адамдар жіктеліп, олардың біреулері екіншілерінің еңбегін үнемі иемдене алатын, бірі екіншісін қанайтын топтарға бөлінсе, адамдарға зорлық жасаушы ерекше аппарат болып табылатын мемлекет тек сол жерде, сол кезде ғана шыққан². Антагонистік таптары бар мемлекеттің негізгі функциясының мәні міне осында. Мемлекеттің екінші функциясы шекараны қорғау және кеңейту. Мемлекеттің негізгі белгісі — оның халықтан бөлінген жария өкімет екендігі, сондай-ақ адамдарды территориялық белгісі бойынша біріктіретіндігі. Мемлекет басында әскери басшылар болды, олар тайпа аристократиясына және жеке басының жасақтарына сүйенді. Бірқатар жерлерде көсемдердің өкіметін нығайтуға еркектердің жасырын одақтары да жәрдемдесті, олар мемлекеттің қалыптасып келе жатқан жағдайында соттық-полицейлік функцияларды атқарды. Бұл жөнінен Батыс Африкадағы жасырын одақтар айқын мысал бола алады, бұлар ол жерде патриархатты орнықтырушы тетік қана болып қоймай, қоғамның жоғарғы топтарының үстемдік ету құралы да болды. Халықты діни-сиқырлық церемониялар, әрекеттер арқылы қор-

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 169-бет.

² В. И. Ленин. Шығармалар, 29-том, 473-бет.

қытып, сондай-ақ қарсылықтың қандайын болса да күшпен басу үшін жасырын одақтар басшылардың мемлекеттік өкіметті қолдарына алуына жол ашты.

Тарихи дамудың біркелкі болмағандығынан рулық құрылыстың ыдырау және мемлекеттің пайда болу процесі ежелгі заманда да, орта ғасырларда да, жаңа заманда да орын алды. Кейбір реликт тайпалар қазірдің өзінде рулық құрылыстың әр түрлі сатысында тұр. Тұңғыш таптық қоғам б. э. дейінгі IV мың жылдықтың аяғында, энеолит дәуірінде, ежелгі Шығыста, Нил, Тигр және Эвфрат өзендерінің аңғарларындағы егіншілікпен айналысқан халықтарда пайда болды. Б. э. дейінгі III мың жылдықтың орта шенінде мемлекет Үнді аңғарында; II мың жылдықта Эгей теңізінің алқабында, Кіші Азияда, Финикияда, Оңтүстік Аравияда, Хуанхэ өзенінің аңғарында; б. э. дейінгі I мың жылдықта және б. э. I мың жылдығында Көне Дүниенің және Орталық Американың көптеген территориясында мемлекеттер қалыптасты.

V Т А Р А У

АЛҒАШҚЫ ТҰРМЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ

1. Практикалық білім. Адамның табиғатпен аса ауыр күресінің үстінде, еңбек құралдары күрделенді және жетілдіріле түсті, бұлар шоқпар мен сындырып үшкірлеген тастан бастап, садақ пен жебеге, өңдеп тегістеген балталарға, сүйектен жасалған бұйымдарға, металды пайдалануға, қарапайым станоктарды ойлап табуға дейінгі даму жолын өтті.

Қазіргі техника ең қарапайым механикалық құралдар: негізі жер қазатын таяқ пен қол шапқысы болған тетіктер мен сыналар болмаса жұмыс істей алмас еді. Адамдар табиғи үңгірлерді тұрғын жай етіп пайдаланудан бірте-бірте қолдан әр түрлі тұрғын жай салуға көшті. Тұрғын жай құрылысына материал ретінде ағаш бұтағы, оның қабығы, сырғауыл, мал терісі, киіз, үлкен жапырақтар, сабан, қант құрағы, жануарлар сүйегі, шым, ағаш, топырақ, тас, кейінірек алдымен құйып кептірілген, содан соң күйдірілген кірпіш қолданылды.

Алғашқы тұрғын жай есік-терезесіз іші бөлінбеген болды. Археологтар тұрақты тұрғын жайды от жағып жылытудың бастамасын ориньяк-солотра сатысына жатқызады. Тұрғын жайдың төбесіндегі тесік мұржа орнына да жүрген, содан жарық та түскен. Археологиялық деректерге қарағанда жасанды жарықты пайдалану мадлен дәуірінде белгілі болған. Жарық ретінде тастан істелген ыдысқа май құйып, білте малған (шырпы шамды да пайдаланған). Алғашында ешқандай мебель болмады, адамдар астарына шөп байламдарын, аң терілерін төсеп, бастарына жастықтың орнына ағаштан тіреу қойып, жерде жатты.

Төсек-сәкі мен мебель кейінірек пайда болды. Америка үндістері гамакта жатып ұйықтады.

Үй аспаптары бұтақтан, бамбуктан, қайың, кокс жаңғағы, асқабақ қабықтарынан, ағаштан, саз балшықтан, теріден жасалды. Алғашқы кезде азық-түлік сырты балшықпен сыланған, тоқылған ыдыстарда сақталды, ал тамақ ағаш астауда қыздырылған тастың көмегімен пісірілген. Тамақты дұрыстап пісіру керамиканы ойлап тапқаннан кейін ғана мүмкін болды. Тамақ ішкен кезде тостаған, тегеш, қасық, пышақ, таяқшаларды пайдаланған. Дәнді ұсату үшін дән үккіш, ағаш келі-келсап қолданылды.

Алғашқы тұрмыстық киімдердің түрлері сан алуан. Оның шығуы және өзгеруі климат жағдайларына байланысты болды. Ең алдымен киім суық аймақта пайда болды. Ерлер мен әйелдердің киімдерінің көне түріне алжапқыш, белдік, сулық киім, юбканы жатқызады. Жеңді киім мен шалбар кейін пайда болды. Киімдер табиғат жағдайына байланысты жапырақтан, теріден, өсімдік талшығынан, жүннен жасалды. Киім сүйек инемен тігілді.

Ағаштан, жөкеден, теріден, иленген теріден, киізден, жүннен жасалған аяқ киімдер өзге киімге қарағанда кейінірек және кейбір жерлерде пайда болды.

Тұрғын жайдың, киімнің, аяқ киімнің, үй аспаптарының жасалуы ағаш, ағаш қабығы, шикі терімен иленген теріні өңдейтін, тоқитын үй қолөнері дамуымен тікелей байланысты. Қатынас көліктері ретінде алғашқы кезде қайық, шана, шаңғы, кейінірек, қола ғасырында ойлап табылған дөңгелекті арбалар пайдаланылды.

Адам қызметінің барлық сферасындағы тәжірибені сақтамайынша прогрестік тарихи даму мүмкін болмас еді. Ру мен тайпаның тірнектеп жинақтаған білімін аға ұрпақ өзінен кейінгілерге қоғамдық сипатта үйрету жолымен қалдырып отырды. Балалар жас кезінен үлкендердің өндірістік ісіне тартылды. Бірақ қыздар мен ұл балалар нағыз үйренуден инициация кезінде өтті.

Адамдардың тәжірибелік дүние танымы мақал-мәтелдерде бейнеленген. Адамның табиғатпен күресінің белгілерін халық ауыз әдебиетінен (фольклордан) кездестіреміз. Аңыздар мен мифтарда, ертегілерде батырлардың ерлігі суреттеледі, кейде рудың, тайпаның шығуы, дүниенің жаралуы жайында да айтылады. Алғашқы тұрмыстық қоғамда жазу-сызу болмады, сондықтан аңыздар ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып, жатталғаны бойынша қалып отырды.

2. Ойлау мен сөйлеудің дамуы. Ойлау мен сөйлеудің дамуынсыз мәдениеттің болуы мүмкін емес. Архантроптар мен палеонтроптарда ойлаудың дамуы жөнінде буржуазиялық ғылымда ғылымға жат екі концепция тараған. Бұлардың бірінің өкілдері (эволюционист Э. Тэйлор мен Г. Спенсер ұсынған) ежелгі адамдардың ойлауы мен дене бітімі қазіргідей адамдардың ойлауының арасындағы айырмашылықты мойындамайды. Екінші

бір концепцияның өкілдері (Л. Леви-Брюль тұжырымдаған) алғашқы тұрмыстық адамдардың бәрінің ойлауы «логикаға дейінгі», яғни логика заңына бағынбайды деп санайды.

Марксизм классиктері еңбек процесімен бір уақытта дамыған ойлау мен сөздің бір-бірімен тығыз байланыста екенін көрсетіп береді. Ең ежелгі адамдардың ой-өрісі олардың еңбегінің даму дәрежесіне сай келді. Энгельс «Табиғат диалектикасында» алғашқы тұрмыстық адамдардың ойлауының ерекшеліктеріне әлденеше рет тоқтай отырып, олардың ойлауының күнделікті өмір тіршілігі жағдайларына байланысты екендігін атап көрсетті. Демек адамның ақыл-ойы, оның табиғатты өзгертуді қалай үйренгеніне қарай пропорциялы дамып отырған. «Қолдың дамуымен бірге еңбекпен бірге басталған табиғатқа үстемдік ету алға қарай аяқ басқан сайын адамның ой өрісін кеңейте түсті. Ол табиғаттағы заттардың ішінен бұрын кездестірмеген қасиеттерді үнемі жаңадан ашып отырды»¹. Ең ежелгі адам өзі құрал жасап отырған материалдың (тастардың, ағаштың) қасиетін білді, жануарлардың қылығына назар аударып, оларды аулауды үйренді, жеуге жарамды, жарамсыз жемістерді, тамырларды т. б. айыра білді. Бірақ ол кезде адамның табиғатты бағындыру жөніндегі жеңісі мардымсыз еді, демек оның ойлауы да жетілмеген болды.

Совет зерттеушілері алғашқы тұрмыстық адамдардың ойлауы мен сөйлеуінің дамуын екі сатыға бөледі. Бірінші сатыны олар архантроптармен және палеонтроптармен, екіншісін homo sapiensпен байланыстырады. Бірінші сатыда сезіп-көргенді ғана ойлау, сараланбаған сөз, екінші сатыда абстракты ойлау, анық сөз басым болғандығын советтік барлық ғалымдар мойындайды. Алайда, абстракты ойлау мен анық сөйлеудің қай уақытта шыққандығы жөнінде совет әдебиетінде бірыңғай пікір жоқ. Кейбір ғалымдар (Л. О. Резников, А. Г. Спиркин) абстракты ойлау және анық сөйлеудің бастамасы мустье дәуірінде, неандертальдықтарда пайда болды,— дейді. Екінші бір ғалымдар (В. В. Бунак, В. З. Панфилов) абстракты ойлаудың элементтері питекантроптар мен синантроптарда пайда болды деп есептейді. Кейінгі палеолитке дейін сөз сараланбаған болған, бірақ палеонтроптардың сөзі архантроптарға қарағанда едәуір дамыған еді. Неандертальдықтарда көп мағына білдіретін және белгілі бағыттағы мазмұны бар жаңа сөз-сөйлемдер шыққан. Тым ежелгі адамдарда бірі мен бірі байланыспайтын, өзгермейтін, атау ретіндегі сөздер ғана болған.

Сөйлеудің дамуы ойлаумен тығыз байланыста өтті. Жер бетінде сөйлей білмейтін бірде бір халық жоқ, сондықтан да ғалымдар адам баласының қолы жеткен ұлы табыстардың бірі болып табылатын тіл дамытуға адам қалайша жеткендігі туралы тек болжамдайды. Тілдің шығу мүмкіндігін түсіну үшін тынбас-

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 20-том, 489-бет.

тан қорек іздеп жүрген алғашқы тұрмыстық адамдардың тіршілік жағдайларын ұмытпауымыз керек. Маймыл тәріздес адамдар бірлесіп жүріп қоректерін тапқан, жауларынан қорғанған. Осындай жағдайда, еңбек процесі үстінде адамдардың бірігіп қимыл жасау үшін келісіп алуы және тәжірибе алмасуы қажет болды да, сөйлеу дамыды. Сөйлеудің дамуы үшін қажетті шарт еңбек процесінде тіке жүруді үйренумен және адамның бүкіл организмінің қалыптасуымен бірге жетілген кейбір органдардың (көмекей, өкпе, тіл т. б.) ерекше бітім құрылысы болып табылады. Адам әр түрлі дыбыс шығаратын органдарға ие болғанмен сөз құрастыруға бірден жете қоймады. Ең алғашында анық сөз болған жоқ, тек дыбыс қана шығарылды. Алғашқы кезде адамдар өзге жануарлар сияқты үздік-создық қатты дыбыс шығаратын жануарлардың барлығы дерлік мүлде қалай болса солай бір дыбыс шығарады. Біз жануарларды тіпті дыбысына қарап айырамыз және оларға бұл дыбысты шығартып тұрған себепті де аңғарамыз. Қуанғанда, қорыққанда, бір жері қатты ауырғанда адамның кеудесінен де өзінің еркінен тыс, айнала-сындағы адамдарға бауырласының қандай халге түскенін білдіретін қатты дыбыстар шыққан. Өмірдің бірдей жағдайы басқа адамдарға естіген дыбысының себебін мүлтіксіз дерлік анықтауға мүмкіндік берді. Осылайша, белгілі бір дыбысқа белгілі бір мағына берілді. Дыбыс дабылын шығара отырып, адам оған мән берді. Дыбыстық сөйлеудің қосымша элементі ым қағу, қол сермеу болды.

Адам сөзінің әуел бастан-ақ жануарлар дыбысынан айырмасы болды, адам өзінің бейімді сөйлеу органдары арқылы әр түрлі алуандаған дыбыстардың тіркесін шығарып, оларды бір тұтас дыбыстар топтарына біріктірді, бұларды біз сөз деп атаймыз.

Тіл баяу дамыды. Ол эрқашан да адамдардың тәжірибе алмасу және қатынас жасау құралы болды. Тілде адамның өне бойы қатысы бар заттар белгі берді. Жағдай әр қилы болған сайын тіл де байи түсті. Алғашқы тұрмыстық тілде бар заттан гөрі атау көп еді, өйткені әр адамның ойға байланысты руының өз дыбыс тіркесі болды. Атаулар келісіліп қойылмады. Сондықтан да тілдің алғашқы даму сатысында синонимдер өте көп болған. Алғашқы тұрмыстық сөздердің ішінде жалпы есімнен гөрі жалқы есім көп еді. Ол кезде сезімді, қатынасты, қимылды білдіретін сөздер болмады. Бұның бәрі эмоционалды түрде ыммен, үнмен қатты дыбыс шығару арқылы білдірілді. Кейінірек барып, адам өзінің сезімі мен ойын білдіру үшін тілді пайдалануға мүмкіндік тапты. Тіл толық мағынасында ойдың құралы болды. Тілсіз адамзат бүгінгі жеткен табыстарына жете алмаған болар еді. Тіл арқылы ересек адамдар өздерінің ата-бабаларынан үйренгенін кейінгі ұрпаққа үйретті, сөйтіп, тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі болашақтағы жұмысты жеңілдетті.

Ойлаумен тығыз байланысты болған тіл алғашқы мағынасыз үн шығарудан бастап әуелі рудың, содан соң тайпаның айқын сөзді тіліне дейін жетіп, дамудың ұзақ жолынан өтті. Таптық қоғамда тайпаның тілі ұлт топтарының тілімен ауысты. Капиталистік қатынастардың дамуымен ұлттық тіл пайда болды.

Неолиттің ақырында және металл ғасырының басында негізгі тілдер семьясы қалыптасты: 1) үнді-европалық (үнді, иран, славян, герман, роман, кельт тілдері); 2) түрік-монғол (Орталық Азия тайпалары мен ұлт топтарының тілі, түрік тектес тілдер, монғолдар тілі); 3) қытай-тибет (Шығыс Азия, Қытай, Тибет, Вьетнам, Бирма халықтарының тілі); 4) Семит-хамит (Солтүстік және Орталық Африка, Аравия тілдері); 5) фин-угор (венгер, финн, эстон, карель т. б. тілдері) семьялары.

3. Өнер. Қоғамдық сананың бір формасы болып табылатын өнер алғашқы тұрмыстық қоғамда пайда болды. Ол әлеуметтік қажеттіліктен туып, адамның өндіріспен байланысын бейнеледі. Бейнелеу өнерінің алғашқы көрінісін мустье дәуіріне жатқызады. Ла Феррасси мекенінен (Францияда) тас плитаға қабаттап салынған тостаған тәріздес оюлар; Джручула (Грузияда) үңгірінен табылған қос сызық жүргізілген сүйек; өзге де қоныстардан табылған минерал бояулардың қалдығы және жолақ сызықтар түскен тас сынықтары табылып отыр.

Өнердің нағыз ескерткіштері кейінгі палеолитте пайда болды да, бейнелеу өнерінің гүлденуі мадлен дәуірінде болды. Кейінгі палеолиттің бейнелеу өнері негізінен үңгірлерге салынған суреттер мен мүсіндерден көрінеді. Аңшылар көбінесе жалаңаш әйелдердің мүсінін айқындап жасады, бұл аналық рудың болғандығын көрсетсе, ал жануарлардан — мамонт, жылқы мен бұғы суреттері көбірек салынды, бұл — адамдардың шаруашылық қызметінің бағытын білдірді. Жануарлар көбінесе минерал бояулармен (қара, ақ, сары) үңгірдің қабырғаларына (көбінесе үлкендігін өз күйінде сақтап салынды) бейнеленді, сүйекке ойылған заттар болды, кішкене статуялар сиректе болса кездеседі. Адамдарды негізінен мамонттың сүйегінен, кейде тастың жұмсақ түрінен кішкене статуя арқылы суретпен бейнелеу (Франциядағы ағайынды үшеудің үңгірінде) сиректеу болды. Үңгір суреті ескерткіштері әуелі Батыс Европада табылды: Испаниядағы (Альтамир үңгірі), Франциядағы (Фон де Гом, Ласко үңгірі), кейінірек СССР-дегі (Уралдағы Капов үңгірі, 1959 ж.) үңгірлерді атауға болады. Кішкене статуялар Пиренейден Байкалға дейінгі аймақтан, мысалы, Франциядан (Брассемпуи қуысынан), Австриядан (Виллендорф қонысы), Италиядан (Гремальди қуысынан), СССР-ден (Гагарино, Костенки т. б. мекендерден) табылды. Табылған кішкене статуялардың көптігі жөнінен (50-ге жуық) Дондағы Костенки I (Воронеж түбінде) Европада бірінші орын алады.

Палеолит өнері дінмен де байланысты еді. Кейінгі палеолиттен бізге дейін жеткен өнердің көптеген ескерткіштерінің діни

әдет-ғұрып сипатында болғаны күмән туғызбайды. Бұған үңгір қабырғаларына әр түрлі найзалармен шаншып жараланған жануарлар (Испания, Франция), жануарларға ұқсатып салынған билеп жүрген адамдар суреті, денелерінде шаншылған найзаның таңбалары, айналасында адам аяқтарының толып жатқан іздері бар жануарлардың (жылқы, аю т. б.) мүсін арқылы бейнеленуі жатады. Жануарларды бейнелеу солай болар деп шамаланған аңшылық объектісін байқатады. Үңгірлердегі қару «шаншылған» аңдар және адамдардың іздері, мұнда магиялық (грекше *mageia* — «сиқыршылық») жоралардың болғандығын көрсетеді, ондағы мақсат мол олжа табуды жорамалдаса, шынында да олжа көп болады деп түсінушілік. Үңгірдің бірінің еденінен кездескен 10—16 жастағы бес баланың және ересек адамның өкшелерінің табы үңгірде өткен инициациямен байланысты болу керек.

Біздің заманымызға келіп жеткен, палеолитте болмаған, жартасқа жануарлар мен адамдардың кейпін (көлемін шағын, көпшілік қатысқан көрініс ретінде) суреттеген мезолит дәуіріндегі шартты бейнелеумен салыстырғанда кейінгі палеолит өнері жоғары реализмімен айырылады. Аңшы бұғы табынын бейнелеу үшін алдыңғы планда бұғының суретін салса, одан әрі өзге бұғылардың мүйізін ғана салған.

Неолитте өнердің бұрынғы формасымен қатар жаңа декоративтік бағыт та дамыды. Адамдар керамиканы, қаруды өрнектеп, кішкене статуяны саз балшықтан жасады. СССР-ден (Ақ теңіздің жанындағы Онего көлінің шығыс жағалауынан) неолит дәуіріндегі жар тасқа салынған бейнелер табылды.

Алғашқы тұрмыстық өнердің басты саласы — ән мен би. Алғашқы тұрмыстық би көбінесе еліктеу, еңбек қаракетін қайталау сипатында болды. Аң аулауға, жорыққа шығар алдында биленетін аңшылық және әскери билердің діни наныммен байланыстылығы байқалады. Бидің пайда болуы мадлен дәуіріне жатады. Би еңбек процесінің қимылынан туған әнмен, аспапты музыкамен тікелей байланысты. Алғашқы тұрмыстық өнердің осы екі түрінің тығыз байланыста болуының бір дәлелі көптеген тайпалар би мен әнді бірдей сөзбен айтады. Алғашқы тұрмыстық әндер ырғақты сөзден құралады. Әннің алғашқы формасы речитатив болып табылады, мелодия кейін пайда болды.

Алғашқы тұрмыстық адамдар музыкалық аспаптардың барлық түрін ойлап тапты: үрлемелі, соқпалы, ішекті аспаптар. Олардың шығуы садақпен (ішекті), мүйіз, бамбукпен (үрлемелі, соқпалы) байланысты болды. Әсіресе көп тарағаны барабан мен сылдырмақты аспаптар. Музыка ер жүрек аншылардың, жауынгерлердің ерлігін т. б. дәріптейтін билерді сүйемелдеді.

4. Алғашқы дін. Дін — жаратылыстан тыс күштердің болатындығына сенумен байланысты адамдар арасындағы қатынасты, олардың әрекетін және көзқарастар жүйесін бейнелейтін қоғамдық сана формаларының бірі. Діннің шыққан тамырлары

мен мәнін алғаш рет марксизм-ленинизм классиктері әбден айқындап берді. Олардың ілімі бойынша адамдарға үстемдік жүргізіп отырған табиғат пен қоғамдық күштердің олардың санасында фантастикалық бейнеленуі. Бұл өте ежелгі заманда, экономикалық дамудың төмен дәрежесіне байланысты адамдардың өз табиғаты мен сыртқы табиғат жөніндегі түсініктерінің күңгірт те аңғырт болғандығынан, олардың табиғатпен күрестегі әлсіздігінен пайда болды. Адам санасында теріс көзқарас материалдық тұрмыс жағдайының ықпалынан, яғни діннің әлеуметтік негізінен ғана тууы мүмкін. Діннің пайда болуы үшін, сондай-ақ адамдардың табиғаттың дүлей күшіне қарсы тұрудағы дәрменсіздігі олардың санасына ұялап, теріс түсінілуі керек болды. Демек дін адам санасы күнделікті өмірде өзі кездесіп отырған құбылыстардың себептерін түсіндіруге шамасы жеткенде ғана тууы мүмкін. Абстракты ойлау шыққанда ғана мұның болуы мүмкін. Абстракциялауға қабілеттілік — адам миының қасиеті, санасының ерекшелігі, сондай-ақ ойды шындық болмыстан бөліп қарауды В. И. Ленин діннің гносеологиялық (грекше gnosis — «білім», logos — «ілім»), яғни танымдық негізі деп атады. Дамыған абстракты ойлау тек бүгінгідей дене бітімі бар адамдарға ғана тән. Сондықтан діни түсінік қазғанда табылған ежелгі адамдарда болуы мүмкін емес. Археологтар адамзат дамуының бұл сатысындағы діни сенімнің, әдет-ғұрыптың ешқандай да белгісін ұшыратпады.

В. И. Ленин діннің психологиялық негіздеріне де, үрей, бағыныштылық, реніш сезімдеріне т. б. назар аударған. Бірақ ол бұлардың да әлеуметтік негізі бар екенін атап өтті. Діннің әлеуметтік, гносеологиялық және психологиялық тамырын Ленин диалектикалық бірлікте, өз ара байланыста болады деп қарастырды.

Буржуазияның реакциялық ғалымдары алғашқы тұрмыстық тарихты бұрмалап, дін әуел бастан-ақ болған және бір құдайға (монотеизмге, грекше, monos — «бір», «theos» — «құдай») табынған деп дәлелдеуге тырысады. Осы мақсатпен Ватиканның осы заманғы миссионерлері қазіргі артта қалған тайпалардың діни нанымдарынан бір құдайлылықты табуға тырысуда.

Совет атеистері бұларға және осыларға ұқсаған алғашқы тұрмыстық дін тарихын бұрмалаушыларға қарсы күрес жүргізіп келеді.

Неандертальдықтарда діни түсінік болған ба, жоқ па?

Діни түсініктің пайда болған уақытын жерленген адамдардың молаларына қарап айтуға болады. Неандертальдықтарда жерлеу болған. Неандертальдықтардың барлық молалары үлкен бір топ адамдардың баспанасы болған үңгірлерде болғандығы белгілі. Өлген адам таяз шұңқырда тізесі аздап бүгіліп, қырынан жатып ұйықтаған адам тәрізді жерленген. Оның үстіне топырақ пен тас тасталған. Кейбір қабірлерден қару-жарақ,

жануарлар сүйегі табылған. Бірақ, археологтардың айтуынша, бұлар көрші мәдениет қабатынан ауысқан болуы керек.

Совет ғалымдарының кейбірлеулері бұл қабірлерге қарап, неандертальдықтарда діни түсініктің алғашқы нышандары пайда бола бастады десе; енді біреулері бұларды діннен бұрынғы дәуірге жатқызады. Бұл әлі шешілмеген, даулы мәселе. Діни сенімнің кейінгі палеолит дәуірінде шыққандығы даусыз.

Дін — әлеуметтік-экономикалық қатынастардан туған идеологиялық қондырма, ол түсініктер мен әдет-ғұрыптардан (жоралардан) тұрады. Түсініктер (әуелі мифология, кейіннен догматтар) және әдет-ғұрып (діни-магиялық әрекеттердің жиынтығы) діни жүйені құрады. Бірақ мифтер мен аңыздардың бәрі бірдей діни бағытта болмайды. Діни мифтер мен аңыздарда жаратылыстан тыс күштің реалды өмір сүретіндігіне деген сенім бар. Діндегі жаратылыстан тыс күш туралы түсінік діни жоралармен байланысты.

Алғашқы дін формасының бірі тотемизм болып табылады. Тотемизм — адамдардың бір тобының сол топтың «тотемы» деп саналатын және соның атын алатын жануардың, балықтың, өсімдіктің қандай да бір түрімен жаратылыстан тыс туысқандық байланысына сену. Тотемизм — адам өзін айналадағы дүниеден бөлмеген кезінде, шаруашылық дамуының аңшылық-термешілік сатысында пайда болды. Тотемизмнің пайда болуы рулық құрылыстың шығу қарсаңына жатқызылады. Бұл кезеңде адамдардың кәсібі аңшылық болды, сондықтан рулар көбінесе жануарлардың атын алды. Тотем жануардың атын таңдап алудың материалдық себептері де болды, яғни сол жерде аңдардың қандай түрінің көптігіне байланысты еді. Мәселен Австралияда, көршілерінің территориясында болмаған кенгуру өз территориясында көп болғандығына қарап, сол жердегі адамдар тобы кенгуру атын алған. Тотемдік жануар пір тұтылды. Тотемизмнің алғашқы сатысында тотемді өлтірмеді де, етін де жемеді. Бұл қасиетті жануарларды діни әдет-ғұрып тойларында ғана сойып, етін жеген. Қазіргі діндерде осы кезге дейін кездесетін діни жүйеге айналған тыйым салу — табу осылайша пайда болды. Мысалы христиандар ораза ұстағанда мал өнімдерінен жасалған тағамдарды жемейді. Бара-бара тотемі жануардың белгілі бір органдарын ғана — жүрегін, бауырын т. б. тамаққа пайдалануға тыйым салынған. Табу рулық қауымның шаруашылық, әлеуметтік және мәдени өмірін реттеп тұрды. Табу право мен борыштың жамылғысы ғана болды. Тотемдік топтар тотем жануарларды көбейту үшін, бұларды жаппай қыруға тыйым салды. Бұлардың құрметіне думан өткізіп, адамдар тотем жануарлардың терісін жамылып, соларға еліктеді.

Тотемизмнің сарқыншақтары таяу жылдарға дейін көптеген халықтарда сақталып келді. Классикалық тотемизмнің мысалы австралиялықтардың діни болып табылады. Солтүстік Америка үндістерінің тотемистік наным толық суреттеліп жазылды.

Алғашқы тұрмыстық қоғамда тотемизммен қатар діннің анимизм (латыншы anima, animus—«рух», «жан») деген өзге де формасы болған, бұл терминді ғылымға ағылшын ғалымы Э. Тэйлор енгізген. Анимизм — бүкіл әлем жаратылыстан тыс өмір сүруші рух пен жанға толы болады деген наным.

Анимизмнің алғашқы сатысында денеден бөлек шығып кететін, дербес өмір сүретін жан туралы ерекше бір түсінік болмаған. Анимизм пайда болар кезде табиғаттың рухқа толы екендігі туралы түсінік әлі сараланбаған еді. Алғашында жан тыныспен бірдей, тіршілікті жүзеге асырушы деп саналды. Тыныс тоқтағаннан кейін, яғни жан денеден шығып кеткеннен кейін табиғи да, рухани да өмір тоқталады делінді. Кейінірек барып жанның дербес өмір сүретіні, оның ұшып жүретіндігі туралы түсінік шықты. Өлім енді адам денесінің ғана тіршілік етуінің тоқтауы деп ұйғарылды. Жан тіршілігін жалғастыра берді. Жан табиғатты мекендеген денесіз рухқа айналады. Бұларға арнап табынатын орын — фетиштерді (порт. fetiko — «жасалған») жасай бастады. Фетиштер табиғи түрде де (тас) кездесті.

«Фетишизм» ұғымын алғашқы діннің формасы ретінде XVIII ғасырдағы әдебиетке енгізген Француз ғалымы Ш. де Бросс. Фетишизм — жаратылыстан тыс қасиет таңылған жансыз материалдық затқа табыну. Сондықтан да адамдар өзін қырсықтан сақтайды деп кейбір заттарды өздерімен бірге алып жүрді.

Адамдар үнемі өздеріне түсініксіз құбылыстарды ұшырата отырып, оны рухтың әрекеті деп білген, онымен тату тұруға тырысқан, өзіне жақсы қарайтын және қайырымды жасағысы келген. Өздері тамақ жеген кезде адамдар, рухтар да бұлар сияқты тамақтанғысы келеді деп түсініп, оларды да тамақтандырған. Тағамды белгілі бір жерде, кейінірек құмыраға, табакқа құйып қалдырған. Қалдырылған тамақ құрбандық деп, онымен рухты тамақтандыру — құрбандық шалу деп аталған. Әуелі адам өз жеген тамағын құрбан еткен. Алғашқы тұрмыстық адамдар рухтың бәріне бірдей қарамаған, біреулерінен қорыққанмен, екінші біреулерінен қаймықпаған.

Алғашқы тұрмыстық адамдар кейде қуантып, кейде үрейлендіріп отырған өз сөзінің күшінде де құпия сыр бар деп ұққан... Сондықтан ол рухқа тіл қатып, сөз арқылы рухтарды өзіне көмектесуге көндірмекші болады. Рухқа бұлайша тіл қату жалбарыну деп аталды. Кейіннен осы жалбарырудан барып намаз — құдайға өтініш келіп шықты. Өмірдің барлық кездейсоқ жағдайларымен және аурулармен байланысты қажетті жалбарынуларды біле беру ондай емес еді, сондықтан бұл істің білгірлері шықты олар тәуіп, сиқыршы, арбаушы, шамандар деп аталып кетті. Шамандық Сибирь халықтары мен Америка үндістері арасында кең тараған.

Анимизм о дүниедегі өмірге сену және ата-баба рухына сыйынумен байланысты болды. Бұған дәлел алғашқы тұрмыстық адамдардың түсінігі бойынша өлген адамға о дүниеге қа-

жетті болады деген заттардың — еңбек құралдары, қару-жарак, әсемдік бұйымдар, тамақтың қалдығының молалардан табылуы болады. Өлік қан мен отты бейнелейтін қызыл түске боялды. Ең әуелі өлгендерден үрейленіп, тірі жандарды зақымдамас үшін өлікті байлап тастаған. Кейінірек өлген адамдарды руластардың арғы тегі деп санады.

Матриархат үстемдігі кезінде әйел-ананың беделі күшті болды. Патриархат тұсында ру көсемі өз бұйрықтарында өлген ата-бабаның атынан сөйлейтін болғандықтан ата-баба рухына сыйыну басым болды.

Егіншілік пен мал өсірудің дамуына байланысты табиғат күшіне табыну пайда болды. Табиғаттың дүлей күштерінен үрейленген адам оған жалбарынып, оның қаһарын қайтармақшы болды. Содан барып күнге, жерге, суға, отқа табыну туды.

Алғашқы тұрмыстық адамдарда тотемизм мен анимизмнен өзге адамның өзінің жаратылыстан тыс күшке ықпал ете алатынына негізделген әрекеті — магия да болды. Магия алғашқы тұрмыстық адамдардың өмір тіршілігінің барлық жағына да зор ықпал етті. Ол тіпті бейнелеу өнеріне де қызмет етті. Бұған кейінгі палеолиттегі найза мен гарпун шаншылған жануарлардың бейнесі дәлел бола алады. Жоғарғы палеолит адамдарының нанымдарында мұндай бейнелер аң аулауда олжалы болуға жәрдемдесетін сияқты. Мешеу қалған тайпалар мен халықтар діндерінде әлі күнге дейін сиқырлықтың қалдығы сақталып келеді. Ежелгі магиялық әрекеттер коллективтік сипат алып, өндірістік процесті елестетті. Кейінірек оны шамандар мен абыздар өз қолдарына алып, жаратылыстан тыс дүниеге ықпал ететін неғұрлым нәзік әдіске айналып, бұлардың өндіріспен байланысы көмескілене түсті. Магиялық әрекеттер пайда түсіру үшін де, сондай-ақ зиян келтіру үшін де қолданылды. Әсіресе қатерден сақтану үшін, олжа түсіру үшін (аң аулау кезінде) жиі қолданылды. Рулық құрылыстың ыдырауы кезеңінде көсемдерге табыну келіп шықты. Бара-бара көсемдерге, әр түрлі табиғат күштеріне сыйыну әрбір халықтың құдайына сыйыну жорасына айналды.

Құдайға сыйыну жорасын арнаулы адамдар — абыздар жүргізді. Алғашқы діни сенімнің барлық формалары әдет-ғұрпымен, діни тыйым салуларымен адамның сыртқы табиғи күшке тәуелділігін күшейтті, адамдарды табиғат күшіне қарсы күрестен аландатты, сонымен ғылыми танымның өсуін тоқтатты, өндіргіш күштің өсуіне кедергі болды. Адамдар діни әдет-ғұрыпты орындау үшін көп уақытын, күш-қуатын кетіріп, күнделікті реальды өмірден алыстады. Діни наным адамдардың жігерін құм етіп, санасын буалдырландырды, сөйтіп парасатқа құлақ асырмады. Маркстің дінді халықты уландыратын «апиын» деуі кездейсоқ айтылмаған-ды. Маркстің бұл нақыл сөзін В. И. Ленин дін туралы маркстік ілімнің ірге тасы деп санады. Дін — тарихи, өткінші категория. Маркстің тұжырымдауы бойынша,

«адамдардың практикалық күнделікті өміріндегі өз ара қатынасы және табиғатпен арадағы қатынасы айқын да саналы байланыстардан көрінетін болғанда»¹ дін де жойылады.

5. Ғылыми таным мен жазу-сызудың бастамасы. Еңбек процесінде адам айналадағы табиғатты байқаудың нәтижесінде білім жинақтады. Алғашқы тұрмыстық адамдардың білім дәрежесін біз этнографиялық деректерге сүйеніп қана білеміз.

Кейде саяхатшылар пайдаланған тайпаның, кейде тіпті көрші территориялардың жер бедері картасын құм үстінде, ағашқа, қабыққа, теріде сыза білген, жергілікті жермен таныс алғашқы тұрмыстық адамдардың географиялық танымы жақсы белгілі.

Ботаника, зоология жайындағы алғашқы таным аң аулау, жануарларды қолға үйрету, жеуге жарамды өсімдіктерді теру, олардың дәмін ажыратып, бұлардың емдік қасиетін ертеде-ақ байқауынан басталады.

Өсімдіктің емдік қасиетін ашудан барып алғашқы медицинада ұнтақ дәрі, улы дәрі, жараға жағатын май, т. б. дәрі-дәрмектер жасалды. Мезолиттен бастап адамның жарақаттанған аяқ-қолының басын кесіп байлап тастау белгілі болды. Сол сияқты емдеудің: сылап-сипау, қиып қан шығару, ыстық, суық компрес қою сияқты түрлері де қолданылды. Емдікке өсімдіктен жасалған дәрі-дәрмектер ғана емес, сонымен қатар жануарлардан және минерал заттардан жасалған дәрі-дәрмек те қолданылды. Қарапайым медицина тек тәжірибеге ғана сүйенді. Алғашқы тұрмыстық адамдар аурудың себебін, адам организмнің құрылысы мен қызметін білмеді. Емдеу магиямен ұштасып жатты.

Алғашқы тұрмыстық адамдардың есептеуі жаңа ғана басталып келе жатты, бар болғаны үшке, кейде беске дейін санап: $2+2+1=5$ деп қоса білді. Көптеген халықтарда бес деген сөз «қол» дегенді білдіреді. (Мәселен орыстарда «пять», «запястье» сөзімен үндес, ал римше V алақанның жайылуын білдіретін белгі).

Жазудың ең алғашқы түрі рулық құрылыстың аяқ кезінде пайда болды. Бұл пиктография (латынша *pictus* — «сызылған», грекше *γραφο* — «жазамын») деп аталды да, теріге, қабыққа, ағашқа, сүйекке, тасқа салынған шартты сурет арқылы берілді. Пиктография, әсіресе, Солтүстік Американың үндістерінде өте кеңінен тарады. Жазудың осы түрінен кейін иероглифтік жазу пайда болды. Пиктография дыбыс пен ымдау дабылдарын пайдаланды. Дыбыс дабылына барабан соғу жатады. Ымдау дабылына — күрмеп байланған жіп, ағашқа, тағы басқа заттарға салынған таңбалар, белгілі бір бағытқа қарай ағаш бұтағының иілуін көрсету — жатты.

Ойлап табылған жазудың жәрдемімен заттар, әрекеттер,

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 23-том, 90-бет.

оқиғалар туралы айтылды. Жазу ойлау мен сөйлеуді жеткізетін құрал болды. Жазу-сызуы бар тіл жазу-сызуы жоқ тілге қарағанда аз болған.

* * *

Алғашқы тұрмыстық қоғам дүние жүзінің барлық халықтарына бірдей тарихи даму процесін қамтиды. Жүздеген мың адамдар табын-табын болып, яғни топталып жүріп тірлік етті, олар да әлеуметтік қатынастар барған сайын нығая түсті. Жануарлар дүниесінен біржола бөлініп шыға қоймағанмен табын адамзат қоғамы ұйымдасуының алғашқы формасы болып табылады. Бұл — басты рольді әлеуметтік байланыстар атқарған адамдар коллективі. Табиғаттың дүлей күшімен табандылықпен күресе отырып, адам прогресс жолымен баяу жылжыды. Алғашқы тұрмыстық адамдар тас пен сүйек құралдарды жетілдіре отырып, біртіндеп өздерін қоршаған дүниені жеңіп алды, сонымен қатар өздерінің де табиғаты өзгерді. Бұдан 40 мың жыл шамасы бұрын адамзат тарихында маңызды сапалық өзгеріс болды: дене бітімі қазіргідей адамдар пайда болды, адамның жануарлар дүниесінен бөліну процесі аяқталды, негізгі үш нәсіл қалыптасты, өнер мен дін пайда болды. Табын орнына рулық қауым құрылды. Жыныстық қатынастар да үлкен өзгерістерге ұшырады: промискуитеттен топтық некенің түрлі формасына, одан соң жұптық семьяға көшу болып өтті. Рулық құрылыстың гүлденген дәуіріне шаруашылықтың өндіруші формаларының және рулық демократияның дамуы жатады.

Еңбектің металл құралының, плугты пайдаланған егіншіліктің, мал шаруашылығының және арнаулы мол өнімді балық аулау кәсібінің пайда болуымен байланысты өндіргіш күштердің одан әрі дамуы матриархаттың патриархатпен ауысуына алып келді, патриархаттың орнығуы рулық құрылыс ыдырауының бастамасы еді. Жеке меншіктің тууы, алдында өзге тайпа адамдарын (соғыс тұтқындарын), кейіннен өз тайпаластарын (борышын өтей алмағандарды) қанаудан барып құлдықтың пайда болуы да осы кезеңге жатады. Патриархаттың орнығуымен байланысты патриархтық семья (құрамында құлдар да болған) пайда болды, бұл рулық құрылыстың ыдырауы кезінде моногамиялық семьямен ауысты. Шаруашылықты жеке жүргізудің дамуымен қандас туыстар арасындағы байланыстар территориялық байланыстармен ығыстырылып шығарылды, көршілік қауым шықты, жаңадан пайда болған қоғамдық таптардың қатығысының нәтижесінде мемлекет құрылды. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың біркелкі дамымауының салдарынан алғашқы тұрмыстық қоғам жер шарының әр түрлі бөліктерінде, әр түрлі уақытта таптық қоғаммен ауысты.

Алғашқы тұрмыстық құрылыстың библиографиясы

Марксизм-ленинизм негізін салушылардың еңбектері

- Маркс К. Формы, предшествующие капиталистическому производству. К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч. т. 46, ч. I, стр. 461—508.
- Маркс К. Конспект книги Л. Г. Моргана «Древнее общество» «Архив Маркса и Энгельса», т. IX, М., 1941, стр. 1—192.
- Маркс К. Наброски ответа на письмо В. И. Засулич. К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч. т. 19, стр. 400—421.
- Энгельс Ф. Людвиг фейербах және классикалық неміс философиясының ақыры. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалар, II том, 366—411-беттер.
- Маркс К. и Энгельс Ф. Немецкая идеология. К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч. т. 3, стр. 7—544
- Ф. Энгельс. Семьяның жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалар, II том, 168—315-беттер.
- Энгельс Ф. Письмо П. Л. Лаврову. 12—17 ноября 1875 г. К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч. т. 34, стр. 133—138
- Ф. Энгельс. Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалар, II том, 73—86-беттер. стр. 486—499.
- Энгельс Ф. Вновь открытый пример группового брака. К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч., т. 22, стр. 364—367.
- Энгельс Ф. К истории первобытной семьи. К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч. т. 22 стр. 214—225.
- Энгельс Ф. Анти-Дюринг. Отдел 2. гл. 2, 3, 4. К. Маркс и Ф. Энгельс соч. т. 20, стр. 162—189.
- В. И. Ленин. Горькийге хат, 1913 ж. ноябрь. т. ж. 48-т. 230—293-беттер.
- В. И. Ленин. Мемлекет пен революция. Шығармалар, 25-том, 393—514-беттер.
- В. И. Ленин. Мемлекет туралы. Шығармалар, 29-том, 468—488-беттер.
- В. И. Ленин. Социализм және дін. Шығармалар, 10-том, 71—76-беттер.
- В. И. Ленин. Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары». Шығармалар толық жинағы, 5-том, 101—291-беттер.
- В. И. Ленин. «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» Шығармалар толық жинағы, 1-том, 129—366-беттер.
- В. И. Ленин. Социалист-революционерлер қайта қозғап жүрген тұрпайы социализм мен халықшылдық. Шығармалар толық жинағы, 7-т. 45—53-беттер.
- В. И. Ленин. Ұлы бастама. Шығармалар, 29-том, 414—427-беттер.

- Авдусин Д. А. Археология СССР. М., 1967.
- Амальрик А. С., Монгайт А. Л. Что такое археология. М., 1966.
- Арциховский А. В. Основы археологии. М., 1955.
- Борисковский П. И. Древнейшее прошлое человечества. М.—Л., 1957
«Всемирная история», 1. М., 1955.
- Герасимов М. М. Методика восстановления внешнего вида ископаемого человека по его черепу. «Материалы по четвертичному периоду СССР», вып. 2, 1950.
- Гремяцкий М. А. Как произошел человек. М., 1954.
- Дарвин Ч. Происхождение человека и половой отбор. Собр. соч., т. 5 М., 1953.
- Ефименко П. П. Первобытное общество. Киев, 1953.
- Зибер Н. И. Очерки первобытной экономической культуры. М., 1937.
- Илларионов В. Т. Введение в историографию древнейшей истории. Горький, 1960.
«Исследования и материалы по вопросам первобытных религиозных верований». «Труды Ин-та этнографии АН СССР», М., 1959.
- Косвен М. О. Матриархат. История проблемы. М.—Л., 1948.
- Косвен М. О. Очерки истории первобытной культуры. М., 1957.
- Ковалевский М. М. Очерки происхождения и развития семьи и собственности. Пер. с франц. под ред. М. О. Косвена. М.—1939.
- Левин М. Г. Проблема происхождения homo sapiens в советской антропологии. Краткие сообщения Ин-та этнографии, IXa, 1950.
- Монгайт А. Л. Археология в СССР, М., 1955.
- Морган Л. Г. Древнее общество. Пер. с англ., под ред. М. О. Косвена. Л., 1934.
- Морган Л. Г. Дома и домашняя жизнь американских туземцев. М., 1934.
- Миклухо-Маклай Н. Н. Соч., в 5-ти т. т. М.—Л., 1950—1954.
- Неструх М. Ф. Человеческие расы. М., 1958.
- Неструх М. Ф. Происхождение человека. М., 1958.
- Никольский В. К. Происхождение религии. М., 1940.
- Никольский В. К. Детство человечества. М., 1950.
- Никольский В. К. История первобытного общества. М., 1951.
«Проблемы истории первобытного общества».
«Труды Ин-та этнографии АН СССР», т. IV. М., 1960.
«Происхождение человека и древнейшее расселение человечества». «Труды Ин-та этнографии АН СССР». Новая серия, т. XVI. М., 1951.
- Семенов Ю. И. Как возникло человечество. М., 1966.
- Токарев С. А. Ранние формы религии. М., 1964.
- Францев Ю. У истоков религии и свободомыслия. М., 1959.
- Чайлд Г. У истоков европейской цивилизации. Пер. с англ., 1952.

ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС

VI ТАРАУ

КІРІСПЕ

Ежелгі Шығыс деп ежелгі заманда грек-рим дүниесінің шығыс және оңтүстік-шығыс жағына орналасқан елдердің жиынтығын айтамыз. Бұл термин шамамен және шартты түрде алынған. Ежелгі Шығыс пен антик дүниенің арасында тұрақты меже болған жоқ. Бір жағынан алғанда, шығыс халықтары кейде батысқа ішкерілеп өтіп те кетті. Мәселен, финикиялықтар Шығыс Жерорта теңізінен шығып, б. э. дейінгі II және I мың жылдық аралығында, Солтүстік Африканың едәуір бөлігін және Батыс Жерорта теңізінің аралдарын отарлап, Атлант мұхитының жағалауына дейін созылып жатқан Карфаген державасын құрды.

Екінші жағынан, гректер Кіші Азияның жағалауы мен Кипр аралының едәуір бөлегін, соның ішінде Милет, Трапезунд және Саламин қаласы (Кипрде) сияқты маңызды орталықтарды отарлады, бұны біз ежелгі Шығыс бөлімінде емес, ежелгі Греция бөлімінде әңгімелейміз.

Одан әрі, Александр Македонскийдің жорықтары салдарынан грек ықпалы Шығыстың алыс түкпіріне жайылып, Үнді жағалауына дейін жетті. Азия мен Африкада құрылған эллин мемлекеттерін Грециядан бөліп зерттеуге болмайды. Бұдан кейін де шығыс территорияларының біразы оның құрамды бөлігі ретінде Рим державасына енді.

Сонымен ежелгі Шығыс пен антик дүние шекарасы бір-біріне ішінара ауысып тұрды, олардың географиялық орнын әр дәуірде әр түрлі межелеуге тура келеді.

Шығыс туралы әңгіме жасағанда, біз Оңтүстік Азия және ішінара Солтүстік Африка елдері мен халықтары туралы деп те түсінеміз, бұлар Европамен (әсіресе неғұрлым кейінгі кезеңде), сондай-ақ Батыспен әлдеқайда кейін араласқан, ежелгі заманда біраз дербес дамыған Үндістан және Қытаймен байланысты болды. Бұл арада грек-рим дүниесінің ықпалы нашар және кездейсоқ құбылыс болды.

Дүние жүзілік тарихтағы Шығыстың алатын орнын ешқандай кемітуге болмайды. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауының бастамасы да, жеке меншіктің пайда болуы да, таптық

антагонизм де, мемлекеттік өкімет те тұнғыш Шығыста болды. Жазу-сызудың ең ежелгі жүйесі де Шығыста шықты.

Антик дүниеге Шығыс едәуір ықпал жасады, бірақ кейіннен көп жағдайда (дамудың біркелкі болмағандығынан) Шығысты басып озды. Сондықтан, дүние жүзілік тарихты оқып үйренгенде тапқа дейінгі алғашқы тұрмыстық қоғамнан бірден ежелгі Шығыс тарихына көшетіндігімізге таң қалуға болмайды.

Буржуазиялық ғылымда шығыс халықтарын, олардың тарихи ролін бағаламау, тіпті оларды менсінбей, кемсіту сияқты пиғыл жиі кездеседі.

Марксизм-ленинизм негізін қалаушылар әрбір елдің, әрбір халықтың тарихтағы алатын орны мен ролін анықтауда принципті айырмасы бар қағида ұсынды.

Жер шарындағы барлық нәсілдер мен халықтардың прогреске деген қабілеттілігін мойындай отырып, олар орын жағдайы мен уақытты да ескереді. Осыларға байланысты қандай болса да белгілібір кезеңде өз көршілерінен озып кетуі, ал екінші бір кезеңде одан қалып қоюы мүмкін.

Шешуді рольді этникалық топтардың табиғи сапасы емес, керісінше сол ұлт топтарының қолы жеткен өндіргіш күштерінің дәрежесі атқарады.

Советтік тарих ғылымы мен туысқан социалистік елдердің тарихшылары қоғам туралы маркстік-лениндік ілімнің осы принциптеріне сүйенеді. Осы көзқараспен бағдарлағанда Шығыс пен Европа халықтарының арасындағы айырмашылық айқын көрінеді.

Халықтардың барлығы да жеке меншікті де, тап күресін де, мемлекетті де көріп-білмеген алғашқы қауымдық құрылыс дамуының ұзақ жолынан өткендігіне талас жоқ.

Таптық қоғамға, ең алдымен Шығыс—территориясының басым бөлігі суы мол ірі өзен аңғарынан тұратын, тек шеткі жақтарында ғана тау жоталары мен үстірттер бар елдер көшті. Бұл жерде әлеуметтік-экономикалық, ақырында саяси форма мен мәдениеттің дамуын айқындаған өндіргіш күштер дамуының жалпы барысын тездетуге әсерін тигізген табиғат жағдайлары болды.

Ежелгі заманда шаруашылықтың өркендеуіне бүгінгі аса құнды табиғи байлықтар (таскөмір, мұнай т. б.) басты роль атқармады. Оның есесіне құнарлы жер, оны суғару мүмкіндігі және егуге қолайлы пайдалы өсімдіктердің, қолға үйретуге көнбіс жануарлардың болуының маңызы зор болды. Металдан құрал жасауға көшумен байланысты руда болуының маңызы арты.

Шығыстың негізгі елдері (Қосөзен, Египет, Үндістан, Қытай), бұлардан өзгелері де географиялық жағдайының артықшылығын ерте пайдаланды. Европа (Крит-Микен дүниесін қоспағанда) Шығыстан едәуір артта қалды. Оның есесіне дамудың біркелкі болмауына байланысты және ішінара ежелгі Шығыс

халықтарының, грек-рим дүниесінің табыстарын пайдалана отырып, өте ілгерілеп кетті. К. Маркс пен Ф. Энгельс қазіргі Европа цивилизациясының негізін қалаудағы грек-рим мәдениетінің басты ролін бұлтартпас дәлелдермен атап көрсетті.

Ең ежелгі дүниедегі таптық қоғамның сипаты қандай еді? Буржуазиялық ғылым, әдетте қоғамның бірін-бірі ауыстыратын екі формасын: феодализм мен капитализмді мойындайды. Циклизм, демек тұйық шеңбер бойынша даму деген атақ алған концепция неміс тарихшылары Эдуард Мейер мен Макс Веберден, әсіресе айқын көрінеді.

Бұл бағытты ұстаушылардың көзқарастарында айырмашылық болғандығына қарамастан, бәрі де Шығыста және Грецияда не феодализм, не капитализм болды дегісі келеді. Бұлай деп санауларына негіз етіп феодализм үшін натуралды шаруашылық, капитализм үшін ақшалы шаруашылықтың болуы деп есептейді. Олардың пікірінше құлдарды қанаудың жалдамалы жұмысшыларды қанаудан принципті айырмасы жоқ, екеуінің де экономикалық нәтижесі бірдей.

К. Маркс, Ф. Энгельс және В. И. Ленин таптық қоғамның әр түрлі типтерінің алмасуы жөнінде өзгеше түсінік береді. Олар тұңғыш элеуметтік-экономикалық таптық формация деп құл иеленушілік формацияны есептейді.

Алайда, Маркс пен Энгельс өндіріс тәсілін азиялық және антик деп бөледі, бірақ бұларды құл еңбегі басым болған қоғамның жергілікті екі варианты ретінде қарастырады. Бұл жайында Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің Америкадағы басылымының алғы сөзінде жазған.

Онда былай делінген: «Азиялық және классикалық ежелгі заманда таптық езудің басым формасы құлдық болды, яғни бұқара жерін экспроприациялаудан гөрі, олардың жеке басын иемдену басым болды».¹

В. И. Ленин бұл концепцияны тұжырымдауды бір қалыпқа келтіріп, былай деді:

«Адамзат қоғамдарының бәрінің мыңдаған жылдар бойы дамуы барлық елдердің бәрінде де бізге осы дамудың жалпы заңдылығын, дұрыстығын, дәйектілігін төмендегіше көрсетеді: ең әуелі тапсыз қоғам — бастапқы патриархтық қоғам, алғашқы қоғам болғанын көреміз, бұл қоғамда аристократтар болмаған; онан кейін — құлдыққа негізделген қоғам құл иеленушілік қоғам болғанын көреміз».²

Бұл тұжырымнан біз марксизм-ленинизм негізін салушылардың тұңғыш таптық формация — құлдықтың Европада ғана емес, Шығыста да болғанына күмән келтірмегенін көреміз. К. Маркс, Ф. Энгельс және В. И. Ленин тұңғыш таптық форма-

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 348—349-беттер.

² В. И. Ленин. Шығармалар, 29-том, 473-бет.

цияны егжей-тегжейлі талдамайды, өйткені өткен ғасырда, тіпті ХХ ғасырдың басында да Шығыстағы әлеуметтік қатынастарды зерттеу үшін түп деректер жеткіліксіз еді. Маркс, Энгельс, Ленин құлдар туралы сөз қозғағанда, мысалды көбінесе Греция мен Римнің тарихынан келтіретіндері кездейсоқ емес.

Қазіргі кезде дегенмен ежелгі Шығыстың әлеуметтік тарихынан алуан түрлі материал мол жиналды. Бұл материалдар ғылыми социализмнің негізін салушы кемеңгердің жалпы қағидаларын дәлелдеп бере ала ма?

Бұл сұрақ әлеуметтік-экономикалық формациялардың проблемаларына арналған совет ғалымдарының талқылауына бір-неше рет қойылды.

Өткен ғасырда белгісіз болған бірсыпыра ежелгі Шығыс документтері Шығыста құлдарды қанаудың болғанын дәлелдеп берді. Бұл қанаудың болғандығына ежелгі Шығыс ескерткіштерінің нұсқаларын ашып, зерттегенге дейін ғылымда үлкен роль атқарып келген деректердің авторлары көңіл қоймады, кейде оны жоққа шығарып отырды.¹

ХХ ғасырдың басында ашылған Вавилон патшасы Хаммурапидің заңдар жинағы және одан кейін табылған хет заңдары жергілікті халықты ерікті және құл деп екіге бөледі, бұл ескерткіштер белгілі болмай тұрған кезде-ақ, өткен ғасырда Маркс пен Энгельстің айтқандарының дұрыстығын дәлелдейді.

Советтің Шығыс зерттеушісі В. С. Струвенің 30—40-жылдардағы жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде Шумердің (б. э. дейінгі III мың жылдықтың аяғы) патшалық және храмдық мекендерінде құл еңбегі басым болғандығы анықталды. Совет тарихшылары И. М. Дьяконовтың, В. А. Белявскийдің, Ю. Б. Юсифовтың т. б. еңбектерінде Алдыңғы Азияның ежелгі әр түрлі елдерінде құл иеленудің едәуір ролі болғаны айтылған. Ежелгі Египеттегі құл еңбегін сипаттайтын көптеген фактілерді Ю. Я. Перепелкин түпкі деректерден алып дәлелдеді. Үндістанның алдыңғы қатарлы тарихшылары Д. Р. Чанан, Ш. А. Данге ежелгі Үндістандағы құл еңбегі туралы көптеген деректер жинады, ондағы құл иеленуге, әдетте маныз берілмей келген. Ежелгі Қытайда құл еңбегін қанаудың едәуір көлемде болғандығы Қытай тарихын зерттеуші совет ғалымдарының (Т. В. Степугина, т. б.) еңбектерінде көрсетілген.

Мұның барлығы әлеуметтік-экономикалық формациялардың жүйелі және заңды түрде ауысып тұратыны туралы маркстік-лениндік ілімді растай түседі, әрине бұның өзі мәселені айқындай түсудің қажетігін жоққа шығармайды. Алайда бұл ілімді қалай болса солай қолдана беруге болмайды.

Егер де қандай да бір нақтылы жағдайда жалпы ережеден шығып кету, кейін шегіну кездесетін болса, онда бұл ерекшелік-

¹ Мәселен, бұрын, Үндістанда құлдықтың болғандығы жоққа шығарылатын, ол енді Үндістанның жергілікті түп-деректері арқылы дәлелденіп отыр.

тер марксизм-ленинизм классиктерінің жалпы қағидасына нұқсан келтірмейді, өйткені олар уақытша регресс жағдайы болуын мүлде жоққа шығарған емес-ті. Ежелгі Шығыстың, тіпті Оңтүстік Европаның негізгі елдерінде құл иеленуші құрылыстың болғандығын жоққа шығаруға негіз жоқ (кейде кейбір совет тарихшыларынан да осындай пікірді байқауға болады).

Бұл мәселеде қателесіп кетпес үшін бірсыпыра жағдайларды анықтап алуымыз керек.

Біріншіден, құл иеленудің негізгі белгісі құлдардың ерікті адамдардан сан жағынан көп болуы деп мүлде санауға болмайды.

Ежелгі Шығыс қоғамының сипаты жайындағы айтыстарда оның қай елінде болсын құлдар санының аздығы айтылады. Бірақ оның өзі де шамамен алынған. Көптеген жағдайда тиісті статистикалық деректер табылмайды, ал жанама мәліметтерде құл еңбегінің үлес салмағы ойлағандағыдан азырақ. Сонымен қатар Маркс те, Энгельс те, Ленин де құл иеленуші қоғамда құлдар міндетті түрде басым болу керек деп еш уақыт айтпағаны естен шығарылған. Керісінше, Энгельс, тіпті он құлдың (жүз емес, мың емес, ондаған) егіс даласында, шеберханаларда болуы «қоғамдық жүйенің елеулі бөлінбес құрамы болып табылатын құлдың болғандығын көрсетеді», деп атап өтті. Оның үстіне бірде-бір әлеуметтік-экономикалық формация бірден өзіне тән белгілерді ала қоймайтыны естен шығарылып отыр. Егер де алғашқы капитализм феодализмнің көптеген элементтерін сақтап қалған болса, онда одан әлдеқайда баяу дамыған алғашқы таптық формация көптеген сарқыншақ құбылыстарды сақтап қалуға тиіс болды.

Ежелгі дүние тарихының өн бойында құлмен қатар ұсақ өндірушілер де еңбек етті. Құлдықтан басқа да қанаудың әр түрлі формалары байқалды (мысалы аренда, уақытша кіріптар ету, жалдамалы еңбек).

Алайда қанаудың бұл түрлерінің бәрі де басты болған жоқ. Деректерде бұлардың жиі кездесуі құл иелену дамуының жалпы перспективасын көлеңкелемеуге тиіс.

Ежелгі Шығыс патшалары, сондай-ақ храмдар мен бекзадалары поместьелерінде, барлық жерде құл еңбегі басым болды. Бірақ тұтас ел көлемінде алғанда ауыл шаруашылығы мен қолөнер өнімдерінің басым көпшілігін ерікті ұсақ өндірушілер жасады. Мемлекеттік кеменің рулін ұстаған құл иеленушілерден тұратын үстем тап қол астындағылардың қолымен жасалған материалдық байлықтарды иемденудің барлық мүмкіндігін кеңінен пайдаланды. Бұл қосымша табыс сан жағынан қарағанда құл еңбегінің өнімінен артық болуы мүмкін еді. Әлі де сыртқы белгілері әбден айқын білініп болмаған құл иеленуші формация дамуының алғашқы сатысы үшін бұның бәрі тән болатын. Сонымен қатар, әр мың жылдық, ал кейде жүз жылдық өткен сайын, кейбір уақытша кедергілердің болғанына кара-

мастан, өндірістегі құл еңбегінің үлес салмағының артқанын, ақыр аяғында б. э. дейінгі III мың жылдыққа қарағанда құлдардың саны б. э. дейінгі II мың жылдықта, әсіресе б. э. дейінгі мың жылдықта әлдеқайда көп болғанын ұмытпауымыз керек.

Бұл — тарихи даму процесінің біркелкі болмауынан қандай да бір елдер (Азияда, мысалы Жапония, Индонезия т. б.) дамыған құл иеленуші құрылыс дәрежесіне жетіп үлгіре алмай, құл иеленуші формацияға соқпастан, алғашқы орта ғасырларда феодалданудың жалпы процесіне енгендігін естен шығарғандық емес. Бұл жағдай жалпыға бірдей даму жолының заңдылығын тек растай түседі. Осы айтқандардың бәрін ескере келгенде Шығыстағы құл иеленушілік және оның ерекшелігі туралы мәселені біршама жеңілрек шешуге болады.

Европаға қарағанда Шығыста құл иеленуші құрылыс ертерек қалыптасқандықтан, ол өзіне тән формаға ие болды, бұның өзі марксизм классиктеріне қауымдық жер иелену тән болған азиялық өндіріс тәсілі туралы айтуға негіз болды. Бірақ К. Маркс бұл мәселеде өте сақтық жасады. Шығыста жерге жеке меншіктің болмағандығы туралы тезис ұсынып, одан кейін бұл мәселе жөнінде ескертпелер, анықтамалар келтіріп, жергілікті ерекшеліктердің, жалпы ереженің бұзылғанын атап өтті.

Қауымдық жер иелену тұтас алғанда Батысқа қарағанда Шығыстың негізгі елдерінде ұзақ сақталды, жерге жеке меншік баяу және кейінірек орнады.

Шығыста құл иеленуші құрылыстың қалыптасуының баяу жүруінен ол болған жоқ деп қорытынды шығаруға болмайды.

Маркстік-лениндік концепцияда белгіленген дамудың жалпы бағыты бұлжымастан орнында қалады. Даму жолы алғашқы тұрмыстық қоғамнан басталып құл иеленуге, содан кейін феодализмге, капитализмге келді, одан әрі социализм мен коммунизмге қарай бастап алып барады.

Жекеленген ерекшеліктер, бұлталақтар, өткеннің уақытша қайталануы (мәселен, АҚШ-тың оңтүстік штаттарында негр құлдарды қанаудың біздің эрамыздың XIX ғасырының 60-жылдарына дейін болуы) дамудың өрлеу бағытымен болатын принципіне күдік туғыза алмайды.

Әрине азиялық өндіріс тәсілі туралы мәселе аса күрделі және даулы мәселе болып табылады және бұл жайындағы талқылауды әлі аяқталды деуге болмайды. Алайда барған сайын азиялық ерекше формацияның (мұны кейде жергілікті емес, универсальды деп те тауып отыр) болмағаны анықталып келеді. Өндірістің азиялық тәсілін, барлық деректерге қарағанда, құл иеленудің қарқыны баяу жүрген құл иеленуші қоғамның шектеулі уклады ретінде түсінуге болады.

Ежелгі Шығысты оқып үйренуді жеке елдер бойынша қарастырған қолайлырақ. Бұлай оқып үйрену дамудың жалпы бағытын да, алуан түрлі болғанына қарамастан тарихи процестің заңдылықтарын өзгерте алмайтын жергілікті айырмашылықта-

рын да анықтауға мүмкіндік береді. Ірі өзен аңғарларында қалыптасқан Шығысқа тән деспотияларға (Египет, Өзен аралығы, Үндістан, Қытай, кейінірек Хорезм) негізінен баса назар аударылатын болды.

Таптық қоғам мен мемлекет кейін пайда болған тау елдерінің (Кіші Азия, Сирия, Палестина, Иран) жағдайы өзіне бөлек. Көшпелі мал шаруашылығы басым болған кең-байтақ даланы мекендеген елдердің өзіне тән жағдайы болды.

Оқиғалар мен құбылыстар бар мүмкіндігінше жүйелік тәртіппен баяндалады, дегенмен үнемі хронологияны сақтап отыру мүмкін емес.

Ежелгі Шығыста (эллин дәуіріне дейін¹) бірыңғай хронологиялық жүйе болмаған (мәселен олимпиада өткізілуіне байланысты немесе антик дүниедегі Римнің негізделуінен басталатын есеп).

Оқиға патшалардың басқарған жылдарынан басталды, немесе әр жылдың басты оқиғаға байланысты ерекше атауы болды.

Міне осының бәрі оқиғаларды бірыңғай хронологиялық жүйеге салуда орасан зор қиындық туғызды. Сондықтан да ғалымдардың әрқайсысы өз жыл санауларында әр түрлі айтып жүрді (кейде қазірде бір пікірге келмейді), сол себепті әр басылымда бір оқиғаның өзі әр түрлі датамен берілуі өкінерлік жай. Егер де саналы түрде бұрмалаушылықты қоспағанда, түпкі нұсқада кеткен кемшілікті және ежелгі көшірушілердің қателерін еске алсақ, онда дата қоюдағы әртүрлілікке тандануға болмайды. Керісінше осы ғасырдың алғашқы жартысына қарағанда соңғы жылдарда ежелгі Шығыс хронологиясын анықтауда біраз табыстарға қол жеткенін атап өтуге тура келеді.

Даулы даталар барған сайын азайып, айырмашылықтар бұрынғыдай жүздеген жылдармен саналмай болымсыз уақыт аралығымен (ежелгі заман үшін әдеттегі көлем) саналатын болды.

VII Т А Р А У

ЕЖЕЛГІ ӨЗЕН АРАЛЫҒЫНЫҢ (МЕСОПОТАМИЯНЫҢ²) ТҮП ДЕРЕКТЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ

Өткен ғасырдың ортасына дейін тарихшылардың қолында Тигр мен Евфрат өзендері бассейнін (Месопотамияны) ежелгі заманда мекендеген халықтар жайында біріне-бірі қайшы келетін, көбінесе, бұрмаланған үзінділер ғана болды.

¹ Селевкид эрасы бойынша жыл санауды (б. э. дейін 312 жылдан бастап) Шығыста гректер енгізді.

² Кейде бүкіл Месопотамияны, кейбір жағдайда Төменгі Месопотамияны да (қазіргі Бағдаттың оңтүстігіне таман) Қосөзен деп атайды, Месопотамияның сынамен жазылған түп деректерінде Шумер мен Аккад, ал Библияда — Сеннаар (бұл атауды қазіргі ғалымдар өте сирек қолданады) аталады.

Библияда және антик заман (грек пен латын) авторларында жазылғандардан ғана кейбір мәліметтерді пайдалануға тура келді.

Көне өсиет деп аталатын әр түрлі кітаптарда Вавилон мен Ассирия туралы бірнеше рет айтылады, бірақ оның қызықтыратын мәселесі бір жақты мәселе болатын. Бұл мемлекеттердің Израиль және Иудеймен соғыс және бейбіт жағдайдағы қарым-қатынасы жазылған.

Б. э. дейінгі V ғасырдың орта шенінде шығыс елдерінің біразын аралаған гректің атақты тарихшысы Геродоттың жазбаларында Вавилон мен Ассирияның өткендегісі туралы кейбір мәліметтер бар.

Өкінішке орай, «тарихтың атасы» (ежелгі заманда-ақ бұл авторды осылай атаған) ежелгі шығыс халықтарының тілдерін білмеген, сондықтан тілмаштардың жәрдемін пайдаланған, ал олар жат елдің білім құмар кезбесіне көптеген аңыз-әңгімелерді айтқан, бірақ өткендегі оқиғаларды шатастырған, не әдейі бұрмалаған.

Олар Шумер, Аккад және Көне вавилон патшалығы туралы ешнәрсе білмеген. Жаңа Вавилон патшаларының ішінен ең соңғысы Набонидты ғана¹ еске алады. Навуходоносордан (Геродоттың саяхатынан 100 жыл бұрын билік құрған) қалған құрылысты Нитокрид патша әйел салдырды деп айтқан. Грек тарихшысының айтуына қарағанда бұл әйел өзінің атақты күйеуінің орнын басқан көрінеді.

Геродот Ассирия патшалығын құрушы Нин (бұл есім аңыздан алынған) деген біреу деп жазады. Керісінше «тарихтың атасы» ескертіп өткен Ассирияның әйел патшасы Семирамида тарихта болған адам екен. Ассирия документтерінің түп нұсқалары табылып, оқылған кезде, б. э. дейінгі IX ғасырдың ақырында, баласының сәби кезінде Ассирияны Шаммурамат деген патша әйел басқарыпты. Оның есімін гректер Семирамида деп өзгертіп атаған.

Геродот Тигр мен Евфрат аңғарының экономикасын (жер суландырудың ролін, Армениямен сауда жасауға өзен кемелерін пайдалануды т. б.) және халықтың тұрмысын біршама жақсы суреттеп берген. Әрине, мұнда да бұрмалау бар. Елдегі жер құнарлылығы асыра айтылған (соншама мол өнім алынды — сам-300.) Тұрмыс-салт жайында көптеген анекдоттар келтіріледі, әрине мұның тарихи құндылығы жоқ. Әрине, ежелгі шығыс елдерінің кітапханалары мен архивтерін пайдалана алмады деп Геродотты кінәлай алмаймыз, сондықтан оның кездейсоқ кездескен адамдардың аузынан, кейде ықылассыз әңгімелесушілерден естігендерімен ғана қанағаттануына тура келеді.

Мұнан басқа да антик заманның тарихшылары мен географ-

¹ Грекше айтылуы Лабинет.

тары¹ Вавилон мен Ассирияның өткен тарихы жайында жазбалар қалдырған, бұлар сол бір Семирамида туралы аңыздар мен ақыл үйреткіш әңгімелер түрінде берілген, мысалы ол Үндістанға жорық жасапты-мыс, немесе ерке және жез өкшелікке салынған Сарданапол туралы аңызда оның тұсында Ассирия державасы құрып бітіпті дегендер айтылады.

Елі грек-македон қол астында болған кезде, б. э. дейінгі III ғасырда өмір сүрген және сол кезде өз естеліктерін жазған Вавилон абызы Берос көп мәлімет қалдырып кетті. Ол шетелдік шапқыншыларға арнап, грек тілінде, «Вавилон тарихының» үш кітабын жазды.

Бірінші кітабы бағзыбір заманғы аңыз-ертегіден бастап, содан кейін болған оқиғаларға тоқталып, Вавилонды Александр Македонскийдің жаулап алған кезеңіне дейін жеткізген.

Берос білімді вавилондық болғандықтан, Вавилон храмдарында сақталған жазба түп-нұсқаларды пайдалана алған болуы керек.

Берос тарихи оқиғаларды түсіндіргенде анық діни бағыт ұстады. Беростың еңбегі бізге жеке үзінді болып жеткендіктен де оның құндылығы кеміп отыр.

Қорыта айтқанда, еврей, грек, латын тілдерінде жазылған бұл мәліметтердің барлығы ежелгі месопотамияның тарихын қалпына келтіруде мүлдем жеткіліксіз болып отыр. Бұл мәліметтің барлығы негізінен б. э. дейінгі I мың жылдықтың оқиғасын сипаттайды және де бұл оқиғалар үзіп-жұлқып, бұрмаланып берілген.

Тигр мен Евфрат аңғарын ежелгі заманда мекендеген халықтардың ұмыт болған тілдерін² қалпына келтіргенде ғана бұл жердің тарихын терең зерттеуге мүмкіндік болды. Бұл үшін шамасы 2 мың жыл бұрын (б. э. I ғ.) қолданылудан шығып қалған сыналы жазуларды ең алдымен айырып оқу керек болды. Сыналы жазулардың көпшілігі жер астында терең басылып қалынған, ал кейбіреулері жер бетіндегі жар тастарға, немесе жартылай құлаған қабырғаларға жазылып қалынған еді.

Б. э. XVII—XVIII ғасырларында, Европа еліне, Персеполь сарайының құландысында (Иранның оңтүстік-батыс жағында) тас плиталардың бетінде ғажайып белгілердің барлығы жайында мәлімет жетті. Бұл айқұш-ұйқыш болып келген, қатарынан да, көлденеңінен де, көлбеуінен де тартылған сызықтар еді. Кейбір саяхатшылар мұны өрнек деп те түсінді. Ал кейбіреулері жазу екенін білді, бірақ түсіне алмады: «бұл неғылған жазу, қай тілде жазылған, ешкім ажырата алмады» — деп жазды саяхатшылардың бірі.

¹ Грек тарихшылары Ктесий (б. э. дейінгі — V—IV ғ.), Диодор (б. э. дейінгі I ғ.), географ Страбон (б. э. дейінгі I ғ.— б. э. I ғ.). Рим, авторларынан Помпей Трог пен Старший Плинийді атауға болады.

² Қазіргі Иракта негізгі тіл — араб тілі. Халықтың біразы курд тілінде сөйлейді.

Бұл жазулардың бірнешеуінің көшірмесі Европаға алып келінді, оны оқу үшін әрекет жасалды. Ең әуелі бұл жазудың үш тілде жазылғаны анықталды. Жорамал кейіннен дәлелденді. Астанасы Персополь (яғни астаналарының бірі) болған ежелгі парсы патшалары өздерінің жазбаларын парсы, элам және вавилон тілдерінде оюды бұйырған.

Сыналы жазудың бұл жүйесінің әріптерін, ең оңайы—парсы тіліндегіні оқуға неміс мұғалімі Гротефенд алғашқы әрекет жасады. Ол «патша» деген сөзді білдіретін бірнеше таңбаларды анықтай алды, сөйтіп Дария мен Ксеркс деген патша есімдері оқылды. Гротефенд небары тоғыз әріп таңбасын дұрыс тапты.

Бұл істі жалғастырған, парсы шахының үкіметіне командировкаға жіберген ағылшын офицері Г. Роулинсон болды. Ол өзінің әскери және дипломатиялық, агентуралық міндеттерін атқара жүріп, Иран жерін аралап, ондағы ескерткіш нұсқаларымен танысты.

¹Ол Бехистун жартасындағы (Иранның батыс шекарасына жақын) 100 метрлік биіктіктегі тік құзға ойып жазылған сыналы текстің көшірмесін өте қиыншылықпен түсіріп алды. Оны зерттеу жөніндегі тынымсыз еңбекке 12 жыл (1835—1847 жылдар) уақыт кетті, бірақ еңбек зая болмай, күткендегіден де зор нәтиже берді. Бұл Гротефенд оқып шығарған Дарияның үш тілде жазып қалдырғаны болып шықты.

Бұл жолы тоғыз емес, бірнеше жүз таңба ажыратылып, парсы тексін вавилон және элам тексімен салыстыруға мүмкіндік туды. Вавилон сөздері түбірінің еврей мен араб сөздері түбіріне өте ұқсастығы іске себін тигізді.

Әрине, Роулинсон бұл жұмыстың бәрін бір өзі жүргізген жоқ. Оның ісін жалғастырған бірсыпыра (ағылшын, француз, неміс) зерттеушілер болды.

Әсіресе орыстың талантты ассириологы М. В. Никольскийдің (1848—1917) аса көрнекті жетістіктерін ерекше атаған жөн, ол сыналы жазудың таңбалары ең алғашқы суретпен жазудан (пиктограмм) шыққанын дәлелдеді.

Сыналардың ұштасуы белгілібір дыбысты және ұғымды білдіреді дегенге ең әуелде сенбегендер де болды. Тұңғыш ассириологтардың ¹ сына жазуларды алғашқы аударуы фантазия жемісі деп саналды. Алайда сол жазулардың бірінде Тигрдің сағасындағы жартаста Ассирияның екі патшасы ойылып бейнеленген деген сілтеме табылып, бұл жердегі ескерткіштерді арнаулы экспедиция іздеп тапқаннан кейін, күмандануға жағдай болмай қалды.

Филологиялық зерттеулермен қатар археологиялық қазба жұмыстары да жүргізілді, бұлар материалдық мәдениеттің ес-

¹ Бастапқы кезде сыналы жазуды зерттеудің бәрі де ассириология деп аталды, өйткені бұл жазудың текстілері Ассирия қалаларының қираған орындарынан табылған еді. Кейіннен барып шумерология, хеттология т. б. сияқты арнаулы пәндер бөлінді.

Б.э.га дейінгі IV мыңжыл.	Б.э.га дейінгі III мыңжыл.	Б.э.га дейінгі II-I мыңжыл. Тез жазу Бавилондық-Ассириялық		Не нәрсе бейнеленген	Сөздік белгілер			Бұйындық белгілер
					белгілер қандай	шумерше	аккадша	
				Аяқ	"Жүру" "Түру" "Әжелу"	Ду, Гин, Ара Губ Тум	Алақу Узұзу Вабалу	Ду, Гин Губ, Гуп Ра, Тум
				Сол қол	"Сол"	Каб, Куб Губ	Шумелу	Каб, Кап Губ, Гуп Хуб, Хуп
				Төсемштерді бекітуге арналған қазықшалар	"Қазықшалар" "Салу"	Гаг Ду	Сиккату Бану	Гаг, Как Ду
				Бір буда пияз	"Пияз" "Сарымсақ" "Беру"	Сум	Карашу Надану	Сум, Шум Се
				Жұлдыз	"Аспан" "Құдай"	Ан Дингир	Шаму Йлу	Ан
				Балық	"Балық"	Куа, Ха	Нуну	Ха
				Таулар	"Тау" "Ел"	Кур, Гин Кур	Шаду Мату	Кур, Гин Шад, Шат Мад, Мат Над, Нат Лад, Лат
				Жабайы бұқа 2. Үй бұқасы белгі "Таулар"	"Жабайы бұқа"	Ан	Рему	Ан
				Суаратын канал	"Канал"	Э	Йку	Э
				Масақ	"Арпа"	Ше	Шеу	Ше
				Соқа	"Соқа" "Егінші" "Жырту"	Апин Энгар Уру	Эпинну Йккару Эрешу	Пин

Пиктограмнан сына жазбаларының дамып шығу таблицасы.

керткіштерін ғана емес, сонымен қатар ондаған мың жаңа текстерді де тапты. Тигр мен Евфрат аңғарларындағы тегістік жерлердегі сансыз төбелерден баяғыда жойылып кеткен қалалардың қалдықтары табылды.

Өткен ғасырдың 40-жылдарында ағылшын археологы Лэйард Ассирия астанасы Ниневияның орнын қазып, сарайдың қирандысын зерттегенде патша Ашшурбанипалдың (б. э. дейінгі VII ғ.) 20 000 саз балшық кітабы бар үлкен кітапханасын тапты (бетінде сына жазу таңбалары бар қатырылған балшықтар).

Вавилон-ассирия тіліндегі¹ жазулардан басқа да мүлдем өзге тілде, семит және иран тілдерінен өзгеше тілде жазылған көптеген текстер де кездескен.

Көп кешікпей-ақ бұрынғы антик заман және библия авторлары мүлдем білмеген, б. э. дейінгі II мың жылдықта вавилондықтармен, ассириялықтармен бірігіп, із-түзсіз жойылып кеткен халықтың осы тілде сөйлегені анықталды. Алайда, бұл жоғары мәдениетті халықтың әдеби мұрасын Ассирия патшаларының көшірмешілері сақтап және мұқият зерттеген. Солар құрастырған сөздіктердің, анықтауыштардың жол-жолмен аударғандарының көмегімен және ғалымдар бұдан 4 мыңға жуық жыл бұрын сөйлеуден шығып қалған шумер тілін қалпына келтірді. Бұл жаңалықтың күтпеген жерден ашылғандығы соншалық, көптеген филологтар шумер халқының өмір сүргенінің өзіне күмән келтіріп, жұмбақ жазу жасанды тілде жазылған, жасырын мәліметтер мен діни құпияларды сақтау үшін арнайы ойлап табылған тіл деп есептеген. Шумер жазбасы криптография (құпиялық жазба) деп аталды. Кейіннен бұл күдік дәлелденбеді. Өткен ғасырдың 70-жылдарында Францияның археологиялық экспедициясы Шумердің Лағаш қаласының орнын қазғанда, одан өздеріне таң сыртқы белгілері бар шумерлердің бейнесі және өз тілдерінде жазылған ешқандай аудармасы жоқ көптеген жазбалар табылды. Олардың ішінде шарттар, азық-түліктің тізімі және басқа да іс қағаздары болған, бұларды жасырын ұстаудың ешқандай мәні жоқ еді.

XIX ғасырдың ақырында Қосөзеннің астанасы Вавилон қазылды, мұның айналасына қос дуал соғылып, каналдар жүйесімен қоршалған. Қамалға айналдырылған сарайдан кең көше («Қасиетті жол») шығады, оның шеттері жоғары көркемдікпен салынған, әр түрлі түсті арыстанның және басқа аңдардың фигураларымен безендірілген. Бұл жол 7 этажды баспалдақ мұнаралары (зикуратты) храмға алып барған.

Бұл құрылыстың барлығы қала өмірінің кейінгі сатысына (б. э. дейінгі VII—VI ғасырларға) жатады. Бұдан бұрынырақтағы құрылыстар (бірнеше рет болған талкандалудың және өрттің салдарынан) жойылып отырған. Оның есесіне көне вавилон патшалығынан бізге дейін келіп жеткен бағалы ескерткіш бар,

¹ Дәлірек айтқанда, вавилон және ассирия диалектасындағы аккад тілі.

ол көршілес Элам мемлекетінің астанасы Сузы қаласынан табылып отыр, онда соғыстан түскен олжа ретінде апарылған болуы керек. Бұл Вавилон патшасы Хаммурапидің заңдары жазылған базальтты, қара бағана еді. Мұны XX ғ. басында Элам астанасының орнын қазған француз археологтары тапты. Одан кейінгі жылдардағы қазбалардың ішінен Шумердің Ур қаласынан табылған моланы және семит қаласы Маридегі үлкен сарайды (Вавилонның солтүстік-батыс жағында) атап өтуге болады.

Археологтар мен филологтардың зерттеу жұмыстары ежелгі Месопотамия халықтарының тарихын зерттеуде база жасап берді. Негізінен елдің саяси және мәдени тарихы зерттелді. Ғалымдардың назары соғыстарға, патшалар жүргізген құрылыстарға және де құдайлар мен батырлар туралы аңыздар мен мифтерге аударылды. Ағылшын ассириологы Дж. Смит (өзінің аса табандылығы, қайраттылығы арқасында қарапайым әріп терушіден ірі ғалым болған) Вавилонның топан су туралы мифіндегі тексті оқыды, бұл мифті библия өзіне топан суы туралы мифке негіз етіп алды. Немістің семитологы және ассириологы Ф. Делич Көне өсиеттің барлық мазмұнын дерлік Вавилоннан пайдаланылды деп тапты, бұнысы әрине асырып айтқандық болып табылады.

Панвавилондықтардың мектебін басқарған немістің шығыс зерттеушісі — Г. Винклер одан да жоғары баға берді. Бұл мектеп вавилон халқын жаратылысынан дарынды және ықпалын Қытай мен Оңтүстік Америкаға дейін таратқан халық болған деген пікір айтты. Бұл асыра сілтеушіліктің бәрі өзге зерттеушілердің тарапынан (солардың ішінде орыстың шығыс зерттеушісі Б. А. Тураев та бар) қатал сынға алынды.

Алайда Вавилонның экономиканың және рухани мәдениеттің әр түрлі сферасындағы қолы жеткен елеулі табыстарын, бірсыпыра басқа елдерге жасаған ықпалын (панвавилондықтар тұжырымдаған фантастикалық көлемде болмағанмен) жоққа шығаруға болмайды.

Көптеген әдеби сюжеттер мен ғылыми жаңалықтарды вавилондықтар шумерлерден қабылдағанын (мұны Американың шумерологы С. Н. Крамер талассыз дәлелдеп берді) ескерген жөн.

Ежелгі Месопотамия халықтарының әлеуметтік-экономикалық тарихына деген ынта бірден пайда болмады. Өткен ғасырдың аяғында ғана М. В. Никольский Шумер мен Акадтың шаруашылық есептерінің документтеріне назар аударып, оны зерттей бастады. Ежелгі Қосөзеннің заң документтерін зерттеуде орыс ғалымы И. М. Волков та көп жұмыс істеді.

Шумер және вавилон-ассирия қоғамдарының әлеуметтік құрылымы жайындағы мәселе шетел ғылымында да орыс ғылымында да көптеген талас тудырды. Көптеген тарихшылар ежелгі Месопотамиядан орта ғасырға, тіпті жаңа заманға тән құбылыстарды іздеді (крепостнойлық право, оның жойылуы, лен

системасы, капиталистік кәсіпорынның, банкінің пайда болуы т. б.). Бұл мәселеге, әсіресе, неміс циклистері Эд. Мейер, М. Вебер қатты еліктеді. Мұның соңғысы вавилон «әуел бастан-ақ» капиталистік ел болған деп мәлімдеді.

Совет тарихшысы В. В. Струве зерттеудің бұдан өзге жолын ұстады, ол б. э. дейінгі III мың жылдықтың ақырындағы Шумердің патша сарайын, храмдарын мұқият зерттеп, мұнда құл еңбегін қанау басым болғанын анықтады. Ежелгі Қосөзеннің толық праволы тұрғындарының тобын көбейту, құлдық пен борышқорлықты азайту жөніндегі құнды зерттеулерді жазып кеткенде ол.

И. М. Дьяконовтың күрделі еңбегінің үлкен маңызы бар, атап айтқанда, Шумер, Вавилон, Ассириядағы жер қатынасы, патриархтық семьяның дамуы мен ыдырауы және селолық қауым, саяси құрылысы проблемаларын талдауының зор маңызы бар.

Одан басқа да советтік ассириологтар мен шумерологтардың ішінен В. К. Шилейко, А. П. Рифтин, Л. А. Липин, Н. Б. Янковская, В. А. Якобсон, А. Г. Қифишин, Р. А. Грибов, В. А. Белявский, С. С. Соловьевтерді атап өтуге болады.

VIII ТАРАУ

ШУМЕР ЖӘНЕ АККАД МЕМЛЕКЕТІ

1. Табиғат жағдайы. Месопотамияның оңтүстік бөлігі (тар мағынада алсақ—Қосөзен) Тигр мен Евфрат алып келген үйінділер Персия шығанағын толтыруынан барып, бірте-бірте пайда болды. Теңіз суы оңтүстікке қарай ығысып, мұның орнын батпақты жазық басты.

Ежелгі тас ғасырында (палеолитте) бұл елдің жерін түгелдей батпақ басыпты, маса мен шыбын-шіркей қара бұлттай қаптап жүріпті. Мұнда адам өмір сүруі мүмкін емес еді. Археологтардың әлі күнге дейін бұл жерден палеолит құралының бірде-бірін кездестірмегені кездейсоқ емес.

Тек қана жаңа тас ғасырында (неолитте), тіпті оның ақырында ғана Қосөзенге оның шет жағындағы қыраттардағы тұрғындары біртіндеп (шағын адамдар ғана) қоныстана бастайды, бұларда амалсыздан еліндегі тіршілікке табиғаты сонша қолайсыз жерге келуі ауыр жағдайдан (азық қоры бітуінен, жаудың тықсыруынан) болуы керек.

Қосөзеннің негізгі байлығы, Персия шығанағын былай қойғанда, өзендер мен көлдерде толып жүретін балық және қамыс бұталарына ұя салатын суда жүзуші құстар болды. Көршілес далалардан тағы өгіз, қара құйрық, жабайы есек (онагр), түйе-құс және ұсақ құстар келіп-кетіп жүрді. Мұндағы ең қатерлі жыртқыш арыстан еді.

Ежелгі тұрғындардың негізгі кәсібі аңшылық, әсіресе балық аулау болды. Шағын жерде тесе егіншілігі дамыды, оны ойлап



Қосөзендегі жер жырту

тапқан (аңызда айтылғанға қарағанда) әйелдер еді. Батпақты жер мен өзен аралығындағы алақандай жерге дәнді дақылдар егілді (арпа, қосдән¹ т. б.), овоцтар отырғызылды, (сарымсақ, пияз, қияр). Қосөзеннің жеміс беретін негізгі ағашы құрма пальмасы тым ертеден-ақ өсірілді. Дәнінен май сығып алынатын сезам (күнжүт) маңызды өсімдік болды. Сонымен қатар мал шаруашылығы өркендетілді (ұсақ және ірі мүйізді мал, шошқа, есек). Үй жануарларын ет пен сүт үшін ғана өсірмеді, әуелі есекті, кейіннен өгізді плугқа жекті, сондай-ақ, астықты бастыруға да пайдаланды. Теселі егіншіліктен плуг пайдаланған егіншілікке көшу өндіргіш күштердің дамуындағы едәуір ілгері басқандық болды. Егістік жерді көбірек игеруге мүмкіндік туды. Алайда бұл егістік жерді табиғаттан жеңіп алу керек болды. Батпақты құрғатып, егістік жерді Тигр мен Евфраттың тасқынынан қорғауға, жасанды су қоймаларында су қорын жасауға (құрғақшылық кезінде) тура келді. Бұл үшін канал қазылып, бөгет жасалуы, күн құйдіретін төбешіктерде құдық қазылуы қажет болды. Одан әрі, барған сайын егістікті суару тәсілі жетілдірілетүсті (өйткені Қосөзенде жаңбыр, негізінен, қыс айларында ғана жауатын).

Тигр мен Евфрат аңғары көптеген ұрпақтардың еңбегі арқасында жері құнарлы елге айналды, өнім мол алынды (тұқымнан 50 есе, одан да көп).

Құрылыс пен қолөнері үшін қажетті шикізат жеткіліксіз болатын. Елде елеулі орман массивтері болмайтын. Пальма мен үйеңкі сабақтарын пайдалануға тура келді (онда да өте үнемдеп ұстады), ал бал қарағай мен кипаристің күшті бөренелерін алыстағы таулардан, үлкен қиыншылықпен зорға жеткізіліп тұрды.

¹ Басқаша айтқанда эммер (полбаның бір түрі). Нағыз бидайдан айырмашылығы бастырған кезде дәні қауызынан ажыратылмайды.



Шумер бейнесі

Жергілікті орында балшықпен қамыс қана молшылық еді, сондықтан оны неше түрлі тәсілдермен пайдаланды. Тұрғын жай қамыстан өріліп сырты балшықпен сыланды, кейіннен тұрғын жай күйдірілмеген кірпіштен қаланды.

Көптеген ауыл шаруашылық құралдарын да (тіпті орақпен дән үккішті де) саз балшықтан жасады. Осы Қосөзенде ең тұңғыш саз балшықтан жасалған кітап әрі белгілерін ойып түсірген саз тақта пайда болды, саз балшықтан тіпті конверт те жасалды.

Кептірілген қамыстан неше түрлі бұйым істелді және ол отын да болды. Ауыл шаруашылығы мен қолөнердің дамуы тұрғын халықтардың тез өсуіне алып келді. Селениелер көбейді, олардың кейбіреуі сырты дуалмен қоршалған қалаға айналды.

2. Халқы. Қосөзеннің халқы этникалық жағынан біркелкі емес еді. Өйткені елді

қоныстану екі жақтан бірдей болды. Шығыстан Тигр мен Евфраттың жағалауына тіл топтарының ешқайсысына жатқызуға болмайтын тілде сөйлейтін шумерлер¹ келді.

Сыртқы бейнесі бойынша шумерлерді басқа халықтармен шатастыру қиын. Олар аласа бойлы, мығым денелі, дөңгелек бетті, үлкен мұрынды, сақал, мұрты жоқ болып келеді — бұның бәрі оларды көршілерінен айқын айырып тұрады.

Батыстан және солтүстік батыстан Қосөзенге семит тайпалары (бұлар шумерлермен бір мезгілде келуі мүмкін) келіп енді. Олардың отаны барлық деректерге қарағанда Аравия түбегі мен солтүстік Африка болған, олар Палестина мен Сирия арқылы келген. Семит қоныс аударушыларының алғашқылары кейіннен, аккадтықтар (Аккад қаласының атымен) деп аталды, олардың ежелгі еврей және араб тілдері тектес тілі, кейіннен аккад тілі деп аталды.

¹ Шумер тілін грамматикасы және лексикалық құрамы бойынша түрік тілдерімен, ежелгі үнді (мунде) тілімен салыстырып та көрілді. Алайда бұның бәрі шамамен жасалған болжамдар еді.

Сыртқы түрі бойынша аккадтар шумерлерден сымбатты бойлары, сопақша беттері, қаба сақалдары мен бакенбардтары арқылы айрылды.

3. Қоғамдық құрылысы. Қосөзеннің ежелгі тұрғындары рулық құрылыста тұрды. Өндірісте көрнекті роль атқарған әйелдер (әсіресе теселі егіншілікте) үлкен құрметке ие болды. Олар ру мен тайпаның жиналыстарына қатысты. Бұл жаһында мифтердегі аспан тәңірі кеңесінде құдайлармен бірге құдай әйелдердің де мәселе шешуге қатысқандығы туралы айтылғанынан білеміз.

Алайда матриархат сатысына тән бұл құбылыс жаңа қатынастарға өте ерте-ақ орын берді. Қоғамның негізгі ұясы патриархаттық семья болды, әке балаға да, әйелге де үстемдік жүргізіп, семья мүлкінің иесіне айналды. Б. э. дейінгі III мың жылдықтағы халық жиналысына тек қана еркектер (жауынгерлер) қатысты. Суландыру жүйесінің өсіп, жер игеру техникасының күрделенуіне байланысты кейбір үлкен семьялардың жерді игеру үшін қажетті күрделі жұмыстарды жүргізу, өзен суларын бөгеу қолдарынан келмеді. Туысқандық байланысына қарамастан семьялар біріге берді. Жер үлесті жерге бөлінді, жалпыға міндетті жұмыстар бірігіп жүргізілді (бөгеттер жасалып, каналдар қазылды, кейіннен шлюз орнатып, топырақтың сорланып кетуіне қарсы шаралар қолданылды).

4. Құлдықтың пайда болуы. Алғашқы (рулық) қауымнан селолық (көршілес) қауымға өтер кезеңде адамды адам қанауы шыға бастады, бұрын, өндіргіш күштердің дәрежесі төмен кезде бұған жағдай тумағанды. Алғашқы аншылар соғыс тұтқындарына зорлап еңбек еткізуден пайда таппады, өйткені оның келтіретін пайдасы болмашы еді, ал жер өңдеушілермен мал өсірушілер өзгенің еңбегімен жасалған қосымша өнімді иемденуге мүмкіндік алды. Тайпалар арасындағы қақтығыста қолға түскен тұтқындар құлға айналдырылды. Бұлар көбінесе балалар мен әйелдер еді. Кейіннен күң әйелдер шамамен ұл мен қыздың санын бірдей мөлшерде тапты да, құл мен күң еңбегі неғұрлым ауыр жұмыстарға пайдаланылды. Сандық ара қатынасы теңелді.



Аккадтықтың бейнесі

Құлды канал қазуға, кірпіштен үй салуға зорлап көндірді, ал күн қол тиірменмен дән тартуға тиіс болды.

Құлдар туралы тым ежелгі шумер документтерінде (б. э. дейінгі үш мың жылдық шамасындағы) кездеседі. Дегенмен олардың саны өте аз болған, өндірушілердің негізгі бұқарасы ерікті адамдардан тұрған. Құл еңбегіне көңілдің аз бөлінгенін оларды құдай жолына құрбандыққа шалып отырғанынан да байқаймыз. Кейін келе мұндай әдет жойылып, жұмыс күшін бұлайша ысырап етуге болмайтын болды.


Қауымға немесе жеке қожаларға қызмет еткен құлдар әуел кезден-ақ правосыз болды. Шумерлер оларды «көздерін көтермейтіндер», яғни қожаларының алдында бас июшілер деп атады.

Бірақ селолық қауымның (бұрынғы рулық қауымға қарағанда) еріктік мүшелерінің арасында да теңдік болмады. Ауыл шаруашылығы мен қолөнер өнімдерінің өсуі артып қалу мүмкіндігін туғызды. Сөйтіп, айырбас дамиды, әуелі натуралдық (мәселен, бағалау өлшемі дән), кейіннен ақшалай (III мың жылдықта кейде белгілі бір салмақтағы күміс кесегі қолданылған) айырбас басталды.

Селолық қауым ішінен таңдаулы үлес жерді қолдарына алған, құлдарды иемденген, қозғалмалы мүлікті өз қолдарына жинақтаған ауқатты семьялар іріктеліп шығады. Соғыс кезінде олар есек жеккен (жылқы шаруашылығы кейінірек, б. э. дейінгі II мың жылдықта ғана дамыды) қос дөңгелекті арбаларға отырып шығып, олжаның көпшілігін өздері алған.

5. Мемлекеттің пайда болуы. Сонымен билік пен байлықты қолына алған тайпа шонжарлары ерекшеленіп шықты, ал қауымның қарапайым қауымдастары кедейленіп, ауқаттылар билігі алдында бой сұнуына тура келді. Мүліктік теңсіздіктің, құл еңбегін қанаудың (әлі саны аз болса да), содан соң кедейленген еріктілерді қанаудың күшеюі жаңа туып келе жатқан құл иеленуші таптың үстемдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік өкіметтің пайда болуына алып келді. Алғашқы мемлекеттік құрылым әлі де ру-тайпалық дәстүрді сақтады. Патша әзірге бұрынғы тайпа көсеміне ұқсас еді. Маңызды мәселені шешу үшін әуелі қариялар кеңесін, содан кейін қолына қару ұстауға қабілеттілердің бәрі қатысқан халық жиналысын шақырды. Тайпалық немесе К. Маркс пен Ф. Энгельстің қолданған терминін пайдаланғанда «әскери демократия» дегеніміз міне осы еді.

Елді біріктіру бірден бола қоймайды. Б. э. дейінгі II мың жылдықтың басында бұл арада бірнеше ондаған қала-мемлекеттердің болғанын білеміз. Ол замандағы қала дегеніміз бірі мен бірі бірігіп кеткен бірнеше селолық қауым болды, олар өзін-өзі басқаратын кварталдарды құрды. Әрбір кварталдың орталығында жергілікті құдайдың храмы болды. Оның айналасындағы ұсақ селениелер осы орталыққа бағынды да, оның билеушісі (патеси) әрі әскери басшы, әрі бас абыз болып танылды.



Ур қаласындағы патша моласынан табылған арфа

Қандай да бір қала күшейіп, екінші қаланы бағындырғанда оның билеушісі патша атағын (шумерше «лугаль») алған. Бара-бара мемлекет билігі күшейді, енді патшалар, шонжарлар мен жоғары дін басылары абыздарға сүйеніп, қол астындағы қарапайым адамдармен санаспай қойды және оларға әр түрлі міндеткерліктерді атқартты. Рудан патриархтық семьяға және селолық қауымға, тайпадан (немесе тайпа одағынан) мемлекетке көшудің бүкіл процесі, шамамен б. э. дейінгі V мың жылдықтың ортасынан III мың жылдықтың ортасына дейінгі аралықты қамтитын ұзаққа созылған және біртіндеп өткен процесс болды, бұл археологияда энеолит (мыс-тас ғасыры) деп аталады.

Қазба деректері екі мың жылдық ішінде болып өткен ілгерілеушілікке жағдай жасаған өндіргіш күштердің үнемі өсіп отырғандығын көз алдымызға елестетуге мүмкіндік береді.

Ұзаққа созылған бұл дәуірдің негізгі кезеңдері шартты түрде былайша аталады: Эль-Обейд, Урук және Джемдет-Наср (қазба жұмыстары жүргізілген басты жерлер бойынша).

Эль-Обейд мәдениетіне тастан, кейде саз балшықтан жасалған (орақ, ұршық) құралдар тән. Шындалған мыстан жасалған балта, осы металдан істелген тағы басқа заттар өте сирек кездеседі. Аңшылық пен балық аулаудан қарапайым егіншілік пен мал өсіруге көшу нышандары байқалады. Сыртына түрлі түсті ою-өрнек, бейнелер салынған (кейде жоғары көркемдікпен салынған) керамика ыдыстар көп кездеседі. Келесі (б. э. дейінгі IV мың жылдықтағы) Урук кезеңінде дүние жүзілік тарихта тұңғыш рет дөңгелекті транспорт (есек жегілген арба) пайда болған. Сол сияқты өзен кемелері де қолданылған.

Ыдыстар құмыра шеңберінде жасалынған, соған қарағанда, айырбас үшін көп мөлшерде шығарылған болу керек.¹ Үлкен кірпіш үйлер, алғашқы баспалдақ мұнаралы храмдар (зиккурат) пайда болды.


Қарапайым пиктограмм (суретпен жазу) жазу-сызуының шығуы да осы уақытқа жатады.

Джемдет-наср кезеңінде (б. э. дейінгі III мың жылдықтың басында) өндіріс пен мәдениетте үлкен жетістіктер байқалады.

Бұл кезеңнің ескерткіштеріне тән нәрсе: мыстың кеңінен қолданылуы (тас құралдары да әлі қолданыла берді), қалалардың салынуы, көрші елдермен (Элам, Аравия, Сирия) байланысының күшеюі, жазу-сызудың, бейнелеу өнерінің жетілдіріле түсуі болды.

Ур қаласындағы патша мазары (б. э. дейінгі XXVI ғасыр) неғұрлым кейінгі уақытқа жатады, мұнда патша мен оның әйелінің сүйегінің қасына қойылған тамаша зергерлік бұйымдар көп-ақ. Әсіресе зор ағаш арфасын сәндендіріп тұрған көк сақалды (лазуриттен жасалған) өгіздің алтын басы өнердің тамаша үлгісі

¹ Бірақ сапасы төмен болған (ыдыстарды уақытша түрлі түсті өрнектермен жабуды қоя тұрған).



Ур қаласынан табылған күміс қайықтың моделі

болып табылады. Сәндік заттардың көп болуы мүліктік теңсіздіктің, патша өкімет билігінің өскендігін көрсетеді. Қосөзеннің неғұрлым күшті қалалары арасында бүкіл елге (немесе оның көпшілік бөлігіне) саяси үстемдік жүргізу үшін әлденеше рет соғыс болып тұрған.


6. Қала-мемлекеттер арасындағы күрес. Ерекше күшті бақталастық Ур мен Урук қалалары (Қосөзеннің оңтүстігіндегі), бұлардан аздап солтүстікке қарай Лагаш, одан да солтүстікке қарай орналасқан семит астаналары — Қиш пен Мари қалалары арасында болды.

Ең әуелі бәрінен де қуаттысы Қиш болды. Бірақ оған Уруктың билеушісі Гильгамеш (кейіннен мифтік кейіпкерге айналған) қарсы тұрды (б. э. дейінгі XXVII ғ.). Ол Қиш қаласының армиясын тамаша жеңіп шығып, өзінің қаласын азат етті және оның біраз уақытқа бүкіл елге үстемдік жүргізуіне мүмкіндік берді. Кейінірек аз уақытқа болса да Ур, ал б. э. дейінгі XXV ғ. Лагаш күшейеді.

Бұл қаланы билеуші Эаннатум Қосөзеннің оңтүстік шетіндегі аймақтарды (Ур, Урук т. б. қалаларды) бағындырып, Қишке жәрдемдескен көршілес Умма қаласымен күресті бастайды.

Қалқан ұстағандармен қалқаланған найзалы, ауыр қару жарақты фалангамен Эаннатум жауын жеңіп, сол жердегі Құзғын жайлаған деп аталған ескерткіште өз жеңісін бейнелеп қалдырды, онда айқас даласында өлген жау денесін жырымдап жатқан жыртқыш құстарды бейнелеуді бұйырды.

7. Лагаштағы әлеуметтік күрес. Кейінгі кезеңдерде Лагашта әлеуметтік қайшылықтар шегіне жете шиеленісті. Қатардағы қауымдастардың өңдеуіне берілген храм жерлерінің едәуір бөлігі патесидің меншігіне көшті. Сонымен бір мезгілде бұл жерлерді өндегені үшін егіншілерге берілетін азық-түлік мөлшері де азайтылды. Қауымнан бөлініп, тың жерді өңдеушілерден (қолдан суғаруды қажет ететін төмпешік жерлер) арнаулы алым жиналатын болды.



Эаннатум әскері. Құзғындар жартасындағы суреттер.

Халықтың қалың бұқарасы наразылығы төңкеріске әкеліп соқты, нәтижесінде билікті Урукагин деген төре қолына алды, ол өзін билеуші деп, кейіннен патша деп жариялады. Ол құлатылған династия жақтастарымен өкімет үшін күресте қатардағы еріктілерден жеңіл қарулы жасақ құрып, оларды тірек етуге тырысты. Ауыр қару-жарақпен қаруланған (халықтың ауқатты топтарынан құралған) әскерлер үш есе азайтылды.

Неғұрлым ауыр алымдар мен міндеткерліктер жойылып, храм жерін өңдейтін егіншілерге берілетін азық-түлік молайтылды, Лагаштың толық праволы азаматтарының саны 36 мың (бұрынғыдан 10 есе артық) адамға жеткізілді.

Бірақ бұл реформалар әлеуметтік құрылысты түбегейлі өзгертуді мақсат етпеді, тек қана байлар мен шонжарлардың зорлығынан тарыққан ұсақ меншіктілерге көрсетілген шамалы жеңілдік болды. Құлдардың жағдайы өзгермеді, олар бұрынғысынан правосыз болып қала берді. Шонжарлар аздап кірісін кеміткенімен, негізгі байлықтарын сақтап қалды.

Урукагиннің өкіметі, дегенмен ұзаққа бармады. Патшалық құруының жетінші жылында көршілес Умmanın Лугальзагисси деген патшасынан жеңіліс тауып, Гирсу қамалынан өзге иеліктерінің бәрінен дерлік айрылды.

Алайда, Лугальзагиссидің салтанаты да ұзаққа созылмады. Ол төменгі теңізден (Персия шығанағынан) Жоғары теңізге (Жерорта теңізіне) дейін келген (оның айтқанына сенетін болсақ), бірақ ол құрған держава да өткінші болды.

Семит тайпалары мекендеген Қосөзеннің солтүстік бөлегін қаратуға оның күші жетпеді. Ол, бірақ Кишти талқандады. Киш патшасының Саргон деген бір бекзадасы (б. э. дейінгі XXIV ғ. аяғында) жеңілген әміршінің орнын басып, шумер басқыншыларына қарсы күресті басқарды. Ол Аккад деген жаңа астананы негіздеді осы қаланың атымен мемлекет аталды. Іріктелген садақшылардан құралған Саргон армиясы Шумер армиясына қарағанда жинақты да жедел қимылдағыш болып шықты. Реформатор патша Урукагин жеңіліске ұшырағаннан кейін шонжарлар зорлығына қарсы бас көтерген Шумердің бұқара халқының наразылығы да үлкен роль атқарды.

Соның салдарынан қол астындағы 50 елдің армиясын құрап басшылық еткен Лугальзагиссен күйреп, жеңіліс тапты. Шумер Аккад патшалығының қол астына көшті.

8. Солтүстік және Оңтүстік Қосөзеннің — Аккад пен Шумердің бірігуі. Солтүстік және Оңтүстік Қосөзеннің Саргон қол астына бірігуі екі елдің де құл иеленуші шонжарларына тиімді болды. Едәуір әскери күші бар, орталықтанған династияға халық бұқарасының наразылығын басу оңай болды. Екінші жағынан, шағын мемлекет болып тұрғанда, мүмкін болмайтын өзгерістер кең байтақ державаның экономикасын едәуір ілгерілетті. Ұлы өзендердің су жайылуын реттеп тұратын суландыру жүйесі бүкіл ел көлемінде жүргізіле бастады, бұның өзі мол өнім алуға көмектесті. Өлшем мен салмақтың мөлшері бір жүйеге келтіріліп, соның нәтижесінде мемлекет ішіндегі сауда байланысы күшейді. Бір документтен біз Лагаштан Аккадқа мал мен сүт өнімі жеткізіліп, ал бұдан оңтүстікке мата мен дән шығарылғанын білеміз.

Саргонмен оның мұрагерлері сыртқы саясатты шебер жүргізді, неше түрлі шикізатқа бай (металл, тас, құрылыс ағаштары) көршілес таулы елдерге жорыққа шықты.

Саргон Орталық Евфраттағы Мари қаласын басып алып, одан әрі қарай Сирияға «Күміс тауларға» (Кіші Азияның шығыс жағындағы Тавр жотасы) өтті.

Аккад державасы Нарамсин тұсында Эламға (Қосөзеннің шығысында), сондай-ақ тау тайпасы Загрос луллубейлерге жорық жасап, Армян қыратына дейін барып, дамуының шарықтау шегіне жетті.

Оңтүстікте Аккад патшалары Аравия түбегіндегі Маган мен Мелуххуға жорыққа аттанды және Египетпен байланыс жа-

сауы мүмкін (әйтеуір Маган арқылы Аккадқа Египеттің ала-бастардан жасалған вазалары келіп жеткен).

Алысқа жасалған жорықтар әскери істі қайта құруды талап етті. Бұрынғы жасақтар енді жеткіліксіз болды, енді 5400 маман жауынгері бар тұрақты армия құрылды. Бұларды тек сыртқы жауға ғана емес, халық көтерілісін басуға да пайдалануға болды.

Аккад патшалығында әлеуметтік қайшылықтар барған сайын шиеленісе түсті. Селолық қауымдар тез ыдырай бастады. Ауқатты семьяның басы құнарлы жерді иемденіп, кейде бұл жерді сатып та отырды. Көптеген қауымдастар (әсіресе егіншілер семьясының кіші балалары) үлестерінен айырылып қалды да, батырақ болып жалданып нан табуға мәжбүр болды. Екінші жағынан, жаулап алынған елдерден айдап әкелінген құлдар саны көбейді.

Сонымен экономикалық прогресс біреулердің баюымен, екінші біреулердің кедейленуімен бірге жүрді.

Аккад патшаларының жазбаларында егін шықпай қалған жылдары болған үлкен ереуілдер туралы қысқаша да болса жазып кетуі бұған бұлтартпас дәлел болатын хабар болып табылады.

Халық бұқарасының қозғалысы, бір уақыттарға дейін басып отыруға шамалары келгенімен, құл иеленуші қоғамның ірге тасын шайқап, оны әлсіретуге жағдай жасады.

9. Гутеейлердің шабуылы. Аккад мемлекеті 120 жылға жуық өмір сүрді де б. э. дейінгі 2200 жылдар шамасында Шығыстан келген жауынгер таулық гутеейлердің шабуылынан күйреді.

Шапқыншылардың саны аз және рулық-тайпалық ұйымды едәуір дәрежеде сақтаған ел болды. Әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан өзінен алда болған елді қол астында ұстау үшін олар оның кейбір қалаларымен келісім жасауға тырысты.

Гутеейлердің негізгі тірегі Шумердің Лагаш қаласы болды. Бұл қала Урукагиннің қиратылуынан кейін қайта қалпына келіп, Қосөзеннің оңтүстігінде басымдыққа ие болды.

10. Лагаштың екінші рет көтерілуі. Б. э. дейінгі XXII ғасырдың екінші жартысында Лагашты гутеейлердің бас басшылығымен Гудеа есімді патеси биледі. Бұл құрылыс саясатын белсенді түрде жүргізді. Орасан зор храм салғызғанда шет жерлік құрылыс материалдарын, әсіресе Маган мен Мелуххиден әкелінген ағаштарды кеңінен пайдаланды. Гудеаның құдіреттілігін оған 216 мың тең праволы азаматтар бағынды деп жазылған хабардан білеміз (көршілес бағынышты қалалардың тұрғындары қосылып алынған болуы керек).

Лагаш билеушілері гутеейлерге адал болып, олардан жәрдем әрі жеңілдік алып отырған кезде, өзге бағынышты қалалар шапқыншыларға қарсылық көрсетіп жатты. Б. э. дейінгі XXII ғ. аяғында Гутеейлерге қарсы бұрқ еткен көтерілістің басында Ур мен Урук қалалары болды.

11. Урдың III династиясы. Б. э. дейінгі 2108 жылы гутеейлер әбден жеңіліп, елден қуылды. Қосөзен қайтадан бірікті, бұл жолы Урдың III династиясы қол астына бірікті, бұл әулет б. э. дейінгі III мың жылдықтың аяғына дейін билік жүргізді.

Бұл династиенің¹ өкілдері өздерін Шумер мен Аккадтың патшасымыз деп атап, ал кейінірек тіпті «дүниенің төрт жағының патшасымыз» дегенді айтты, бұл дүние жүзіне иелік етуге дәмеленгендік еді. Кейде олар өздерін құдаймыз деп те атады (бұл үлгіні көрсеткен Аккад патшасы Нарамсин) болды. Урдың III династиясының патшалары Батысқа (Сирияға) және шығысқа (Эламға) бірнеше рет шабуыл жасады, ал солтүстікте Ашшурды өз ықпалына бағындырды. Ішкі және сыртқы сауда ісі өркендеді, мұнда басты роль атқарған патшаның агенттері — тамкарлар болды.

Өндіргіш күштердің одан әрі дамуы байқалды, атап айтқанда бұрынғы тас пен мыс құралдардың орнына қола құралдар көп пайдаланыла бастады.

Әлеуметтік жіктеліс Аккад әулетіне қарағанда әлдеқайда терең де жедел дамыды. Кедейленген қауымдастар жаппай еріктерінен айрылды.

Ата-аналар борыштарын өтеу үшін өз балаларын берді, олардың жағдайының бұрынғы құлға айналдырылған соғыс тұтқындары мен сатып алынған шетелдіктердің жағдайынан айырмасы болмады деуге болады.

Урдың III династиясы кезінен ірі храмдар мен патша шаруашылықтарында істеген есепшілер құрастырған жүздеген мың іс қағаздары сақталып қалды. Бұдан қызметкерлер мен қызметші әйелдердің тізімін, сондай-ақ істелген жұмыстың есептері, сонымен қатар дүние жүзі тарихында тұңғыш рет еңбек күн есептеуге әрекет жасалған документтерді көреміз.

Ірі поместьелер мен шеберханалар персоналының көпшілігі құлдар мен күндер болған. Оларға көмекші ретінде жұмысқа жалдамалылар да тартылған (тұрақты персонал жеткіліксіз болған егін жинау кезінде). Олар еңбекақысына құлдардың тамағының құнынан екі-үш есе қымбат тұратын ақыны заттай алған.

Уранның III династиясы да, Аккад әулеті сияқты ұзаққа созылмады. Б. э. дейінгі XXI ғ. аяғында батыстан (семиттің аморит тайпалары)² және Шығыстан (эламиттер) бір мезгілде лап қойған жаудың қысымына төтеп бере алмай ыдырап кетті.

¹ Олардың ішінен неғұрлым көрнектілері Урнамму мен Шульги болды.

² Амориттер Аравия түбегінің далалары мен шөлдерінен б. э. дейінгі III мың жылдық аяғында ағылып келіп, Палестинаға, Сирияға (Сирия даласын қоса) және Қосөзенге қоныстанған семит тайпаларының екінші бір толқыны болды. Бұлар тегі, тілі жөнінен аккадтықтарға жақын еді, сондықтан тез араласып кетті.

ІХ ТАРАУ

ЕЖЕЛГІ ВАВИЛОН

1. Қосөзен қалаларының күресі және Вавилонның көтерілуі. Урдың ІІІ династиясы құлағаннан кейін Қосөзенде екі ғасырдан аса уақыт тартыс күштері өсіп, саяси бытыранқылық орнайды да, қырғын соғыстар болып тұрады.

Басқыншы амориттер бірнеше мемлекет құрды, олардың ішінен екеуі неғұрлым күштірек болды, бұлардың билеушілері өздерін Аккад пен Шумердің патшаларымыз деп санады, демек бүкіл елге билік жүргізуге дәмеленді. Бұлар Исин мен Ларса мемлекеттері еді. Бірақ олар бірін-бірі әлсіретіп, өздерінің ойларына жете алмады. Оның үстіне Ларсаға көршілес Эламның ықпалы күшті болды, Эламның патшалары бұл қала-мемлекетке өз адамдарын таққа отырғызды. Аморит патшалары өздеріне қараған Қосөзеннен тыс жерде де дербес роль атқарды.¹

Соған қоса Қосөзеннің тірлігіне семиттің қала-мемлекеті Ашшур да (Тигрдің орта шенінде, болашақ Ассирия мемлекетінің ұйытқысы) араласты. Ақырында, кейіннен, көптеген ғасырлар бойына Тигр мен Евфрат аңғарында негізгі орталық болған өз гүлденуімен ежелгі қалалардан асып түскен қала көтеріліп шықты.

Бұл — Вавилон еді (дәл айтқанда Бабили — «құдай қақпасы»). Б. э. дейінгі ХІХ ғ. Евфраттың сол жағалауына орналасқан бұл қала (қазіргі Бағдаттың оңтүстігінде) дербес саяси роль атқарған жоқ, көлемі де шағын болды.

Бара-бара Вавилон таяу көршілері Киш пен Аккадтың құлдырауына байланысты экономикалық және саяси жағынан күшейді.


Өзен және керуен жолдарының тоғысқан жерінде орналасуы оның ірі сауда орталығына айналуына қолайлы болды. Оның халқы Сирия даласынан келген аморит қоныстанушыларымен толықтырылды.

2. Көне Вавилон патшалығының құрылуы. Б. э. дейінгі 1894 жылдан 1595 жылға дейін бұны дербес династия басқарады, ол белсенді сыртқы саясат жүргізіп, Тигр мен Евфраттың бүкіл алабын өз қол астына біріктіруге тырысады.

Вавилон Хаммурапи (б. э. дейінгі 1792—1750 жылдар) патша тұсында құдіреті күшті елге айналды, Хаммурапи өзін көршілерінің арасындағы қақтығыстар мен соқтығыстарды шебер пайдаланған білімді де тәжірибелі дипломат ретінде көрсете білді. Ол Жерорта теңізінің жағалауына шығатын сауда жолын қолында ұстаған бай Мари мемлекетімен тығыз одақ құрды.

Сөйтіп, солтүстік шекарасын тыныштандырып алған соң Хаммурапи негізгі соққыны Эламмен байланысқан Ларсаға бағыттады.

¹ Орта Евфраттағы Мари және Тигрден шығысқа қарай Эшнунна.



Б. э. дейінгі III—II мың жылдықтағы Қосөзен

Ең қауіпті бұл қарсыласын жеңгеннен кейін Хаммурапи Маримен достық қатынасты біржола үзіп, бұл қаланы басып алып, ондағы сарайды талқандайды (бұл ғимарат француз археологтары қазып тапқан орнына қарағанда сол замандағы архитектуралық құрылыстың ең бір көріктісі болған). Ашшур да оның қол астына қарады, сөйтіп, Месопотамияның басым бөлегін қамтыған Көне Вавилон патшалығы құрылады.

3. Хаммурапи патшаның заңдар жинағы. Хаммурапидің ішкі саясаты жөнінде біз оның бекзадалар мен чиновниктерге жазған хаттарынан, әсіресе оның шығарған заңдарының жинағынан білеміз.

Бұл заңдар базальт бағанаға жазылған¹, күн, шындық пен

¹ Түп нұсқасы Парижде (Луврде), Москвада (А. С. Пушкин атындағы бейнелеу өнері музейінде) оның көшірмесі бар.



Мари қаласындағы сарайдан табылған ванналар

әділеттік құдайы Шамаш тағының алдында тұрған патшаның өзін бейнелеген бедерлі пішіндермен безендірілген, патша ең жоғарғы өкімет билігінің белгісін (аса таяқ пен құрсауды) құдайдың қолынан алып тұр.

Хаммурапи заңдары халық тұрмысы мен қызметінің әр түрлі жағын қамтиды.

Ауыл шаруашылығына ерекше назар аударылған. Әрбір егінші өзінің учаскесіне жақын жердегі плотинаны қорғауға міндетті болды, егер оның кінәсынан егісті су басса, көршілерінің шығынын өтеу үшін егіншінің өзін де, мүлкін де түгел сатқан.

Егістік пен бақты арендаға берудің жағдайы егжей-тегжейлі реттеліп тұрған. Егер арендатор-сыбағалас епсіз адам болып, соның жалқаулығынан егін өнім бермей қалса, онда ол көрші учаскеден түскен өнім нормасы есебімен заттай аренда ақысын төлейді. Малды арендау да осылайша реттеледі. Заңның көп статьялары заказбен жасалатын қолөнер бұйымдарына (белгілі бір такса бойынша), сауда және өсімқорлық операцияларға арналған.

Натуралды шаруашылықтың элементтері әлі де сақталып қалуымен қатар (кейде товар дәнмен төленеді, шығынды да заттай өтеген), бара-бара ақша қатынасы өсе түседі. Құн өлшемі кесек күміс болды (сикль — 8 грамм, мина — 500 грамм, талант — 30 килограмм).

Селолық қауым ыдыраудың аз-ақ алдында еді. Жер учаскелері (патша жер қорынан басқасы) сатылатын да, сатылып алынатын да болды. Бұрын болған жер бөлінісі туралы еш жерде ештеңе айтылмайды. Бірақ әкімшілік бірлік ретіндегі көршілес қауым (селолық; қалада — кварталдық) сақталып қалды.

Урдың III династиясы уақытындағы ірі патша-храм шаруашылығы бұл кезде ыдырап болды. Тікелей сарайға тиісті жерлер жауынгерлердің шартты иеліктеріне немесе жер үшін заттай жарна төлеуші егіншілерге үлестіріліп берілді.

Елдің бүкіл халқы мүддесін заң қорғайтын ерікті адамдарға, және мүлік, мал сияқты қаралатын қожасының толық билігінде болатын құлдарға бөлінді.

Кімде-кім басқа біреудің құлын өлтірсе, ол адам құл иесіне құл беруге тиіс (немесе құнын төлеу керек). Өзгенің құлын жарақаттаса (көзін шығарып, қолын сындырса), құлдың жарты бағасы төленеді. Егер құл ерікті адамға қол тигізсе, оның құлағы кесіледі.

Алайда Урдың III династиясының уақытындағыдай емес бұл кезде ерікті вавилондықтар құлдыққа түспеуі үшін шаралар қолданылды (ауыр қылмыс үшін ғана еркінен айрылды).

Қарапайым бұқараны борышын өтей алмағаны үшін құлға айналдырушы еді, Хаммурапи заңдары осыған шек қоюға тырысты. Бұған таңдануға болмайтын еді. Өсімқорлардың айуандық әрекетінен кедейлер ғана жапа шекпеді, көптеген жеке меншік иелері де зиян шекті, бұл халықтың жалпылама наразылығын туғызды және патшаға да зиян келтірді, ол қол астындағылардан айырылып бара жатты (өйткені құл бүтіндей мырзасының меншігі болды ғой). Заң жеке меншікті қорғай отырып, борыш пен өсім процентін төлеткізді, бірақ өсімқорларды ауыздықтап, өрескел жемқорлығына жол бермеу үшін белгілі бір шек қойды. Борышты борышкердің өзі емес, әйелі мен балалары еңбекпен өтеді, онда да үш жылдың ішінде өтеуге тиіс болды. Бұлардың құлдардан айырмашылығы құлдыққа түскен адамды заң қорғады, әкесінің борышын өтеуші баланы өлтіргені үшін өсімқор өз баласының өмірімен жауап берді.



Күн құдайы Шамаш алдындағы Хаммурапи патша

Хаммурапи заңдарында құл туралы көп айтылғанмен, олар тікелей өндірушілердің тек бір бөлігі (көпшілік бөлігі) ғана болатын.

Олармен қатар еріктілердің әр түрлі категориялары да қаналды. Жоғарыда айтылып кеткен жер иесіне өнімнің $\frac{1}{3}$ -нен $\frac{2}{3}$ бөлігіне дейін беретін арендаторлардан, семья басының борышын өтеу үшін құлдыққа түскендерден де өзге өз шаруашылығы жоқ, еңбегі үшін заттай немесе ақшадай ақы алатын көптеген батырақтардың болғаны туралы да айтылады.

Неше түрлі экономикалық градациялармен қатар еркін халықтардың арасында заңдық категориялар да болды. Бір жағынан, тең праволы «ерінің ұлы» (мар-авелим), екінші жағынан — келімсектер (мушкену) болғаны да айтылған.

Мушкену меншік иелері, ішінара тіпті құл иеленушілер де болған (мүмкін сарай маңындағылар да шығар), бірақ олардың заңдық праволарына шек қойылған (шығу тегіне байланысты болса керек).

Мушкенуге зақым келтіргендер айып төледі, ал «ерінің ұлына» зақым келтіргендер қылмысты адам ретінде талион принципі бойынша (көзге-көз, тіске-тіс) жазаланды.

Хаммурапи тұсында патша өкіметі деспоттық сипатта болды және қол астындағылардың өз арақатынастарының бәріне араласты. Заңдар жинағының кіріспесінде патшаға шексіз билікті берген құдайдың өзі деп жазылған.

Алайда іс жүзінде патша патриархтық семьяның дәстүрлерімен санасты. Күйеуі өзіне опасыздық жасаған әйелін ұстаған жерінде ашына адамымен қоса өлтіруге праволы болды. Күйеуін өлтіруге қатысқан әйелді қазыққа отырғызған, ал өзге де жаман қылықтары үшін, ысырапшылдығы үшін үйден қуып шыққан, немесе күнге айналдырушылық та болған. Әкесін ұрған баланың саусақтары кесілді, ал баланы ұру қылмыс болып саналмады.

Кейде балалары әкесінің қылмысы үшін де жауап берді. Мәселен, құрылысшының салған үйі құлап қалып, оның астында үй иесінің баласы қалып, қаза тапса, онда құрылысшының баласы (талион принципі бойынша «ұлы үшін ұл» берілді) өлім жазасына тартылды.

Алайда мемлекеттік өкіметтің таза семья правосына, дегенмен кейбір шек қоюшылығы болды. Жазықсыз әйелін айыптаған еркек әйеліне құрмет көрсетіп (ақшалай төлеммен) ажырас-ты. Әке өз ырқымен баланы мұрагерліктен айыра алмады, мұны тек сот арқылы істей алатын еді. Сөйтіп, мемлекеттік өкімет органдары қол астындағылардың жеке өміріне араласты. Мұның үстіне суландыру жүйелерін де патша тікелей бақылап, мұны пайдалану да жоғары өкімет орындары мен оның жергілікті өкілдері билігімен болып отырды.

Хаммурапи заңдарында патшаның іс-әрекетіне ешқандай шек қоюшылық қаралмаған.

Қожасының құлмен әңгімесі деген поэтикалық шығармада (бірақ, біршама кейінірек уақытқа жататын) патшаға қарсы бас көтерген адам өлтіріледі немесе көзі шығарылады, немесе зынданға тасталады деп жазылған. Біздіңше мұның барлығы соттың келісімінсіз орындалған болу керек, өйткені заңда бұл туралы ешнәрсе айтылмайды.

4. Касситтердің басып кіруі. Хаммурапидің мұрагері тұсында Вавилонның орталық өкіметі тағы да әлсірейді. Оның оңтүстік облыстары бөлініп, солтүстік-батыс жағынан Кіші Азияның хеттер және касситтер¹ деген халықтары басып кіреді.

Б. э. дейінгі 1595 жыл шамасында Вавилонды тонап кеткен хеттердің шабуылы тек қатты соққы ғана болса, ал касситтер болса біртіндеп енді де, нық орын тепті. II мың жылдықтың ортасында Вавилонда касситтер династиясы (б. э. дейінгі 1518 — 1204 жылдарда) орнады.

Жаулаушылар елдің жергілікті жауынгерлерін ығыстырып, әскери шонжарлардың үстемдік етуші жіктерін құрды. Жоғары егіншілік мәдениеті бар елді жауынгер таулықтардың басып алып, үстемдік етуі белгілі бір регреспен байланысты болды. Осылайша белгілі бір дәрежедегі селолық қауым қайта туды. Сонымен қатар бұрын белгісіздеу болған жылқы мен қашырды (соғыс ісіне де, транспорт ретінде жегу үшін де) пайдалану басталды. Егіншілік техникасы жетілдірілді (плуг-сеялка пайда болды). Египетпен тұрақты байланыс орнайды (енді үздіксіз, және тікелей).

Сонымен аз уақыт кідірістен кейін ел қайтадан өресі кеңіп, даму жолына түсті.

Вавилонның бұдан кейінгі тағдыры Ассирияның тарихымен тығыз байланысты, сондықтан сол елмен бірге қарастырылады.

Х Т А Р А У

ШУМЕР-ВАВИЛОН МӘДЕНИЕТІ

1. Қосөзен мәдениетін жасаудағы әр түрлі халықтардың үлесі. Тигр мен Евфрат бассейнінде жасалған мәдениет, әдебиет, ғылым, құрылыс және өнер саласындағы бір-бірінің жетістіктерін өз ара толықтырып отырған бірсыпыра халықтардың творчестволық қызметінің нәтижесі болды.

Кейбір жағдайларда артықшылық шумерлер жағында болды. Дегенмен семит халықтары да — солтүстік тармағы ассирийлықтар болған аккадтықтар, сондай-ақ амориттер елеулі үлес қосты.

¹ Ертеректе касситтер Қосөзенге Эламның солтүстігіндегі даулы жерден, шығыстан келді деп есептелінді. Кейінгі жаңа зерттеуге қарағанда, касситтердің тілі де, материалдық мәдениеті де Кіші Азияның халықтарымен тығыз байланысты болып шықты. Иранның таулы аймақтарына (оларды гректер кездестірген жерге) олар кейінірек барған.

Вавилон көтерілген уақытта бұл комплексті мәдениет Вавилон мәдениеті деген жалпы атауға ие болды. Шумерлер, өздеріміз білетіндей, өзге халықтармен араласып, тілдерін жойды, бірақ олардың мұраларының семит халықтарына жасаған ықпалы соншалық, оны вавилон мәдениеті ғана деп емес, шумер-вавилон мәдениеті деп те айтқан орынды.

Әскери қақтығыстар шумер мен аккадтықтардың (сондай-ақ басқа халықтардың да) творчестволық байланысына кедергі келтіре алмады. Б. э. дейінгі II мың жылдықта семит орталығы саяси басым күшке айналып, өзге халықтар бұлармен араласып кетті. Шумер тілі аккад¹ тіліне орын берді.

Алайда шумер халқының семиттенуі оның енді қолданылмайтын тілінің әр түрлі элементтерін сіңірумен бірге жүргендігін ескерген жөн (әсіресе географиялық атаулар, діни жора терминдері т. б. сөздер). Сөйлесетін тіл болудан қалғанмен, шумер тілін Вавилон мен Ассирияның көшірмешілері мұқият зерттейді (орта ғасырларда латын тілі де осылайша зерттеледі). Шумер тілін білмей тұрып, білімді болу мүмкін емес еді.

2. Жазу-сызу. Аккад жазу жүйесі шумер жазу жүйесіне негізделгендіктен одан өзге семит жазу-сызуына жат (мысалы, финикия-еврей тілінде жоқ) айтылу принципін қабылдады. Бұл тілдерде жазылғанда дауыссыз дыбыстар ғана көрсетілетін де, ал дауысты дыбыстарды (жергілікті диалектикаға қарай, кейде бұрмалап) оқитын адам өзі қосып айтатын.

Жазуда негізгі дауысты дыбыстарды (а, е, и, у) анықтап көрсету, сөйлегенде сөзді дәлме-дәл беруге мүмкіндік беретін үлкен жетістік болды. Аккадтықтар бұл табысы үшін өздерінің ұстазы шумерлерге дән риза еді.

Тигр мен Евфрат бассейнінде қолданылған, кейін одан тыс жерлерге жайылған жазу жүйесі сына жазу деп аталады. Бұл шартты атау ретсіз орналасқан сыналар тәрізді жазу таңбаларының сипатына қарай алынған.

Дегенмен Египет пен Қытай иероглифтеріне мүлде ұқсамайтын (басқа жазу-сызу түрлеріне де ұқсамайды) бұл графикалық жүйе бастапқы жазу емес еді.

Қосөзендегі ең ежелгі жазу, барлық жерлердегідей, сурет арқылы жазу болатын. Мұнда бір суреттің өзі (логограмма немесе бұрында айтылуына қарағанда идеограмма² деп аталған) әр түрлі бірнеше мағына беретін.

Мәселен көздің суреті тек көзді ғана көрсетпеді, сол сияқты бірнеше ұғымдық мәні болды (бет, алды, алдыңғы, бұрынғы). Судың шапшып ағуын білдіретін екі тік сызық (кейіннен үш тік сызық, бірі үлкен, екеуі кішкене) судың ғана емес, сонымен қатар «ұл» деген сөздің де мағынасын берді. Мәселе мұнымен де

¹ Сол сияқты Месопотамияның солтүстігіндегі хуррит тілін аккад тілінің ассириялық диалектісі ығыстырып шығарды.

² Екі термин де грек тілінен алынды. *Логограмма* — сөзді жеткізетін белгі, *идеограмма* — ұғымды жеткізетін белгі.

аяқталған жоқ. Шумерше «а» деген таңба «су» дегенді, оның үстіне сөз ішіндегі дауысты дыбысты да білдіргендіктен, енді бұл суға ешбір қатысы жоқ жай әріпке айналды.¹

Алайда бір текстің ішінде осы бір қарапайым таңба бірде «а» әрпі болып, бірде «су» болып (аккадша — «му»), бірде «ұл» болып қолданылды. Бұл таңбалардың ең жеңілінің бірі. Кейде бір таңбаның өзі он, одан да көп мағына беретін жағдайлар да болады.

Осындай көп мағыналылық орасан зор қиындыққа ұшыратты. Текстіні оқу кейде жұмбақ шешумен бірдей болды, оны тек өте тәжірибелі, көп жыл оқыған, зерделі көшірмешілер ғана оқып, қатесіз жаза алды.²

Таңбалардың сырт көрінісі барған сайын қарапайымданып, б. э. дейінгі III мың жылдықтың ақырында бұрынғы суреттерді ажырату қиын болды. Жазу үшін негізгі материал тақта, призма, шар т. б. формалы жұмсақ балшық болғандықтан бұған көшірмешілер схемалы суреттерді сызғанда басып жазып отырған саусақтары өзінен-өзі тайып, түзу сызық сынаға (тіке, көлденең не көлбеу) айналады. Дөңгелек сызықтар өзінен өзі тез жазып отырғанда жазылыңқырап кетеді, мысалы күнді білдіретін дөңгелек, келе-келе ромбы сияқты болды, одан да кейінірек үш сынаға (біреуі тік, ал екеуі оның жанында көлденең тартылды) айналды.

Ежелгі Шығыстың басқа елдеріндегі сияқты Қосөзенде де сауатты адамдар санаулы болды. Қыз балалар мүлдем оқыған жоқ.³ Мұнда ұл балалар ғана оқыды. Олар абыздардың, басқарушылардың, чиновниктердің, кеме капитандарының және де басқа жоғары мәртебелілердің балалары еді. Мектеп сарайлар мен храмдардың жанынан ашылды, өйткені храм шаруашылығына, мемлекеттік ведомстволарға сауатты адамдар қажет еді. Сый тартуды өз алдына қойғанда, оқығаны үшін ақы төлетілді. Жігерсіз әрі тәртібі нашар балаларға жаза қолданылды, бұл үшін мектеп жанында ерекше бақылаушы — «шыбықшылар» болды. Бұның есесіне оқушылар дене еңбегінен босатылды және мектепті жақсы бітіріп шықса, пайдалы лауазымға қолы жетті.

Бізге жүздеген мың сына жазба текстері келіп жетті, бұлардың көпшілігі саз балшық тақталарға, кейбіреулері ойып алынған саз балшық тақташаларға және металл заттарға да түсірілген. Соның нәтижесінде біз Қосөзен халықтарының әдебиеті жә-

¹ Дәлірек айтқанда буындық таңба болды да, бір өзі бір буын құрады. Таңбалардың көпшілігі екі әріптен (дауысты және дауыссыз) немесе үш әріптен тұратын буындар құрады.

² «о» әрпінен кейін крес тұрған, содан кейін «ность» деген жазуы бар таңбаларды көз алдымызға елестетейік, сонда былай оқылады: «окрестность», ал екі цифрдің ортасында тұрған кресті «қосу» деп оқимыз. Ал егер де мұндай әдіспен мыңдаған сөз жазылса не болар еді?

³ Патшаның, бекзадалар мен абыздардың қыздары сауатын үйде ашуы да мүмкін, бірақ тікелей мәліметтер жоқ.

не ғылыми творчасымен анық та толық танысуымызға мүмкіндік алып отырмыз. Ежелгі елдердің басқаларындағы сияқты Қосөзен творчасында да діни-аңыздық тұрғыда ойлау өз таңбасын қалдырды, бұл біртіндеп бара-бара жойыла бастады, бірақ біржола жойылып бітпеді.

3. Дін. Діни идеологияға тән кертартпалық және күні өткен ескі түсінік пен көзқарастан айырмашылықтың болуына қарамастан шумерлер мен аккадтықтардың діні өзгерістер мен әлеуметтік дамудың ықпалымен өзгеріссіз қала алмады.

Адам баласы алғашқы қауымдық құрылыс кезінде айналаны қоршаған табиғаттан күші басым екенін сезінбеді, өзін оның қожасымын деп білмеді, атап айтқанда өзін жануарлар дүниесінен айыра қоймады. Әрбір ру (кейіннен әрбір тайпа) өзінің тегі қандай да бір айуаннан, құстан, балықтан, тіпті жәндіктен шықты деп білді.

Ежелгі патшалардың Қозы, Шаян т. б. өздеріне тән есімдері болғаны жай емес. Рулық-тайпалық құрылыс әлдеқашан артта қалған, кейінірек кездің өзінде, кейбір құдайларды да жануарлар немесе құстар бейнесінде түсінді.

Алайда бұл сирек кездесетін құбылыс еді. Құл иеленуші мемлекет жағдайында құдайлардың көпшілігі антропоморфты (адам тәріздес) бейнеде болды.

Екінші жағынан, матриархтың патриархпен ауысуы діни идеологияда да өз көрінісін тапты.

Ежелгі заманда әйел құдайлар басым роль атқарған болу керек. Алғашқы су тасқыны Тиамат¹ деген әйел құдайдың есімімен аталуы тегін емес. Кейіннен, діни ұғымдарды абыздар жүйеге келтіргенде, патеондар салынғанда, ондағы құдайлардың көпшілігі еркектер болды, ал әйел құдайлар аспан әлеміндегі кеңесте қатысқанмен екінші қатардағы роль атқарды.

Сонымен, реальды қоғамдық қатынастарға кешеуілдеп те болса араласқанмен патриархат принциптері діни салада да жеңіп шығады.

Қосөзенде құрмет тұтатын құдайлардың саны орасан көп болды. Әрбір қаланың, әрбір қала кварталының, үлкенді-кішілі поселкелердің еркек немесе әйел құдайлардан өз қамқоршылары болды. Кейбір құдайларды бүкіл ел құрмет тұтты, екінші біреулері жергілікті құдайлар саналды. Табиғаттың заңдылығы (күн мен түннің алмасуы, жыл мезгілдері т. б.) сол сияқты шаруашылық өміріндегі негізгі өзгерістер (егіншілік пен мал шаруашылығы, техникалық жаңалықтар) құдайлардың өмірінен алынған оқиғалар арқылы түсіндірілді.

Ежелгі кездің өзінде-ақ шумерлер космогонияның күрделі жүйесін жасады. Бұл мифологиялық концепцияға қарағанда алғашқы апат орасан үлкен әйелдің бейнесіндегі² су апаты, ал-

¹ Шумерлерде — Намму.

² Әйел құдай Намму.



Мардуктың Тиаматпен шайқасы. Саз балшық тақтайшадағы таңба

ғашқы мұхит болған. Оның түбінде зәулім тау тәріздес қатты зат жаратылып, оның шыңы аспан құдайы Ан¹, ал оның жалпақ шеңбер тәрізді іргесі жердің әйел құдайы Ки болыпты-мыс. Екі құдай бірімен-бірі тығыз байланыста болыпты. Осы құдайлардың жұбынан ауа құдайы Энлиль жаратылады. Ол өсе келе таршылық көріп, алғашқы тауды пышақпен тіліп, аспан атаны жер анадан мәңгілікке айырған. Сол уақыттан бастап ол жерге үстемдік етіп құдайлардың үрім-бұтағын таратқан.

Оның үлкен ұлы ай құдайы², ал бұның балалары күн құдайы³, Шолпан планетасының әйел құдайы Инанна (аккадтықтар оны өздерінің әйел құдайы Иштармен салыстырады) болған. Инанна жер құнарлылығы мен маххаббат құдайы болып та саналған.

Сонымен шумерлер ай күннен (өзге планеталардан да), бұрын пайда болған деп санап, олар түнді тәуліктің бірінші жартысына жатқызған, қараңғы түсісімен тәулік басталды деп есептеген.

Қосөзеннің басты орталығы Вавилон болғаннан кейін дүниенің жаратылуы жайындағы миф қайта өңделген. Оның өзегі жаңа астананың — Мардуктың қамқоршысы — құдай болып есептелді. Бірақ, Вавилонның абыздары оның Ану мен Энлиль және басқа құдайлардан әлдеқайда жас екенін мойындады, өйткені Вавилон өзге қалалардан кейін пайда болған-ды.

Алайда олар өздерінің құдайларын ерекше еңбегі үшін өзге құдайлардан жоғары қою үшін қулық ойлап тапты. Алғашқы мұхиттың әйел құдайы Тиамат вавилондықтардың аңызында

¹ Шумерлер осылай атаған (аккадтықтарда — Ану).

² Шумерлерде — Наннар, аккадтықтар оны Син деп атады.

³ Шумерлерде — Уту, аккадтықтар оны Шамаш деп атаған.

алапат жыртқыш, үрейлі жауыз боп суреттелді. Ол өзінің қойнауында жаралған барлық құдайлардың еркегін де, әйелін де құртпақ болыпты. Сол кезде өзге құдайлар бас қосып, аман қалудың жағдайын қарастырады. Солардың ішінде Мардук батыл да өткір болып шығады. Ол Тиаматпен жекпе-жекке шығуға бел байлайды, бірақ бұл үшін өзге құдайлар оны жоғарғы билеуші деп тануы керек болады.

Құдайлар думан-той жасап, шарапқа тойып алған соң өздерінің кенже бауырының ұсынысын бұлжытпай қабыл алады. Мардук жарақтанып алады да, алапат жаумен айқасқа шығады.

Тиамат жауын көре салып, аңғарадай аузын ашады, бірақ Мардук құйындаған жел үрлеп, Тиамат құдайдың ішін кеулетіп жібереді. Содан кейін жас құдай әлсіреп қалған ғаламаттық денесін бөлшектеп, қабыршақты жарғандай екіге бөледі. Оның беткі қабатынан аспанды, төменгі қабатынан жерді жаратады. Содан кейін, дүниедегі бүкіл тіршілік атаулыны жаратады.

Адамдардың табиғатпен күресіндегі барлық жетістіктерін өсімдіктердің өсуі, жануарларды қолға үйрету, қолөнердің шығуы тағы басқа толып жатқан шаруашылықтағы ұлы өзгерістерді шумерлер мен аккадтықтар аспан тәңірісінің ісі деп, ал адам болса солардың айтқанын бұлжытпай орындаушы ғана деп білді.

Шумер мифтеріне қарағанда дүниені жаратқаннан кейін құдайлардың тіршілігі онша жақсы болмаған. Олар шөп жеп, орлардан су ішіп, киімсіз жүрген. Ақырында Энлиль мен Энкидің бұйыруымен Лахар құдай қой мен ешкіні жаратып, ал оның қарындасы Ашнан жерге алғашқы дәнді тастаған. Содан кейін киім тоқыла бастапты.

Алайда аспан тұрғындарының әулетін сүт, нан және киіммен қамтамасыз ету оңайға соқпады. Оған аспан еңбеккерлерінің күші де, уақыты да жетпеді. Содан барып қарапайым қызметкерлердің қажеттігі ойға келді, сондықтан данышпандық құдайы Энки жерді өндеп, қой қораны күзету үшін, өзінің аспандағы қамқоршыларын барлық қажетімен қамтамасыз ету үшін балшықтан алғашқы адамдарды жаратты.

Шумерлер мен аккадтықтар космогониямен, адамдардың шығу тегі туралы баяндамаларымен қатар табиғат құбылысын түсіндіруге тиісті мифтердің басқа циклдерін де ойлап тапты. Бұл мифтердің негізгі өзегі құнарлылықтың әйел құдайының өліп, қайта тірілуі жөніндегі қызық тарих болып шығады.

Иштар өзінің жұбайы Таммузаны құтқару үшін жер астындағы дүниеге барады. Ол жер астында қорлық пен азап шегіп жатқан кезде жер бетінде адам мен жануарлардың өсуі тоқтап қалыпты. Бұдан қорыққан құдайлар қайырымды құдай әйелді құтқарады да, жер бетінде әдеттегі тұрмыс қайта жанданады.

Құнарлылықтың әйел құдайының қайтып оралуын қыстың көктемге айналуымен және орақ пен бастары кесілген (яғни «өл-

тірген») масақтан дәннің жерге түсіп, өнім шығуымен байланыстырды, бұның өзі өмірдің өлімді жеңгендігінің белгісі деп білді.

Бұл миф (өзге халықтардың осы сияқты мифтерімен қатар) кейіннен Иисустың даңқы үшін шығарылған өлгендер мен тірілгендер туралы христиан ілімінің негізі болды.

Азап шеккен құдайлардың үлгісін үстем тап өз мүддесіне оңай пайдаланды, төзімділік пен бой сұнудың болмай қоймайтындығы және қажеттігі туралы уағыздарының арқауы етіп пайдаланды.

Бой сұнуды уағыздау стихиялық апатты адамдардың бағынбаушылығы үшін құдайлардың тарттырған жазасы деп түсіндіруге тырысудан көрінеді. Бұл топан суы туралы Вавилон мифінде айқын берілген.

Қосөзенде өзендердің тасуымен байланысты су тасқыны жиі болып тұрған. Тасқын едәуір жерге тарағандықтан, ол жердегі адамдар бүкіл жер бетін топан суы басты деп есептеген.

Мифте топан су құдайдың қаһарынан болды деп түсіндіріледі. Адамдардың бағынбаушылығына наразылық білдірген құдайлар Энлильдің тапсыруымен жер бетіне нөсер төгеді. Сонда құдайға құлшылық еткен Утнапиштимнен өзге адамзаттың барлығы ғайып болады. Утнапиштим Эа¹ құдайдың кеңесімен кеме (саңылау қалдырмай бітелген жәшік) жасап, өзінің семьясы және қызметшілермен құтылып кетеді.

Аспан тұрғындарының фантастикалық мифі адамдар санаында өзгерместен қалмағанын да ескерген жөн. Қоғамдағы өзгерістер құдайлардың арасындағы қарым-қатынасты да басқа-



Жер құнарлылығының әйел құдайы
Иштар

¹ Шумерлерде Энки деп аталған.

ша түсінуге ықпал жасады. Құдайлар рангтарға бөлінді. Мәртебелі жеті құдай бүкіл дүниенің тағдырын шешуші болды. Оның соңынан 50 ұлы құдай, содан кейін көптеген төменгі құдайлар жалғаса берді.

Шумер мен аккадта әскери демократия сақталып тұрған кезде, аспан дүниесінде де сол тәртіп болуы керек деп есептелінді (мысалы Энлиль құдай адамдарға қаһарын төккенде өзге бас құдайлармен келісіп, солардың кеңесімен іс істеуі керек).

Алайда құл иеленушілер мен құлдар арасындағы, шонжарлар мен қауымдастар арасындағы әлеуметтік қарама-қайшылық бірте-бірте шиеленісе түсті, ру-тайпалық әдет-ғұрыптар күшін жоя бастады. Жаңа тәртіп сөзсіз о дүниеге ауысты. Бас құдай бұрынғыдай тайпаның көсемі есебінде емес, шексіз билігі бар деспот болды. Энлильдің өзі қаһарлы билеуші аталып, оның бетін бірде бір құдай қайтара алмағаны айтылады.

Құдай жолына құрбан шалынды (әсіресе үлкен мейрам күндерінде). Құдайға сенушілер патша сарайының ішіндегі құрбан шалынатын жерге құрбандықтарын қойып кетті, сонан кейін құрбандыққа деген ет, нан т. б. азық-түліктің едәуір бөлегін абыздар мен келушілер ішіп-жеді. Б. э. дейінгі III мың жылдықта адамды құрбандыққа шалудың орнына қозы шалынатын болған. Мейрам кезінде пұттарды (идолдарды) храмнан сыртқа шығарған. Оларды салтанатты түрде көтеріп алып жүрді немесе безендірілген қайыққа салып каналды бойлап жүрді. Сиыну, жалбарыну флейта, арфа, тағы басқа аспаптарда ойнаумен қоса жүрді.

4. Әдебиет. Ежелгі Қосөзен халықтарынан құдайлар туралы мифтермен қатар асқан данышпан әрі кереметтей күш иелері болған батырлардың ерлігі жырланған эпикалық шығармалар да келіп жетті. Бірақ бұлардың мәңгілік құдайлардан айырмасы ерте ме, кеш пе, әйтеуір барлық пенде сияқты жердегі өмірмен қоштасатындығы еді. Бұл эпикалық шығармаларда әр түрлі элементтер тоғысты. Сарай және абыз топтарымен байланысты, дәйекті таптық бағытты жүргізе отырып, халықтың ауыз әдебиетін өңдеуші көшірмешілер толықтырулар, түсіндірмелер арқылы оны күрделендірді. Екінші жағынан, реалды тарихи оқиғалар мен оның егжей-тегжейі аса өсіріп айтылып, ертегіге айналдырылды.

Бұған тән шығарма — ежелгі Қосөзеннің даңқты батыры Гильгамешке арналған эпикалық цикл. Бұл циклдың үзінді эпизодтары шумер тілінде сақталған. Аккадтықтар бұларды қабылдағаннан кейін түпкілікті бір жүйеге келтіріп, өңдеп, өз тілінде 12 бөлімнен тұратын Гильгамеш туралы біртұтас поэма құрастырды.

Гильгамеш тарихта белгілі адам болғаны қазіргі уақытта анықталып отыр. Нақ Гильгамеш тұсында оның басқаруындағы Урук қаласы Қосөзеннің негізгі орталығы болыпты. Бұл ежелгі батырлар жырында халық жиналысының келісімімен Гильгамеш

туған қаласын азат ету үшін Киш үстемдігіне қарсы күрес ұйымдастырғаны туралы толық суреттеледі.

Аккад поэмасында Гильгамеш еркектерге қаланың дуалдарын соққызған, қыздарды өз гареміне жинатқызған өзімшіл, тәкаппар билік жүргізуші ретінде суреттеледі. Ол өзінің досы Энкидпен бірге бірнеше ерлік көрсетеді (балқарағай орманында тұратын Хумбабу деген алыпты өлтіреді). Гильгамештің күші мен данышпандығына қайран қалған әйел құдай Иштардың өзі оған жұбайым бол деп ұсыныс жасайды, бірақ айлакер батыр оның тілегін қабыл алмайды. Ол оған бұрынғы сүйіктілерін де оның опасыздықпен құртқанын ескертеді.

Әйел құдайдың тілегін қабыл алмай кемсіткені үшін, оның әкесі Ану назаланып Урукке аспан өгізін жібереді, ол Евфраттың суын түгел ішіп бітіріп, демімен жерді қақ жарады. Алайда Гильгамеш пен Энкиду бұл ғажайыпты да өлтіреді.

Ақырында Гильгамеш құдайға әлі жетпейтінін ұғады. Оның досы Энкиду өледі. Өлімнің хақ екені батырды қатты күйзелтті, сондықтан мәңгілік тіріліктің сырын ашпақ болып алыс сапарға аттанады. Ол мұхитты жүзіп өтіп, топан судан аман қалып, құдайдың рақымымен әйелі екеуі мәңгілік өлмес тірлікке ие болған бабасы Утнапишти тұрған аралға келіп жетеді. Олардың кеңесімен Гильгамеш теңіз түбіне түсіп, одан қартты жасартатын сиқырлы бұта алып шығады, бірақ жылан шыға келіп, оның әлгі өсімдігін ұрлап әкетеді.

Поэманың негізгі түйіні — соншалық алып батыр да мәңгілік өмірге жете алмай, құдайдың әміріне көнуіне тура келді дегісі келеді.

Адамның мүмкіндігінде шек бар екендігі туралы ой тағы да бір поэмада байқалады, оның кейіпкері — Этана.

Ол да Гильгамеш сияқты «мәңгілік өмірге» жеткізетін сиқырлы шөп іздеп, бүркіттің мойнына мініп он төртінші аспанға көтеріледі. Ол аспаннан төмен қарап, жерден көз жазғанын көргенде батыр үрейленіп бүркіттің мойнынан қолын жібереді де, жерге құлап түсіп өледі.

Анағұрлым айқын үлгілері жоғарыда көрсетілген эпикалық шығармалармен қатар бізге шумер мен аккад лирикасы да келіп жетті. Құдайлар құрметіне гимндер де құрастырылған. Оның бірінде қылмыстыларды жазалайтын, түзде жүргендерге жар болатын күн құдайы Шамашты жырлайды.

Сонымен қатар, өмірдің мәнісіне терең ой жүгіртетін ерекше әдеби форма — диалог та (кейінірек антик әдебиетіндегідей) қолданылады.

Бұған «Мырзаның құлмен әңгімесі» деген шығарма тән. Бір бекзада патшаның қаһарына ұшырайды да, не істеймін деп құлымен кеңеседі. Өмір тұйығынан шығу мүмкіншілігінің бәрі таусылды. Патшадан үміт-қайыр үзілді, оған қарсы тұруға дәрмен жоқ. Әрине, мұның бәрін елемей, өмір өтпей тұрғанда оның қызығына түсу керек, ойын-сауық құрып, әйел сүйге болады, бірақ

оның да мәні жоқ. Зерігуде — азап, ал әйел болса, ол да жауыз («Әйел біткен — ор, адамның тамағын бауыздайтын өткір темір қанжар»). Құлдың айтуынша құдайдың қайырымдылығына сеніп болмайды, өйткені құдайдың адамның қайғысында шаруасы жоқ және ол—адамның жалбарынғанын да, өтінішін де естімейтін тас керен.

Бұл тұжырымнан біз діни идеологияның ірге тасын қозғалтатын діни скептицизмді байқаймыз. Құдайдың жоқтығы тікелей айтылмағанмен, діни жоралардың пайдасыздығын мойындау арқылы бұл бағытта алғашқы қадам жасалды.

Әңгіменің ақырында ызаланған бекзада көңілін жұбатпаған сайтан құлды өлтірмек болып қаһарын төгеді, ол болса жайбарақат қана, мырзасының өзінен соң үш күннен артық тұра алмайтынын ескертеді. Бұдан құл бекзада алдында қандай дәрменсіз болса, бекзада патшаның алдында да сондай дәрменсіз деген ой ашық көрсетілген.

Халық творчествосының белгілерін мол сақтап қалған ерекше жанр — мысал. Бізге бұл жанрдан жануар өмірі жайындағы әңгімелер келіп жетті (бүркіт пен жылан туралы, қорқақ та мақтаншақ түлкі туралы, қайырымды арыстан т. б. туралы).

Күнделікті өмір тіршілігінің ұсақ-түйегін кейде этиканың негізгі мәселелерін қозғаған мақал-мәтелді де атап өтуге болады. Бір мәтелде қаражатына қарай өмір сүрмегендікті айыптап, үнемдеуге шақырады: «Мырза құсап үй салған адам, құлша өмір сүреді; құлша үй салған адам, мырзаша өмір сүреді». Халықтың нағыз даналылығы соғысты айыптаудан көрінеді: «Сен жауының жерін шапсаң, ол сенің жеріңді шабады».

5. Ғылым. Ежелгі Қосөзендегі ғылыми жұмыс, көркем әдебиет сияқты, діни-мифологиялық көзқарастың зор ықпалымен дамыды, өйткені онымен айналысқандар, негізінен абыздар болатын.

Байқаулар мен тәжірибелер жүргізгенде көбіне айналаны қоршаған дүниені шын мағынада танып білу мақсаты қойылмады және жасалған қорытынды практикалық өмірде қолданылмады.

Әрбір затқа, әрбір құбылысқа өзінің шын қасиетімен қатар жорамал қасиеттер де берілді. Табиғатта байқалған құбылыстар мифологиялық схемаға енгізілді.

Органикалық және органикалық емес табиғат арасында шек қойылмады, су, ауа, аспан денелері тірі жан иелері деп есептелінді. Фетиштік және тотемдік көзқарастар бүкіл заттар мен тірі жан иелерін, адамға пайдалы ма, зиянды ма деген шын қасиеттеріне қарамастан жағымды, жағымсыз деп екіге бөлді. Мәселен, Шумерде қара тасқа жақсы қасиет, ал ақ тасқа жаман қасиет танды. Ал Вавилон магиясында, керісінше, қара тарақан қонырына қарағанда қырсық әкеледі деп ұғылды. Жылан болса бірде қатерлі, бірде қайырым мен ақыл алып келетін қасиетті деп

саналды. Сандардың ішінде де бақытты және бақытсызы болады деді оның календарьға және метрологияға әсері болды.

Әрине, практикалық қажеттілік діни-магиялық тыйымды бұзды не амалын тауып айналып өтті. Кейде магиялық өктемдікке қол жеткізу үшін істелген бақылаулар ойламаған жерден бағалы ғылыми жаңалықтар ашқызуға жеткізді. Дүниені тану баяу, бірақ үнемі діни көзқарастың бұғауынан босай берді, бірақ шығыс құл иеленушілік деспотиясы жағдайында бұл процесс аяқталмады.

Ең жақсы жетістікке математика мен астрономия саласында қол жетті.

Шумердің ірі храмдары мен патша шаруашылықтарында ондаған есепшілер жұмыс істеді, олар азық-түлік пен жұмыс күшін дәлдікпен, кейбір реттерде бөлшегіне дейін (мысалы еңбеккүнді анықтағанда) есептеп шығарды.

Ұй құрылысы мен суару жүйесін салу арифметика мен геометриялық білімді аса қажет етті. Магиялық ұғымның қалдығы алты ондық система еді (алты деген сан бақытты сан болып есептелді)¹. Бұның қолдануға қаншалықты қолайсыздығына қарамастан, одан толық құтылу қиын болды.

Кейірек, одан ыңғайлырақ ондық, компромистік система келіп шықты, бұнда негізгі сан алпыс болды (6×10), 360 т. б. Тәулікті 24 сағатқа, сағатты 60 минутқа, шеңберді 360 градусқа бөлу т. б. осы системадан басталған.

Шумер-Вавилон математикасындағы үлкен жетістіктің бірі—позициялық системаның құрылуы болды, ол бойынша көп таңбалы сандардың ішінде алатын орнына қарай цифрдың маңызы өзгеріп тұрады. Тік сына, әдетте бірді көрсетті, бірақ ондық таңбаның алдында, әдетте, ол 60 болып қабылданды да, басқа орындарда 3600 деген мағына берді. Ең бір үлкен кемшілік ноль таңбасының болмауы еді.

Алгебраның (квадратты теңеулер шешілді), геометрияның (шеңбердің ұзындығын, шеңбердің ауданын т. б. есептеу) алғашқы бастамаларын атап өтуге болады.

Астрономия жалған ғылым астрологиямен тығыз байланысты еді. Аспан жұлдыздарын зерттеу аспан денелері жеке адамның, бүкіл бір халықтың тағдырына ықпал етеді деген соқыр сезіммен шарттасып жатты. Аспан құбылыстарының Жер бетіндегі оқиғалармен кездейсоқ тура келіп қалуына негізделген толып жатқан фантазиялармен қатар ғылыми құндылығы да бар, әбден сенуге болатын қорытындылар да жасалды. Мысалы, 2000 жылда бір ауысып тұратын, жазғытұрғы күн мен түннің тенелетін күні, Күн мен зодиак белгілері арасында өз ара қатынас болатыны анықталды (Егіздер, Торпақ шоқ жұлдыздары эрасы т. б.). Күн мен айдың тұтылуы, Айдың Жерге ең таяу келетін мерзімі болжамданып айтылды.

¹ Одан шығатын сандар да (12, 36 т. б.).

Қосөзенде бүкіл Алдыңғы Азияға тараған күн-ай календары ойлап табылды. Ауыл шаруашылығының қажеттері календарлық есептеудің дәл болуын керек етті (атап айтқанда күн жылы мен ай жылын теңестіру үшін үш жылда бір келетін толық жылдың айына күн қосылады).

Шумер-вавилондық, кейіннен ассириялық көшірмешілер оқулық ретінде өсімдіктердің, жануарлардың, минералдардың тізімдерін жасады, кейде мүлдем аңғырт түрде болса да, оларды бір жүйеге келтіруге әрекет істеді. Мәселен, есек, жылқы, түйе бір топқа жатқызылды (жылқы—тау есегі, түйе—теңіз есегі), арыстанды үлкен ит деп атады т. с. с.

Құрбанға шалынған жануарлардың дене құрылысы ұқыпты зерттелді. Бізге балшықтан жасалған бауырдың модельдері келіп жетті. Бұлар балгерлік үшін қолданылған, бірақ іс жүзінде анатомиямен таныстыруда көмекші оқу құралы ретінде де пайдаланылған.

Б. э. дейінгі III мың жылдықта (Катоннан 2000 жыл бұрын) шумер тілінде топырақтың және мәдени өсімдіктердің құрамын т. б. есепке алған агрономия трактаты құрастырылған.

Сол сияқты жасанды тас жасаудың да сынамен жазылған рецептері де бар (мысалы синтетикалық лазурит жасау рецептісі).

Сонымен жаратылыс тану бірте-бірте магиядан қол үзіп, шаруашылық мақсатына қызмет жасай бастады.

Магияның күш алу процесін медицинадан да аңғарамыз. Әрине ішкі ауруларды анықтау жеңілге түспеді, мұны әдетте ауру адамның денесіне мейірімсіз рухтың, сиқыршының қаскүнемдігінің, мыстанның арам ойының енгендігі т. б. деп түсіндірді.

Ең жақсы емдеу құралдары жалбарыну, дұға оқу болды, мыстандардың фигураларын отқа жақты, ал дәрі-дәрмек қосымша ғана пайдаланылды.

Жалған ғылыми құрылымнан біршама азат болған хирургия болды. Мұнда айқын, көріп отырған құрылыспен жұмыс істеуге тура келді. Хаммурапи кезінде (б. э. дейінгі XVIII ғ.) Вавилон дәрігерлерінің көзге күрделі операция жасауға да батылы барды (қола пышақпен катарактаны алды), егер операция сәтсіз шықса қатты жазаланған (саусақтары кесілген). Шумерлер мен вавилондықтар жерді мәңгілік мұхиттан құдай жаратты деп есептегендіктен (әйел құдай Ки, кейінірек Бело құдай) құрылықты су қоршап тұр деген түсінік туған. Жер бетіндегі теңіздердің барлығы томпақ жер дискісімен ұласып жатқан сыртқы су шеңберінің шығанақтары деп есептелді (бұл дүние жүзінің вавилондық картасында көрсетілген).

Дүние жүзі елдері магияша түсінілген кеңістік болды. Шумер де елдерді Евфрат өзенімен жалғасып жатқан Жоғарғы (Жерорта теңізі мен Қара теңіз) және Төменгі (Персия шығана-

ғы) теңіздер деп екіге (қарама-қарсылық принципі бойынша) бөлді.

Бұл территориялық комплекстердің әрқайсысын шумерлер өзінше бағалап, оң жақта жатқаны бақытты және дос ел, ал сол жақтағысы жауыз және қас ел, деп санады. Алайда өмірден туған саясат потенциалды қас деп саналған теорияда тұратын халықтарды байланыс жасауға көндірді.

Географиялық объектілерді атау белгілі бір жоспар бойынша (яғни шеңбер бойынша, оңнан солға қарай немесе оған қарама-қарсы принципте) жүргізілді.

Біздің түсінігіміздегі тарихи ғылым Қосөзен халықтарында болған жоқ. Олар ірі-ірі оқиғалардың тізімін жыл бойынша жасап, соғыстарды суреттеп және патшаның құрылыс істері туралы жазып қалдырған. Тарихи өзгерістердің себептерін белгілі бір патшаның істеріне (қайырымдылығына не жауыздығына қарай) немесе олардың күнәсына құдайдың жасаған қаһары деп ұғынды.

6. Өнер. Өткен уақыттардағы және қазіргі қазба жұмыстарының нәтижесінде ежелгі Қосөзеннің көне шығыс деспотияларына тән белгілерімен қатар жергілікті жағдайлармен де анықталатын ерекшеліктері бар сәулет, мүсін және сурет өнерінің көптеген шығармалары бізге мәлім болды.

Шумерлер мен аккадтықтардың архитектуралық құрылыстары негізінен күйдірілмеген кірпіштен салынды. Тас пен ағаш кейбір құрылыс бөлшектерін (ағаш есік, таспен тегістеу т. б.) жасауға ғана қолданылды, негізгі материал болмады.

Архитектуралық үлгілер шығыс деспотияларына тән қарапайымдылық, монументальдық және геометриялық сипатта болды.

Көптеген храмдардың өзіне тән ерекшеліктері көп сатылы (бес немесе жеті қабатты) мұнаралы екендігі (зиккурат) еді. Бұл сатылар жер мен аспанды, жердегі билеуші мен көктегі құдіретті жалғастырудың нышаны болып есептелді. Соған қоса бұл мұнаралар аспан денелерін бақылайтын обсерватория міндетін де атқарды.

Қосөзен молалары нашар қазылған шахтыларға ұқсас, кірпішпен қаланған болды.

Жұп-жұмыр мүсіндерде, бедерлерде, сурет өнерінде, архитектурадағы сияқты, қарапайымдылық, симметриялық және біркелкілік басым болды.

Фигура бетіндегі жалпылама көрініс белдеуге дейін ғана көрсетілді және әдетте бірқалыпты, симметриялы болып келді. Құдай мен патшалардың бейнелері қарапайым адамдардан артықшылығын көрсеткендей үлкен жасалды.

Бейқам адамдардың, қатып қалған стандартты күлкі нышанының және оқыс қимыл мен ұмтылыс белгісі білінбейтіндігінің бірқалыптылығы бізді, әсіресе, таң қалдырады.

Алайда, кейбір тарихи моменттерде әдеттегі канондарды бұзуға және дәстүрлі шарттылықтан босануға әрекет жасалғандығын айтуға болады.

Әр түрлі халықтарды біріктірген Аккад державасының құрылуы кезеңінде әлеуметтік өзгерістер болып, сыртқы дүниемен байланыс кеңейген кезде, көркемдік өнерде де терең өзгерістер болғаны байқалады. Мұның бір айғағы тамаша ескерткіш — Стел Нарамсин. Мұнда әдеттегі белінен бөліп тастаудың орнына біртұтас композиция жасауға ұмтылушылық бар. Тау ландшафтысы фонында жартасқа жармасып, аяқты алшаңдай басып көтеріліп бара жатқан жауынгер бейнеленген. Оның жоғары жағында патша найзасымен жауын түйреп жатыр, ал енді біреуі үрейленіп қашып барады. Мұнда қимылдардың әр түрлілігі, жеңімпаздың өзіне деген мықты сенімі, ал жеңілгеннің үрейінің ұшуы өзінді баурап алады.

* * *

Шумер-вавилон мәдениеті Таяу Шығыс пен Европа халықтарына едәуір ықпал етті. Алты ондық система уақытты бөлуге (сағат, минут, секунд), кеңістікті ажыратуға (ендік пен бойлық градусы) мүмкіндік туғызды, универсалды сан болды. Әрқашан 12, 60, 180 және 360 деген сакралды сандарды кездестіргенімізде біз ежелгі Қосөзен халықтарын еске алуымыз керек. Қазіргі астрономдар бір кездегі шумер мен аккадтықтардың (вавилондықтардың) планеталар мен шоқ жұлдыздарға қойған атауларын әлі күнге дейін сақтап келеді, кейде антик замандағы өзгеруімен (Юпитер планетасы Мардукке, Шолпан — әйел құдай Иштарға сай келеді) атайды. Ежелгі Қосөзен поэтикалық образдарын жаңа заманның жазушылары қолданып келеді. Шумер-аккадтық түнек иесі Лилит Библия, Талмуд және апокрифтер арқылы б. э. XIX—XX ғасырына дейін жетті, бұларды И. В. Гёте және А. Франс та пайдаланды. И. Буниннің өлеңдерінде Вавилон сюжеттері кездесіп тұрады.

X I Т А Р А У

ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТТІҢ ТҮП ДЕРЕКТЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ

Ежелгі Қосөзеннің тарихы сияқты ертедегі Египеттің тарихы да бір жүйеге келтіріліп, терең зерттеле бастағаны XIX ғасыр болды.

Бұған дейін библия деректерінің және грек пен латын авторлары шығармаларының кейбір үзінділерін пайдалануға тура келді, бұлардың Египеттің жазба документтерін пайдалануға мүмкіншілігі болмады және өзге халықтың тарихын ауыз әдебиеті бойынша баяндады.

Вавилон-ассирия тарихына қарағанда, бізге белгілі болып отырған Египет өткендегісін суреттеген Геродот «Тарихы» әлдеқайда толығырақ, бірақ бір жүйеге келтірілмеген.

«Тарихтың атасы» Нилдің бойымен Египеттің солтүстігінен оңтүстігіне дейін саяхат шегіп, көне ескерткіштерді қарап, шайқас болған жерлерді аралап, грек тілін білетін египеттіктерден бұл халықтың әдет-ғұрпы мен өткендегі тарихын сұрап білді. Әңгімелескен адамдарының бұл мәліметтері үзінді түрінде еді, кейде бұрмаланған да болды, оны тексеруге Геродоттың мүмкіндігі болмады.

Кейде египеттік саяхатшыға әңгімелескен адамдары өз ата-бабаларының әскери ерліктерін әсірелеп айтып, оны әдейі шатастырды. Олар Геродотты фараондарының Сесострис деп аталатын біреуі Қара теңіздің солтүстік жағасына өтіп, скифтерді бағындырды деп сендірді. Ал шынында Египет фараондарының әскері Қара теңізге ешқашан жеткен емес. Сонымен қатар Геродот жинаған мәліметтің көбі, әсіресе көзіммен көрдім дегендері дұрыс (мысалы егіншілік жұмыстары, жануарларды пір тұту, мумия жасау әдісі т. б.). Бұдан көп кейін (б. э. I—II ғ.) Египет дінінің мәселесіне арнап грек жазушысы Плутарх арнаулы («Исид және Осирис туралы») кітап жазды.

Египеттің тарихымен антик заманның басқа да жазушылары айналысты, бірақ олардың бәрі де, Геродот пен Плутарх сияқты, египеттіктермен ауызекі әңгімеге сүйенді, егер олар Египет жазуын көрген болғанда да оны оқи алмас еді.

Б. э. дейінгі 332 жылы Александр Македонский Египетті жаулап алғанда, ол жерге көптеген гректер барып қоңыстанып, оның өткендегі тарихымен айналысушылар көбейді және Египет абызы Манефон грек тілінде «Египет тарихын» жазды. Ол хронологиялық схема жасады (негізінен дұрыс) және Египет тарихындағы бірқатар оқиғаларды дұрыс фактілерді аңызда айтылғандармен қоса баяндап берді.

1. **Египет жазуларын оқу.** Жаңа заман тарихшыларының мұндай деректерді пайдаланбасына болмады. Әрине Египеттің жерінде көптеген ескерткіштер сақталып қалды (пирамидалар, храмдар, обелискалар, колосстар), бұлардың бетіне жазылған таңбалар да бар, бірақ мұны оқып, түсіну ұзақ жылдар бойы нәтижесіз болып келді. 1822 жылы ғана француз ғалымы Ф. Шампольон Египет иероглифтерін оқудың жолын тапты.

Бұған негіз болған генерал Бонапарттың (болашақ император Наполеон) Египетке 1799 ж. жасаған жорығы кезінде табылған Розет тасындағы екі тілдегі (грек-египет¹) жазу еді. Бұл жазуда Македоннан шыққан Птолемей есімді патшаның қол астындағы халыққа екі тілде (египет және грек-македондықтар тілінде) декрет жазып таратқаны туралы айтылады.

¹ Египет тіліндегісі екі шрифтпен: иероглифпен және тез жазумен (демо-тикпен) жазылған.

Птолемейдің есімі өрнектеліп (картушпен) қоршалған, оны әріптерге ажыратуға мүмкіндік болды. Бұл алғашқы қадам ғана еді. Қалған сөздер дауыссыз әріптерден тұрды (дауысты дыбыстар, кейбір жағдайда болмаса, жазуда қолданылмайтын), дауыссыз әріптер буындық таңбалар мен логограммалардың («ұл», «өмір», «қайырымдылық» т. б. сияқты сөздерді білдіретін таңбалар) арасында жазылды.

Ф. Шампольон (қиын салыстырулардан кейін) бірқатар таңбаларды анықтады. Оның шәкірттері, ізбасарлары бұл жұмысты аяқтап шықты. Ең әуелі тасқа жазылғандарды ажыратумен шектелсе, сонан кейін папирус беттеріне (арнаулы қамыс талшықтарынан жасалған) қара, қызыл сияларменен жазылған жазулар оқылды.

Бұл жазбалардың көпшілігі тез жазумен (иератикамен) кейінірек демотикамен жазылған; демотика қазіргі стенографияға ұқсайды. Папирус жазуларының ішінен төмендегілерді атап өтуге болады: Лейдендік № 344 (халық көтерілісін жазған) Туриндықтардың бірі («Өлілердің кітабы» деп аталған атақты еңбектің бірінші данасы) т. б. бірнеше қолжазбалар, бұлар Эрмитажда (Ленинград) және А. С. Пушкин атындағы бейнелеу өнерінің музейінде (Москва) сақтаулы.

2. Археологиялық ескерткіштер. Жоғарыда айтып өткендей, Египетте көптеген ескерткіштер жер бетінде сақталған (көптеген пирамидалар, қабырғалары жазуға толы орасан зор фиван храмдары).

Бірақ та көптеген ескерткіштерді құм басып қалған. Мұны ашу үшін қазба жұмыстарын жүргізу керек болды.

Бүтіндей қалалар және жартастардағы молалар қазылып аршылды. Әңгіме мынада еді: б. э. дейінгі II мың жылдықтың ортасында Египет фараондарын көрініп тұратын, тонап кетуге жеңіл пирамидаларда жерлемеді, жартас араларынан ойып салынған жер астындағы, құпия жерлерде жерледі. Соның өзінде осы тас үңгірлердің көпшілігі тоналған. Соның ішінде, қазір бізге белгілі болып отырған бір ғана мола аман сақталған. Бұл — 1922 жылы ағылшын археологы Г. Картердің патшалар аңғарында (Фивы қаласының батысы) табылған әлемге әйгілі Тутанхамонның (б. э. дейінгі XIV ғ.) моласы. Бұл моланың ішіндегі төрт камераның бірінде патшаның — 19 жасар аурулы жігіттің—мумиясы сақталған, ол тамаша ювелир жұмыспен безендірілген алтын саркофағқа салынған (оның бет келбетін жақсы беретін алтын маска қайран қалдырады), сол молаға қатарлап тағы жеті табыт қойылған, олар алтыннан, тастан, ағаштан жасалған. Табыттардың жанында сансыз көп құнды бұйымдар бар (әсем, нәзік, өрнек салынған алебастр құмыралар, күміс құбырлар т. б.). Бұл жерге ауа кірмегендіктен веноктар мен гүлдер де 3300 жыл бойы шірімей сақталып жатқан. Қазір бұл байлықтың барлығы да АРЕ астанасы Қайр қаласының музейінде сақтаулы.

Соңғы кездерде археологиялық қазба жұмыстарына Египет Араб республикасының өз отанының өткендегі тарихымен айналысушы жергілікті зерттеушілер де араласты. 1954 жылы М. З. Гонейм бір пирамиданы қазып, одан аты бұрын белгісіз Сехемхеттің III династиясының бір фараонын (б. э. дейінгі XXVIII ғ.) тапты.

Бұл фараонның алтынданған алебастрдан жасалған саркофағы, өкінішке орай, бос болып шықты, бірақ тоналған белгісі де білінбеді. Сірә фараонның мумиясын бұдан да басқа қауіпсіз бір жерге жерлеген болуы керек.

Совет зерттеушілері Б. Б. Пиотровскийдің басшылығымен Асуан плотинасы аймағында сәтті аяқталған біраз археологиялық қазбалар жүргізілді (жартастарға салынған суреттер мен жазулар, династияға дейінгі дәуірдің мал бағу фермалары т. б.) табылды. Египет Араб республикасының үкіметі су астында қалып бара жатқан Асуанның оңтүстігіндегі бағалы ескерткіштерді сақтап қалуда біраз шаралар жүргізді. Қауіпсіз жерге көшіруге болмайтын ескерткіштер судан сақтайтындай етіліп жабылды.

3. Ғылым тарихы. XIX және XX ғасырлардағы көптеген табыстар (біз тек ең жақсы үлгілерін ғана атап өттік) ежелгі Египеттің өткенін зерттеуде база жасап берді. Ең әуелі басты назар дінге, әдебиет пен өнерге және саяси өмірге аударылды. Әлеуметтік проблемаларға деген ықылас кем болды. Егерде ежелгі Вавилоннан капитализмнің белгілері ізделсе, ал Египетте крепостниктік правомен феодалдық бөлшектену болды деп жорамалданды (әсіресе Американың Египет зерттеушісі Д. Г. Брэдтедтің еңбегінде).

Революцияға дейінгі орыстың Египетті зерттеушілерінің ішінде В. С. Голенищевті атап өтуге болады. Ол бірнеше құнды ескерткіштерге түсініктеме жазды (күйреген корабль туралы аңыз, магиялық текстер, нақыл сөздер т. б.). Сонымен қатар Египеттің діні мен әдебиеті тарихы жайында («Тот құдай», «Египет әдебиеті») келелі еңбек қалдырған Б. А. Тураевты ерекше атап өткен жөн. Оның бұдан басқа да көптеген зерттеу еңбектері бар.

Советтік Египет зерттеушілері ежелгі Египеттегі әлеуметтік қатынастар мен таптық күрестің ерекшелік мәселесіне тоқталды. Бұл тараптан көп еңбек сіңірген ғалымдардың бірі В. В. Струве. Ол да ежелгі Египеттің хронологиясы жайында еңбек жазды. Сонымен қатар Ю. Я. Перепелкиннің (әсіресе оның «IV Аменхотептің төңкерісі» деген монографиясы), В. И. Авдиевтің (Египеттің әскери тарихы), М. А. Коростовцевтің (Египеттің әдеби ескерткіштерінің басылымына жазылған түсініктемесі және «ежелгі Египеттің көшірмешілері» деген монографиясы), Т. Н. Савельеваның, Р. И. Рубинштейннің, Е. В. Черезованың, Н. С. Петровскийдің, О. Д. Берлеваның, И. С. Кацнельсонның, И. А. Стучевскийдің еңбектерін атап өткен де жөн.

КӨНЕ ЕГИПЕТ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ПАТШАЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЕГИПЕТ

1. Табиғат жағдайы. Египет мемлекеті Африканың солтүстік-шығысында пайда болды. Оның негізгі бөлігі Нил аңғарының, бірінші шоңғалдарынан Жерорта теңізіне дейін алып жатқан жерлер болды, бұған қоса шығысында (Нил мен Қызыл теңіз аралығы) Аравия таулы өлкесі, батысында Ливия үстіртінің біраз бөлігі де қарады.

Египеттіктердің өздері «Қызыл жерге», яғни шөл далаға қарағанда бұл жердің топырағының құнарлылығын көрсетпек ниетпен өз елін «Қара жер»¹ деп атаған. «Египет» деген атау оның ежелгі астанасы — Хэкау-Птахты, яғни «Птах (құдайдың) рухының қорғанын» — Мемфисті — гректердің бұрмалап, поэтикалық әсерлеп айтуынан алынған.

Египеттің Қосөзениен айырмасы — мұнда халық ежелгі тас ғасыры (палеолит) кезінде-ақ мекендеген. Бірақ ол кездегі тұрғындар негізінен Нилдің батпақты аңғарлары қоршап тұрған үстіртті жерді мекендеген аң аулап кезіп жүрген тайпалар еді. Олар ұлы өзеннің жағалауына анда-санда бір түсетін. Ол заманда Еуропаның едәуір бөлігін мұз басып жатты, ал Жерорта теңізінің солтүстік жағалауында тундра жазылып жатты. Сондықтан да Солтүстік Африканың климаты қазіргідей ыссы және құрғақ болмауы табиғи құбылыс еді. Жаңбыр да жиі жауды. Африканың кең-байтақ даласын қалың шөп пен бұта басып жатты. Бұл жерде көптеген жабайы жануарлар, пілдер мен жирафтар да (кейінгі дәуірде бұлар Египетте ұшыраспайды) әр түрлі (түйеқұс т. б. ұсақтары) құстар да өсіп-өнді.

Кейінірек, Еуропаның мұздықтары бүтіндей ерігенде бұдан шамамен 12—15 мың жыл бұрын Солтүстік Африканың климаты өзгере бастады, бұрынғы көк майса дала біртіндеп шөл далаға айналды.

Алғашқы тұрмыстық аңшылар олжа таба алмағандықтан Нил аңғарына ойысып, шағын территорияға топталып, шаруашылықтың прогресті түрі — егіншілік және мал шаруашылығымен айналысты. Нилдің тар аңғары (ені 4—20 км) тек солтүстіктегі шетіне жақындағанда, Жерорта теңізіне құяр сағасында ғана тарамдалып (формасы үш бұрыш тәріздес батпақты жер атырау құрды. Сонымен Египет екі бүйірінен шөл көмкерген үлкен оазиске айналды.

Атмосфералық жауын-шашын барған сайын азая берді (әсіресе оңтүстігінде), іс жүзінде шаруашылық үшін мұның пәлендей маңызы бола қоймады. Адамның өмір сүру мүмкіндігі өзен

¹ Кейде «Қос жер» немесе «Сүйікті жер» деп те атаған.

суымен байланысты болды, гректердің Египет — Нил сыйы деуі бекерге айтылмаған.

Тропикте үнемі болып тұратын нөсерлі жаңбыр соншалықты үлкен өзенді (ұзындығы жөнінен дүние жүзінде екінші орында) жыл сайын (июль айында) арнасынан асырып, тасытты. Табиғи дөңестер мен арнайы биіктетілген жерлерге орналасқан қалалар мен селениелерден басқа жердің бәрі су астында қалды.

Ноябрьде Нилдің суы тартылып, егістік жерде құнарлы тұнба қабаттарын қалдырады.

Тасқынның соңынан іле-шала төрт айлық екінші маусым (егіс маусымы), одан кейін үшінші, соңғы маусым — астық оратын (март—июль) кезең басталады. Бұл кезде ыссылық жоғарғы шегіне жетеді де маусымның соңында ғана бәсеңдеп, жалап бара жатқан оңтүстік желінің орнына, египет ақындары жыр еткен солтүстіктің самал желі есе бастайды және Нилдің суы барған сайын толықсып, таситын кезең де таянады.

2. **Халқы.** Нил аңғарындағы топырақ Қосөзеннен өнімді кем берген жоқ. Алайда, Египеттің ежелгі дүниенің сарқылмас астық қорына айналуы үшін (суарылмалы егіншіліктің басқа елдері сияқты) егіншілікпен айналысатын халықтың көптеген ұрпағының орасан зор еңбегі (батпақты жерді құрғату, өзен суларына бөгет жасау және канал қазу арқылы бірдей етіп тарату, топырақтың сорлануына қарсы шаралар алу т. б.) қажет болғанын ұмытпауымыз керек. Египеттіктер (Қосөзеннің көп тайпалы халқына қарағанда) семит-хамит тобына жататын (оның хамит тармағы) бір тілде¹ сөйлеген біртұтас халық болды.

Сыртқы түрлері жағынан олар сымбатты дене бітімдерімен, қараторы түстерімен ерекшеленеді. Египет суретшілері әйелдерді неғұрлым ашық өңді етіп бейнелейді (шамасы олар күнге күйіп тотығудан сақтанатын болса керек). Азиялық семиттердің қалың бакенбардылары мен сақалдарына қарағанда египеттіктерде бұлар жоқтың қасы болды. Египет патшаларының ұзын шоқша сақалы жақыннан мұқият қарағанда жасанды екені аңғарылып тұрады. Барлық египеттік ер адамдар да әйелдер де тегісінен қара шашты және қара көзді болып бейнеленеді.

Египеттің негізгі этникалық тұрғындарына бөтен ел халықтары да араласып кетіп тұрды. Оңтүстіктен мұнда кушиттер немесе нубилықтар (гректер оларды эпиоптар² деп атаған) қоныс аударды. Олар египеттіктермен туыстас еді, бірақ ішінара негрлермен араласып, солардың антропологиялық сипаттарын қабылдағандары да кездесетін. Жекелеген жағдайларда Египетке Орталық Африканың ергежейлі тайпаларының өкілдері келуі де кездесетін.

¹ Кейбір фонетикалық айырмасы бар бірнеше диалектіге бөлініп кетушілік болған.

² Қазіргі Эфиопияның (Абиссинияның) тұрғындарымен шатастыруға болмайды. Антик Эфиопия негізінен осы күнгі Судан еліне сәйкес келеді.



Ежелгі Египеттегі зат алмасуы

Египетке батыстан дене түстері ак, көздері көк ливиялықтар да (семит-хамит тобының бербер тармағының өкілдері) өтіп тұрды. Солтүстік шығыстан Нил аңғарына азиялық халықтар (негізінен семиттіктер) сан рет басып кірді.

Алайда бұл қоныс аударушылардың бәрі де аз уақытта-ақ ассимиляцияға ұшырап, жергілікті египеттіктермен араласып, солардың тілі мен әдет-ғұрыптарын қабылдап отырған және египеттіктердің антропологиялық типіне елеулі ықпал жасамаған.

Египеттіктердің батпақты Нил аңғарын (атырауымен қоса) тұрақты игеруі негізінен б. э. дейінгі V мың жылдықта, жаңа тас ғасырынан (неолит) басталады да б. э. дейінгі IV мың жыл-

дық шамасында, мыс-тас ғасырында (энеолит дәуірінде) жалғаса түседі.

Бірнеше кварталдарға бөлінген ең ірі неолиттік мекен-жай (250 кв. м-ге жуық) қазіргі Меримде-Бенисалам іргесінде, атыраудың батыс жақ шетінде болыпты. Оның тұрғындарының шаруашылығында өзен аңдарын (негізінен гиппопотамдарды) аулау мен балық аулау елеулі орын алған. Алайда, ешқандай күмән туғызбайтын берік отырықшылық оларға теселі егіншілікпен қызу айналысуға мүмкіндік берді. Мал шаруашылығы да (әсіресе шошқа шаруашылығы) дамыды. Тас құралдар тамаша даму дәрежесіне жетті (жүзі өткірленген тас балта, орақ орнына қолданылатын шақпақ тастан жасалған ара т. б.).

Алғашқы мыс бұйымдар (өте аз мөлшерде) келесі дәуірдегі Жоғарғы Египеттен табылып отыр (осы күнгі Бадаридан). Бұл жердің тұрғындары (б. э. дейінгі IV мың жылдықта) аңшылық пен термешіліктен егіншілік пен мал шаруашылығына (ұсақ малдарды, кейіннен ірі қараны да өсіруге) көшкен.

Династияға дейінгі бірінші және екінші кезең деп екіге бөлінетін келесі сатыда (шамамен б. э. дейінгі IV мың жылдықтың екінші жартысында),—мыс құралдар (гарпундар, балық аулайтын қармақтар, инелер, ал кейінірек тіпті құйылып жасалған балталар мен қанжарлар) барған сайын жиірек ұшырай бастайды. Алайда тас құралдар әлі де басым еді, олар бұл кезде техникалық тұрғыдан барынша жетілдіріле түсті. Көршілес далаларды басып өтетін ағын сулар барған сайын азайып тартыла беріп, ақырында арналары мезгіл-мезгіл құрғап қалатынды шығарды (вади). Мұның өзі Нил аңғарын неғұрлым жүйелі түрде игеруге көшуге және қолдан суару үшін алғашқы талпыныстар жасауға алып келді.

Б. э. дейінгі IV мың жылдықтың аяғына таман аңшылық бірте-бірте алғашқы мәнінен айрылып, бұдан кейінгі уақытта шаруашылықтың күн көріс түрінен гөрі едәуір мөлшерде көңіл көтерер сөйілге айнала бастады.

Қолөнершілік қызмет саласында елеулі табыстарға қол жетті. Қолөнершілер жасаған бұйымдардан, әсіресе, аса шеберлікпен әшекейлеп жасаған керамика мен ғажайып тас ыдыстарды ерекше атап айтуға болады. Фаянсты (кварцты құм мен әйнек қоспасы) ойлап табу — алға басудағы үлкен қадам болды және бұл тұңғыш рет Египетте жүзеге асты.

Нил аңғарынан (Кіші Азия мен Эгей теңізінен әкелінген) обсидианның, бірнеше аралық елдер арқылы алыстағы Памирден әкелінген лазуриттің, Куштан жеткізілген қара ағаш пен басқа да бөтен елдерден әкелінген шикізаттың бірқатар түрлерінің кездесуі өзге елдермен байланыстың болғандығына дәлел бола алады. Қатынас құралдарының бұл кезде едәуір дамығаны байқалады.



Египет қайығының моделі

Египеттегі негізгі қатынас құралы болған өзен транспортының¹ елеулі түрде дамығанын біз саз балшықтан жасалған ыдыстардағы суреттерден (каюталы және он алты есекті қайықтардың суретінен) көріп, аңғарамыз.

3. Рулық құрылыстың ыдырауы. Айтылған фактілердің бәрі (сан жағынан бұларды көбейте беруге болады) өндіргіш күштердің ұдайы дамып отырғандығын көрсетеді, осының нәтижесінде Египетте алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы және құл иеленуші қоғамның алғашқы сатысына көшу үшін қажетті жағдайлар туды. Матриархат бұл кезде патриархатқа орын берді, алайда аналық правоның қалдықтары Қосөзенге қарағанда Египет тұрмысы мен әдет-ғұрпында айқынырақ сақталып қалды (мұның өзі баяу дамудың айғағы). Адам атына әкесінің аты тіркеліп айтылмай, анасының аты қосылып айтылуы, жекелеген жағдайларда мұрагерліктің өзі аналық жолмен (атасынан — қыздан туған ұлға көшу арқылы) жүзеге асуының бәрі құл иеленуші мемлекет біржола қалыптасқан кейінгі кезеңде де байқалып отырған.

Алайда бұл құбылыстардың тарихи мәнін шамадан тыс өсіріп көрсетудің қажеті жоқ (көбіне осылай болып жүр). Көп жағдайда іс құрғақ сөзбен бітіп жүрді. Іс жүзінде еркек семьяның басы болып, өзіне опасыздық жасаған әйелді отқа өртеп өлтіруге (фараон Хифу мен сиқыршылар туралы ертегіде айтыла-

¹ Египетте донғалақы транспорт Қосөзенге қарағанда әлдеқайда кеш (б. э. дейінгі II мың жылдықта ғана) шықты. Ауыр заттарды тасу үшін жүк артатын малдар (есектер), ал жартастарды жеткізу үшін құм үстімен сүйретін шаналар қолданылған еді.

тындай) праволы болған. Ал әйеліне опасыздық жасаған еркекті жазалау жайында айтылғанды естіп білгеніміз жоқ.

Египетте рулық-тайпалық құрылым тұңғыш жазба документтер шыққанға дейін жойылып кеткен. Әйелдер еркектермен бірдей қатысатын тайпа жиналысы жөнінде біз тек қана аса маңызды мәселелерді шешуге жиналатын еркек және әйел құдайлар жөніндегі мифтерден ғана білеміз, ол мифтерде құдайлар жоғарғы құдай Раның (тайпаның көсемі ролінде көрінетін) еркімен көп санаса бермейді, өз ара дөрекі ұрыс сөздерге барады, кейде бір-біріне күш те жұмсайды.

Осындай мифологиялық көріністер, сөз жоқ, рулық-тайпалық құрылыстың тұрмыс тіршілігі мен әдет-ғұрыптарынан хабар береді.

4. Құл иеленуші құрылыстың пайда болуы. Египетте де (өзге елдердегі сияқты) рулық байланыстардың әлсіреуімен байланысты селолық (көршілік) қауым қалыптасып шықты, өкінішке орай қауым жөнінде мәліметтер өте аз. Династияға дейінгі уақыттың өзінде, жоғарыда айтылғандай, өндірісте пайда болған өзгерістер мен айырбастың дамуы нәтижесінде мүлік жіктелісі басталды деп сеніммен айта аламыз.

Әлеуметтік өзгерістердің сырт белгілерін біз меншік иелерінің ыдыстардағы таңбаларынан көреміз. Екінші жағынан, қазбалар кезінде қолдары байланған адамдар мен әр түрлі жұмыс істеп жүрген малайлардың (мысалы су тасушылардың) статуэткаларын кездестіруге болады. Мұның бәрі қолға түскен соғыс тұтқындарын (кездейсоқ және сирек болса да) құлға айналдырып, күшін пайдалану жолындағы алғашқы талпыныстарды көрсетеді.

Әлеуметтік қатынастардағы осындай өзгерістер тайпалық құрылыстан мемлекетке көшуге алып келді, бірақ мұның өзі, әрине, бірден бола қойған жоқ. Алғашқы кездерде бірнеше ондаған номдар¹ пайда болды. Олардың әрқайсысы, мекен жайлар мен алқаптары және табынатын өз қамқоршы құдайы (кейде құдайлар әулеттері) бар белгілі бір қалалардан тұрған.

Осындай аймақты басқарушы әкім (грекше «номарх») бірте-бірте тайпаның (немесе тайпалар одағының) көсемінен нағыз кішкентай патшаларға айналып, егіншілік жұмыстарына (әсіре-



Дән үгіп жатқан күн

¹ Грек термині. Египетше мұндай ұсақ мемлекеттік құрылымдар «сенат» деп аталған. Олардың классикалық саны (42) неғұрлым кейінгі кезге жатады.



Құлға айналдырылған соғыс тұтқындары

се суландыру жұмыстарына), сондай-ақ әскери істер мен діни ғұрыптарға да әмір жүргізетін болған.

Нил суының жайылуын реттеп, оны жалпы Египет көлемінде біржелкі пайдалану қажеттігі бұл ұсақ мемлекеттік құрылымдардың бірігуіне ықпал етті, мұның өзі өз ара қыркысу соғыстары процесінде жүзеге асты, өйткені олардың әрқайсысы-ақ осы бірлестіктің басында болғысы келді.

Күшейе бастаған шонжарлар құлдар мен қатардағы қауымдастарды басып ұстап отыру үшін неғұрлым берік мемлекеттік аппарат құруға тырысты. Ең алғаш елеулі екі мемлекет: Жоғарғы Египет (оңтүстікте, Нилдің тар аңғарында) және Төменгі Египет (солтүстікте, атырауда) құрылды.

Бірақ іс мұнымен тоқталып қалған жоқ. Жоғарғы Египет неғұрлым күшті және берік ұйымдасқан бірлестік болды да, оның патшалары оңтүстікте тапшалық жасайтын жайылымдарды кеңейту үшін солтүстік аймақтарды бағындыруға, Жерорта теңізіне шығу үшін және Азияға шығатын құрылықтағы жолдарды қарату үшін күш салды.

Атырауды басып алу жолындағы осындай әрекеттердің бірі жайлы оңтүстік патшасы Нармердің жасатқан шифер пластинкасы баяндайды, онда суреттер және қарапайым пиктографиялық жазу арқылы солтүстіктегілерді жеңгендіктері, 6000 жауды тұтқынға алғаны туралы айтылған.

5. Біртұтас мемлекеттің құрылуы. Дәстүрге орай, елдің неғұрлым берік бірлігін Жоғарғы Египет патшасы Менес (Мина) жүзеге асырды, ол Төменгі Египетті б. э. дейінгі 3000 жыл шамасында бағындырып, біріккен елдің I династиясының негізін қалады. Елдің астанасы Абидос қаласы болды. Жылнамашылар патшалардың билік құрған жылдарының есебін¹ сол кезден бастайды. Осы біріктіруден кейін де атырауда көтерілістер болып тұрғанмен, олар Египеттің екі бөлігінің қосылуына бөгет бола алған жоқ. Ежелгі кезде екі патшалық болғаны жайлы естелік

¹ Палерм тасының беті (ол тас сақтаулы тұрған жер атымен аталған) екі жағынан бірдей төрт бұрыштарға бөлінген, олардың әрқайсысы жылды бейнелейді. Бұл — әлемдегі бізге белгілі ең көне жылнама (өкінішке орай оның бізге фрагменттері ғана келіп жетті).

ретінде екі түрлі — Қызыл (Төменгі Египеттікі) және Ақ (Жоғарғы Египеттікі) тәждар сақталып қалды, олар бірінің ішіне бірі киілген, сондай-ақ қатар жұмыс істейтін екі мекеменің — Ақ үй мен Қызыл үйдің болғандығы да байқалады.


Алғашқы екі династия билеген кезең шартты түрде Алғашқы патшалық деп аталып, екі жүз жылдан аса мерзімді қамтиды.

Елдің саяси бірігуі енді жалпы мемлекеттік көлемде дами бастаған суландыру жүйелерін кеңейтуге және жетілдіре түсуге жағдай туғызды. Қоғамдық жұмыстар мезгіл-мезгіл Нил суының деңгейін өлшеп, каналдар мен плотина-лардың дұрыс сақталуын қадағалап отыруға міндетті патша чиновниктерінің бақылауымен жүзеге асырылды.

Династияға дейінгі уақыттың өзінде-ақ экономиканың негізіне айналған ауыл шаруашылығы енді елеулі биік дәрежеге көтерілді. Егіншілікпен (негізінен арпа мен қос дәнді дақыл, аз мөлшерде бидай егілетін) бірге бау шаруашылығы дамиды. Елдің солтүстік бөлігінде жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісі, ал оңтүстігінде құрма ағаштарын өсіру көбірек орын алды. Елдің барлық бөлігінде сондай-ақ смоковница (инжир) ағашын өсіру де кең тарайды. Техникалық дақылдардан зығырдың үлкен мәні болды. Жүннен тоқылған матаны көбірек пайдаланатын Қосөзенге қарағанда египеттіктер тек қана кенептен істелген киім қиетін. Огородта пияз, сарымсақ, шомыр, қияр және басқа да овоцтар өсіретін. Үй хайуанаттарынан мүйізді ірі қараның ерекше маңызы болды, олардан ет пен сүт қана алынып қойған жоқ, сонымен бірге егіншілік жұмыстары кезінде олар (есектермен қатар) көлік ретінде де пайдаланылатын. Ешкі, қой, шошқа да өсірілді. Құс ко-



Жауын жеңген Нармер патша. Шифер тақташадағы сурет



Мата тоқу

раларда қаз бен үйрек ұсталды (тауықтар едәуір кейін өсіріле бастады).

Алғашқы династиялар кезінде мыс кені мол көршілес Синай түбегіне бірнеше рет экспедициялар шығарылады. Бұл — мыс құралдарын (балталарды, араларды, пышақтарды) көбірек пайдалануға мүмкіндік туғызды. Бірақ та металл құралдардың толық жеңіп шығуына әлі көп уақыт бар еді. Тіпті бертіңгі кезде де соқа мен тесе ағаштан жасалды, орақтың жүзі ретінде шақпақ тас қойылды.

Бұл жерде Нил аңғарындағы табиғи жағдайдың өзі қарапайым құралдар көмегімен де жоғары өнім алуға мүмкіндік бергендігін ескеру керек. Жерді терең жырту зиянды болды, өйткені онда топырақ сортаңдалып кететін еді.

6. Ежелгі патшалық. Деспотия. Алғашқы патшалық ғылымда шартты түрде Ежелгі патшалық¹ деген атқа ие болған ұзаққа созылған дәуірге (шамамен б. э. дейінгі 2800—2250 жылдар — III—VI династиялар билеген кез) кіріспе кезең болды. Өзінен бұрынғы Алғашқы патшалыққа қарағанда Ежелгі патшалық елдің неғұрлым берік топтасуымен және орталықтанудың күшеюімен сипатталады. Төменгі Египеттің (атыраудың) бөлініп шығуға деген әрекеттері тоқталады. Джосер (III династияның негізін салушы — б. э. дейінгі XXVIII ғасырдың бас кезі) патшалық құрған кезден бастап елдің астанасы — Мемфис қаласы болды. Ол — Төменгі және Жоғарғы Египет шекарасында (осы күнгі Каирдың оңтүстік-батысында) орналасқан, Менес патша негізін салған қуатты қамал еді.

Патша билігі күшейе түсіп, деспоттық сипатқа ие болады. «Патша» деген сөздің өзі қастерлі саналатыны сөншалық, оны өте бір сирек жағдайда болмаса, дауыстап айтуға ешкімнің де қақысы болмаған, әмірші туралы айтқанда тұспалдап қана сөйлеп, «фараон» («Үлкен үй» деп атап, бұл үйде тұратын адам жайында тұспалданады) деген сөзді қолданатын болған. Документтерде фараон ресми түрде «қайырымды құдай», «Раның (басқаша айтқанда Күннің) ұлы» Гора деп т. с. с. аталатын болған.

Қол астындағы адамдар, патшаның алдына келгенде, оның алдына етпеттеп «қарындарымен» жата қап, өз әміршісінің аяғының астындағы жерді сүйеге міндетті болған (патшаның аяғын сүйю правосы таңдаулы адамдарға ғана берілетін).

Фараонның осындай құдіретті болуы оның қолындағы аса зор байлыққа негізделген еді. Өңделетін жердің бәрі соның меншігі болып есептелінетін. Шын мәнінде ол, әрине, патша помещісін ұйымдастыру үшін және семья мүшелеріне, туыстары мен бекзадаларға бөліп беру үшін ол жерлердің белгілі бөлігін ғана меншіктенетін.

¹ Соңғы уақыттарда кейде «Ескі патшалық» деген термин де қолданылып жүр. Түсініспестік болып жүрмес үшін ол терминнің «Ежелгі патшалық» деген атауға толық сай келетінін ескерткіміз келеді.

Рудниктер мен тас өндіретін орындар толығынан патшаның билігінде болды. Халықтан жиналатын алым-салық көбіне мемлекеттің емес, фараонның жеке басының қажеттеріне жұмсалатын. Сондай-ақ тұтас елдің мүддесін көздейтін міндетті түрдегі қоғамдық жұмыстар (каналдар қазу, бөгеттер салу) мен фараонның жеке басының пайдасын көздейтін жұмыстар (сарайлар салу, әсіресе патшаға арнап зираттар соғу) арасында әлдеқандай шекара болмады.


Фараон елді басқаруда кейінірек шыққан араб термині бойынша уәзір деп аталып жүрген, жоғары бас төре басқаруындағы анағұрлым күрделі бюрократтық аппараттың көмегіне сүйенетін.

Бұл бекзада мемлекеттік мекемелер мен храмдарға бақылау жасайтын, жасаққа адам алуды басқаратын және бас би (судья) боп табылатын. Оған төменгі және жоғарғы чиновниктердің тұтас армиясы бағынышты еді. Қандай да болсын қызметке алудағы басты шарт — сауаттылық болса, оған жұрттың бәрінің қолы жете бермейтін.

Әрбір көшірмеші (әсіресе, ол бастықтарға жағына алатын болса) чиновниктік мансап-дәрежеге жете алатын еді.

Аса зор шексіз билікпен пайдаланған фараон үстемдік етуші шонжарлар мен абыздардың мүддесі үшін қызмет етті. Ол өзінің жер қорының елеулі бөлегін сарай қызметкерлеріне, сондай-ақ бұрынғы тәуелсіздігін жоғалтқан номархтарға үлестіріп беріп отырды. Бұл поместьелерде өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған, берілген тапсырмаларды («сабақтарды») орындағаны үшін белгілі мөлшерде азық-түлік алып отыратын көптеген мың егіншілер, малшылар, балықшылар мен қолөнершілер жұмыс істеді.

Сондай-ақ тұтқынға түсіп, айдалып келген кушиттер, ливиялықтар мен азиялықтардың біразы құлға айналдырылып (өз отандастарын құл ету ол кезде әлі өте сирек кездесетін), еңбегі қаналды. Құл иеленуші қоғамның бұл алғашқы кезеңінде құлдар саны, әрине, әлі де тым аз болатын. Біз оның дәл есебін білмейміз, бірақ, барлық мәліметтер бойынша, құлдарға қарағанда ерікті адамдар әлдеқайда көп болған деп айта аламыз. Сөйте тұра, көптеген кедейлер заң жүзінде құлдардан айырмасы болғанмен де, экономикалық жағынан құлдарға жақын болған. Өз беттерінше ұсақ шаруашылық жүргізетін қатардағы егіншілер саны барған сайын азая берді. Өз үлесіне тиген жерін сату ұшыраса бастады. Текстерде дәулеттілер өкіміне (бекзадаларға, абыздарға т. б.) тәуелді «аштар мен жалаңаштар» жайлы деректер кездесіп қалады. Қатардағы егіншілер мен қолөнершілер фараонға, номархтарға, абыздар мен бекзадаларға неше түрлі жолдармен табылған материалдық игіліктердің басым көпшілігін беріп отырды. Жалғыз фараонның өзін ғана емес, сонымен бірге құл иеленуші үстем тапты түгел байытып отыратын тұрақты алым-салықтан, міндеткерліктерден басқа, әр қилы қосымша



Джосердің сатылы пирамидасы

алымдар да жиналатын еді. Мысалы, номархтар өз жазбаларында егін шықпаған жылдарда өздерінің қол астындағыларды аштық өлімнен сақтап қалғандығы жайлы мақтана жазады, оларға сыйлық ретінде аштыққа ұшырағандардың малдары тигенін де қоса айтады.

Сөйтіп, құлдар еңбегімен жасалатын қосымша өнім, едәуір мөлшерде, құл иеленуші мемлекет пен онымен байланысты артықшылықпен пайдаланатын топтарының қол астындағыларды тонап отыруы арқылы да толықтырылатын еді.

7. Пирамидалар. Ежелгі патшалық фараондары негізінен орасан үлкен тас мазарлар салдырушылар ретінде өз аттарын қалдырды, бұлар төрт мыңнан аса жыл өтсе де, әлі күнге өзгермеген күйінде дерлік сақталып тұр.

Бұл аса ірі құрылыстар оларды салуға жарлық берген әміршілердің қаншалықты күдіретті болғанын көрсетеді. Египеттіктер өлген адамның денесін мумиялап, өте алыстағы және қол жетпейтін «мәңгілік мекеніне» дейін шірітпей сақтаса, оның жаны өлмейді дегенге берік сенетін.

Сондықтан да Египет патшалары мен бекзадалары өздерінің салтанатпен көмілуіне тірі кезінің өзінде-ақ дайындық жасайтын және көп қаржы жұмсайтын. Патшалардың тас мазарларының сыртқы түрі өзінің қарапайым ұлылығымен жұрттың еңсесін басып, қол астындағы адамдарға патша әмірінің бұлжымас екендігін ұққызғысы келгендей әсер етеді.



Хафры пирамидасы мен сфинкс

Джосер салғызған тұңғыш пирамида баспалдақ іспетті биік құрылыс болатын. Кейінірек патша мазарлары геометриядағы пирамидалық формамен дәлме-дәл келетін сипат алады. Ең үлкен пирамида IV династия фараоны Хуфудың (гректер оны Хеопс деп атаған) салғызған пирамидасы. Оның биіктігі 146 метр болған. Оны салу үшін құрылыс орнына (қазіргі Гизадағы) екі миллионнан астам аса ірі известняк тастары жеткізілген. Ол тастар тегістеле қашалып, асқан дәлдікпен қаланып отырған. Егер грек тарихшысы Геродотқа сенер болсақ, Хеопс пирамидасы 30 жыл бойы салынған және оны салуға патша чиновниктері 100 000 адамды айдап әкелген. Қара жұмысқа ішінара шетелдік құлдармен толықтырылып отырған тұрақты отрядтармен бірге міндеткерліктерді атқарушы көптеген адамдар да пайдаланылды. IV династияның тағы бір фараоны Хафраның (гректер оны Хефрен деп атаған) пирамидасы әлдеқайда аласа болғанмен, бастан-аяқ қызыл гранит плиталарымен қапталып жасалған.

8. Ежелгі патшалықтың ыдырауы. Кейініректегі уақыттарда Египеттің құдіретті деспоттарының қаржылары азайды, оның үстіне патшалардың, мазарларына өне бойы қыруар қаржыны аямай төге беру жаппай наразылық туғыза бастады. Сондықтан фараондардың пирамидалары көлемі жағынан әлдеқайда кішірейе түсті.

Ежелгі патшалық фараондарының сыртқы саясатына келер болсақ, олар үлкен аймақтарды жаулап алуды да, біржола игеруді де мақсат етіп қоймаған. Ара-тұра көрші елдерге (Ливияға, Эфиопияға, Палестинаға) олжа табу мақсатымен (әсіресе тұт-

қындар түсіру мақсатымен) шабуыл жасалып тұрды. Мәселен, IV династияның негізін салушы Снофру Эфиопиядан осылайша 7000 тұтқын мен 200 мың бас малды айдап әкеткен. Бұл ел Египетті қара ағашпен және піл сүйегімен де жабдықтап тұрған. Финикия жағалауларына экспедициялар шығарылып, бағалы құрылыс ағаштарын (самырсын мен қарағай) жеткізіп тұрған.

Ежелгі патшалықтың ақырына қарай орталық өкіметтің әлсірегені және әр түрлі номдардың дербестіктері күшейе түскені байқалады. Шамасы, шонжарлар және солармен байланысты абыздар фараонның жеке билеп-төстеуіне және патша жұмыстарын істеу үшін жұмыс күші мен қаржыны астанаға үнемі жинап отыруына наразылық таныта бастаған болуы керек.

IV династия кезінде фараондар жеке храмдар мен тұтас қалаларды алым-салық пен міндеткерліктен босатып, жеңілдіктер жасауға мәжбүр болған. Бұл жайында бізге жеткен, патшаның жеңілдік жасағаны жөніндегі грамоталары хабар береді.

Орталық өкіметтің әлсіреу процесі барған сайын күшейе береді де, б. э. дейінгі XXIII ғасырда Египет бір-бірімен қырғи қабақ соғыстар жүргізуші бірнеше дербес ұсақ мемлекеттерге бөлініп кетеді.

ХІІІ ТАРАУ

ОРТА ПАТШАЛЫҚ

1. Өтпелі кезең. Египеттің саяси жағынан толық бөлшектенуі екі жүз жылға жуық уақытқа (шамамен б. э. дейінгі XXIII ғасырдың орта шенінен XXI ғасырдың орта шеніне дейін) созылды. Өне бойы бақылап отыруды қажет ететін суландыру жүйелері тозып бітті. Каналдар ескіріп, ластанып, құнарлы жерлер қайтадан ми батпаққа айнала бастады. Осының салдарынан егіншілердің бір бөлігі (ауқаттылары) «жоғарғы алқаптарға» (Нил өзені тасығанда суы жайылмайтын үстірттерге) кете бастады, онда құдықтан су шығарып, жерді суаруға тура келді. Селолық қауым меншігінде болмаған тың жерлерді игеру жерді жеке иеленушіліктің өсуіне ықпал етті.

Елдің бөлшектенуі үлкен қиындықтар туғызды. Көрші елдермен байланыстар бұзылды, азиялық бәдеуилердің шабуылдары жайлы әңгімелер естіле бастады.

Қайтадан біріктіру қажеттігі барған сайын біліне түсті. Ежелгі патшалықтың басты орталығы — Мемфис құлдырап кетті, ондағы билік жүргізіп отырған VIII династия елді жаңадан біріктіру үшін күрес басқаруға қабілетсіз еді. Оның есесіне өзге орталықтар — Гераклеополь (Жоғарғы Египеттің солтүстік бөлігінде) мен Фивы (елдің оңтүстігінде) күшейе түсті.

Гераклеопольда IX және X династиялар билік еткен кезде Египеттің үлкен бөлегі оның өкіметін мойындады. Гераклеополь патшасы III Ахтойдың баласы мен мұрагерлеріне арнап қал-

дырған өсиет сөзі бізге жеткен¹. Қартайған патша патшазадаға бекзадалармен тіл тауып тұрудың, оларды өлім жазасына кеспеудің қажеттігі, ал бірақ қарапайым халық көтерілісін аямай басудың қажеттігі жайлы кеңес береді.

Осы өсиеттен біз Гераклеополь династиясы атырауда берік ірге тепкенмен, елдің оңтүстік бөлегі оларға бағынышты болмағанын да білеміз. Мұнда XI династия билік құрды, ол өз қол астына сегіз номдарды және шағын тәуелсіз мемлекетті біріктірген еді. Бұл елдің астанасы Фивы қаласы болды, ол осы кезден бастап ел өмірінде басты роль атқара бастады.

2. Египеттің қайтадан бірігуі. Өз ара бақталас екі династия (X және XI) арасында бірқатар әскери қақтығыстар болып, ақыры олар Фивының жеңісімен аяқталады да, ол енді қайта біріккен Египеттің астанасына айналады.

Осы уақыттан Орта патшалық кезеңі (б. э. дейінгі 2050—1700 жылдар шамасы — XI—XIII династиялар кезі) басталады.

Бұл кезеңде Египет экономикасында елеулі алға басу байқалады. Соғылған мыстан жасалған құралдармен бірге қоладан құйып жасалған құралдар да (рас, әлі аз мөлшерде) пайдаланыла бастайды. Өндірістің көп құралдары (плуг, қол тиірмені, т. б.) жетілдіріле түседі, әйнек бұйымдарын шығару дамиды.

Бүлік пен ыдырау кезінде құлдырап кеткен суландыру жүйесі енді қайтадан қалпына келтіріліп қана қоймай, ұлғайтыла түседі. Әсіресе Фаюм оазисінде жемісті жұмыстар жүргізіледі. Осындағы көл тереңдетіліп, қолдан жасалған су қоймасына айналдырылады, батпақты жағалаулары құрғатылады. Осының арқасында егістік алқап ұлғая түсті.

Сыртқы және ішкі сауда дамиды. Крит аралымен бұрынғы кездейсоқ теңіз қатынастары енді тұрақты қатынастарға айналып, Египетке криттік әшекейлі керамикалық бұйымдар әкеліне бастайды.

Бағаның негізгі өлшемі ретіндегі дәннің орнын алтын басады (салмақ өлшемі — дебен — 91 грамм). Азия елдерінен барған сайын күміс көбірек әкеліне бастайды (Египетте ол өте сирек кездесетін), сөйтіп бұл кезеңнің аяғына таман күмістің бағасы Египетте алтынға қарағанда екі есе арзандайды.

Өндіргіш күштердің өсуі мен айырбастың кеңеюі мүліктік жіктелуді барған сайын арттыра береді. Шонжарлармен қатар халықтың орта топтары қарапайым адамдар арасынан шыққан «күшті неджестер» («Неджес» деген египет сөзі «кіші» деген мағына береді) бөлектеліп шыға бастайды. Бұлар дербес шаруашылықтары бар, кейде құлдарды да сатып алатын, байып алған егіншілер мен қолөнершілер еді.

¹ Оны Мерикура деп атаған. Өсиет сөз папирусқа жазылған, қазір Эрмитажда (Ленинград) сақтаулы. Текстті тұңғыш рет зерттеген орыстың Египетті зерттеушісі В. С. Голенищев.

Орта патшалық дәуірінен, тас тақтаға ойылып жазылған жазулар біздерге тек қана бекзадалар мен чиновниктер арқылы жеткен жоқ, алтыннан бұйым жасайтын зергерлер, кебіс жасайтын шеберлер т. б. арқылы да жетті.

Күшейіп алған шонжарлар тізгін үзіп кетпес үшін фараондар осы жаңадан байыған топтарға арқа сүйей бастайды. Мемлекеттік қызметтерге кейде бабаларының жоғары шен-шекпені болмаған адамдар да жоғарылатылады. Осылайша жаңа, жоғары шенді қызмет адамдары қалыптасады.

Екінші жағынан кедейлікке, толық қайыршылыққа ұшыраған егіншілер саны көбейе түседі. Олардың патшаға қызмет етуге жалданғандарын хему-несут («патшаның құлы») деп атаған, бұлардың шын мәнісіндегі құлдардан айырмасы сол, олардың еңбегі тәртіптеліп, реттеліп отыратын. Олар қазына өндіріс құрал-жабдықтарының көмегімен жұмыс істеді, еңбегі үшін заттай өнімді пайдаланды және ішінара әскер қатарына да алынып отырды. Мұндай патша құлдарының кейбіреулері жеке адамдарға патшаның сыйлығы ретінде де берілетін болған.

Бұл кезде соғыстарда қолға түскен немесе сатып алынған шын мәніндегі құлдар саны да көбейе түседі. Кей документтерден құлдардың 20—30 адамнан тұратын топтарының бір қолдан екінші қолға көшуі жайлы деректер кездеседі. Құлдарды ең ауыр және қиын жұмыстарға пайдаланған. Мысалы, күң әйелдер тізерлеп тұрып, қол тиірменмен ұн тартқан.

3. XII династия. Орта патшалық XII династия кезінде (б. э. дейінгі 2000—1888 жылдар) экономикалық және саяси жағынан ең жоғарғы гүлденіп-көркею дәрежесіне жетті. Оның негізін қалаушы I Аменемхет еді, ол елдің бірлігін нығайту үшін бірқатар шаралар қолданды. Мысалы, ол соның алдындағы аласапыран жылдарда бұзылған номдар арасындағы бұрынғы шекараларды қайтадан қалпына келтірді және өзі солтүстік облыстарды жақсырақ бақылап отыруы үшін ресми астана — Фивымен бірге Жоғарғы және Төменгі Египеттің шекарасында Иттауи («Екі елдің билеушісі») деп аталатын қамал салдырып, сонда барып тұрды.

Орта патшалық фараондары сыртқы саясаттарын жандандыра түсті. I Аменемхеттің өзі Ливияға әскери тұтқындар мен мал айдап әкелу үшін тонаушылық жорықтар жасайды. III Сенусерт кезінде Нилдің бірінші және екінші шоңғалдары арасындағы жерлер игеріліп, жаңа шекараны қорғау үшін өзеннің екі жағынан да аса қуатты бекіністер салынды. Осы фараон тұсында Палестинаға жеңімпаз жорық жасалып, Египеттің бұл елге ықпалы арта түсті.

Қол жеткен табыстарға қарамастан XII династия фараондары Ежелгі патшалықтың билігі шексіз әмірлерінің қуатындай билік пен қуатқа жете алмады. Олардың мемлекет қазынасының үлкен бөлігін өздерінің жеке бастарының қажетіне жұмсауға бағыты жетпеді. Олар тұрғызған пирамидалар қашалған тастан

емес; неғұрлым арзан құрылыс материалдары — кірпіштен соғылып, бізге үйінді төбешіктер түрінде ғана жетті.

Орта патшалық фараондары ел қайтадан біріктірілгеннен кейін өз байлықтары мен ықпалын едәуір мөлшерде сақтап қалған провинциялық шонжарлармен тіл табуға тырысқан.

Номархтар өз жазбаларында фараонға шын беріле қызмет ететіндіктері жайлы айтқанмен, едәуір мөлшерде тәуелсіздіктерін сақтаған, тіпті олар жыл санауды да патшаның билік құрған уақытынан емес, өз әмірлері жүрген кезден бастайтын болған. Олардың әрқайсысының өз сарайы, гаремі, сондай-ақ әскері де болған, олар патша тағайындаған әкімдер емес, оның қол астындағы шағын патшалар еді. Патша мұнымен санасуға мәжбүр болды. Тіпті өз сарайларында да фараондар өздерін қауіпсіз деп санай алмаған. Патшаға қарсы заговорлар мен көтерілістер жайлы көп мәліметтер бар.

XII династия билігінің ақырғы кезіне таман, III Аменемхеттің тұсында ғана (б. э. дейінгі XIX ғасырдың екінші жартысы) орталықтану күшейіп, номархтардың артықшылықтарына күшті тежеу салынған. Дәл соның тұсында Фаюм оазисінде суландыру жөніндегі құрылыстар кең қанат жайып, барлық құдайларға арналған пантеон ретінде аса үлкен храм салынған. Бұл храмды гректер Лабиринт деп атап кеткен. Оның, өкінішке қарай, аз ғана қалдығы сақталып қалған.

4. Кедейлер мен құлдардың көтерілісі. Келесі, XIII династия тұсында бүліншілік пен қырқысу соғыстары қайта басталды. Кең көлемдегі құрылыс жұмыстары тоқтап қалды. Ондаған патшалар таққа бірінен соң бірі келіп жатты. Олардың кейбірінің билік жүргізуі бір жылдан, кейде бірнеше айдан да артпайтын, біз көбіне олардың атын ғана білеміз, өйткені олар есте қаларлық ешнәрсе тындырып үлгірмеген.

Бүкіл елді қатты сілкіндірген әлеуметтік қайшылықтардың қаншалықты терең болғаны жайында көркем әдебиет ескерткіші — «Ипусердің¹ әңгімесі» баян етеді. Оның авторы — халық бұқарасын соншалықты жек көрген бекзада болып табылады.

Ипусер елдің күйзелісін ашық түрде ашына отырып айтады. Оның айтуынша, кедейлер мен құлдар шонжарлар мен байларға қарсы көтерілген. Енді шонжарлар мен тексіз адамдардың арасында айырма қалмады. Князьдардың балалары көтерілісшілер қолына түседі. Оларды ұрып-соғады, тіпті қабырғаға ұрып, бастарын жарады.

Дүние-мүлікті түп-түгел қайта бөліседі. Жер жыртуға керекті екі пар өгізі болмағандар енді тұтас бір табынға ие. Бұрын баспанасы болмағандар, енді үйлі болды. Бұрын қайығы да болмағандар енді кеме флотилиясына ие болуда, ал бұрынғы олардың иелері осының бәріне қарап қалыпты, бірақ ол дүние-

¹ Бұрын бұл есім Ипувер деп қате оқылып келген. Шығарманың тексі папирусқа жазылған, ол Лейден музейінде (Нидерланды) сақтаулы тұр.

мүліктерге енді билігі жоқ. Бір кездегі үлде мен бұлдеге оранған адамдардың шоқпытқа орануына тура келді. Бұрын өзінің бет-бейнесін суға қарап қана көре алатын кедей қызы енді қолына айна ұстады. Күндер енді мойнына алтын мен күмістен, жарқыраған асыл тастардан алқа тағынса, шонжар тұқымнан шыққан әйелдер ішер тамаққа зәру болып қалды.

Осылайша дүние-мүлікті тегіс қайта бөлудің мысалдары үсті-үстіне келтіріле береді. Ипусер мемлекеттік аппараттың талқандалғаны жайлы үрейлене жазады. Көтерілісшілер сот палаталары мен архивтерге басып кірген. Оларда сақтаулы документтерді, соның ішінде алым-салық жинайтын тізімдерді де далаға лақтырып, жыртып, аяқтарымен таптап жатыр. Ақырында патша сарайына да шабуыл жасады.

Бұл оқиғаның бәрі де көтерілістің уақыты мен орны көрсетілмей, жүйесіз баяндалады, тақтан құлатылып, көтерілісшілердің қолына түскен фараонның да аты аталмайды.

Алайда, бұл оқиғалар жайында ресми документтерде ешнәрсе айтылмағандықтан, баяндауында жылнамаға тән жүйелілік жетіспей жатқанмен де, Ипусердің осы жазып қалдырған поэтикалық сөздерін пайдалануымызға тура келеді.

Құл иеленуші мемлекеттің ірге тасы мықтап шайқалған екен деген әсер қалады. Алайда көтеріліс стихиялы түрде болған және өз алдына жеке меншік пен құл иеленушілікті жою жөнінде мақсат қоймаған. Керісінше бұрынғы құлдардың, енді өздерінің де құлдары болғанын Ипусер күйіне баяндайды.

5. Гиксостардың басып кіруі. Кейбір тұспалдарға қарап, халық көтерілісінен кейін Египетке азиаттардың басып кіргенін аңғаруға болады. Шамасы, бұл жерде әңгіме б. э. дейінгі 1700 жылдар шамасында Сирия мен Палестинадан келіп, Египетті көп күш жұмсамай-ақ басып алған гиксостардың шабуылы жайлы болса керек. Жаулап алушылар Египеттегі көтеріліс нәтижесінде әскери-әкімшілік аппараттың қирағанын пайдаланған. Оның үстіне олардың әскери техника жөнінен артықшылығы болған. Олар бұл кезге дейін Нил алқабына белгілі болмаған, ат жегілген екі дөңгелекті соғыс күймелерін пайдаланған еді.

Алайда гиксостар ордасы әр түрлі тайпалардан құралған болатын (олардың арасында семиттер де, хуриттер де, сондай-ақ касситтер де болғанға ұқсайды). Оның үстіне олардың саны өздері бағындырып алған египеттіктерге қарағанда аз болды да, кешікпей-ақ өздері де бағындырған елдің тілі мен мәдениетіне көшіп кетті. Олардың патшалары Египет фараондарының титулдарын, бірлі-жарымынан басқалары Египет есімдерін де қабылдап алды.

Египеттіктер де азиялық жаулап алушылардан көп нәрсені, — ең алдымен дөңгелекті транспортты (оның ішінде соғыс күймелерін) қабылдап алды.

Гиксостардың өздері қатарларын жазбастан, атыраудың шығыс бөлігіне қоныстанды да, өздерінің астанасы — Аварис қаласын салды, осы жерден олар азиялық иеліктерін де, Египетті де ұстап тұра алды. Египеттің қалған бөліктеріне салық салынды.

XIV Т А Р А У

ЖАҢА ПАТШАЛЫҚ. ЛИВИЯ-САИС ЕГИПЕТИ

1. **Гиксостарды қуу.** Египеттің солтүстігіне гиксостар орнығып алған кезде, оңтүстіктің астанасы Фивы белгілі мөлшерде дербестігін сақтап қалды. Бұл жердің басқарушылары гиксос патшаларының жоғарғы билігін мойындағанмен, өздерін фараондар деп атап, билікті қолдарына ұстап қалды.

Шетелдік басқыншылардың үстемдігі 100 жылдан аса уақытқа созылды. Б. э. дейінгі XVI ғасырдың басында гиксостарға қарсы азаттық күресі басталып, оны Фивы патшалары (XVII династия өкілдері¹) шеберлікпен басқара білді. Олар шетелдік басқыншылардың езіп-жаншуына қарсы қалың көпшіліктің наразылығын пайдаланды. Бұл жерде шонжарлардың елеулі бөлігінің азаттық жолындағы күреске қарсылық жасап, гиксос патшаларымен ымыраға келуге әзір тұрғанын атап өту жөн.


Фивы патшаларының әскерлері мен өзен флоты гиксостарды солтүстікке ығыстырды. Бұл күрес XVIII династияның бірінші патшасы Яхмос тұсында (б. э. дейінгі 1584—1559 жылдар) аяқталды да, оған жаулаушылардың астанасы Аваристі алудың сәтті түсті. Гиксостардың елеулі бөлігі Азияға шегінді. Қалғандары тұтқынға алынып, құлға айналдырылды.

2. **Жаңа патшалықтың құрылуы.** Гиксостарды жеңгеннен кейінгі қайта гүлденген Египет мемлекеті Жаңа патшалық² деп аталады. Ол бес ғасырдан аса (б. э. дейінгі 1584—1071 жылдары) өмір сүрді. Бұл уақыттарда XVIII, XIX және XX династиялар үстемдік құрды. Жаңа патшалық кезеңі ең жақын көршілермен ғана емес, сондай-ақ неғұрлым алыстағы Азияның, Африканың елдерімен және Европаның (Крит-Микен әлемі) кей елдерімен де қатынастардың кеңейіп дами түсуіне байланысты шаруашылықтың барлық салаларындағы үлкен өзгерістермен сипатталады.

3. **Экономика.** Қола өңдеу енді елеулі көлемде ұлғая түсті, бұның өзі шеттен мыс әкелуді (Синай рудасы аздық ететін болғандықтан Кипр аралынан тасылды), сондай-ақ қорғасын мен

¹ Гиксостармен күресті бірінші болып фараон Секененра бастады, ол шайқастардың бірінде қаза тапты (оның біздің уақытымызға дейін сақталған мумиясы жарақаттарға толы). Арада біраз уақыт өткен соң азаттық күресін фараон Қамос қайта жалғастырды.

² Алғашқы патшалық, Ежелгі патшалық, Орта патшалық деген сияқты бұл да шартты атау. Ежелгі заманда бұл атаулар қолданылмаған.



Жаңа патшалық кезіндегі Египет

калайы жеткізуді (Кіші Азия мен Эгей теңізі бассейнінен) талап етті. Темір де қолданыла бастайды, бірақ ол әлі тым сирек және негізінен сәндік бұйымдар үшін қолданылатын еді. Бұл кезде кедейлерде әлі де тас құралдар болатын.

Ауыл шаруашылығында және қолөнерінде бірқатар жаңа құралдар мен жетілдірулер пайда болды: топырақты ұсақтау үшін арнаулы балғалар қолданылды, су шығаратын құрылыстар, үрлеу құралымен жабдықталған көрік (бұрын отты түтікпен адам үрлейтін), тік жасалған тоқу станогы, т. б. пайдаланылды.

Егіс алқабы ұлғайды, кей алқаптарға жылына екі рет егін егілді. Бауларда бұрын белгісіз жеміс ағаштары пайда болды (мысалы, Азиядан әкелінген алма ағашы).

Қойлардың бұрынғы қысқа жүнді тұқымдары енді жүні қырқылатын жаңа тұқыммен алмастырылды, кенеп маталармен бірге жүн маталары тұрмысқа енеді.

Қатынас құралдары да жетілдіріле түсті. Шаналармен бірге алғашқы дөңгелекті транспорт шықты.

Ішкі және сыртқы айырбас едәуір күшейіп, натуралды шаруашылыққа қарағанда ақша шаруашылығының үлес салмағы арта түсті. Бағаның басты өлшемі Азиядан әкелінетін күміс болды. Бірақ кейде баға бұрынғыша алтын және мыс кесектерімен (әдетте, сақина тәріздес) есептелетін. Алтын Эфиопиядан әкелініп, ішінара азиялық елдерге шығарылып тұрды.

Экономикалық өрлеу ірі жеке меншіктің және құл иеленушіліктің дами түсуіне жағдай туғызады, бұның өзі тұрғын халықтың қалың көпшілігінің кедейленуімен тікелей байланысты. Ондаған, тіпті жүздеген мың әскери тұтқындар айдалып келіп, бұл уақытта қажеттігі арта бастаған құлдардың қатары көбінесе солармен толықтырылып отырды. Рас, олардың барлығы бірдей құлға айналдырылмайтын, біразы малай ретінде (жаяу қосшы, не адамның сақшысы тіпті жауынгерлер мен күзетшілер есебінде де) пайдаланылатын, әйтсе де олардың елеулі бөлігі егін алқаптарына, шеберханаларда, тас қопаратын орындар мен рудниктерде — қысқасы ауыр және қиын жұмыстардың бәрінде пайдаланылатын құлдарға айналдырылатын.

4. Мүліктік жіктеліс. Ірі құл иеленушілермен (фараондар, бекзадалар, абыздар, әскер басылары) қатар үш-төрт құлы бар ұсақ шаруашылық иелері де (баушы, малшы, қолөнерші) кездесетін. Егіншілердің көбінің жағдайы нашарлай түсті. Олардың көпшілігі өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылып, жұмыс көлігі мен тұқымдық дақылдарды қазынадан алуға мәжбүр болды. Бізге жеткен әңгіменің бірінде астық шықпай қалған жылы күйзеліске ұшыраған егіншінің басынан кешкен қиындықтары айтылады. Чиновник одан астық талап етеді, ал ол бишараның берері жоқ. Оны жерге жығып салып таяқпен ұра бастайды. Ол үшін кепіл болуға міндетті көршілес қауым мүшелері оның төленбей қалған салығы үшін жауап беруден қорқып, қашып-пысып, бас сауғалайды.

Құлдардың, қатардағы қауымдастардың бір қатарының еңбегін қанау арқылы үстем тап өкілдері күшейіп, байи түсті, бұлардың құрамдары бірдей болмады. Бұрынғыдан, ескі уақыттан келе жатқан, абыздармен сыбайласа отырып, храмдардан түсетін пайданың үлкен бөлігін пайдаланып келген шонжарлармен қатар жаңадан әскери қызметтегі шонжарлар пайда болды. Оған жауынгер Яхмостың (атақты Фараонның аттасы әрі жауынгері) мансапқа қалай жеткені мысал бола алады. Гиксостармен ұрыс кезінде көзге түсіп, «ескекшілердің бастығы», басқаша айтқанда өзен флотының командирі болып тағайындалған ол, патшадан сыйлық ретінде алған алтынын былай қойғанда, жиырма құл мен күң (қолға түскен гиксостардан) және жер үлесін алған.

Сондай-ақ дәулетті топтардың арасынан шыққан арбалылардың да (кедейдің арба сатып ала алмайтыны белгілі) маңызы бола бастады.

Египет қоғамында осылайша әлеуметтік жағынан бір-біріне қарсы топтардың ара жіктері айқындалып, ашыла түсті.

5. Сыртқы саясат. Мүліктік жіктеліс процесінде жаулап алу жорықтары және сонымен байланысты сауда үлкен роль атқарды. I Яхмос шегінген гиксостарды өкшелей отырып, Палестинаға басып кіріп, Шарухен қамалын қаратып алды. Бұл тек бастамасы еді, I Тутмос өзінің жеңімпаз жорықтарымен Евфрат



Патша әйел Хатшепсут

өзеніне дейін, ал оңтүстікте — Нилдің үшінші шоңғалына дейін жетті.

Ол қайтыс болған соң (б. э. дейінгі 1525 ж.) агрессиялық сыртқы саясат уақытша толас табады, I Тутмостың баласы II Тутмос бірнеше ай ғана патшалық құрды, ал оның баласы III Тутмос тым жас болғандықтан, ол өсіп ержеткенше барлық билікті өгей шешесі (әрі апасы¹) Хатшепсут өз қолына алды.

Ол ел билеуде Фивының құдайы Амонға сыйынатын абыздарға арқа сүйеді, ал ол абыздар әскери шонжарлармен араз еді және бейбітшілік саясатын қолдады. Шамасы, Хатшепсуттен бұрынғы патшалардың жаулаушылық саясаты елді титығына жеткізгендіктен енді әйел патшаның кеңес берушілері халық арасындағы наразылықпен санауға мәжбүр болған сияқты.

Соғыс жорықтарының орнына патша әйел Пунт еліне (қазіргі Эритрея мен Сомали) теңіз экспедициясын шығарды, оның кемелері бұл сапардан алтынды, піл сүйегін, хош иісті мирра ағашының майын және ағаш кеспектерге салынған топыраққа отырғызған тірі мирра ағаштарының өздерін, сондай-ақ маймылдар мен иттерді тиеп қайтты.

Фараон атағын қабылдаған Хатшепсут (Египетте әйелдің мұндай атақ алуы бұрын әдетте болмайтын) енді өзін жасанды сақалы бар еркек түрінде бейнелеуге әмір береді.

Хатшепсут өлгеннен кейін (б. э. дейінгі 1503 ж.) бірден-бір әмірші болып қалған III Тутмос сыртқы саясатын шұғыл өзгертіп, өзге елдерді жаулап алуға қызу кірісті. Ол өз әскерін бастап, енді өзінің өгей шешесі басқарған жылдарда Египеттің саяси үстемдігі нашарлаған Азияға аттанды. Сирия мен Палестинаның көптеген майда патшалықтары (бұл елдер саяси жағынан бытыраңқы еді) өздерінің бытыраңқы отрядтарын біріктіріп, жаулаушы Фараонды құнарлы алқаптың ортасындағы аса қуатты Мегиддо қамалының түбінде тосып тұрды.

Оған апаратын тура жол тар шатқал арқылы өтетін еді, ол жерден египеттіктердің ат жеккен қос дөңгелекті соғыс арбала-

¹ Египетте туысқан апа, қарындастарына үйлену дәстүрі кең тараған (әсіресе патша семьяларында патшаның ақсүйек тұқымды әйелінің қызы күңнен алған әйелінен туған баласына тұрмысқа шыға берген).

ры тіркесіп қана өте алатын. Сақтық ойлаған әскер басылары Фараонға айналма жолды таңдауға кеңес береді. Алайда бірбеткей және айтқанынан қайтпайтын III Тутмос ондай кеңес берушілерге ақырып, егер олар қорқатын болса ары қарай өзінің жалғыз да кете беретінін айтады.

Бұл сөзден қаймыққан әскер басылар амалсыз көніп, египет әскері тар шатқалға тайсалмай кіреді де, аман өтіп аржақтағы жазыққа шығысымен жау күштерімен айқасқа түседі.

Египет жылнамашысы суреттеп жазып қалдырған бұл оқиғалар Египет Фараонының деспоттық сипатының куәсіндей.

Қалай дегенмен де III Тутмостың бұл тәуекелі сәтті болып шықты. Бірыңғай басшысы жоқ және мұндай тұтқиыл шабуылды күтпеген азиялық құрама әскерлер шегініп, қаша жөнелді де, Мегиддо қамалына барып тығылды. Олардың бақытына қарай, Египет әскерлері дұшпанның қалдырып кеткен лагерін талаймыз деп бөгеліп қалды да, оларды өкшелей қуып, қамалға басып кіру мүмкіндігін жіберіп алды. Тек жарты жыл бойы қоршаудан кейін ғана Мегиддо қамалын египеттіктер басып алды.

Бұдан кейінгі жорықтарында III Тутмос Финикия жағалауын, басты орталық қаласы Кадешті қоса Сирияны басып алды және Евфраттан өтіп, аса қуатты Митанни елін ойрандады.

III Тутмостың Азиядағы тамаша әскери жеңістері Египеттің әскери ұйымдасуы және әскери техникалық жағынан артықшылығы болғандығының айғағы. Оның үстіне жаулап алушы фараон, бір орталыққа біріккен Египеттей емес, Алдыңғы Азияда орын алып келген саяси бытыраңқылықты пайдаланды.

III Тутмос азиялық жерлерді ғана жаулап алумен шектеліп қалған жоқ, сондай-ақ оңтүстікке де қол созды, Куштің (Эфиопияның Нил жағасындағы бөлігі) көп жерлерін өзіне қаратып алды.

Бағындырылған елдердің тәуелділігі әр түрлі дәрежеде болды. Эфиопияда патша тағайындаған әкімдер өздерінің басқару аппаратымен үстемдік жүргізді. Палестина мен Сирияда (Финикия жағалауын қоса) ондаған жергілікті кішкене патшалар орнында қалды, олар фараонға жазған хаттарында өздерінің оған берілген жандар екендіктері жайлы үнемі жарамсақтана айтатын («өзімнің әміршімнің аяғына қайта-қайта жығылып, тағзым етем»). Мұндай кішкене патшалардың балалары кепіл ретінде Египетке барып тұруы жиі кездесетін. Неғұрлым үлкенірек мемлекеттердің (Митаннидың, Ассирияның, Вавилонның және Хетт патшалығының) патшаларына келсек, олар өз тәуелсіздіктерін сақтап қалды және өздерін Египет патшасының «бауырларымыз» деп атады. Бұл — Фараонға олар жіберген сыйлыққа төлем деп қарауға ешқандай кедергі жасамады, ал шын мәніндегі бағыныштылық жайлы сөз болуы да мүмкін емес еді. Белгілі бір теңсіздік мынадан көрінді: азиялық патша қыздары фа-



Эхнатон күн құдайы Атонға табынып тұр

раон гареміне баратын, ал бұлар қыздары мен қарындастарын жат жерлік патшаға күйеуге беруден қасарыса бас тартқан.

Бірқатар шапқыншылық соғыстардан кейін тыныштық кезеңі келді. III Аменхотептің (б. э. дейінгі 1455—1424 жж.) ұзақ уақыт патшалық құрған кезінде әскери қимылдар мүлде дерлік тоқтатылды. Оның есесіне Египеттің дипломатиялық және сауда қатынасы жандана түсті. Бағынышты әкімдермен және Азия елдерінің тәуелсіз патшаларымен хат алысу сына жазуы арқылы және сол кездегі халықаралық тіл саналған аккад тілінде жүзеге асырылған.

III Аменхотептің патшалық дәуірінің аяғына таман Египеттің ықпалы әлсірей түседі. Сирия мен Палестинаның тәуелді шағын патшалықтары фараонның жарлықтарымен санаспай, өз ара соғыса бастайды және олардың көпшілігі Египеттің азиялық иеліктеріне көз алартушы Хетт патшасымен келісімге келеді.

Оңтүстік шығыстан Сирия далаларынан көшпелі, жауынгер Хабиру тайпалары (еврейлердің ата-бабалары) басып кіріп, Египет иеліктерін ойрандайды. III Аменхотептің баласы және мұрагері IV Аменхотеп (б. э. дейінгі 1424—1400 жылдар¹⁾) тұсында жағдай өте-мөте қиындап кетті, ол ішкі жағдайға алаң-

¹ Алғашқы бес жылда өз әкесімен бірге отырып, патшалық етті.

дап, Египеттің азиялық иеліктеріне көңілді аз бөлді. Оның тұсында құл иеленуші үстем таптың өз ішінде ала ауыздық туды. Фараонның өзі ата тегі қарапайым әскери қызметтегілерге сүйеніп («олар немху» деп аталатын, ол «жетімдер» деген мағынаны береді), Фивының қамқоршысы — бас құдай Амонның храмымен байланысты бұрынғы шонжарларды басын ұстауға тырысты.

6. Эхнатонның реформалары.

Күрес енді идеологиялық қақтығыстар мен әр түрлі діни сенімдер арасындағы тартыс түріне ауысты.

IV Аменхотеп дін реформасын жүргізді. Ол Фивы храмдарының иеліктерін конфискациялап, Амонға табынушыларды

қудалады, енді оның орнына Атонға (күн шеңбері құдайына) табынушылықты орнатты. Орталық Египетте жаңа астана Ахетатон («Атон көкжиегі», қазіргі

Тель-Эль-Амарна қаласы, осыдан барып Тель-Эль-Амарнаның дипломатиялық архиві деген ат шыққан) салынды.

Жаңа құдай — шұғыла шашқан күн түрінде, қолдары — өмір иероглифтерін ұстап тұрған адам қолдары ретінде бейнеленді, бұл — оның бүкіл әлемге өмір беретін, жарылқаушы магиялық күш екендігін көрсетуге тиісті еді.

Жаңа құдайдың ең жоғарғы абызы патшаның өзі болды. Ол Атонның құрметіне поэтикалық гимн шығарып, онда қайырымды күн құдай көкжиекке барып көрінбей кеткеннен соң қараңғы түн түскенде адамдардың қандай қасіретке тап болатыны жайында айтады. Түн ішінде жыртқыш аңдар, арыстандар мен жыландар құтырынып кетеді. Міне, шығыс жақ көкжиектен бүкіл әлемге шұғыла шашқан Атон көтеріледі. Оның нұры адамдарды да, малдарды да, тіпті су ішінде жүзген балықтарды да қуанышқа бөлейді. Елдегі осыған дейін таралып келген әр түрлі табынушылықтың көпшілігі (реформа жасаушы патша қауіпті деп санаған кейбір діндер мен астана тұрғындарының дінінен басқасы) қудаланбаса да, фараонның өзі жалғыз Атонға ғана табынды және бұл іс жүзінде монотеизмге қарай жасалған алғашқы адым еді. Алайда, оған шұғыл бетбұрыс жасауға Египетте қолайлы жағдай тумаған еді. Реформа жасаушы патшаның іс-



Эхнатонның әйелі Нефертити патшаханым

әрекеттері елде оншалықты кең қолдау таппады, сондықтан да ғасырлар бойы келе жатқан ежелгі дәстүрлер мен діни сенімдерді жақтайтын шонжарлар әулетін жуасыту патшаның қолынан келмеді.

Эхнатон («Атонның сүйіктісі») деген ат қабылдаған IV Аменхотеп қарсылықтарды тойтарып, өз мақсатына жету жолында көп күш салды. Алайда, ол өлісімен-ақ оның ең жақын туыстары мен достары ескілікті қолдаушы абыз топтарымен келісімге келу жолдарын іздей бастады.

Эхнатонның Тутанхамон атты жас күйеу баласы таққа отыра салысымен-ақ, ескі тәртіптерді қайтадан қалпына келтіре бастады. Ол Фивы храмдарына олардың байлығы мен бұрынғы дәрежелерін қайтарып берді, өзі де Фивыға қайтып оралды. Ол 19 жасында қайтыс болғанда, оған аса разы фивылық абыздар оны жер астындағы лақытқа барынша сән-салтанатпен жерледі, бұл туралы жоғарыда айтылған-ды.

Тутанхамон өлген соң оның жесірі (Эхнатонның қызы¹) Хетт патшасының баласына тұрмысқа шығу арқылы Азиядағы египет-хетт қайшылықтарын жойып, елдегі өз ықпалын сақтап қалуға тырысты. Алайда Египет бекзадалары өз елінің тағына бөтен елдің адамы отыруына қарсы болып, жолы болмаған күйеу жігіт таққа отырып үлгірмей-ақ, оны өлтіріп тынды. Мұның өзі Хетт патшалығымен арада ашық араздық туғызды.

7. XIX және XX династиялар. Келесі фараондар елдегі бұрынғы тәртіптерді қайта қалпына келтіруді аяғына дейін жеткізді де, енді күн тәртібінде Алдыңғы Азиядағы египет ықпалын қайтадан қалпына келтіру жөніндегі қиын міндет туды. Эхнатон мен оның ең жақын мұрагерлері тұсында Египеттің азиялық иеліктерінің үлкен бөлігі хеттарға қарап кеткен еді.

Б. э. дейінгі 1340 жылдар шамасында Египетте таққа келген XIX династия Египеттің бұрынғы қуатын қалпына келтіруге күш салады. Бұл династияның басты өкілдері — I Сети мен әсіресе оның ұлы II Рамсес (б. э. дейінгі 1315—1251 жылдар) — хеттармен табанды түрде соғыстар жүргізеді. Әсіресе II Рамсестің б. э. дейінгі 1312 жылы жасаған жорығы өте-мөте ірі болды. Алайда бұл фараон дұшпанының күшін дұрыс бағаламай, өз әскерлерін кең территорияға шашыратып алып, стратегиялық жағынан елеулі қателік жіберді. Оның алдыңғы екі отряды (әрқайсысында 5000-ға жуық жауынгер бар Амон және Ра отрядтары) Оронт өзені жағасындағы Кадеш қаласына жақын келгенде, тұтқиылдан қоршап алынып, шабуылға шыққан хеттардың соққысынан аса үлкен шығындарға ұшырады. «Кадеш дастанын» шығарған сарай ақындарының сөзіне сенсек, II Рамсес өз лагеріне басып кірген жауларға жалғыз өзі төтеп береді (әрине, оған Амон құдай көмектесті деген сөз қосылып айтылған). Ал іс жүзінде бұл — оның жеке гвардиясының ерлікпен шайқасуының нәтижесі еді. Теңіз жақтан көмек жетіп, оның артынша негізгі

¹ Есімі — Анхесенамон.

египет армиясының арьергарды келгенде, хеттар Оронт өзенінің арғы бетіне шегінді және өз кезегінде бұлар үлкен шығындарға ұшырайды.

Бұдан соң екі жақтың күші теңесті де, соғыс ұзаққа созылып кетеді.

Б. э. дейінгі 1296 жылы, біздерге екі дана көшірмесі жеткен (египет және аккад тілдерінде), бітім шарты жасалады.

Фараон II Рамсес пен Хетт патшасы III Хаттусили өз аратыныштық пен достықта тұруға, көтеріліс шыға қалғандай жағдай болса, бір-біріне көмекке келуге ант берісті. Екі жақ та бір-біріне өтіп кеткен адамдарды қайтаруға әрі оларға амнистия беруге келісті. Бұл бітімге хеттардың және египеттіктердің мың-мыңнан еркек және әйел құдайлары кепіл болады делінді. Мемлекеттік шекараларды тағайындау туралы келісімде ешнәрсе айтылмайды, алайда біз өзге документтерден Палестинаның, Финикия жағаларының үлкен бөлігі мен оңтүстік Сирияның Египетте қалғанын, ал солтүстік Сирияның хеттарға көшкенін білеміз.

Кейінірек, XIX династияның ақырғы патшалары мен XX династия кезінде Египетке енді қорғаныс соғыстарын жүргізуге тура келеді. II Рамсес өлген соң Нил аңғарына батыстағы шөл даладан ливиялықтар басып кіріп, ежелден келе жатқан Мемфис қаласын қоршауға алады. Солтүстік жақтан кемелерге мініп, «теңіз халықтарының» (олардың ішінде гректердің ахей тайпасының өкілдері де бар еді) жауынгерлері атырау жағаларына келіп түседі. II Рамсестің мұрагерлері бұл шабуылдардың беттерін сәтті қайтарғанмен де, Египеттің сыртқы айбыны барған сайын кеміген үстіне кеми береді.

Финикия қалаларының кішкентай патшалары фараондардың жоғарғы әмірімен санасуды мүлде қояды. Б. э. дейінгі XI ғасырдың басында Финикияның Библ портына самырсын ағаштарын жіберуді сұрап египет елшілері¹ келген кезде, жергілікті патша-



II Рамсес фараон

¹ Елшілерді Унамун бастап, келген, оның өз бастарынан өткен барлық қиыншылықтарды айтып жазған есебін орыстың египетті зерттеушісі В. С. Голенищев тауып, тұңғыш рет оқып шыққан (бұл документ Москвадағы А. С. Пушкин атындағы бейнелеу өнері музейінде сақтаулы).

сымақ өзінің Египетке бағынуға тиіс емес екенін айтып, самырсын ағаштары үшін едәуір ақы (египет товарларымен) беруді талап етеді.

Египеттің өз іші де тыныш емес еді. Б. э. дейінгі XIII ғасырдың ең аяғында әлдеқандай сириялық Ирсу дегеннің көтерілісі болды, шамасы ол шыққан тегі азиялық құлдар мен жалдамалы әскерлерге арқа сүйеген сияқты. Ол храмдардың иеліктерін талан-таражға салып тонайды, оны басу оңайға түспейді.

Патшалар жазығында (Фивының батыс жағында) патша некрополының қолөнершілері арасында бірнеше толқулар болып тұрды. Олар жеткілікті азық-түлік ала алмағандықтан, өздерінің аштыққа ұшыраған семьялары үшін азық-түлік талап етіп, ереуілдерге шығып отырған. Патша қазынасы азайған үстіне азая түсті, оның есесіне абыздар (әсіресе Амон храмының абыздары) байи түсті. Патша иелігіндегі жердің едәуір бөлігі, сондай-ақ көптеген құлдар, малдар мен әр түрлі өзге де мүліктер абыздардың қолына көшеді, бұл туралы біз IV Рамсестің (б. э. дейінгі XII ғасыр) сыйлық грамотасынан білеміз.

8. Абыздар мен ливиялықтардың үстемдігі. Жаңа патшалықтан кейінгі келесі кезең Кейінгі патшалық немесе Ливия-Саис патшалығы (б. э. дейінгі XI—VI ғасырлар) деп аталады.

Бұл кезеңнің бас кезінде кейбір белгілері Жаңа патшалықтың соңғы кездерінде байқала бастаған орталықтандыру тенденциясы күшейе түседі.

Оңтүстікте (Фивыда) абыздар үстемдігі орнап, олар барған сайын қалған халыққа өздерін қарсы қоятын оқшауланған кастаға айнала түседі. Фивы храмдары діни қызметшілерінің аса үлкен армиясының басында Амонның жоғарғы абыздары¹, ал кейінірек жоғары абыз әйелдер тұрады. Соңғыларына Фараонның апа-қарындастары мен қыздары тағайындалатын болған, бұл — дін басылар мен патша арасындағы белгілі дәрежеде ымыраға келушіліктің белгісі болып табылады.

Орта, әсіресе солтүстік Египетте, керісінше ливиялықтардың — шетелдік жалдамалы жауынгерлердің — бедел-ықпалы барған сайын күшейе түседі. Олар байырғы египеттіктерді армиядағы қызметтен ығыстырып шығарады және сонымен байланысты олардың жайшылықтағы және бөліс кезіндегі артықшылықтарын да жояды. Сөйтіп, абыздармен бақталас әскери каста пайда болады.

Ливиялық жалдамалы отрядтардың командирлерінің бірі — Шешонк б. э. дейінгі X ғасырдың орта шенінде өз отрядтарына сүйене отырып, билікті қолына алады. Сөйтіп ол XXII (ливиялық) династияның негізін салушы болды.

¹ Амонның жоғарғы абызының және патшаның билігін бір қолда ұстамақ болған Херихор әрекеті уақытша сипатты әрекет еді.

Шешонк Алдыңғы Азиядағы египет ықпалын қайтадан қалпына келтіруге тырысады және Палестинаға (Иуда және Израиль патшалықтарына қарсы) сәтті жорық жасайды. Алайда, соғыс олжалары мен жаңа алым-салықтар әкелген бұл жеңістер уақытша сипаттағы жеңістер еді.

XXII династияның соңғы фараондары кезінде және келесі XXIII, XXIV династиялар¹ кезінде елдің бөлшектенуі ең жоғарғы шегіне жетеді. Елдегі әрбір номның дерлік өзінің тәуелсіз және көршілерімен жауласып тұрған патшалары болды. Абыздар мен әскери шонжарлар (ливиялық) қауымдастарды қатты қанады. Көптеген жер үлестері саудаға түсіп, жеке меншікке айналады.

Сыртқы саяси жағдайдың нашарлай түсуіне байланысты соғыс тұтқындары келуі мүлде дерлік тоқтап қалғандықтан, құлдар санын өз отандастары есебінен толықтырып отыруға талпыныс байқалады. Кедейленген қауымдастар борыштарын төлей алмағаны үшін құлдыққа түседі.

Б. э. дейінгі VIII ғасырдағы фараондардың бірі — Бокхорис (XXIV династия) борышын өтей алмағандарды құлға айналдырушылықпен күресуге (бір кездегі Хамурапи мен азиялық елдердің басқа да патшалары сияқты) тырысып бақты. Ол борышты адамдардың дүние-мүлкін конфискациялауға рұқсат ете отырып, оларды бас бостандығынан айыруға тыйым салды. Алайда, бұл реформа баянды болмады. Бокхористың өзі елді ұзақ билеген жоқ және оның әмірі Төменгі Египетке ғана жүрді. Сондықтан ол шығарған заңдар әлеуметтік жіктелу процесін ұзақ уақытқа тоқтата алмады, бұл туралы біз грек деректерінен білеміз.

9. Эфиоптардың басып кіруі. Б. э. дейінгі VIII және VII ғасырларда Египет жеріне бірнеше рет Куш (Эфиопия) патшалары басып кірді. Олар бұл кезде тәуелсіздікке ғана жетіп қойған жоқ, Нил аңғарында үстемдік етуге де таласа бастады. Ең әуелі эфиопиялық Напаты мемлекетінің (төртінші шоңғалдағы астанасының атымен аталған) патшасы Пианхи (б. э. дейінгі 740 ж. шамасында) солтүстікке қарай жойқын жорық ашып жеке номдарды билеген кішкене патшаларды талқандап жеңді және өзіне қаратты. Арада біраз уақыт өткенде (б. э. дейінгі 720 жылдың шамасы) оның мұрагері Шабака елді біржола бағындырып, XXV (Эфиопия) династиясының негізін салды.

Эфиоптардың бұл кезде өздерінің әдет-ғұрыптары мен діни сенімдері жөнінен египеттіктерден айырмалары аз еді, олардың патшалары өз жазуларын Эфиопияда мемлекеттік тіл болып саналған² египет тілінде жазып қалдырды. Эфиоптық патшалар өздерінің шет жерлік еместігін өне бойы ескертіп отырған. Олар

¹ Бұл екеуі де шығу тегі жөнінен ливиялық династиялар болған.

² Тек кейінірек қана өз алдына бөлек эфиоп (мериот) жазуы қалыпта-сады

египет құдайларына (әсіресе Амонға) табынған, олардың Египеттегі тірегі Фивы қаласы болған. Елдің солтүстігінде олардың жағдайы оншалықты берік емес еді.

Египет үшін ассириялық патшалардың үстемдігі ауырырақ тиді. Б. э. дейінгі VII ғасырдың бірінші жартысында олар Нил аңғарына үш рет¹ басып кіріп, жергілікті халықты қырып, тонап, лек-легімен айдап кетіп отырған. Рас, эфиоп патшалары сияқты, ассириялық билеушілер де жергілікті майда патшаларды биліктен айырған жоқ, олардан бағыныштылық пен алым-салық төлеп тұруды ғана талап етті.

Эфиоп және ассирия шапқыншылары бір-бірін әлсіретіп отырды. Солтүстік Египеттің аса ірі орталығы — Саистың билеушілері бұл жағдайды пайдаланып қалды.

10. Саистың өрлеуі. Бұл қала атыраудың батыс бөлігінде орналасқан және айналасын қоршаған ми батпақ оны жаулап алушылардан сақтап келген-ді.

Өздеріне патша деген титулды таңып алған Саис билеушілері біресе эфиоптық, біресе ассириялық билеушілермен келісімге келе отырып, реті келгенде екеуіне де берген сөздерінен тайып кетіп, амалдап келген. Жер Орта теңізінің жақындығы теңіздің ар жағындағы елдердің экономикалық және әскери ресурстарын пайдалануға мүмкіндік берді.

Саис басқарушыларының ішіндегі ең жолы болғаны — Псамметих еді. Б. э. дейінгі VII ғасырдың орта шенінде ол Ассирияның Азияда қиындықтарға ұшыраған сәтін пайдаланып, Лидиямен (Кіші Азиядағы) тығыз одақ орнатып, өзін енді тәуелсізбін деп жариялайды. Әуелі ол Төменгі Египеттегі өз билігін нығайтып алып, содан соң Фивыдан эфиоптарды ығыстырып шығарды, жергілікті патша династияларын жойып, бүкіл елді біріктіреді. Псамметих осылайша XXIV (Саис) династияның (б. э. дейінгі 663²—525 ж. шамасы) негізін салды.

XXIV династия кезеңі қайтадан бір орталыққа бағынған державаға айналған Египеттің экономикалық және саяси жағынан қайта өрлеген дәуірі болды. Дәл осы кезде Египетте темір ғасыры (Батыс-Азия мен Оңтүстік Европаға қарағанда едәуір кеш) басталады. Темір рудасы азиялық елдерден жеткізіледі, бірақ Египеттің өзінде балқытылып өнделеді. Финикияның және гректің сауда қалаларымен байланыс күшейеді. Атырауда гректердің сауда орындары пайда болады, олардың ішіндегі ең ірісі — Навкратис порты еді.

Елді біріктіру жолындағы күресте Псамметих грек және карий жалдамалы жауынгерлеріне арқа сүйеді. Шетелдіктердің мәртебесінің бұлай артып кетуі — египет-ливия жауынгерлері арасында наразылық та туғызды.

¹ Б. э. дейінгі 671, 667 және 663 жылдары, Асархаддон мен Ашшурбанипале патшалары тұсында.

² Псамметих таққа 663 жыл отырады, ал бүкіл Египетті ол 655 жылға таман ғана қаратып алады.

Псамметихтың Нехао есімді баласы және мұрагері Египеттің Азиядағы әлдеқашан жоғалтып алған позициясын қайтадан қалпына келтіруге тырысады. Ол Палестинаға бет алған сапарында өз жолын кес-кестеген иуда әскерлерін талқандап жеңеді, сөйтіп, Евфратқа дейін барып, сол жерде б. э. дейінгі 605 жылы Кархемиш түбінде вавилон армиясымен қақтығысады. Алайда, Алдыңғы Азияны өздеріне қаратқысы келген жаңа күштермен тіресуге Египеттің шамасы, келмейді. Нехао толық жеңіліске ұшырайды.

Оның есесіне Египеттің теңіз жолдарындағы үстемдігі мызғмай сақталып қала берді. Өзге емес, дәл осы Нехаоның инициативасымен финикия теңізшілері б. э. дейінгі 600 жыл шамасында Африканы айнала жүзіп шықты.

Саис Египеті ішкі бүліншіліктерден сау емес еді, бұл істе әсіресе армия шешуші роль атқарды. Б. э. дейінгі 569 жылы әскер басыларының бірі — II Яхмос (гректер оны Амасис деп атайды) билікті өз қолына қаратып алды. Ол өзін XXIV династияның өкілімін деп санап, оның есімі осы династия патшаларының тізімінде жүргенмен де, бұл — көз бояу болатын. Амасис патша тұқымынан емес еді, сондықтан да сарай шонжарлары оның мұнысын кеше алмады. Шонжарлар ол жөнінде қарзпайым семьядан шыққан екен, жасырақ кезінде кедейлік тауқыметін тартып, ұрлықпен де айналысқан деген қауасеттер таратты. Оған маскүнем деген ат тағып, және сыпайы да мәдениетгі де емес деп айыптады.

Бұл айтылғандардың ішінде асыра сілтеу көп еді, алайда жаңадан билікке ие болған жауынгер-патшаға тақтан құлатылған Псамметих патшаның әулетімен байланыста болған шонжарлардың өзіне қойған тым биік талаптарымен және ескішілдігімен санасып отыру оңайға түспеген сияқты.

Өзі билеген ұзақ мерзімде (б. э. дейінгі 569—525 жылдар) Амасис сыртқы саясат мәселелеріне аса көп күш-жігер жұмсаған. Рас, азиялық материктегі жаулап алу саясатынан ол бас тартты, ал бірақ оның кезінде теңіздегі үстемдік нығая түсті. Ол Кипр аралын бағындырды әрі Киренамен және Самос аралымен одақ құрды. Грек әлемінде египет ықпалы арта түсті.

Азияда жаңа жойқын күш — Персия державасының пайда болуы Амасисты мазасыздандырған еді. Ол Персияға қарсы оның Азиядағы бақталас елдерін біріктіруге тырысып көрді, бірақ ол әрекетінен нәтиже шықпады.

Амасистың өзі парсылардың Египетке басып кіруі қарсаңында өлді және ол өлген соң бірнеше айдан кейін-ақ Пелусия түбінде египет армиясын парсылар талқандап жеңді де (б. э. дейінгі 525 ж.), Египетті парсы патшасы Камбис жаулап алды.

ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТТІҢ МӘДЕНИЕТІ

Египет климатының мейлінше құрғақ болуы арқасында мұнда ежелгі заманның көп ескерткіштері, тіпті нәзік материалдардан жасалған бұйымдар да сақталып қалған. Мәселен, бұл жерлерден қағаздан бұрын шыққан (шын мәніндегі қағазды ежелгі қытайлар ойлап тапқан) папирусқа, сондай-ақ ағашқа, матаға жазылған жазулар аса көп мөлшерде табылып отыр. Тас плиталарға жазылған жазулар одан да жақсы сақталған. Алайда, бұл жазу ескерткіштерінің көпшілігі біржақты діни-магиялық сипатта болып келеді.

1. Дін. Нил аңғарындағы діни дәстүрлер мейлінше берік, өміршен болды. Абыздар аса үлкен беделге ие еді, кейде олардың патша әмірімен келісімге келе алмайтын да кездері болатын, бірақ бұл оларға фараондар құдай текті адамдар екені жайындағы сенімді таратуға, қалың көпшілікті «Күннің баласына», — Египет билеушілері өздерін өздері солай атайтын, — бағынып отыруға шақыруға кедергі жасамады.

Түптеп келгенде Египеттегі әр түрлі діни сенімдер ескі тәртіптерді қолпаштап, көпшілікті дәулеттілер өкіметіне бағынуға шақыратын. Египеттегі дін мындаған жылдар ішінде өзгеріп, әлеуметтік алға басу мен саяси өзгерістерге бейімделіп отырғаны сөзсіз. Алайда, Нил өзені аңғарында жойылып бара жатқан рулық-тайпалық дәстүрлермен байланысты көптеген ескі сенімдер ежелден келе жатқан өзге елдерге қарағанда ұзағырақ және берігірек сақталып қалды. Грек саяхатшыларын әсіресе Египеттегі өте кең тараған жабайы және үй хайуанаттарына, сондай-ақ әр түрлі құстарға, балықтарға және насекомдарға табынушылық қайран қалдырып отырған.

Мұның мысалдарын өте көп келтіруге болады. Египет фаунасының кез келген өкілі дерлік аймақтың бірінде болмаса екіншісінде (кейде тіпті бүкіл елде) әулие тұтылды. Көп жерлерде (әсіресе Фаюм оазисінде) тіпті крокодил де өзен суларының қасиетті және ұстауға болмайтың иесі саналып және оны аулауға қатаң тыйым салынды. Крокодил балаларын храмдардағы тоспа суларда ұстап, бал пирогімен асырап, егер олар әлдеқандай себеппен ерте өле қалса, мумиялап, матаға орап, құрметтеп жерлейтін болған.

Египетте мысыққа тиюге ешкімнің батылы бармайтын, оны өлтірген адам өлім жазасына да кесілетін болған. Ибис, жағалтай, қарақұс сияқты құстар, ал насекомдардан әсіресе көң қонызы ерекше құрметтелген.

Кейде жануарлардың кей түрлерінің сансыз өкілдерінің ішінен біреуі таңдап алынып, құдай деп жарияланған. Мәселен Египетте жүздеген, мындаған өгіздерді ешкім құрметтеп жатпа-

ған. Оларды бағатын, қамшымен қуатын, соқаға жегетін т. б. Оның есесіне ерекше белгілері бар бір ғана өгізді (ол өзі қара, маңдайында дөңгелек ақ таңбасы болуға, құйрығының қылшықтарына дейін өзгешелік белгісі білінуге тиіс т. б.) таңдап тауып, құрмет көрсеткен. Көп іздеулерден кейін осындай өгізді тапқан соң, оны Мемфиске алып келіп, арнаулы храмға кіргізіп, бұл—қасиетті, ешкімнің тиюіне болмайды деп жариялаған. Оның бақытты өмірі біткен кезде оны арнаулы лақатқа жерлеп отырған (ондайлар археологиялық қазба кезінде табылды) және қала қаралы күйде болған. Одан соң жаңа Аписты (құдай-өгіз солай аталған) іздеу басталған және ол табылған кезде қаралы күй қуаныш мерекесіне ауысатын болған.



Мумияның басы

Мұндай түсінік жалғыз Египетке ғана тән емес. Біз оларды өзге халықтардан да кездестіреміз, бірақ олар көмескіленген түрде ұшырасады да, көбіне ақылды аңдар мен құстар жөніндегі мифтік аңыздар және олардың таңғажайып суреттерін салу түрінде көрініс береді. Ал, Египетте тотемизмнің (адамдардың аңдардан және құстардан шыққанына сену) қалдықтары неғұрлым кең көлемде сақталып келген. Кейде тіпті адам тәрізді еркек құдайдың өзі де — қой басты болып, ал әйел құдай — сиыр басты әйел түрінде бейнеленіп отырған.

Ежелгі өзге елдерге қарағанда египеттіктер антропоморфизмге, басқаша айтқанда құдайды адамға ұқсас етіп бейнелеуге (әрине, олардың кәдімгі адамдардан айырмасы жаратылыстан тыс керемет қасиеттердің иесі болып бейнелеуінде еді) тым баяу көшті. Египет дінінің екінші бір ерекшелігі — о дүниелік өмірге өте үлкен мән берілуі еді. Егер Шумер мен Вавилонда ол дүние тым сұрықсыз, қызықсыз болып бейнеленіп, өлгендер жердегі өмірді сағынатын бақытсыз жандар саналса, Египеттегі діни наным басқаша еді, мұнда жердегі тұрғын жайлар аз ғана тіршілік кешетін қонақ үй сияқты, сол себепті оны берік салудың қажеті жоқ, одан да ерте бастан «мәңгілік баспана» — мазар тұрғызу қажет деп ұғылды.

Мумиялауға баса назар аударылды. Тәнді сақтаудың өте қымбатқа және арзанға түсетін әдістері болған. Фараондар мен бекзадалардың мумиялары өте жақсы сақталған. Дене ішінде-

гілердің бәрі алынып, өз алдына арнаулы сауыттарда (каноптарда) сақталып, тазарған дене 70 күн бойы тұз ерітіндісіне малынып, содан соң үстіне хош иісті смола құйылып, кенеп матаға оралып тасталатын болған.

О дүниеде рақатқа бату үшін, египет абыздарының ілімі бойынша, сиқырлы күші бар көп дұғаларды білу жөн. Ең әуелі оларды фараондар үшін шығарған. Мазарлардың қабырғаларына жасыл бояумен (өмір бояуымен) жазылған «Пирамидалар текстерінде» «Иала Алқабына» (египет жұмағына), құдайлар ортасына енген әміршінің бақытты өмірі екжей-текжейлі суреттеледі т. б.

Фараондарға еліктеген осыған ұқсас текстерді («Саркофаттар тексі») артықшылықпен пайдаланатын бай адамдар да қолдана бастады.

Ақыры, жаңа патшалық кезінде «Өлілер кітабы» шығарылды, онда о дүниедегі оқиғалар мен о дүниелік сот суреттеледі.

О дүние патшасы — Осирисің сарайына тап болған өлген адамның жаны мәңгі және рақат өмірге кенелу үшін оның алдында ақталып шығуға тиіс. «Өлілер кітабының» 125-тарауында ақталу сөзінің тексі толық келтіріледі. Өлген адамның жаны: «Мен ешкімді өлтірген жоқпын, тонаған жоқпын, нәпсіқұмарлыққа салынған жоқпын, жас баланың аузындағы сүтті жырып алып ішкен жоқпын, өзгелердің алқабындағы суды өзіме бұрып алған жоқпын» деген сияқты тағы басқа да сөздер айтуға тиіс. Бұл жерде өлген адамның адал сөйлеуі талап етілмеді. Ол тек қана батыл және өзіне сенімді болуы жөн. «Өлілер кітабында» өз жүрегіне арнап айтылған: «О, менің кеудемдегі жүрегім, Осирис сотында маған қарсы куәлік ете көрме?» — деген сөздер бар.

Сонымен, өзі тірі кезінде өзін лайықты жерлеу үшін және сиқырлы күші бар сөздерді жаздырып алу үшін қолында байлығы жеткілікті әр адам Осирис құдайды өзінің пәктігіне сендіре аламын және о дүниеде рақат өмірге тап боламын деп санауына болатын еді. Қарапайым адамдардың бұған үміті жоққа тән болатын.

Тек едәуір берірек кезде ғана (Рим үстемдігі тұсында) өлгеннен соң байлар керемет азаптарға ұшырайды да, кедейлер жер бетіндегі барлық көрген жәбірі үшін о дүниеде мәңгілік рақатта болады деген аңыз туады. Бұл жерде діннің жұбатушылық сипаты, еңбекшілерді сөзбен алдарқатып, әлеуметтік өткір қайшылықтарды жуып-шаюға тырысуы көрініс бере бастайды.

Египет абыздары халық дәстүрлерін пайдалана және өндей отырып, құдайлар туралы әр түрлі мифтік аңыздар айтып отырған. Құн құдайы Раны көбінесе жоғарғы құдай деп санаған. Ол әлемді су топаны қаптап тұрған өте ерте уақытта лотос гүлінен шығып жанды, жансыздың бәрін өзі жасаған. Ра құдайдың аузынан өзге құдайлар, ал көзінен адамдар шыққан. Ра аспан кеңесін құрып, өзіне асыл текті хатшы етіп жазу-сызуды ойлап



Құдай әйел Исидә мен құдай Гор



Құдай БЭС — нәрестенің қамқоршысы

тапқан даналық құдайы Тотты сайлайды. Ра бейнесі бірте-бірте барлық бағыныштылары аяғына жығылуға тиісті фараон бейнесінің сипаттарына ие бола бастайды. Фивының мәртебесі биіктеген кезде жергілікті Амон құдай Ра құдайдың дәрежесіне көтеріліп, Амон-Ра деп атала бастады.

Сондай-ақ өліп, қайта тірілетін табиғат құдайы Осириске сену де жалпы египеттік сипатқа ие болған.


Мифтердің бірінде бір кездерде Осирис жер бетінде үстемдік құрып тұрған кезде биліктен ажырап, өзінің зұлым бауыры Сеттің (шөл даланың, аңызакыстық жел мен тұзды судың әміршісі) қолынан қаза табады.

Оның адал жары Исида оның денесін тауып алып, жерлеп, әлдеқандай бір ғайыптың күшімен өлген Осиристен екіқабат болып, өзінің ұлы Горды табады. Бала өсіп жетілген соң әкесін өлтірген туысынан билікті қайтадан тартып алып, әкесін тірілтеді.

Иштар мен Таммуза жөніндегі мифтер сияқты, Осирис жөніндегі Египет мифтері жыл мезгілдерінің ауысуын түсіндіруге тиіс еді. Алайда бұл аңыздарда өлген құдай о дүниенің билеушісіне айналады да, оның жер бетіндегі мұрагері болып баласы Гор қалады.

2. Әдебиет. Ежелгі египеттіктерден біздерге бертiнiректе сарай қызметкерлерi мен храм көшiрмешiлерi өздерiнше өндеп жазып қалдырған, бiрақ түптеп келгенде таза халық ертегiлерi мен аңыздарынан бастау алатын көптеген көркем әдеби шығармалар жеттi.

Әсiресе Синухет жайлы аңыз көп тараған. Ол — Египеттегi таққа таласу бүлiншiлiктерi кезiнде елден қашқан бекзада едi. Ол Синай шөліне тап болып, аштықтан және су болмағандықтан өле жаздайды. Оны бәдеуилер сақтап қалады. Содан соң ол өз сапарын одан әрi, Палестинаға қарай жалғастырады, осы жердегi тайпалардың бiрiнiң көсемiмен достасып, қызына үйленедi, жекпе-жекте жергiлiктi бiр батырды жеңiп, Синухет оның бар мүлкiн олжалап алады. Ол байып алғанмен де, туған жерiн ұмы-



Математика жазылған папирус

та алмай, күйзеледі. Ол қашып кеткені үшін фараоннан кешірім сұрап, ақыры Египетке қайтып оралады. Аңызда египет сарайындағы мәдени өмір мен азиялықтардың қарапайым тұрмысы бір-біріне барынша қарама-қарсы қойылады. Алайда бөтен елдіктерге деген жек көрушілік жоқ. Қашқын египеттікті олар қонақжайлықпен қарсы алады және оған мейірімділік көрсетеді.

Келесі аңыз таза ертегілік сипатта баяндалады (қираған кеме жайлы ертегі). Египеттің бір чиновнигі теңізде сапарға шығып, дауыл кезінде эрең деп ажалдан қалады. Кемеден де, серіктерінен де айрылған ол кеме сынығына жабысып, қайырымды жылан мекендейтін аралға жетеді, ол фараон артынан теңізшілер жібергенге дейін жыlanda қонақ болып жатады.

«Ділмар село адамы жайлы хикая», «Тұйыққа тірелген патша ұлы туралы ертегі», «Шындық және өтірік туралы ертегі» және басқаларын да атап өтуге болады.

Египеттің астық бастырушылары, балықшылары, жүк тасушылары т. б. айтқан әр түрлі көптеген халық әндері, сондай-ақ жігіт пен қыздың бір-біріне деген көңілін білдіретін өлеңдер сақталып қалған.

Патшалардың ғажайып ерліктерін дәріптейтін сарай ақындарының қызыл сөзді, көпірме шығармалары бұларға мүлде ұқсамайды.

Өмірдің мәні мен мақсаты жайлы мәселе қоятын философиялық шығарманың үлгісі ретінде «Өмірден көңілі қалған адамның өз жанымен әңгімелесуін» айтуға болады. Әңгімеге қатысушының бірі (өмірден көңілі қалған адам) адамдардың қаталдығы мен қулық-сұмдығына шағынады және о дүниеге барып, әділдікті содан іздегісі келеді.

Екінші әңгімелесуші («көңілі қалған адамның жаны») бұған сенімсіздік білдіреді. О дүниеден қайтып келген ешкім жоқ, он-

да жердегіге карағанда жақсы ма, жоқ па, оны ешкім айта алмайды. Одан да жердегі өмірден өз бақытыңызды іздеген дұрыс. Алайда көңілі қалған адам оның жұбатуларын тындағысы да келмейді. Ақыр аяғында оған өзінің күмәншіл жанын жер үстіндегі өмірден о дүниедегі өмірдің артық екеніне сендірудің сәті түседі.

3. Ғылым. Көркем әдебиеттен басқа, бізге ғылыми сипаттағы да көптеген шығармалар жетіп отыр.

Египетте әсіресе математика дамыған. Рас, египет математиктерінің санау жүйесі едәуір қолайсыз болған. Сандарға позициялық мән беруге ешқандай талпыныс жасалмайды.

Сызықша әрдайым бірді, доға сызық — ондықты, ирек жіп — жүзді, лотос гүлі — мынды білдірген. Мәселен тоғыз мың дегенді жазу үшін тоғыз рет лотос гүлін салуға тура келген.

Осындай кемшіліктер мен қиындықтарға қарамастан, египет көшірмешілері күрделі есептерді де шығара алған. Геометрияда кертіп алынған пирамиданың көлемі мен шеңбердің диаметрге қатынасын (бұл соңғысында дәл еместік жүздің екі бөлігіндей ғана) есептеп шығаруға қолдары жеткен.

Египет астрономиясы да үлкен табыстарға жетті. Египеттіктер Нилдің арнасынан шығуы жайлы хабар беретін Сириустың пайда болатын кезін бақылады (бұл кездейсоқтық еді). Египетте күн календары қолданылды. Жыл әрқайсысы 30 күннен тұратын 12 айға, әр ай — үш он күндікке бөлінді. Артылып қалатын 5 күн мереке күндері болып саналды және бірде бір айға қосылмады.

Біздерге медициналық египет папирустары да жетті. Олардың рецептеріндегі көп жайлар бүгінгі оқырманға аңқаулық болып көрінеді. Есектің ұнтақталған тұяғы немесе «ұл бала туған әйелдің сүті» сияқты дәрілер қолданылған. Алайда бірқатар бақылаулар әр түрлі шөптердің пайдалы (немесе зиянды) әсерлерін анықтаған. Теориялық қорытындылар да жасалған. Олардың бұл кезде қан айналымы туралы түсініктері де болған. Ал, хирургияға келгенде, әсіресе египеттің көз дәрігерлерінің атағы алысқа кеткен б. э. дейінгі VI ғасырда-ақ оларды парсы патшалары сарайларына алдырған.


Египетте география ғылымының да алғашқы негіздері болды, оның үстіне мұнда белгілі жүйеге талпынушылық байқалады. Жерді олар шет-шеті биік (таулы) төртбұрыш ретінде елестетіп, жан-жағын мұхит қоршап тұрады («ұлы шеңбер») деп санаған. Алдыңғы жағы болып Нил ағып жатқан жағы, Оңтүстік, артқы жақ боп — Солтүстік (Жерорта және Эгей теңіздерінің аралдары), оң жақ боп — Батыс (өлгендер жаны сонда мекендейді деп саналған), сол жақ болып — Шығыс («құдай елі» немесе Раның елі) саналған.

Халықтар дене түстеріне және тілдеріне қарай, сондай-ақ өмір тіршілігі рақымы мол өзенмен байланысты Нил аңғары тұрғындары және аспаннан жауатын жауынды (атмосфералық жа-



Луксор храмының бағаналары

Карнак храмының бағаналары





Музыка аспаптарында ойнау

уын-шашынды) пайдаланып тіршілік кешетін барлық басқа халықтарға бөлінетін.

Ежелгі Египеттің географиялық картасы сақталған (мысалы, Аравия шөліндегі алтын рудниктері ауданының екжей-текжейлі картасы). Жоғарыда бес ғасырдан аса уақытты қамтитын әлемдегі ең ежелгі жылнама¹ египеттік (шумер жылнамалары әлдеқайда қысқа) екені айтылған. Алайда кең көлемдегі тарихи қорытындылар жасалмаған және мемлекет өміріндегі өзгерістер құдайлардың қалауына және адамдардың жеке бастарының қасиеттеріне байланысты деп түсіндірілген.


4. Өнер. Ежелгі Египеттен сарай құрылыстары аз сақталған (олар көбіне берік емес материалдардан салынған). Оның есе-сіне пирамидалар, мастабалар¹, жартас мазарлары сақталған.

Неғұрлым ірі храмдар Жаңа патшалық кезеңінде салына бастаған. Әсіресе аса үлкен колонналы залдары мен үсті ашық колонналы аулалары бар Фивының Луксор және Карнак храмдары тамаша. Кіре берісте аса ірі мұнаралар (пилондар) салынып, оларға сфинкстер (фараонның билігі мен даналығының символы іспетті бастары адам сияқты арыстандар мүсіндері) аллеясы бастап апаратын болған. Храмдардың қабырғалары алуан түсті (түрлі-түсті бедерлі) суреттермен және иероглифті жазулармен өрнектелген.

Мүсіндеу және сурет салу өнерінде шарттылық (Өзен аралығындағы сияқты) байқалады. Ежелгі египеттіктерге ол жақсы әдіс боп көрінген. Фараондар мен бекзадаларды жүзінде күлкі белгісі қатып қалған, қимылсыз, айбынды етіп бейнелеуге тырысқан. Тек кей кезде ғана, онда да кемшіліктерін көрсетуден қаша отырып, бейнеленіп отырған адамның өз ерекшеліктерін аңғартатын болған.

Қарапайым адамдар (егіншілер, малшылар және өте-мөте шет жерліктер, мәселен негрлер мен азиаттар) неғұрлым табиғи

¹ *Мастаба* — египет бекзадаларының патша мазарларынан (пирамидалардан) бөлекше, трапеция түрінде жасалған мазарлары.



Ежелгі Египет бишілері

түрде бейнеленіп отырған. Мұнда кейде карикатураға да (жуан адам, арық малшы т. б.) жол берілген.

Беті тегіс нәрселерге салынған суреттерде адамның жүзі көбінесе қырынан, ал көзі — бадырайған, екі иығы бірдей толық, ішінің төрттен үш бөлігі, ал аяқтары қайтадан қырынан және екі аяғында да бас бармақтары анық, ал кішкене бармағы көрінбейтін етіп бейнеленіп отырған.

Оның есесіне жануарлар дүниесі (жабайы мысық, құстар, маймылдар т. б.) тамаша дәлдікпен бейнеленген.

Өнердегі көркемдік дәстүрлердің едәуір өзгеріске ұшырауы Тель-эль-амарн өнерінде, басқаша айтсақ реформашы фараон IV Аменхотеп (Эхнатон) билеген кезге тән. Өзге кейіпкерлер туралы айтпағанда, оның өзі де, әйелі де, қыздары да натуралисттік түрде бейнеленеді және кемшіліктері айқын көрсетіледі.

Египетте музыка мен би күшті дамыған. Аспаптардың үрлемелі (флейталар), ұрып ойнайтын (систралар, кастеньеттер), ішекті (арфа, лютна т. б.) түрлері болған. Бишілер кейде фараон мен жеңілген жауды немесе жел екпінімен жапырыла иілген шөптерді бейнелеп, күрделі тұтас пантомималар көрсететін болған. Храмдарда діни мазмұнды драмалар (мистериялар) қойылған, оларда Осиристің өліп, қайта тірілуі бейнеленген. Мұның өзі антик дәуірінде толық дамып жетілген театрдың алғашқы бастамасы еді.

Египеттің мәдениет дамуындағы жетістіктері өзге елдерге де ықпал еткен және (едәуір мөлшерде гректер арқылы) бізге жеткен. Геродоттың египеттіктерді геометрияның ұстаздары деп санауы толық әділетті. Көптеген көркем сюжеттер египеттіктерден өзге халықтарға ауысқан (әрине, өзгерген түрде). Сфинкс бейнесі европалық өнерде де классикаға айналды. Египеттік обелискілер түп нұсқалары Рим мен Парижде асқақтап тұр. Египеттен әкелінген, қызыл граниттен жасалған сфинкстер (олар б. э. дейінгі XV ғасырға жатады) Ленинградтағы Нева жағалауын көркемдеп тұр.

ХЕТТАР

1. Кіші Азияның табиғаты. Қосөзен мен Египетте бір орталыққа бағынған қуатты мемлекеттер құрылып, олар уақытша әлсіреу мен ыдырау кезеңдерін бастан кешкендеріне қарамастан, мыңдаған жылдар бойына өмір сүрген кезде Кіші Азияда (Анатолияда) жағдай басқаша қалыптасты.

Үш жағынан бірдей теңізбен (Қара, Мрамор, Эгей және Жерорта теңіздерімен) қоршалған және жерін тау тізбектері бөліп жатқан бұл үлкен түбектің табиғи жағдайы өзін мекендеген тайпалар мен ұлт топтарының бірігу процесіне оншалықты қолайлы емес еді. Мұнда ірі өзен алқаптары жоқ болатын. Ең үлкен өзен — Қара теңізге құятын Галисті (қазіргі Қызыл Ирмак) Нилмен немесе Евфратпен салыстыруға мүлде келмейтін.

Шағын каналдар қазылғанмен де (негізінен бау мен огородтарды суару үшін), жергілікті жер бедері (үстірт пен тау жоталары) бірыңғай суландыру жүйесін жасауға мүмкіндік бермеді.

Мал өсіру (әсіресе жылқы өсіру) басым роль атқарды, жайылымға жарайтын далалы алқаптардың көп болуы бұған жағдай туғызды. Бал арасын өсірудің де үлкен маңызы болды.

Тауларын қалың орман басып жатты, ал олардың (әсіресе Күміс таулар деп аталған Тавр жотасының) қойнаулары металдарға (күміске, мысқа, қорғасынға, темірге) бай болатын.

2. Халқы. Кіші Азияны мекендеген негізгі халық—хеттар әр тілде сөйлейтін тайпалар конгломераты еді. Олар б. э. дейінгі II мың жылдықта негізін салған патшалық аз уақытқа болса да күдіретті болғанымен, бар болғаны бірнеше ғасыр ғана өмір сүрді.

Б. э. дейінгі I мың жылдықта хетт халқының атының өзі ұмытыла бастайды. Егер библияда хеттар туралы әлі айтылатын болса (Палестинаға қоныстанушы хеттар¹), кейінгі гректер оларды білмейді. «Одиссеяның» бір жерінде ғана Трояға көмекке келген «кетейлердің»² көсемі жайлы бір ауыз ғана айтылып өтеді. Геродот, өзі Кіші Азиядан шыға тұра хетт халқы мен хетт патшалығы туралы ештеңе білмеген. Шамасы, б. э. дейінгі V ғасырда хеттар өзге халықтарға (негізінен фригиялықтарға) толық сіңісіп кетіп, өз ерекшеліктерін, тіпті өздерінің аттарын да жойса керек.

3. Түп деректер мен тарихнама. Хетт тарихын зерттеу кешігіп басталды. Рас, өткен ғасырда табылып зерттелген египет және аккад текстерінде, Египетпен, Вавилонмен және Ассириямен әс-

¹ Израил-иуда патшасы Давидтың әйелдерінің бірі — Вирсавияның (оны Рубенс өзінің мәңгі өлмес шығармаларының бірінде бейнелеген) күйеуі (алғашқысы) Урия атты хетт болған. Давид патша бұл хетты айлакерлікпен құртып, жесіріне үйленген.

² Телефтің баласы Эврипил (әкесінің есімі нағыз хеттік).



Хаттуса қаласының қақпасы

кери қақтығыстары және дипломатиялық байланыстары болып тұрған Ұлы Хетт патшалығы туралы дерек ұшырасады. Кіші Азия мен Сирияда шашырап жатқан хетт ескерткіштерімен танысу әлі үстірт және материалдық мәдениетті зерттеу түрінде ғана болатын.

Тек 1906 жылы ғана шығысты зерттеуші неміс ғалымы Г. Винклер Богазкеой төбесін (осы күнгі Анкараның шығысында) жүйелі түрде қазуға кіріседі, оның астында Хетт астанасы Хаттусаның қалдығы бар боп шығады. Хетт патшаларының сарайлары қазылып, одан сына жазу текстері бар ежелгі шығыс халықтарының әр түрлі тілдерінде жазылған саз балшық тақталары табылған.

Егер бұлардың ішінде аз кездеспейтін аккад текстерін бірден оқудың сәті түссе (аккад тілі бұл кезде жеткілікті түрде зерттелген еді), хеттардың өз тілінде (дәлірек айтсақ тілдерінде) жазылған жазуларды бірден оқуға мүмкіндік болмады. Бұл істе 1915 жылы ол жазуларды оқудың және түсінудің кілтін тапқан чех ғалымы Б. Грозныйдың еңбегі зор болғанын атап айту жөн.

Бұл арадан көп мөлшердегі сына жазба документтерімен бірге едәуір мөлшерде хеттардың иероглиф жазулары да табылған. Сырт көріністері жағынан олар египет иероглифтерімен ұқсас болғанымен, жақынырақ танысып қараған адам оның өзіндік ерекшеліктерін де байқай алады. Хетт иероглифтері сирек, көбінесе хетт елінің орталығында емес, шығыс аймағында қолданылған. Хетт жазу-сызуын және тарихын зерттеу ісінде совет ғалымдары да ат салысты. Мәселен, В. В. Струве хеттарда құл иеленудің үлкен роль атқарғанына көңіл аударды. Сөйтіп хеттология



Сына жазуы мен иероглиф тексі бар
хетт мөрі

қосыла берген. Олардың лексикасында славян (мысалы, суды «вадар» деуі), сондай-ақ гек (алма — «мала»), латын т. б. тілдерімен ұқсастық белгілері бар. Мемлекеттік бұл тіл ежелгі кезде несит тілі (Неса қаласының атымен) деп аталған. Бұл тілде хеттардың заңдары, указдары, жылнамалары және өзге де ресми документтері жазылған. Несит тілінде сөйлеген тайпалар Каспий теңізінің жағасынан¹ келді деген болжам бар.

Бұл негізгі тұрғын халыққа бөтен тілде сөйлейтін және өзіндік дәстүрлерін сақтаған өзге тайпалар² келіп қосылып отырған. Бірақ (Египеттегі сияқты) біржола толық араласып, сіңісіп кетушілік болмаған.

4. Хетт патшалығы. Хеттардың рулық-тайпалық құрылысы б. э. дейінгі III және II мың жылдықтар шекарасында ыдырай бастайды. Бұл процестің жеделдеуіне семиттік колонистердің келуі де ықпал еткен. Аккад (кейінірек кезде Ассирия) көпестері б. э. дейінгі XXIII—XX ғасырларда Галис өзені алқабында өздерінің сауда колонияларын құрған. Олар жергілікті тайпалар шонжарларымен келісімге келу арқылы жергілікті мал және егін өсіруші тұрғындарды (мысалы борышқа батыру арқылы) қанап отырған.

Б. э. дейінгі II мың жылдықтың бас кезінде Кіші Азия түбегінің шығыс бөлігін біріктіру үшін алғашқы талпыныстар жасалады. Хеттың тұңғыш ұлы патшасы Анитта, патшалықтың астанасы мемлекеттік тілге өз атауын берген Неса қаласы болды.

Хетт державасы б. э. дейінгі 1660—1650 жылдар шамасында Табарна (Лабарна) патшаның тұсында ғана біржола қалыпта-

¹ Кейбір зерттеушілер оларды Балқан түбегінен келген деп жорамалдайды, біздіңше ол теріс сияқты.

² Бұлардан лувшіліктер (оңтүстікте), палайл (солтүстік шығыста) белгілі, сондай-ақ хурриттер т. б. елеулі роль атқарған.

сып болды. Бұл державаның негізгі орталығы Галис (Каппадокия) өзенінің бассейні болған. Б. э. дейінгі XVI ғасырдан бастап оның астанасы Хаттуса болады.

Хетт державасының тарихы негізгі екі кезеңге: Ежелгі патшалық пен Жаңа патшалық кезеңдеріне бөлінеді.

5. Ежелгі патшалық (б. э. дейінгі XVII—XVI ғасырлар). Табарна династиясының неғұрлым көрнекті өкілі жаулаушы патша Мурсили болған. Ол тонаушылық сипаттағы бірқатар жорықтар жасаған. Хетта әскери шонжарлары, ал ішінара қатардағы жауынгерлер де өзге елдерден көбірек құлдар түсіруге және оларға өз егістік далаларында жұмыс істетуге тырысып баққан.

Мурсили Солтүстік Сирияның стратегиялық және экономикалық орталығы болып табылған Халпа (осы күнгі Халеб) қаласын басып алды. Осы жерден ол Евфратқа қарай жылжып, өзенді жағалай отырып, Вавилонға дейін түсіп, аса үлкен бұл қаланы да басып алып, ойрандады.

Алайда бұл табыстары тұрақты болмады. Хетт патшалығының өз ішінде талай рет бүліншіліктер болып тұрған. Құлдардың көтерілісі жайында да еміс-еміс дерек бар. Екінші жағынан хетт шонжарлары (ең әуелі патшаның көптеген туыстары мен құда, жек-жаттары) орталық билікпен оншалықты санаса бермеген.

Хетт патшалары Египет фараондары сияқты мейлінше күшті бола алмаған. Аса маңызды істер жөнінде олар тулиамен (ақсақалдар кеңесімен) ақылдасуға, ал кейде панкуспен де (жауынгерлер жиналысы) келісуге мәжбүр болған.

Ұзақ уақытқа созылған өз ара қырқысу соғыстары мен сарай төңкерістерінен кейін, б. э. дейінгі XVI ғасырдың аяғына таман елдегі басқарушы топтар арасында белгілі дәрежеде мәмлеге келушілікті көрсететін бірқатар реформалар жүзеге асады.

Телепин патша таққа мұрагер отыруының қатаң жүйесін указбен бекітеді. Патша өлген соң ел билігі оның үлкен ұлына, ал егер ол да кездейсоқ өле қалса, одан кейінгі ұлына көшуі керек делінеді. Патшаның ұл балалары болмаған жағдайда билік ең үлкен күйеу баласына көшуге тиіс т. б. Сонымен бірге патша өз бетімен ешкімді де өлім жазасына кеспеуге, өлімге кесілгендердің мүліктерін тулиа мен панкусқа айтпай өз бетінше конфискеlemeуге міндеттенеді. Біз бұдан хетт монархиясының деспоттық болмағанын, хетт патшаларының Египет фараондары немесе Шумердің, Аккад пен Вавилонның әміршілері сияқты шексіз билікке ие бола алмағанын көреміз.

6. Жаңа патшалық. Жаңа патшалық кезеңінде (б. э. дейінгі XV—XIII ғасырлар) орталық билік едәуір күшейе түседі. Елдің түкпір-түкпірінде шашырап жатқан патшаның меншік жерлері көбейеді. Олар арнаулы кеңселер («тас үйлер») арқылы басқарылады және бірқатар селолық қауымдарды жұтып қояды. Қатардағы қауымдастар өз үлесіндегі жерлерді билеу еркінен ай-

рылады және оны бұдан былай өз балаларына дамұра етіп қалдыра алмайтын болады.

Қауымдық жерлердің елеулі бөлегі де жеке меншік иелерінің (үздік шыққан жауынгерлер мен абыздардың) қолдарына өтіп, ал олар өз учаскелерін айналымға еркін жіберіп отырған. Қатардағы қауымдастар кедейленіп, өздерінің бұрынғы праволарын жоғалтады және кейбіреулері тіпті борыштық құлдыққа түседі. Мысалы, ашаршылық жылдарында кедейді «тірі алып қалған» (қарауына алып асырап-сақтаған) бай, егер әлгі кедей өзін сатып алуға жеткілікті қаржы таба алмаса, оны өз қарауында ұстап қалуға қақы болған. Сөйтіп, хетт қоғамында мүлік жіктелісі жеткілікті түрде дамыған. Жаңа патшалық кезіне жататын хетт заңдары әлеуметтік теңсіздікті заң жүзінде нығайтып берді.

Буржуазиялық тарихшылар хетт заң шығарушылары өте үлкен адамгершілікке ие болған-мыс деп жиі дәріптейді. Олар кез келген қылмыс үшін айыптылардың заттай немесе ақшалай айып төлеу жазасына кесілетініне назар аударады.

Хетт патшалығында кісі өлтірген адам өлген адамды өз есебінен жерлесе және оның туыстарына төрт адам берсе (құлдарынан немесе өзінің семья мүшелерінен) жазадан құтылатын болған. Ұры да, өрт қойған адам да, төбелесте қарсыласып жазым еткен тентек те жазадан ақы беріп құтыла алған. Өлім жазасын мүлде дерлік (өте сирек жағдайда ғана болмаса) қолданбайтын «жұмсақ» заңдары болуы вавилондық семиттерге¹ қарағанда жоғары, арийлық нәсілге жататын хетт халқының адамгершілік қасиеттерін көрсетеді-міс. Алайда, анықтап қараған адамға мұндай «адамгершіліктің» таптық тамырлары айқындалмай қалмайды. Малы көп бай өзгенің жақсы атына қызығып, сұғанақтық жасаса, сөйтіп қолға түсіп қалса, онда жәбірленушіге өз табынынан 15 жылқы беріп, құтыла алған. Ал ұры кедей боп шықса, онда ол айыбын он бес есе асырып төлеп құтылу үшін борышты болып, құлдыққа түскен. Құлдарға одан да қиын болды. Құл егер біреудің үйін өртесе, оның мұрны мен құлақтарын кескен, егер ол әлдекімге ажал шақырып, сиқырлап, дуа жасады деп айыпталса өлім жазасына кесілген.

7. Хетт державасының гүлденуі және құлдырауы. Хетт державасының ішкі жағдайы берік емес еді. Оның экономикалық бірыңғай базасы болмады, күш-қуатын уақытша болса да кемітпей ұстап тұру үшін үсті-үстіне жорықтарға шығу қажет болды.

Реформашы фараон Эхнатонның замандасы болған Суппилулиума патшаның тұсында (б. э. дейінгі XV ғасырдың аяғы — XIV ғасырдың басы) — Хетт державасы ең гүлденген шағына

¹ Неса тілі үнді европа (немесе, кейде айтылып жүргендей үнді герман) тілі тобына жататыны себепті хеттарды жоғары арийлық нәсіл өкілдері деп жариялаған.



Хеттардың адамды құрбандыққа шалуы

жетеді. Өз көршілерінің әлсіздігін пайдаланған Суппилулиума Митанниды талқандап, бағындырды, одан соң бұл патшалықтың тағына өзінің күйеу баласын отырғызды. Бұдан кейін ол Египет патшалығынан оның азиялық иеліктерінің елеулі бөлігін тартып алды және тіпті өзінің балаларының бірін династия аралық неке жолымен фараон етуге де әрекеттеніп көрді.

Алайда мұндай әскери-дипломатиялық әрекеттердің бәрі күйреуік және баянсыз болып шықты. Египетпен арадағы соғыс созылып кетті, ал шығыс жақтан жаңа әрі қатерлі жау — Ассирия қауіп төндірді.

III Хаттусили египет фараоны II Рамсеспен (бұрынырақта айтылғанындай) асығыс түрде келісімге келуге мәжбүр болды, өйткені ол ассириялық әскерлер өзіне тыл жақтан келіп тиісер деп қауіптенді. Сонымен бірге ол өзімен бітім шартын жасасқан Вавилонияны Ассирияға қарсы айдап салуды да көздеді. Алайда, мұның бәрінің көмегі тимеді.

Ассириялықтар хеттарға соққы үстіне соққы берумен болды, ал батыстан іштерінде гректер (ахейлер) және этрустар (турша) тайпалары бар «теңіз халықтары» келе жатты. Б. э. дейінгі 1200 жылдың шамасында олар Хаттусуды талқандап жеңді де, ол бұл соққыдан соң қайтып еңсе көтере алмады.

Шағын хетт князьдықтары — бұрынғы державаның бөлшектері — тағы да бірнеше жүз жыл өмір сүрді, содан соң Ассирия оларды жұтып қойды да, хетт халқы өзге халықтардың (Фригиялықтардың, арамейлердің т. б.) ішіне сіңіп өздері туралы ешқандай дерлік естелік қалдырмай, біржолата жойылып кетті.

8. Хетт мәдениеті. Хетт мәдениеті Вавилон және Египет мәдениетінің күшті ықпалында болған. Хетт көшірмешілері вавилоң поэмалары (мысалға, Гильгамеш эпосы) мен өзге де текстерді (мәселен, астрологиялық) ынталана көшіріп, өздерінше өзгертіп алып отырған. Хетт астанасының архивінен жылқы өсіру және күймелерді басқару жөніндегі митаниялық ереже-

лер¹ табылған. Дегенмен мұнда төл тума поэмалар да туған. Солардың бірі көктем құдайы Телепинге арналады, ол әуелде жат жерге кетіп қалады, одан соң құдайлардың шақыруы бойынша қайтып оралады, осыдан кейін табиғат қайта жанданады.

Хеттар бейнелеу өнерінде тамаша шығармалар шығарған. Әсіресе жартастарға қашап салынған құдайлар мен қасиетті жануарлар суреті көңіл аударарлық.

Месопотамия сюжеттері мұнда өзінше өңделіп, пайдаланылған.

Хеттар шығыс сюжеттерінің гректерге ауысуына елеулі қызмет еткен. Әйел бетін бейнелеген хетт сфинкстері (египеттікінен айырмасы), грек сфинкстерінің өзгеруіне (жартылай әйел-жартылай арыстан) ықпал еткен. Хеттар, осылайша, тарих сахнасынан кетіп бара жатып та, өздерін шығыс және грек әлемінің арасындағы дәнекер ретінде таныта білді.

XVII ТАРАУ

ФИНИКИЯ, ПАЛЕСТИНА ЖӘНЕ СИРИЯ

Месопотамия мен Египет аралығындағы территория ежелгі кезде Сирия және Палестина деп аталған. Бұл аймақтың солтүстік бөлігі, сондай-ақ оған жалғас жатқан Сирия даласы (ол бірте-бірте Сирия шөліне айналады) — Сирия деп, ал оңтүстік бөлігі—Иордан өзенінің басталар жерінен Синай түбегі мен Нилдің атырауына дейінгі жерлер — Палестина деп аталған. Сирия мен Палестинаның Жерорта теңізі жағасындағы бөлігін (негізінен осы күнгі Ливан мемлекетінің жеріне сәйкес, бірақ солтүстігі мен оңтүстігінде одан гөрі кеңірек қанат жайған) гректер Финикия деп ерекше атаған. Шығыс халықтары Финикия, Палестина және Сирияны айту үшін Ханаан (Библия мен Египет документтеріндегідей) немесе Амурру (сына жазулы документтеріндегідей) деген жалпы атауды көбірек қолданған.

1. Түп-деректер. Библияны сынау. Тигр және Евфрат өзендері алаптарынан Жерорта теңізімен Египет шекарасына баратын жолда жатқан бұл елдердің ежелдегі тарихы бізге негізінен библия кітаптары («Көне өсиет») арқылы жеткен.

Иуда және христиан діншілдері «қасиетті тарих» деп жариялаған бұл кең көлемді жинақ ежелгі еврей тілінде жазылған. Бұл тілдің шумер, аккад, ежелгі египет және хетт тілдерінен айырмасы — сөйлеу тілі болудан қалған соң да ешқашан ұмытылмауы² рас, ғылым тұрғысынан емес, дін тұрғысынан, мұқият зерттеліп келген.

¹ Бұл шығарманың авторы Киккули болған. Ол унділік терминдер араласқан хуррит тілінде жазылған.

² Израиль мемлекетінде қолданылатын иврит тілі ежелгі еврей тілімен грамматикасы жөнінен де, лексикасы жөнінен де едәуір мөлшерде дәл келеді, тек соңғысы көп жаңарған әрі толығырақ түскен.

Осы бертінде дейін Көне өсиет кітабын бастырып шығару орта ғасырлық қолжазбалар негізінде жүзеге асырылып келген.

Біздің ғасырымыздың 40—60-жылдарында Кумран үңгірлерінде (Өлі теңіз жағасында) тамаша археологиялық қазбалар жасалды. Осының арқасында Көне өсиеттің неғұрлым ежелгі қолжазбалары ғалымдардың қолына түсті.

Қасиетті, қастерлі саналған библия кітаптарына сын тұрғысынан талдау жасауға көпке дейін мүмкіндік болмай келді.

Бес кітаптың (библияның негізгі бөлімі) қайталай, үстемелеп баяндалатын және қайшылықты сипаттарын батыл ашқан тұңғыш зерттеуші француз ғалымы Жан Астриок болған. Оны библияны сынаудың негізін салушы деп санайды.

Ол бұрыннан, дәстүр бойынша, бір ғана автор — Моисей жазды деп саналып келген Бес кітапты екі автор жазған (оларды құдайдың Яхве және Элохим деген әр түрлі аттарын қолданғанына қарап шартты түрде Яхвист және Элохист деп атайды) құрамдас екі бөлікке жіктеуге болатынын анықтайды. Одан әрі Бес кітаптың одан да көп бөліктен (майда қосымшаларын санамағанда, төрт негізгі бөліктен) тұратынын анықтаудың сәті түсті. Бұл тұрғыдан алғанда неміс ғалымы Ю. Вельгаузен алға қарай үлкен қадам жасады.

Библияны зерттеуші совет ғалымдары элеуметтік-экономикалық көріністерге басты назар аударып, Библия кітаптарынан экономикаға және тап күресінің тарихына қатысты өте қызықты материалдар тапты. Бұл істің барысында ежелгі Палестина мен Сирияда феодалдық және құл иеленушілік құрылысты жақтаушылар арасында айтыс та болмай қалған жоқ. Әсіресе Н. М. Никольскийдің, А. Б. Рановичтың, И. Д. Амусиннің зерттеулерін атап өту жөн.

Библиядан басқа Палестина, Финикия мен Сирияның тарихынан бізге жеткен жазба түп-деректер аз. Антик авторлары (грек Геродот, римдік үлкен Плиний және басқалары) қызық деректер келтіреді. Кейбір финикиялық шығармалар бізге грек тіліндегі аударма немесе қайта айтылған нұсқалары бойынша жеткен (Тир қаласы жылнамасының үзінділері, ежелгі Финикия данышпаны Санхуниатон жинаған мифтер). Б. э. I ғасырындағы еврей тарихшысы Иосиф Флавий грек тілінде Палестинаның өткен тарихына арналған «Иуда көнелері» атты және басқа да шығармалар жазып қалдырған.

Ежелгі жазудың түп нұсқалары Палестинада да, сондай-ақ Сирия мен Финикияда да Египет пен Қосөзенге қарағанда аз табылған. Әрі бұлардың көбі жалғыз-жарым және қысқа болып кездеседі. Олар: ай аттарының тізімі, Иерусалимде (б. э. дейінгі VIII ғ.) су құбырының салынуы туралы жазба, патшалардың салтанаты жөніндегі жазулар т. б.

Біздің ғасырларымыздың 20-жылдары б. э. дейінгі III мың жылдықта пайда болып, II мың жылдықтың алғашқы жарты-

сында гүлденіп тұрған Угарит қаласының күл-көпірінен (Оронт өзені сағасынан оңтүстікке таман) архив табылған.

Археологтар сондай-ақ өзге де көп қалалардың күл-көпірін қазған. Фараон II Тутмос көп қиындықпен әрең дегенде басып алған аса күшті Мегиддо қамалының қазбаларын ерекше атап өтуге болады. Мұнда мықты қабырғалар мен мұнаралардың қалдықтары сақталыпты.

Палестинаның екінші үлкен орталығы — Иерихонды қазу кезінде б. э. дейінгі VII мың жылдықтан (алғашқы неолит дәуірі) басталып, бір-біріне жамала берген бірнеше қабаттар табылған.

Финикия қалаларынан әсіресе Библ қаласы жақсы зерттелген, оның Угариттен айырмасы — Египетпен тығыз байланыста болған.

2. Табиғи жағдайлары. Сирия мен Палестина таулы елдер боп табылады. Мұнда үлкен өзендер жоқ. Тек Сирияның шығыс бөлігіндегі аз ғана жері Евфрат өзенінің орта ағысымен ұласып жатыр.

Жерорта теңізіне оншалықты ірі емес Оронт өзені және бірнеше майда өзендер мен жылғалар құяды. Палестинаны солтүстігінен оңтүстігіне қарай кесіп өтетін Иордан өзеніне келетін болсақ, ол Көне өсиет пен Жаңа өсиеттің аңыздарында көп дәріптелген, бірақ оның суландыру жүйелері мен кеме қатынасына пайдалану жөніндегі мәні шамалы. Жазды күні бұл өзеннің суы құрғап тартылып қалатыны сондай, кей тұстарында оны тіпті кешіп өтуге де болады, тек қысқы жаңбырлар кезінде ғана ол уақытша мол сулы өзенге айналады.

Иордан өзені, шын мәнінде теңіз емес, ақпайтын шағын көл болып табылатын және тұзының көптігі сондай, суына түскен балық өліп қалатын, Өлі теңізге барып құяды. Сирия мен Палестинаның елеулі бөлігін тау жоталары (Ливан, Антиливан, Кармел және басқалары) кесіп өтеді. Тау арасындағы шағын аңғарларда егіншілікке жарамды құнарлы жер учаскелері болған. Әсіресе бұл жердің жағдайы бау өсіруге (жүзім, инжир, зәйтүн, алма ағашын т. б.) қолайлы. Астық өсіру де (арпа, бидай) дамыған. Едәуір мөлшерде орман массивтері болған (қазіргі кезде олар түгелге жуық жойылып кеткен).

Құрғақшылық көп зиян шектірген. Көп жерлерде қолдан суғаруға талпыныстар жасалғанмен, өзендердің қысқа және суы аз болуы себепті шағын алқаптарды ғана суландыра алған. Египеттегі немесе Қосөзендегі сияқты бірыңғай суландыру жүйесін жасау ешқандай мүмкін емес еді. Жауын-шашын жеткіліксіз жауса аштық басталатын.

Әсіресе Сирия даласында (қазір ол нағыз шөл далаға айналған), сондай-ақ Палестинаның оңтүстігі мен оған жалғас жатқан Синай түбегінде де климаттың құрғауы күшейе түскені сезілетін. Бұл жерлерде ұсақ малдар (қой мен ешкі), ал кейінірек түйе өсіру негізгі шаруашылыққа айналған.

3. Халқы. Сирия мен Палестина Тигр мен Евфрат өзендерінің алабынан Нил аңғарына және Аравияның далалары мен шөлдерінен Жерорта теңізінің гавандары мен Кіші Азияның тау жоталарына баратын жолдарда жатқандықтан, бұл жерлерде керуен жолдары түйісіп, әр түрлі халықтар мен тайпалар өкілдерінің өне бойы бір-бірімен кездесіп және араласып кетіп отырғаны өз-өзінен түсінікті.

Сондықтан Сирия мен Палестинаның халқы өзінің этникалық құрамы жағынан мейлінше ала-кұла болып келетініне тандануға болмайды. Б. э. дейінгі III мың жылдықтың өзінде-ақ, бәлкім одан да ертерек, бұл жерлерде батыс семит тайпалары көбірек болған, олар Ханаанейлер¹ деген жалпы атқа ие болып, Египет шекарасынан Оронт өзені алабына дейінгі бүкіл ел солардың атымен Ханаан деп аталған.

Алайда бұл халықты жергілікті негізгі халық деп санауға ешқандай негіз жоқ. Библияда кейінірек жоғалып кеткен алғашқы тұрмыстық тайпалар жөнінде бірнеше еміс-еміс деректер бар. Бұл баяндауларда ертегілік сипаттар көп. Ежелгі тұрғындар бірде алып адамдар, бірде «мінгірлектер», яғни мүлде түсініксіз тілде сөйлейтіндер, ал кейде тіпті өлген адамдардың жандары (рефаим) түрінде бейнеленеді. Кейде олар, дегенмен, неғұрлым реалды түрде «үнгір тұрғындары» деп те аталады. Олар еврейлерге де, ханаанейлерге де, яғни кейініректегі семит мекендеушілеріне — барынша қарсы қойылады. Олардың бір-бірінен айырмасы болғанын археологиялық қазбалар да растайды. Қазып алынған сүйектерді зерттеу үстінде байқалатын өзіндік антропологиялық ерекшеліктерді айтпағанның өзінде, семиттерге мүлде ұқсастығы жоқ неолит дәуірі адамдарының бейнесі де сақталған. Палестина мен Сирияға семит тайпалары шамасы Аравия түбегінен келіп, бұл жерлерден одан әрі шығысқа — Месопотамияға қарай жылжыса керек. Солтүстіктен оларға қарама-қарсы хуррит тайпалары, ал кейінірек хеттар қозғалған. Соңғылары, кей мәліметтерге қарағанда гиксос шапқыншылығы кезінде Хеброн қаласына (оңтүстік Палестинада) дейін жеткен және Библия оларды осы жердегі берік, отырықшы халыққа айналған кезінен бастап суреттейді.

Б. э. дейінгі XIII—XII ғасырларда Кіші Азиядан кейінірек ағылып келген «теңіз халықтары»² еді. Бұл этникалық конгломераттың бір бұтағы — филистимдіктер — Жерорта теңізінің шығыс жағалауының жағалық алқабында, финикиялықтардан оңтүстікке таман, берік қоныстанып алып, өз тілдері мен мәдениетін көпке дейін сақтаған.

¹ Б. э. дейінгі III және II мың жылдықтарда Палестина мен Сирия даласы арқылы Қосөзен даласына басып кіруші амориттер, барлық белгілеріне қарағанда, ханаанейлердің бір бұтағы болғаны байқалады.

² Олар Палестина мен Египетке теңіз жолы арқылы келгендіктен египеттіктер оларды осылай атаған. Дегенмен, Кіші Азияның батыс бөлігін египеттіктер арал деп санау да ғажап емес.

Археологтар Палестина мен Сириядан құралдардың, қарулардың және үй-іші бұйымдарының өзгеруімен бірге жүріп отырған экономикалық дамудың әр түрлі сатыларының белгілерін тапты. Солтүстік Палестинадан палеолиттік тұрғын жай мен неандертальдық адамның сүйегі табылған. Оңтүстік Палестинада палеолит пен неолит арасындағы аралық саты — мезолиттің (орта тас ғасыры) іздері аңғарылады. Оның ерекше белгісі ретінде — өткір тас сынықтарын құрал жасауға пайдалану (мәселен орақ жүзі үшін) болып табылады. Аңшылықтан егіншілікке көше бастау белгілері (мәселен, ең әуелі жабайы өсетін, ал кейінірек қолдан себілген болуы да мүмкін дәнді жүйелі түрде орып бастыру) байқалады.

Б. э. дейінгі VII мың жылдықтан IV мың жылдыққа дейінгі адамдардың неолиттік тұрағы Сирияның, Палестина мен Финикияның барлық бөліктерінен табылып отыр. Бұл — егіншіліктің, мал өсіру мен қолөнерінің елеулі түрде дамыған уақыты еді.

Энолиттің (мыс-тас ғасырының) соңғы кезеңінде айналасы дуалдармен қоршалған қалалар пайда болады. Бейнелеу өнері үлкен табысқа жетеді. Әсіресе Заиорданьедегі қабырғалардағы жазбалар көңіл аударарлық. Олар күнге табыну (күнді сегіз шұғыла сәулесімен бейнелеген) орын алғанын дәлелдейді.

4. Қала-мемлекеттер. Сирия мен Палестинада ірі мемлекеттік құрылымдар болмаған. Бұл жерлерде біріне-бірі тәуелсіз көптеген қала-мемлекеттер пайда болады. Олардың көпшілігін патшалар билеген, бірақ олар египет фараондары немесе Шумен мен Акқад патшалары сияқты деспоттық билікке қолымыз жетер деп қиялдай да алмады.

Бұл патшасымақтардың билігін құл иеленуші шонжарлар шектеп отырған. Әр мемлекеттің территориясы қала және оның маңайындағы қоныстармен шектелетін болған. Тек оқта-текте ғана бірнеше қалалар бірігіп, жетекші рольге ие болғысы келетін мемлекеттерді құрған, бірақ Египет пен Қосөзеннен бұлардың айырмасы сол, әлгіндей талпыныстарын жүзеге асыруға бұл өлкені таулар бөліп жатуы және бастан-аяқ кесіп өтетін өзен қатынасының болмауы мүмкіндік бермей келген.

Б. э. дейінгі II мың жылдықтың алғашқы жартысында әсіресе Угарит мемлекеті көзге түседі. Ол Жерорта теңізінің жағасындағы шағындау бірақ құнарлы алқапта орналасады. Угарит архивы документтерінде ауыл шаруашылығы жөнінде көп айтылуы тектен-тек емес. Угаритте экономикалық прогресс елеулі әлеуметтік алға басуларға қол жеткізгенін байқауға болады. Селолық қауым едәуір ыдырай түседі. Жер үлестері саудаға түсіп, жеке меншік иелерінің қолына шоғырлана түседі.

Әлеуметтік жіктелу процесіне сыртқы сауданың дамуы күшті ықпал жасайды.

Угарит Алдыңғы Азияның өзге орталықтарына қарағанда әлдеқайда бұрын мысқа бай Кипр аралымен, ал одан кейін Крито-Микен әлемімен де тұрақты байланыстар орнатады. Бұл жерден

тіпті микендік сауда факториясы табылған. Эгей теңізі алабы мен Кіші Азия товарлары (атап айтқанда, металл бұйымдар) Угарит арқылы Мари мен Вавилонға жеткен, ал ол жақтан мұнда Қосөзен товарлары келіп тұрған. Бұл жерлерде Вавилон мәдениетінің ықпалы басым болғаны күшті сезіледі. Угаритте сына жазуы алфавитінің шығуы, ал оның негізіне көп өңделіп, оңайлатылған вавилон сына жазуы алынуы кездейсоқ емес. Сына жазуының жүздеген таңбаларынан бұлар 29-ын ғана тандап алған. Керісінше оңтүстікке таман орын тепкен финикиялық орталық — Библде Египет ықпалы басым болған, ал б. э. дейінгі II мың жылдықта мұнда ара-тұра Египеттің саяси үстемдігі де орнап тұрған. Бұл жерден Египеттің иероглиф жазулары да, египет суретшілерінің шығармалары да табылған.



Филистимлянин

Угарит (Финикияның солтүстік бөлімінде) пен Библ (Финикияның оңтүстік бөлігінде) арасында ешқандай саяси бірлік байқалмауы таң қалдырды. Бұл орталықтардың ешқайсысы да өз иелігіндегі жерлерін кеңейте түсуге талпынбауы да назар аударады.

Сирияның континентті бөлігінде (Оронттан шығысқа қарай) б. э. дейінгі II мың жылдықтың бас кезінде Халпа қаласы үстем болды. Б. э. дейінгі II мың жылдықтың орта кезіне таман Халпа әлсірейді және хеттардың қол астына түседі. Сирияның негізгі саяси орталығы Кадеш (Оронттың жоғарғы ағысында орналасқан) болады. Бір кездерде ол гиксостардың кең байтақ федерациясының астанасы болған болуы да мүмкін. Гиксостар Египеттен қуылған соң, Сирия мен Палестинаның майда патшалықтарының бытыраңқы күштерін XVIII династия фараондарымен қарсы күреске Кадеш біріктіреді, бірақ онысынан сәтті нәтиже шықпайды.

Сөйтіп, Сирияны біріктіру жөніндегі барлық әрекеттер жеміссіз боп шығады. Б. э. дейінгі XIV ғасырда Угарит те, Халпа да, Кадеш те хеттардың қол астына түседі (б. э. дейінгі 1400 жыл шамасында Угариттің құл-талқаны шығады).

Оның есесіне II мың жылдықтың екінші жартысында Египет пен Хетт патшалықтарының арасындағы ала ауыздықты пайдаланып, тәуелсіздікке ие болған оңтүстік Финикия қалалары өрлей түседі. Оңтүстік Финикияда Библмен қатар Сидон және Тир қалалары барған сайын елеулі роль атқара бастайды. Олар құл-

дырап кеткен Угариттің Эгей әлеміне апаратын сауда жолдарын иемденеді.

Алдымен жетекші рольге Сидон ие болады. Гомер поэмаларында финикиялықтардың сидондықтар деп аталуы жай емес. Бірақ б. э. дейінгі 1200 жыл шамасында Сидон «теңіз халықтары» шапқыншылығынан күшті зардапқа ұшырайды да, бірнеше ғасыр бойына басты роль Тир қаласына көшеді.

Жерорта теңізінің жағасында орналасқан Финикия қалалары барған сайын бір жағынан Азия елдерімен, ал екінші жағынан Оңтүстік Европамен және Африкамен сауда қатынастарын өз қолдарына алады. Олар сауда жолдарының батыс пен оңтүстікке қарай ауысуын пайдаланады. Егер алғашқы кездерде олар Египетті құрылыс ағаштарымен, кепкен балықпен, шараппен және зәйтүн майымен жабдықтап тұрса, кейінірек қолөнер бұйымдары негізгі сауда товарына айналады.

Кипрден — мыс, Кіші Азиядан — күміс пен қорғасын (ал кейінірек темір де), Египеттен — алтын ала отырып, Финикия шеберлері бұл металдарды өндеуде өте үлкен табысқа жетеді. Гректер де, еврейлер де, египеттіктер де Финикияның зергерлік бұйымдарын жоғары бағалаған.

Финикия шеберлері жасаған шыны бұйымдары да өтімді болды. Рас, әуел баста бұл істі олар египеттіктер мен вавилондықтардан үйренгенмен, қолөнердің бұл саласы Финикияда өзінің ең жоғары дәрежесіне жетті. Антик авторлар шыныны финикиялықтар ойлап тапты деп білген, олардың бұлай қателесуіне негіз де бар еді.

Финикияда бояу ісі де өте күшті дамыды, әсіресе маталарды күрең қызыл түске бояу етек алды. Тәжірибелі сүңгуірлер өмірлерін қауіпке тіге отырып, теңіз түбінен аса бағалы қызыл-күрең раковиналар алып шығатын болған. Әр моллюскадан қымбат бағалы бір тамшы сұйық сығып алынып, олар киімдерді қызыл күреңнің әр алуан түсіне бояуға мүмкіндік берген және қанша жуса да бояуы кетпейтін болған.

Библдің, Сидон мен Тирдің верфтерінде ескекті кемелер жасалды. Ескекшілер құлдар болды және олар кемедегі өздерінің жұмыс орнына шынжырлап байланып тасталатын да, кемелер апатқа ұшырағанда алдымен соларды толқын алып кететін.

Жалпы, финикиялық көпестер мен шеберхана иелерінің ежелгі кезде қатал да қатігез құл иеленушілер ретінде жаман атағы жайылып тұрған. Құлдар қара жұмыс істеу, жүк түсіру, ескек есуге ғана пайдаланылып қойған жоқ, ішінара шет жерлерге сатылып та отырды. Библия авторлары мен Гомер финикиялық құлмен сауда етушілердің жыртқыштығы жайлы айтады. «Одиссеяда» олардың тырнағына іліккен Эвмейдің қайғылы тарихы баяндалады. Финикияның сауда кемесі гректің Сиру аралына келгенде жергілікті көсемнің (басилевстің) әйелі шет жерлік көпестер әкелген қымбат бұйымдар саяып алуға қызығамын деп, өзінің ұлы Эвмейдің қасында жоқтығын сезбей қалады. Фи-

никиялықтар оны кемелеріне алдап шығарып, басқа аралға (Итакаға) алып кетіп, құлдыққа сатады. Бишара Эвмей осылайша Финикияның құлмен сауда жасаушы көпестерінің кесірінен, өзінің асыл тектен шыққанына қарамастан, шошқа бағады.

Ливан тауының жоталары теңізге тықсырып тұрған еңсіз Финикия жағалауында егіншілік үшін жер аз болатын. Теңізге қарай сатылап түсе беретін шағын террастарда жеміс ағаштары мен жүзім өсіріліп, ара-тұра ғана дән егілген. Алайда өз астықтары жетіспеді, оны көрші елдерден алып келуге тура келген.

Финикияда саяси бірлік болмады. Тіпті Финикия халқының ортақ аты да болмаған. Әр қаланың тұрғындары өздерін сол қаланың атымен атаған. «Финикиялық»¹ деген атауды египеттің этникалық терминінен гректер өзгертіп алған. Әр қаланың өз патшасы болды, ол шонжарлар кеңесі мен халық жиналысына тәуелді еді. Библ патшаларының бірі өз халқынан қорқатынын ашық айтып шағынады.²

Дегенмен, бұдан кейінгі кезендерде қарапайым финикиялықтардың ролі төмендей түседі. Олардың ішіндегі кедейленіп қалғандарын, толқу шығарар деп қорқып, теңіздің ар жағындағы колонияларға жіберіп отырған. Сондай-ақ құлдардан да қорқуға тура келген (құлдардың, дәл мерзімі белгісіз, үлкен көтерілісі болғандығы жайлы күңгірт деректер бар). Қайткенмен де, Финикияның кішкентай қала-мемлекеттерінің ішкі жағдайы тыныш болмаған. Бүкіл елді біріктіруге,— оған кейбір талпыныстар жасалғанмен де,— бұл қалалардың ешқайсысының шамасы келмеген.

Б. э. дейінгі II мың жылдықтың аяғына таман Тир қаласы күшейеді. Оның бір артықшылығы — сыртқы жаулардың оған қолы жетуі қиын еді. Қаланың негізгі бөлігі (Жаңа Тир) жартасты аралда орналасты, қауіп төнген жағдайда қаланың материкте тұрған бөлігінің (Ескі Тирдің) тұрғындары дүние-мүліктерімен сонда барып тығылуына болатын еді.

Тирдің ерекше көркейген уақыты — б. э. дейінгі X—IX ғасырлар. Бұл кезде оған оңтүстік Финикия (Сидон мен Библ қалаларын қоса) тұтас бағынады. Тир патшаларының ішіндегі ең белгілісі — Хирам (б. э. дейінгі 969—936 жылдар) Кипр аралы мен Солтүстік Африкаға әскери-теңіз экспедицияларын шығарған. Ол израиль-иуда патшасы Соломонмен біріге отырып, одақтасының Акаб шығанағындағы гаванын пайдаланып, алыста жатқан Офир (шамасы оңтүстік Аравияда болса керек) еліне алтын, піл сүйегін, сандал ағашын және өзге де бағалы бұйымдар алып қайту үшін де экспедиция шығарады. Алайда, кейінірек Сидон қаласы Тирмен тайталаса бастайды да, оңтүстік Финикияның бірлігі берік болмайды.

¹ «Фенеху» деген сөзді гректер білместікпен «қызыл» («фойнекс») деп түсіндірген.

² Тель-эль-Амарн архивындағы жазулардың бірінде (Рибадди патша)



Финикия колониялары

Финикия қалалары бірде Ассирияның, бірде Египеттің, бірде Вавилонның, бірде Персияның қол астына кезек ауысып отырады да, одан әрі эллиндік мемлекеттердің, одан да кейін Римнің құрамына кіреді. Алайда олар ішкі автономияларын сақтайды және оларды өз патшалары басқарады.

Финикиялықтардың бұрынырақтан басталған өзге жерлерді колониялау ісі б. э. дейінгі I мың жылдықта кеңінен қанат жаяды. Ең әуелі финикиялық сауда факториялары Кипрде және Эгей теңізі алабында пайда болады да, кейінірек олар негізінен Жерорта теңізінің батыс бөлігіне қарай ойысады. Финикиялық елеулі қалалар алдымен Сицилия, Сардиния, Мальта, Баллеар аралдарында, кейінірек, Галлия жағалауында, Солтүстік Африка мен Испанияда пайда болады. Испаниядан Финикияға көп мөлшерде күміс, сондай-ақ транзит жолымен Британияның қалайысы мен Балтық теңізі жағалауының янтары жеткізіліп тұрды.

Финикиялықтар оңтүстікке де бойлап, ене түседі. Египет фараоны Нехао (б. э. дейінгі 600 ж. шамасы) Африканы айналып шығатын саяхатшылар шығарғысы келгенде өзге емес, финикиялық теңізшілерді қалайды да, бұлар Египеттен Қызыл Теңіз арқылы жүзіп шығып, үш жылдан соң батыс жағындағы Жерорта теңізімен қайтып оралады.

Алайда, теңіздің ар жағында жатқан алыс жерлерді игеру ол жерлерге (өте сирек жағдайда болмаса) Финикия үстемдігін орната алмағанын атап айтуымыз керек. Финикия қалаларының колониялары метрополиямен достық қарым-қатынастарын сақтап тұрғанмен де, әдетте, оған тәуелді болмайтын.

Тир қаласының ең үлкен колониясы — Карфаген — Жерорта теңізінің батыс жағалауының елеулі бөлігін біріктірген державаның орталығы болды және күш-қуаты жөнінен өз метрополиясынан өлшеусіз асып түсті.

5. Финикиядағы дін. Финикиядағы діннің өзіндік ерекшеліктері бар еді. Мұнда Египеттегі, немесе Қосөзендегі сияқты елеулі пантеондар салынбаған. Әр қаланың өзінің аспан құдайы болды және әуелде оның жалпы аталуы болып келген сөз, кейін оның аты болып кетеді: Ваал («әмірші»), Мелькарт («қала патшасы»), Эл («құдай»). Мұндай құдайдың әйелі әдетте Астарта (аккадтардың Иштарына сай келеді) деп аталып, ай құдайы ретінде құрметтеледі.

Финикия мифтерінің ішінен әсіресе Ваал немесе Адонис (екеуі де «әмірші» деген мағына береді) деп аталатын жас және көрікті құдай тұралы әңгімені ерекше атап өтуге болады. Әңгіменің неғұрлым егжей-тегжейлі (Угариттан табылған) нұсқасында ол өлім құдайы Моттың қолынан қаза табады, ол үшін оның жары әйел құдай Анат кек алып, өлім құдайын азаптайды. Бұдан соң жас құдай, Египеттің Осирисі немесе вавилонның Таммузасы сияқты, қайта тіріледі.

Батырлардың ерлігі жайлы поэмалар да шығарылған (мысалы, Кереттің жорықтары жайлы угарит эпосы).

Финикиялықтардың адамды құдайға құрбандыққа шалатын жиренішті діни салты болған және мұндай салт өзге елдерде ерте жойылып кеткенмен, Финикияда және онымен байланысты Карфагенде көпке дейін сақталып келген (Карфагенде Молох құдайдың идолы алдында балаларды отқа жағу б. э. дейінгі III ғасырда да кездескен.)

6. Финикиялық мәдениет. Финикия халықтарының бүкіл әлемдік мәдени мұраға қосқан бағалы үлесі — ашқан географиялық жаңалықтары және әсіресе алфавитті ойлап табуы еді. Угаритте жасалған алғашқы әрекет кең қолдау таппай, аяқсыз қалғаннан кейін б. э. дейінгі II мың жылдықтың ақырына таман жаңа алфавит жасалады және ол бүкіл әлемге тарайды. Оның негізіне біраз өзгертілген египет иероглифтері алынған деген болжам бар.¹

Финикия алфавитін жасаушылар бар болғаны 22 әріппен, онда да дауыссыз дыбыстармен ғана шектелген. Олардан семиттік өзге халықтар да: әуелі еврейлер, артынан арамейлер алфавитті қабылдап алады. Арамейлер оны (кейбір өзгерістер жасай отырып) шығысқа, Үндістан мен Орталық Азияға дейін таратты. Батыста финикия алфавитін гректер қабылдап алды, олар кей таңбаларға дауысты дыбыстың мәнін берді және жазудың батын (солдан оңға қарай жазатын етіп, ал финикиялық-еврейлік бағыт оңнан солға қарай болатын) өзгертті (рас, бұл өзгеріс

¹ Екінші болжам бойынша финикия алфавиті криттердің сызық жазуларынан бастау алады. Бұл мәселенің басы әлі ашылмаған.



Құдай Молох

бірден жасалған жоқ). Көптеген грек әріптері финикиялық аттарын сақтады (мысалы «альфа» Финикияның «алеф» — «өгіз», «бета» — Финикияның «бет» — «үй» деген сөздерінен шыққан, т. б.). Бұл алфавит гректерден (жаңа өзгерістермен) Еуропаның өзге халықтарына келген.

Бейнелеу өнерінде финикиялықтар шебер еліктеушілер ретінде көрінеді, олар египет, вавилон және хетт, ал кейінірек грек суретшілері қолданған сюжет пен стильді пайдалана отырып, солардың негізінде жаңа шығармалар тудырады.

7. Палестина. Финикия өзін ауыл шаруашылығы өнімдерімен (бидаймен, зәйтүн майымен т. б.) жабдықтап, олардың есесіне өздерінен қолөнер бұйымдары мен синкреттік-финикиялық өнер туындыларын алып тұратын көршілес Палестинамен экономикалық және мәдени жағынан тығыз байланыста болды.

Палестинаның негізгі халқы (энеолит кезінен бастап) батыс-семит тобына — бір бұтағы амориттер болып табылатын ханаанейлерге жататыны жоғарыда айтылды.

Б. э. дейінгі II мың жылдықтың орта шенінен халықтардың жаңа қоныс аударуы басталады. Оңтүстік шығыстан өздерінің шығу тегі мен тілдері жөнінен ханаанейлерге ұқсайтын, бірақ олардан айырмасы — көшіп жүріп күнелтетін хабиру тайпалары келеді. Жергілікті отырықшы халық бұл жауынгер тайпаларға жек көріп және сенімсіздікпен қарайды, оларды «қан тамырын қиюшылар» деп атайды. Египеттегі Тель-эль-амарн архивының реформашы фараон Эхнатон кезіне жататын кей хаттарында Египет державасының азиялық иеліктеріне басып кіріп қауіп төндіріп отырған хабирулар жөнінде мазасыздана сөз болады.

Б. э. дейінгі XIII ғасырда хабирулар ішінен тайпалардың екі одағы: израильдықтар мен иудейлер бөлініп шығып, бұдан кейінгі уақыттарда Палестина тарихында жетекші роль ойнай бастайды. Библия сөзіне қарағанда (ертегі жағын алып тастап, шындық негізде алғанда) израиль және иуда тайпалары алғашқы кездері табын-табын болып Синай шөлінде көшіп жүрген.

Б. э. дейінгі XIII ғасырда хабирулар ішінен тайпалардың екі одағы: израильдықтар мен иудейлер бөлініп шығып, бұдан кейінгі уақыттарда Палестина тарихында жетекші роль ойнай бастайды. Библия сөзіне қарағанда (ертегі жағын алып тастап, шындық негізде алғанда) израиль және иуда тайпалары алғашқы кездері табын-табын болып Синай шөлінде көшіп жүрген.

Көне финикиялық		Көне гректік		Латынша	
𐤀	айтылуы „а“	Α Δ Α	айтылуы „α“	Α	айтылуы „α“
𐤁	„б“	Β Β Β	„β“	Β	„β“
𐤂	„г“	Γ Γ Γ	„γ“	С	„κ“, „г“
𐤃	„д“	Δ Δ Δ	„δ“	Δ	„δ“
𐤄	тамақты қырнай айтылады	Ε Ε Ε	„шалақ э“	Ε	„э“
𐤅	„в“	Υ Φ Υ	„β“, „у“	Φ	„φ“
𐤆	„з“	Ζ Ζ Ζ	(θ)з	Ζ	„з“
𐤇	„х“	Η Η Η	„ұзақ э“	Η	тамақты қырнай айтылады

Финикия, грек және латын алфавиттерінің салыстырмалы таблицасы

Кейде олар Египетке де еніп кеткен, израильдықтардың ғажапты қолдан жасаушы пайғамбар Моисейдің бастауымен Египеттен шыққандығы жайында егжей-тегжейлі фантастикалық баяндалуы — израиль-иудей тайпаларының Египетті уақытша қоныстануы туралы фактіні жоққа шығармайды, нақты тарихи жағдайға толық сай келеді.

Қазіргі замандағы ғылым Моисей Яхва құдай атынан өз халқына сыйлапты-мыс делінетін заңдар жиынтығының жасалуы жайындағы болжамдарға көп күдік келтіреді. Бес кітапқа кіргізілген бұл заңдар әлдеқайда кешірек жазылғаны байқалады және оның көшпелі тайпалар ішінде тууы мүмкін емес. Бұларда қалалар және олардағы өмір, дамыған сауда және өсімқорлық, әскери тұтқындарды құлға айналдыру және борышы үшін құлға айналдыру, ең аяғында патша билігі туралы сөз болады, ал патша билігі еврейлерде б. э. дейінгі II және I мың жылдықтар өлі арасында орныққаны қазір анық белгілі. Сондықтан библия сыны бұл заңдар б. э. дейінгі IX—VI ғасырларда бірте-бірте шығарылған деген қорытындыға келеді. Бұл заңдардың маңызын арттыру үшін қай уақытта болуы ықтимал дегенді ойламастан, өте ерте кездердегі аңызға айналдырған.

Қалай болғанда да, израильдықтар мен иудейлер біраз уақыт Синай шөлінде тіршілік кешкен, бұл жерден олар Палестинаға өтіп, б. э. дейінгі XII ғасырда елдің, ерекше бекінген бірнеше қалалары (мәселен, Иерусалим) мен Жерорта теңізінің саны аз болғанмен Кіші Азиядан келген өте жауынгер халық — филистимдіктер меңендеген жағалауынан басқа, жерлерінің бәрін дерлік өздеріне қаратып алған. Филистимдіктер өз көршілеріне қарағанда темірді кеңінен пайдалануы, одан қару-жарак жасауға ерте көшуі — оларды өзгелерден айбынды еткен. Бұл жөнінде Библиядағы жазулар мен археологиялық қазбалар дерек береді. Өкінішке орай бұл шағын халықтың мәдениеті жайында біз өте аз білеміз, өйткені осы уақытқа дейін олардың жазба ескерткіштері табылған жоқ және Семит тілдерінен сөзсіз айырмасы болған олардың тілдерінің қандай екені де бізге белгісіз болып келеді.

Палестинаның үлкен бөлігін жаулап алған соң, израильдықтар егіншілік пен бау өсіру көбірек орын алған елдің солтүстік бөлігіне қоныстанса, иудейлер отырықшы мал шаруашылығы (әсіресе қой өсіру) үлкен роль атқарған оңтүстікке ірге тепті. Жергілікті ханааней халқы жарым-жартылай қырғынға ұшыратылды (мысалы, Иерихон қамалы тұрғындарының басым көпшілігі). Алайда көп жерлерде жаулап алушылар қаратып алынғандармен қатар қоныстанып, араласып кетті және отырықшылық тұрмысқа көшті.

8. Рулық құрылыстың ыдырауы. Б. э. дейінгі XI ғасырдың аяғына дейін израильдықтар мен иудейлер рулық-тайпалық бірлікте өмір кешті. Сайланатын көсемдер (билер) соғыс кезінде тайпалық жасақты басқаратын, ал бейбітшілік кезінде биік ағаштың саясында немесе қала қақпасының алдында, бірақ қалай болғанда да ашық аспан астында отырып, ауызекі айтылатын, жазылмаған заңдарға сүйеніп, адамдар арасындағы даудалабаларды қарап, қылмыс жасағандарға жаза қолданып, тергеу мен сот жұмыстарын жүзеге асырып отыратын.

Бұл кезенді Библияның ежелден келе жатқан құрамдас бөлігі болып табылатын «Дебораның әні» әсіресе жақсы сипаттайды. Бұл шығарманың кейіпкері (шығарманың аты соның атында) әйел көсем израильдықтардың бірқатар тайпаларын ханааней әскер басшысы Сисарға қарсы біріктіріп, оған күйрете соққы береді. Дебораның күштеп билік жүргізбейтіндігі, тек көздерін жеткізу арқылы әрекет ететіні көңіл аударарлық. Оның шақыруына израильдық кей тайпалар құлақ қояды, ал кейбіреулері қарсы болады, бұларды қатты соғумен, кінәлаумен іс бітеді.

Халықты филистимдіктерге қарсы күреске ұйымдастырушы израиль батыры Самсон туралы аңыздар циклы да мейлінше қызық. Оған адам сенгісіз бірқатар ғажап ерліктерді таңады. Ол жалаң қолымен арыстанды буындырып өлтіреді, филистимдіктердің қалың тобын есектің жақ сүйегін қару етіп жайнап

өтеді, филистим қаласы Газының қақпасын иығына салып көтеріп алып кетеді т. с. с. Ақыр соңында Самсон өзінің ғажайып күшінің кілті — шашында екенін біліп қойған Далила сұлудың айлакерлігі арқылы қаза табады. Самсон ұйықтап жатқанда шашын сыпырып түсіреді де, Далила оны филистимдіктердің қолына береді, ал олар батырдың көзін ағызып, құлдың жұмысын істетіп (қол тиірменмен ұн тартқызып) қояды. Алайда Самсонның шашы қайта өсіп, бұрынғы күші қайтып оралады. Мереке кезінде Самсонды храмға алып келгенде ол қос тіреуге сүйеніп тұра қалады да, екеуін бірдей күйретіп, жауларымен бірге төбесі құлап түскен храм астында қаза табады.

Осындай ертегілік баяндаулар мен болуы мүмкін емес ғажайып әсірелеулер түптеп келгенде күн жөніндегі мифтерден¹ туындап жатуы мүмкін болса да, бұлардың негізінде бәрібір филистимдіктермен болған шын күрес жайлы естеліктер жатыр. Бұл күрес еврей тайпалары үшін өте қиын болған (аңызда асқан батыр Самсонның шайқаста қаза табатын болып суреттелуі кездейсоқ емес). Филистимдіктер әскери техникалары жөнінен басым болған (олар израильдықтар мен иудейлерге әлі белгісіз соғыс күймелерін пайдаланған, сондай-ақ олар темірден жасалған қаруларды көбірек қолданған) және еврей тайпаларының бытыраңқылығын пайдаланған.

9. Мемлекеттің пайда болуы. Тәуелсіздіктен толық айрылу қауіпі елдің бірігу процесін тездетті. Израильдықтар мен иудейлердің бытыраңқы тайпалары филистимдіктермен күресу үшін біріге бастады, ал б. э. дейінгі XI ғасырдың аяғында тәжірибелі әскер басы Саул Израиль-Иудей мемлекетінің патшасы болып сайланады. Алайда рулық-тайпалық дәстүрлер әлі жойылып бітпеген еді және алғашқы патша тайпалар одағының көсеміне көбірек ұқсайтын. Аса маңызды мәселелерді шешу үшін ол жауынгерлер жиналысымен ақылдасатын.

Филистимдіктермен болған бір ұрыста Саул қаза тапқан соң, оның күйеу баласы Давид патша болды, ал оны Израиль-Иудей мемлекетінің шын мәніндегі негізін қалаушы деуге болады. Египет фараондарына еліктеген Давид патша алдына кім келсе де «бетімен жерге құлауға» тиіс деген дәстүр енгізеді. Алым-салық салу үшін тұңғыш рет халықтың санағы алынады. Жаңа тәртіптерді ұнатпаған қол астындағылардың көтеріліске дейін өршіп отырған қарсылықтары шет жерліктерден тұратын жалдамалы гвардияның көмегімен басылып отырады.

Давид бірқатар табысты соғыстар жүргізді. Ол филистимдіктерге әлденеше рет соққы берді, сөйтіп батыстағы шекарасын олардың шабуылынан қауіпсіздендіріп алды. Шығыста, солтүстік-шығыста және оңтүстікте жаулап алушылық саясат жүргізіп, көршілес бірнеше патшалықтарды өзіне қосты. Өте-мөте

¹ Кейбір зерттеушілер Самсон деген аттың өзі еврейше «Күн» дегенді білдіреді, оның тамаша шаштары күн сәулелерін бейнелейді, дегенді айтады.

Ақаб шығанағы гаваньдарына жол ашатын Эдомды алуының маңызы зор болды.

Ханааней қамалы — Иерусалим айналасындағы жерлерді израильдықтар мен иудейлер әлдеқашан жаулап алғанына қарамастан екі жүз жылдан аса өз тәуелсіздігін сақтап тұрды. Бұл — жау қолы жетпейтіндей өте сәтті орналасқан тау қамалы болғандықтан еді. Иерусалим тұрғындары өз қамалдарының қабырғаларының мықтылығын, оны соқыр және ақсақ жауынгерлер де қорғай алады деп мақтанатын еді. Давид тосыннан жасалған шабуыл арқылы Иерусалимді қаратып алып, өзінің астанасына айналдырады.

Давидтың ұлы және мұрагері Соломон тұсында әкімшілік аппараты нығая түсті. Бұрынғы тайпалық бөлініс енді территориялық бөлінуге орын береді.

Египетпен, Финикияның сауда қалаларымен, Сирия, Оңтүстік Аравия мемлекеттерімен сыртқы сауда дамиды.

Құрылыс ісі де кең қанат жаяды, бұл істе Финикиядан шақырылып алынған жоғары дәрежелі шеберлер мен суретшілер пайдаланылады. Иерусалимде Яхве құдайға арналған тамаша храм және бірнеше сарайлар салынады. Өзге шығыстық патшалар үлгісімен патшаға арналған үлкен гарем жасалады және патшаның басты әйелі болып египет фараонының қызы жарияланады.

Салтанатты сарай мен құрылыс істеріне жұмсалған шығын алым-салықтар мен міндеткерлікті көбейту есебінен толтырылып отырылды да, бұл — қалың көпшіліктің наразылығын туғызды. Соломонның іс-әрекетін баяндайтын әңгімелер қайшылыққа толы. Бір жағынан ол дана би әрі жазушы ретінде бейнеленсе (көптеген әдеби ескерткіштер, ешқандай негізі болмаса да, оған таңылып келген), екінші жағынан өте ауыр салықтар, патша чиновниктерінің бағынбағандардың басына қамшы үйргендігі, зорлық-зомбылық жасағандығы, бермегендерін тартып алып отырғандығы жайлы естеліктер де сақталып қалған.

Әсіресе елдің солтүстік (жері неғұрлым үлкен әрі құнарлы) бөлігі көбірек қысым көрді. Соломон өлгеннен кейін (б. э. дейінгі 930 ж. шамасы) бұл жерде көтеріліс болды және ерекше Израиль патшалығы құрылды. Давид негізін салған династия өз қол астында елдің оңтүстік бөлігін ғана (астанасы Иерусалиммен бірге) сақтап қалды, бұл жерлер енді Иудей патшалығы деген атқа ие болды.

Бұл екі мемлекетте де бұдан кейінгі уақыттарда таптық қайшылықтардың күрт шиеленісе түсуі байқалады. Қауымның үлес жерлері сатылатын және сатып алынатын объектіге айналды. Кедейленген егіншілер көрші шөл далаға қашады, немесе борышқа белшесінен батып, құлдыққа түседі.

Жаңа тәртіпке қарсылықтың ерекше бір түрі — пайғамбарлардың (орын алған тәртіптерді айыптап, болашақты болжаушылар) пайда болуы еді. Олар көшелер мен алаңдарда сөйлеп, қолында байлық пен билік барларды әшкереледі және Израиль

мен Иудей мемлекеттері құрыды, өйткені болып жатқан әділетсіздіктер жазасыз қалуы мүмкін емес еді. Бұрын қарапайым малшы болған Амос пайғамбар кедейдің күміске, әділеттіліктің бір пар кебіске сатылатынына күйінді. Екінші пайғамбар Исаяя үйіне үй, жеріне жер қосып алып жатқан байларды әшкереледі.



Самариядан табылған израиль мөрі

Бұл пайғамбарларды революционерлер немесе социалистер деп санауға (кейбір буржуазиялық тарихшылар бұған бейім) мүлде болмайды. Амос, Исаяя және олардың жақтаушылары мен жолын қуушылар жеке меншіктің күшейе түсуіне және өз отандастарын құлдарға айналдыруға қарсы болды. Олар ескі патриархтық тәртіптерді қайта орнатуды, әрбір егіншінің қайтадан шағын да болса өз жері мен жүзімдігі болуын және олар өздерінің инжир ағашының түбінде саялап отыра алуын көкседі.

Пайғамбарлардың уағыздары мейлінше діни сипатта еді. Олар кедейлер мен езілгендерді ашық күреске шақырмады, бар болғаны байларды айыптаумен және құдайдың кәрімен қорқытумен тынды.

Пайғамбарлар келешекте болатын апаттардан Яхве құдай өз халқының қалғанын сақтап қалады деген болжам айтты. Ол өзінің қалаулы құтқарушы («мандайы майланған») патшасын жібереді де, ол патша жер бетінде қайтадан әділеттілік орнатады. Сөйтіп, барлық үміт аспан күштеріне артылды.

Алайда патшалар мен бекзадаларды, парақор билерді, өсімқорларды аямай әшкерелеген сөздер израиль және иудей құл иеленушілерінің зәрулерін алды.

Әлеуметтік өткір қайшылықтарды жұмсарту мақсатымен реформалар жасауға талпыныс болды. Б. э. дейінгі 622 жыл шамасында иудей патшасы Иосия жаңа заң («Екінші заң») шығарып, борышкерлік үшін құлдық мерзімін алты жылмен шектеді және қожайын уақытша құлын жетінші жылы өз еркіне қоя бергенде, ол азаттыққа шығысымен аштан өліп қалмайтындай етіп жол азық та беруі керек делінді. Және бұның жергілікті халықтан шыққан құлдарға ғана қатысты екені атап айтылады. Шет жерлік құлдарға мұндай жеңілдіктер берілмейді. Сөйтіп, құл иеленуші қоғамның негізі сол қалпынша сақталып қалды.

Еврей мемлекеттерінің тәуелсіздігі бірнеше ғасырға ғана созылды.

Израиль патшалығын б. э. дейінгі 722 жылы ассириялықтар жаулап алды. Бұлардың астанасы Самария қиратылды, тұрғындары тұтқынға айдап әкетілді. Олардың орнына ассириялық ие-

ліктерден адамдар келіп қоныстанды да, олар самариялықтар¹ деп аталып кетті. Иудей патшалығы ұзағырақ өмір сүрді. Бірақ ол да жойылып тынды.

Б. э. дейінгі 586 жылы вавилон патшасы Навуходоносор Иерусалимді жаулап алып ойрандады, Соломон салдырған Яхве храмын да қиратты. Иудейлердің үлкен бөлігі Вавилонияға қоныс аударды (біразы Египетке қашты).

Кейінірек (б. э. дейінгі 539 ж.) парсы патшасы Қир Вавилонды жаулап алғанда, ол өзінің батыстағы позицияларын нығайту үшін иудейлерге өз отанына қайтып барып, Иерусалимді қалпына келтірулеріне рұқсат етті. Алайда патшалық билік қайта орнатылмады. Қоныстанушылар діни қауымдарға ұйымдастырылды да, оларды парсы патшасы әкімдерінің бақылауымен абыздар басқарып отырды.

Б. э. дейінгі V ғасырдың орта шенінде иудейлердің Эзра бастаған абыздары аты аңызға айналған көсем әрі пайғамбар Моисей шығарды-мыс деп есептеліп келген, бұрынырақтағы кезендерде шыққан заңдарды жинастырып, жүйеге келтірді. Бес кітап осылайша дүниеге келді, ол мифтерден, аңыз-ертегілерден, діни ғибадат шарттарынан, азаматтық және қылмысты істер заңдарынан құралды. Бұл жинақ қасиетті қағидалар сипатында болды. Діни өсиеттерді бұзудың өзі қылмыс жасағанмен бірдей деп бағаланды.

Бұл заңдардың таптық негізі — құлдардың өз қожайындарының толық меншігі деп саналып, өгіздерге, есектерге, күміске теңелуінен, яғни жылжымалы мүліктің негізгі түрлерінің біріне жатқызылуынан байқалады. Рас, заң құлды өлтіруге рұқсат етпейді, бірақ оны ұрып-соғуға ерік береді. Егер құл немесе күң соққыдан бірден өліп кетпей, бір-екі күннен кейін өлсе, бұл өлтіру болып саналмады және қожайын ол үшін жазаланбады.

10. Дін. Осылайша иудей діні (ежелгі өзге де діндер сияқты) құл иеленуші қоғамды заңды деп тапты. Иудаизмнің (біржола қалыптасқан түріндегі) өзіндік ерекшелігі бір ғана құдай бар деп санап, оны бейнелеуге және идолдарға табынуға тыйым салуы еді. Алайда бұл діни догматтар да әуел бастан келе жатпаған. Соломонның Иерусалимдегі храмында қасиетті жануарлардың (мысалы «керубтар» деп аталатын қанатты өгіздердің) бейнелері болды. «Алтын торпақ» пен «мыс жыланға» табынған кездер жайлы естеліктер сақталып қалды. Мыс жыланның қасиетті саналған бейнесі б. э. дейінгі VIII ғасырда ғана, діни реформалардың бірінде жойылды.

Яхвені ғана құдай деп санап, өзге құдайларға табынуға тыйым салу да бірден орнаған тәртіп емес, әрі бұл тәртіп орнаған соң да жиі-жиі бұзылып тұрған. Иосия реформасы тұсында ғана

¹ Жаңа өсиетте бұл халықтың өкілдері жайлы жиі айтылады. (Иисуска су берген қайырымды самариялық еркек пен әйел туралы үлгі сөз т. б.) Самариялықтардың шағын бөлшегі бүгінге дейін бар және Иорданияда өмір сүреді.

толық бір орталыққа табыну жарияланып, жергілікті храмдар қиратылған. Құрбандық тек Иерусалим храмына ғана әкеліп берілетін болды да, оның абыздары аса үлкен күш-беделге ие болды.

Израиль-иудей әдебиеті бізге абыздардың өңдеген нұсқалары арқылы жетті. Абыздар Бес кітапқа пайғамбарлар сөздерінен, жылнамалар жиынтығынан, нақыл сөздер жинағынан, хикаялардан, гимндерден (аяттардан), әндерден т. б. тұратын қосымша бөліктер қосты.

Бұл шығармалардың көпшілігі, мысалы «Әндердің әні» (Соломон шығарды деп есептелетін, ал шын мәнінде халық поэзиясының үлгісі болып табылатын) жоғары көркемдік қасиеттерге ие. «Әндердің әнінде» табиғаттың тамаша суреттері берілген және жүзімдік күзетіндегі қыз бен оны сүйген жігіттің толғанис сезімдері образды түрде берілген.

«Иов кітабы» мүлде басқа сипатта жазылған. Бұл — диалогтарды баяндау шеңберінде жеткізетін өзінше бір философиялық трактат. Оның кіріспесінде өзінің байлығынан да, барлық балаларынан да айрылған, ол аз болғандай алапес ауруына шалдыққан тақуа да ізгі жанның бақытсыздықтары жайлы айтылады. Одан әрі оның үш досымен диалогтары берілген. Онда әңгіме адам өмірінде әділеттіліктің жоқ екені туралы болады. Залымдар мен зорлықшылар тамаша өмір сүреді, ал ізгі жандар әділетсіз түрде қайғы-қасірет шегеді. Пікір таласын ойламаған жерден Яхве құдайдың өзі бөледі. Ол Иовқа қаһар төгіп, оның шағымдарын заңсыз деп табады. Адам — бейшара, ол табиғат пен өмір заңдарын білмейді, сондықтан құдайдың неліктен солай етіп отырған себептері өзіне мәлімсіз істері жөнінде оның шағым айтуына қақысы жоқ. Бұл қаһарлы сөздерді естіген соң Иов тәубеге келіп бой сұнады. Құдай оған денсаулығы мен байлығын қайтарып береді, тіпті жаңа нәрестені де сыйлайды.

Осылайша, «Иов кітабының» негізгі идеясы дін қызметкерлері пайдаланып келген әлемді жаратушы құдай, сондықтан әлемнің ішкі сырын тануға болмайды дейтін көзқарасқа (агностицизмге) саяды. Діннің реакциялық тенденциясы мұнда өте айқын әрі ашық түрде көрінеді.

Библияның өзге әдеби шығармаларының ішіне күйеуі өлгеннен соң да енесіне қамқорлық жасауын тоқтатпаған қайырымды келін жайлы хикаяны («Руфи кітабы»), «Иеремия зарын» (Иерусалимнің қирауына элегия) тағы басқаларын атауға болады. Бұл сюжеттердің көпшілігін әр түрлі елдердің ақындары мен суретшілері кеңінен пайдаланған (мұны орыс әдебиеті мен өнерінен де көреміз). Сондай-ақ көркем әдебиет ескерткіштерінен бір кезде Библияны құраған дін қызметкерлері қосқан қоспалардан тазарту процесін де байқауға болады.

Палестина мен Сирия халқынан бізге жеткен бейнелеу өнері ескерткіштері аз. Олар синкретикалық сипатта болады. Аса ірі архитектуралық комплекс — Соломонның храмдары мен сарай-

ларын египеттік және вавилондық үлгілерге еліктеген Финикия шеберлері салды, бұлар мүсіндеу өнерінің көп шығармаларымен әшекейленген. Кейінірек жанды заттарды бейнелеу — оларға табынуға бастап әкеледі деген қауіппен діннің мұндайға тыйым салуы — мүсіндеу және сурет өнерінің дамуына зор кедергі келтірген. Бұлай тыйым салушылық кейінірек иудей дінінен мұсылман дініне ауысқан.

XVIII ТАРАУ

АССИРИЯ МЕН УРАРТУ

Б. э. дейінгі II мың жылдықтың аяғы мен I мың жылдықтың бас кезінде Таяу Шығыста Алдыңғы Азияның және Солтүстік-Шығыс Африканың бірқатар елдеріне ықпал жасап тұрған жаңа держава Ассирияның ролі мейлінше артады. Ассирияның өрлеуіне одан да ертеректегі ежелгі мемлекеттер: Шумердің, Аккадтың, Вавилонияның, Египеттің және Хетт патшалықтарының бір-бірімен бітіп болмайтын соғыстар жүргізуі және бұл мемлекеттерде мүлік теңсіздігі күшейіп, негізгі тұрғын халықтың жоқшылыққа ұшырауы себепті ішкі бүліншіліктердің көбеюі салдарынан әлсіреулері мен құлдыраулары мүмкіндік берді.

Кейінірек алға кеткен, неғұрлым жас әрі мықты құл иеленуші мемлекет — Ассирия қолайлы жағдайды пайдаланып Таяу Шығыс әлемінің елеулі бөлігін, аз уақытқа болса да, біріктіре алды.

1. Табиғи жағдайлары. Ассирия державасының ұйтқысы — Тигрдің орта ағысы мен оның салалары Үлкен және Кіші Забтың бойындағы шағын территория болды (осы заманғы Ирактың солтүстік шығыс бөлегі). Солтүстігінде ол Армян қыратына дейін жетіп, шығысы мен солтүстік шығысында Загрос жотасына тірелді, оңтүстігінде Вавилониямен шектесті, ал батысында далалар мен шөл далалар басталатын, оларды басып оңтүстікке қарай меридиан сызығы бағытымен Тартардың тұзды ағысы өтетін де, ол Евфратқа жетпей, батпаққа сіңіп жоғалып кететін. Бұл онша көлемді емес, адыр-бұдыр аңғар жанбырмен және екі ұлы өзеннің төменгі сағасына қарағанда бұл жерлерге қыстың күні әлдеқайда көп түсетін қар суымен суарылатын. Қыстың күні мол жауатын қар көктемде еріп, суы қолдан жасалған су қоймаларына жиналатын да, жазғы ыстық айларда қажетке жаратылатын.

Суы толған кезде қатты көтеріліп, біртұтас суландыру жүйелерін салуға мүмкіндік беретін Тигр мен Евфрат бассейнінің оңтүстік бөлігімен салыстырғанда мұндағы өзен суларының маңызы әлдеқайда кем еді.

Ассирияның шаруашылығы дамуы үшін оның тасқа, кенге және ағашқа бай таулы аймақтармен шектесіп жатуының және Иран мен Қосөзеннен Арменияға, Кіші Азияға және Жерорта

теңізі елдеріне апаратын төте жолдың үстінде жатып, географиялық орнының қолайлы болуының маңызы зор болды.

Ассирия өз атын Тигрдің оң жақ жағасында тұрған ежелгі Ашшур қаласынан алды. Бірнеше ғасырлар бойына ол әскери қуаты аз болғандықтан өзінен неғұрлым күшті көрші мемлекеттерге жиі-жиі тәуелді боп келген шағын мемлекеттің астанасы еді. Оның келешекте аса үлкен, жыртқыш, басқыншы державаға айналатынын ұзақ уақыт ешкім болжап білген жоқ.

Жоғары Месопотамия (оның ішінде Ассирияның негізгі территориясы да) неолит пен энеолит кезеңінде (б. э. дейінгі V—IV мың жылдықтарда) экономикалық жағынан елеулі дамуға жеткен және әлі батпақтар басып жатқан Төменгі Месопотамияға қарағанда адамдар жиірек қоныстанған алқаптар болатын. Археологиялық қазбалар сол уақыттардағы егіншілік мекендерін¹ тапты.

Б. э. дейінгі III мың жылдықта жағдай қатты өзгерді, бұл кезде Месопотамияның оңтүстігінде аса ірі суландыру жүйелері салынып, көптеген батпақтар құрғатылып, мұның өзі егіншілік үшін құнарлы жерлерді пайдалануға мүмкіндік берді. Жері онша құнарлы емес әрі құрғақшылықтан зардап шегіп келген солтүстік аймақтар бірте-бірте оңтүстік аймақтардан кейін қала бастады. Бұл Шумер мен Аккадтың, ал кейінірек Вавилонияның да саяси жағынан басым болуына алып келді.


2. Халқы. Солтүстік Месопотамияның ежелгі негізгі халқы, барлық мәліметтерге қарағанда, хуриттар болған. Бұлар сондай-ақ Армян таулы өлкесінде, Закавказьеде және Кіші Азия мен Сирияның кей жерлерінде өмір сүрген.

Аккад документтерінде Ассирияның байырғы халқы субарейлер деп аталады. Шамасы, бұлар хуррит халықтары әулетінің бір бұтағы болғанға ұқсайды. Бұларға бірте-бірте Аккадтан келген семит қоныстанушылары қосыла беріп, ақырында сырттан келушілер субарейлерді басып кеткен. Аккад тілінің ассириялық диалекті ресми тіл болады да, Ашшур билеушілерінің ежелгі қысқа жазбалары сол тілде жазылып қалдырылады.

3. Ең ежелгі Ассирия. Б. э. дейінгі III мың жылдықтың ақыры мен II мың жылдықтың бас кезінде Ашшур қала-мемлекетінің өзіндік саяси ұйымы болды. Мұрагерлікпен басқарушы ишшакумдардың (бұлар шумерлердің патесилеріне ұқсас еді) билігі мейлінше аз болды. Олар жалаң дерлік дін істері мен соларға байланысты жүзеге асырылатын құрылыстарға ғана басшылық жасады.

Маңызды мемлекеттік істерді шешумен мүшелері өздерін «лимму» деп атаған ақсақалдар кеңесі айналысатын. Жыл сайын олардың әрқайсысы кезекпен басқару қызметін атқарып

¹ Әсіресе Хабур өзенінің (Евфраттың саласы) жоғарғы жағындағы Тель-Халафтан және Ассирияның ең кейінгі кездегі астанасы Ниневия орналасқан аймақтағы Арпачийден табылды.





- Б.э.ға дейінгі XVI ғ. Митанни патшалығының шекарасы
- Б.э.ға дейінгі XVI ғ. аяғы - XIII ғ.дың басындағы Хетт патшалығы
- Ассирия мемлекетінің шекаралары
- Б.э.ға дейінгі XIII ғ.
- Б.э.ға дейінгі XIII ғ. орта шенінде
- Б.э.ға дейінгі XI - VII ғ.дағы Египет патшалығының шекаралары
- Египеттің суармалы жерлері
- Оазистер

- Б.э.ға дейінгі X ғ. шамасындағы Финикия
- Б.э.ға дейінгі VIII ғ. орта кезіндегі Урарту патшалығы

Ескертулер:
 1. Шекаралар шамамен көрсетілген
 2. Египет б.э.ға дейінгі 671-654 ж.ж. Ассирияның қол астында болды

125 0 125 250 км

Б. Э. дейінгі XVI—VII ғасырлардағы Алдыңғы Азия

(әрине өз әріптестерінің бақылауымен), қазынаға да басшылық жасайтын. Әр жыл басқару кезегі келген лимманың есімімен аталады¹ да, бұл атаулар кейін ишшакум нағыз монархқа айналған кезде де сақталып қалады.

Қайсыбір зерттеушілер ежелгі Ашшурды олигархиялық республика болған деп текке айтып жүрген жоқ. Кейін аса қуатты басқыншы мемлекетке айналған Ассирияның әскери қуаты, біз сөз етіп отырған дәуірде, аса мардымсыз болғанын байқауға болады.

Бұл шағын, көбінесе саудамен айналысқан мемлекет көп қарсылықсыз-ақ оңтүстік Месопотамияның ірі орталықтарына бағынып отырған. Б. э. дейінгі III мың жылдықта біресе аккад патшалықтарының, біресе шумердің III Ура династиясының әміршілерінің қол астында болып келген Ашшурға өз қамқоршыларының елеулі ықпалы болды. Аса маңызды сауда жолдарына жақын жатқандығын пайдаланған Ашшурдың көпестері мен өсімқорлары (Шуммер мен Аккадтың тамкарлары сияқты мемлекеттік аппаратпен байланысты болды) Кіші Азияға өтіп, осында өздерінің сауда колонияларының негізін салды. Қосөзен қолөнер бұйымдары (әсіресе жүн маталары) Күміс тауларының (Тавраның) шикізаттарына, әсіресе металдарына (күміс, мыс, қорғасынға) тиімділікпен айырбасталатын. Осы кезеңнің өзінде-ақ Ассирия қоғамында мүлік теңсіздігі мен борышкерлік құлдық күшейді, алғашқы уақытта тек шет жерліктер ғана құлға айналдырылды.

Неғұрлым берік әскери ұйым құруға және жаулап алушылық саясат жүргізуге б. э. дейінгі XX—XVIII ғасырларда алғашқы талпыныстар жасалады. Бұл кездерде Қосөзеннің бірнеше мемлекеттерге бөлшектенуі Ашшурдың және ассириялық әскерлердің Тигрдің бойымен төмен түсіп, Парсы шығанағына және тіпті батыстағы Жерорта теңізіне қарай да өздерінің тұңғыш жорықтарын жасауға белгілі дәрежеде мүмкіндік берді. Алайда бұл әскери табыстар уақытша әрі кездейсоқ сипатта болды. Хаммурапи тұсындағы Вавилонияның өрлеуі оларды біржола тоқтатты да, Ашшур және онымен байланыста болған көршілес орталық, кейінірек Ассирияның астанасына айналған Ниневия, б. э. дейінгі XVIII ғасырдың орта шенінде Вавилон патшасының қоластына қарайды. Алайда көп кешікпей Вавилония да құлдырап кетеді де, Ассирия саяси жаңа бірлестік — Митаннидың қол астына өтеді.

Б. э. дейінгі XVII ғасырда кенеттен пайда болып, ал б. э. дейінгі XV ғасырдың аяғында әлсіреп, одан соң мүлде жоғалып кеткен бұл мемлекет жайында біз өте аз білеміз. Ол Хабур өзенінің жоғарғы жағында пайда болады, негізгі халқы хурриттер болады да, бұлардың семиттенуі өте баяу жүзеге асып, Ассирия-

¹ Сондықтан Лимму қазіргі ғылымда көбінесе гректің *эпоним* терминін білдіреді.

ға қарағанда әлдеқайда кеш аяқталады. Қоныстанушылар толқындары осы территорияның үстімен өтіп отырған және олар бұл жердегі халықтың этникалық әр тектілігін арттыра түскен. Б. э. дейінгі XVIII—XVII ғасырларда бұл жерлерде Вавилонияға бара жатқан касситтер болыпты, сондай-ақ Египетке бет алған гиксостар да болғанға ұқсайды. Бұл жерлерге өздерінің оңтүстік пен оңтүстік-шығысқа жасаған жорықтары кезінде хетт әскерлері де басып кірген. Әсіресе Митаннида үнділік (дәлірек айтсақ үнді-ирандық) этникалық элементтер ұшырауы күтпеген жай еді. Хетт-митанни келісімдерінің бірінде Үндістан құдайларының (соның ішінде Индраның да) есімдері аталады, бұл өте ерте кездердегі халықтар қозғалыстары мен байланыстарының айғағы, алайда бұлардың дәл бағыты мен хронологиялық мерзімдері әлі күнге дейін анықталмай келеді. Ежелден-ақ халықаралық қатынастар жолдарының торабында жатқан бұл жерлердегі этногенез процесінің қаншалықты күрделі болғаны жайлы жорамал ғана жасауға болады.

Митанни б. э. дейінгі XVI ғасырдың аяғында өзінің дәуірлеу шегіне жетті. Шаушшатар патша шығысындағы Кіші Забтан бастап батысындағы Оронтқа дейінгі территорияны өз қол астына біріктірді. Ол Ашшурды талқандап, одан олжа ретінде алтын мен күмістен жасалған сарай есігін алып кетті (бірақ жүз жылдан кейін ол есік кері қайтарылыпты). Ашшурға Митанни әміршілері тағайындалды. Осындай жағдайларда сауда-саттық жөнінде Ашшурдың Алдыңғы Азиядағы жетекшілік ролі аз уақытта-ақ жойыла бастады. Ассирияның сауда колониялары (мысалы, Кіші Азиядағы Канес сияқты) із-түзсіз жоғалып кетті. Б. э. дейінгі II мың жылдықтың алғашқы жартысында пайда болған ірі-ірі Хетт және Митанни державалары шеңберінде ассирия көпестері үшін, бұрынғы бытыраңқы және әрдайым бір-бірімен қырқысып жататын тайпалар кезіндегідей, кеңшілік пен еркіндік жоқ еді. Оның үстіне халықаралық саудаға эгей әлемі мен Египеттің тартылуы сауда жолдарының батыс пен оңтүстік-батысқа қарай ойыса түсуіне алып келді. Бұл байланыс жолдарының жаңа тірек пункттері, алдыңғы тарауда айтылғандай, финикиялық сауда қалаларының қолында болды, бұлармен табан тіресуге ассирия көпестерінің шамалары келмеді.

4. Орта ассириялық кезең. Осы айтылғандарға байланысты орта ассириялық кезеңде (б. э. дейінгі XV—XI ғасырлар) қоғам мен оның құрылымында елеулі ілгерілеу болады. Терең экономикалық және саяси құлдырау кезеңінен кейін, дәл осы уақытта, бірінші орында көпестер емес, әскери шонжарлар тұрған Ассирия державасы қалыптасады және бұрынғы ақсақалдар кеңесіне тәуелді болған әлсіз басқарушылар (ишшакумдар) енді әскерлердің басында тұрған, әскери экспедицияларды басқаратын, ал мемлекеттің өз ішінде селолық қауымдарды бақылап отыратын, бар билікті өз қолдарына ұстаған деспоттарға айналды.

Әрине бұл өту бірден болған жоқ. Ашшурубалит (реформа- шы фараон Эхнатон мен хеттардың жаулаушы патшасы Суппи- лулиумның замандасы) басқарған кезең ұлы бетбұрыс кезені болды. Митаннидің III Тутмостың соққылары (б. э. дейінгі XV ғасырдың басы) мен хеттардың шабуылдарынан (б. э. дейінгі XV ғасырдың аяғы) әлсірегенімен пайдаланып, Ашшурубалит б. э. дейінгі 1400 жылдың шамасында тәуелсіз сыртқы саясат жүргізе бастайды және инициативаны өз қолына алады. Оның табысқа жетуіне Митаннидің өз ішінде ассириялықтарды іш тартатын топтардың хеттарды жақтайтын топтармен күрес жүргізіп өз ара қырқысып жатуы да көмегін тигізеді. Ассирия Ми- танни патшасынан тәуелсіз болып қана қоймайды, сонымен бір- ге өз территориясын батысындағы әлсіреп қалған көршісі есебі- нен ұлғайта береді. Ассирияның Египетпен өз алдына диплома- тиялық қатынас орнатуының ерекше маңызы бар еді, бұл Вави- лонияның ресми наразылығын туғызды. Вавилон патшасы өзін Ассирияның жоғарғы мәртебелі билеушісімін деп санауы ескір- ген көзқарас болатын әрі бұл кездегі шындық жағдайға сай кел- мейтін, бірақ Вавилон дипломаттары заң жүзінде бұрынғы көз- қарастардан бас тартқысы келмеді. Алайда халықаралық аренадағы күштердің шын мәніндегі арақатынасы бұлардың пайдасына шешілмеген еді.

Ашшурубалиттың мұрагерлері патша титулын қабылдап ала- ды (бұған оның өзінің батылы бармаған еді) және мұнысымен өздерінің Митанни мен Вавилоннан толық тәуелсіз екенін көр- сетті. Олар Египет пен Хетт патшалықтары арасындағы ұзақ жә- не табан тірескен күресті барынша пайдаланады, ал ол күрес б. э. дейінгі XIV ғасырдың басынан аяғына дейін (рас кейбір үзілістермен) созылып келді және екі жақты бірдей әлсіретті. Б. э. дейінгі XIV және XIII ғасырлардың аралығында ассирия- лық әскерлердің батысқа қарай қуатты жорығы басталады. Ас- сирияның күшеюі II Рамсес пен хетт патшасы Хаттусилидің өз ара бітім шартын жасасуын тездетті және соңғысын ортақ жау- ға қарсы Вавилониямен жақындасуға мәжбүр етті. Бірақ бұлар кешігіп қалған еді.

Ассирия патшасы I Салманасар (б. э. дейінгі XIII ғасырдың басы) Евфраттағы ірі қала Қархемишаға (хеттардың мықты қа- малдарының бірі) дейін жетті, митанни әскерлері мен оларға көмекке келген хеттарды талқандап жеңді. Митанни бұл жеңі- лістен қайтып ес жинай алмайды да, Ассирияның ықпалындағы бірнеше ұсақ мемлекеттерге бөлшектеніп кетеді.

Осымен бір уақытта ассирия патшалары Вавилонияға қар- сы бірқатар соғыс қимылдарын жүргізіп, Тигрдің әр жағындағы талас болып келген шекаралық аудандарға бекініп алады.

Б. э. дейінгі XIII ғасырдың орта шенінде ассирия әскерлері Вавилонияның орталық аудандарын талан-таражға салады, бі- рақ бұл елге берік бекініп алуды мақсат етпейді.

Б. э. дейінгі XII ғасырда ассирия патшасы I Тиглатпаласар

Қара теңіз жағалауына дейін (Чорох өзені бассейнінде) келеді. Бұл кезде Ұлы Хетт патшалығы жоқ болатын және ассирия жаулап алушыларының жолында бар болғаны онша берік топтаспаған Наири тайпалар одағы тұрды да, олар елеулі қарсылық көрсете алмады. Солтүстікке жасалған жорықтан кейін бұлар батысқа қарай бет алды. I Тиглатпаласар Жерорта теңізіне дейін жетті және қарсылыққа кез болмай-ақ солтүстік Финикияны өзіне қаратты. Ол Финикия кемесіне мініп теңізге шығып, дельфин аулауға шығып тұрды.

Алайда б. э. дейінгі XI ғасырда Алдыңғы Азиядағы халықаралық жағдай қайта өзгереді және бұл жолы Ассирия үшін оншалықты қолайлы болмайды. Халықтардың жаңадан күшті қоныс аударулары басталады. Аравияның түкпірлерінен Сирия далаларын баса семит текті арамейлердің көшпелі тайпаларының толқындары өтеді. Олар солтүстік Сирия мен Киликиядағы ұсақ хетт патшалықтарын және Жоғарғы Месопотамиядағы Митанни державасы ыдырағаннан кейінгі сақталып қалған митанни патшалықтарын өзіне сіңіреді және ішінара семиттендіреді.

Ассириялықтардың тірек пункттері жауынгер көшпелілердің қоршауында қалады және кейбіреулері олардың қолдарына да түседі. Арамейлер бірте-бірте отырықшылыққа көшеді және өз мемлекеттерін құрады. Бұлардың ішінен әсіресе б. э. дейінгі X ғасырдың екінші жартысында пайда болған Дамаск патшалығын ерекше атап өтуге болады. Оның астанасы — Дамаск Месопотамиядан Египетке және Аравия далаларынан Жерорта теңізіне өтетін керуен жолдарының үстінде жатқан аса маңызды орталыққа айналады. Дамаск Финикияның сауда қалаларын айналадағы жүзімдіктерден алынған шарап пен және «аппақ қардай жүнмен» жабдықтап тұрады. Мұнда, сондай-ақ металдарды өңдеу де барынша жетіледі (кейінірек тамаша дамаск қылыштары айрықша даңққа бөленеді).

Арамейлердің аса үлкен қоныс аударуларынан кейін Ассирия екі ғасырға жуық уақытқа (б. э. дейінгі X ғасырдың аяғына дейін) созылған қатты құлдырау кезеңін бастан кешеді. Кейінгі кезеңдердің жылнамашылары көптеген ассириялық қалалар мен селениелердің қаңырап қалғаны және олардың тұрғындары сенімді баспана іздеп тауға кеткендері жайлы аз да болса естеліктер қалдырған. Орта ассирия кезеңіндегі Ассирияның ішкі қатынастары жайында біз әлдеқайда кейінірек кезге жататын және басы мен аяғы жоқ үзінділер түрінде сақталған ассириялық заңдар жинағының көшірмесінен білеміз. Оның түп нұсқасы, тілі мен стиліне қарағанда, б. э. дейінгі II мың жылдықтың орта шенінде жазылған сияқты.

Бұл жинақтың Хаммурапи заңдарынан айырмасы (соңғысы хронологиялық жағынан алғанда «Орта ассирия заңдарынан» ертерек жазылған болса да) көнелік сипаттарды көбірек сақтап қалуында (тарихи дамудың біркелкі болмауы себепті). Б. э. дейінгі II мың жылдықта Ассирияда патриархтық семьяның негіз-

дері күштірек әрі берігірек сақталады. Ассирия правосы әйел мүддесін мүлде дерлік жақтамайды, күйеуінің рұқсатынсыз әйел үй мүлкіне де билік жүргізе алмайтын болған. Егер ол үйден өз бетінше әлдеқандай зат алып шықса ұры боп саналған және күйеуі оның құлағын кесуге правосы болған (Хаммурапи заңдарында мұндай қатал жаза құлдарға ғана қолданылған).

Тіпті күйеуі өлген соң да ассириялық әйел оның семьясының қарауында қалған және күйеуінің туыстарының біріне тұрмысқа шығуға тиіс болған. Өлген күйеуінің семьясында жасы 10-нан асқан ер адам болмаған жағдайда ғана әйел правосы жесір боп саналып, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндік алған. Мүлік теңсіздігі барған сайын өсіп келе жатқан жағдайда патриархтық семьяның бұл қатан дәстүрлері өз отандастарын құлдыққа түсіру үшін пайдаланылған. Өсімқор борышкер адамның семьясының жасы кіші және бағынышты мүшелерін өз қолына алып қанаған және қарызы өтелмеген жағдайда оларды мәңгі құлына айналдыруға қақысы болған (Хаммурапи заңы бұны теріс деп санамайды).


Селолық қауым әлі елеулі роль атқарады, бірақ оның өз ішінде жіктелу процесі күшейе береді. Бірқатар шектеушіліктерге қарамастан, қауым мүшелері үлес жерлерін сатуға мүмкіндік тауып отырады, сөйтіп ірі помещьелер пайда болады, ал кедейленген қауым мүшелері батырақтарға, ішінара тіпті құлдарға да айналады.

5. Жаңа ассириялық кезең (б. э. дейінгі X—VII ғасырлар). Б. э. дейінгі X ғасырдың аяғында Ассирияның қайта күшеюі басталады. Бұған оның бұл кезде күшті бақталастары болмауы да елеулі мөлшерде қолайлы жағдай туғызды. Ассирияның басты жауы — жауынгер арамей тайпалары болса, олар әлі біртұтас держава құруға дәрменсіз боп шықты.

Арамейлердің негізгі орналасқан территориясы — Сирия жергілікті географиялық жағдайлардың әсерімен бытыраңқы күйінде қала берді. Бұл жерде бір-бірімен бірде жауласып, бірде уақытша берік емес одақтарға бірігіп тұрған ұсақ мемлекеттер болды.

Екінші жағынан Ассирияның өмір сүруіне қауіп төндірген арамейлердің басып кіру мүмкіндігі бұл елдің басқарушы құл иеленуші шонжарларына армияны ұйымдастыру мен техникалық жағынан жабдықтау ісіне бірқатар жетілдірулер енгізуге және оның санын қатты көбейтуге мәжбүр еткен. Егер Ассирияның ресми статистикасына сенер болсақ, б. э. дейінгі IX ғасырда мұндағы әскер саны 120 000 адамға жетеді (ежелгі Шығыс үшін бұрын болмаған цифр).¹

¹ Бұл цифр әрине жалпылама және шамамен алынған. Жалпы семит халықтарында 120 саны қасиетті саналған (мәселен, Утнапиштимнің мифте айтылатын кемесі көлемі жағынан 120 шынтақ өлшемнің шаршысына тең болған). Қалай болғанда да 120 000 цифрі ассирия армиясының жоспардағы ең жоғарғы санына сәйкес келетін сияқты.



Ассирия жауынгерлері

Қос дөңгелекті әскери арбалармен бірге әсіресе жеңілген жауды өкшелеуге аса тиімді атты әскерлер отрядтары пайдаланыла бастады. Ассирияда, көрші елдерге қарағанда темір қаруларға көшу әлдеқайда ерте (б. э. дейінгі I мың жылдықта) жүзеге асты. Арнаулы отрядтар өзеннен өту үшін ауа толтырылған торсықтардың үстіне ағаш төсеп, уақытша көпірлер жасап отырды. Қамал салу қатты жетілдірілді. Дұшпанның қамалдарын қоршауда да ассириялықтар ерекше табыстарға жетеді. Қамал қорғандары мен мұнаралары ерекше жасалған қалқандардың жәрдемімен дәл іргелеріне дейін жылжытып апарылатын тарандардың көмегімен бұзылып отырды. Бұдан соң әлем тарихында тұңғыш рет дуалдарды бұзуға ататын қару (гректер оны кейініректе тас лақтырғыштар немесе катапульттер деп атаған) қолданылған. Ол кезде жарылғыш заттар әлі белгісіз болғандықтан¹ тас ядролар немесе жанып жатқан қарамай құйылған сауыттар, қатты ширатылған және босатқан кезде тез жазылатын қайыс белбеулердің көмегімен қимылға келтірілетін серіппелер арқылы жауға лақтырылатын. Ежелгі халықтарды ассириялық әскерлердің жауынгерлік саптарының аса мұқият ойластырылуы да таң қалдыратын. Ассирия жауынгерлерінің тәртіптері де мейлінше мықты болды.

¹ Тек ежелгі қытайлар ғана жарылғыш дәрімен таныс болған, бірақ оны соғысқа қалай қолдану керектігін білмеген.




Ассирия тараны

Сонымен бірге өздерінің қаталдығы мен қаңқұмарлығы жөнінен де ассириялық патшалардың, қолбасылардың және олар басқарған жауынгерлердің, ежелгі Шығыстағы соғыста адамгершілік көрсете қоймаған, бізге белгілі өзге әскерлердің бәрінен де асып түскенін айта кету жөн. Ассирияда жеңілген жауды аса қаталдықпен қинау және қорлау кәдімгі заңды құбылыс саналды. Бұларды өз қожайындарының талғамдарын жақсы білген жылнамашылар мен суретшілер дәл өмірдегі болғанындай етіп егжей-тегжейлі баяндап және бейнелеп қалдырған. Тірі адамның терісін сыпырып алу, көзін шұқып ағызу, еріндері мен иегін тесіп арқан өткізу және басқа да осыған ұқсас жиіркенішті істер, бағындырылған халықтарды жазалау мен қорқытудың табиғи әдістері саналған. Алайда бұлардың көмегі аз болды, жеңілген және кедейленген халықтардың Ассирия езушілеріне қарсы көтерілісі тоқталған жоқ. Көрші елдерді аяусыз тонау — күшті қарсылық туғызып, бір жердің өзі бірнеше рет көтеріліске шығып отырды. Мұндай қарсылық жасаған жерлердің бәріне бірдей ассирияның негізгі әскери күштері дер кезінде үлгеріп жете бермеген. Сондықтан ассирияның әскерлері ұйымдастыру және техникалық жағынан қаншалықты жетілдірілген десек те, олардың табыстары уақытша табыстар болған еді.

Б. э. дейінгі IX ғасыр ішінде Ассирияның, соның алдыңғы ғасырларда айырылып қалған жерлерін өзіне қайтарып қана қойған жоқ, сонымен бірге өзге жерлерді де қосып ала бастады. Солтүстік Месопотамия тұтасымен Ассирия державасының құрамына кірді.

Солтүстік Месопотамияға бекініп алған ассирия жаулап алушылары одан әрі Сирияға, Финикияға және кіші Азияның шектес аймақтарына қарай жылжыды, бұл жерлерден олжа, алымсалық және амалсыз жасалатын сыйлықтар ретінде бағалы шикізаттар, әсіресе металдар (бірінші кезекте сол кездегі ең қажет зат — темір) алынып тұрды.

Шығыс Жерорта теңізіне қарай қозғалған жолында ассириялық әскерлер арамей мемлекеттерінің ішіндегі ең күштісі — Дамаск патшалығынан ең үлкен қарсылық көрді. Бұл шайқас Ассирияның патшасы III Салманасар тұсында (б. э. дейінгі 859—824 жылдар) болды. Дамаскіге бұл жігерлі басып алушыға қарсы одақ құрудың сәті түсті, оған II патшалықтар мен тайпалар кірді, бұлар енді тізе қосып оңтүстік-батысқа бет алған



Соғыс тұтқындарына арналған кісендер

Ассирия әскерлерінің жолын бөгеді. Шешуші шайқас б. э. дейінгі 853 жылы Қарқара қаласы түбінде (Оронт өзенінің жоғарғы жағасында) болды. Бұл соғыста қан судай ақты. III Салманасар өзінше жеңіске жеттім деп санағанымен, 14 000 жауды жойдым деп мақтанғанымен де, осы шайқастан соң бәрібір кейін қайтуға мәжбүр болды, осының өзі-ақ оның қандай күшті тойтарысқа кез болғанын көрсетсе керек (бұл соғыста өздерінің қанша адамнан айырылғаны жайлы ассириялық жылнамашылар жұмған аузын ашпайды).

Дамаск патшасы басшылығымен құрылған одақтың ыдырап кетуі ғана III Салманасарға жағдайды түзеп алуға мүмкіндік берді. Ассирияға қарсы одақтың негізгі мүшелері Дамаск және Израиль патшалықтары арасында Иорданның шығысында жатқан талас жерлер үшін талас басталып, ол ұзаққа созылған қырқысу соғысына айналды, бұл Ассирия үшін қолайлы жағдай туғызды. III Салманасар Дамаскіге келіп, оны қоршап алды, шеткергі аймақтарын шауып, қала айналасындағы гүлденген бауларды жойып жіберді. Қаланың өзін ала алмады, бірақ оның есесіне Жерорта теңізі жағасына дейін жетті де, осы жерде Тирдің, Сидонның және Израильдің елшілері оған сыйлықтар тапсырды. Сөйтіп оған басты жауын әлсіретудің сәті түсті, бірақ оны толық жеңіп шығуға шамасы жете қоймады.

Оңтүстікте, Вавилонияда III Салманасардың өзі және мұрагерлері (соның ішінде оның немересінің жас кезінде елді басқарған атақты Семирамида да бар) Ассирия тобын қолдайтындарға арқа сүйей отырып, дипломатиялық жолмен өз ықпалын арттыра түсуге тырысты.

Шығыста Ассирия б. э. дейінгі IX ғасыр бойында Загрос тау жоталарының етегі мен Ассирияға асыл тұқымды жылқылар әкелініп тұрған Мидияға апаратын жол үшін табан тірескен соғыстар жүргізді.

Алайда Ассирия әсіресе, солтүстік шекарасында үлкен қиындықтарға кез болды. Бұл жерде б. э. дейінгі IX ғасырдың аяғында Ассириямен көпке дейін тайталасуға жетерліктей күш-қуаты болған жаңа держава өсіп шығады. Бұл — ассириялықтар көбінесе Урарту деп атап кеткен (Библиядағы «Арарат елі»¹) Би-

¹ СССР мен Түркия шекарасындағы осы күнгі Арарат тауларының аты да Библиядағы атаумен сабақтасып жатыр.



Қос дөңгелекті арбадағы урарт жауынгері

айна патшалығы еді (Түркиядағы осы күнгі Ван көлі мен қаласының аттары содан қалған).

6. Урарту. Жоғарыда айтқанымыздай, Ассирияның солтүстік жағында таулы жерлер басталатын еді. Бұл — Армян таулы өлкесі болатын (қазіргі кезде оның елеулі бөлегі Түркияға кіріп отыр). Оның негізгі жотасы Армян Тавры (Антитавр).

Евфраттың екі бастауы да және одан солтүстікке таман қарсы бағытқа (шығысқа қарай) ағатын Аракс өзені де осы жерлерден басталады. Бұл елдегі көлдердің ең елеулілері — Ван, Урмия, ал солтүстігінде Севан (қазір Армян ССР-і территориясындағы). Месопотамиядан айырмасы — Армян таулы өлкесінде өңдеуге жарамды жерлер аз боп келеді. Оның есесіне бұл жерлерде тамаша тау жайылымдары көп те, ежелден-ақ негізгі кәсіп мал өсіру болды. Тек б. э. дейінгі I мың жылдықтың бас кезінде темірден жасалған құралдарға көшу ғана топырақты неғұрлым сапалы өңдеуге мүмкіндік берді де, егіншілік те бұл жерлерде үлкен роль атқара бастады. Тіпті суландыру жұмыстары да жүзеге асты (әсіресе Аракс алқабында). Әрине бұлар Қосөзендегідей кең аймақтарды қамти алмады).

Бұл таулы өлкенің халқы шығу тегі жағынан ала-құла болғанымен, олардың негізгі ұйтқысы — тілі жөнінен халықтардың хуррит тобына жататын урарттар еді. Солтүстік батыстағы шеткі аймақтарда, Хайас елінде (Чорох алқабы) үнді-европалық тұрғындар басым болды. Урарттарды өз ықпалына түсірген ар-

мян халқының арғы тегі нақ осы жерлерден келген деген болжам бар.

Тайпалардың урарт одағы жөніндегі алғашқы деректер бұл жерлерге жорықтарға шығып тұрған Ассирия патшасы I Салманасардың кезеңіне жатады.

Б. э. дейінгі IX ғасырда Ван көлі жағасында Урарт патшалығы қалыптасады, ол Ассириямен табан тірескен ұрыстар жүргізеді, ара-тұра бейбіт экономикалық және мәдени қарым-қатынастар да болмай тұрмайды. Урарттардың өздерінің иероглиф жазуы болғанымен де (хеттар сияқты), ол кең тарап кете алмады.

Урарт патшалары сына жазуы таңбаларын қолдана отырып, әуелі ассирия тілінде, одан соң өз тілінде жазуды жөн көрген. Сонымен қатар Ассирия сына жазуы жүйесі қайта қаралып, едәуір оңайлана түскен. Сына жазуы текстерін оқуды барынша қиындатып, шатастыратын көптеген артық таңбалары алынып тасталған.

Көбінесе тас тақташаларға қашап жазылған осы текстер Урарту тарихын зерттеудегі негізгі көздер болып табылады. Оларды зерттеуде еліміздің ғалымдары: революцияға дейінгі кезеңде М. В. Никольский, одан бері уақытта совет тарихшылары Г. А. Меликишвили, Г. А. Капанцян, Н. В. Арутюнян көрнекті роль атқарды. Урартудың заттық мәдени ескерткіштерін табуда және зерттеуде И. А. Орбели, Б. Б. Пиотровский, А. А. Мартиросян және басқалар зор еңбек сіңірді. Урартуды шетелдік зерттеушілердің ішінен А. Г. Сэйс пен К. Ф. Леман-Хаупты ерекше атап өтуге болады.

Урартудың астанасы Тушпа қаласы болған (осы күнгі Ван көлінің шығыс жақ жағасындағы аттас қала). Бұл — жан-жағы құз болып келген, қырқаның ұшар басына салынған аса берік, қол жетпес қамал еді. Ван көлінің суы (құрамында еріген тұз көп болуы себепті) ішуге жарамайтын болғандықтан, б. э. дейінгі 800 жылы шамасында Урарт патшасы Менуа тастарды жарғызып, су құбырын тартқызды, сол арқылы алыстағы тау бұлақтарының мөлдір суы астанаға жеткізілді.

Б. э. дейінгі IX ғасырда урарттар Ассирияға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізіп келді. Б. э. дейінгі VIII ғасырда жағдай өзгерді. Урарту бұл кезде күшті мемлекетке айналып, енді өзі де



Адам басты қанатты арыстан (урарт статуэтка)



Дауыл құдайы Тейшеба
(урарт статуэткасы)

жаулап алу саясатына көше бастады. Ол солтүстігінде өз шекарасын Араксқа қарай ұзартса, солтүстік-батысында — Қара теңіздің оңтүстік жағалауына, шығысында — Урмия көліне қарай кеңейте түсті.

Урарту әсіресе I Аргишти патша (б. э. дейінгі 780 жылдар шамасы) тұсында күшейді. Оның әскерлері Кулха еліне (грекше Колхида) басып кіреді. Аракстың сол жағалауында ол бекіністі қала салғызады. Бұл қала оның құрметіне Аргиштихинили аталады және тұщы Севан көлі жағалауларына жол ашып тұрады. Батысында Урарттар кіші Азияға басып кіреді, ал оңтүстік-шығысында Тигрға құятын Диаланың жағалауына дейін барады, сөйтіп, жаңа держава Ассирия иеліктерін қос қанатынан қусыра бастады.

Урарт жаулап алушылары да ассириялықтар сияқты ондаған мың тұтқындарды айдап әкетіп отырды. Олардың бір бөлігі құлдарға айналдырылды, алайда тұтқындардың үзбей ағылып келуі себепті тегін жұмыс күшінің өзі де ешкімге керек болмай қалғандықтан, олардың біразы жойылып отырды да, кейбіреулері бағыныштылар есебінде нашар игерілген шет аймақтарға қоныстандырылды.

Ауыл шаруашылығында өндірушілердің негізгі бұқарасы — ерікті қауым мүшелері болды. Бау өсіруде ғана құл еңбегі басым роль атқарды. Құлдар Урарт патшалары ұйымдастырған шеберханалар мен құрылыс жұмыстарында көбірек пайдаланылды.

Урартуда көршілес құл иеленуші елдерге (Хетт патшалығы мен Ассирияға) қарағанда әлеуметтік жіктелу процесі кейінірек дамиды. Патшаның өзінің, шонжарлардың (ең алдымен патша семьясы мүшелерінің) және храмдардың ірі помещьелері пайда болады.

Урартудың мәдениеті алғашқы кездері көршілес Ассирияның ықпалымен дамыса, кейінірек жергілікті жағдайларға байланысты өзіндік сипаттар ала бастады және кейбір мәселелер жөнінен шәкірттері ұстаздарынан озып кетті.

Урартулықтар әсіресе тастан қашап жасалған блоктардан тамаша ғимараттар салу жөнінен үлкен табыстарға жетті.

Урартудың мүсіндеу өнері туындылары ішінен металдан жасап, әдемі тастармен әшекейлеген тамаша статуэткаларды ерекше атап айту жөн. Мұның үлгісі ретінде басы адам тәрізді етіп өте шебер жасалған қанатты арыстанның қола мүсінін мысалға келтіруге болады. Сондай-ақ қоладан жасалған қорамсақтағы, дулыға мен қалқандардағы соғыс көріністері мен хайуанаттар (арыстандар, жабайы өгіздер) өмірін, ал кейде қасиетті ағаштарды бейнелейтін бедерлеп жасалған суреттер де тамаша.

Зергерлік шығармалар ішінен, сондай-ақ алтын медальонға металл-пластика әдісімен салынған тақта отырған әйел құдай мен оның алдында оған табынып отырған әйелдің өте әдемі жасалған бейнесін атап өтуге болады.

Урарту әдебиеті бізге онша белгілі емес, одан біздерге жеткені — патшалардың жорықтары мен салдырған құрылыстарын суреттейтін жазбалар ғана.

Б. э. дейінгі VIII ғасырдың орта шенінде Урарту өз қуатының жоғары өрлеу шегіне жетеді. Бұл жылдарда II Сардури патша мен оның баласы және мұрагері Аргишти Ассирияға күйрете соққы береді. Урарту әскерлері Сирияға тереңдей еніп, Ассирия державасына Жерорта теңізі гавандарынан бөлініп қалу және батыстан әкелінетін шикізат (соның ішінде темір) көздерінен ажырап қалу қауіпін төндіреді.

Құл иеленуші шонжарларға қарсы халық көтерілістерінен берекесі қашқан Ассирия өзінің жаулап алған жерлерінің елеулі бөлігінен айрылып, енді өзі де құрып кетуге аз-ақ қалады. Бірақ Ассирияның құл иеленуші қоғамына бұл жолы да әлеуметтік және саяси терең дағдарыстан шығып, өзінің бұрынғы қуатын қайтадан қалпына келтіріп қана қоймай, жүз жылға жуық уақыт еш уақытта болып көрмеген сыртқы табыстарға жетуінің сәті түсті.

7. Б. э. дейінгі VIII—VII ғасырлардағы Ассирия. Династиялардың ауысуы — Ассирия тағдырындағы бетбұрыс кезең болды. Мемлекеттік төңкеріс жасау арқылы үкімет басына патшалардың жаңа әулетінің негізін салған III Тиглатпаласар келді. Шамасы ол халықтың қалың көпшілігінің бұрынғы патшалардың ішкі және сыртқы саясаттағы сәтсіздіктеріне наразылығын пайдалана отырып және әскери топтарға сүйеніп, бұрыннан келе жатқан шонжарларға соққы бере алғанға ұқсайды. Қалай болғанда да III Тиглатпаласар және баласы әрі мұрагері V Салманасар Ассирия державасын біраз уақытқа нығайтқан ірі реформалар жасайды.

III Тиглатпаласар (б. э. дейінгі 745—727 жылдар) армияны негізінен қайта құрып, мемлекеттің қамқорлығында болатын, соғыс олардың күн көріс көзіне айналған жауынгерлерден «патша полкін» жасақтайды. Жокшылыққа ұшыраған көп адамдар жеңіл қарумен жарақтанған жаяу әскерлер қатарына тартылды да, бұлар сан жағынан ауыр қарумен жарақтанған жаяу әскер-

лерден (металл сауыт киініп, қолдарына үлкен қалқан ұстаған найзагерлерден) екі есе асып түсті.

Дегенмен, шонжарлар мен халықтың ауқатты топтары есебінен толықтырылып отырған артықшылықпен пайдаланатын қос дөңгелекті арба мен атты әскерлер отрядтары да өз маңызын сақтап қалды. Әдетте әрбір қос дөңгелекті әскери арбаға екі атты әскер, ал әрбір атты әскерге — екі ауыр жарақтанған және төрт жеңіл жарақтанған жаяу әскерден келіп отыратын. Армияны құрғанда осындай ара салмақты сақтауға мән берілетін. III Тиглатпаласар бұрын жергілікті жерге қойылған әкімдердің қол астында болып келген тым үлкен аймақтарды шағындап, ұсақтай түсу мақсатымен әкімшілік реформасын да жүргізді.

Сан жағынан алғанда бұрынғыдан әлдеқайда көбейе түскен неғұрлым ықшам жаңа округтарды патшаның сенімді адамдары басқарды. Мемлекеттік жаңа аппарат бұрынғыдан ыңғайлы, оралымды болды және шонжарлар әулетінің артықшылықтарын күшейту арқылы орталықтандыру нығая түсті.

V Салманасар тұсында (б. э. дейінгі 727—722 жылдар) ежелгі астана Ашшурдың әдеттегі салықтар мен міндеткерліктен босатылып келген артықшылықтарын жоюға да әрекет жасалды. Алайда бұл шараны жүзеге асырудың сәті түспеді. V Салманасар бекзадалардың заговору нәтижесінде тақтан түсірілді де, оның орнына туысы (деректердің бірінде — өгей інісі) II Саргон отырғызылады, ол шонжарларға жеңілдіктер береді және тек ассириялықтардың ғана емес, вавилондықтардың да храмы бар қалаларына жеңілдік жасайтын арнаулы грамоталар сыйлады.

III Тиглатпаласар мен оның мұрагерлерінің сыртқы саясаты өте жігерлі және белсенді болды. Олар алдыңғы кезеңнен өздеріне мұра болып қалған қиындықтарды жеңе білді. Басты қауіп солтүстік жақтан төнулі еді, сондықтан III Тиглатпаласар таққа отыра салысымен-ақ негізгі соғыс күштерін Урартуға қарсы қойды. Урарт патшасы II Сардури Арпад түбінде қиратылды да, Сириядан ығыстырылып шығарылды. Ассирияның Жерорта теңізімен байланысы қайтадан қалпына келтірілді. III Тиглатпаласар дұшпанының астанасы Тушпаға соққы беруге де тырысып көрді, бірақ бұл аса қуатты қамалды алуға шамасы жетпеді. Сөйткенмен де Ассирияның шекарасы солтүстікке қарай жылжытылып, нығайтыла түскен еді. Сондай-ақ шығысқа, Иран жеріне сәтті жорықтар жасалды. Ассириялықтардың батыстағы табыстары бұдан да тамаша болды. Бұл жерде Ассирияға өзінің ежелгі жауы Дамаск патшалығын күйрете жеңудің сәті түсті. Б. э. дейінгі 732 жылы Дамаск алынып, оның тұрғындары жаңа жерлерге қоныс аударылды. Израиль патшалығы да өз территориясының үлкен бөлігінен айрылып қалды және алым-салық төлеуге мәжбүр болды, ал Финикияның сауда қалаларының ішіндегі ең бастысы — Тир Ассирия патшасына көп мөлшерде алтын төлеп құтылды.



Тайшебаинидан табылған қойма (Б. Б. Пиотровскийдің қазба жұмысы)

Оңтүстікте Тиглатпаласар Вавилонияны өзіне қаратуға тырысты. Тікелей шабуыл жасап басып алуға тәуекел ете алмаған ол өзін бөтен атпен (Пулу) Вавилон патшасымын деп жариялады да, бұл елдің билігіне де қолы жетті.

II Саргон жаулап алу саясатын онан әрі жалғастырды. Өз патшалық дәуірінің ең алғашқы кезеңінде (б. э. дейінгі 722 ж.) ол Израиль патшалығының астанасы Самарияны басып алды және ойрандады. Сирия мен Палестинаның үлкен бөлігі бөлшектеліп, ассирияның шағын провинцияларына айналдырылды.

Б. э. дейінгі 714 жылы II Саргон Урмия көлін айналып өтіп, Урарту жеріне шығысынан келіп кіріп, бейқам отырған дұшпанына күтпеген жерден соққы берді. Урарттықтардың астанасы Тушпаға II Саргон тиген жоқ, бірақ урарттардың қасиетті қаласы саналған Мусасир қаласын басып алып талан-таражға салды. Осындағы Халди құдайдың храмында патшалар қазынасы ғасырлар бойына жинақталып жеткен еді. Жеңіліп қалған Урарт патшасы I Руса өзін өзі өлтірді, ал оның мұрагерлері тәуелсіздіктерін сақтап қалса да, Ассириямен бейбітшілікте өмір сүруге тырысты. Егер шекарадағы жылдам реттеліп отырған ұсақ қажтығыстарды есепке алмасақ, екі держава арасындағы табан тіресіп келген күрес бұдан былайғы жерде тоқталады. Екі жақтың да күштерін басқа бағытта шоғырлауларына мәжбүр еткен қауіптірек жаулары да бар еді.

Урарт патшалығына Азов теңізі жағасынан Кавказ арқылы өтіп келген киммерийлердің шабуылдарына тойтарыс беруге ту-

ра келді. Олар Урарттардың иеліктерін басып өтіп, елдің шекарасына орнықты, ал кейінірек (б. э. дейінгі VII ғ.) Кіші Азияны ойрандады және Эгей теңізі жағасына дейін жетті.

Бұл соққыдан естерін жиған соң, Урарт патшалары б. э. дейінгі VII ғасырда солтүстік пен солтүстік-батысқа қайтадан басып алу саясатын жүргізе бастады. Олар әсіресе Севан көлі аймағында мықтап бекінді. Олардың бұл жердегі тірек пункті ірі қала Тейшебаини (осы күнгі Ереванның маңында) болды, бұл қала совет зерттеушісі Б. Б. Пиотровскийдің сәтті қазбалары арқасында бізге жақсы мәлім болып отыр. Бұл жерде қала ортасындағы аса қуатты қорғанның дуалдары ғана емес, сондай-ақ металл бұйымдар қоймасы (қоламен бірге темір де кеңінен пайдаланыла бастайды), өсімдік майы алынатын шеберханалар мен өзге шаруашылық комплекстері де зерттелді. Мұның бәрі Тейшебаинидың тек қамал ғана емес, сондай-ақ қолөнершілік орталығы да болғанын көрсетеді.

Осылайша, оңтүстігінде Ассириямен табан тірескен күрестен бас тарту арқылы Урарту солтүстігіндегі меншік жерлерін сақтап қана қалған жоқ, оларды Севан көлі аймағындағы алқаптар есебінен кеңейте түсті.

Ассирия болса бұл кезде Вавилония мен Шығыс Жерорта теңізіндегі үстемдігін сақтап қалу үшін ауыр күрестер жүргізуде еді. Вавилония үшін соғыста жергілікті күштерден гөрі бұл жерлерге көз алартушы өзге басқыншылардың қарсылықтарын көбірек жеңуге тура келді. Парсы шығанағының дәл жағалауында Халдей князьдіктері¹ күшейді. Жан-жағынан батпақпен қоршалғандықтан қауіпсіздікте болған олар Қосөзенге басып кіріп, өз биліктерін орнатуға қолайлы сәтті ғана тосып тұрды. Шығыстан Вавилонияға, бұрынғы кездердегідей, Элам қауіп төндірді. Вавилон ішінде бір жағынан Ассирияның, екінші жағынан — халдейлер мен Эламның жақтастары болды да, мұның өзі талай рет төңкерістер жасалуына алып келді. Соғыста екі жақ кезек табысқа жетіп тұрды. II Саргонның өзі де, оның баласы және мұрагері Синахериб те (б. э. дейінгі 705—681 жылдар) өздерінің оңтүстіктегі көршілеріне қарсы талай рет жорықтар жасаған. Ассириялықтарға қарсы топтардың табанды қарсылықтарына ызасы келген Синахериб б. э. дейінгі 689 жылы Вавилонды тас-талқан етіп қиратады. Алайда Ассириямен тығыз байланыста болып келген көне мәдениет орталығын қирату тіпті патшаның өз айналасында да қатты наразылық туғызды. Мұның өзін оның баласы және мұрагері Асархаддон (б. э. дейінгі 680—669 жылдар) ескеріп, Вавилонды қайта қалпына келтіру үшін шаралар қолданады және онымен бейбіт қатынастар орнатуға тырысады.

¹ *Халдейлер* — семит текті халық, олар вавилондықтарға туыс және кейін олармен қосылып кетеді. Вавилонияға өтіп кеткен халдей жауынгерлері Ассирия үстемдігіне қарсы күресте жетекші ролін ойнай бастайды.

Батыста Синахериб те, Асархаддон да Ассирияға қарсы бұрқ ете түскен көтерілістердің бәрін қолдап отырған Египетке қарсы табанды күрес жүргізеді. Синахериб Финикия жағалауына бекініп алып, Иудей патшалығын ойрандайды, бірақ күшті бекінген Иерусалимды алуға шамасы келмеді. Оның алым-салық алумен шектелуіне тура келеді.

Асархаддон өзінің солтүстіктегі, шығыстағы және оңтүстіктегі тылдарын қауіпсіздендірген соң (соғыс қимылдарынан гөрі көбінесе дипломатиялық жолмен), басты күштерін батысқа қарай бағыттады. Көтеріліске шыққан Сидонды талқандаған соң ол тікелей Египеттің өзіне қарай қозғалды да, б. э. дейінгі 671 жылы оны да қаратты. Бұл жерде ол өздерін патша деп атап келген жергілікті египеттік басқарушылардың билігін сақтап қалды және неғұрлым күшті әрі қауіпті Эфиоп династиясына қарсы күресте соларға сүйенуге тырысты.

Ассирия мемлекеті өз қуатының ең толысқан шағына жетті. Оның территориясы Загрос тауларынан Жерорта теңізі мен Нил алқабына дейін созылып жатты, алайда бұл территорияны берік біріктіруге оның шамасы жетпеді. Қанды қырғын, ойрандар да, тұтас халықтардың державаның бір шетінен екінші шетіне қоныс аударуы да елеулі нәтижелер бере қоймады. Елдің жеке бөліктері арасында тұрақты және жүйелі экономикалық байланыстар болмады. Ассирия әміршілерінің қол астына күшпен біріктірілген халықтардың тілі, мәдениеті, экономикалық даму деңгейі жөнінен бір-бірінен үлкен айырмашылықтары болды. Олар бірігуге оншалықты мүдделі болмады және аса ірі империяның құрамында негізінен зорлықпен ғана бірігіп тұрды. Ассирия әскерлері жеңістерге жетіп тұрған кездерде осындай көп елдер мен халықтардың бірлестігін сақтап тұрудың мүмкіндігі болды, ал бірінші сәтсіздіктен кейін-ақ олар толқи және ыдырай жөнелуге әзір тұрды. Осындай әлсіз жақтардың бәрі де Ассирияның ақырғы ұлы әміршісі Ашшурбанипалдың (б. э. дейінгі 669—630 жылдар шамасы)¹ патшалық құрған дәуірінде барынша анық көрінді.

Бұл Ассирия патшаларының ішіндегі ең білімдісі еді, ол бала жасынан-ақ садақ тарту мен аттар жеккен қос дөңгелекті арбаны басқаруды ғана үйреніп қоймады, сонымен бірге қиын сына жазуы жүйесін меңгеруге де көп уақытын бөлді және ассирия-вавилон ғылымы мен әдебиетінің табыстарымен таныс болды. Бұл оның қажет жағдайда Ассирияның өзге патшалары көрсеткендей қаталдық көрсетіп отыруына кедергі жасамаған. Бір бедерлі суретте оның саялы бақ ішінде өзінің сүйікті жұбайымен той-тойлап және арфалар мен тимпандардың үнінен ғана ләззат алып қоймай, қанды көріністі де тамашалап отырғаны:

¹ Ашшурбанипалдың өлген жылы дәл анықталмаған. Оны біреулер б. э. дейінгі 633, екіншілер 631, үшіншілер 626-жыл деп санайды.

ағашта оның жауларының бірінің кесілген басы ілулі тұрғаны бейнеленген.

Сыртқы саясатта Ашшурбанипал аса зор жігер танытты, оған бәрінен көп мазасыздық туғызып келген Египет пен Вавилония еді. Қолындағы жеткіліксіз әскери күштеріне сенбеген ол күрделі дипломатиялық айла-шарғыларға жүгініп отырған, бірақ олары барлық уақытта бірдей табысты бола бермеген. Патшалық билігінің ең алғашқы кезеңінде ол өз әскерлерін екі рет Египетке, сондағы басты жауы болып табылатын Эфиоп династиясы патшаларына қарсы жұмсаған. Екінші жорық кезінде Фивыға ауыр соққы берілді де, ол бұл соққыдан қайтып есін жия алмады және адамдар іздеп келіп тауап ететін қасиетті діни орталық ретіндегі маңызын ғана сақтағаны болмаса өзінің бұрынғы жетекшілік ролінен айрылып қалды.

Египеттің оңтүстігінде берік позиция ұстаған Эфиоп патшаларына қарсы күресте Ашшурбанипал солтүстік Египеттегі шағын патшалықтарға арқа сүйеді, ол әсіресе экономикалық және мәдени жағынан Жерорта теңізі елдерімен байланысты болған Саис қаласына қолдау көрсетіп отырды.

Бірақ мұндай дипломатиялық есептерінің бәрі де сәтсіз болып шықты. Ашшурбанипалдың одақтары оның қолындағы ойыншығы болғысы келмеді және талай рет опасыздық жасады. Ассирия патшасы шыдамдылық көрсетіп, кейде опасыздық жасағандардың кінәларын да кешіріп отырды, қажет жағдайда ол жазалаудан ынталандыруға көшіп, адамдарды сатып алуға тырысты, бірақ мұның бәрі ойлағандай нәтиже бермеді.

Саис басқарушысы Псамметих Ассирияның көмегін пайдаланды, бірақ шешуші сәтте оның өзіне қарсы шықты да, өз елін тәуелсіздікке жеткізді, ол ассириялықтарға да, эфиоптарға да бағынғысы келмеді. Сөйтіп, Нил алқабында бекініп алу әрекеттерінен еш нәтиже шықпады.

Оңтүстік-батыста белсенді саясат жүргізу барысында солтүстік шекарадағы күшейіп келе жатқан қауіппен санаспауға болмайтын еді. Рас, Урарту енді бұларға қауіпті емес еді және ол Ассириямен бейбітшілікті сақтап тұруға тырысты, ал бірақ Кавказ жақтан қаптаған жауынгер тайпалар толқыны Урартуға да, ассириялықтарға да қорқынышты еді.

Киммериялықтар Кіші Азия түбегі далаларында үстемдік құрды, Эгей және Жерорта теңіздеріне ұмтылды. Олардың қимылына тоқтау салу үшін Ашшурбанипал түбектің ең қиыр батыс шекарасында қоныс тепкен Лидиямен одақтасты және онымен теңіз жолы арқылы байланысып тұруына тура келді. Лидияның патшасы Гигес Ассирия патшасының жоғары билігін өз еркімен мойындауға келісім берді, бұл — сөзсіз дипломатиялық салада қол жеткен үлкен табыс еді, бірақ Египеттің бөлініп шығуы бұл іске кесірін тигізді. Псамметих Гигеспен жақындасты. Бұлардың екеуі де Ассирияның күшейіп кетуінен қауіптенетін және Ассирияның әскери көмегі қажет болмай қалғаннан кейін

оған бағынғысы келмеді. Ашшурбанипалдың бағына қарай, киммериялықтардың батысқа қарай жасаған жаңа қысымы Лидияны әлсіретті де, батыс жақтағы қиындай бастаған жағдай біршама қалыпқа түсті.

Оның есесіне оңтүстікте жаңа қиындықтар туды. Ашшурбанипал Вавилонмен тіл табуға тырысты. Ол өз әкесінің тілегін орындай отырып, Вавилон тағын өз інісі Шамашшумукинге беруге көнді. Алғашқы кезде ағайындылар тату тұрды, бірақ артынан (б. э. дейінгі 652 ж.) Вавилон патшасы Ассирия бақылауынан шығып, толық тәуелсіздікке ие болу үшін Эламмен жақындасты да, ағасына қарсы ашық көтеріліс бастады. Ассирияға қарсы қауіпті одақ пайда болды, оның құрамына Мидия (батыс Ирандағы) және Сирия далаларындағы арабтардың көшпелі тайпалары енді. Бұның бәрі аз болғандай финикиялық аса үлкен қала Тир да бөлініп шығып, Жерорта теңізіне апаратын жолдарға қауіп төнді. Бұл қиыншылықтардан Ашшурбанипал көп күш-жігер жұмсау арқылы әрең шықты. Вавилон күшпен алынып, ойран етілді. Ашшурбанипалдың бүлікшіл інісі өз сарайы өртенгенде қаза тапты. Көптеген вавилондықтар аштықтан, аурудан, қылыш пен өрттен қырылды, олардың өліктері иттердің, шошқалардың, қарға-құзғынның жеміне айналды. Енді вавилондықтардың басты одақтасы Элам қалды.

Ашшурбанипал өзінің таққа отырған кезінен бастап айтқандарына көну, керек адамдарды сатып алу арқылы болса да, қайткен күнде де бұл елді бейтарап күйінде ұстауға тырысып, келген еді. Эламда астық шықпай қалғанда, оған Ассирияның көп астығы жіберілді. Екінші жағынан, Ассирия патшасы эламдық патша әулеті адамдарының арасында ала ауыздық отын тұтатып отыруға тырысты, Эламнан қашқандарды достық шырраймен қарсы алып, сөйтіп бұл елде өзін қолдайтын топ құруға тырысты.

Бірақ бәрі зая кетті. Египеттегі сияқты, мұнда да Ассирия патшасының бергені де, уәделері де көмектесе алған жоқ. Вавилонды талқандау эламдықтарды қорқыта алмады. Бұлармен соғыс 10 жылдан астам уақытқа созылып кетті де, ақырында (б. э. дейінгі 640 жыл шамасында) Сузды (Эламның астанасын) алып, талан-таражға салумен аяқталды. Жаудың елі аямай ойрандалып, өртенген жер аймағына айналды.

Алайда бұл күрес Ассирия державасының күшін біржола сарықты. Өзінің батысқа жасаған жорығында Ашшурбанипал Тир мен Аккоға дейін ғана жетті, бұл қалаларды бой сұндырып (Тирдің аралдағы бөлігі тағы да аман қалды), кейін қайтты. Египетті қайтару, Кіші Азияға басып кіру жайында сөз болуы да мүмкін емес еді. Ашшурбанипалдың патшалық құрған соңғы жылдары жайында ешқандай дерлік дерек жоқ, ал оның мұрагерлерінің елді қайткенде сақтап қаламыз деп ойлануларына тура келді. Солтүстіктен киммериялықтардың ізін ала скифтердің жауынгер топтары жақындай түсті, олар Кура және Аракс

өзендерінің төменгі сағасына бекініп алып, осы жерден әр түрлі бағытта жорықтар жасай бастады. Осындай жорықтардың бірінде олар Сирия мен Палестинаны жайпап өтті, сөйтіп бұл жердегі Ассирия үстемдігін біржола әлсіретті, Египет шекарасына жетті. Зәресі ұшқан Псамметих скифтерге көп сыйлықтар беріп аман қалды, осыдан соң скифтер кері бұрылды. Сөйтіп скифтер жорығы бәрінен де Ассирияға көп зиянын тигізді.

Алайда басты және ең қауіпті жау Мидия болды, оған б. э. дейінгі VII ғасырда Ирандағы бытырап жүрген тайпаларды біріктірудің және Эламның талқанданғанын пайдалана отырып, Месопотамияның шығыс жағындағы ең күшті державаға айналудың сәті түсті. Рас, Мидия скифтер шапқыншылығынан біраз шығынға ұшырады, бірақ, Геродоттың айтуынша, мидиялықтарға жауынгер көшпелілерді өздеріне бой сұндырудың және тіпті олардың атақты атты атқыштар отрядтарын өз жағына тартудың да сәті түсті.

Б. э. дейінгі 626 ж. Халдей басқарушысы Набупаласар басқарып тұрған Вавилонияның тағы да бөлініп шығуы — Ассирияға берілген ақырғы да шешуші соққы еді. Өз жолын Ассирияның жергілікті жерге қойылған әкімі ретінде бастаған Набупаласар қолайлы сәтті пайдаланып, Вавилонды тәуелсіз деп жариялады да, Жаңа вавилон (Халдей) патшалығын құрды. Ол Мидияның патшасы Киаксармен одақтасты да, екеуі келісіп, б. э. дейінгі 615 ж. шамасында Ассирияға қос қанаттан тиісті. Олар Ашшурды алды және Синахериб кезінен бері Ассирия державасының астанасы болып келген Ниневияға бét түзеді. Б. э. дейінгі 612 жылы Ниневия да алынып, Ассирия патшаларының сарайы өртеліп жіберілді. Дегенмен Ашшурбанипал патшаның кітапханасы құлаған сарай үйінділерінің астында қалғандықтан, сақталып қалды. От «саз балшықтан жасалған кітаптарды» бүлдіре алмады, алайда олардың көпшілігі сөрелерден құлаған кезде қирап қалған болатын. Бұл кітаптар, біздің эрамыздың XIX ғасырының орта шенінде ағылшын археологтары тапқанша жер астында екі жарым мың жыл бойы сақталып жатты.

Ассирия әскерлерінің қалдықтары батысқа, Харранға, ал одан соң Евфраттағы Қархемишке шегінді. Олар ойламаған жерден одақтас тапты, ол—египет фараоны Нехао еді, жаңа ұлы державалар алдындағы қорқыныш бұрын өз ара бақталас болып келген, құрып бара жатқан Ассирия мен жаулап алу саясатын қайта жандандыруға күш салушы Египетті біріктірді.

Б. э. дейінгі 605 жылы Вавилон патшасы Набупаласардың баласы Навуходоносор (болашақ атақты патша) Қархемиш түбінде мидиялықтардың көмегімен біріккен египет-ассирия әскерлерін талқандап жеңді. Бұл соққыдан кейін ассириялықтардың қарсылықтары тоқталды. Өздерінің саяси және мәдени орталықтарынан айрылған олар енді қайтып өз дербестіктерін қайтара алмады және өзге тайпалармен, әсіресе арамейлермен

қосылып кетті де, солардың тіліне (ассир-вавилон тіліне жақын) көшті.

Бұлармен бір уақытта дерлік көрші Урарт державасы да құлады. Мидиялықтар олардың астанасы Тушпаны алды, ал оларға іле-шала скифтер елдің солтүстік аймақтарын ойрандап, қиратылған қалпында осы бертінге дейін — археолог Б. Б. Пиотровскийдің басшылығымен қазылып зерттелгенге дейін сақталып келген Тейшебаиниды (осы күнгі Армян ССР-індегі Кармир-Блур) басып алды.

Урарт тілі енді Урарт державасы құлағаннан кейін, солтүстік-батыстан (Хайастан) келген жаңа қоныстанушылар таратқан армян тіліне орын береді. Елдің өзі де б. э. дейінгі VI ғасырда Армения деп аталып, бұрынғы Урарту деген аты бірте-бірте ұмытылады.

8. Ассирияның мәдениеті. Ассирияның мәдениеті жайлы азырақ тоқталып өтуге болады. Ол негізінен Вавилон дәстүрлері үлгісінде дамыды. Вавилон және одан да ертеректегі шумер әдебиетінің шығармалары көшіріліп алынып, Ассирияның сарайлары мен храмдарындағы кітапханалар мен мектептерде оқытылды. Әрине, ассирия әдебиетінің кейбір өзіндік сипаттары да болды. Әсіресе ассирия жылнамасы ерекше. Олардың кейбіреулері тарихи романдарды еске түсіреді. Оларда әдеби пейзаж және әдеби портрет сияқты әдістер кең қолданылады. Қанжарлардың өткір ұштарындай аспан күмбезін тесіп өтіп тұрған тау шындары, құлама құздар мен қос дөңгелекті бос арбаны арғы жаққа көтеріп өткенше патшаның өзіне де секіріп өтуге тура келетін тау сулары және т. б. кәдімгідей көркемдікпен суреттеледі. Дұшпанның айлакерлігі, қорқақтығы, жеңілген жаудың зәре-құты қалмауы, қоршауға түскендердің қорқынышты хал-күйі т. б. гиперболалық әсірелеу түрінде беріледі. Осыған ұқсас сюжеттер Ассирия суретшілерінің шығармаларына да арқау болған. Олар өз кейіпкерлерін алапат күш иелері ретінде натуралистікпен көрсетіп, олардың бұлшық еттерін, сабырлы жүздерін, саспайтын қалыптарын жаулардың зәре-құты қашып ұйлыққан топтарының арасынан контрасты түрде көзге түсетіндей етіп бейнелеп отырған.

Ассирия вавилондық діни ұғымдар мен догматтарды қайталады. Тек қана пантеонның басына жергілікті құдай Ашшур қойылды.

Ассирияның өмір сүрген соңғы ғасырларында арамейлердің ықпалы күшейеді. Асархаддон патшаның сенімді серігі дана Ахикар жайындағы хикаялардың шығуы осы кезге жатады. Осы хикаяға кіргізілген халық мақалдарының жиынтығын дана Ахикар шығарды-мыс делінеді. Ассирия мемлекеті құлағаннан кейін арамей тілі мен мәдениеті Алдыңғы Азияға кеңінен тарайды және олардың белгілі дәрежедегі ықпалы Орта Азия мен Үндістаннан да байқалады.

Өздерінің тілдерін жоғалтып, арамейлермен араласып кеткен ассириялықтардың үрім бұтақтары болып саналатын қазіргі ассириялықтар (айсорлар) Түркияда, Иранда, Иракта және біразы СССР-да тұрады.

ХІХ ТАРАУ

ЖАҢА ВАВИЛОН (ХАЛДЕЙ) ПАТШАЛЫҒЫ

1. **Халдей Вавилонының өрлеуі.** Ассирия державасы талқандалғаннан кейін Таяу Шығыста біраз уақытқа дейін күштердің тепе-теңдігі сақталып тұрды. Мидия мен Вавилон Ассирияның жерлерін келісе отырып, бөлісті және Вавилонға тек Төменгі Месопотамия тұтасымен тиіп қоймай, Жоғарғы Месопотамияның Евфраттың орта ағысындағы бөлігі де тиді. Осының арқасында Вавилонға Сирия арқылы Жерорта теңізі жағалауына жол ашылды. Вавилон Кіші Азияға көз алартқан жоқ және осы түбектегі үстемдік құрушы екі мемлекетпен: Лидия (батысында) және Киликиямен (оңтүстігінде) достық қарым-қатынаста болды.

Осылайша, Вавилонияның шығыс, солтүстік және солтүстік-батыс шекараларында тыныштық сақталып тұрды да, басып алу соғыстары батыс және оңтүстік-батыс бағыттарында жүргізілді.

Вавилон Халдей династиясының басқаруымен экономикалық және мәдени гүлдену дәуірін қайтадан бастан кешеді. Қаланың екі рет қиратылуы (Синахериб және Ашшурбанипал тұстарында) ол үшін ауыр сын болғанымен де, оны біржола тұқырта алмады. Әр жолы ол аз уақытта қайтадан қалпына келтіріліп жаңа тұрғындарды өзіне тартып, халқының саны көбейе түсті. Ассирия мен Урартудың аса маңызды қалаларының құлауы Вавилонның, Алдыңғы Азиядағы негізгі халықаралық орталық ретінде, гүлденіп көркеюіне жағдай туғызды.

Набупаласар негізін қалаған держава Жаңа Вавилон немесе Халдей патшалығы деген атқа ие болды. Сонымен қатар халдейлер тегі мен тілі жағынан вавилондықтармен өте жақын, туыс халық болғанын және жергілікті тұрғындармен өте тез қосылып кеткенін ескеру қажет. Бұдан кейінгі кездерде «вавилондық» және «халдей» деген атаулар синонимдік мағынаға ие болады.

2. **Экономика.** Жаңа Вавилон патшалығының экономикасында елеулі алға басушылық болды. Қолөнер мен сауда бұрын болмаған дәрежеде дамыды, бұған Ассирия бәсекелестігінің жойылуы игі ықпал етеді.

Елдің бұрынғы едәуір мөлшерде ауыл шаруашылығымен байланысты болып келген Вавилон және басқа да ірі қалалары енді толығынан сауда және өнеркәсіп орталықтарына айналды. Олардың көбінің автономиялық праволары болды, мұнымен

патша үкіметі санасуына тура келеді. Аса маңызды істер ірі іскер адамдардың қолында болады да, олар тұтас компанияларға — «үйлерге» (шамасы, туыстық байланыстар негізінде болса керек) бірігіп отырады. Әсіресе саудамен және өсімқорлықпен айналысатын «Эгиби үйінің» ықпалы үлкен болған. Бұрын патшаның меншігі болып саналып келген суландыру жүйесі де бірте-бірте жеке адамдардың қолына көше бастайды.

Сауда жұмыстарында абыздар үлкен роль атқарып отырған. Халдейлік әскери шонжарлар бұлардан әлдеқайда әлсіз болды, олар бай және құдіретті абыздармен тайталаса алмады. Жаңа Вавилон державасының Ассириядан негізгі айырмашылығы да осында еді.

Вавилонияның село тұрғындарының жағдайы шұғыл нашарлап кетті. Ірі қалалар алым-салық пен міндеткерліктен азат етілгендіктен оның негізгі ауыртпалығы осылардың иығына түсті. Құлдардың саны және олардың еңбегінің үлес салмағы әсіресе қалаларда қатты өсті.

3. Құлдықтың сипаты. Жаңа Вавилон патшалығының іс қағаздарында жүздеген құлдар жөнінде әңгіме болады.

Олардың еңбегін қанау әдістерінде күшті өзгерістер болғаны байқалады. Егер Көне Вавилон патшалығы кезінде кей уақыттары құлдар табыс табу үшін босатылып және өз шаруашылықтарын жүргізуге (әрине, қожайынының бақылауларымен) мүмкіндік алып отырған болса, енді рим пекулий¹ еске түсіріп, бұл жүйе ел ішінде кең тарайды. Өз шеберханасы мен дүкені бар құл қожайынына жыл сайын өз құнының бестен бір бөлігін төлеуге және мұның сыртында пайдасының да белгілі бір мөлшерін беруге тиіс болған. Қолайлы жағдай болғанда мұндай құл байып, өздері де құлдар сатып алып, тіпті кейбір праволарына да ие болып отырған. Ол сот істеріне қатыса алатын және басы бос адамдармен келісім жасай алатын болған, бірақ бәрібір өз қожайынының толық меншігі болып саналған және қожайыны оны кез келген уақытта сатып жіберуге немесе жазалауға ерікті болған.

4. Сыртқы саясат. Жаңа Вавилон патшалығы II Навуходоносордың (б. э. дейінгі 604—562 жылдар) тұсында өзінің көркею шегіне жетті. II Навуходоносор өз әкесі Набупаласардың тірі кезінде әскерді басқарғаны байқалады, ал әкесі өлген соң оның басқыншылық саясатын одан әрі жалғастыра түседі.

Навуходоносордың басты жауы Сирия мен Палестинаға үстемдік ету ойынан әлі де бас тартпай келе жатқан Египет болды. Сонымен бірге бұл кезде халықаралық саудаға барған сайын кеңірек тартыла бастаған Жаңа Вавилон патшалығы Жер Орта теңізінде тірек пункттерге мұқтаж еді әрі бұларды ол Египетке қолдан бергісі келмеді.

¹ «Пекулий» (лат.) деген термин заң жүзіндегі жеке меншік иесінің рұқсатымен дүние-мүлікке (соның ішінде құлдарға да) ие болуды шартты түрде білдіреді.

Мидиямен, Лидиямен және Киликиямен одақ жасау арқылы өз тылын нығайтып алған Навуходоносор, Ассирия патшаларына қарағанда, өз қарауындағы соғыс күштерінің үлкен бөлігін Египетке қарсы аттандыра алатын еді. Египет фараондары бұл күресте дипломатиялық үлкен білгірлік көрсетті, олар бір ғана әскери шараларға сене алмағандықтан, Вавилонға қарсы ұсақ мемлекеттерді, әсіресе Иудей патшалығы мен Тирді қарсы қойды. Иудейде Египетті жақтайтын топ күшті еді, сарай маңындағы шонжарлар осы топқа тілеулес болды және бұлар иудейлік соңғы патшаларға күшті ықпал жасап отырды.

Египетке тілектес болған билеуші таптарға Иеремия пайғамбар қарсы шықты. Ол өзінің жалынды сөздерінде Вавилонмен күрестен бас тартуға шақырды, мұны ол пайдасыз және елді апатқа бастайтын іс деп санады. Бұл сөздері үшін ол бірнеше рет қуғынға ұшырады, иудей шонжарлары оны ескі, суы тартылып қалған құдыққа да тастап жіберді, ол батпақ пен балдырға тұншыға жаздады.

Иеремияның барлық қарсылықтарына, насихаты мен бақытсыздықтан сақтандырған сәуегейлігіне қарамастан Иудей патшалығы Египетке қосылды да, Навуходоносордың онымен ұзақ күрес жүргізуіне тура келді. Иерусалимді алғашқы жолы басып алғанда, Навуходоносор қалаға аяушылық жасап, тұрғындарының бір бөлігін тұтқынға алумен және патшаны ауыстырып, таққа өз адамы — Цидкияны отырғызумен шектелді.

Алайда, мұның көмегі болмады. Жаңа патша біраз толқудан кейін, Египетті жақтаушы шонжарлардың қысымымен, Иеремияның сөздеріне құлақ қоймай, Вавилонмен күресті қайтадан жалғастырды. Өз жағдайының қауіпті екенін түсініп және ішкі қайшылықтарды біршама жұмсарта түсуді ойлап, ол борыш үшін құлға айналғандарға еркіндік жариялады, бірақ бұл реформа табысты болмады. Иудей құл иеленушілері кез келген алғашқы мүмкіндікті пайдаланып, өз анттарын бұзып, құдайдың кәріне ұшырайсындар деген Иеремияның айбарлы сөздеріне де қарамай, еркіндік алған құлдарды қайтадан кіріптарлыққа түсіріп отырды. Бұл кезде Навуходоносор Иерусалим қамалының түбіне тағы да тақап келген еді, жарты жыл қоршаған соң Вавилон жауынгерлері қала қабырғасын қайтадан бұзып кірді (б. э. дейінгі 586 ж.). Цидкия патша қашып құтылуға әрекет жасады, бірақ қолға түсті де, көзі ағызылды. Оның балалары тегіс өлтірілді, ал астананың барлық тұрғындары тұтқынға алынып, Вавилония жеріне шашырата қоныстандырылды. Екіншілер ғана орындарында қалды, бірақ көп кешікпей-ақ олардың көбі Египетке қоныс аударды да, ел жарты ғасыр бойына құлазып бос қалды.

Навуходоносор үшін Финикиямен күресу Иудеямен күресуден қиынға соқты. Өз теңіз күштері жоқ Вавилонның бұл жауын қолдап Жерорта теңізінде египет флоты қимыл жасады. Әсіресе Тир қаласы қатты қарсылық көрсетті, оның аралдағы бөлігіне

вавилондықтардың қолы жетпей-ақ қойды. Ақыры бұл іс екі жақтың да ымыраға келуімен аяқталды: Тир Навуходоносордың жоғары билігін таныды, оның есесіне өзінің толық автономиясын сақтап қалды.

Навуходоносор Египетке басып кіруге де әрекеттеніп көрді, бірақ бұл жорық, кейбір деректерде тұспалдай айтылғанға қарағанда, үлкен жеңіс әкеле қоймаған. Екінші жағынан, Египет фараондары Палестина мен Финикияға үстемдігімізді қайта орнатсақ деген негізсіз дәмелерінен бас тартуға мәжбүр болған.

Жаугершілік соғыстардан тапқан көп қаржы мен қолға түсірілген жұмыс күштерін (әсіресе қолөнершілер көбірек тұтқындалатын) Навуходоносор құрылыстар салуға пайдаланды. Вавилон үш қабат қорғанмен қоршалып, жаңа ғимараттармен ажарлана түсті. Храмның ғажап мұнарасы (зиккурат) қайта қалпына келтірілді, арнаулы платформаларда тамаша парктер жасалды, бұлар тау пейзаждарын бейнелейтін «аспалы бақтар»¹ деген әйгілі атқа ие болды.

Өзінің табыстары мен зор қуатына қарамастан Навуходоносор күрделі халықаралық жағдайды ақыл тарасызына салып дұрыс бағалай алды және шығыс жағынан қауіп күтті. Мидиямен жасалған бейбіт келісім уақытша ғана тыныс беретінін ол түсінді, және солтүстік-шығыс шекараларын нығайтуға үлкен көңіл бөлді. Бұл жерлерде оның тұсында «Мидия қорғаны», басқаша айтқанда бекіністер мен шлюздер жүйесі салынды. Қажет болған жағдайда елдің елеулі бөлігіне су қаптатып жіберу арқылы жауды сумен бөгеуге болатын еді. Навуходоносордың бақытына қарай, оның өзіне бұл құрылыстармен пайдаланудың қажеті болмады, ол билеген кездерде шығыс көршісімен арадағы тыныштық бұзылған жоқ.

5. Вавилонның құлауы. Навуходоносор өлген соң абыздар мен әскери шонжарлардың өз ара келісе алмауы себепті Вавилонияда бүліншіліктер басталды. Бар болғаны жеті жыл ішінде тақтағы үш патша ауысты, ақыры б. э. дейінгі 555 жылы патшалық билік абыздардың қойған адамы Набонид қолына көшті, ол Жаңа Вавилон патшаларының ең соңғысы² болды. Оның патшалық құрған кезеңі бүліктерге және көтерілістерге толы болды. Ол біраз уақытқа өз резиденциясын өзі жаулап алған Тейма оазисіне (солтүстік Аравияда) көшіреді және патшалық дәуірінің соңғы кезіне таман ғана Вавилонға қайтып оралады.

¹ Навуходоносор оны өзінің әйелі үшін жасатқан, ал әйелі таулы Мидия өлкесінің қызы болған және Вавилонияда өз елін еске түсіретін пейзаж болуын жақсы көрген. Кейінірек «аспалы бақтар» қателікпен Ассирия патшасы Семирамидаға таңылып та жүрді.

² Библия сөзіне қарағанда вавилондық соңғы патша Валтасар болады, ол туралы ғажайып аңыздар айтылады, бұлар Европа поэзиясында да бейнеленген (мысалы, Г. Гейнениң балладасы). Ал, шын мәнінде Валтасардың өзі патша болған жоқ, ол Набонид патшаның баласы ғана болатын.

Набонид тұсында Мидиямен одақ бұзылып, шекаралық Харран қаласы (Месопотамияның солтүстік-батысында) үшін талас туады.

Парсылар жаулап алуы себепті Мидия державасының құлауын (б. э. дейінгі 550 ж.) Набонид қуанышпен қарсы алады, бұл оның харранда бекініп алуына мүмкіндік беретін еді. Бірақ оның қуанышы ұзаққа бармады. Персия Мидияға қарағанда әлдеқайда қауіпті жау болып шықты.

Парсы патшасы Қир вавилон иелігіне басып кірген қауіп сағатында Набонид діни реформа жүргізумен айналысып жатыр еді. Ол өзге қалалардағы храмдардан құдайлардың барлық мүсіндерін астанаға әкелуге жарлық берген болатын, бұл бірқатар қалаларда, әсіресе өз табыстарынан айрылған жергілікті абыздар арасында, наразылық туғызған еді. Соғыс қимылдарынан әрқашан зиян шегіп келе жатқан Вавилон көпестері, Қирға бағыну есебінен болса да, ауыр соғыстардың аяқталуын тіледі, олар бұлай болған жағдайда Персия державасының байтақ жерлерінде өз ісін кеңінен жүргізуге үміттенді. Парсылардың келуін иудейлік қоныстанушылар тіпті тағатсыздана күтті, олар парсы патшасы өздерін «вавилон тұтқынынан» босатар, сөйтіп отанымызға қайтарар деп үміттенді.

Осындай жағдайда Вавилонды шлюздер ашу да, су қаптату да, қуатты қорғандары да сақтай алмайтын еді. Парсылар қалаға өз жақтастарының көмегімен кірді де, аз уақытқа созылған көше ұрыстарынан кейін б. э. дейінгі 539 жылы оны біржола өзіне қаратты¹. Вавилония Ахеменидтер державасының құрамдас бөлігіне айналды.

XX ТАРАУ

ЕЖЕЛГІ ИРАН МЕН ОРТА АЗИЯ

1. Табиғат жағдайлары. Месопотамиядан шығысқа қарай жан-жағынан тау жоталарымен қоршалған кең-байтақ Иран үстірті созылып жатыр, бұл жоталардың ішінен Иранды Тигр мен Евфрат бассейнінен бөліп жатқан, бұрын да бірнеше рет айтылып өткен Загрос тау жотасын ерекше айтуға болады. Солтүстігінде Эльбрус тау тізбегі Каспий теңізінің оңтүстік жағалауларын алып жатса, солтүстік-шығысында Копет-Даг пен Памир Иран мен Орта Азияның шекарасын құрап тұр.

Иран оңтүстігінде Парсы шығанағы суы мен ұласып жатыр, шығанақ арқылы б. э. дейінгі III мың жылдықтың өзінде-ақ, одан да ертерек болуы мүмкін, Алдыңғы Азия Үндістанмен байланыс жасай бастаған. Дәл осы жолмен Қосөзенге Үндістанның

¹ Набонид тұтқынға түсті, ал оның баласы атақты Валтасар табан тірескен қарсылық көрсетіп, көше ұрыстары кезінде қаза табады.

көркем бұйымдары, ал кейінірек (б. э. дейінгі I мың жылдықта) «ағашта өсетін жүн» (яғни мақта) жеткізіле бастаған. Үндістанмен, сондай-ақ Орта Азиямен және одан да қашығырақ елдермен Иранның жерін басып өтетін құрылықтағы байланыс жолдары б. э. дейінгі I мың жылдықтың орта шеніне таман ғана тұрақты өтетін болады. Бірақ одан бұрын да азиялық материктің түкпір-түкпірінен кейбір материалдар қолдан-қолға өту арқылы Жерорта теңізі аймақтарына жетіп отырған (мысалы, Памирден — лазурит, Забайкальеден — нефрит). Алайда, бұл айырбастың тікелей және тұрақты жүзеге асырылуына толып жатқан кедергілер бар еді.

Неғұрлым солтүстік аймақтарда мұз дәуірінің аяқталуына байланысты жалпы өзгеру процесі, Шығыстың өзге елдеріндегі сияқты, Иранға да күшті ықпал етті. Орталық Иранның елеулі бөлігі және Шығыс Иранның көптеген аймағы барған сайын далаларға, ал кей жерлері тіпті сусыз шөлдерге айнала бастады. Мұнда көшпелі мал шаруашылығы басым орын алды, әсіресе қос өркешті (бактрилық) түйелер өсіру ерекше маңызға ие болады, бұлар б. э. дейінгі I мың жылдықта осы жерден Ассирияға да (рас, аз мөлшерде) тарайды. Екіншілік Иранның шеткері аймақтарында, тау суларын жер суғаруға пайдалануға болатын жерлерде көбірек орын алды. Орта Азияның Иранның айырмашылығы, онда ойпатты жерлер талай қашықтыққа созылып жатты. Иран өзендері ежелден бері елеусіз және аз сулы болып келсе, Орта Азияны Сырдария мен Амудария сияқты мол сулы өзендер кесіп өтетін еді. Амударияның б. э. дейінгі I мың жылдықтың орта шеніне дейін аса мол сулы болғаны сондай, ол батыстағы Каспий теңізіне дейін ағып баратын, бұл жөнінде осы күнгі Арал теңізіне құятын ұлы өзеннің бір кездердегі сағасы, қазір құрғап қалған Узбой арнасы дерек береді.

Алайда Амудария суын игеру Тигрді, Евфрат пен Нилді игеруден әлдеқайда қиын болған сияқты және бұл жердегі суландыру жүйелерін салу жұмыстары әлдеқайда кеш басталды (б. э. дейінгі I мың жылдықта). Екіншілік мәдениетінің ежелгі ошақтары Арал теңізі аймағынан емес, одан әлдеқайда оңтүстікке қарай, Иранмен шекарадағы таулы аудандардан (осы күнгі Тәжік және Өзбек ССР-нің жерлерінен) табылып отыр. Бұл жерлерде б. э. дейінгі V мың жылдықтың өзінде-ақ арпа мен бидай, үй жануарлары болғанын археологтар анықтап отыр, ал қазіргі Амудария алабында ол кездерде аң және балық аулау негізгі кәсіп болған.

2. Халқы. Ежелгі кездегі Иран мен Орта Азия тұрғындарының этникалық құрамын анықтау өте қиын. Тек қана б. э. дейінгі II мың жылдыққа дейін бұл арадағы тұрғындар тілі семиттік тілге де, үнді-европалық тілге де ешқандай ұқсастығы болмағанын сеніммен айтуға болады. Бұлардан қазір бізге жақсы белгілі болып отырғаны элам тілі, ол оңтүстік-батыс Иранда көбі-

рек тараған, ал тым ежелгі заманда ол шығысқа және солтүстік-шығысқа одан да көбірек тараған болуы мүмкін.

Біз үшін б. э. дейінгі II, өте-мөте I мың жылдық кезінде ғана этногенез көрінісі неғұрлым анықтала түседі. Орта Азия мен Иранда солтүстіктен келді деп есептелетін үнді-иран тайпалары ұшырай бастайды. Олар үнді-европа тайпаларының кең тараған түрлерінен бөлініп шығып, өз кезегінде үнділік және ирандық (дәлірек айтқанда иран тілінде сөйлейтін) топтарға бөлініп кетті.

Б. э. дейінгі I мың жылдықтың бас кезінде-ақ батыс Иранда иран тілінде сөйлейтін тайпалар үстемдік құрып тұрды, бұл жөнінде біздерге Ассирия жылнамашыларының жазып қалдыруы¹ арқылы жеткен бірқатар аудандардың ономастикасы мен топонимикасы хабар береді.

3. Түп-деректер. Иран мен Орта Азия шаруашылығы мен әлеуметтік қатынастары жайлы біздер негізінен археологиялық ескерткіштер арқылы білеміз. Өте ертедегі тарихтың кей деректері сондай-ақ тәжік халқының ата-бабалары шығарған (зенд тілінде) және Иранға кейініректе кең тараған, Авестаның тамаша шығармаларының алғашқы нұсқаларында да сақталған.

Бізге тек Эламнан ғана әр түрлі документтерден тұратын тұтас архивтер келіп жетті. Б. э. дейінгі VI ғасырдан бастап Ахеменидтер жазулары пайда болады. Бізге Бехистун жазуы белгілі, оны зерттеу сына жазудың сырын ашуға мүмкіндік берді. Көптеген мәселелерді анықтауға Геродоттың, ішінара Ктеси мен өзге де антик заман авторларының жазып қалдырған мұралары көмек көрсетеді.

4. Элам. Иран халықтары ішінен тарих сахнасына өзгелерден бұрын, осыған дейін де талай аталған эламдықтар шығады. Бұлардың елі шағын ғана Керхи және Карун өзендерінің (екеуі де Персия шығанағына құяды) алабын және бұған солтүстік жағынан ұласып жататын Анчан таулы аймағын алып жатты. Эламның астанасы Сузы қаласы жазыққа (Керхидың жағасында) орналасқан еді. Археологтар бұл жерден энеолит дәуірінің (б. э. дейінгі IV—III мың жылдықтар) көптеген ескерткіштерін, әсіресе шеберлікпен жасалған әшекейлі керамикалық бұйымдарды тапты.

Элам өз тарихының өн бойында Қосөзенмен тығыз байланыста болып келген, бұл оның экономикасы мен мәдениетіне де сөзсіз ықпал жасады. Эламда пайда болған жазу жүйесін (жергілікті пиктографиядан бастау алатын эламдық иероглиф жазуын) б. э. дейінгі III мың жылдықтың соңғы кезінде батыс көршілерінен ауысқан сына жазуы ығыстырып шығарады. Алғаш сына жазуы текстері аккад тілінде жазылып келсе, б. э. дейінгі II мың жылдықта элам тілінде жазыла бастайды. Эламның Қос-

¹ Бұл материалдарды советтің Иранды зерттеуші ғалымы Э. А. Грантовский мұқият зерттеген.

өзен елдерімен арадағы саяси қатынастарында да елеулі өзгерістер болып тұрды. Кейде ол Аккад (б. э. дейінгі ХХІ ғасырдағы ІІІ Ур династиясы тұсында) ықпалына да түсіп қалып тұрды. Бірақ, кейде бұған керісінше, Элам патшалары батыс көршілерінің әлсірегенін пайдаланып, оларға қарсы шабуылға шыққан кезеңдер де болды. Элам осылайша б. э. дейінгі ХХ—ХVІІІ ғасырларда Тигр мен Евфрат өзендері алқабында ыдыраушылық пен өз ара қырқысудың, соғыстардың өршіп тұрғанын пайдаланып, бұл жерлерге өзінің бақылауын орнатады.

Б. э. дейінгі ІІ мың жылдықтың екінші жартысында эламдықтар қайта күшейеді және Вавилонияға жорықтар жасайды.

Әлеуметтік қатынастар жөнінен Эламда көршілес Қосөзенге көптеген ұқсастықтар байқалады. Сонымен бірге мұнда жергілікті өзгешеліктер де болды. Бұл жерде таптық қоғамның қалыптасқан жаңдайының өзінде матриархаттың әр түрлі қалдықтары Қосөзенге карағанда әлдеқайда ұзағырақ сақталды, мұның өзі ежелгі Египеттегі жағдайға ұқсас еді. Мәселен, жер учаскелеріне әйелдер толық иелік ететіні жайлы деректер бар. Таққа мұрагерлік ету жүйесі де басқаша болатын, ол әкеден балаға емес, ағасынан інісіне қалып отыратын (фратриархат).¹

Б. э. дейінгі VІІІ—VІІ ғасырларда Элам мен Ассирия арасында табан тірескен қатал шайқастар болып, ақыры ол Ашшурбанипалдың әскерлері Сузыны талқандауымен аяқталады. Осыдан кейін Элам дербес роль атқарудан қалады, бірақ элам тілі парсы және вавилон тілімен қатар әлі де ұзақ өмір сүреді, Бехистуннан табылған үш тілдегі жазу осының айғағы.

Эламның құлдырауы бұл жолы енді иран тілдес жаңа халықтардың — мидиялықтар мен парсылардың өрлеуіне жағдай туғызды.

5. Мидия. Мидиялық бытыраңқы тайпалар енді бірыңғай тайпалар одағына бірігеді де, бұл одақ Мидияның өзін ғана емес, Иранның өзге аймақтарын да, соның ішінде оңтүстіктегі Персияны да қамтиды және бұл соңғысы кейінірек жетекші рольге ие болады.

Гректердің айтуынша Мидия державасын құрушы Дейок деген болған, ол патша болып сайланған және елге өзінің толық билігін орнатқан. Елдің астанасы — Эқбатананың (осы күнгі Хамадананың) негізін салған да сол деген сөз бар, ол оны шағын поселениеден бірнеше қорғандармен қоршалған қуатты қамалға айналдырған.

Дегенмен Мидияның ең өрлеген кезін б. э. дейінгі VІІ ғасырдың аяғына ғана жатқызуға болады. Бұл кездің өзінде де ол толық мағынасындағы мемлекет емес, тайпалардың берік емес одағы еді және деректерде ондағы жоғарғы әміршімен бірге

¹ Элам тарихын зерттеу ісінде әсіресе совет мамандары М. А. Дандамаев пен Ю. Б. Юсифовтың зерттеулерін атап өтуге болады.

оған бағынышты өзге патшалардың аттары да (іс жүзінде бұлар тайпалардың көсемдері болатын) еске алынады.

Мидияның әміршілері ішіндегі ең көрнектісі және Мидия державасының шын мағынасындағы ұйымдастырушысы Киаксар¹ (б. э. дейінгі 625—585 жылдар) болды. Ол Ассирияның Вавилонмен және Эламмен күресте әлсіреуін де, бүкіл Алдыңғы Азияны көктей өткен скифтердің жорығын да барынша пайдаланды. Солтүстіктен келген бұл жауынгер тайпалардың шабуылынан Мидияның өзінің де біраз жері зардап шексе де, Киаксарға скифтерді бой сұндырудың ғана емес, оларды өзіне қызмет еткізудің де сәті түсті.

Ассирия Эламды жеңгенімен оны игеруге күші де, мүмкіндігі де жетпеді, сондықтан бұл соңғысы енді Мидияның ықпалына көшті. Киаксарға қайта өркендеген Вавилонмен одақ құрудың сәті түсті. Бұрынғы тайпалық контингенттерден тұратын құрама жасақтың орнына тұрақты армияны құруы — ежелгі авторлардың бағалауынша, Киаксардың басты табысы еді.

Ассириямен күрес тамаша жеңіспен аяқталды. Б. э. дейінгі 612 жылы Киаксар Ассирияның астанасы Ниневияны басып алды және вавилон патшасы Набупаласармен Ассирия жерлерін бөлісті. Мидия державасы құрамына сонымен бірге Урарту жерінің үлкен бөлігі және Кіші Азияның шығыс бөлігі — Каппадокия кірді.

Мидия иеліктерінің батысқа қарай кеңейе түсуі осыдан кейін тоқтап қалды. Лидиямен соғыс Киаксар үшін тым ауыр болып шықты да, ол (вавилонның делдалдығы арқылы) шығыс және грек елдері арасындағы сауда қатынастарын өз қолында ұстап тұрған бұл қуатты және бай мемлекетпен келісімге келуді дұрыс деп тапты. Киаксар мен Лидия патшасы Алиаттың арасында болған келісім бойынша Галис өзені екі мемлекеттің шекарасы болып белгіленді.

Киаксардың баласы, Мидияның соңғы патшасы Астиаг тұсында (б. э. дейінгі 585—550 жылдар) Жаңа Вавилон патшалығымен арадағы достық қатынастар бұзылды. Ала ауыздық тууына шекарадағы Харран қаласы себеп болды, оны екі жақ та өздеріне қаратып алғысы келді. Мидияның әскерлері батыста, Вавилон патшасы Набонидке қарсы қанды соғыс жүргізіп жатқанда, Астиагқа қарсы Иранның бұрын Мидия патшасының қол астында болып келген оңтүстік бөлігі — Персия көтерілді.

Көтерілісті Ахеменидтер үйінен шыққан басқарушы, Мидияға бағынышты өзге де басқарушылар сияқты, патша деген атағы болған II Кир² басқарды. Геродоттың айтуынша (шамасы ол ең сенімді деген деректерге сүйенген болуы керек), Кир Ас-

¹ Иранның Хувшастр деген есімінің грекше айтылған түрі.

² Қазіргі тарихшылар оны аттас және көп атағы шықпаған атасынан айыру үшін екінші деп атайды. Көне авторлар оны өзімен аттас, б. э. дейінгі V ғасырда өмір сүрген патша баласы Кирдан айыру үшін үлкен Кир деп атаған.

тиағқа (шешесі жағынан) жиен болып келеді. Әрі мұның үстіне мидиялықтар мен парсылардың бір-біріне өте жақын туыс халықтар екенін де ұмытпау жөн. Грек авторлары парсыларды кейде тіпті мидиялықтар деп те атайды және бұл кездейсоқ емес. Иранның бұл негізгі халықтарының тілі мен мәдениетінде ортақ нәрселер көп еді.

Кирдің көтерілісі б. э. дейінгі 553 жылы басталды да, үш жылға созылды. Астиаг бұл күресте үлкен жігер көрсетті, бірақ әскердің бір бөлігінің батысқа жіберілуі және өз ішіндегі кей адамдардың опасыздық жасауы бұл істің шешуін тездетті. 550 жылы Астиаг тақтан түсірілді, ал біраз уақыт өткен соң өлтірілді (өзіне білдіртпестен деген сөз бар) және Мидия парсыларға бағындырылды.

6. Ахеменидтер державасының құрылуы. Кирдің Астиагты жеңуі нәтижесінде ежелгі парсы державасы құрылып, оны Ахеменидтер (негізін салушысы Ахемен болып табылатын патша үйінің атымен аталған) державасы деп атай бастады. Ол екі жүз жылдан аса (б. э. дейінгі 330 жылға дейін) өмір сүрді. Ирандықтардың оңтүстік бұтағы болып табылатын парсылар басты роль атқарды. Екінші орында мидиялықтар тұрды, бұлардың көбі Кир жағынан шығып, солары үшін елеулі жеңілдіктер алған еді.

Мидияның жеңілуі Вавилон патшасы Набонидты қуантты, өйткені бұл мидиялықтар қауіп төндіріп келген Харранның — айқұдайы Синның қасиетті орталығының — қауіпсіздігін қамтамасыз еткен еді. Бірақ кешікпей-ақ жаңа державаның құрылуы оның батыстағы көршілерін алаңдата бастады, олар Кирдың алдағы уақытта да жаулап ала беру жөніндегі жоспарларынан сескенген еді.

Парсы патшасына қарсы тұтас одақ құрылды, оған Персиямен тікелей шектесіп жатқан елдер ғана (Жаңа Вавилон патшалығы мен Лидия) кіріп қойған жоқ, әріректегі Египет те кірді. Сондай-ақ Грециядан да жәрдем күтілді.

Әр түрлі мемлекеттердің осындай кең көлемдегі бірлестігі (Ассирияға қарсы құрылған одақ сияқты) ежелгі дүниедегі халық-аралық байланыстардың одан әрі нығаятын және дамуын көрсетеді.

Осындай шараларға қарамастан, бір мезгілде қимыл бастаудың сәті түспеді. Лидия патшасы Крез одақтастарын күтпестен қимыл бастап қойды, бұның өзі істің бәрін бүлдірді. Лидияның халықаралық аренада аса үлкен роль атқарғанын ескеру жөн. Ол б. э. дейінгі VII ғасырға дейін Эгей теңізіне құятын Герма және Меандра өзендерінің құнарлы алқаптарында орналасқан шағын ғана мемлекет болып келсе, осы айтылған ғасырдан бастап тез ұлғайып, күшейеді де, б. э. дейінгі VI ғасырдың бірінші жартысында гүлдену шегіне жетеді.

Лидия экономикалық және саяси жағдайлардың қолайлы кезеңін жақсы пайдаланды. Қолөнер мұнда күшті дамыды, әсіресе

жүн маталары мен піл сүйегін күрең қызыл түске бояуды финикиялықтармен тайталасып отырған бояуханаларының даңқы алысқа кетті.

Алтын құм өндірісі ақша шаруашылығына көшудің тездеуіне ықпал жасады. Лидиялықтарды б. э. дейінгі VII ғасырда пайда болған алғашқы ақшаны ойлап шығарушылар деп санайды. Бұл ақшалар құрамында күміс болған табиғи алтыннан соғылған.

Қалай болғанда да, лидиялық көпестер дами бастаған ақша шаруашылығына тән жана әдістерді кеңінен қолданушылардың бірі болды, ал мұның өзі сауда жасаған кезде қымбат металдарды әрдайым өлшеп отыру қажеттігінен құтқарды.


Лидиялық соңғы патшалар — Алиатт пен Крез тұсында Лидияның экономикалық өрлеуі саяси ықпалының күшеюімен бірге жүрді. Кіші Азияның үлкен бөлігі, соның ішінде гректердің теңіз жағалауындағы колониялары да (Милеттен басқасы) оның қол астында болды.

Кир Лидияға қарсы аттанды да, лидиялық таңдаулы атты әскерге қарсы бұрын лидиялықтарға белгісіз болып келген түйелі әскер шығарып, жеңіске жетті. Бұдан соң парсы патшасы шұғыл соққы беру арқылы Лидияның астанасы — Сардыны алды.

Лидиядан кейінгі кезек Вавилонияға келді. Бұрынырақта көргеніміздей, Вавилон патшалығы ішкі ала ауыздықтардан әлсіреген еді және өзінің Кир армиясына қарсы жасалған аса қуатты қорғаныс құрылыстарын пайдалана алмады. Кирдің (бізге жеткен жазудағы) айтуы бойынша ол «Вавилонға бейбіт түрде кірді» және қасиетті қаланың құдайларын сыйлайтындықтың белгісі ретінде, оның пайдаланып келген жеңілдіктер мен артықшылықтарын сақтап қалды. Екінші жағынан, Кир өзінің мұнда келуін тағатсыздана күткен және «вавилон тұтқынынан» босатар деп үміт еткен иудейлік қоныстанушыларды да өз жағына тартты. Кир олардың Палестинаға қайтуына және Иерусалимді қалпына келтіруіне рұқсат етті. Сөйтіп ол Египетке шабуыл жасау үшін ыңғайлы плацдармға ие болды. Осы мақсатпен Кир финикиялық сауда қалаларымен де тіл табуға, олардың флотын Жерорта теңізі жағасындағы өз үстемдігін нығайта түсу үшін пайдалануға тырысты.

Кирдің өзіне батысқа қарай бағытталған басып алу жоспарларын онан әрі жүзеге асырудың сәті түспеді, өйткені оған солтүстік-шығысқа, Орта Азияға алаңдауға тура келді.

Бұл уақытта Каспий теңізінен шығысқа қарай созылып жатқан кең-байтақ территориялардың экономикасында үлкен ілгерілеу болған еді. Темір бұл жерлерге едәуір кеш тараса да (б. э. дейінгі VII—VI ғасырлар) егіншілікті әлдеқайда дамыта түсуге мүмкіндік берді. Ауыл шаруашылығының басты ауданы — Амудария алабындағы Хорезм еді (қазіргі Өзбек ССР-нің жері), мұнда кең көлемдегі суландыру жұмыстары жүргізіліп, ұлы өзеннің асау ағынын ауыздықтауға мүмкіндік берді. Каналдар мен шлюздердің күрделі жүйесі жасалды. Бұл егіншілік мәде-



Парсы жауынгерл

ниетінің гүлденуі біздерге негізінен совет археологтарының (С. П. Толстовтың және басқаларының) қазбалары арқылы ғана мәлім болып отыр.

Екіншілік мәдениетінің екінші ошағы Маргиана еді (қазіргі Түрікмен ССР-ндегі Мурғаб өзенінің алқабы).

Осы екіншілік аймақтарынан сыртқа қарай кең-байтақ далалар басталып, онда мал баққан сақ-массагет тайпалары көшіп-қонып жүретін. Өзінің солтүстік-шығыс облыстарын нығайта түсу және Амударияның құнарлы алқаптарына алып баратын жолдарды басып алу үшін Қир осы жауынгер тайпаларға қарсы жорыққа шықты, онысы сәтсіз болып аяқталды. Ұшан-қиыр далада парсылардың әскері жаулардың қоршауында қалады, шайқастардың бірінде Қирдің өзі қаза табады. Геродоттың айтуынша массагеттердің «әйел патшасы» (демек әйел көсемі) басқыншының басын шауып алып қан толтырған торсыққа салып, қанға той деп бұйырған. Жергілікті дәстүрден шығарылған бұл аңызда парсы патшасына үнемі басқыншылықпен айналысушы ретінде қараған еркін сақ тайпаларының (Қара теңіз жағалауы мен Таулы Алтай өлкелеріндегі скифтермен туыс) көзқарасы бейнеленген.

Алайда, Қирдің жеңілуі мен қазаға ұшырауы Ахеменидтер державасының ұлғая түсуін тоқтатқан жоқ. Египетке басып кіру жөніндегі Қирдің ойын оның баласы және мұрагері Камбис (б. э. дейінгі 529—523 жылдар) жүзеге асырды. Өзінің әкесі сияқты ол да әскери шаралармен бірге дипломатиялық әдістер қолданды, өз әскерлерін Палестинаға топтаған Камбис Синай шөлі арқылы Египет шекараларына апаратын жолдарды қолдарына ұстап тұрған араб көшпелілерімен келісімге келеді. Осының арқасында ол өз әскерлерін қажетті ауыз сумен қамтамасыз ете алды, көшпелілер суды бұларға түйелермен тасып жеткізіп тұрды. Парсылардың теңіз флоты жоқ еді, бірақ олар финикиялық кемелерді және ішінара грек кемелерін¹ барынша пайдаланды. Оның үстіне XXIV династия фараондары тұсында Египеттің теңіз күштерін басқарған бекзаданың² сатқындығы жайында да ап-айқын тұспалдар бар. Оның үстіне Египеттегі жалдамалы грек әскерлерінің командирі Фанет Камбистің жағына ашықтан ашық шығып кетті де, басқыншыларға өлшеусіз қызмет көрсетті. Парсы әскерлері Египет шекарасына жақындап қалғанда, египеттің жігерлі фараоны Амасис аяқ астынан қаза болды.

Осындай қолайсыз жағдайлардың бәріне қарамастан, Египет армиясы шекарадағы Пелусия түбіндегі ұрыста басқыншыларға табанды қарсылық көрсетеді. Арада 70 жыл өткен соң осы шай-

¹ Камбис Самос аралының тираны Поликратпен одақ құрады, бұл соңғысы Ф. Шиллер мен В. А. Жуковскийдің белгілі балладаларында жырға қосылған.

² Оны Уджагорресент деп атаған. Ол өз жазуында парсы патшаларынан көрген сый-құрметтері мен жақсылықтарын айтып мақтанады, тап солай бөлмауы да керек.

қас алаңын Геродот келіп көреді және аса көп мөлшердегі өлген адамдардың сүйегіне кез болады. Бұл шайқаста парсыларға ерлікпен соғысқан Египет жауынгерлерін жеңіп шығудың сәті түсті және бұдан арғы жерде табыстарға кедергісіз жетіп отырды. Мемфис басып алынды да, бар болғаны бірнеше ай ғана патшалық құрған фараон III Псамметих (Амасистың баласы) тұтқынға түсті (кейінірек ол өлтірілді.)

Камбистің Эфиопияны да бағындыру үшін жасаған әрекеті сәтсіздікпен аяқталды. Ол табиғи кедергілер мен өз тәуелсіздігін қорғаған жергілікті халықтың табандылығын жеңе алмады.

Персияның өз ішінде де қиындықтар туды. Кирдің тұсында сақталып келген патриархтық ескі ғұрыптармен санасуды мүлде қойып, Камбистің қай мәселені болса да жеке шешуіне әскери шонжарлардың арасында наразылық пісіп жетілді. Камбис өз інісі Бардияға опасыздық жасады, бүлікшілермен байланысы бар деген күдікпен астыртын түрде өлтіруге бұйрық береді. Алайда мұның өзі оқиғаларды тек тездете түсті. Патша інісінің өлгенін ешкім білмеді де, бұл жағдайды сырт келбеті жағынан өлтірілген патша інісіне ұқсас мидиялық абыз Гаумата пайдаланып кетті. Ол көтеріліске басшылықты өз қолына алды, «Персия, Мидия және басқа да елдер» оның жағына шықты.

Камбис Египетті тастап, көтерілісті басу үшін асығыс түрде еліне аттанды, бірақ жолда өте жұмбақ және күдікті жағдайда қаза тапты (ол абайсызда өз қанжарына шаншылып өліпті деген хабар тарайды.)

Алайда Бардияның есімін алған Гаумата ұзақ билеп тұра алмады. Ол басып алынған елдердің тұрғындарын бірнеше жылға дейін салық төлеуден алдын ала азат етіп соларға арқа сүйеуге тырысты. Бірақ оның есесіне Персияның өзінде қарсылыққа кез болады. Егер оны жек көрген жылнамашыларға (Бехистун жазуын құрастырушыларға) сенер болсақ, ол бірқатар зорлық шараларына: қауымның жайылымдық жерлері мен «үй адамдарын» (шамасы, құлдарды болуы керек) тартып алуға, сондай-ақ рулардың қасиетті саналатын дін орындарын талқандауға барған.

Парсылардың әскери шонжарлары арасында жаңа патша жалған атты жамылушы адам екен деген қауасет тарайды. Жеті бекзаданың астыртын келісімі ұйымдастырылады да, ол Гауматаны өлтірумен аяқталады. Астыртын келісім жасаушылар патша тағына Ахеменидтер үйінің кіші тармағының өкілі болып табылатын, Гистаспаның баласы Дариды отырғызады, ал ол өзінің таққа отыруға правосы бар-жоғы жөнінде туған күмәнды біржола жою үшін Кирдің қызына үйленеді.

7. I Дарий (б. э. дейінгі 522—486 жылдар) және оның реформалары. I Дарий таққа отырғаннан кейін елдің әр түрлі түкпірлерінде басталған (Вавилонияда, Эламда, Лидияда, т. б.) қарулы көтерілістерді басу үшін табанды түрде күрес жүргізуіне

тура келді. Б. э. дейінгі 522 жыл тұтасымен осы көтерілістерді басуға кетті.

Таққа бекемірек отырып алғаннан кейін I Дарий өзінің сан тайпалы державасын басқару жүйесін толығымен қайта құруға кірісті және бірқатар әкімшілік және финанстық реформаларды жүзеге асырды. Ол елді 20 сатраптарға бөлді. Олардың әрқайсысының басында патшаның қойған әкімі (сатрап) отырды. Бұл облыстарда тұрған әскер бөлімдері ерекше әскер басылардың қарамағында болды, сонымен бірге сатраптардың әскер басыларының үстінен және керісінше әскер басылардың сатраптардың үстінен шағым айтулары қолпашталып отырды. Бұл екі жағының да өз міндеттерін адал атқаруының кепілі болып саналды.

Мұнан басқа бүкіл ел көлеміне «патшаның көзі мен құлағы» деп аталатын арнаулы бақылаушылар жіберіліп отырды. Олар әлдеқандай жүдік туған жағдайда кез келген адамды, тіпті сатраптың өзін де ұстауға және жазалауға ерікті еді.

Аса үлкен державаның әр түрлі бөліктерінің арасындағы байланысты жеңілдете түсу үшін тас төселген кең жолдар жасалды. Олардың ең бастысы Сузыны (Эламның бұрынғы астанасы, Персеполь, Эқбатан және Вавилонмен бірге Ахеменидтердің резиденцияларының біріне айналған) Эгей теңізі жағасындағы гректердің колониясы — Эфеспен жалғастырды. Бұл жолдардың бойына бір-бірінен белгілі қашықтыққа атты бекеттер қойылды да, патшаның хаты мен сәлемдемелерін ұшқыр салт аттылар (эстафета сияқты) бірінен-біріне шапшаң жеткізіп тұрды.

Алым-салық жүйесіне ерекше назар аударылды. I Дарийдың «саудагер»¹ деп атануы жайдан-жай емес. Бұрынғы кездейсоқ және жүйесіз алым-салықтардың («сыйлықтардың») орнына ақшалай және заттай төленетін жарнаның дәл мөлшері белгіленді. Алым-салық Персидадан басқа (елдің парсы тайпалары мекендеген негізгі бөлегі) барлық жерлеріне салынды. Салықтың жалпы сомасы 14 000 талант (400 тонна) күміске тең болды. Ауырлықтың үлкені аса бай сатраптар: Вавилон мен Египетке түскен еді.

Салық жинауға откуп иесі, басқаша айтқанда қажет соманы алдын-ала өзі төлеп, артынан оны жергілікті халықтан артығымен жинап алатын ірі ісқаяқ адамдар пайдаланылып отырды. Вавилондағы осындай саудамен және өсімқорлықпен айналысқан «Мурашу үйінің» зорлық-зомбылықтары жайында документтер сақталған. Бұл жылпостар компаниясының өкілдері тоналып, жәбірленген тұрғындардың арыз-шағымдарын парсы чиновниктері тыңдамауы үшін оларға ашықтан-ашық пара беріп отырған.

¹ Парсылардың Кирді «әке», Камбисты «деспот» деп атағандары сияқты.

Өз державасының әр түрлі бөліктері арасындағы экономикалық байланыстарды күшейту, сауда мен ақша шаруашылығын жандандыру үшін I Дарий Лидия мен Грециядағы сияқты теңге жүйесін енгізеді. Негізгі теңге болып алтын дарик (8 грамм алтын) саналады, оны шығару патшаның ғана ісі болды (күміс теңгелерді сатраптар да шығара беретін еді).

I Дарий сыртқы саясатта белсенділік және жігерлілік көрсетіп отырды. Оған бір кездері Кирді жеңген сақ-массагеттерді жеңіп шығудың және парсылар үшін Орта Азияға жол ашудың сәті түсті.

Одан арғы жерде, Геродоттың айтуынша парсы патшалары Амудариядағы негізгі шлюздерді қолдарына қаратып алады, мұның өзі оларға егіншілікпен айналысатын жергілікті халыққа су бермей қоямыз деп қорқыту арқылы олардан «сыйлықтар» жинап алып отыруға мүмкіндік береді.

I Дарий шығысында Үндістанның бір бөлігін (Үнді бассейнін), батысында — Киренайканы (Африкадағы), Эгей теңізінің кейбір аралдарын (соның ішінде Самосты да), сондай-ақ Фракия мен Македонияны бағындырып алды. Алайда оның өз билігін Қара теңіз жағалауындағы скифтер мен европалық гректерге де жүргізуге тырысқан әрекеті толық сәтсіздікпен аяқталды да, мұның өзі Ахеменидтер державасының әлсіреуіне қарай жасалған бетбұрыстың басы болды.


8. Ахеменидтер державасының мәдениеті. Ахеменидтер державасының құрамына мәдени даму деңгейлері әр түрлі толып жатқан халықтар кірген еді. Билеуші халыққа айналған парсылар бұл мәдени байлықтарды кеңінен пайдаланды, сонымен бірге оларды творчестволықпен пайдалану үстінде кейбір өзгерістер де жасалып отырды. Парсылар сына жазуын көптеген артық таңбаларынан арылтып (42 таңбаны ғана қалдырып) оңайлата және жегілдіре түскені жайында бұрынырақта айттық. Іс және кеңсе қатынастарын жүргізу (теріге, папирусқа және сүйекке жазу арқылы) үшін арамейлердің алфавиттік жазуы кеңінен қолданылған.

Парсы патшалары сол кездерде ең білгір деп саналған египет дәрігерлерін өзіне қызметке тартқан. Алайда, I Дарийдың тұсында-ақ бұларды грек дәрігерлері ығыстыра бастайды.

Парсылардың вавилондық және египеттік жыл санау календарларымен таныс болғандығы жайында да деректер бар.

Иран тілді халықтардың ең көрнекті әдеби шығармасы — жоғарыда айтқанымыздай Орта Азияда туған, бірақ кейінірек Мидия мен Персияға тараған, сонымен бірге алғашқы нұсқаға (Гаттарға) көптеген толықтырулар енгізілген Авеста шығармасы болды.

Авестада уағыздалатын діни ілімді ежелгі пайғамбар Заратуштра (гректер оны Зороастр деп атаған) шығарған деп айтылады, бірақ біз ол жайлы нақты ешнәрсе білмейміз. Бұл ілімнің мәнісі — екі құдайдың: қайырымды құдай Ахурамазда мен қас-



Б. Э. дейінгі VI—V ғасырдағы Ахеменидтер державасы

күнем құдай — Ариманның¹ бастамаларын бір-біріне қарсы қоюға негізделеді.

Ахурамазда үй жануарлары мен мәдени өсімдіктерге қамқорлық жасап отыратын бейбіт еңбектің жебеушісі ретінде көрінеді. Оны құрмет тұтушылар жер өңдеуге, мал өсіруге, жабайы жануарлар дүниесін жойып отыруға тиіс. Ариман адамның жасампаз жауы, жабайы аңдардың қамқоршысы, бейбіт кәсіппен айналысушы халықты шауып, тонап отыратын көшпелілердің жебеушісі ретінде көрінеді.

Ахурамазданың да, Ариманның да қол астында өздеріне көмектесетін сансыз көп перілері бар, бұлардың күресі бірнеше мыңдаған жылдарға созылады және ақыр аяғында қайырымды құдай жеңіске жетеді.

Зороастр ілімінің бір ерекшелігі — өлген адамның денесін жерге көмуге де, отқа жағуға да рұқсат етпейтіндігінде еді. Өлі дене жерді де, отты да ластайды деп, өлгендерді жабайы құстарға тастау қажет деп есептеді. Бұл дәстүрді парсылардың шағын тобы (Үндістанның Бомбей ауданында) әлі күнге сақтап келеді. Авеста жазбаларын жойылып кетуден сақтаған да осы парсылар.

Ахеменидтер Ахурамазданы құрмет тұтқанмен де Авестаны мойындамаған сияқты. Парсылардың ежелгі патшаларының бірде бірінің жазуларында Заратуштра жайлы айтылмайды. Парсы патшаларының (Кирдан бастап) зираттары да сақталған, бұл Авеста өсиетіне қайшы жай, Зороастризм мемлекеттік дін дәрежесіне тек Парфян және Сасанид патшалары тұсында ғана ие болады.

Ахеменидтер діні² өзге бағытта дамыды. Алғаш аспанның жоғарғы құдайы Ахурамаздамен бірге толып жатқан тайпалардың құдайларына да (дэвтарға) құлшылық ететін, бұл соңғылары кейінірек қаскүнем перілер боп санала бастады.

Ксеркс (І Дарийдың баласы және мұрагері) тұсында дін реформасын жүргізуге әрекет жасалды. Дэвтарға табынуға тыйым салынып, парсылардың бірден-бір аспандағы иесі Ахурамазда болып танылды.

Алайда бұл монотеистік тенденция берік орныға алмады, Ксеркстің мұрагерлері тұсында-ақ күн құдайы Митра мен жер құнарлылығының әйел құдайы Анахитаға ғибадат ету кең тарайды.

Ахеменидтер өнерінің ескерткіштері синкретикалық сипатта болды. Персеполдағы І Дарийдың сарайы құрылысында Вавилоннан, Египеттен, Лидиядан және өзге де бағынышты елдерден алдырылған шеберлер жұмыс істеді.

¹ Дәлірек айтқанда Анхрамайну. Алайда бұл есімнің эллиндік түрі — Ариман жиірек қолданылады.

² Оны әдетте маздаизм деп атайды.

1. Табиғат жағдайы. Үндістан жер көлемі және халқының саны жөнінен өте ерте уақыттардың өзінде-ақ қазіргісі сияқты Азия елдерінің ішіндегі ең ірілеріне жататын. Табиғаттың өзі оны биік таулармен сыртқы әлемнен бөліп тастап, өзге елдермен және халықтармен байланыстарын қиындатып қойған еді. Ол оңтүстікте, оңтүстік-батыста және оңтүстік-шығыста Үнді мұхиты, Аравия теңізі және Бенгал шығанағының суларымен ұласып жатыр. Солтүстігінде дүние жүзіндегі ең заңғар биік Гималай тауларымен шектеседі. Үндістанды батысында Ираннан және шығысында Үндіқытайдан дәл Гималайдай өткел бермес биік болмаса да, айтарлықтай тау жоталары бөліп тұрады.

Үндістанның¹ шексіз кең өлкесінен табиғаттың әр түрлі жағдайларын ұшырастыруға болады. Мол сулы өзен аңғарлары далалармен және шөл далалармен ауысып отырады. Солтүстіктің қар жамылған таулары мен оңтүстіктің тропикалық ормандары — бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар. Ғасырлар бойында бұл елдің ауа райы өзгерістерге ұшырады да, бұл өсімдіктер және жануарлар дүниесіне ықпал етті. Көп жерлерде (әсіресе солтүстік-батыста) ауа райы жылдан-жылға құрғай берді. Ежелгі уақыттарда ну орман қазіргіден әлдеқайда көп алқапты алып жатты.

Үндістан адам өміріне қажетті табиғат байлықтарымен едәуір мөлшерде қамтамасыз етілген ел болғандықтан, шеттен әкелінетін азық-түлікке оншалықты мұқтаж болмады. Елдің жануарлар мен өсімдіктер дүниесі мейлінше бай және әр қилы еді. Мұнда ежелгі кездің өзінде-ақ бидай мен арпадан басқа күріш те өсірілетін, ол Батыс Азияға, Африка мен Европаға дәл осы Үндістаннан тарады. Батыс елдеріне Үндістаннан тараған өзге мәдени өсімдіктердің ішінен тамақтың дәмін келтіретін әр түрлі шөптерден басқа қант қамысы² мен мақтаны атап өтуге болады.

Ежелгі Үндістанда жергілікті мал тұқымдары қолға ұсталатын еді (мысалы, осы жерден Қосөзен мен Египетке тараған бүкір зебу өгіздері). Сондай-ақ Үндістанда тұңғыш рет пілдер қолға үйретіліп, негізінен соғыс мақсаттарына пайдаланылды, Александр Македонский жорықтары кезінен бастап батыс халықтары да үнділерден айқас кезінде аса күшті соғыс пілдерін пайдалануды үйрене бастады.

Үндістанда әр түрлі бағалы шикізаттардың (тастардың, металл кендерінің, ағаш материалдарының) таусылмас көздері мол еді. Осының өзі шаруашылықтың едәуір дербес сипатта жа-

¹ Үндістан деген географиялық термин осы күнгі Пакистанның жерін де қамтитын ертедегі кең мағынасында алынып отыр.

² Европа тілдеріндегі «сахар» («қант») деген сөз санскрит тіліндегі «сахари» — қант қамысы (қант қызылшасы ежелгі кезде белгілі болмаған) деген сөзден шыққан.

муына мүмкіндік берді, бірақ бұл мұнда басқа тайпалар мен ұлт топтарының өтуіне де, сыртқы сауда дамуына да (негізінен Иран мен Орта Азия арқылы) кедергі келтірген жоқ.

Екі ұлы өзеннің: елге өзінің атын берген, бес саласы бар (Бесөзен — Пенджаб) Үнді мен бірқатар салалары бар Гангтың аңғарлары ең ежелгі кездерден-ақ егіншілік аймақтары болып табылды. Елдің оңтүстігіндегі Декхан түбегінде ауыл шаруашылығы кейінірек дамыды.

Үнді аңғары мен жоғарғы Ганг алқабында суармалы егіншілік ерте дами бастады. Өзге жерлерде егіншілік жауын-шашынға тәуелді болды. Әсіресе Гангтың төменгі сағасына жауын-шашын мол жауатын еді. Ел үшін оңтүстік-батыстан соғатын және көп мөлшерде ылғал әкелетін жазғы муссон желдерінің ерекше маңызы болды. Жел уақытында еспесе немесе ұзақ соқпай қойса, құрғақшылық басталатын.

2. Халқы. Ежелгі үнді әдеби ескерткіштері, сондай-ақ антик заман авторларының жазбалары ежелгі Үндістанның халқының тым тығыз орналасқаны жайында хабар береді. Бұл деректерде адамдар саны әсірелей көрсетілгендігіне¹ күмән жоқ, бірақ, қайткен күнде де Үндістан тұрғын халқының саны жөнінен Египеттен де, Алдыңғы Азиядан да алда болғаны сөзсіз, бұл тұрғыдан алғанда онымен Қытай ғана таласа алатын еді.

Үндістан тұрғындарының этникалық құрамы ежелгі заманда әр қилы еді (қазір де солай). Оңтүстігінде қараторы түсті тайпалар² басым болды. Елдің ежелгі тұрғындары шамасы қазір кейбір аудандарда ғана сақталып отырған дравид тілінде, ал ішінара тіпті дравидтен де бұрынғы (мұнда және басқа) тілдерінде сөйлеген болуы керек. Б. э. дейінгі II мың жылдықта Үндістанда халықтардың үнді-европалық топтарының тілдерінде сөйлейтін тайпалар тарай бастайды. Осы тілдер негізінде әдеби тіл қалыптасып, ол санскрит³ деген атқа ие болды.

Бұл неғұрлым кейініректегі этникалық топтар бірқатар совет және шетел зерттеушілерінің пікірінше солтүстік-батыстан көшіп келген және өздерін арийлар деп атаған. Бұл этникалық атау кейінірек «асыл текті» деген мағынаға ие болады, өйткені бұл жерлерді басып алушылар бағындырылған жергілікті халыққа биіктен қараған және өздерін артықпыз деп санаған. Алайда қандай да болмасын этникалық топтың (нәсіл және тіл жөнінен) артықшылығы жайлы айтып жату қажетсіз. Олардың

¹ Әйгілі Махабхарата поэмасында Курукшетр түбіндегі 18 күнге созылған шайқаста 1 миллиард 660 миллион 200 мың жауынгер қаза тапқаны айтылады. Әрине, бұл сан тым әсірелей айтылғаны сөзсіз, бірақ мұндай фантастикалық суреттеме халқының саны аз елде тууы мүмкін емес. Олай болғанда оның жалған екені бірден көзге түсер еді.

² Олар австрало-негроид нәсіліне жататын еді.

³ «Санскрит» деген атаудың өзі «тазартылған» деген мағынаны береді. Ал ауыз екі сөйлеу тілдері пракрит деп аталып кеткен.

хал ахуалы әр түрлі тарихи кезеңдердегі дамудың нақты жағдайларына байланысты болып отырды.

3. Түп-деректер. Ежелгі Үндістанның тарихы жөніндегі түпнұсқалардың елеулі бөлігі жойылып кеткен. Ежелгі үнді әдебиетінің көп шығармалары қайыңның қабығына¹ немесе құрма ағашының жапырағына жазылған да, папирус сынды нәзік материалдың өзі де ұзақ сақталатын Египетке қарағанда, әлдеқайда ылғалды болып келетін бұл жердің ауа райына шыдай алмаған. Екінші жағынан Алдыңғы Азияның саз балшықтан жасалған кітаптарына зиянын тигізе алмаған өрттер ежелгі Үндістанның кітапханалары мен архивтері үшін қауіпті болған. Тек тасқа ойылып жазылған текстерінің ғана түпнұсқалары сақталған, ал бұлар көп кездеспейді.

Бақытқа қарай, санскриттің ежелгі шығыс тілдерінен айырмасы сол — ол еш уақытта ұмытылмаған, әдеби дәстүрлер де мындаған жылдар бойына бірден-бірге үздіксіз жалғасып отырған. Бағалы деп саналған шығармалар (еврейлердің Библиясы немесе ирандықтардың Авестасы сияқты) өне бойы қолдан көшіріліп, бізге неғұрлым кейінгі нұсқаларында жеткен, сонымен бірге әрдайым қосымшалар мен өзгерістер де енгізіліп тұрған.

Ежелгі үнді жылнамаларының сақталуы тіпті нашар. Бұлардан кейініректегі орта ғасырлық хроникаға енгізілген қысқа ғана үзінділерден басқа ешнәрсе сақталмаған деуге болады. Ведалардың, Махабхаратаның және Рамааның поэтикалық шығармалары — көлемі жағынан үлкен, мазмұны жағынан неғұрлым бай шығармалар.

Ведалар гимндердің, өлең-жырлардың, сиқырлы дұғалардың, діни ғибадат қағидаларының кең көлемдегі жинағы боп табылады. Қазір небәрі осындай төрт жинақ² сақталған. Оның неғұрлым ертеректегі түпнұсқасы б. э. дейінгі II мың жылдықтың орта шеніне жатады, бірақ одан кейінгі шамамен 1000 жылдан артық уақытта бұлар қайта қаралып өңделіп отырған және ең соңғы нұсқасы біздің эрамызға таяу уақытта жазылған.

Үндістан халқының ауыз әдебиетінен, сондай-ақ тағы да аса үлкен екі поэма бастау алады, бұларды әдеби құндылығы және тарихи маңызы жөнінен Гомердің дүние жүзіне әйгілі эпосымен салыстыруға болады. Бұл поэмалардың біріншісі Махабхарата (Бхарата ұрпақтарының ұлы соғысы), ал екіншісі Рамаана (Рамааның ерлік істері жөніндегі аңыз) деп аталады. Бұл поэмалардың авторларының (Ваяса мен Вальмика) аттары бізге жеткенмен, іс жүзінде олар да аты аңызға айналған Гомер сияқты тарихта болған-болмағандары белгісіздеу.

Екі поэма да шамамен б. э. дейінгі I мың жылдықтың орта шенінде пайда болып қалыптаса бастады да, өзінің соңғы нұсқа-

¹ Қайыңдар Үндістанның солтүстік аудандарында (Кашмирде) өседі.

² Олар Ригведа, Самаведа, Яджурведа және Атхарваведа деп аталады.

сындағыдай болып біздің эрамыздың алғашқы ғасырларында қалыптасты (хронологияны дәл көрсету мүмкін емес).

Махабхаратада Бхарата патша әулетінің екі бұтағының: кауравтар мен Пандавтардың арасындағы соқтығыстар суреттеледі. Біріншісі Хастинапур қаласында билік құрады, ал екіншілері олардан билікті тартып алуға тырысады, мұның ақыры шайқасушылардың көбі өліп тынған керемет қырғын соғысқа алып келеді.

Рамаянада өгей шешесінің қудалауымен туған қаласы Айодхияны тастап шыққан патша баласы Рамааның ел кезген сапарлары жайлы айтылады. Оның әйелі Ситаны Ланк (Цейлон) аралының дәулері ұрлап әкетеді. Оны құтқару үшін ол аюлар мен маймылдардан әскер құрап, оларды бастап аралға барып, дәулерді жеңеді. Ақырында оған еліне қайтудың және өз әкесінің тағына отырудың сәті түседі.

Мифтік және эпостық шығармалардан басқа «Ману заңдары» атты жинақ та сақталған, оның да шығу мерзімін дәл анықтап айту қиын.

Ол б. э. дейінгі III ғасыр мен б. э.-дың III ғасыры арасында құрастырылған деген болжам бар. Бұл кәдімгі сакральдық правоның (Бескітап заңдары сияқты) ескерткіші болып табылады, онда азаматтық және қылмысты істер жөніндегі тәртіптер діни қағидалармен және тыйым салушылықпен сабақтастырыла, әрі шегіне жеткен әлеуметтік теңсіздік діннің беделді сөзімен толық ақтала суреттеледі.

Жазбаша ескерткіштің бір үлгісі — Артхашастра, оны жазған адам Александр Македонскийдің замандасы, аса көрнекті сановник Каутилье деп есептеледі. Мемлекетті қалай басқару керектігі жөніндегі бұл тамаша трактатта ел бір орталыққа бағынған және бюрократтық аппараттың көмегімен басқарылған дәуірдің талаптарына сәйкес бірқатар қызықты ақыл-кеңестер беріледі.

Алғашқы буддизмді зерттеу ісінде Типитак жайлы аңыздар мен оның нақыл сөздерінің жинағы негізгі құрал болып табылады.

Ашок патшаның (б. э. дейінгі III ғ.) жартастарға қашап жазылған жарлықтарының уақыты неғұрлым дәлірек көрсетілген. Олар бұл патшаның соғыстары мен діни саясаты жөнінде хабар береді.

Антик авторларының ішінен өз уақытындағы (б. э. дейінгі V ғ.) батыс Үндістан жайлы жазба деректер қалдырған бізге белгілі Геродоттан басқа б. э. II ғасырында өмір сүрген Аррианды ерекше атап өтуге болады. Өзінің «Александрдың анабасисі жайлы» шығармасында ол бұл патшаның Үндістанға жасаған жорығын суреттесе, «Үндістан» атты арнаулы шығармасында осы елдің географиялық жағдайын егжей-тегжейлі сыпаттады.

Заттық мәдениет ескерткіштер ежелгі үнді тарихының әр қилы кезендері жайлы дерек береді. Мәселен, Үнді бассейнінде үс-

тіміздегі ғасырдың 20 жылдары басталған археологиялық қазбалар арқасында бұл елге арийлар әлі көшіп келмеген және санскрит ежелгі әдебиет пайда болмаған кездегі, б. э. дейінгі III—II мың жылдықтар арасындағы алғашқы үнді мәдениеті жайлы белгілі болды.

4. Тарихнама. Үндістанның орта ғасырлар кезінде тілі мен мәдениеті толық өзгерген Египеттен және Алдыңғы Азияның бірқатар елдерінен айырмасы, ол өткенінің барлығын ұмыттырып жіберетіндей күрт өзгерістерге ұшыраған жоқ. Санскрит тілінде жазылған және ауызекі сөйлеу тілінде (прокрит) туған шығармалар ұрпақтан ұрпаққа ауысып, оқылып және айтылып отырды.

Алайда Үндістан мыңдаған жылдар бойында Европа үшін сыры мәлімсіздеу ел болып келді. Ара-тұра бұл жерлерге венециялық көпес Марко Поло (б. э. XIII ғ.) немесе тверьлік көпес Афанасий Никитин (б. э. XVI ғ.) сияқты саяхатшылар ғана өтіп кетіп тұрған. Олардың жазбаларында елдің табиғаты, тұрғын халықтың тұрмысы мен мәдениеті жайлы қызықты деректер болғанмен де, Үндістанды жүйелі түрде зерттеу ісі әлі қолға алынбаған болатын.

Б. э. XVIII ғасырында Үндістанды европалық отаршылдар басып алды. Оның ескерткіштерін зерттеу де осы кезден басталды. Ағылшын зерттеушісі У. Джонс үндінің ежелгі жазба ескерткіштерін (соның ішінде «Ману заңдарын» да) санскриттен ағылшын тіліне аударды.


Б. э. XIX ғасырында Ф. Бопп негізін қалаған үнді-европалық тіл білімі дамуына байланысты тіл мамандары Үндістандағы тілдерді (әсіресе санскритті) шұғыл зерттеп игере бастайды.

Ежелгі үнді әдебиетін зерттеуге орыс филологтары И. П. Минаев, К. А. Коссович және басқалары елеулі үлес қосты.

Санскритте жазылған ескерткіштерді басып шығару, аудару және зерттеу Үндістанның өте ертедегі тарихымен танысу үшін жағдайлар туғызды.

Алайда бұл елдің тарихи ерекшелігін дұрыс түсінуге буржуазиялық ғылымға тән бірқатар әдейі бұрмаланған көзқарастардың тууы кедергі жасады. Үнді-иран тілдерінің (соның ішінде санскриттің де) европалық тілдермен сөзсіз байланыстылығы осы тілдерде сөйлейтін халықтарды (арийларды) жоғарғы нәсіл ретінде Үндістанның ежелгі (дравидке дейінгі және дравидтік) тұрғындарына қарама-қарсы қоюға себеп болды. Сөйтіп, Батыс Европа мен АҚШ-тағы қазіргі нәсілшілдер ежелгі және орта ғасырлық Үндістанның билеуші топтары арасында қалыптасқан қате қағиданы толық қабылдады. Бұлар үнді-иран тайпаларына қолданылған «арий» («асыл текті») деген «күрметті» атақты Европа халықтарына таңуы арқылы тіпті олардан да асып түсті.

«Арий нәсілі» жөніндегі ғылымға жат және реакциялық теория осылайша пайда болды және дамытылды. Әсіресе оны көп




Мохенджо-Дародағы құдық

уағыздаған — неміс нәсілшілерінің өкілі (өзі ағылшын) С. Х. Чемберлен еді.

Бұл мәселеде тілдің антропологиялық ерекшеліктермен әрқашан дәл келе бермеуі және бұл соңғысы мәдени деңгейді ешқандай да анықтай алмайтыны жөніндегі факті бұрмаланды. «Арийлік теорияға» жоғарыда айтылған, Пенджаб пен Синдте жүргізілген қазба жұмыстары біржолата соққы берді: бұл аймақтың арийлер келгенге дейінгі тұрғындарының мәдениеті олардың орнына келген арийлерге қарағанда әлдеқайда жоғары болғандығы анықталды.

Үндістанның өткен тарихын зерттеуге зиянды әсер еткен екінші жай — бұл елдің даму жолы өзге елдерге мүлде ұқсамайтын айрықша жол деген теріс концепция болды. Жергілікті ерекшеліктерге шектен тыс мән беріліп, Үндістанның өткен жолы бүкіл адамзат тарихына қарсы қойылды. Осы тұрғыдан келгенде Үндістанның осы заманғы буржуазиялық тарихшылары тарихи дамудың жалпы заңдарының өз елдеріне де ортақ екенін мойындағысы келмей, көп қателіктер жіберді.

Үнді қоғамын зерттеу ісіне К. Маркс үлкен көңіл бөлген. Ол өзінің «Индиядағы британ өктемдігі» атты еңбегінде үнділердің селолық қауымдарының классикалық сипаттамасын береді, олардың неліктен берік және орнықты болғандығының себептерін көрсете отырып, түбінде бәрібір ыдырауға тиіс екенін айтады. Ол «осы кішкентай қауымдардың өзінде касталық айырма-



Мохенджо-Дародан табылған арбаның моделі

шылықтармен құлдықтың таңбасы болды» және «олар қаншалықты жанашырлықтай мүсәпір болып көрінгенмен, әрқашанда шығыс деспотизмінің берік негізі болып...» келгенін атап өтті.¹

Ежелгі Үндістанның тарихы жөніндегі совет әдебиеті әлеуметтік-экономикалық формациялардың заңды түрде ауысып отыратындығы жөніндегі К. Маркстің, Ф. Энгельстің және В. И. Лениннің ілімін басшылыққа алады және жаңа табылған жазба және археологиялық деректерді де пайдаланып отырады. Әсіресе Г. Ф. Ильиннің, Г. М. Бонгард-Левиннің, А. М. Осиповтың, А. А. Бенедиктовтың, Д. А. Сулейкиннің және басқаларының зерттеулерін ерекше атап өту жөн.

Үндістанның мәдениетінің тарихы үшін С. Ф. Ольденбургтың, Ф. И. Шербатскийдің және басқаларының еңбектерінің маңызы зор. Үндістанның бүгінгі таңдағы прогресшіл ғалымдары өз елдерінің тарихын түсіндіруде марксизм-ленинизм классиктерінің қағидаларына сүйенеді. Әсіресе Д. Р. Чанананың «Ежелгі Үндістандағы құлдық» атты монографиясын атап айту жөн, ол өзінің бұл еңбегімен осы елдегі құл иеленушілікті жоққа шығарғысы келетін теорияларға шешуші түрде соққы берді.

5. Ең ежелгі Үндістан. Археологиялық қазбаларға қарағанда Үндістан жерінде ежелгі тас ғасырының өзінде-ақ адамдар өмір сүрген. Елдің бірқатар таулы өлкелерінен палеолиттік мекен-жайлардың орындары табылып отыр. Келесі неолит кезеңінде бұрын адамдар мекендемеген ірі өзендердің алқаптары иге-

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалар, I том, 325-бет.

ріле бастайды. Үндістанның батыс аймақтары бірте-бірте алдыңғы орынға шығады, бұл жерде энеолит кезінде және әсіресе қола ғасырында үнділердің ең ертеректегі мәдениеті пайда болады да, ол б. э. дейінгі III мың жылдыққа таман және II мың жылдықтың бас кезінде гүлденудің жоғарғы шегіне жетеді. Бұл кезеңдегі басты орталықтар қираған қалдықтары осы күнгі Хараппа (Пенджабта) және Мохенджо-Даро (Синдте) аймақтарынан табылған қалалар болған.

Бұл қалалардың тұрғындары негізгі құралдар мен қаруларды әуелі мыстан, ал кейінірек қоладан да жасап отырған. Темір ол кезде әлі белгісіз еді. Кейбір құралдар, мәселен түрендер бұрынғысынша шақпақ тастан жасалған.

Экономиканың негізі плугты егіншілік болды (жұмыс көлігі ретінде зебу өгіздері мен буйволдар пайдаланылды). Дәнді дақылдар (бидай, арпа, күріш) мен жеміс ағаштарынан (құрма ағашы т. б.) басқа мақта да өсіріле бастады. Қолөнері жоғары дамыды.

Ең ертедегі Үндістанның мәдениетін жасаған халық — дравидтер, әлде тіпті олардан да бұрынғы тайпалар болуы мүмкін.

Бұл кезеңде кең көшелі, шын мәніндегі қалалар пайда болады. Көшелердің қиылысқан жерлеріне салынған үйлердің бұрыштары көше қозғалысына кедергі жасамас үшін дөңгелектеп соғылып отырған. Кірпіштен екі қабат үйлер де салынған. Сумен жабдықтау және лас суды арнаулы тоспаға ағызып жіберу жұмысы тамаша жүйеге келтірілген. Бейнедеу өнері жоғары дәрежеге жеткен. Ақыры, ең соңында жергілікті жердің жазуы келіп шыққан, шамасы ол иероглиф түрінде болғанға ұқсайды. Өкінішке орай ол кезден кейбір қысқа жазу таңбалары ғана сақталған, олар әлі ажыратылып оқылмағанмен, бұл жөнінде таластар әлі бітпей келе жатқанымен, сондай жазу болғаны жөніндегі фактінің өзі-ақ көңіл аударарлық.

Б. э. дейінгі II мың жылдықтың орта кезінде алғашқы үнді мемлекеттері мен олардың мәдениеті құлдырап кері кетеді. Бұл жерлерге үнді-европа тілдерінде сөйлейтін жаңа этникалық топтардың келуі бұған басты себеп болған сияқты. Бұл келу жөнінде (шамасы олар солтүстік-батыстан келсе керек) біздің қолымызда әлі дәл және нақты деректер жоқ, бірақ тіл мен мәдениеттің өзгергені ешқандай күмән туғызбайды.¹ Бұл халықтар бірте-бірте және баяу түрде қоныс аударған болуы да ықтимал. Қалай болғанда да Хараппа мен Мохенджо-Даро (осы күнгі

¹ Бұл қоныс аудару жайлы еш жерде нақты айтылмайды. Сондықтан кейбір тарихшылар (XIX ғасырда И. П. Минаев, ал қазіргі кезде А. А. Бенедиктов және басқалары) арийлардың көшіп келуі жөніндегі гипотезаны аңыз деп санайды. Алайда егер арийларды Үндістанның негізгі тұрған халқы деп санасақ, онда санскриттің үнді-европалық өзге тілдермен жақын туыстығы түсініксіз болып қалады. Бұрынғы жазу жойылып кеткен, ал бірнеше ғасырдан кейін қайтадан пайда болған жаңа жазу (санскрит) бұрынғыдан мүлде өзгеше болған.

аттарымен алынып отыр¹ шапқыншылыққа ұшырап, қиратылған.

Көптеген буржуазиялық тарихшылар жоғары нәсіл өкілдері деп санайтын бұл жерлерді басып алушы арийлар өздерінің экономикалық және мәдени деңгейлері жөнінен осындағы жергілікті халықтан төмен болғандығын тағы да атап айту қажет. Олардың жеңуі әлеуметтік-экономикалық дамуды тоқтатып қойды, тіпті біраз уақытқа регресс болды.

6. Б. э. дейінгі XV—VI ғасырлардағы Үндістан. «Арийлар жаулап алғаннан кейінгі» Үндістанның тарихы бізге негізінен поэтикалық шығармалар (Ведалар, Махабхарата және Рамайна) арқылы белгілі болып отыр.

Өте ертедегі үнді мәдениетінің басты орталықтары² талқандалғаннан кейін Үнді бассейнінде көпке дейін құлдырау және ыдыраушылық орын алды. Ганг өзенінің жоғары және орта ағысындағы аймақтар үлкен маңызға ие болады. Рас, бұл жерлердегі қалалар үлкен селоларға ұқсас болатын. Натуралды шаруашылық үстем болды. Бағалау өлшемі сиыр болып есептелді.


Сөйте тұра, осындай барлық қиындықтарға қарамастан солтүстік Үндістанда экономикалық жаңа өрлеудің кейбір белгілері байқала бастайды. Бұл — ең алдымен б. э. дейінгі II және I мың жылдықтар шекарасында бұл жерлерде Хараппа және Мохенджо-Даро тұрғындарына әлі белгісіз темір құралдардың пайда болуынан көрінеді. Ертедегі үнділерге белгісіз болған темір түренді ауыр плугты пайдалану неғұрлым қатты жерді де өңдеуге мүмкіндік берді де, егіншілік өзен алқаптарынан алыс жатқан жерлерге де тарай бастады. Күріш, мақта және қант қамысы сияқты үнділердің тек өздеріне тән ауыл шаруашылық дақылдары ерекше маңызға ие болады.

Әлеуметтік жіктелудің өсе түсуі аңғарылады. Таңдаулы жер үлестері шонжар семьялардың қолдарына көшіп отырады. Әдеби шығармаларда құлдар туралы жиірек айтыла бастайды. Алғашында бұлар әскери тұтқындар еді. Олар «даса» деп аталады, бұл «жау», «жат елдік» деген мағына беретін. Арада біраз уақыт өткен соң борышкер құлдар да пайда болады. Өзін сату немесе өз туыстарын сату жиірек ұшыраса бастайды. Махабхаратаның патша әулетіне жататын бір кейіпкері³ сүйек ойында өзінің барлық байлығын, бауырларын, өзін және ақырында, бәрінен де асқан сұмдық — өзінің сұлу әйелін де ұтқызып жібереді.

¹ Бұл орталықтардың ежелгі шын аттары бізге әзір белгісіз.

² Өте ертедегі үнді мәдениеті табиғи жағдайлардың өзгеруіне байланысты жойылып кетті деген де теория бар. Алайда жазу-сызудың және жоғары дәрежеде дамыған өнердің жойылып кетуін климаттың және өзен арнасының өзгеруінен деп түсіндіру өте қиын.

³ Ағайынды Пандавтардың Юдхистхир атты ең үлкені, әкесі өлгеннен кейін інілеріне патриархтық билік жүргізген.



Мохенджо-Дародан табылған статуэткалар

Мұның өзі кәдімгі үйреншікті нәрсе ретінде суреттеледі. Әрине, іс жүзінде үстем шонжар өкілдерін емес, кедейлерді құлға айналдыру әлдеқайда көп кездесіп отырған.

Осындай жағдайда рулық-тайпалық құрылыс мемлекеттік ұйымға көбірек жол бере бастайды.

Біз қарастырып отырған кезеңнің бас кезінде тайпалардың көсемдері ретінде көрініп отыратын раджалар тұқым қуалайтын шағын патшаларға айналады.

Деректерде ежелгі екі династия жайлы естеліктер кездеседі. Олардың бірі Хастинапур қаласын билеген және Ай деп аталған. Мифтегі Бхаратаның ата-бабасы мен оның үрім бұтақтары Кауравтар мен Пандавтар осы династияға жатқан, бұлар туралы Махабхаратада сөз болады. Екінші династия — Күн династиясы деп аталған және Айодхияда (Гангтың орта ағысындағы) билік құрған. Тұңғыш рет Цейлонға (Ланкке) жеткен атақты Рама осы династияның өкілі болған (бұл сыртқы байланыстардың кеңейе түскенін көрсетеді).

Әлеуметтік жіктелудің күшейе түсуі сословиеге бөлінуді тездетті және тұйықталған варналардың¹ пайда болуына алып келді, ал бұлардың өмір сүруі үнді қоғамына өзіне тән белгі болып саналады. Ведаларда варналар жайлы тек кейініректегі қо-

¹ Бұларды көбіне «каста» деген португалдық терминмен атайды. Алайда, бұл атау үнділердің қандай да бір мамандықты тандап алған тайпалардан шыққан неғұрлым майда, тұйық топтарды білдіретін «джати» деген терминіне көбірек сәйкес келеді.

сымшаларда ғана сөз болады. Осындай түйықталған топтарға бөлінудің өзін кейінгі кездерде әуел бастан келе жатқан және жоғарыдан солай жаратылған құбылыс деп таныған. Жоғарғы екі варна: брахмандар (абыздар) мен кшатрилар (әскери шонжарлар) үстемдік жағдайда болды. Аңыз әңгімеде бұлардың алғашқылары жоғарғы құдай Брахманың аузынан, ал екіншілері оның иығынан жаратылған.

Тұрғындардың аса үлкен бөлігі вайшьтер деп аталған үшінші варнаға кірді. Олар Брахманың сандарынан жаратылған деп саналды. Бұлар негізінен егінші-қауымдастар болған, бұларға: сонымен бірге діни және светтік шонжарлар менсінбей қарайтын қолөнершілер мен тіпті көпестер де кірген.

Төртінші варна — шудралар, бағындырылған жат жерлермен, сондай-ақ өз руы мен тайпасынан ажырап қалған жаңа қоныстанушылармен толығып отырды. Бұлар Брахма құдайдың табанынан жаратылған, сондықтан шаң-тозанда жүруге тиісті төменгі нәсілді адамдар деп түсіндірілді. Оларды қауымдарға кіргізбеді, қандай да болмасын лауазымды қызметке жолатпады. Тіпті кейбір діни жоралар, мысалы «екінші рет туу» салтанаты олар үшін жасалмайтын еді.

Осы ең төменгі топқа да кіргізілмейтін, варналардан мүлде сырт қалған адамдар да болғандығын атап өту жөн. Бұларды кесепаттылар деп атады және ең ақыры оларды құдықтарға да жолатпады, өйткені олар таза суды арамдайды деп санады.

Әр варнаның праволары мен міндеттері кейінірек «Ману заңдары» жинағында көрсетілді. Мұнда бірінші орынға брахмандар қойылған. Әскери шонжарлар (кшатриялар) оларды құрметтеуге (тіпті жүз жастағы кшатрия да он жастағы брахманың алдында басын июге) тиіс деп атап көрсетілді. Алайда іс жүзінде жоғарғы екі варна билік пен дәрежені бөлісіп отырған және кейде тайталасып та қалған, дегенмен халықтың қарсылығын басу қажеттігі туған кезде бірлесіп қимыл жасаған.

Бірдей қылмысы үшін түрлі варналардың өкілдері әр түрлі жаза алатын болған. Шудраны өлтіргені үшін брахманға, біреудің жануарын өлтіргені сияқты, қатесін мойындап, айып төлеудің өзі жеткілікті болған. Ал егер шудра брахманмен дауласып ерегессе, ол үшін оның аузына отқа қыздырылған бір кесек темір тығатын болған.

Дегенмен, варналарға бөлу әр уақытта бірдей тапқа бөлумен үйлесе бермеген. Шудралардың бір бөлігі ғана құлдық жағдайда болған. Екінші жағынан жоғарғы варналардың да кей адамдары (өзі мен өзінің інілерін сүйек ойынында ұтқызатын патша баласы сияқты) құлдыққа түсуі мүмкін болған. Рас, құлдыққа түскен жоғары варна өкілдеріне төлем төлеу арқылы немесе басқа да жолмен еркіндік алу оңайырақ болған.

Адамдардың осылай түйықталған варналарға бөлінуі және әр түрлі варна өкілдеріне некелесуге рұқсат етілмеуі мәңгілік, бұлжымайтын және дінмен тәртіптелген болып саналды.

Бұл ретте ежелгі Үндістандағы діни сенімдердің өзі де ғасырлар бойында әлеуметтік алға басулардың ықпалымен өзгеріп отырғанын есте ұстау жөн. Ведаларда табиғаттың сансыз көп құдайлары ауызға алынады (Варуна — аспан құдайы, Агни — от құдайы, Сурья — күн құдайы т. б.).

Таптық және сословиелік қайшылықтардың шиеленісуі мен ерекше варнаға жататын абыздардың күшейе түсуі жағдайында діни сенімдер бірыңғай жүйеге түсірілді. Пантеон басында Брахма тұрды, оны ешкім көре алмайды және оның қолынан бәрі келеді деп есептелді (әрине, дін ғылымының үйретуінше). Абыздар соның есімімен брахмандар, ал әуелгі тайпалар дінінен бастау алатын, бірақ күшті өзгерістерге ұшыраған мемлекеттік дін — брахманизм деп аталды. Варналардың шығуы жөніндегі аңыз әңгімеден анық көруге болатындай, әлеуметтік теңсіздік ежелден келе жатқан және өзгертуге болмайтын нәрсе деп жарияланды.

7. Магадханың өрлеуі. Маурья державасының құрылуы. Б. э. дейінгі VI ғ. дейін солтүстік Үндістан көптеген патшалықтарға бөлінетін. Бір ғана Ганг бассейнінде он алты ұсақ мемлекеттік құрылымдар болды. Солардың бірі — Магадха б. э. дейінгі VI ғасырдан бастап жылдам күшейіп, кеңейе түседі. Оның патшасы Бимбисара (б. э. дейінгі 543—491 жылдар) — Ганг өзенінің сағасын өзіне қаратады және Бенгал шығанағына дейін жетеді, ал оның мұрагерлері өздерінің иеліктеріне осы «қасиетті» өзеннің бүкіл бассейнін және оған таяу жатқан таулы өлкелерді қосып алады.

Батыс Үндістанның бөлшектенуі ұзағырақ сақталды. Мұның өзі осы жерлерді әуелі Ахеменидтердің, ал кейінірек Александр Македонскийдің жаулап алуын жеңілдетті, соңғысы екі жылда (б. э. дейінгі 327—325 жылдар) бүкіл батыс Үндістанды бағындырып, Үнді өзенінің сағасына дейін келді.

Үнді өзені жағасындағы грек-македон үстемдігі ұзаққа бармады. Халықтың батыстан келген басқыншыларға қарсы кең көлемдегі қозғалысын аса көрнекті Үнді қайраткері Чандрагупта басқарды. Ол патша әулетіне жатпаған, қайта ол (оның дұшпандары таратқан әңгімелердің біріне сенер болсақ) қор саналған шудра варнасынан шыққан. Чандрагупта Нанд династиясының соңғы өкілі Магадхи Дхан Нанд патшаның қызметінде жүріп жоғарылайды. Бірақ патшаның кәріне ұшырап, Пенджабқа қашады, сол жерде Александр Македонскиймен кездеседі.

Магадхаға қайтып келіп, Чандрогупта тақты басып алады. Ол б. э. дейінгі 321 жылдан 298 жылға дейін патшалық құрды және аса қуатты Маурья державасының негізін салды. Оның астанасы Паталипутра қаласы болды.

Чандрагуптаға бүкіл солтүстік Үндістанды біріктірудің сәтті түсті. Грек-македон гарнизондары Үнді алқабынан қуылды. Александр Македонскийдің мұрагерлер арасында державаны

бейбіт жолмен бөлісе алмай, тартыс басталғандығын Чандрагупта пайдаланып, мұрагерлердің бірімен — Селевкпен келісімге келеді. Үнді патшасы оның қызына үйленіп, бұл үшін оған 500 соғыс пілдерін сыйға тартады да, Үнді алқабына жақын жатқан таулы өлкелерді (осы күнгі Ауғанстан мен Белуджистан жерлерін) өзіне қаратып, батыс шекараны нығайтып алады.

Басқыншылық саясаты Чандрагуптаның мұрагерлері, әсіресе оның немересі Ашок (б. э. дейінгі 273—236 жылдар) тұсында жалғаса түсті. Ашок тұсында Үндістанның оңтүстігіндегі Калинга патшалығы бағындырылды. Осы басқыншылық соғыста, егер Ашоктың жазбаларына сенер болсақ, 100 000 адам өлтіріліп, 150 000 адам тұтқынға алынған.

Тек оңтүстіктегі ең шеткі аймақтар ғана болмаса, Үндістанның қалған барлық жерлерін дерлік қамтыған аса үлкен Маурья державасында елеулі экономикалық өрлеу болғанын аңғаруға болады. Қолдан суғару (су көтеретін дөңгелектердің көмегімен) кең көлемде қолданыла бастайды. Кей алқаптарға жылына екі рет тұқым себіледі. Қала өмірі дамиды.

Паталипутрада және басқа да орталықтарда қолөнершілер шоғырланады, олар патша мен шонжарларға сәндік бұйымдарын жасап, қызмет етеді. Кейбір бұйымдар (әсіресе мақта-маталар сондай-ақ металдан жасалған заттар) эллин мемлекеттеріне шығарылып тұрады. Сондай-ақ Цейлонмен және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен сауда қатынасы орнайды. Монеталар жасау дамиды (Үндістанда алғашқы күміс монеталар ертерек — б. э. дейінгі V ғасырда пайда болған).

Сауда ісінде патшаның өзі үлкен роль атқарды, ол тұз, ішімдіктер, інжу және өзге де товарлар сату жөніндегі билікті өз қолында ұстады. Патшаның ірі поместьелер және құл еңбегін кеңінен пайдаланған шеберханалары болғандығы жайлы деректер бар.

Алайда өнім өндірушілердің басым көпшілігі селолық қауымдарға біріккен егіншілер еді. Ал бұл қауымдар ерекше өміршең болғандығын К. Маркс талай рет атап көрсеткен.

Чандрагупта мен оның мұрагерлері өздерінің аса үлкен державасын басқару үшін ел басқарудың күрделі, бюрократтық жүйесін құрды, оны ұстап тұру үшін аса көп қаржы қажет болды. Егіншілер мен қолөнершілердің иығына әр түрлі алым-салықтар мен міндеткерліктің толып жатқан ауыртпалығы түсті, мұның сыртында заңсыз жиналатын алымдар мен пара да есепсіз көп еді. Ел аузында чиновниктің қанша қаржыны өзі жеп қоятынын білу балықтың қанша су ішетінін білумен бірдей. қиын деген сөз айтылып жүрді.

8. Буддизм және оның тарихи ролі. Маурья династиясы тұсында үнді қоғамының дін идеологиясында елеулі алға басушылық болды. Діннің үстемдік құрып тұрған жүйесі — брахманизм — басқарушы династияның талап-тілегін қанағаттандыра алмайтыны барған сайын біліне түсті. Оның ережелері тайпаға

Бөлінген кезде қалыптасқандықтан, бір орталыққа бағынған және қала өмірі дами бастаған мемлекет жағдайына сәйкес келмеді. Абыздар — басқарушы, ал көпестер — үшінші варнаға кіретін бөлініс тәртібін сауда ісі даму үстіндегі аса үлкен мемлекет көлемінде бұлжытпай сақтау мүмкін емес еді. Патшалар қажет адамды олардың шығу тегіне қарамастан өзіне қызметке алып отырды. Күшейіп алған патша билігі дін қызметкерлерінің озбырлығымен келісе алмады.

Діннің уақыт талабына сай келетін жаңа ілімдері ескі брахманизм жүйесімен барған сайын көбірек тайталаса бастайды.

Жаңа діндер ішінен әсіресе буддизм үлкен мәнге ие болды. Бұл дін өзіне сенетіндер қауымына кіргісі келген адамдардың шығу тектеріне карамайтын еді.¹ Адамның қай тайпаға, қай варнаға жататындығы оның жаңа дінді қабылдауына кедергі жасай алмады.

Буддалық діни-философиялық жүйенің негізін салушы б. э. дейінгі VII—VI ғасырлардағы өмір сүрген және Будда («көреген») деп аталған патша баласы Сидхартха болып есептеледі, бұл ілімнің аты да соның есімімен аталады. Бұл патша баласы жайлы ол жас кезінің өзінде-ақ адамдардың қайғы-қасіреті жайлы көп ойланған деген сөз бар. Ол түрі аянышты қайыршыны, үсті-басын жара қаптаған ауруды, біреулерді жерлеуге алып бара жатқан процессияны көрседі қатты қамығатын болған.

Ол өзінің жоғары дәрежесінен бас тартады да, ел кезіп кетеді, содан соң уағыз айта бастайды. Оның ілімі өмір сүрудің өзі кесел екенін² мойындауға негізделеді. Адамның кез келген тіле-

¹ Буддизмнен басқа екінші Джайнизм діні де үлкен табысқа жетеді, ол да құлшылық етушілердің шығу тегіне мән бермейді.

² Бұл жөнінде Джайнизмнің буддизмнен айырмасы бар. Джайндер тақуалық өмірді жақсылық деп санаған, одан бас тартуға болмайды деп есептеген.



Будданың статуэткасы

гі қасірет шегуге алып келеді. Одан құтылудың жалғыз жолы адамның өз басындағы бар құмарлық пен талабының бәрін тежеп ұстау. Осылай еткенде ғана адам өлгеннен кейін басқаша түрге еніп қайта тіріліп, тағы да азап шекпейтін болады. Шексіз қайта туу процесінің тоқтатылуы — нирвана, ең жоғарғы игілікті іс деп санаған.

Бұл өзіндік ерекшеліктері бар ілімнен іс жүзінде аса үлкен қорытындылар жасалып отырды. Өзін құтқару — әр адамның өз ісі ол үшін өзін-өзі тежеп ұстай білуі керек деп саналғандықтан құдайға құлшылық етудің де, абыздардың да керегі болмай қалды. Өзін-өзі жетілдіру, байлықтан және жердегі рахаттан бас тарту — кімнің де болса шыққан тегіне немесе қоғамдағы алып отырған орнына тәуелді емес еді. Мұндай сыртқы жайлар діндар адамның нирванаға жетуіне ешқандай да кедергі келтіре алмайды деп саналды. Буддашылар сословиелік және тайпалық кедергілер мен мүлік айырмашылықтарын күшпен жоюға тіпті де шақырған жоқ, ол бұлардың бәрін болмашы нәрселер деп санады. Дегенмен, бір жағынан, олар теория жүзінде де теңдік принциптерін сақтаудан бас тартты. Тек еркін адамдар ғана өзін құтқара алады деп саналды. Құлдар санаттарға (алғашқы буддашылар қауымына) қабылданбады. Өз еркі өзінде емес және қандай да болмасын істен өз бетінше бас тарта алмайтын құлға нирванаға баратын жол жабық деп саналды.

Рухани теңдікті уағыздаушылық кедейлер мен езілгендерді (құлдардан басқаларын) жаңа дінге тартты. Оның орнап қалған тәртіптерді күшпен өзгертуден, әлеуметтік күрес пен төңкерістерден бас тартуға үгіттеуі діни және светтік шонжарлар озбырлықтарына наразы болған, бірақ мүлік теңсіздігінен бас тартқысы келмейтін ауқатты қала тұрғындарына әбден қолайлы еді. Алғашқы буддизмнің байлыққа немқұрайдылықпен қарауды уағыздауы біреудің мүлкіне көз алартудан сақтандыратын еді. Буддашылар уағыздарын әр түрлі тілдерде жүргізді, бұл оларға әр түрлі тайпалар мен ұлт топтарының өкілдерін өз қатарына тартуына мүмкіндік берді.

Маурья династиясы патшалары үшін брахманизмге қарағанда буддизмнің бірқатар қолайлы жақтары болды. Ол адамдардың шығу тегіне және этникалық ерекшелігіне қарай ие болатын артықшылықтарын жоюға қызмет көрсетті, өйткені осы артықшылықтар аса үлкен деспоттық мемлекетті басқаруды ұйымдастыру ісіне кедергі болып келген еді. Олар елдің жеке бөліктерін тығыз біріктіруге, мемлекеттік құрылысты бір ізге түсіруге кедергі жасады. Енжарлыққа шақыру құл иеленушілерді толық қанағаттандырды, оның үстіне буддашылар құлдардың правосыз екенін де мойындады.

Жаңа дін Ашока тұсында ерекше табысқа жетті, ол буддизмді өзі қабылдап, Паталипутрада оның ережелерін бекіткен со-

бор шақырды.¹ Бірқатар буддалық монастырьлардың негізі қаланды.

Алайда брахманизм жойылған екен деп ойлауға болмайтын еді. Бұл туралы Ашока қиялдай да алмады. Жаңа діндер негізінен өз тайпалары мен селолық қауымдарынан ажырап қалған тұрғындардың араласу процесі күшті болған ірі қалаларға көбірек тарады.

Этникалық, сословиелік және өзге де әлеуметтік бөлектенушіліктер әлдеқайда берігірек орын тепкен селолық жерлерде брахманизм өз позицияларын сақтап қалды. Бұл жерлерде оған ешқандай қысым жасалған жоқ.

Белгілі бір халықпен тығыз байланысты болмаған жаңа дін бүкіл әлемдік болуы үшін барлық мүмкіндігі бар еді (бұл жөнінен буддизмді христиан және ислам діндерімен салыстыруға болады). Үндістанның өзінде жалпыға таралған дін бола алмаған буддизм б. э. дейінгі III ғасырдың өзінде-ақ одан тысқары жерлерге, әсіресе Орталық, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияның халықтары арасына тарай бастады.

Үндістанда буддизм негізінен Маурья династиясы патшаларының қолдауы арқасында табысқа жетті. Алайда Ашокадан кейін оның державасы әлсіреп кетті. Әр түрлі тілдерде сөйлейтін және экономикалық, мәдени дамуы әр дәрежедегі көптеген аймақтар мен халықтарды берік біріктіру шама келмейтін іс болып шықты.


Ыдырау және жергілікті биліктің күшеюі процесі әсіресе Маурья династиясының орнына келген Шунга династиясы кезінде (б. э. дейінгі 187—73 жылдары) кеңейіп, тереңдей түсті. Жаңа династия патшалары буддизмді қолдаудан бас тартты. Брахманизм және онымен байланысты тұйықталған варналар жүйесі қайтадан өз күшіне енді.


Б. э. дейінгі II ғасырдан бастап Үндістанды титықтатқан сырттан басып кірушілік те орталық биліктің әлсіреуіне үлкен ықпал жасады. Алғашқы кезде оның басты жауы Үндістанның батыс жағында қалыптасқан Грек-Бактрий патшалығы еді. Б. э. дейінгі I ғасырда солтүстік-батыстан кушандар басып кірді. Үндістанның елеулі бөлігі енді солар құрған державаның құрамында болады, бұның орталық аймағы осы күнгі Тәжік ССР-нің территориясында болатын, Кушандар едәуір мөлшерде неғұрлым жоғары болған үнді мәдениетін қабылдап алды.

Б. э. III ғасырында Үндістан қайтадан бірқатар ұсақ мемлекеттерге бөлініп кетті. Б. э. IV—V ғасырларында Магадха қайта өрлеп, жаңадан құрылған күшті Гупт патшалығының ұйтқысы болады, бірақ ол да V ғасырдың аяғында қайта құлдырайды да, ел қайтадан біржола бөлшектеніп кетті.

9. Үндістанның мәдениеті. Біз жаңа эраның бас кезінде әуелде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауызша жетіп келген тамаша

¹ Одан бұрынғы өткізілген соборлар жайлы деректер күмән туғызады.





Ежелгі Үндістан және ежелгі Қытай

шығармалар ежелгі үнді лирикасы (Вадалар) мен эпосы (Ма-
хабхарата мен Рамайна) біржолата қалыптасқандығын және
жазылып алынғанын осыдан бұрын қарастырған едік.

Халық мысалдарының жинақтары да пайда болады (Пан-
чатантра, немесе Бес кітап).

Б. э. V ғасырында ежелгі Үндістанның аса ұлы драматургы
Калидаса көзге түсті. Оның драмаларының ішінен әсіресе бас
кейіпкері — патшаның ғашығы, асқан сұлу сопы қыздың есімі-
мен аталған «Шакунтала» шығармасы ерекше әйгілі болды.

Ежелгі Үндістанда әр түрлі философиялық мектептер, соның
ішінде материалистік мектеп те қалыптасты. Мысалы чарвак
ілімінің үйретуі бойынша танып білудің бірден-бір жолы тәжі-
рибе болып есептеледі. Үндістанда аса кең тараған жанның
ұшып-қонып жүретіні туралы ұғым жоққа шығарылды, жанды
тәннен айырып алуға болмайды, деді.

Суармалы егіншілік дамыған өзге де елдердегі сияқты Үнді-
станда да астрономия мен математика үлкен табысқа жетті. Бұл
жерде ерекше күн календары жасалды. Жыл 360 күннен тұрады
деп саналды, сонымен бірге оны астрономиялық жолмен теңесті-
ру үшін әр бес жылда високос ай қосылып отырды.

Б. э. V—VI ғасырларында үнді оқымыстыларына жердің шар
тәрізді домалақ екені де, жердің тартылыс заңы да, сондай-ақ
жердің өз осінен айналатыны да жақсы мәлім болды. Орта ға-
сырларда бұл ғылыми жаңалықтарды үнділерден арабтар қа-
былдады.

Тым ертедегі үнді кезеңінің өзінде-ақ (б. э. дейінгі III—II
мың жылдықтар) Үнді аңғарында санаудың ондық жүйесі пайда
болған еді. Одан кейінгі кездерде математика кейбір жағдайда
ежелгі өзге халықтардың бәрінен озық деңгейге жетті. Мәселен,
ноль белгісі тек Үндістанда ғана қолданылды. Біздер арабтікі
деп атап, римдікіне қарсы қойып жүрген цифрларымызды шын
мәнінде ежелгі үнділер ойлап тауып, солардан арабтарға көш-
кен еді. Сондай-ақ араб алгебрасына да үнді алгебрасының ық-
палы тиді.

Ежелгі үнді химиктері күкірт, тұз және азот қышқылдарын
ала білген. Дәрігерлер ауруларды белгілі жүйеге келтіруге ты-
рысты және дененің негізгі сөлдері туралы теорияны шығарды.
Үндістанда көптеген тілдер мен диалектілердің болуы филоло-
гиялық зерттеулер жүргізуді қажет етті. Оқымысты брахман
Панини (б. э. дейінгі V—IV ғасырларда өмір сүрген) «тазалан-
ған», басқаша айтқанда әдеби тілдің (санскриттің) граммати-
касын жасады.

Күмбезді (келі тәрізді) үйлер мен ерекше үңгір храмдары —
ежелгі үнді архитектурасының тамаша ескерткіштері болып та-
былады. Аджанта үңгіріндегі храмдарда тамаша реалистікпен
салынған түрлі-түсті бояулы фрескалар (б. э. I—III ғасырла-
ры) сақталған.

Үнді мәдениеті Орталық және Шығыс Азия елдеріне (негізінен буддизмнің тарауымен байланысты) елеулі ықпал етті. Батыс әлеміне Үндістан арабтар арқылы әсер етіп отырды.

XXII ТАРАУ

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ

1. Табиғат жағдайлары және халқы. Біздер Қытай¹ деп атайтын елді қытайлықтардың өздері бірде Чжун Го (Ортада жатқан патшалық), бірде Чжун Хуа (Ортада жатқан Гүлденген ел) десе, бірде династиялардың аттарымен (мысалы, Цинь) атаған. Бұл соңғы атау кейбір өзгерістермен батысевропалық географиялық ресми тізімге енген.²

Қытай мемлекеті бастапқыда Хуанхэ бассейнінде пайда болады да, бірте-бірте өзінің қазіргі шегіне жетеді.

Хуанхэ қытай әдебиетінде «жүректі жарақаттайтын өзен» ретінде аталады. Ол өз арнасын жиі өзгертіп, жағалаудағы бос топырақты жырып, көп жерлерді судың астында қалдырып отырған. Тек адамдардың табанды еңбегі ғана оны ауыздықтап, плотиналар салу жолымен құнарлы алқапты қауіпсіздендіре алатын болды. Қытайдың халық аңыздарының бірінде Юй есімді мифтік патшалардың бірі өзен жағалауларын бекіту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырғаны үшін даңққа бөленетіні туралы айтылуы тегін емес. Солтүстік Қытайдың жері (негізінен лессті) өте құнарлы болып келеді.

Ежелгі Қытайда елеулі мөлшерде орман алқаптары болған (қазір көп жерлерде ол жойылып кеткен, тек шеткері аймақтарда ғана сақталған). Оның табиғаты мен жан-жануарлар дүниесі, ежелгі қытай авторларының суреттеулеріне қарағанда, бай және әр түрлі болған, мұны археологиялық қазбалар да растайды. Қазір халық тығыз орналасқан көп жерлерде бұғылар, қабандар, аюлар және жолбарыстар сияқты қорқынышты жыртқыш аңдар көп болған. Қытай әндерінің ең ежелгі жинағында (Ши Цзин) жыл сайын көпшіліктің жаппай түлкілерді, жанаттарды және жабайы мысықтарды аулауға шығатыны жайлы сөз болады, әрі мұның өзі қазіргі кезде жабайы аңдары мүлде дерлік құрып кеткен Хуанхэ бассейнінде болғаны айтылады. Қытайдың экономикасы дамуы үшін оның тауларында кендер мен өзге де пайдалы қазбалардың молдығының үлкен маңызы болды.

Тым ежелгі заманда Қытайдың халқы өзінің этникалық құрамы жөнінен әр қилы болғаны байқалады. Қытайлар бастап-

¹ Бұл атау Орта Азия халықтарынан алынған. Олар оны алғашқы кезде X—XII ғасырларда Қытайдың солтүстік аймағындағы билік құрған халықтардың біріне қолданған еді. Кейінірек бұл атау бүкіл елге қолданылатын болды. Қытайлықтардың өздері оны еш уақытта қолданбаған

² Немістің Хина, француздың Шин және ағылшынның Чайна деген атаулары осыдан шыққан.

қы кездерде Хуанхэ өзенінің орта ағысындағы алқаптарды ғана мекендеген және бірте-бірте оның бастауы мен сағасына қарай жайыла түскен. Тек б. э. дейінгі I мың жылдықта және жаңа эраның басында олар осы негізгі қоныстарынан тыс жерлерге де кең тарады. Осындай қоныстарын кеңейте түсу үстінде олар солтүстік-шығысындағы маньчжур-тунгус, солтүстік-батысындағы және батысындағы түрік және монғол, оңтүстік-батысындағы сино-тибет тайпаларымен т. б. бірде жауласып, бірде бейбіт қатынаста болып отырған.

Қытайлықтар ғасырлар бойы күрес жүргізген шет жерлік халықтар ішінде түп нұсқа жазуларда әсіресе сюн-нулар көбірек аталады, бұлар кейінірек (б. э. IV ғ.) Европаға өтеді де, осы жерде біршама өзгертілген гундар деген атпен белгілі болады.

Қытайлықтармен көршілес болған этникалық топтардың елеулі бөлігі уақыттың өтуімен байланысты қытайлықтармен араласып, олардың тілі мен мәдениетін қабылдаған. Дегенмен, қазір де оңтүстік Қытайдың кей жерлерінде және батыс Қытай территориясының елеулі бөлігінде жергілікті халық қытай тілінен өзге тілдерде сөйлейді және оларды зорлап қытайландыру жөнінде талай рет әрекеттер жасалғанмен өздерінің жергілікті мәдени дәстүрлерін сақтап келеді.

2. Түп-деректер. Бұл елдің б. э. дейінгі II мың жылдықта пайда болған жазуы ешқашан ұмытылмауы және кейбір өзгерістерге ұшырап, талай реформаларды бастан кешсе де өзінің негізгі сипаттарын сақтап қалуы және ұрпақтан ұрпаққа ауысу арқылы бүгінге дейін жетуі ежелгі Қытайды зерттеу ісін көп жеңілдетеді. Оларды пайдалану үшін Таяу Шығыстың жазу жүйелерін оқу және түсіну үшін Раулинсон, Шампольон, Грозный және басқалары ашқандай жаңалықтардың қажеттігі болған жоқ. Әрине, көптеген Қытай иероглифтері ғасырлар мен мыңдаған жылдықтар ішінде өздерінің түрлері мен мәнін өзгертті, бірақ Қытайдың ежелгі және қазіргі жазулары арасындағы белгілі генетикалық байланыс сақталып қалды. Сондай-ақ қазіргі қытай тілінің лексикасы мен грамматикасы ежелгі қытай тілінен бастау алады, ал Таяу Шығыстағы тілдердің көпшілігі бұл уақытта араб және түрік тілдерімен толық ауыстырылған еді.

Ежелгі қытайдың кейбір текстері бізге түпнұсқа күйінде жетті. Рас, олардың көлемдері шағын болып келеді. Бұлар, ең алдымен, сүйек пластиналарға (немесе тасбақаның сауытына) жазылған жазулар, мазмұны жөнінен олар оракулге қойылар талап-тілек түрінде болып келеді (бұларды хэнандық бал ашу сүйектері деп атайды). Олар б. э. дейінгі II мың жылдыққа жатады (Шан-Инь уақытына). Одан әлдеқайда берірек кезден қола сауыттарға біреуге сыйлап берілгені жайлы жазулар жеткен (б. э. дейінгі II мың жылдықтың аяғы, I мың жылдықтың басы — Чжоу дәуірі). Негұрлым көлемдірек текстер нәзік ма-

териалдарға, мысалы ағаш пластинкаларға (Бамбук анналдары) немесе жібек маталарға жазылып отырған. Оларды әр ұрпақ қайта көшіріп, жаңартып тұрған, бұлардың біразы бізге жетті.

Б. э. I ғасырында қытайлықтар қағазды ойлап тапты да, әр түрлі материалдарға жазылған көптеген ежелгі жазулар кеңейтіліп, қайтадан өңделіп, қағазға түсірілді. Сөйтіп, Библияны, Авестаны және басқа үнді шығармаларын зерттеу кезіндегі сияқты, мұнда да көшіру үстінде абайсызда кеткен қателерді айтпағанның өзінде, ежелгі документтердің сол кездегі жаңа дәуір талаптарына орай саналы түрде өзгертіліп, ыңғайластырылып қайта жазылғандығын ескеріп отыруға тура келеді. Осыған қарамастан ең ежелгі кездерден бастау алатын (рас, біраз бұрмаланған түрде болса да) көптеген жазулар бізге жетіп отыр.

Үндістаннан өзгешелігі — ежелгі Қытай жылнамашыларының жинақтарының бізге жеткендігі. Бұлардың ішінен ең алдымен жоғарыда аталған Бамбук анналдарын айтуға болады. Олардың мерзімін анықтау үшін сүйеніш тірегіміз бар: ол — күн тұтылуы жайлы да сөз болатындығы, осы күнгі астрономдар бұның б. э. дейінгі 776 жылы болғандығын есептеп шығарып отыр.

Ең кейінірек кезден жеткен шығарма — «Чун Цю» («көктем мен күз»), ол Қытайдың бір аймағының (Лу патшалығының) күнделікті өмірін баяндайды. Оның авторы Қытайдың белгілі философы Конфуци (б. э. дейінгі VI ғ.) деп айтылады.

Б. э. дейінгі II ғасырда іргелі тарихи шығарма құрастырылған, оның авторы — жоғары дәрежелі мемлекет қызметкері Сыма Цянь болған.

Одан бергі кездер үшін «Бірінші (Үлкен) Хань династиясының тарихы» өте маңызды документ болып саналады, оны б. э. I ғасырында бір семьядан шыққан жылнамашылар: Бань Бяо, оның ұлы Бань Гу мен қызы Бань Чжао құрастырған. Әсіресе бұл іске әйел адамның қатысуы назар аударады. Бұл — ежелгі Шығыс тарихында қосалқы автор ретінде болса да әйел адамның жылнама жазуға қатысуы жөніндегі бірден-бір факті.

Бұл семьяның коллективтік шығармасы тек саяси ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік тарихты да сөз етеді. Онда б. э. дейінгі I және б. э. I ғасырлары шекарасында Қытайды сілкіндірген қуатты халық қозғалыстары суреттеледі. Әсіресе, құлдар көтерілісіне назар аударылады. Әрине, бұл оқиғалар таптық көзқарас тұрғысынан қарақшылардың бүлігі ретінде бағаланды және авторлар ешқандай әлеуметтік заңдылықтарды іздемейді де, бірақ оқиғалардың біршама екжей-текжейлі баяндалуы, біздер үшін аса құнды. Шығыстың өзге елдерінің жылнамашылары мұндай фактілерді назар аударуға тұрмайды деп тастап кеткен еді, ал егер халық көтерілістері жайлы айта қал-

са, оларды еске түсірудің қажеті жоқ апат ретінде бірер ауыз сөзбен ғана қысқаша мәлімдеп отырған.

Ежелгі Қытайдың тарихы жөнінде жылнамалардан басқа халық әндері де маңызды деректер береді. Әсіресе «Ши Цзин» («Ән кітабы») жинағы қызықты, онда қарапайым егіншілердің тұрмысы мен әдет-ғұрыптары айқын суреттеледі. Сондай-ақ «Документтер кітабын» («Шу Цзин») да атап өту жөн, онда ескілікті аңыздар баяндалады. Ежелгі Қытайдың қоғамдық өмірін әр қырынан сипаттайтын көптеген деректерді біз әр түрлі трактаттардан (әскери өнер, экономика жөнінде т. б.) табамыз.

3. Тарихнама. Еуропаға ежелгі Қытай (орта ғасырлық Қытай сияқты) көпке дейін белгісіздеу болып келді. Ол жайында сақталған антик заманнан қалған деректер өте мардымсыз еді. Тарихтың атасы Геродот Үнді аңғарынан шығысқа қарай орналасқан елдер жайлы ешнәрсе білмеді. Александр Македонскийдің жорықтарынан кейін жазба деректер қалдырған неғұрлым кейініректегі антик авторлары да эллиндік державалар мен Римге жібек жіберіп тұрған ел жайында көмескі және үзік-үзік мәліметтер ғана келтіреді.

Орта ғасырларда Қытай жөніндегі түсінік бұл елдің өткен тарихына оншалықты тереңірек үңілуді мақсат етпеген саяхатшылардың жазбаларымен ғана (мысалы венециялық Марко Полоның) шектелетін еді.


Тек б. э. XVI ғасырынан бастап еуропалық миссионерлер мен көпестер Шығыс Азияның сол кездегі жағдайы мен өткеніне көбірек көңіл бөле бастады. 1585 жылы португалдық Мендоза жазған «Ұлы қытай халқының тарихы» пайда болды.

XIX ғасырда француздардың Қытайды зерттеуші ғалымы Э. Шаванн Сым Цяньның «Тарихи жазбаларын» аударуды қолға алады.

Қытай тарихын зерттеуде аса көрнекті роль атқарған орыс саяхатшыларынан, әсіресе, Н. Я. Бичуринді (Иакинф монахты) атап өту жөн. Ол Қытайда пекиндік діни миссияның бастығы болып 14 жыл тұрған (1807—1821 жылдар) және өте көп қытай документтерінің түпнұсқасымен танысқан. Н. Я. Бичурин мен орыстың өзге де оқымыстылары өз еңбектерінде қытай халқына сүйіспеншілік тағытады және қытай мәдениетінің дүние жүзілік маңызын мойындайды.

Дворяндық және буржуазиялық синология (қытай тану ғылымы) қаншалықты еңбек сіңіріп, табысқа жетті дегеннің өзінде де Қытайдың тарихи дамуының барысын түсіндіріп беруге және оның жалпы заңдылықтары мен жергілікті сипаттарына және ерекшеліктеріне жататын жайларды ажыратуға өрелері жетпеді.

Қытайлар жөнінде (үнділер сияқты) бір орнында қозғалмай тұра беретін, ілгері басуға қабілетсіз халық деген көзқарас кең тараған еді. Екінші жағынан бұған карама-қарсы көзқарас



Бал ашатын жазуы бар сүйек


та орын алды. Қытайдың кейбір тарихшылары белгілі шовинистік пікірлердің шылауында кетіп, өз елдерінің тарихи ролін тым асыра бағалады (кейде осы күні де солай болып жүр).

Қытайдың өткен тарихын зерттеудің дұрыс жолын, кейбір талас пікірлердің бар екеніне қарамастан, қазіргі совет ғылымынан көруге болады.

Совет тарихшыларының көпшілігі ежелгі қытай қоғамының құл иеленушілік сипатын мойындайды және мұнда да феодалдық сатыға көшу батыс елдерімен бір дәуірде (біздің эрамыздың алғашқы ғасырларында) бірте-бірте жүзеге асқандығын растайды. Бұл жөнінен Л. В. Симоновскаяның, Т. В. Степугианың және басқаларының еңбектерін атауға болады.

Ежелгі Қытай тарихының негізгі кезеңдері дәстүр бойынша (династиялар мен патшалықтардың аттарымен): Шан (Инь), Чжоу, Цинь және Хань деп аталады. Осы кезеңдердің қайсысында Қытайдың феодалдануы басталды деген мәселе төңірегінде әлі күнге талас жүріп келеді. Алайда, алғашқы таптық формацияның (құл иеленушіліктің) феодализммен ауысуы Қытай дамуының әлдеқандай ерекшеліктері нәтижесінде Европа мен Таяу Шығысқа қарағанда едәуір бұрын болды деп айтуымызға ешқандай да негіз жоқ.

4. Ең ежелгі Қытай. Шан (Инь) мемлекеті. Археологиялық деректерге қарағанда Қытайда ежелгі тас ғасырында-ақ адамдар қоныс тепкен. Қазіргі Пекин маңынан антропологиялық жағынан ең ежелгі маймыл-адамнан (питекантроптан) күшті айырмашылығы болған және маймылдың адамға айналуы жолындағы келесі кезенді белгілеп берген синантроп сүйектері ұшырасқан. Палеолит дәуірінің көптеген құралдары табылған. Қытайдың көп жерлерінен (әсіресе Хэнаньнан), сондай-ақ нео-



Қола мен сүйектен жасалған Инь бұйымдары

лит уақытына жататын, едәуір кейінгі кезеңдегі мекен-жайлар да табылған.

Ежелгі қытай тарихшыларынан (әсіресе Сым Цяньнан) қалған естеліктерге қарағанда ең ежелгі Қытайда (өзге халықтардағы сияқты) матриархат үстемдік құрған. Туыстық жағдайы аналық жолмен анықталатын болған. Тайпа көсемінің билігі әкеден балаға емес, ағадан ініге қалып отырған.

Б. э. дейінгі II мың жылдық аналық праводан бірте-бірте аталық правоға көшу кезеңі болды, әрі әр қилы тайпалық топтарда бұл өзгеріс әр түрлі уақыттарда жүзеге асты және матриархаттың қалдықтары көп уақытқа дейін сақталды.

Ежелгі қытай тайпаларынан б. э. дейінгі II мың жылдықтың бас кезінде әсіресе Шан тайпасы күшейеді, ол Хуанхэ жағасына шамасы солтүстіктен келсе керек. Ол өзге тайпаларды (соның ішінде б. э. дейінгі XVIII ғасырға дейін осы жерлерде басымырақ болып келген Ся тайпасын да) өзіне бағындырып, өзен алқабының едәуір бөлігін өзіне қаратады.

Егер ежелгі қытай деректеріне сенсек, б. э. дейінгі XVIII ғасырда Чэн Тан атты адам мемлекет құрады да, ол үстем болып тұрған тайпаның атымен Шан мемлекеті аталады. Кейініректегі тарихи документтерде бұл мемлекет Инь деген атпен (көршілері солай атаған) аталып отырады. Зерттеушілердің көпшілігі Шан және Инь деген атаудың екеуін де қолдануды жөн көреді. Б. э. дейінгі XVIII—XII ғасырларда өмір сүрген Шан (Инь) патшалығының экономикасы жөнінде біз көптеген материалдық мәдени ескерткіштер мен хәнандық бал ашу сүйектеріндегі қысқаша жазулардан мағлұмат аламыз.

Еңбек құралдары мен қару-жарақтар жасау үшін негізгі материал ретінде ол кезде әлі де тас пен сүйек қолданылатын болған. Алайда мыстан, кейін қоладан жасалған құралдар да (пышақ, күрек, балта, біз т. б.) пайда бола бастайды.

Шаруашылықтың қарапайым формаларынан мал өсіруге, егіншілікке көшуге және тіпті суландыру жүйесін жасауға деген алғашқы талпыныстар байқалады. Аншылықтың сәтті, сәтсіз болуы жайлы ғана емес, егіннен мол өнім алынуы немесе алынбауы жайлы да бал ашу орын алған. Сол уақыттарға жататын көне жазулар ішінде учаскелерге бөлінген егін алқабының, сондай-ақ тіпті суғару каналдарының да схемалары ұшырасып қалады. Тары, арпа, бидай, гаолян өсіріліп отырған. Әсіресе тұт ағашын өсірудің ерекше маңызы болды, ол (Алдыңғы Азиядағы сияқты) жемістері үшін емес, жібек құрттарын асырайтын жапырақтары үшін бағаланатын еді. Бұл уақытта жібек маталары Солтүстік Қытайға кеңінен жайылған болатын.

Негізгі жұмыс малы болып (ежелгі шығыстың өзге де елдеріндегі сияқты) өгіздер саналды. Жылқылар аз еді, олар күймелер мен қос дөңгелекті арбаларға жегілетін.

Мал бағу ол дәуірде, халықтың тығыз орналасуы себепті жайылымы жетіспейтін қазіргі Қытайға қарағанда, жоғары дәрежеде дамыған еді. Шан (Инь) дәуірі документтерінде құдайларға құрбандыққа шалынған жүздеген бас өгіз бен қойлар жайлы сөз болады. Сондай-ақ мұнда ешкі мен шошқа да өсірілген.

Шан (Инь) патшалығында қолөнер жоғары дәрежеде дамиды. Оның астанасының (ол да Шан атанған) қираған орнынан қола бұйымдарын жасайтын құю шеберханасының қалдықтары табылған. Мұнда дайын өнімнің қалдықтары мен қоқыс қана емес, сондай-ақ құю қалыптары да сақталған.

Керамика, атап айтқанда ақ балшықтан (каолиннен) бұйымдар жасау шеберліктің жоғары дәрежесіне жеткен. Қыш шеңбері белгілі болған. Ағаш материалдары да кеңінен қолданылған: үйлер (тіпті сәулетті сарайлар да) ағаштан салынған.

Егіншіліктен қолөнердің бөлініп шығуы айырбастың дамуына алып келді. Бағаның өлшемі қызметін ерекше қабыршақтар (каурилар) атқарды. Шығыс Азияның әр түрлі елдерімен, атап айтқанда мыс пен қалайы өндірілетін Янцзы бассейнімен (ол Қытай жеріне кірмейтін) сауда байланыстары орнады.

Хуанхэ алқабынан солтүстікке және батысқа қарай созылып жатқан таулы өлкелер мен далалық аймақтардан мал, тері, аң терілері және тастар (яшма, нефрит т. б.) әкелінетін еді. Айырбасталып алынған қытай қолөнер бұйымдары Енисей жағасына дейін жеткен.

Өндіргіш күштердің дамуы және ішкі, сыртқы айырбастың күшеюі мүлік теңсіздігіне еріксіз алып келді. Қазбалар кезінде

бай үйлермен және мазарлармен қатар кедейлердің тұрған үйлері мен қойылған орындарының қалдықтары да ұшырасады. Кей иероглифтер құлдарды (қолы байланған тұтқындар мен басы байлы үй қызметкерлерін) бейнелейді. Дегенмен, құл иелену әлі алғашқы қарапайым сатысында болды. Бал аштырғанда, немесе ел билеушілерді көмгенде құлдарды құрбандыққа шалу ғұрпы еріксіз еңбекке мұқтаждықтың әлі де күшті болмағандығын көрсетеді.

Өңделетін жерге қауым иелік ететін. «Құдық жүйесі» деген орын алды, оның мәні мынадай еді: ауылға тиісті жерлер тоғыз бөлікке бөлінетін (бұл бөлістің схемасы «құдық» деген сөзді бейнелейтін иероглифке ұқсас еді). Бұл учаскелердің сегізі әр түрлі семьяларға үлеске берілетін де, тоғызыншысы (Орталықтағысы) күш біріктіріліп өңделетін де, өнімі жалпы қажеттер үшін старостаға берілетін (кейінірек оны патша иемденетін болған).

Бірте-бірте мемлекеттік аппарат қалыптасып, вандар (басқарушылар) сайланып отыратын тайпа көсемдерінен билігі мұра ретінде қалып отыратын патшаларға айналады.

Орталық биліктің нығаюы Шан қаласын бүкіл елдің орталығына айналдырумен (б. э. дейінгі XIV ғ.) байланысты жүзеге асса керек. Патшалар іс жүзінде қауымның меншігінде болып табылатын жерлердің номиналды жоғарғы иелеріне айналады. Тұрақты армия, чиновниктер мен түрме пайда болады. Патшаның туыстары мен жақын адамдарынан аристократтар әулеті қалыптасады. Патша билігінің беделін сақтау үшін дін пайдаланылады. Патшаны «аспанның ұлы» деп атайды.

5. Чжоу патшалығы және елдің ыдырау кезеңі (Чжан Го). Шан (Инь) патшалығы берік болмайды. Жазба тарихи аңыздарда бағындырылған тайпалардың көтерілістері жайлы бірқатар деректер ұшырасады. Әсіресе Вей өзенінің (Хуанхэнің саласы) екі жағын жайлаған батыстағы чжоу тайпалары қауіпті жау болып шығады.

Бұл тайпаның көсемі У Ван Шан (Инь) династиясының соңғы өкілі Шоу Синьді соғыста жеңіп шығады да, бұл соңғысы өзін-өзі өлтіріп тынады. Бұрынғы патшалықтың қираған орнында енді (тағы да үстемдік құрған тайпа мен елді басқаратын династияның атымен аталатын) Чжоу патшалығы құралады. Ол б. э. дейінгі XII ғасырдың аяқ кезінен б. э. дейінгі III ғасырдың ортасына дейін өмір сүрді.¹

Бұл кезең елдің астанасы Хао қаласы болып тұрғандағы Батыстық Чжоу және елдің астанасы шығыстағы Лои қаласына (Хэнандағы осы күнгі Лоян қаласы) көшірілген кездегі Шығыстық Чжоу уақыттарына² бөлінеді. Сондай-ақ бұл жерде

¹ Дәстүрлі қытай хронологиясы бойынша б. э. дейінгі 1122 жылдан 249 жылға дейін.

² Батыстық Чжоу б. э. дейінгі 1122—771 жылдармен, Шығыстық Чжоу — 770—249 жылдармен даталанады.

Чжоу династиясы өзі өмір сүрген соңғы ғасырларда тек номиналды билікке ғана ие болғанын және бұл б. э. дейінгі IV ғасырды және III ғасырдың едәуір бөлегін қамтитын дәуірді қытай жылнамашылары өтпелі дәуірге жатқызатынын, ол Чжан Го («Жаулаушы патшалықтар») ¹ деп аталатынын ескеру қажет.

Батыстық Чжоу кезеңі Ру шонжарларының сарай маңындағы, сондай-ақ шет аймақтардағы шонжарлардың да — едәуір күшеюімен сипатталады. Патшалар өз туыстары мен жақын адамдарына едәуір мол жалақылар мен артықшылықтар беріп отырған. Қола сауыттардағы жазуларда кейбір еңбегі сіңген төрелерге селолық қауымдардан тартып алынған көптеген жер учаскелерін, сондай-ақ жүздеген, кейде тіпті мыңдаған құлдар сыйланғандығы жөніндегі жазулар өте көп ұшырасады. Құл иеленудің көлемі басып алынған Шан (Инь) патшалығының тұрғындарының бір бөлегін құлға айналдыру есебінен өсе түседі. «Шан жеріндегі біздер жағына қашып өткендерге тимендер, олар біздің батыс алқаптарымызда жұмыс істесін» деген сөздерді У Ван патша (Чжоу патшалығының негізін қалаушы) өз әскерлеріне айтыпты-мыс деген сөздің ұрпақтан-ұрпаққа жетуі тегін емес. Сөйтіп, жеңіске жетушілер қарсыласқан жауларын құрта отырып, өз еріктерімен бағынғандарға тимей; оларды еріксіз жұмыстарға пайдаланып отырған.

Көршілес көшпелі тайпалармен, соның ішінде сюнну (гунндар) тайпаларымен болып тұрған соғыстарда қолға түскен тұтқындар да құлдарға айналдырылды. Кейінірек құлдар қатары сотталған қылмыскерлер есебінен де толықтырылды.

Кауымдық жерлерді тонау мен құлдар санының көбейе түсуі шонжар семьялар қарауындағы ірі жеке меншікті шаруашылықтар құрылуына жағдай туғызды. Жерді мұраға қалдыру енді жеке меншік ретінде иеленуге (басқаша айтқанда оны қалай пайдаланам десе де шек қойылмаушылыққа және басқаға беру мен сатуға да ерікті болушылыққа) жақындай түсті.

Чжоу династиясының алғашқы патшалары жер иеленуші шонжарлардың экономикалық жағынан күшеюіне жағдай туғызып отырғанмен де, оларды өз қолдарында ұстауға тырысып, орталық және жергілікті бюрократтық аппаратты тәртіпке келтірді.

Мемлекеттің жоғарғы органын құру туралы деректер сақталған. Ол патшаның үш кеңесшісінен (ұлы ақылшысынан, ұлы ұстазынан, ұлы қамқоршысынан) және үш басқарушысынан тұрған, бұлардың бірі—дін істерін, екіншісі—қоғамдық жұмыстарды (суландыру жүйелерінің құрылыстарын қоса), үшіншісі — әскери істерді басқарған.

¹ Бұл өтпелі кезең б. э. дейінгі 403—221 жылдар арасымен белгіленеді және Шығыстық Чжоу кезеңінің бір бөлігін (бұл династияның қолынан шын мәніндегі билік кеткеннен кейінгі кезде) және Цинь династиясының (толық нығайғанға дейінгі) бас кезін қамтиды.

Бірақ жалпы мемлекеттік көлемде басқару аппаратын ұйымдастыруға талпыныстар сәтсіз болды. Аймақ басқарушылары бірте-бірте жергілікті патша әкімдерінен өз алдына тәуелсіз шағын патшалықтың әміршілеріне айнала бастайды. Қытай жылнамашыларының көрсетуінше б. э. дейінгі ІХ ғасырдың өзінде-ақ¹ патшаға тағзым ету үшін астанаға барып тұру мен тіпті мезгіл-мезгіл алым-салық жіберіп тұрудың өзі де тоқталады. Бұдан кейінгі кезде орталық билікке қарсы ашық көтерілістер барған сайын жиілей түседі. Көшпелі тайпалардың қысым жасай бастауы жағдайды қиындата түседі. Қытайдың басты жаулары солтүстігінде сюн-нулар, ал батысында — жундар болған. Бұл көшпелілер орталық билікке қарсы көтеріліс жасаушыларға көмектесіп отырған.

Сепаратизм әсіресе Шығыстық Чжоу кезеңінде күшейе түседі. Бірқатар аймақтардың басқарушылары шын мәнінде тек қана астана маңындағы шағын жерлерге ие болып қалған патшаның өзінен әлдеқайда күшті болып алады.

Өтпелі кезең болып табылатын «Жауласушы патшалар» (Чжан Го) кезінде неғұрлым күшті жеті мемлекет² дараланып шығады, бұлар орталық билікпен сәнауды мүлде қояды. Алғаш қарағанда таң қаларлық болып көрінгенмен де Қытайда дәл осы ыдыраудың күшейе түсу дәуірінде елеулі экономикалық өрлеу байқалады, мұның өзі содан кейінгі кезеңде елдің қайта бірігуіне жағдай туғызады.

Б. э. дейінгі VII—VI ғасырлардан бастап ауыл шаруашылығы мен қолөнері ісінде темір барған сайын көбірек қолданыла бастайды. Темірден жасалған теселер, плугтарға арналған түрендер және орақтар көп жерлерде (әсіресе солтүстікте) бұрынғы тастан, мыстан және қоладан жасалған құралдарды ығыстырып шығара бастайды. Осының арқасында тың жерлерді игеру мүмкін болды. Жерді неғұрлым терең жырту алқаптардың өнімділігін арттырды, оның үстіне бұл жерлер тыңайтыла да бастады. Темір күректерді пайдалану неғұрлым тереңірек және үлкенірек каналдар қазуға мүмкіндік береді. Қолөнері, әсіресе жібек маталары мен лак жағылған бұйымдарды шығару елеулі түрде дамиды.

Қоғамдық еңбек бөлінісі мен әр түрлі аудандардың шаруашылықтың белгілі салаларына мамандана түсуі күшейді. Бір аймақтарда тоқымашылық, екіншілерінде — темір өндіру және өңдеу басым болса, үшіншілері теріден жасалған бұйымдарымен т. б. белгілі болды. Осымен байланысты ішкі және сыртқы сауда күшейе түсті. Солтүстікте, соғыстарға қарамастан, көшпелі тайпалармен зат айырбасы қызу жүреді. Оңтүстіктен піл сүйегі, қымбатты тастар мен інжу әкелінеді. Б. э. дейінгі VI

¹ Ли Ван патша тұсында (б. э. дейінгі 878—842 жылдар).

² Бұлар: Цинь (батыста), Чу (оңтүстікте), Ци (шығыста), Чжао (солтүстікте), Янь (солтүстік батыста). Вэй және Хань (орталықта) мемлекеттері еді. Бұлардан басқа бірнеше кішірек патшалықтар да (Лу т. б.) бөлініп шықты.

ғасырда қабыршақтар (каурилар) орнына металл ақша пайда болады. Бұлар салмағы бірдей алтын құймалары мен пышак, күрек, төрт бұрышты пластинкалар мен дөңгелек табақша (кейде ортасы тесік) түріндегі мыс ақшалар еді.

Көптеген қалалар бұрынғы князьдықтар орталықтарынан енді сауда мен өнер орталықтарына айналады. Олардың кейбіреулері тұрғындарының саны 10 мыңнан асып кеткен еді, бұл ол кез үшін үлкен жетістік болатын.

Көпестер мен өсімқорлардың ролі күшейе түседі. Олардың ішінен шыққан көп адамдар ата тегінен аристократтарды ығыстырып, көрнекті мемлекеттік қызметтерді иемдене бастайды, қызмет орнын сату жүйесінің шығуы бұған дем бере түседі. Ақша шаруашылығының дамуы барысында қауымдастардың көпшілігінің жағдайы шұғыл нашарлап кетті. Олардың көпшілігі қарыздарын төлеуге шамалары келмегендіктен өз учаскелерін (алғашқыда огородтары мен бақтарын, соңынан егіс алқабын да) өсімқорларға беріп отырды. Жерден айрылған соң олар батырақтар ретінде жалдануға мәжбүр болды. Іс мұнымен тынбайтын. Жұмыс таба алмаған кедейлер үйсіз-күйсіз қаңғыбастарға айналып, қуғындауға ұшырады, «жалқаулығы үшін» құлдарға айналдырылды. Мемлекеттік құл иеленумен бірге жеке құл иеленушілік те дамыды. Жүздеген және мыңдаған құлдары болған ірі жер иеленушілер мен көпестердің есімдері¹ бізге белгілі. Құлдар көтерілістері жайлы хабарлар да кездесіп қалады.

6. Цинь империясы. Б. э. дейінгі IV ғасыр мен III ғасырдың басында Қытайдың ыдырауы өзінің жоғарғы шегіне жетті де, мұның өзі өндіргіш күштер мен айырбастың дамуына кедергі жасады. Біртұтас суландыру жүйесін жасау және өзен суларын бүкіл ел көлемінде белгілі жүйемен бөліп отыру үшін әр түрлі аймақтардың күш біріктіруі керек еді, ал бұл бытыраңқылық жағдайда мүмкін болмады. Бөгеттерді өзге аудандармен келіспей салудың өзі табиғат апаттарына ұшыратып отырды. Екінші жағынан жауласушы патшалықтардың шекараларындағы таможнялық кедергілер шаруашылық қарым-қатынасқа бөгет жасады. Саудамен айналысушы топтың мүддесі елдің әр түрлі бөліктерін тығыз біріктіруді қажет етті. Сонымен бірге таптық күрестің күшеюі мен көшпелілердің қауіп төндіруі де билеуші топтар арасында елдің бірлігін қайта қалпына келтіруге деген талпыныстар туғызды. Ішкі және сыртқы жауларды басып отыру үшін қытай құл иеленушілері орталық биліктің күшейтілуін қалады.

Елді қайта біріктіру процесінде Қытайдың батыс аймағын қаратып және өз билігін оңтүстік өлкелерге де, Янцзы өзенінің жағасына дейін жүргізіп тұрған Цинь патшалығы басты роль атқарды.

¹ Мысалы, Люй Бу Вей, Дяо Цзянь т. б.

Б. э. дейінгі IV ғасырда Цинь патшалығында маңызды реформалар жүзеге асырылды, оның инициаторы Шан Ян атты сановник еді. Мемлекет қызметіндегі аристократияға және саудагер-өсімқорлар топтарына сүйене отырып, бұл реформалар патриархалды семья негіздері мен селолық қауымға күшті соққы береді. Шан Ян ірі семьялардың ұсақталуы мен олардың дүние мүліктерінің бөлініп отыруын қолдады, сондай-ақ қауымдық үлес жерлерді ашықтан ашық және ешқандай кедергісіз сатуға және сатып алуға рұқсат етті. Алым салық күшейе түсті. Ол түсімнің көп, аз алынғанына қарай салынбады, сондықтан егін шықпай қалған жылы белгіленген мөлшердегі азық-түлікті (жерінің көлеміне қарай) тауып бере алмаған қауым мүшелері күйзеліске ұшырап, жерінен, кейде тіпті жеке басының бостандығынан да айрылып отырды.

Цинь патшалары осындай жолдармен аса көп қаржы жинап алды, бұл оларға армияны қайта құруға мүмкіндік берді. Қола қару-жарақтар толық дерлік темір қару-жарақтармен алмастырылды. Қос дөңгелекті әскери арбаларды барған сайын, көршілес дала тұрғындарының үлгісі бойынша жасақталған, жылдам қозғалуға және соғыс әрекеттеріне қолайлы атты әскерлер ығыстырып шығара бастады. Қатаң тәртіп орнатылды және ынталандыру мен сыйлық тартудың тұтас жүйесі жасалды.

Шан Янның реформалары арқасында Цинь патшалығының армиясы жауынгерлік сапасы жөнінен өзге қытай патшалықтарының әскерлерінен асып түсті, мұның нәтижелері кейінгі қырқысу соғыстарында көрінді. Б. э. дейінгі III ғасырдың алғашқы жартысында Цинь патшалары өздерінің барлық қарсыластарын жеңіп шығады. Б. э. дейінгі III ғасырдың орта шенінде Чжоу династиясы іс жүзінде ғана емес, ресми түрде де өзінің билігінен айрылады.

Елді біріктіру Ин Чжен патшалық құрған уақытта (б. э. дейінгі 246—210 жылдар) толық жүзеге асты, ол Қытай территориясындағы барлық патшалықтарды түгел өз қол астына бағындырды. Б. э. дейінгі 221 жылы ол император (хуанди) титулын қабылдап алады және бұдан былайғы жерде Цинь Ши-хуанди (Циньның бірінші императоры) аталады.

Ол солтүстікте — гуиндармен, ал оңтүстікте — Юэ елімен (Янцзының оңтүстігіндегі ел, ол осы күнгі Гуаньдун мен Гуанси провинцияларының жерлерін қоса алып жатқан) бір қатар сәтті аяқталған соғыстар жүргізді. Солтүстігіндегі көшпелілерден қорғану үшін Ұлы Қытай қорғаны салынды, ол топырақтан соғылған жалдардан, тастан және кірпіштен соғылған дуалдар мен мұнаралардан тұратын күрделі бекініс еді. Ұлы Қытай қорғанының биіктігі 10 метр, ұзындығы 4000 километр, енділігі — үстімен қатарынан алты атты шауып өте алатындай болған. Әрине, бұл бекініс қамалын салу үстінде бұрыннан бар бекіністер де пайдаланылды, бірақ тұтас алғанда аса үлкен

жұмыстар жүзеге асырылды, қамалды салуға Цинь Ши-хуанди 2 миллионға жуық адамды (негізінен соғыс тұтқындары мен сотталған қылмыскерлерді) айдап әкелді.

Өзінің ішкі саясатында Цинь Ши — хуанди Шан Ян белгілеген тәртіптерді империя көлеміне тегіс таратты. Бүкіл мемлекет патша чиновниктері басқаратын 36 аймаққа бөлінді. Ескі ата-бабасынан шонжарлар ел басқару ісінен аулақтатылды және олар қатаң бақылауға алынды.

Рулық шонжарлармен күрес жүргізілуі және жерді жеке меншіктенушілер мен көпестерге қамқорлық жасалып отыруы күшті қарсылық туғызды. Бұған наразыларға барлық ағарту жүйесін қолдарына ұстап отырған, елге ықпалы зор конфуцийшілер (Конфуцийдің философиялық мектебінің өкілдері) басшылық жасады. Олар ескі тәртіптерді жанын сала жақтады. Шан Янның реформаларын және оларды өмірге енгізуге қарсы болды. Бұл оппозициялық бағытқа қарсы Цинь Ши-хуанди батыл шаралар қолданды. 460 оқымысты-конфуцийшілер өлімге кесілді. Ел аузындағы сөзге қарағанда, император ескі уақыттарды еске түсіретін барлық философиялық және тарихи шығармаларды өртеуге бұйырған.

Цинь Ши-хуандидің ішкі және сыртқы саясаты армияға бюрократтық аппаратқа, сондай-ақ бекіністер мен сарайлар салуға аса көп шығындар жұмсауды қажет етті. Алым-салықтар мен міндеткерліктің барлық ауыртпалығы егіншілердің мойнына түсті. Селолық қауым құлдырап кетті. Жерді сатуға және басқаға беруге ешқандай кедергі қойылмауы көптеген жер өңдеушілерді алым-салықтар мен борыштарын өтеу үшін өздерінің үлес жерлерін, ал кейде тіпті өз семьясының мүшелерін де болмашы бағаға сатуға, сөйтіп бұл соңғыларының құлдарға айналуына әкеліп отырды.

Цинь Ши-хуанди өлісімен-ақ шаруалардың жаппай көтерілісі басталып, бұларға құлдар да қосылды. Осы қозғалыстың көсемдерінің бірі — деревня старостасы Лю Баньның жолы болды. Ол өз жағына халықтың қалың көпшілігін ғана емес, сонымен бірге Цинь Ши-хуанди тұсында талқандалған шонжарлардың қалдықтарын да тарта отырып, әр түрлі амалдармен өз қарсыластарын ығыстыра білді. Б. э. дейінгі 207 жылы ол Цинь династиясының ең соңғы өкілін тақтан құлатып, Бірінші немесе Үлкен Хань династиясы аталған жаңа династияның негізін салды.

7. Хань империясы (б. э. дейінгі 206 ж.—б. э. 220 ж.). Бірінші (Үлкен) Хань династиясына¹ Цинь империясы құлауына себеп болған бүліншіліктер кезінде ел ішін жайлап алған күйзелушілік пен қиындықтарға қарсы күресуге тура келді. Аштық-

¹ Кейде оны Батыс Хань династиясы деп те атайды. Ол б. э. дейінгі 206 жылдан б. э. 25 жылына дейін үстемдік құрған.

тан, аурулар мен қырқысу соғыстарынан көп халық қырылып кетті.

Лю Бань ел бірлігін қайтадан қалпына келтірді, сонымен бірге Цинь династиясы тұсында жәбір көргендерге белгілі жеңілдіктер жасады. Ол борыштары мен қылмыстары үшін мемлекет меншігіндегі құлдарға айналдырылған көптеген адамдарға бостандық берді, өте-мөте ауыр салықтар мен міндеткерліктерді жойды, жергілікті істерді жүргізу міндетін сайланып қойылатын старосталардың қолына берді. Осының алдындағы кезеңде қудалауға түскен ескі шонжарлар әулетіне кейбір жеңілдіктер жасалды.

Хань империясының күшеюі барысында бірте-бірте Цинь Ши-хуанди тұсындағы деспоттық тәртіптер қайтадан қалпына келтіріле бастады. Бұл әсіресе Бірінші Хань династиясының ең көрнекті өкілі У Ди император тұсында (б. э. дейінгі 140—87 жылдар) барынша анық байқалады. Оның тұсында жергілікті шонжарларға қайтадан тежеу қойылып, олар император чиновниктерінің бақылауына алынады.

У Ди сыртқы саясатта мейлінше белсенділік танытты. Қытай Цинь династиясы тұсындағы шекараларын әлдеқайда кеңейте түсті, олар әсіресе батысқа қарай көп ілгеріледі. Батыстағы алыс елдерге апаратын жолдарды барлап қайту үшін ежелгі кездердегі ең ұлы саяхатшылардың бірі — Чжан Цань жіберілген еді. Ол Давань (Фергана), Кангой (Хорезм) және Дася (Бактрия)¹ елдеріне дейін жетті, сондай-ақ Парфян патшалығы мен Үндістан жөнінде де бағалы мәліметтер жинап қайтты. Азия материгінің үлкен бөлігін кесіп өткен аса көрнекті саяхатшы сапардан қайтып оралған соң, одан қажетті мәліметтер алған император У Ди Қытайды батыстағы алыс елдермен жалғастырып жатқан «ұлы жібек жолын» өзіне қарату үшін армия жабдықтады.

Қытай әскерлері алғашқы жорықтарында Лоб-Нор көліне жетті, ал екінші жорық кезінде (б. э. дейінгі 102 ж.) Фергананы уақытша бағындырып алды. Оңтүстікте У Ди Үндіқытайдың солтүстік бөлігінде бекініп алуды көздесе, солтүстік-батысында Кореяның бір бөлігін бағындырып алды.

Бұл басқыншылық саясаты қыруар қаржыны қажет етті. Алым-салықтар мен міндеткерліктер бұрын болып көрмеген дәрежеге жетті. Жан басынан алынатын салық балалар мен шалдардан да алынатын еді, бұл — балалары мен әкелерін жаппай өлтіруге алып келді.

У Ди өлген соң Қытайдағы жағдай барынша шиеленісе түседі. Жердің жеке меншік иелерінің қолдарына шоғырлануы, диқандардың күйзеліске ұшырауы, борышы үшін құлдыққа түсу, сотталғандар мен олардың туыстарының құлға айналдыры-

¹ Сөйтіп, Чжан Цань осы күнгі Өзбек және Тәжік ССР-нің жерлерінде болып қайтқан.

лып отырылуы — еңбекші бұқараның жерлерінен айрылып, құлдыққа ұшырауына алып келді.

Б. э. дейінгі I ғасырдың аяқ кезінде жағдайдың шиеленісе түскені сондай, үстем тап өкілдерінің неғұрлым көрегендері әлеуметтік реформалар жасау арқылы жағдайды біршама жеңілдетіп түсуге талпыныс білдіре бастады.

Бұған әсіресе Ван Манның істері (б. э. 9—25 жылдары) дәлел болады. Ол регент ретінде көрініп, одан соң императорлық билікті күш жұмсап тартып алған адам еді.

Өз жағдайын жақсарту үшін Ван Ман бұқара халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыруға тырысты. Әлдеқашан өтіп кеткен, «бай да, кедей де болмаған» уақытқа («алтын ғасырға») қайта оралудың программасы ресми түрде жария етіледі. Жер мен құлдарды сатуға тыйым салынады. Құлдар өз қожайындарының қол астында қалып, бұрынғыша қанала берді, бірақ енді «жеке адамға тәуелділер» (сы шы) деп, басқаша айтқанда императордың емес, жеке құл иеленушілердің қол астындағы адамдары деп атала бастады. Сонымен бірге әр семьяның жер иелену нормасы 100 му (екі гектарға жуық) болып белгіленді, одан артық жер иеленуге болмайтын еді. Бұдан артығын жері жоқтар мен жері аздарға бөліп беру жөнінде қаулы болды, әрі егіншілер бұрынғыша қауымдарға ұйымдасуға («құдық алқабы» жүйесі бойынша) тиіс еді.

Мемлекет сауда-өсімқорлық операцияларына араласа бастады. Рынок бағасы реттеліп отырды, патша чиновниктері қазына ақшасын қарызға беру арқылы жеке өсімқорлармен бәсекеге түсіп, олардың озбырлығын шектеп отырды. Бұл шаралардың бәрі бюрократтық жолмен жүзеге асырылғандықтан зиянкестіктер орын алды және іс жүзінде чиновниктердің баюына алып келді. Ван Манның өзі батылдық көрсете алмады және мезгіл-мезгіл өзі шығарған қаулыларды өзі бұзып отырды. Елдің берекесі қашқан финансын қалпына келтіру үшін ол алым-салықты ұлғайтып, жаңа монета шығарды. Мұның салдарынан баға өсті (күріш 50 есе қымбаттады). Үміттері ақталмаған кедейлер чиновниктердің озбырлық қиянаттарымен күресуге Ван Манның шамасы келмейтініне және оның жариялаған реформалары жүзеге асырылмайтынына көздері жеткен соң көтеріліске шығады. Көтеріліс жасаушыларға Ван Ман биліктен айырған Хань династиясын жақтаушылар да келіп қосылады.

Неғұрлым ірі қозғалыс б. э. 18 жылы Шандунда бұрқ ете түседі және бірқатар өзге провинцияларға тарайды. Бұл көтерілісті Фан Чун басқарады, ол қарулы күреске шығушылардың бәріне айырым белгі ретінде қастарын қызыл түске бояп алуға бұйрық береді. «Қызыл қастылар» көтерілісі деген ат осыдан шығады. Б. э. 23 жылы көтерілісшілер Хань патшалығының

астанасы Чанань қаласының қабырғаларына таяп келіп, оны басып алады. Ван Ман өлтіріледі.

Осындай табысқа жеткендеріне қарамастан көтеріліске шыққан кедейлер мен құлдар жағдайды дұрыс пайдалана алмады. «Қызыл қастылар» көтерілісінің құлашы қаншалықты кең болғанымен де, ол стихиялы болды және оның айқын да нақты программасы болмады. Халық қозғалысына қосылған, бір кезде құлатылған Хань императоры үйінің мүшелері өз орталарынан Лю Сю дегенді алға шығарады да, ол өзін императормын деп жариялап, көне Ло-и қаласына бекінеді. Сөйтіп, өкімет басына Хань династиясының кіші тармағы (б. э. 25—220 жылдар) келді.

Көтерілісшілер қатарын сирету үшін Лю Сю құлдарға жаппай бостандық берді және салықтың азайтылатынын жариялады. Көтеріліске қатысушылардың біразы үйлеріне тарап кетті, ал табан тіреп күрескендердің қарсылығы әскери күшпен басылды.

Осындай оқиғалар нәтижесінде құл иеленуші қоғамның іргесі қатты шайқалған еді. Аштық кезінде құлдыққа сатылған кедейлер мен мемлекет қарамағындағы құлдардың елеулі бөлігіне бостандық берілді. Құлдарды өлтіруге және таңбалап отыруға да тыйым салынғаны назар аударарлық жай еді.

Уақытша тыныс алу және Хань империясын нығайту басқыншылық саясатты қайта жандандыруға мүмкіндік берді.

Әсіресе қытай қолбасшысы Бань Чао көзге түсті, ол гунндарды талқандап жеңді, содан соң (б. э. 90 ж.) Орта Азиядағы Кушан империясына батыл соққы берді. Бұл күдіретті держава Қытайға бағынуға және алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Бань Чао батыстың әр түрлі елдеріне өзінің елшілерін жіберді. Олардың бірі Парсы шығанағына (Парфия патшалығы жеріндегі) дейін жетті.

Орта Азия мен Парфия арқылы өтетін батыс («жібек») жолымен қытай товарлары (жібек, металл бұйымдар, керамика, лак жағылған көркем өнеркәсіп бұйымдары т. б.) Римге апарылатын, олардың орнына европалық және батысазиялық өнімдер келетін, қытайлықтар осы кезеңде соған дейін Шығыс Азияда белгілі болған жүзіммен тұңғыш рет танысады. Б. э. II ғасырында рим елшілігінің келуі жөнінде алғашқы дерек ұшырасады. Оңтүстікте қытайлар Үндіқытай арқылы Үндістанға өтіп тұрды. Шығыста Жапониямен теңіз байланыстары орнайды. Қытайға әкелінетін товарлар ішінде құлдар да кездесіп қалады. Алайда, құл иеленудің ролі кеми бастаған еді. Барлық белгілерге қарағанда, ол өндіргіш күштердің дәрежесіне сай келмеген.

Жаңа эраның алғашқы ғасырларында өндірістің жаңа өрлеуі байқалады. Суды жоғарыға шығаратын күрделі құрылыстар пайда болады, ұста көріктері, су диірмендері жетілдіріледі т. б. Құл еңбегін қажетсіну азаяды. Еңбекті қанаудың өзге

түрлері, соның ішінде тым арзанға жалдау көбірек орын алады. Көптеген құлдар жерді арендаға алып, өнімінің жармажартысын қожасына беріп отырды.

Б. э. II ғасырында тағы да Қытайды дүр сілкіндірген оқиғалар болды. «Сары орамалдылар» көтерілісі (б. э. 185 ж.) деп аталған халықтың кең көлемдегі жаңа қозғалысы өріс алды. Оны талантты көсем Чжан Цзяо мен екі туысы басқарды. Бұл көтеріліс 20 жылдай уақытқа созылды және күшпен басылса да, Хань империясының іргесін мықтап шайқалтты. Б. э. 220 жылы ол үш патшалыққа бөлініп кетті. Осындай саяси бөлшектену жағдайында құл иеленуші қоғамның жойылу және феодализмнің қалыптасу процесі жүзеге асады.

8. Ежелгі Қытайдың мәдениеті. Біз қытай жазуының иероглифтік жүйесі б. э. дейінгі II мың жылдықта қалыптасқанын бұрынырақта айтып өттік, содан бергі уақытта мұндағы жазу дәстүрінде ежелгі шығыстың көптеген өзге елдеріндегі сияқты үзіліс болған жоқ: Ғасырлар өткен сайын бұл жүйе барған сайын күрделене берді. Алдыңғы Азия мен Египеттегі сияқты алфавит шығаруға мұнда ешқандай талпыныс болмады, керісінше, иероглифтер саны барған сайын өсе түсті. Егер олардың саны Шан (Инь) кезеңінде 2000-нан аспаған болса, Хань династиясы кезінде 18 000-ға дейін жетті. Осы аса көп иероглифтер ішінен қажетті белгілерді іздеп табуға жол көрсететін арнаулы анықтама кітаптарын құрастыру қажет болды.

Жазу үшін негізгі материал ретінде ағаш тақтайшалар, кейінірек жібек маталар пайдаланылды, ал б. э. I ғасырында қағаз ойлап табылды¹, ол ағаштан және ескі торлардан жасалды. Текстер тік бағаналар түрінде және солдан оңға қарай жазылды. Көшірмешілер бояуға (кейінірек тушьқа) матырылған ұшы ұшталған таяқшалармен (кейінірек қыл қаламдармен) жазды.

Қытай әдебиетінде діни дәстүрлер өте күшті сезіледі. Әсіресе бабалар рухына сыйынуға үлкен мән берілді. Табиғат құбылыстары мен әр түрлі өнертапқыштардың өз құдайлары бар деп саналды. Матриархат сатысында барлық тіршілік иесінің жарылқаушысы Нюйва деп танылды, әлем мен адамдарды жаратқан, аспанның жыртық-тесігін таспен бітеп бекіткен — сол деп есептелді. Кейінірек табиғаттың және бабалар рухының пантеоны жасалады, оның басшысы аспанды бейнелейтін Шан Ди болып танылды.

Керемет ғажайып күшке ие батырлар жайлы көптеген аңыздар туды. Бұл аңыздар эпикалық циклдерге біріктіріледі. Әсіресе адамдарды отты табуға үйреткен Суй Жен (ол грек алыбы Прометей сияқты) жайлы аңызды ерекше айтуға болады.

Б. э. дейінгі I мың жылдықтың орта шенінде Қытайда әр түрлі философиялық мектептер пайда болады. Олардың ішін-

¹ Ежелгі қытай деректері бойынша қағазды Цай Лунь ойлап тапқан.

дегі ең ықпалдысы, уақытша жеңіліске ұшырағанына қарамастан жаңа эраға дейін өз позицияларын сақтап қалғаны конфуцийшілер мектебі болды.

Оның негізін салған философ Кун-цзы (Конфуций) еді, ол б. э. дейінгі 551—479 жылдары өмір сүрді. Оның ілімі патриархалдық дәстүрлерді қолдады және әлеуметтік негіздер мызғымайды деген көзқарасқа сүйенді.

Ол қожайын қожайын болып, оның қол астындағылар сол қол астындағы күйінде, әке әке болып, бала бала болып қалуға тиіс деп санады. Жасы кішілердің үлкендерге, халықтың әміршілерге бағынуы мәңгілікке мызғымайтын заң деп түсіндірді. Тәрбиелеу жүйесі діни принциптермен (ата-бабаларды құрметтеумен) тығыз байланысты болған табиғи праволарды оқытып үйретуге негізделді. Қандай да болмасын түбірлі өзгерістер — зиянды деп саналды.

Конфуциялық ілім әсіресе шонжарлар арасында кең таранды, өйткені ол қарадан шыққанына қарамастан байлық пен билікке қол соғушы жаңа адамдардың алға шығуына жаулықпен қарады.

Конфуциялық іліммен екінші философиялық ағым даосизм тайталасып отырды, оның ең көрнекті өкілі Конфуцийдің жасы үлкен замандасы Лао-цзы еді. Оның ілімінен аңғал-материалистік бағытты және тіпті диалектиканың бастамасын байқауға болады.

Даосистердің пікірінше: әлемдегі барлық заттар материалдық бөлшектерден пайда болған және ешкімнің де саналы әрекетіне тәуелді болмай, өзінің қатаң заңдылықтары («дао» — жол деген сөз) бойынша дамиды. Әлемдегі өзгерістердің бәрі заттар мен тіршілік иелерінің белгілі қасиеттеріне және мәңгіден келе жатқан әр нәрсенің өзінің қарама-қарсы сыйпатына ауысатыны жөніндегі заңдылыққа байланысты болып отырады деп түсіндірілді. Бір нәрсені қыссаң, ол қайта кеңиді; бір нәрсені босатсаң, ол қайта бекиді.

Лао-цзыды жақтаушылардың таптардың үйлесім табуын насихаттаған конфуцийшілерден айырмасы сол, дәулеттілер өкіметінің зорлық-зымбылығын қатты сынап отырды. Алайда бұлар күреске шақырмады, қайта жауыздыққа қарсы тұрмауға және әрекетсіздікке үндеді, бұл — оларға тән детерменизм ілімінен алдын ала белгіленіп қойылған даму жолына сенушілікпен байланысты еді. Кейінірек даосизм қатты өзгеріске ұшырады және мистикалық түрге енді, оның материалдық негізі барынша көлегейленіп, бүркеліп отырды.

Б. э. I ғасырында Қытайда этикасының бірқатар көзқарастары даосизммен үйлесіп келетін (мәселен, ешқандай әрекет жасамай, әр нәрсенің артын бағуға шақырды) буддизм тарай бастады, ол мұнда Үндістаннан келді.

Жүйелі материалистік бағыт ұстаған — Ян Чжоу (б. э. дейінгі V—IV ғасырлар) ілімі болды. Ежелгі қытай материалистерінің көзқарастары «Сын тұрғысынан пайымдау» атты трактатта толық көрініс тапты, оны құрастырған — аса көрнекті ойшыл Ван Чун (б. э. 27—97 жылдары) еді. Бұл трактатта аспанды тірі және саналы тіршілік иесі, адамдардың арғы ата-анасы санаған конфуциялық ілімге қатты соққы беріледі. Ван Чун аспанды материалды зат және оның ақылы мен еркі жоқ деп санайды. Білуге деген қабілет адамға ғана тән. Адам іштен туғанда ешнәрсені де біліп, түсініп тұмайды. Көзбен көрген, құлақпен естіген және өзге де сезім органдарымен қабылдағанды ғана танып білуге болады. Табиғаттың творчестволық қызметі саналы емес және ол материяның механикалық жолмен қоюлануының және сұйылуының жемісі болып табылады. Саналы әрекет — адамға ғана тән.

Ван Чун адамның жаны өлмейді деген түсінікті батыл түрде жоққа шығарды. Жанды организммен ажырамас бірлікте болады және адам өлген соң тәннің қызметі тоқталуымен бірге ол да жойылады деп санады.

Қытайда дәл ғылымдар мен жаратылыс тану ғылымдары жоғары дәрежеге жетті.

Суарылмалы егіншілік және құрылыстар салу ісі дәл есептей білуді қажет етті. Математикалық ақыл-ойдың жеткен жетістіктерін б. э. I ғасырында пайда болған трактаттан байқаймыз, одан біз теріс сандар операциясы жүзеге асырылғанын көре аламыз.

Шан (Инь) кезінің өзінде-ақ жұлдызды аспанға бақылаулар жасалып, календарь ретке келтірілген еді. Чжань Го кезеңінде (б. э. дейінгі IV—III ғасырлар) календарь жүйесі дәл анықтала және жетілдіріле түсті. Жылдың ұзақтығы ежелгі кездер үшін ең мүмкін болған дәлдікпен есептеп шығарылды (жылда 365, 25 тәулік бар деп табылды) және календарлық жылды астрономиялық жылмен теңестіру үшін 19 жылдан тұратын цикл ішінде жеті високос жыл (қосымша айларымен) болады деп белгіленді.

Ежелгі Қытайдың ғылыми творчествосы Хань кездерінде ең гүлденген шегіне жетті. Жұлдызды аспанның картасы жасалды (Темірқазық жұлдызының айналасына топтасқан 28 шоқ жұлдыздар көрсетілді), күн дақтары зерттелді т. б. Бұл дәуірдің аса ірі ғалымы Чжан Хэн (б. э. 78—139 жылдар) ең ежелгі сейсмографты жасап шығарды. Формакология, агрономия жөніндегі т. б. трактаттар да осы Хань дәуіріне жатады.

Ежелгі Қытайдың бейнелеу өнерінен бірқатар ерекше сипаттарды байқауға болады. Қытай архитекторлары көп ярусты үйлердің ерекше түрлерін жасады.

Неғұрлым ерте дәуірдің мүсіндері мен живописінен күшті шарттылық байқалады. Хань кезеңінде елеулі түрде алға басу

болды. Әсіресе зираттардағы тас плиталарға салынған бедерлі суреттер тамаша, бұларда өндіріс тақырыбы көбірек орын алған (егін ору, аңға шығу т. б.). Мола қабырғаларын әшекейлеген фрескаларда тұрмыс көріністері (мысалы, қос дөңгелекті арбаның жолға шығуы) үлкен реализммен бейнеленеді.

Әр түрлі дәуірлердегі қытайдың көркем өнер бұйымдары (металдан, күйдірген балшықтан жасалған т. б.) көп сақталған.

Сөз соңында ежелгі қытай мәдениетінің қол жеткен табыстарының батыс әлеміне ықпалы өте аз болғанын айтқанымыз жөн. Қытай жібегі мен қытай қағазы Европа мен Батыс Азияға (көп кешігіп) жетті. Қытай қағазын орта ғасырдың алғашқы кезінде-ақ Египет папирусы ығыстырып шығарды. Өзге ойлап табылған заттар (компас, мылтық дәрісі, сейсмограф) Шығыс Азия көлемінен тыс жерлерге таралған жоқ. Батыста бұл жаңалықтар кейін қайта ашылды.

* * *

Сөзімізді қорытындылай келіп біз ежелгі шығыс елдерінің кейбіреулерінің өзіндік ерекшеліктері көп және бір-бірінен айырмашылықтары мол болғанына қарамастан (әсіресе бұл өзгешелік жер суарып, егін салатын аймақтарды таулы және далалы өлкелермен салыстыра қарағанда айқын көрінеді), олардың даму барысынан көптеген ортақ сипаттар байқалады деп айта аламыз.

Шығыстың барлық елдері мен халықтары өте ұзақ мерзімге созылған алғашқы қауымдық құрылыс кезеңін бастан кешті және алғашқы таптық құл иеленушілік қоғамға өте баяу (біреулері бұрын, екіншілері кейінірек) көшті. Антик әлемінде бұл көшу кейінірек басталғанмен, оның есесіне Шығысқа қарағанда тез қарқынмен жүзеге асты. Бұдан қоғамның дамуы жөніндегі маркстік-лениндік ілімнің негіздерінің бірі болып табылатын тарихи дамудың біркелкі бола бермейтіні туралы заңның жүзеге асуын көреміз.

Таптық езудің сөзсіз алғашқы формасы болып табылатыны құл еңбегін қанаушылық мұнда көп кешеуілдеп дамыды және жалпы алғанда сандық жағынан да, сапалық жағынан да антик дүниедегі осы тектес процестен әлсіздеу болды. Алайда бір нәрсе күмәнсіз: жүздеген және мыңдаған жылдар ішінде құл иеленушілік өзінің көлемі мен интенсивтілігі жағынан барған сайын күшейе түсті. Египетте құлдардың Ежелгі патшалыққа қарағанда Жаңа патшалық тұсында көбірек болғанына ешкім таласпайды. Құлдар Көне Вавилон патшалығына қарағанда Жаңа Вавилон патшалығында едәуір көп болды. Ал олар Цинь мен Хань империялары тұсында құлдардың бағасы кем болып және кейде ысырапшылдықпен құртылып отырған Шан (Инь) уақытындағыға қарағанда әлдеқайда көп еді.

Сондай-ақ құлдыңтың формаларын да ажыратып білу керек. Өз отандастарынан құлдыққа түсірілгендерді қанау, бұған заң жолымен ерте бастан тыйым салынған Афины немесе Римге қарағанда, Шығыс елдерінде көбірек дамыған еді. Рас, борышы үшін құлдыққа түсіруге қарсы күрес Ежелгі Шығыста да жүргізілді (Вавилондағы Хаммурапидің, Иудеядағы Иосияның, Египеттегі Бокхористың заңдары), бірақ бұлар антик дүниедегідей жемісті нәтижелерге жете алмады.

Шығыста жерді қауым болып иелену мен жеке иеленудің ара қатынасы жөніндегі мәселе үлкен таластар туғызып келді. Ұзақ ғасырлар ішінде жерді қауым болып иелену ісі бірте-бірте іріп-шірігені және жерді жеке меншік түрінде иемденушілікке көшудің байқалып отырғаны анықталып отыр, алайда бұл процесс барлық жерде бірдей толық аяқталып шыға бермеген (мұны әсіресе Қытайдағы Шан Янның реформаларынан анық байқауға болады). Бұл процесті зерттеу ісінде жергілікті айырмашылықтарды мейлінше мұқият ескеріп отыру жөн (К. Маркс осыған шақырған болатын). Қауымдық жер иеленушілік әсіресе Үндістанда берік орын алып келгені белгілі, ол мұнда британ өктемдігі орнағанға дейін сақталған еді. Саяси қондырманың өзіндік формасы болып табылатын — шығыстық деспотия осы селолық қауымдармен байланысты болды.

К. Маркс деспоттың билігін көптеген қауымдардан жоғары тұрған және оларды байланыстырып біріктіруші күш деп атады. Осы барлық бірлестіктердің басшысы ретіндегі шығыстық деспот өзін барлық жердің жоғарғы иесі санады. Әрине, ол бұл правоны әрқашан пайдаланбады, оны номиналдыдан реалдыға айналдырып отырды. Бұл мәселеде міндетті түрде тым үстірт кетуден сақтанып, орталық биліктің күшейген кезеңдерін ескеріп отыру жөн. Сондай-ақ жергілікті жағдайларды да есте ұстау қажет. Мәселен, египет фараондары немесе қытай императорлары (мысалға Цинь Ши-хуанди) кей кездерде аса қуатты күшке және шексіз билікке ие болып отырғанда, Палестина мен Финикияның кішкене мемлекеттерінде патша өкіметін күшейтуге деген талпыныстар қарсылықтарға ұшырап, жиі-жиі сәтсіздікпен аяқталып отырды.

Сонымен, бүкіл ежелгі Шығысты бірыңғай схемамен қарауға болмайды. Оның дамуындағы жалпы белгілер мен ерекшеліктерді (жергілікті және хронологиялық) айыра білу қажет.

Тарихшы үшін ежелгі Шығысты зерттеп, оқып білудің маңызы аса зор. Мұнда неғұрлым қарапайым формадағы ең ежелгі таптық қоғам қалыптасты. Бұны К. Маркстің, Ф. Энгельстің және В. И. Лениннің дамудың өрлеу бағытымен жүретіндігі жөніндегі ілімі де қостайды. Сонымен қатар даму барысында жекелеген соқпақтар мен кейде тіпті уақытша кері кетушілік те кездесетінін ескеру жөн, бұл да қоғам неғұрлым

қарапайым сатыдан жоғарғы сатыға қарай дамиды дейтін диалектикалық заңмен расталады.

Құл иеленуші қоғамнан феодалдық қоғамға көшу әр түрлі шығыс қоғамында әр қилы жүзеге асты. Шығыс Азияда (әсіресе Қытайда) бұл өз алдына дербес процесс түрінде өтті. Неғұрлым батысқа қарай басқан сайын грек-рим әлемінің ықпалы солғұрлым күшейе түседі.

Шығыс мәдениетінің батыс әлеміне ықпалы үлкен тарихи роль атқарды, бірақ кейінірек антик заман мәдениеті көп жайлардан Шығысты басып озып, өз кезегінде оған ықпал етті.

Ежелгі Шығыстың тарихын зерттеу маркстік-лениндік ілімнің ғылымға жат теориялардың, әсіресе нәсілшілдік концепциялардың қандай түрлерімен болса да қарсы күресінде зор роль атқарды.

ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕГІ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТАБЛИЦА

Қосөзен

Б. э. дейінгі V—III мың жылдықтың басы	Энеолит мәдениеті (Эль-Обейд, Урук, Джемдет-насп).
Б. э. дейінгі XXV ғ.	Лагаштың өрлеуі.
XXIV ғ. аяғы — XXIII ғ.	Аккад патшалығы.
XXII ғ. аяғы — XXI ғ.	Урдың III династиясы.
1894—1595	Вавилонның I династиясы.
1792—1750	Хаммурапидің билеуі.
1518—1204	Кассит династиясы.

Ежелгі Египет

3000—2800 ж. шамасы	Алғашқы патшалық.
2800—2250 ж. шамасы	Ежелгі патшалық.
2050—1700 ж. шамасы	Орта патшалық.
1584—1071	Жаңа патшалық.
1424—1400	Эхнатонның билеуі.
1317—1251	II Рамсестің билеуі.
1312	Қадеш түбіндегі шайқас.
1296	II Рамсестің Хетт патшасы III Хаттусилимен бітім шарты.
663—525	XXVI (Саис) династия.

Хетт патшалығы, Финикия және Палестина

XVII—XVI ғасырлар	Хеттардың ежелгі патшалығы.
XV—XIII ғасырлар	Хеттардың жаңа патшалығы.
969—936	Хирамның Тирді билеуі.
930 ж. шамасы	Соломон патшалығының Израиль және Иудей патшалықтарына бөлінуі.
722	Израиль патшалығының құлауы (Самаряны ассириялықтардың алуы).
622	Иудеядағы Иосия реформасы.
600 ж. шамасы	Финикия теңізшілерінің Африканы айналып шыққан саяхаты.
586	Навуходоносордың Иерусалимді қиратуы.

Ассирия мен Урарту

1400 ж. шамасы	Ашшурубалиттың билеуі.
XII ғ. аяғы	I Тиглатпаласардың Қара теңізге жорығы.
780—760 ж. шамасы	Урартуды I Аргиштидің билеуі.
745—727	III Тиглатпаласардың билеуі.
722—705	II Саргонның билеуі.
714	II Саргонның Урартуға қарсы жорығы.
705—681	Синахерибтің билеуі.
689	Вавилонның қиратылуы.
680—669	Асархаддонның билеуі.
671	Асархаддонның Египетті жаулап алуы.
669—630 ж. шамасы	Ашшурбанипалдың билеуі.
612	Ниневияның құлауы.
605	Қархемиш түбіндегі шайқас.

Жаңа Вавилон патшалығы

604—562	II. Навуходоносордың билеуі.
539	Вавилонды парсылардың алуы.

Ежелгі Иран

625—585	Мидияны Киаксардың билеуі.
558—529	II Кирдің Персияны билеуі.
529—523	Қамбистің билеуі.
525	Қамбистің Египетті жаулап алуы.
522—486	I Дарийдың билеуі.

Ежелгі Үндістан

VI ғ.	Магадхидың өрлеуі.
327—325	Александр Македонскийдің Үндістанға жорығы.
321—298	Чандрагуптаның билеуі.
273—236	Ашोकаның билеуі.

Ежелгі Қытай

XVIII—XII ғасырлар	Шан (Инь) дәуірі.
XII—III ғасырлар	Чжоу дәуірі (Батыс және Шығыс).
249—207	Цинь державасы.
246—210	Цинь Ши-Хуандидің билеуі.
Б. э. дейінгі 206	I Хань династиясы.
б. э. 25 ж.	V Дидың билеуі.
140—87	Ван Маньның билеуі.
Б. э. 9—25	«Қызыл қастылар» көтерілісі.
18	II Хань династиясы.
25—220	II Хань династиясы.
185	«Сары орамалдылар» көтерілісі

БИБЛИОГРАФИЯ

Ежелгі Шығыс

Марксизм-ленинизм негізін салушылардың еңбектері.

- Маркс К. *Формы, предшествующие капиталистическому производству.* М., 1940.
- Маркс К. *Индиядағы британ өктемдігі.* К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, I том, 319—326-беттер.
- Маркс К. *Саяси экономия сынына.* К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, I том, 338—342-беттер.
- Маркс К. *Капитал.* I том, Алматы, 1964, 5-тарау.
- Энгельс Ф. *Анти-Дюринг.* К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч., т. 20, стр. 1—338.
- Энгельс Ф. *Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы.* К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, II том, 168—335-беттер.
- Энгельс Ф. *Америкадағы жұмысшы қозғалысы. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайына» деген еңбектің Америкада басылуына алғы сөз.* К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, II том, 415—430-беттер.
- Ленин В. И. *Мемлекет және революция.* Шығармалар, 25-том.
- Ленин В. И. *Мемлекет туралы.* Шығармалар, 29-том.

Жалпы еңбектер

- Авдиев В. И. *История древнего Востока,* М., 1953.
- Вебер М. *Аграрная история древнего мира.* Пер. с нем. М., 1925.
- «*Всемирная история*», тт. I—II, М., 1955—1956.
- Грозный Б. *Доисторические судьбы Передней Азии.* «*Вестник древней истории*», 1940, № 4, стр. 24—25.
- Лурье И., Ляпунова К., Матье М., Пиотровский Б., Флиттнер Н. *Очерки по истории техники древнего Востока.* Под ред. В. В. Струве. М., —Л., 1940.
- Никитина В. Б., Паевская Е. В., Позднеева Л. Д., Редер Д. Г. *Литература древнего Востока.* М., 1962.
- Струве В. В. *История древнего Востока.* М., 1941.
- Тураев Б. А. *История древнего Востока,* тт. I—II, Л., 1936.
- Чайлд Г. *Древнейший Восток в свете новых раскопок.* Пер. с англ. М., 1956.

Пайдаланылатын түп-деректер мен көмекші құралдар

- «*Атлас по истории культуры и искусства Древнего Востока*», М. — Л., 1940.
- «*Законы Вавилонии, Ассирии и Хеттского царства*». Пер. под ред. И. М. Дьяконова. «*Вестник древней истории*», 1952, № 3—4.
- Снегирев И. Л. *Древний Восток.* «*Атлас по древней истории Египта, Передней Азии, Индии и Китая*». Под ред. В. В. Струве. Л., 1937.
- «*Хрестоматия по истории древнего Востока*». Под ред. В. В. Струве и Д. Г. Редера. М., 1963.

- Авдиев В. И. Изучение истории древнего Востока за 25 лет (1917—1942) «Исторический журнал», 1942, № 10.
- Бузескул В. И. Открытия XIX и начала XX века в области истории древнего мира, т. I, «Восток», Пг. 1923.
- «Общее и особенное в развитии стран Востока», М., 1966.
- Постовская Н. М. Изучение древней истории Ближнего Востока в Советском Союзе (1917—1959 гг.) М., 1961.
- Струве В. В. Проблемы истории древнего Востока в советской историографии. «Вестник древней истории», 1947, № 3, стр. 17—41.
- Тураев Б. А. Русская наука о древнем Востоке до 1917 г. Л., 1927

Жеке елдер

Шумер мен Аккад, Вавилония, Ассирия

- Вайман А. А. Шумеро-вавилонская математика. М., 1961.
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй древнего Двуречья. Шумер, М., 1959.
- Дьяконов И. М. Развитие земельных отношений в Ассирии. Л., 1949.
- Кифишин А. Г. Географические воззрения древних шумеров при патеси Гудеа. «Палестинский сборник», 1965, вып. 13(76), стр. 61—83.
- Липин Л., Белов А., Глиняные книги. Л., 1956.
- Рифтин А. П. Старовавилонские юридические и административные документы в собраниях СССР. Л., 1937.
- Струве В. В. Государство Лагаш. М., 1961.
- Струве В. В. Наемный труд и сельская община в южном Междуречье в конце 3 тыс. до н. э. «Вестник древней истории», 1948, № 2.
- Тюменев А. И. Государственное хозяйство древнего Шумера. М.—Л., 1956.
- Флиттнер Н. Д. Культура и искусство Двуречья и соседних стран. 6 Л.—М., 1958.

Ежелгі Египет

- Авдиев В. И. Военная история древнего Египта. М., 1962.
- Брэстед Д. Г. История Египта. тт. I—II. Пер. с англ., М. 1915.
- Кинк Х. А. Египет до фараонов. М., 1964.
- Коростовцев М. А. Писцы древнего Египта. М., 1962.
- Коростовцев М. А. Путешествие в Ун-амуна в Библии. М., 1960
- Матье М. Э. Древнеегипетские мифы. М.—Л., 1956.
- Матье М. Э. Искусство древнего Египта. Л., 1961.
- Морэ А. Во времена фараонов. Пер. с франц. М., 1913.
- Морэ А. Цари и боги Египта. Пер. с франц. М., 1914.
- Петровский Н., Белов А. Страна большого Хапи. Л., 1955.
- Перепелкин Ю. Я. Переворот Аменхотепа IV., М., 1967.
- Савельева Т. Н. Аграрный строй Египта в период Древнего царства. М., 1962.
- «Фараон Хифу и чародеи». Сост. И. С. Канцельсон. М., 1958.

Хеттар және Урарту

- Арутюнян Н. В. Земледелие и скотоводство Урарту. Ереван, 1964.
- Грозный Б. Хеттские народы и языки. «Вестник древней истории», 1938, № 2, стр. 18—33.
- Меликишвили Г. А. Урартские клинописные надписи. М., 1960.
- Менабде Э. А. Хеттское общество. Тбилиси, 1965.
- Петровский Н. Б. Ванское царство (Урарту), М., 1959.
- Струве В. В. О «гуманности» хеттских законов. «Вестник древней истории», 1947, № 4, стр. 10—20.

Сирия, Финикия және Палестина

- Амусин И. Д. Рукописи Мертвого моря. М., 1960.
Вельгаузен Ю. Введение в историю Израиля. Пер. с нем. СПб., 1909.
Гельцер М. А. Новые данные о специальной структуре Угарита. «Вестник древней истории», 1952, № 4, стр. 29—37.
Лившиц Г. М. Кумранские рукописи и их историческое значение. Минск, 1959.
Никольский Н. М. Древний Израиль. М., 1922.
Ранович А. Б. Из литературы о текстах из Рас-Шамры. «Вестник древней истории», 1938, № 2, стр. 150—158.
Ранович А. Б.—Очерки истории древнееврейской религии. М., 1937.
Фрезер Дж. Фольклор в Ветхом завете. Пер. с англ. М.,—Л., 1931.

Ежелгі Иран мен Орта Азия

- Алиев И. История Мидии. Баку, 1960.
Дандамаев М. А. Иран при первых Ахеменидах. М., 1963.
Дьяконов И. М. История Мидии. М.,—Л., 1956.
Дьяконов И. М. Очерки истории древнего Ирана. М., 1961.
Струве В. В. Геродот и политические течения в Персии. «Вестник древней истории», 1948, № 3.
Толстов С. П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.,—Л., 1948.

Ежелгі Үндістан

- Данге Ш. А. Индия от первобытного коммунизма до разложения рабовладельческого общества. М., 1950.
Ильин Г. Ф. Особенности рабства в древней Индии. «Вестник древней истории», 1951, № 1.
Ильин Г. Ф. Старинное индийское сказание о героях древности. М., 1958.
Маккей Э. Древнейшая культура долины Инда. Пер. с англ. М., 1951.
Осипов А. М. Краткий очерк истории Индии до X в. М., 1948.
Чанана Д. Р. Рабство в древней Индии. Пер. с англ. М., 1964.

Ежелгі Қытай

- Васильев Л. С. Бань Чао в западном крае. «Вестник древней истории», 1955, № 1.
Думан Л. И. Реформы Ван Мана. «Вестник древней истории», 1940, № 1.
Позднеева Л. Д. Атеисты, материалисты, диалектики древнего Китая. М., 1967.
Симоновская Л. В. Вопросы периодизации древней истории Китая. «Вестник древней истории», 1950, № 1.
Степугина Т. В. К вопросу о социально-экономических отношениях в Китае в 14—12 вв. до н. э. «Вестник древней истории», 1950, № 2.
Сыма Цянь. Избранное. Пер. с кит. 1966.
Юань Кэ. Мифы древнего Китая. М., 1965.

МАЗМУНЫ

Алғашқы тұрмыстық қоғам

I тарау. Кіріспе	3
II тарау. Алғашқы тұрмыс табыны	22
III тарау. Рулық қауым	36
IV тарау. Рулық құрылыстың ыдырауы және мемлекеттің пайда болуы	65
V тарау. Алғашқы тұрмыстық мәдениет	71

ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС

VI тарау. Кіріспе	85
VII тарау. Ежелгі Өзен аралығының (Месопотамияның ¹) түп деректері мен тарихнамасы	91
VIII тарау. Шумер мен Аккад мемлекеті	98
IX тарау. Ежелгі Вавилон	110
X тарау. Шумер-вавилон мәдениеті	115
XI тарау. Ежелгі Египеттің түп деректері мен тарихнамасы	128
XII тарау. Көне Египет және Ежелгі патшалық кезіндегі Египет	132
XIII тарау. Орта патшалық	144
XIV тарау. Жаңа патшалық. Ливия-Саис Египеті	149
XV тарау. Ежелгі Египеттің мәдениеті	162
XVI тарау. Хеттар	172
XVII тарау. Финикия, Палестина және Сирия	178
XVIII тарау. Ассирия мен Урарту	196
XIX тарау. Жаңа Вавилон (Халдей) патшалығы	220
XX тарау. Ежелгі Иран мен Орта Азия	224
XXI тарау. Ежелгі Үндістан	238
XXII тарау. Ежелгі Қытай	257

Дмитрий Григорьевич Редер

Екатерина Алексеевна Черкасова

История древнего мира. ч. I

(на казахском языке)

Редактор М. Кубашева

Худ. редактор К. Бекенов

Технический редактор С. Пасюгина.

Корректор У. Сайымбулекова.

Сдано в набор 26/V—76 г. Подписано к печати 15/IX—76 г.

Формат 60×90¹/₁₆. Бум. тип. № 3. Усл. печ. л. 17,75. Уч.-изд. л. 19,24. Тираж 4100 экз.

Цена 77 коп.

г. Алма-Ата, издательство «Мектеп», ул. Карла Маркса, 99а.

Заказ № 848. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.